Қаратаев Т.Ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ -ПРОЦЕСТІК ҚҰҚЫҒЫ

Оқу құралы

Жалпы бөлім және сотқа дейінгі өндіріс

Алматы, 2022

ӘОЖ 343 (075.8)
ҚБЖ 67.411я73
Қ 18

Қазақ-Орыс халықаралық университетінің Ғылыми кеңесінің шешімімен мақұлданған
(«27»___12____2019 жылғы №_5_хаттамасы)

Пікір берушілер:

А.А.Ешназаров – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасындағы Құқық қорғау академиясының доценті, з.ғ.к.,әділет кеңесшісі;

Е.Т. Абилезов - ҚР ІІМ М.Есболатов атындағы Академиясының «Жедел-іздестіру тактикасы және арнайы техника» кафедрасының бастығы, з.ғ.к., қауымдастырылған профессор, полиция полковнигі.

Қ.18 Қаратаев Т.Ж., заң ғылымдарының кандидаты
Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік құқығы: Оқу құралы (Жалпы бөлім және сотқа дейінгі өндіріс) / Қаратаев Т.Ж. – Алматы, ЭСПИ, 2022. - 376 бет.

ISBN 978-601-332-815-7

Оқулық Қазақстан Республикасы қылмыстық-процестік құқығына арналып жазылған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің типтік оқу бағдарламасына сай дайындалған. Аталған оқулық 4 шілде 2014 жылы қабылданған Қазақстан Республикасы Қылмыстық процестік кодексінің нормаларына жасалынғын толықтырулар мен өзгерістерге сәйкес.

Оқу құралы жоғарғы оқу орындарының оқытушылары, студенттері мен магистрлеріне арналған.

ӘОЖ 343 (075.8)
ҚБЖ 67.411я73

IBSN-978-601-332-815-7

© Т.Ж.Қаратаев
© ЭСПИ, 2022

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының «2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы», елдің 2020 жылға дейінгі құқықтық жүйесінің дамуының негізгі бағыттарын айқындады. Осының негізінде мемлекеттік және қоғамдық институттардың қарыштап дамуына ықпал жасайтын, Қазақстанның орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ететін барлық нормативтік құқықтық актілерді қазіргі заман талабына сәйкестендіру, сотталғандардың санын азайту, сотқа дейінгі тергеу мерзімдерін азайту және адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын кепілдендіру бірқатар аса маңызды заңнамалық актілер қабылдануы тиіс болатын.

Аталған тұжырымдамаға сәйкес, 2014 жылы шілденің 3-5 аралығында «Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексі» және «Қылмыстық процестік кодексі», «Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі», «Қылмыстық атқару кодексі» қабылданды. Қабылданған нормативтік-құқықтық актілерде көптеген өзгерістер болды.

Мысалы, Қазақстан Республикасы қылмыстық-процестік кодексінен қылмыстық істі қозғау стадиясы алынып тасталды, оның орнына сотқа дейінгі тергеу стадиясы енді. Арыз және шағымдарды тіркеудің, оларды біркелкі Реестрге ендіру тәртібі, жасырын тергеу - іс әрекеттері, қылмыстық теріс қылықтар және хаттамалық нысан бойынша тергеуді жүргізу; бұйрықтық өндіріс және т.б. институттар пайда болды.

Қазақстан Республикасында болашақ заңгерлер мен құқық қорғау және арнаулы органдары; сот саласының мамандарын жаңа нормаларға сәйкес дайындау басты мәселелердің бірі.

«Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік құқығы» мамандарды дайындауда қолданылатын негізгі құқық салаларының бірі болып табылады. Аталған құқық саласы арқылы білім алушылар қылмыстық істерді қараудың және тергеудің ерекшеліктерін үйрене алады. Кодекстердің қабылдануына байланысты білім алушылар құқық нормаларын басқа бағыттан оқып үйренуі шарт. Сондықтан, осы оқу құралын жазу қажеттілігі туындады.

Қазақстан Республикасы аумағындағы Жоғарғы оқу орындарының тыңдаушылары мен студенттерін жаңа кодекстер бойынша тергеуді жүргізуге үйрету қажет және оның оқытушы, тәжірибе қызметкерлеріне де тигізер көмегі мол.

Оқу құралы Қылмыстық заңның және қылмыстық сот өндірісінің жаңа моделіне, жетілдірілген әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамаға және қылмыстық жазаларды атқару жүйесіне көшу жөніндегі бірыңғай мемлекеттік іс-қимыл жоспарының №28-тармағына сай және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің типтік бағдарламасына сәйкес жасалып отыр.

Онда қылмыстық іске қатысушылар ретінде тергеу соты, процесуалдық прокурор, сотқа дейінгі тергеп-тексеру, жасырын тергеу іс-әрекеттері және сотқа дейінгі тергеу нысандары сияқты институттар ендірілді.

Оқу құралын жазу барысында Қазақстан Республикасының ғалымдары: А.Н. Ахпанов, С.Ж. Оспанов, Б.Х. Төлеубекова, М.Ч. Қоғамов, Е.І. Қайыржанов және өзге де ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынды.

1. ҚЫЛМЫСТЫҚ-ПРОЦЕСТІК ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ҰҒЫМЫ, МІНДЕТТЕРІ МЕН МАҢЫЗЫ

1.1. Қылмыстық-процестік құқығының ұғымы, міндеттері мен мазмұны және оның құқық жүйесіндегі орны.

1.2. Қылмыстық іс бойынша өндірісті жүргізудің ерекшеліктері, оның стадиялары

1.3. Қылмыстық істер бойынша өндіріске қатысушы тұлғалар және олардың өзара ара-қатынасы. Қылмыстық-процестік құқығының басқа құқық салаларымен өзара байланысы

1.4. Қылмыстық-процестік құқығының бастаулары. Қылмыстық-процестік заңының кеңістікте және уақыт тұрғысына қарай қолданылуы

1.5.Қылмыстық процестің аналогиясы және процессуальдық кепілдіктер

1.1. Қылмыстық-процестік құқығының ұғымы, міндеттері мен мазмұны және оның құқық жүйесіндегі орны.

Заңдылықты қамтамасыз ету - жүргізіліп отырған мемлекеттік шаралардың қатарына жатқызылады. Ол, әлеуметтік-экономикалық жүйені дамыту; саяси және тәрбиелік алдын алу, қоғамдық және діни бірлестіктерді сақтау, нормативтік құқықтық актілердің нормаларын сақтау және құқықтық жүйеге тигізер зияны бар тұлғаларға қатысты мәжбүрлеу шараларын қолдану болып табылады.

Осындай іс-шаралардың жүйесінде ерекше орынды қылмыстық құқық бұзушылықпен күресу қызметі алады. Себебі, қылмыстық құқық бұзушылықтар – адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына, қоғам мен мемлекет мүддесіне кері әсерін тигізеді. Олар азаматтарға, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарға үлкен көлемді зиян келтіреді, басқа құқық бұзушылықтарға қарағанда, қоғамдық қатынастардың жұмысына кері әсерін тигізеді. Сондықтан да, қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын-алу, жолын кесу, ашу, кінәлі тұлғаларға қатысты заңдарды қолдану және оны жетілдіру, ұйымдастыру және тиімділігін арттыру, оны жан-жақты талдау, жетілдіру жолдарын іздестіру – барлық мемлекеттік қызметтің назарында.

Қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес аталған қызмет түрін келесідей нысандарға – жедел-іздестіру шаралары, сотқа дейінгі тергеп-тексеру (анықтау және алдын-ала тергеу), сот төрелігі, қылмыстық істер бойынша сот шешімдерін (үкім) жүзеге асыру (орындау) бөлуге болады. Аталған қызмет түріне барлау және қарсы барлауды (контрразведка) да жатқызуға болады. Ол арқылы жасалынған және болайын деп отырған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтерді алуға болады.

Осы аталған нысандардың ішінде *қылмыстық-процестік қызметі* ерекше орынға ие. Ол құқық қорғау қызметінің негізгі бағытын жүзеге асыра алады. Сонымен қатар, соттың, прокурордың, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының қоғам мен азаматтардың, мемлекеттің мүдделерін қылмыстық құқық бұзушылықтардан қорғап, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жүргізеді. Оның міндеті болып, қылмыстық құқық бұзушылықтардың жолын кесу, оларды бейтараптықпен, тез және толық ашу,

тергеп-тексеру, оларды жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауаптылыққа тарту, әділ сот талқылауы және қылмыстық заңды дұрыс қолдану, адамдарды, қоғамды және мемлекетті қылмыстық құқық бұзушылықтардан қорғау табылады (ҚР ҚПК-нің 8-бабы).

Нормативтік құқықтық актілерде қылмыстық іс жүргізумен қатар, «сот ісін жүргізу» ұғымы да қолданылады. Оның себебі, іс жүргізу барысында сотқа дейінгі тергеуден бөлек, сотта да іс жүргізіледі. Яғни, соттың іс-әрекеті арқылы соңғы шешім қабылданады.

Ал, «сот төрелігі» ұғымының қылмыстық процестен айырмашылығы, ол сот процесін ғана қамтиды және тек сотқа ғана қатысты айтылған. Сот төрелігін тек, аудандық және оған теңестірілген қалалық соттар, облыстық және оған теңестірілген қалалық соттар, Жоғарғы Сот және әскери соттар, мамандандырылған соттар жүзеге асыра алады. Сонымен қатар, олар қылмыстық және азаматтық істерді, әкімшілік құқық бұзушылықтарды да қарайды. Ал, қылмыстық процесс, сот төрелігімен салыстырғанда кең ұғым және барлық қылмыстық іс жүргізу органдарының қызметін реттейді, ал құқық бұзушылықтардың басқа түрлерін қарамайды. Қылмыстық процесс - қылмыстық сот ісін жүргізудің жалпы және арнаулы міндеттерін шешуге мүмкіндік береді.

Қылмыстық процестің *міндеттері* - қылмыстық іс жүргізуудің барлық стадиялары үшін ортақ және олардың әрқайсысы бекітілген міндеттердің орындалуына ықпалын тигізеді. Қылмыстық қудалау органдары осы міндеттерді басшылыққа ала отырып өз қызметтерін атқарады.

Қылмыстық процестің міндеттері арнайы және тікелей болып екі топқа бөлінеді. Арнайы міндетке, қылмыстық құқық бұзушылықтарды тез және толық ашу, қылмыс жасаған адамдарды жауапқа тарту және әшкерелеу жатқызылады. Оны орындау қылмыстық қудалау органдарына жүктеледі және мемлекеттік органдардың қызметімен тікелей байланысты болып табылады. Ал, тікелей міндетке - сот талқылауын қамтамасыз ету, қылмыстық істерді сотта қарау кезінде оны жан-жақты талдау және әділ шешу шешім қабылдау жатқызылады.

Қылмыстық-процестік құқығы – бұл құқық саласы, қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыз-шағымдарды тексеруден, сотқа дейінгі тергеп-тексеруден, қылмыстық істерді қарастыру мен шешуден, сонымен қатар үкімдердің орындалуымен байланысты сұрақтарды қараудан тұратын, анықтау органдарының, тергеушілердің, анықтаушылардың, прокурордың және соттардың қызметін реттейтін қылмыстық іс жүргізу нормаларының жиынтығын айтамыз.

1.2. Қылмыстық іс бойынша өндірісті жүргізудің ерекшеліктері, оның стадиялары

Айрықша тыңғылықты реттеуді сот, тергеу (сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары), прокуратура органдары қажет етеді, себебі сот сот төрелігін жүзеге асырады, қылмыстық істер бойынша шешімдер мен үкімдер шығарады, ал тергеу (анықтау және алдын ала тергеу) сотта қарау үшін қылмыстық істердің материалдарын дайындайды, прокуратура қылмыстық істі жүргізу барысында

жасалып отырған жұмыстарға қадағалау жасайды, қажет болған жағдайда іс бойынша кейбір іс-әрекеттерді жүзеге асыра алады. Сондықтан да аталған қызметтің түрі тыңғылықты және дұрыс қаралып, дұрыс шешім шығарылуы тиіс. Өйткені қылмыстық іс жүргізу және қылмыстық заңдарға сәйкес адам мен азаматтарға мемлекет тарапын қатаң түрде мәжбүрлеу шаралары қолданылады. Мысалы, анықтауды жүзеге асырушы лауазымды тұлға немесе тергеуші, істің қандай түрі болсын өздігінен айыпталушыны кінәлі деп тани отырып, оған жаза тағайындай алмайды. Қандай жағдайда болмасын қылмыстық істі тергеу туралы және оны жасаған тұлғаны қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы сұрақ туындағанда, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау және одан бас тарту туралы шешім шығарарда істің материалдарын жан-жақты және толық тексеруі тиіс. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған іске тартылған тұлғаның қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасағандығын растайтын барлық дәлелдемелер жинақталынады, аталған тұлға өзіне қатысты жасалынған айыптан қорғану үшін барлық мүмкіншіліктер беріледі. Бастапқы кезде бұл қызметті, прокурордың заңдылықты тексеруімен бірге, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асырушы лауазымды тұлға жүзеге асыра алады, содан кейінгі кезекте сот – жинақталған істің барлық материалдарын тексере отырып, сотталушының кінәлі немесе кінәлі еместігі туралы және оған жазаны қолдану немесе қолданбау туралы сұрақтар шешіледі.

Осы аталған барлық қызметтер бекітілген тәртіпте, бекітілген тәртіп сақтала отырып жүзеге асырылады және қылмыстық іс бойынша өндірісті жүргізудегі барлық қызмет және барлық қатынас, қылмыстық-процестік заңымен толық көлемінде реттеледі. Заң нақты іс әрекеттердің тәртібін немесе олардың тергелу ретін, сонымен қатар қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін көрсетеді.

Қылмыстық процесс бірнеше кезеңдерден (стадиялар) тұрады. Өзінің жүргізілу тәртібіне қарай *арнайы және қосымша* болып екіге бөлінеді.

Арнайы стадияларға: сотқа дейінгі тергеп-тексеру (алдын ала тергеу және анықтау, хаттамалық нысан); басты сот талқылауын тағайындау; басты сот талқылауы; апелляциялық өндіріс; кассациялық саты және үкімді орындау жатқызылады.

Ал, қосымша стадияларға: қадағалау стадиясында іс жүргізу және жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты істі қайта жаңғырту кіреді. Соңғы аталған стадиялар тек үкімдер заң күшіне енгеннен кейін ғана жүзеге асырылады Ол туралы соттың шешіміне лауазымды тұлғаның тарапынан шағым, прокурордың тарапынан наразылық болған жағдайда немесе іс бойынша жаңадан мән-жайлар пайда болған кезде ғана жүзеге асырылады.

Барлық стадиялар біркелкі міндеттері мен қағидаларына орай біртектес болып танылады. Сонымен қатар, әрбір стадияның өзінің нақты бағыттары болады және қатысушыларда өзгешеліктер кездеседі. Мысалы, басты сот талқылауын тағайындау барысында істі сот отырысында қарау туралы мәселе шешіледі және де іске байланысты оның толық та дұрыс қаралуына қажетті жағдай жасалынады. Судъя келіп түскен іс бойынша, басты сот талқылауын тағайындау туралы; іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы; істі сотталуы

бойынша жіберу туралы; істі тоқтату туралы; қылмыстық істерді біріктіру туралы шешімдердің бірін қабылдайды. Ал егер, сот процессі соттар алқасының қатысуымен жүргізілетін болса, онда алдын ала тыңдау өткізіледі.

Қазақстандық қылмыстық іс жүргізудің Тәуелсіздік мемлекеттер достастығы елдерімен салыстырғанда өзіндік ерекшелігі бар деп атап өтуге болады. Себебі, Украина республикасынан өзге барлық мемлекеттердің қылмыстық іс жүргізу кодекстерінде қылмыстық істі қозғау стадиясы бар. Ал, англосаксондық үлгідегі Еуропаның кейбір елдерінде қылмыстық істерді қозғау және алдын ала тергеу стадиялары басқа стадиялармен бөлініп қарастырылмаған. Сондықтан, Қазақстан Республикасы да қылмыстық істі қозғау стадиясынан бас тартып отыр.

1.3. Қылмыстық істер бойынша өндіріске қатысушы тұлғалар және олардың өзара ара-қатынасы. Қылмыстық-процестік құқығының басқа құқық салаларымен өзара байланысы

Қылмыстық процесс сот және қылмыстық қудалау органдары, прокуратура органдарының атқаратын қызметінен бөлек басқа да, қылмыстық процеске қатысушылардың жұмысын реттеп отырады. Оларға – айыпталушы (күдікті, сотталушы), оның қорғаушылары, жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер, олардың заңды өкілдері, аудармашылар және басқа жатқызылады. Заң бойынша оларды қылмыстық процестің қатысушылары деп аталынады. Оларды кең көлемде келесі тарауларда қарастыруға болады. Заңға сәйкес осы қатысушыларға құқықтар мен міндеттер жүктелінген. Мысалы, қорғаушы ретінде қылмыстық іске қатысқан адвокат, істің мән-жайын толық анықтау үшін, заңмен бектіліп көрсетілген барлық құралдар мен тәсілдерді қолдана алады. Айыпталушыға заң тұрғысынан заң көмегін көрсете отырып, оны ақтауға және жауапкершілігін жеңілдетуге ат салысады. Сонымен қатар, қорғаушы айыпталушымен жеке дара жолыға алады, қылмыстық істің барлық материалдарымен танысады және қажетті мәліметтерді өзіне көшіріп ала алады және өтініш береді, дәлелдемелерді ұсына алады.

Сонымен қатар, қылмыстық-процестік заңында дәлелдемелерді алуда, оларды бекітуде, саралауда көмек көрсететін басқа да тұлғаларды атап өтуге болады. Оларға сарапшыны, маманды, куәларды, куәгерлерді, заңды өкілдерді жатқызуға болады. Оларға да заң бойынша құқықтар мен міндеттер бекітіліп берілген.

Қылмыстық процесс бойынша іс-әрекеттерді жүзеге асыру барысында, аталған лауазымды тұлғалар мен мемлекеттік органдар, азаматтармен өзара құқықтық қатынасқа түседі. Мысалы, прокурор қылмыстық процесс барысында қылмыстық қудалау органдары тарапынан бұзылған елеулі заң бұзушылықтарды анықтаған жағдайларда, аталған қылмыстық істі қосымша тергеу үшін анықтау органы, анықтаушы мен тергеушіге бере алады. Қорғаушы болса сот процесі барысында, куәға іске қатысты мәліметтер алу үшін сұрақтар қоя алады, ал ол қойылған сұрақтарға жауап беруі міндетті.

Қылмыстық іс жүргізу құқығы өзге де құқықтық салалармен: қылмыстық және әкімшілік, азаматтық және әкімшілік іс жүргізу, азаматтық іс жүргізу

құқықтарымен, криминалистикамен, криминологиямен, сот статистикасымен, прокурорлық қадағалау, сот этикасымен, сот медицинасымен, сот психиатриясымен тығыз байланысты.

Мысалы, қылмыстық-процестік құқығы қылмыстық құқықсыз іске аспайды немесе керісінше қылмыстық құқық қылмыстық іс жүргізу құқығынсыз жүзеге асырыла алмайды. Яғни, қылмыстық-процестік құқығында қылмыстық құқық ережелерінде қарастырылған бірқатар бланкеттік нормалар болады. Ал, қылмыстық процесс болса, қылмыстық құқық бұзшылықтар туралы мәліметтер табылған сәттен басталады. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымы Қазақстан Республикасы ҚК-нің 14-бабында қарастырылған. Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 35-бабына сәйкес, қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасының болмауы; іс-әрекетте қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауы; қылмыстық жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімі өткен жағдайларда және т.б. іс бойынша іс жүргізуді болғызбайтын мән-жайларға жатқызылады. Осындай негіздер болған кезде сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталмайды, тергеп-тексеру жүргізілгеп жатқан жағдайларда қылмыстық істер тоқтатылуға жатады. Сот арқылы шешілетін сұрақтардың көпшілігі қылмыстық құқықтық сипатта болады (жасалынған іс әрекеттің қылмыс болып табылатындығы және оның Қазақстан Республикасы ҚК-нің қай бабына жататындығы; осы қылмысты жасаған сотталушы кінәлі болып табылады ма және т.б.).

Сонымен қатар, қылмыстық құқық мән-жайлар бойынша жазаны жеңілдетудің және ауырлатудың тізімдерін көрсетеді, қылмыстық жауапкершіліктен босатудың негіздеріне сипаттама береді, мәжбүрлі түрде тәрбиелеу шараларының ұғымы мен тізімін береді, жеке және жеке жариялы ізге түсуге жататын қылмыс құрамын және т.б. көрсетеді.

Азаматтық құқық қылмыстық іс жүргізудегі азаматтық талапқа қатысты мәселелерді қарастырады.

Қылмыстық атқару құқығы бойынша сот үкім шығару барысында оның ережелері мен қағидаларын қолданады: қылмыстық құқықтық сипаттағы шараларды қолдану; жазаны орындаудың және өтеудің тәртібі мен шараларын, сотталушының түзелуі үшін қолданылатын құралдар, жазаны өтеу мекемелерінің түрін; жазадан босатудың негіздерін; босатылған тұлғаға қатысты көмек көрсетудің тәртібі.

Қылмыстық процесс және азаматтық іс жүргізу шегінде сот төрелігі жүзеге асырылады. Сондықтан да, аталған салалық құқықтар өзара байланысты. Барлық қылмыстық процестегі қағидаттар, азаматтық сот ісін жүргізуге қатысы бар десек болады. Бірақ қылмыстық процестің азаматтық іс жүргізу құқығынан ерекшелігі сол ол қылмыс туралы туындаған қоғамдық қатынастарды реттейді.

1.4. Қылмыстық-процестік құқығының қайнар көздері. Қылмыстық-процестік заңының кеңістікте және уақыт тұрғысына қарай қолданылуы

Қазақстан Республикасы аумағында қылмыстық сот ісін жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының Конституциясымен, конституциялық заңдармен, Қазақстан Республикасының Конституциясына және халықаралық құқықтың

жалпы жұрт танығаң принциптері мен нормаларына негізделген Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексімен айқындалады .

Қылмыстық қудалау органдары, соттар қылмыстық процесті жүзеге асыру барысында Қазақстан Республикасы Конституциясын басшылыққа алуы тиіс. Себебі, Конституциясының Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жоғарғы заң күші болады және ол тікелей қолданылады. Егер, қылмыстық-процестік кодексі мен Қазақстан Республикасы Конституциясы ережелерінің арасында қайшылық болған жағдайда Конституциясының ережелері қолданылады.

Ал, қылмыстық-процестік кодексі мен Қазақстан Республикасының конституциялық заңы ережелерінің арасында қайшылық болған жағдайда конституциялық заңның ережелері қолданылады Мысалы, «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңы (2000 жылғы 25 желтоқсандағы) қылмыстық процестен жоғары тұрады.

Өзге де заңдардың нормалар арасында қайшылық болған жағдайларда қылмыстық-процестік кодексі қолданылады. Аталған құқықтық актілерге: «Қазақстан Республикасы Прокуратурасы туралы» (1995 жылғы 21 желтоқсандағы); «Қазақстан Республикасының құқық қорғау қызметі туралы» (2011 жылғы 06 желтоқсандағы); Қазақстан Республикасының Жедел-іздестіру қызметі туралы (1994 жылғы 15 қыркүйектегі); «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» (1998 жылғы 26 маусымдағы); Қазақстан Республикасының «Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы» (2000 жылғы 5 шілдедегі); Адвокаттық қызмет және адвокатура туралы (1997 жылғы 5 желтоқсандағы); Қазақстан Республикасының Әділет органдары туралы (2002 жылғы 18 наурыздағы); Қазақстан Республикасы Алқабилер туралы (2006 жылғы 16 қаңтардағы) заңдарын және т.б. жатқызуға болады.

Қылмыстық процесті жүзеге асыру барысында, Қазақстан Республикасы ратификацияланған халықаралық құқықтардың принциптері мен нормаларын қолдануы мүмкін. Халықаралық құқықтың *жалпы танылған қағидаттары* – халықаралық және мемлекет аралық келісімдер, халықаралық ұйымдардың жарғыларында, халықаралық соттың шешімдерінде, сонымен қатар халықаралық ұйымдармен тәжірибеде қолданылатын дәстүрлерде кездесетін құқықтың негізгі қағидалары мен нормалары. Аталған нормалар халықаралық қауымдастықта айрықша сұрақтарды, мемлекетаралық өзара қатынасты, заңдылықты реттеп отырады. Халықаралық құқықтың қағидаттары мемлекеттердің өзара келісімінсіз жойылуға жатпайды. Халықаралық құқықтың негізгі қайнар көздеріне БҰҰ Жарғылары, 1970 жылғы халықаралық құқықтың қағидалары туралы Декларациясы және 1975 жылғы Еуропадағы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымымен бекітілген Хельсиндік қорытынды актісі жатқызылады.

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттық және өзге міндеттемелері де қолданылады. Мысалы, Қазақстан Республикасы көрші ТМД елдерімен қылмыспен бірлесіп күресу туралы шарттарға қол қойған жағдайда,

аталған келісім-шарттардың талаптарын орындауы міндетті. Қылмыскерлерді беру және республика аумағына жеткізу, алыс-жақын шет елдің қылмыстық процеске қатысты жеке тапсырмаларын орындау және т.б.

Қазақстан Республикасының Президентінің «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасау, орындау және денонсациялау тәртібі туралы» заң күшіне ие Жарлығына сәйкес шет мемлекеттермен Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын: 1. Қазақстан Республикасының атынан (мемлекетаралық шарт); 2. Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан (үкіметаралық шарт); 3. Министрліктер және мемлекеттік комитеттер, т.б. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдар атынан және Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей есеп беретін және бағынышты мемлекеттік органдар атынан (ведомствоаралық шарт) жасалады. Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдармен халықаралық шарттары Қазақстан Республикасының, Қазақстан Республикасы Үкіметі, министрліктер және мемлекеттік комитеттер, т.б. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей есеп беретін және бағынышты мемлекеттік органдары атынан жасалады.

Сот ісін жүргізу тәртібін жүргізу барысында, анықтау органдары, анықтаушы, тергеуші, прокурор, сот Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі мен Жоғарғы Сотының қылмыстық нормативтік қаулыларын қолдана алады.

Себебі, Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес, Конституцияның, соған сәйкес заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық шарттары мен Республиканың басқа да міндеттемелерінің, сондай-ақ Республика Конституциялық Кеңесінің және Жоғарғы Соты нормативтік қаулыларының нормалары Қазақстан Республикасында қолданылатын *құқық* болып табылады.

Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы N 132 Конституциялық заңының 17-бабына сай, Жоғарғы Сот жергілікті және басқа соттардың қарауына жатқызылған азаматтық, қылмыстық және өзге істер бойынша жоғары сот органы болып табылады, заңда көзделген іс жүргізу нысандарында олардың қызметін қадағалауды жүзеге асырады және сот практикасының мәселелері бойынша түсіндірмелер береді. Қабылдаған шешімдері нормативтік қаулы түрінде жүзеге асырылады.

Қылмыстық процесс барысында Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар жарлықтары, өкімдері, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының нұсқаулары, тергеу органдарының ведомстволық нормативтік актілері де қолданылуы мүмкін. Бірақ, олар құқық нормалары болып табылмайды және Конституция мен заңдарға, қылмыстық іс жүргізу кодексіне қарама-қайшы болмауы керек.

1.4.1. Қылмыстық-процестік заңының кеңістікте және уақыт тұрғысына қарай қолданылуы

Қылмыстық сот ісін жүргізу процестік әрекетті орындау, процестік шешімді қабылдау кезіне қолданысқа енгізілген қылмыстық-процестік заңға сәйкес жүзеге асырылады (ҚР ҚПК-нің 5-бабы). Жаңа қылмыстық-процестік заңы өз күшіне енген жағдайда, ескі міндетті түрде өз күшін жояды. Мысалы, 4 шілде 2014 жылы қабылданған қылмыстық-процестік кодексі 2015 жылдың 1 қаңтарында заңды күшіне еніп, 1998 жылдан қолданыста болған қылмыстық іс жүргізу заңнамасы өз күшін жойып отыр. Барлық процессуальдық және тергеу іс-әрекеттері қолданыстағы нормативтік құқықтық актіге сәйкес жүзеге асырылады. Ал, қылмыстық-процестік заңнамасының кері күші болмайды. Бірақ, «Қазақстан Республикасы құқықтық актілер туралы» Заңына сәйкес кез-келген нормативтік құқықтық актілер (кодекстер мен заңдар) қабылданған уақытта ресми мәтінде, яғни бұхаралық құралдарда жариялануы қажет. Егер ресми мәтінде жарияланбаған жағдайларда, оларды қолдану заңсыз болып табылады.

Өзге нормативтік құқықтық актілерге сәйкес заңның кері күші болады. Мысалы, қылмыстық кодекске сай қылмыстық жаза бойынша тұлғаға қатысты жеңілдіктер қаралған болса, өз күшін жойған қылмыстық кодекстің нормалары қолданылады. Егер жаңа кодексте көрсетілген жазаның көлемі ескі кодекспен салыстырғанда аз болса, қылмыстық құқық бұзушылық жасалынған кезеңінде қолданыста болған кодекс бойынша жаза тағайындалады.

Қазақстан Республикасының аумағында қылмыстық сот ісін жүргізу қылмыс жасалған жерге қарамастан Қазақстан Республикасы қылмыстық-процестік кодексіне сәйкес жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы– Қазақстан Республикасы аумағының (құрлығының, суларының, жер қойнауының, әуе кеңістігінің) шектерін айқындайтын сызық пен осы сызық бойынша тігінен өтетін жазықтық және Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігі қолданылатын кеңістік шегі. Қазақстан Республикасының шекаралық кеңістігі – Мемлекеттік шекара және Қазақстан Республикасының аумақтық сулары (теңізі) және ішкі сулары бар шекаралық аймақтың сыртқы шектеріне дейін оған шектесіп жатқан Қазақстан Республикасының аумағы, сондай-ақ Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінің аумақтары, шектерінде уәкілетті органдар шекаралық қызметті жүзеге асыратын континенттік қайраң және олардың үстіндегі әуе кеңістігі (1 бап)[1];

Ал, егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта Қазақстан Республикасы ҚПК-нің кеңістікте қолданылуының өзгеше ережелері белгіленсе, халықаралық шарттарының ережелері қолданылады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтар Қазақстан Республикасының әуе және теңіз көліктерінде, республика аумағынан тыс жерде, яғни, бөтен мемлекетте, бірақ Қазақстан Республикасы туы астында орын алса, онда аталған шарттар қолданылуы мүмкін.

[1] Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 16 қаңтардағы № 70-V Заңы

1.4.2. Қазақстан Республикасының аумағында шет мемлекеттің қылмыстық-процестік құқығын қолдану және қылмыстық-процестік заңның шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға қатысты қолданылуы

Қазақстан Республикасының аумағында шет мемлекеттің тергеп-тексеру органдары мен сотының немесе олардың тапсырмасы бойынша қылмыстық процесті жүргізетін органның шет мемлекеттің қылмыстық-процестік құқығын қолдануға, егер бұл Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта көзделген болса, жол беріледі.

Мысалы, Қазақстан Республикасы аумағығында тек Байқоңыр қаласында ғана халықаралық шарттың қағидалары қолданылады. «Байқоңыр» кешенінің аумағында Ресей Федерациясының әскери қызметшілеріне, жай қызметші адамдарына және олардың отбасы мүшелеріне қатысты Ресей Федерациясының заңдары қолданылады және оның құзыретті органдары әрекет етеді. Ғарыш айлағының қызметшілері мен олардың отбасы мүшелеріне қатысты «Байқоңыр» кешенінің маңынан тыс олардың міндетті әскери қызметін атқаруға байланысты жасалынған әскери қылмыстар мен заңды бұзушылық, заңға қайшы Ресей Федерациясы және оның азаматтарына қарсы әрекет жасаған жағдайда Ресей Федерациясы юрисдикциясын жүзеге асырады. Басқа жағдайларда Қазақстан Республикасының заңдары қолданылады.

Олардың заңдарын қолдану кезінде Тараптардың құқық қорғау органдарының нақты өзара бірлесіп әрекет ету мәселелері жеке келісіммен айқындалады. Қазақстан Республикасы азаматтарының Конституциялық құқықтарын Ленинск қаласына орналасқан оның құзыретті органдары (сот, прокуратура) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қамтамасыз етеді (Келісімнің 6-бабы, 6.12 т.)[2]. Ал, «Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы «Байқоңыр» кешенін тиімді пайдалану жөніндегі ынтымақтастықты дамыту туралы келісімді ратификациялау туралы» 2010 жылғы 29 сәуірде Қазақстан Республикасының № 273-IV Заңы қабылданды.

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 6-бабына сай, қылмыстық-процестік заңның шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға қатысты қолданылады. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға қатысты қылмыстық сот ісін жүргізу ҚР ҚПК-не сәйкес жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында белгіленген дипломатиялық немесе өзге де артықшылықтар мен иммунитеттерге ие адамдарға қатысты немесе олардың қатысуымен жүзеге асырылатын қылмыстық сот ісін жүргізудің ерекшеліктері Кодекстің 57-тарауына сәйкес айқындалады.

1.5. Қылмыстық-процестің аналогиясы және процессуальдық кепілдіктер

[2] Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы "Байқоңыр" кешенін жалдау туралы 1994 жылғы 10-желтоқсандағы шарты.

Қазақстан Республикасы ҚПК қаралған барлық іс-әрекеттер және өндірісті жүргізудің тәртібі (рәсімделу және т.б.) оның нормаларында қаралуы тиіс. Кейбір іс-әрекеттер аталған заңда қаралмаған болса, сол жағдайға ұқсас өндірісті реттейтін қылмыстық-процестің нормаларын қолдануға болады. Мысалы, қылмыстық процеске қатысушылардан түсініктеме алу тәртібі, оларға қойылатын міндеттері мен құқықтары, жеке тапсырмаларды берудің нысандары қолданыстағы заңда қаралмаған. Аталған жағдайларда, түсініктеме алу тәртібі, Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 215-бабына сай «кәмелетке толмаған куәдан және жәбірленушіден жауап алу тәртібіне» ұқсас жүргізіледі, яғни түсініктеме алу педагог және психологтардың қатыстырылуымен жүзеге асырылады. Аталған іс-әрекеттерді қылмыстық процестің аналогиясы деп айтамыз.

Қылмыстық процестің мәнін толық түсіну үшін «процессуальдық нысан» және «процессуальдық кепілдіктер» ұғымдарын қарастыру қажет[1].

«Процессуальдық нысан» - «философиялық нысан» ұғымымен байланысты. Философиялық нысан, әр нәрсенің, заттың немесе құбылыстың өзара тығыз байланысты тұрақты құрылымы. «Нысан» ұғымы сол әр заттың немесе құбылыстың ішкі құрылымының тұрақтылығын және құрылымның сыртқы бейнесін білдіреді. «Процессуальдық нысан» ұғымы осы айтылған жалпы ғылыми «нысан» ұғымына сәйкес келеді. Заң әдебиеттерінде *процессуальдық нысан* — заңмен белгіленген қылмыстық процестің тәртібі деп түсіндіріледі[2]. Яғни, процессуальдық нысан ұғымы қылмыстық процестің сыртқы бейнесі, көрінісі. Процессуальдық нысанның құрылымы қылмыстық іс бойынша заңға сәйкес орындалатын іс-әрекеттердің, жиынтығынан тұрады.

Қылмыстық процесс барысында тергеуші немесе анықтаушы, прокурор, сот - әрқайсысы өз қызметін заңда көрсетілген тәртіппен ғана жүзеге асырады. Осы тәртіпті сақтау - қылмыстық процестің зандылығын қамтамасыз етудің басты шарты болып табылады. Қылмыстық процесс кезінде процесуалдық нысанды қатаң сақтамай, іс-әрекеттердің зандылығын қамтамасыз ету мүмкін болмайды.

Процесуалдық нысандар - жалпы және тергеу іс-әрекеттердің процессуальдық нысаны деп бөлінеді.

Қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеу, істерді сотта қарап шешу тәртібі қылмыстық процестің жалпы нысаны болады. Қудалау органдарының іс-әрекеттерінің жүргізілу тәртібі жеке процесуалдық нысанға жатады (мысалы, куәдан немесе жәбірленушіден, айыпталушыдан жауап алудың тәртібі).

Процесуалдық нысанның маңызды бір көрінісі - іс жүргізу құжаттарын рәсімдеу. Қылмыстық іс бойынша өндіріс кезінде әрбір тергеу іс-әрекеттерінің жүргізілу барысы және нәтижесі заңда көрсетілген тиісті құжаттар жазу арқылы бекітіледі. Аталған құжаттар - іс жүргізудің актілері деп аталады. Аталған құжаттар қылмыстық қудалау органдары мен лауазымды адамдары арқылы жүзеге асырылады (судья, прокурор, тергеуші, анықтаушы).

Қылмыстық процестің барлық стадияларына жүргізілетін құжаттардың түрлері қаулы және хаттама болып табылады.

Қаулы - өкілетті органынын, (лауазымды адамның) өз өндірісіндегі іс бойынша шығарған шешімі, соттың үкімін қоспағанда, дәлелдеп жазатын

құжаты (мысалы, тергеушінің тұлғаны күдікті ретінде тану туралы шығарған қаулысы).

Хаттама - қылмыстық процесті жүргізуші органының (лауазымды адамның) өзі жүргізген іс-әрекеттің орындалу барысын және нәтижесін баяндап жазатын құжаты (мысалы, куәдан жауап алудың хаттамасы немесе сот отырысының хаттамасы).

Қылмыстық процестік саласында қатынастарды құқықтық нормалар арқылы реттеудің бірнеше амалдары бар. Ол амалдарға мыналар жатады: *міндеттеу, құқықтандыру* және *тыйым салу*. Осы арқылы қылмыстық процесте шектеулер жасалып отырады. Мысалы, ҚПК-нің 34-бабына сәйкес, қылмыстық қудалау органы қылмыстық құқық бұзушылықтардың белгілерін тапқан әрбір жағдайда өз құзыреті шегінде оны ашуға, қылмыс жасауға кінәлі адамды анықтауға, оны жазалауға, сондай-ақ кінәсіз адамды ақтауға қажетті заңмен көзделген барлық шараларды қолдануға міндеттелген. Ал, құқықтандыру нормалары қылмыстық процесс субъектілерінің заңға сәйкес өз құқықтарын колдану, сондай-ақ іс-әрекеттер жүргізу мүмкіндігін білдіреді. Мысалы, айыпталушының қандай қылмыс жасағандығы жөнінде айыпталатындығын білуге, қорғаушы алуға, дәлелдемелер тапсыруға және т.б. құқықтары бар. Тыйым салу құқықтық нормаларының мысалы: тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде күш қолдануға, қорқытуға және өзге де заңсыз шараларды қолдануға жол берілмейді (ҚПК-нің 197-бабының 4-бөлігі). Қорыта айтқанда, осындай құқықтық амалдарды қолдану арқылы қылмыстық процестік саласында туындайтын қатынастар заң актілерімен реттеледі.

Процесуалдық қатынастардың реттелу механизімін ұғыну үшін жоғарыда айтылған амалдармен қатар процессуальдық нормалардың құрылымын білу қажет. Бұл құқықтық нормалар өзге құқық салаларының нормалары сияқты үш элементтен тұрады: гипотеза, диспозиция және санкция. Яғни қолданыстағы ҚПК баптары осы тасымалдаушылардан тұрады.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Қылмыстық процестің пәні, мақсаты, міндеттері мен мазмұны, оның құқықтық реттелуі.
2. Қылмыстық процесс қызметтерінің құрылысы, оның сатылары.
3. Қылмыстық процесс сатыларының дербестілігі мен өзара байланыстылығы.
4. Қылмыстық процесс құқықтық қатынастары: түсінігі, түрлері.
5. Қылмыстық процесс құқық қатынастарының құрылысы, оның белгілері.
6. Қылмыстың-процестік нысанының түсінігі, түрлері. Қылмыстық іс жүргізу актілері: түсінігі, маңызы, түрлері.
7. Қылмыстық процесс заңының уақыт тұрғысында, кеңістікте және тұлғаларға қатысты қолданылуы. Қылмыстық іс жүргізу заңының аналогия бойынша колданылуы. Қылмыстық іс жүргізу реттеу механизмдегі сендіру, мәжбүрлеу және жауапкершілік. Қылмыстық сот ісін жүргізудің имандылық бастаулары.
8. Қылмыстық процесс кепілдіктерінің түсінігі, олардың маңызы мен түрлері.
9. Қылмыстық процесс функциялары, олардың түрлері мен қарым қатынастары.
10. Қылмыстық процесс функцияларының жүйесі: қылмыстық істерді тергеу функциясы, қылмыстық ізге түсу функциясы, прокурорлық кадағалау функциясы, қорғау функциясы, қылмыстық істерді қарау мен шешу функциясы.

2. ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТІҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚАҒИДАТТАРЫ

2.1. Қылмыстық процестің міндеттері

2.2. Қылмыстық процестің қағидаттарының ұғымы мен маңызы. Қылмыстық сот ісін жүргізу қағидаттарының жүйесі.

2.3. Қазақстан Республикасы қылмыстық процестің қағидаттарының жіктелуі.

2.1. Қылмыстық процестің міндеттері

Қылмыстық процестің міндеттері болып - қылмыстық құқық бұзушылықтардың жолын кесу, оларды бейтараптықпен, тез және толық ашу, тергеп-тексеру, оларды жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауаптылыққа тарту, әділ сот талқылауы және қылмыстық заңды дұрыс қолдану, адамдарды, қоғамды және мемлекетті қылмыстық құқық бұзушылықтардан қорғау табылады (ҚР ҚПК-нің 8-бабы). Оның міндеттері – қылмыстық-процестік құқықтың міндеттерімен сәйкес келеді. Қылмыстық істер бойынша іс жүргізудің заңда белгіленген тәртібі адамды және азаматты негізсіз айыптау мен соттаудан, оның құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектеуден қорғауды, ал кінәсіз адам заңсыз айыпталған немесе сотталған жағдайда, оны дереу және толық ақтауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуға, қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуға, құқықты құрметтеу көзқарасын қалыптастыруға ықпал етуге тиіс.

2.2. Қылмыстық процестің қағидаттарының ұғымы мен маңызы. Қылмыстық сот ісін жүргізу қағидаттарының жүйесі.

«Қағидат» термині (латынша «principium») негіз, негізгі бастама деген мағынаны білдіреді. Ол барлық құқық саласында кездеседі және олардың сақталуын қамтамасыз етеді. Ал, қылмыстық процестің қағидаттарына осы қызмет саласының негіздерін құрайтын және занда белгіленген бастама ережелер жатқызылады. Қылмыстық процестің қағидаттары - қылмыстық сот ісін жүргізудің тәртібіне негізделе отырып оның маңызды сипаттары мен белгілерін көрсетеді. Қылмыстық процестің міндеттерін жүзеге асыруда қағидаттардың алар орны ерекше. Қылмыстық қудалау органдары аталған қағидаттарды басшылыққа ала отырып өз міндеттерін атқарады және аталған қағидаттарды қатаң сақтауға міндетті. Оны сақтамау, қылмыстық процесс барысында шығарылған шешімдердің бұзылуына және жинақталған істің материалдарының занды күшінің жойылуына әкеліп соғады.

Қылмыстық процестің қағидаттары Қазақстан Республикасы ҚПК-нің екінші «Қылмыстық процестің міндеттері мен қағидаттары» деп аталған тарауында (10-31 баптарымен) бекітілген. Аталған қағидаттар Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелеріне сәйкес келеді. Кодексте бекітілген қағидаттардың көпшілігі Конституцияда толық көрсетілмейді, ол салалық нормаларда толық ашылады.

Қылмыстық процестің *қағидаттарына*: заңдылық; сот төрелігін тек соттың ғана жүзеге асыруы; адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғау; жеке адамның абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеу; жеке басқа қолсұғылмаушылық; қылмыстық істер бойынша іс жүргізу кезінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау; жеке өмірге қолсұғылмаушылық. Жазысқан хаттардың, телефон арқылы сөйлескен сөздердің, пошта, телеграф арқылы және өзге де хабарлардың құпиясы; тұрғынжайға қолсұғылмаушылық; меншікке қолсұғылмаушылық; кінәсіздік презумпциясы; қайтадан соттауға және қылмыстық қудалауға жол бермеушілік; сот төрелігін заң мен сот алдындағы теңдік бастауларында жүзеге асыру; судьялардың тәуелсіздігі; сот ісін жүргізуді тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы негізінде жүзеге асыру; істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу; дәлелдемелерді ішкі сенім бойынша бағалау; күдіктінің, айыпталушының қорғалу құқығын қамтамасыз ету; білікті заң көмегіне құқықты қамтамасыз ету; куәлік айғақтар беру міндетінен босату; жариялылық; қылмыстық сот ісін жүргізу тілі; процестік әрекеттер мен шешімдерге шағым жасау бостандығы және т.б. жатқызылады.

Көрсетілген нормалар өзара байланысты және бір-біріне қайшы келмейтін болғандықтан процесуалдық қағидаттардың жүйесін құрайды.

Қылмыстық процестің қағидаттары қолданылуына қарай жалпы және арнайы болып бөлінеді. Жалпы қағидаттар барлық құқық саласына қатысты болса, арнайы қағидаттар тек қылмыстық процеспен байланысты.

2.3. Қазақстан Республикасы қылмыстық процестің қағидаттарының жіктелуі.

2.3.1. Заңдылық қағидаты.

Аталған қағидат Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 10-бабының 1-бөлігіне сәйкес, сот және прокурор, тергеуші, анықтау органы, анықтаушының қылмыстық істер бойынша іс жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының Конституциясының, ҚПК-тің және өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарының сақталуын міндеттейді.

Қылмыстық процеске қатысушы өзге де тұлғалар (азаматтар, ұйымдар) Қазақстан Республикасы Конституциясы және өзге заңдардың нормаларын орындауы қажет. Заңдылық қағидатын қатаң сақтау арқылы қылмыстық қудалау органдары өзге де іске қатысушылардың құқықтарының қорғалауын қамтамасыз етеді. Мысалы, соттар сот төрелігін жүзеге асыру барысында қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілері адам мен азаматтың Конституциямен бекітілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп ұйғарса, ол іс жүргізуді тоқтата тұруға және осы актіні Конституцияға сәйкес емес деп табу туралы ұсыныспен Конституциялық Кеңеске жүгінуге міндетті (ҚПК-нің 10-бабының 2-бөлігіне сәйкес). Қылмыстық қудалау органдары зандылық қағидатын сақтамаған жағдайларда, онда іс бойынша шығарылған процессуалдық шешімдер заңсыз деп танылуға және бұзылуға жатады. Осы аталған нормалар - зандылық қағидатын қамтамасыз етудің процесуалдық кепілдіктері болып табылады.

Процесуалдық кепілдіктерге: қылмыстық процесстің барлық стадияларында заңдылықтың сақталуын прокурордың қадағалауы; жоғарғы саты соттарының төменгі сатыға жататын соттардың шығарған үкімдері мен қаулыларының заңдылығын тексеруі; іске қатысушы мүдделі тұлғалардың (азаматтардың және ұйымдардың) соттың, прокурордың және сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының іс-әрекеттері мен шешімдеріне шағымдану құқығы және шағымдардың занда көрсетілген тәртіп бойынша уақытында қаралып шешілуге міндеттілігі жатады.

Заңдылық қағидатының іс жүзінде сақталуы - қылмыстық процестің өзге де қағидаттарының сақталуымен тығыз байланысты. Себебі, қылмыстық қудалау органы аталған қағидаттардың бірін бұзған жағдайларда, ол заңдылық қағидаттарының сақталмағандығын білдіреді.

2.3.2.Сот төрелігін соттың ғана жүзеге асыру қағидаты.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 75-бабы және ҚР ҚПК-нің 11-бабына сәйкес қылмыстық істер бойынша сот төрелігін тек сот қана жүзеге асыра алады. Өзге мемлекеттік органдар аталған өкілеттіктерді пайдалана алмайды. Сот өкілеттігін кімнің де болса иемденіп алуы заңда көзделген қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғады.

Осы арқылы келесідей қағидаттардың қорғалуы қамтамасыз етіледі:

- соттың үкіміңсіз және заңға сәйкес емес ешкім де қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп таныла алмайды, сондай-ақ қылмыстық жазаға тартыла алмайды;

- соттың құзыреті, оның юрисдикциялық шектері, қылмыстық сот ісін жүзеге асыру тәртібі заңда айқындалады және оны өз бетінше өзгертілуге болмайды;

- сот төрелігін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты, облыстық және оған теңестірілген, өзге де соттар жүзеге асырады. Аталған соттар жүйесі Қазақстан Республикасы Конституциясымен және конституциялық заңымен белгіленген; қандай бір атаумен арнаулы және төтенше соттарды құруға жол берілмейді;

- соттың өкілеттігін кімнің болса да иемденуі занда көзделген жауаптылыққа әкеп соқтырады;

- өзінің қарауына жатпайтын іс бойынша шығарылған, сондай-ақ өзінің өкілеттігін асыра пайдаланған немесе ҚПК-мен көзделген қылмыстық сот ісін жүргізу қағидаттарын өзге де жағдайларда бұзған соттың үкімі мен өзге де шешімдері заңсыз болады және олардың күші жойылуға жатады;

- қылмыстық іс бойынша соттың үкімі мен басқа да шешімдері ҚПК-де көрсетілген тәртіппен өзге соттар арқылы тексеріліп қайта қаралады.

Аталған қағидаттардың орындалуы тергеуші және анықтаушының міндеттерімен тікелей байланысты. Себебі мемлекеттік органдар қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер жинайды және дәлелдемелер сотта істі қарау кезінде тараптардың қатысуымен зерттеліп, соның негізінде сот төрелігі жүзеге асырылады.

2.3.3. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғау қағидаты.

Қазақстан Республикасының заңнамасында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғау қағидаты Конституцияға және халықаралық шарттарға сәйкес келеді. Себебі, халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған қағидаттарына сәйкес, азаматтардың өз мүдделерін қорғау мақсатында сотқа жүгінуі - істі дұрыс шешудің ең әділ жолы ретінде қаралады. Ал, Қазақстан Республикасы Конституциясының 2-бөлімі 13-бабында: «Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар» делінген. Яғни, осы *қағидат арқылы*, әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарын сотпен қорғауға құқығы бар; ешкімге өзінің келісімінсіз ол үшін заңмен көзделген істің соттылығы өзгертіле алмайды; мемлекет заңда белгіленген жағдайлар мен тәртіп бойынша жәбірленушіге сот төрелігіне қол жеткізуін және келтірілген залалдың өтелуін қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының заңнамасы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғау қағидатын белгілеумен қатар, оны қамтамасыз етудің кепілдіктерін де көздейді. Ол кепілдіктердің қатарына келесілер жатады:

- Қазақстан Республикасының заңмен белгіленген жалпыға бірдей қылмыстық сот ісін жүргізу жүйесінің болуы және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау - қылмыстық процестің міндеттерінің түрі ретінде қаралуы;
- іске қатысушы азаматтарда өз мүдделерін қорғауға қажетті заңмен белгіленген құқықтарының болуы және олардың өз құқықтарын жүзеге асыруы үшін қылмыстық іс жүргізу органдарының жағдай жасауға міндеттілігі;
- қылмыстық сот ісін жүргізу кезінде заңда баян етілген демократиялық бағыттағы қағидаттарын басшылыққа алынатындығы және қылмыстық іс жүргізу органдарының ол принциптерді қатаң сақтауға міндетті болуы.

Мысалы, қылмыстық құқық бұзушылықтардан зардап шеккен әрбір адам қылмыстық қудалау органына арыз беру арқылы кінәлі тұлғаны жауапқа тартылуын талап ете алады. Өкілетті органдар қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды қабылдаудан бас тартатса немесе өзге де заңның талаптарын бұзатын болса, онда жәбірленуші ол жөнінде сотқа шағымдануға құқылы. Қылмыстық істі сотта қарау кезінде жәбірленуші өзі немесе өкілі арқылы қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамға тағылған айыптауды қолдап, өзіне келтірілген зиянның өтелуін талап ете алады. Осындай құқықтарын пайдалана отырып жәбірленуші сот арқылы занды мүдделерін қорғалуын қамтамасыз ете алады.

Ешкімнің өзі үшін заңмен көзделген соттылығы оның келісімінсіз өзгертіле алмайды. Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабының 3-бөлігінің 3-тармағы және ҚПК-нің 12-бабының 2-тармағына сай, қылмыстық істің соттылығы заңға сәйкес анықталады және оны тиісті іс жүргізу органдары қамтамасыз етеді. Мысалы, ҚПК-нің 40-тарауында (306-318 бб) бірінші сатыдағы соттардың қандай қылмыстық істерді қарайтындығы бекітілген. Осы

тараудың нормаларының негізінде тұлғаның құқықтарының қорғалуы жүзеге асырылады.

2.3.4. Жеке бастың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеу қағидаты.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 17-бабына сәйкес, «адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды; ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқа да қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге болмайды». Осы конституциялық ереже қылмыстық процестегі жеке адамның абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеу қағидатының негізін құрайды. Бұл қағидаттың маңызы адамның тумысынан айырмайтын құқықтары мен бостандығын қорғаудың қажеттілігіне байланысты. Яғни, қылмыстық процесс кезінде іске қатысушы жеке тұлғаларға процессуалдық мәжбүрлеу немесе өзге де ықпал ету шараларын қолдану барысында азаматтардың абыройы мен қадір-қасиеті қорғалады.

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 13-бабына сәйкес:

- қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде адамдардың абыройын түсіретін немесе қадір-қасиетін кемітетін шешімдер мен іс-әрекеттерге тыйым салынады, адамның жеке өмірі туралы мәліметтерді ҚПК-де көзделмеген мақсаттар үшін жинауға, пайдалануға және таратуға жол берілмейді;

- қылмыстық процесті жүргізуші органдардың заңсыз әрекеттерінен адамға келтірілген моральдық зиян заңда белгіленген тәртіппен өтелуі тиіс.

Аталған қағидат қылмыстық-процестік кодекстің өзге де баптары арқылы жүзеге асырылады. Мысалы, ҚПК-нің 197-бабында, «тергеу іс-әрекеттерін жүргізу барысында, күш қолдануға, қорқытуға және өзге де заңсыз шараларды қолдануға жол берілмейді» деп көрсетілген. Ал, ҚПК-нің 223-бабына сай, куәландыру жүргізу кезінде адамның денесі жалаңаштаумен ұштастырылатын болса онда сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы жынысы басқа адамды куәландыру кезінде қатыстыра алмайды».

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы тінту және алу кезінде анықталған мән-жайлардың жария етілмеуіне қатысты шаралар қолдануға міндетті. Қылмыстық қудалау органы аталған қағидаттардың сақталуын қамтамасыз етпеген болса, онда әрбір құқықтары бұзылған адам келтірілген моральдық зиянның өтелуін талап ете алады және ол талап сот арқылы шешіліп, қанағаттандыруға жатады.

2.3.5. Жеке басқа қолсұғылмаушылық қағидаты.

Аталған қағидаттың мәні адамның жеке басының бостандығын қамтамасыз ету болып табылады. Негіздер мен тәртіп бойынша болмаса, ешкімді де қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдікпен ұстап алуға, күзетпен қамауға алуға немесе өзгеше түрде бас бостандығынан айыруға болмайды.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 16-бабында, осы қағидатты қамтамасыз етуге арналған кепілдіктері көрсетілген:

- занда көзделген жағдайларда ғана тұлғаны күзетпен ұстауға және үйқамаққа алуға; күзетпен қамауға алуға болады және соттың санкциясымен ғана жол беріледі;

- күзетпен ұсталынған алынған адамға сотқа шағым жасау құқығы беріледі;

- адамды соттың санкциясынсыз жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ұстап алуға жол берілетіні тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, адам соттың санкциясынсыз – қырық сегіз сағаттан аспайтын мерзімге, ал кәмелетке толмаған адам жиырма төрт сағаттан аспайтын мерзімге ұсталуға ұшырауы мүмкін;

- күзетпен ұсталмаған адамды сот-психиатриялық және (немесе) сот-медициналық сараптамалар жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыруға соттың шешімімен ғана жол беріледі;

- ұсталған, қамауға алынған әрбір адам сол ұсталған немесе қамауға алынған кезден бастап қорғаушының көмегін пайдалануға құқылы.

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 14-бабымен осы кепілдіктер өзге де қағидаттармен толықтырылып отыр: әрбір ұстап алынған адамға ұстап алудың негіздері, сондай-ақ оған қылмыстық заңда көзделген қандай іс-әрекетті жасады деп күдік келтірілгені туралы дереу хабарланады; сот, қылмыстық қудалау органдары, күзетпен ұстау орны әкімшілігінің, медициналық ұйымның басшысы заңсыз ұстап алынған немесе күзетпен ұсталып отырған немесе медициналық ұйымға заңсыз орналастырылған не заңда немесе үкімде көзделгендегіден артық мерзімге күзетпен ұсталып отырған адамды дереу босатуға міндетті; қылмыстық процеске қатысатын адамдардың ешқайсысын азаптауға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетін қорлайтын қарым-қатынас немесе жазалау түрлеріне ұшыратуға болмайды; ешкімді де адамның өміріне немесе денсаулығына қауіп төндіретін процестік әрекеттерге қатысуға тартуға болмайды. Жеке басқа қолсұғылмаушылықты бұзатын процестік әрекеттер ҚПК тікелей көзделген жағдайларда және тәртіппен ғана адамның не оның заңды өкілінің еркіне қарсы жүргізілуі мүмкін; адамды, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдік бойынша ұстап алынған адамды күзетпен ұстау оның өмірі мен денсаулығына қатер төндірмейтін жағдайларда жүзеге асырылуға тиіс; азаматқа бас бостандығынан заңсыз айыру, оны өмірі мен денсаулығына қауіпті жағдайларда ұстау, оған қатыгез қарым-қатынас жасау салдарынан келтірілген зиян ҚПК көзделген тәртіппен өтелуге жатады.

2.3.6. Қылмыстық істер бойынша іс жүргізу кезінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау қағидаты

Бұл қағидат заңдылық қағидатымен тығыз байланысты. Қылмыстық қудалау органдары қылмыстық істер бойынша іс жүргізу кезінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау арқылы заңдылық қағидаттарын сақтайды. Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 15 - бабына сай, қылмыстық процесті жүргізетін орган қылмыстық процеске қатысатын азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, оларды жүзеге асыру үшін жағдай жасауға, қылмыстық процеске қатысушылардың заңды талаптарын қанағаттандыруға уақтылы шаралар қолдануға міндетті. Мысалы, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары жәбірленуші ретінде танылған адамға ҚПК-нің 71-

бабында көрсетілген құқықтарын түсіндіреді, жәбірленуші өтініш айтып немесе талаптар қоятын болса, ондай өтініштер мен талаптарды шешуге байланысты тиісті іс-әрекеттер жүргізеді.

Қылмыстық қудалау органдары жәбірленушіні, куәны немесе қылмыстық процеске қатысатын өзге де адамдарды, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерін немесе өзге де жақын туыстарын өлтірумен, күш қолданумен, мүлкін жоюмен немесе бүлдірумен не өзге де құқыққа қарсы қауіпті әрекеттермен қорқытты деп пайымдауға жеткілікті негіздер болған кезде қылмыстық процесті жүргізетін орган өз құзыреті шегінде бұл адамдардың өмірін, денсаулығын, абыройын, қадір-қасиетін және мүлкін қорғауға заңда көзделген шараларды қолдануға міндетті. Қылмыстық процеске қатысатын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын қолдану тәртібі мен негіздері ҚПК-нің 95-98 баптарымен реттеледі. Шаралардың түрлері Қазақстан Республикасы «Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы» заңымен реттеледі.

Азаматқа қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде оның құқықтары мен бостандықтарын бұзу салдарынан келтірілген зиян ҚПК көзделген негіздер бойынша және тәртіппен өтелуге жатады.

2.3.7. Жеке өмірге қолсұғылмаушылық. Жазысқан хаттардың, телефон арқылы сөйлескен сөздердің, пошта, телеграф арқылы және өзге де хабарлардың құпиясы; тұрғынжайға қолсұғылмаушылық; меншікке қолсұғылмаушылық қағидаты

Қазақстан Республикасы Конституциясының 18-бабында сай: әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауға, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройының қорғалуына құқығы бар; әркімнің өзінің жеке салымдары мен жинаған қаражатының, жазысқан хаттарының, телефон арқылы сәйлескен сөздерінің, почта, телеграф арқылы және басқа жолдармен алысқан хабарларының құпиялылығы сақталуына құқығы бар; бұл құқықтарды шектеуге занда тікелей белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі.

Осы конституциялық қағидат ҚПК-нін 16-бабында да бекітілген. Азаматтардың жеке өмірі, жеке және отбасылық құпия заңның қорғауында болады. Әркімнің жеке салымдар мен жинақтардың, жазысқан хаттардың, телефон арқылы сөйлескен сөздердің, пошта, телеграф арқылы және өзге де хабарлардың құпиясына құқығы бар. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыру кезінде әркімге жеке (жеке және отбасылық) өміріне қолсұғылмаушылық құқығы қамтамасыз етіледі. Бұл құқықты шектеуге заңда тікелей белгіленген жағдайларда және тәртіппен ғана жол беріледі. Заңда көзделген жағдайлардан басқа, ешкім адамның келісімінсіз оның жеке өмірі туралы ақпарат жинауға, сақтауға, пайдалануға және таратуға құқылы емес.

Аталған құқықты шектеудің тәртібі мен негіздері Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 241-251 баптарымен реттелген. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеу кезінде почта-телеграф жөнелтімдерін тұтқындау, оларды тексеру және алу, сөйлесулерді тындау, хабарды жол-жөнекей ұстау тергеу судьясының

санкциясымен жүргізіледі. Қазақстан Республикасы «Жедел-іздестіру қызметі туралы» заңның 12-бабының 4-бөлігіне сәйкес: заңмен қорғалатын жеке өмірге тиіспеушілік, хат жазысу, телефонмен сөйлесу, телеграф хабарлары мен почта жөнелтімдері құпиясын қол сұғудан қорғау құқығын қозғайтын жедел-іздестіру шаралары тек ауыр және ерекше ауыр қылмыстық құқық бұзушылықтарды, сондай-ақ қылмыстық топтар әзірлеп жатқан немесе олар жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтарды анықтау, алдын алу және ашу мақсатында соттың санкциясымен ғана жүзеге асырылады.

Жеке өмірге қолсұғылмаушылық қағидаттарына сай, жасырын тергеу іс-әрекеттері немесе жедел-іздестіру шараларын жүргізу кезінде, сот талқылауы барысында алынған адамдардың өмірінің жеке жақтары туралы мәліметтер жұрт алдында жариялануға жатпайды. Құпиялықты сақтау тек қылмыстық қудалау органдары үшін ғана емес, іске қатысушылар үшін де міндетті (ҚР ҚПК-нің 47, 241бб.). Ол жөнінде, қылмыстық қудалау органдары іске қатысушыларға ескертулері тиіс.

2.3.8. Тұрғынжайға қолсұғылмаушылық қағидаты.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 25-бабында сәйкес, тұрғынжайға қол сұғылмайды және соттың шешімінсіз тұрғынжайдан айыруға жол берілмейді; тұрғын үйге басып кіруге, оны тексеруге және тінтуге заңмен белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі. Тұрғынжай – бір немесе бірнеше адамның уақытша немесе тұрақты тұруына арналған үй-жай немесе құрылыс, оның ішінде: меншікті немесе жалға алынған пәтер, үй, саяжай үйі, мейманхана нөмірі, каюта, купе; көппәтерлі тұрғын үйді қоспағанда, оларға тікелей жалғасатын верандалар, террасалар, галереялар, балкондар, мансардалық құрылыстар, тұрғын құрылысының жертөлесі және шатыры, сондай-ақ өзен немесе теңіз кемесі және басқалар (ҚР ҚПК-нің 7-бабы).

Осы конституциялық нормаға сәйкес ҚПК-нің 17-бабында да тұрғынжайға қолсұғылмаушылық қағидаты бекітілген. Тұрғынжайға қол сұғылмайды. Тұрғынжайға онда тұратын адамдардың еркіне қарсы кіруге, оған қарап-тексеру мен тінту жүргізуге заңда белгіленген жағдайларда және тәртіппен ғана жол беріледі.

Мысалы, ҚПК-нің 220-бабына сәйкес, тұрғын үй-жайды қарап-тексеру онда тұратын кәмелетке толған адамдардың келісуімен немесе тергеу судьясының санкциясымен ғана жүргізіледі. Егер онда тұратын адамдар кәмелетке толмағандар болса немесе олардың психикалық немесе өзге де ауыр науқастардан зардап шегетіні көрінеу белгілі болса немесе олар қарап-тексеруге қарсы болса, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам мәжбүрлеп қарап-тексеру туралы қаулы шығарады, оған тергеу судьясынан санкция алынуға тиіс. Санкция беруден бас тартылған жағдайда, қарап-тексеру жүргізілмейді. Тұрғын үй-жайды мәжбүрлеп қарап-тексеру жүргізу қажет болған кезде, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қарап-тексеру жүргізу туралы қаулы шығарады және оны тергеу судьясына жібереді. Қаулыға қылмыстық істің қарап-тексеру жүргізу қажеттігін растайтын

материалдарының куәландырылған көшірмелері қоса беріледі және оның көшірмесі бір мезгілде прокурорға жіберіледі.

Қажет болған жағдайларда қылмыстық іске маңызы бар мән-жайларды анықтау мақсатында тұрғынжайда тінту жүргізіледі. Оның тәртібі ҚР ҚПК 254-бабымен реттеледі.

Сонымен қатар, тұрғынжайға онда тұратын адамдардың еркіне қарсы кіру Қазақстан Республикасы «Жедел-іздестіру қызметі туралы» заңының нормаларына сай жедел-іздестіру шараларына жатқызылады. Аталған заңның 12-бабында: «тұрғын үйді қол сұғудан қорғау құқығын қозғайтын жедел-іздестіру шаралары тек ауыр және ерекше ауыр қылмыстарды, сондай-ақ қылмыстық топтар әзірлеп жатқан немесе жасаған қылмыстарды анықтау, алдын алу және ашу үшін соттың санкциясымен ғана жүзеге асырылады» деп көрсетілген.

Қорыта айтқанда, тұрғынжайға қолсұғылмаушылық қағидаты: біріншіден, адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және олардың тұрғынжайынан заңсыз айыруды болғызбау үшін; екіншіден, жеке өмірге қолсұғылмаушылық қағидатын қамтамасыз етудің жолдары.

2.3.9. Меншікке қолсұғылмаушылық қағидаты.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 2-бабына сәйкес, азаматтардың меншік құқығы заңмен қорғалады және қамтамасыз етіледі.

Меншікке заңмен кепілдік беріледі. Ешкімді де соттың шешімі болмайынша өз мүлкінен айыруға болмайды. Процестік әрекеттер барысында адамдардың банктегі салымдарына және басқа да мүлкіне тыйым салу, сондай-ақ оларды алып қою ҚПК көзделген жағдайларда және тәртіппен жүргізілуі мүмкін (ҚР ҚПК-тің 18-бабы).

Осыған сәйкес, ҚПК-нің 161-бабында мүлікке (соның ішінде банктегі шоттар мен салымдардағы ақша қаражатына және өзге де бағалы заттарға) тыйым салудың тәртібі көрсетілген. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам үкімнің азаматтық талап қою, басқа да мүліктік өндіріп алулар немесе мүлікті ықтимал тәркілеу бөлігінде орындалуын қамтамасыз ету мақсатында мүлікке тыйым салуды қолдану шараларын қабылдауға міндетті. Азаматтардың, сондай-ақ заңды тұлғалардың меншік құқығын қорғау азаматтық, азаматтық іс жүргізу, қылмыстық құқық салаларының институттары бойынша қамтамасыз етілді.

2.3.10. Кінәсіздік презумпциясы қағидаты.

Аталған қағидат Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабы 3-бөлігімен реттелген. Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 19-бабына сәйкес: 1) Әркім өзінің қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы кінәлілігі ҚПК көзделген тәртіппен дәлелденгенге және соттың заңды күшіне енген үкімімен белгіленгенге дейін кінәсіз болып саналады; 2) Ешкім де өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес; 3) Күдіктінің, айыпталушының, сотталушының кінәлілігіне сейілмеген күмән олардың пайдасына түсіндіріледі. Қылмыстық және қылмыстық-процестік заңдарды қолдану кезінде туындаған күмәндар да

күдіктінің, айыпталушының, сотталушының пайдасына шешілуге тиіс.айыпталушының кінәлілігі жөнінде сейілмеген күдік оның пайдасына қаралады (түсіндіріледі); 4) айыптау үкімін болжамдауға негіздеуге болмайды және үкім шындыққа жататын дәлелдемелердің жиынтығымен расталуы тиіс.

Кінәсіздік презумпциясы қағидатына сай қылмыстық процесте «күдікті» және «қылмысқа қатысы бар тұлға» деген ұғымдар кездеседі. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында тұлға күдікті ретінде танылады. Сот талқылауы барысында күдіктінің кінәлі немесе кінәсіз екендігі дәлелденеді. Адамның кінәлі екендігі сотта дәлелденіп, ол жөнінде айыптау үкімі шығарылған болса, аталған үкім заңды күшіне енгеннен кейін ол адам қылмыскер, яғни сотталған болып табылады. Соттың шешіміне дейін, заңда көрсетілген айыпталушыға (сотталушыға) қолданылатын шектеулерді қоспағанда, оның жалпыға бірдей конституциялық құқықтары сақталады және сотталушы өзінің конституциялық құқықтарын қолдана алады.

Кінәсіздік презумпциясы қағидатының басты ережесі: айыпталушының қылмыстық құқық бұзушылық жасағандығы заңды жолмен дәлелденуі тиіс; оны дәлелдеу айыптау тарапына (айыптаушыға) жүктеледі. Мысалы, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары қылмыстық істің мән-жайларын анықтау үшін қажетті тергеу іс-әрекеттерін жүргізу арқылы күдіктінің қылмыс жасағандығын дәлелдейді. Егер тергеу іс-әрекеттерін жүргізу кезінде күш қолдану, қорқыту немесе өзге заңсыз іс-әрекеттер қолданылған болса, ондай жолмен жиналған дәлелдемелер айыптауға негіз бола алмайды.

Күдікті өзіне тағылған айыптаудан қорғануға құқылы, бірақ өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес. Кінәсіздік презумпциясына байланысты айыпталушының кінәлілігі жөнінде сейілмейтін күдік оның пайдасына қаралуы (түсіндірілуі) тиіс. Мысалы, қылмыстық істі сот талқылауында қараудың нәтижесінде айыпталушының кінәлілігі жөнінде сейілмейтін күдік болса, ондай күдік бұл адамның пайдасына қаралуға жататын болғандықтан, сот ақтау үкімін шығаруы тиіс. Сот - айыптау үкімін айыпталушының қылмыс жасағандығы жөнінде толық сенімді болған жағдайда ғана шығара алады. Егер қылмыстық іс бойынша жиналып зерттелген дәлелдемелерге қатысты бір-біріне қайшы пікірлер туындаса, істің мән-жайларына қатысты әр түрлі көзқарастар кездессе, сот айыпталушының қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасағандығын болжамдау арқылы айыптау үкімін шығара алмайды.

Кінәсіздік презумпциясы қағидаты айыпталушыға ғана емес, күдіктіге және өзге де іске қатысушыларға қолданылады.

2.3.11. Қайтадан соттауға және қылмыстық қудалауға жол берілмеушілік қағидаты.

Қазақстан Республикасы Конституциясы 77-бабы 3-бөлігіне және Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 20-бабына сәйкес, бір құқық бұзушылық үшін ешкімді де қайтадан қылмыстық немесе әкімшілік жауапқа тартуға болмайды.

Аталған қағидатты жүзеге асырудың кепілі болып ҚПК-нің 35-бабының нормалары табылады. Қылмыстық іс жүргізуді болдырмайтын мән-жағдайларға

- белгілі бір айыптау бойынша адамға қатысты соттың занды күшіне енген үкімі, сондай-ақ белгілі бір айыптау бойынша адамға қатысты қылмыстық қудалау органының күшін жоймаған істі тоқтату туралы қаулысы жатады. Сондықтан, қылмыстық қудалау органдары қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру, сотта іс жүргізу кезінде де жоғарыда аталған жағдайлардын бар-жоғын тексеріп анықтауға міндетті.

Іске мүдделі адам өзіне қатысты қайта қылмыстық жауапқа тартуды болдырмайтын жағдай жөнінде өкілетті органға өтініш жасай алады. Іс жүргізуді болғызбайтын мән-жайдың бар екені расталған болса қылмыстық қудалау органы қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы шығарады.

2.3.12. Сот төрелігін заң мен сот алдындағы теңдік бастауларында жүзеге асыру қағидаты.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 14-бабына сәйкес, заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең; тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды.

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 21-бабында сот төрелігін заң мен сот алдындағы теңдік бастауларында жүзеге асыру қағидаты бекітілген. Аталған қағидатқа сай, барлық адамдардың құқықтары заң мен сот алдында тең және өзара тығыз байланысты. Азаматтардың заң алдындағы теңдігі олардың сот алдындағы теңдігі қағидатымен салыстырғанда кең ұғымды білдіреді. Себебі, азаматтардың теңдігі қоғам өмірінің барлық салаларында жүзеге асырылады.

Қылмыстық процеске қатысушы тұлғалардың заңмен көзделген құқықтары мен міндеттері барлық азаматтарға қатысты бірдей қолданылады және сот төрелігін атқару жалпы ереже бойынша жүргізіледі. Іс жүргізудің тәртібі айыпталушының немесе жәбірленушінің және өзге де іске қатысушылардың жеке басына байланысты өзгертуге жатпайды. Бірақ, ҚПК сәйкес, жекелеген санаттарға жататын істер бойынша өндірістің ерекшеліктері болады. Мысалы, кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық істерді жүргізу барысында оларға қосымша құқықтар беріледі. Аталған ережелер азаматтардың заң және сот алдында тендігі қағидаттарын бұзуға соқтырмайды, олар тек кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғауды күшейту мақсатында қолданылады.

Сонымен қатар, ҚПК-не сай кейбір қатысушыларға артықшылықтар мен иммунитеттер беріліп отыр. Оларға: Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, Конституциялық Кеңестің Төрағасы және мүшелері, судьялар, Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, дипломатиялық иммунитеті бар адамдар жатады (ҚР ҚПК 57-тарауы). Бұл адамдарға қатысты қылмыстық сот ісін жүргізу ерекшеліктері - олардың тәуелсіз болуын қамтамасыз ету және заңсыз қылмыстық жауапкершілікке тартылмауын болғызбау.

2.3.13. Судьялардың тәуелсіздігі қағидаты.

Судьялардың тәуелсіздік қағидаты Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабымен қаралады. Судья сот төрелігін іске асыру

кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады; сот төрілігін іске асыру жөніндегі соттың қызметіне қандай да болсын араласуға жол берілмейді, нақты істер бойынша судьялар есеп бермейді. Аталған қағидат Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 22-бабында бекітілген және «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» конституциялық заңның негізінде кепілдендіріледі. Ол кепілдіктерге келесілерді *жатқызуға болады*: сот төрелігін атқарудың занда көрсетілген рәсіммен орындалуы; судьяның сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметіне араласқаны үшін, сондай-ақ сотты және судьяларды сыйламағандығы үшін заңмен көзделген жауаптылықтың болуы; судьяға ешкімнің тиіспеуі (судьяны, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыс жасаған жағдайларды қоспағанда, тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, Жоғарғы Сот Кеңесінің қорытындысына негізделген Қазақстан Республикасы Президентінің келісімінсіз, ал Конституцияның 55-бабының 3-тармағында белгіленген жағдайда Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының келісімінсіз оны қылмыстық жауапқа тартуға болмайды); судьяны қызметке тағайындау, оның өкілеттігін тоқтату тәртібінің занда белгіленуі; судьяларға мемлекет есебінен материалдық жағдай жасау және әлеуметтік қамсыздандырудың болуы; судьялардың, олардың отбасы мүшелері мен мүлкінің мемлекеттік қорғауда болатындығы; судьяға занда көзделмеген соттан тыс функциялар мен міндеттерді жүктеудің болмайтындығы. Осы аталған кепілдіктер судьялардың сот төрелігін атқару кезіндегі тәуелсіздігін қамтамасыз етеді.

2.3.14. Сот ісін жүргізуді тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы негізінде жүзеге асыру қағидаты.

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 23-бабында бекітілген бұл қағидаттың мәні - қылмыстық процесте айыптау және қорғау (қорғану) тараптарының бір-бірінен бөлектенуі және тараптарға тең құқықтар беру арқылы олардың сот талқылауына қатысуларына бірдей мүмкіндік туғызу болып табылады. Сот айыптау немесе қорғану тарабының жағында болмай, яғни бейтараптылық сақтай отырып және тараптарға өз құқықтарын жүзеге асыру үшін қажетті жағдай туғызу арқылы қылмыстық істі әділ шешуі тиіс. Тараптардың бәсекелестігі қағидаттарының басты сипаты - қылмыстық сот ісін жүргізу кезіндегі үш негізгі процессуалдық функциялардың (айыптау, қорғану және қылмыстық істі шешу) бір-бірінен ерекшеленуі және әр функцияны жүзеге асыруда жекелей субъектілерге бөлінуі болып табылады. Айыптау функциясын атқару - айыптау тарапына, қорғау (корғану)- қорғау тарапына, қылмыстық істі шешу - сотқа жүктеледі. Сотталушыға тағылған айыптауды дәлелдеу міндеті айыптаушыға жүктеледі; қорғаушы сотталушыны қорғаудың занда көзделген барлық құралдары мен әдістерін пайдалануға міндетті; сот объективтілікті және бейтараптылықты сақтай отырып, тараптардың өз міндеттерін орындауы және өздеріне берілген құқықтарын жүзеге асыруы үшін қажетті жағдай туғызады.

Сотта істі қарау кезіндегі тараптардың бәсекелестігін қамтамасыз етудің маңызды шарты олардың тең құқықтылығын сақтау болып табылады.

Тараптардың тең құқықтылығы - сот талқылауы кезінде тараптарға қылмыстық істің мән-жайларын толық, жан-жақты ашуға және дәлелдемелерді зерттеуге қатысулары үшін бірдей мүмкіндік берілетіндігін, сондай-ақ осы кездегі іс-әрекеттердің барлығы тараптардың бірдей қатысуымен жүргізілетіндігін білдіреді. Осы тұрғыдан алғанда, мемлекеттік айыптаушы ретінде сотқа қатысатын прокурордың қорғану тарапына жататын сотталушыдан және оның қорғаушысынан артықшылығы болмайды. Прокурор, жәбірленуші, сотталушы және оның қорғаушысы дәлелдемелерді зерттеуге қатысуға (сотталушыдан, жәбірленушіден, куәлардан жауап алуға және т. б.), сотқа түсініктер беруге, өтініштер айтуға, өз пікірін білдіруге, дәлелдемелер тапсыруға тең құқылы болып табылады. Бірақ, тараптардың процесуалдық жағдайы бірдей бола алмайды.

Тараптардың бәсекелестігіне байланысты ескерілетін тағы бір жағдай: бұл қағидаттың толық мағынада қолданылуы бірінші саты сотында істі қарау кезінде, яғни басты сот талқылауы стадиясында мүмкін болатындығы.

2.3.15. Істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу қағидаты.

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 24-бабына сәйкес, сот, прокурор, тергеуші,анықтаушы істі дұрыс шешуге қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу үшін занда көзделген барлық шарларды қолдануға міндетті. Ал, «жан-жақты» және «толық» сөздерін бір-бірінен бөлектеудің қажеттігі жоқ, олар тұтас мағынаны білдіреді.

Бұл қағидат қылмыстық іс бойынша ақиқатқа жетудің амалы ретінде қолданылады. Істің мән-жайын жан-жақты, толық және объективті зерттеу қағидатына сәйкес қылмыстық қудалау органы:

- қылмыстық істі дұрыс шешу үшін маңызы бар, яғни дәлелдеу пәніне кіретін мән-жайлардың барлығын толық көлемде анықтауы тиіс (қылмыстың оқиғасы, жасалуы уақыты, болған жері, қылмысты кім жасағандығы, айыпталушының кінәлілігі, кінәсінің нысаны және т. б.);
- істің мән-жайларын біржақты айыптау тұрғысынан емес, жан-жақты ашуға тиіс (айыпталушыны әшкерелейтін де, оны ақтайтын да, айыпталушының жауаптылығын ауырлататын және жеңілдететін мән-жайларды, сондай-ақ іске маңызы бар басқа да нақты мән-жайлардың барлығын);
- объективтік көзқарасты сақтай отырып, айыптау және қорғану тараптарына істің мән-жайларын зерттеуге байланысты өз құқықтарын жүзеге асыру үшін қажетті жағдай туғызуға тиіс.

Осы айтылған талаптарды басшылыққа ала отырып, қылмыстық қудалау органы істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу қағидатын жүзеге асырады.

2.3.16. Дәлелдемелерді ішкі сенім бойынша бағалау қағидаты.

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 25-бабына сәйкес: судья, прокурор, тергеуші, анықтаушы дәлелдемелерді олардың жиынтығына негізделген

өздерінің ішкі сенімі бойынша бағалайды және бұл орайда заң мен ар-ожданын басшылыққа алады; ешқандай дәлелдемелердің күні бұрын белгіленген күші болмайды.

Дәлелдемелерді бағалау қағидатының маңызы қылмыстық процестің өзі дәлелдемелерді қолдану арқылы жүзеге асырылатындығына байланысты: тергеуші қылмысты ашу үшін қажетті тергеу іс-әрекеттерін жүргізу арқылы дәлелдемелерді жинайды; прокурор дәлелдемелердің негізінде айыпталушының қылмыс жасағандығын сот алдында ашып көрсетеді; қылмыстық іс бойынша жиналған дәлелдемелердің негізінде сот үкім шығарады. Тергеуші, анықтаушы, прокурор, судья дәлелдемелерді бағалаудың негізінде тиісті процесуалдық шешім қабылдайды (қаулы, үкім шығару). Бұл кезде дәлелдемелер олардың іске қатыстылығы, зандылығы, маңыздылығы, шындыққа сәйкестігі және жеткіліктілігі тұрғысынан бағаланып, сол арқылы өкілетті лауазымды адам (тергеуші, анықтаушы, прокурор, судья) істің мән-жайларының дәлелденгендігі немесе дәлелденбегендігі жөнінде анық пікірге келе алады.

Қазақстан ҚПК-нің 25-бабына сәйкес дәлелдемелерді бағалаудың келесідей ережелері бар:

1) қылмыстық іс бойынша жиналған дәлелдемелердің әрқайсысын бағалап қолдану міндетті және ешбір дәлелдеменің күні бұрын белгіленген күші болмайды;

2) дәлелдемелерді бағалаудың басты ережесі оларды ішкі сенім бойынша бағалау. Қылмыстық қудалау органы шешім қабылдаған кезде оған қандай дәлелдемелерді қолдану және оларды қалай бағалау керектігі жөнінде ешкім нұсқау бере алмайды.

Жиналған дәлелдемелердің барлығын жан-жақты зерттеп, соның негізінде олардың зандылығы, маңыздылығы, шындыққа сәйкестігі және жеткіліктілігі жөнінде процесуалдық шешім қабылдайтын адамның ішкі сенімі қалыптасады. Сондай-ақ, дәлелдемелерді бағалау кезінде өкілетті лауазымды адам заңның талаптарын және өзінің ар-ожданын басшылыққа алуы тиіс.

2.3.17. Күдіктінің, айыпталушының қорғалу құқығын қамтамасыз ету қағидаты.

Күдіктінің, айыпталушының қорғалу құқығын қамтамасыз ету қағидаты Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 26-бабымен реттеледі. Күдіктінің және айыпталушының қорғану құқығы олардың басқа да құқықтарымен тығыз байланысты. Қылмыстық қудалау органы күдіктіге, айыпталушыға олардың құқықтарын түсіндіруге міндетті және олардың айыптаудан заңмен тыйым салынбаған барлық құралдармен қорғану мүмкіндігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ олардың жеке және мүліктік құқықтарын қорғауға шаралар қолдана алады. Күдіктінің және айыпталушының қорғану құқығын қамтамасыз етудің басты шарты - олардың өздеріне заң бойынша берілген құқықтарын анық білуі болып табылады.

Күдіктінің және айыпталушының қорғану құқығын қамтамасыз етудің екі жақты маңызы бар: 1) олардың айыптаудан қорғануларын жүзеге асырудың жолы ретінде; 2) қылмыстық іс бойынша ақиқатқа жетудің, сондай-ақ сот

үкімінің заңды және дәлелді болуының маңызды шарты ретінде. Сондықтан қылмыстық-процестік заңында күдіктінің және айыпталушының қорғану құқығы қағидатына үлкен мән беріледі, оны қамтамасыз етудің кепілдіктері көрсетілген. Ол кепілдіктерге мыналар жатады:

- қылмыстық процесс кезінде күдіктіге және айыпталушыға қорғану құқығының түсіндірілетіндігі және олардың өз құқықтарын қолдану тәртібінің заңмен көрсетілуі;
- күдіктінің ұсталған кезінен, жауап алынған кезден қорғаушы алу құқығының іске асырылатындығы;
- занда көрсетілген жағдайларда күдіктінің және айыпталушының заңды өкілдерінің іске қатыстырылатындығы;
- қорғаушының және заңды өкілдердің іске қатыстырылуы күдіктінің және айыпталушының өздеріне тиесілі құқықтарын кемітпейтіндігі;
- қылмыстық қудалау органдарының күдіктіге және айыпталушыға құқықтарын түсіндірумен қатар ол құқықтарын жүзеге асыруға қажетті жағдай жасауға міндеттілігі.

Күдікті және айыпталушы қорғануға құқығы бар, бірақ қорғануға міндетті емес. Сондықтан, күдікті немесе айыпталушы қорғану құқығын біле тұрып, алайда оны жүзеге асыру үшін ешбір әрекет жасамайтын болса, мұндай жағдайды бұл адамның өзіне қарсы пайдалануға, яғни оның өзінің кінәлілігін мойындағаны деп қарауға жатпайды.

2.3.19. Білікті заң көмегін қамтамасыз ету қағидаты.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабының 3-бөлігінде: «Әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Занда көрсетілген жағдайларда заң көмегі тегін көрсетіледі» деп бекітілген. Бұл қағидат ҚПК-нің 27-бабында бекітілген.

Білікті заң көмегін алу құқығын қамтамасыз ету қағидатының өз мүдделерін қорғап процеске қатысушылар үшін, жәбірленуші, қорғануға құқығы бар куә, күдікті мен айыпталушы үшін үлкен маңызы бар.

Оны жүзеге асырудың келесідей жолдары бар:

1. Қылмыстық іс жүргізу органдарының процеске қатысушыларға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіріп, ол құқықтарын жүзеге асыру үшін қажетті жағдай жасауға міндеттілігі.

2. Айыпталушының (күдіктінің) өзінің қалауы бойынша қорғаушы, яки адвокат алу құқығының іс жүзінде қамтамасыз етілетіндігі. Яғни, білікті заң көмегін алу үшін кәсіби қорғаушының (адвокаттың) іске қатысуы тиімді болады.

3. Басқа іске мүдделі адамдардың (жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер) өздерінің өкіл алу құқығын пайдаланып, білікті заң көмегін көрсетуге адвокат шақыру мүмкіндігі

4. Қажет болған жағдайларда қылмыстық қудалау органының қаулысы бойынша айыпталушының заңгерлік көмекке ақы төлеуден толық немесе жартылай босатылатындығы. Мұндай жағдайда қорғаушыға ақы төлеу мемлекет есебінен жүргізіледі.

5. Жалпыға бірдей адвокаттық қызмет арқылы азаматтардың әртүрлі заң көмегін алуына болатындығы.

Қазақстан Республикасы «Адвокаттық қызмет туралы» заңының 4-бабына сәйкес заң көмегін көрсете отырып, адвокаттар:

1) шешілуі кәсіби заң білімдерін қажет ететін мәселелер бойынша консультациялар, түсіндірмелер, кеңестер мен жазбаша қорытындылар береді;

2) талап қою арыздарын, шағымдар мен құқықтық сипаттағы басқа құжаттарды жасайды;

3) іс жүргізу органдарында, соттарда, мемлекеттік және өзге де мекемелерде, ұйымдарда және азаматтармен қарым-қатынастарда жеке және заңды тұлғалардың өкілдігі мен оларды қорғауды жүзеге асырады.

2.3.20. Куәлік айғақтар беру міндетінен босату қағидаты.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабының 3-бөлігінің 7-тармағына сәйкес: ешкім өзіне-өзі, жұбайына (зайыбына) және заңмен белгіленген шектегі жақын туыстарына қарсы айғақ беруге; діни қызметшілер өздеріне сеніп сырын ашқандарға қарсы куә болуға міндетті емес. Осы конституциялық нормаға сәйкес, ҚПК-нің 27-бабында да куәлік айғақтар беру міндетінен босату қағидаты бекітілген.

Оның құқықтық және моральдық маңыздылығы бар. Құқықтық маңызы: заңда көрсетілген жағдайларда куә ретінде жауап беруден бас тартқан адам ол үшін ешқандай жауаптылыққа тартылмайды. Ал, бұл принциптің моральдық маңызы: заңда көрсетілген жағдайларда тиісті адамдарды куә болудан босату қылмыстық іс бойынша өндіріс кезінде жүргізілетін іс-әрекеттердің адамгершілік (гуманистік) тұрғыдан да қаралатындығын білдіреді. Яғни, ондай жағдайларда куә болатын адамдарға моральдық тұрғыдан қиындық туғызбау көзделеді.

Қылмыстық іс жүргізу органы куә ретінде жауап алуға жататын адамға қатысты мүмкін болатын ерекше жағдайларды ескеруі қажет. Ондай ерекше жағдайларға жатады: 1) куә ретінде жауап алуға жататын адамның қылмыс жасауға қатыстылығы жөнінде күдіктің болуы (мұндай жағдайда куә өзінің қылмысқа қатыстылығы жөнінде, яғни өзіне қарсы жауап беруге тиіс болар еді); 2) куә ретінде жауап алуға жататын адамның айыпталушының немесе күдіктінің жақын туысқаны немесе жұбайы (зайыбы) болуы; 3) айыпталушының немесе күдіктінің оған қарсы куә ретінде жауап алуға жататын діни қызметшіге сеніп сырын ашқан болуы.

Куә ретінде жауап алуға жататын адамдарға заң бойынша келесідей таңдау құқығы берілген: куә ретінде жауап беруден бас тарту; өзінің ерікті келісімімен куә ретінде жауап беру (бұл жағдайда куәнің жауабы дәлелдемелердің түрі ретінде қолдануға жатады).

Сонымен, куәлік айғақтар беру міндетінен босату қағидатына сәйкес, қылмыстық қудалау органы (тергеуші, анықтаушы, прокурор, сот) куәдан жауап алудың алдында заңда көрсетілген айғақтар беруден босататын жағдайлардың бар-жоғын анықтап білуі тиіс.

2.3.21. Жариялылық қағидаты.

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 29-бабында көрсетілгендей, қылмыстық істерді талқылау барлық соттар мен сот сатыларында ашық жүргізіледі. Яғни, жариялылық қағидаты сотта істі қараудың жүргізілуін процеске қатысушы адамдармен қатар басқа да азаматтардың көріп тыңдай алатындығын және істі қарау жұртшылық алдында ашық жүргізілетіндігін білдіреді. Мұның өзі, яғни сот төрелігін атқарудың қоғамдық бақылаудан жасырын болмайтындығы, соттың жауаптылығын және жұртшылық алдында тәртіптілік пен зандылықты қатаң сақтаудың маңыздылығын арттырады.

ҚПК-нің 29-бабына сәйкес, мына жағдайларда ғана сот талқылауы жариялылығын шектеуге жол беріледі:

- мемлекеттік құпияны қорғау қажет болған жағдайда;
- кәмелетке толмағандардың қылмыстық істері қаралатын болғанда;
- жыныстық қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер қаралатын болғанда;
- іске қатысушы адамдар өмірінің жеке жақтары туралы мәліметтерді жариялауды болдырмау қажет болса;
- іске қатысушы адамдардың, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері мен жақын туыстарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты.

Осындай жағдайларда соттың дәлелді қаулысы бойынша қылмыстық істі қарауды жабық өткізуге жол беріледі. Бірақ, мұндай жағдайлардың өзінде де сот талқылауын толық жабық жүргізу міндетті емес. Яғни, сот талқылауы жартылай (қажетті көлемде ғана) жабық жүргізілуі мүмкін. Сот отырысы жабық жүргізілетін болғанның өзінде де қылмыстық істі қараудың заңмен белгіленген басқа барлық ережелері сақталуға тиіс және соттың үкімі ашық жариялануға жатады. Жариялылық қағидаты барлық сот сатыларына бірдей. Осыған сәйкес, апелляциялық және қадағалау сатыларында да істерді сот отырысында қарау ашық жүргізіледі.

Сотта істі қараудың жариялылығы оның ауызша жүргізілу шартымен байланысты. Яғни, сотта істі қарау кезінде әр істің мән-жайлары және жиналған дәлелдемелер ауызша талқыланып зерттеледі, сотталушыдан және басқалардан жауап алу ауызша жүргізіледі, іске қатысушылар ауызша түсініктемелер береді, өтініштерін айта алады, істегі бар құжаттар және сот қабылдаған шешімдердің барлығы жарияланып отырады. Осының бәрі сотта іс қарауға қатысушылардың өз құқықтарын қолдану арқылы занды мүдделерін қорғауларына жағдай жасайды.

2.3.22. Қылмыстық сот ісін жүргізу тілі қағидаты.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабына сәйкес мемлекеттік тіл - қазақ тілі, орыс тілі ресми тіл болып табылады. Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 30-бабында: «қылмыстық сот ісін жүргізу қазақ тілінде, сонымен қатар орыс тілінде де жүзеге асырылады, ал қажет болған жағдайларда өзге тілдер де пайдаланылады» деп көрсетілген. Қылмыстық іс жүргізу органы істің қай тілде жүргізілетіндігі туралы қаулы шығарады (ҚР ҚПК-нің 30-бабы 2-бөлігі).

Қылмыстық істің қай тілде жүргізілетіндігін заңға сәйкес белгілеу - халықтың сот ісін жүргізуге қатысуларын жеңілдетеді, процеске қатысушылардың өз құқықтарын толық қолдануларына, сот төрелігін атқарудың тәрбиелік ықпалын арттыруға жағдай жасайды. Бұл қағидат қылмыстық сот ісін жүргізудің жариялылық қағидатын жүзеге асырудың қажетті шарты болып табылады.

Қылмыстық іс жүргізу тілін білмейтін немесе толық білмейтін процеске қатысушылардың мүдделерін қорғау мақсатында занда олардың мынадай құқықтары және тиісті шараларды жүзеге асыру көзделген:

- олар қылмыстық іс бойынша өндіріс кезінде аудармашының қызметін толық тегін пайдалануға құқылы;
- олар өзінің ана тілінде немесе өзі білетін басқа тілде түсініктемелер және айғақтар беруге, өтініш білдіруге, шағым жасауға, сөйлесуге құқылы;
- олар аудармашы арқылы істің материалдарымен танысуға және басқа да қажетті іс-әрекеттер жасауға құқылы;
- оларға сотта істі қарау кезінде басқа тілде айтылғандардың бәрін және басқа тілде жазылған заң бойынша қажетті істің материалдарын аударып түсіндіру қамтамасыз етіледі;
- оларға заң бойынша тапсырылуға тиісті құжаттар сот ісін жүргізу тілінде жазылған түрінде және олардың өздері таңдаған тілде жазылған ол құжаттардың куәландырылған көшірмелері қоса беріледі;
- күдікті немесе айыпталушы сот ісін жүргізу тілін білмейтін жағдайда қорғаушының процеске қатысуы міндетті болып табылады.

2.3.23. Процестік әрекеттер мен шешімдерге шағым жасау бостандығы қағидаты.

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 31-бабына сәйкес, қылмыстық процеске қатысушылар өздерінің занды мүдделерін қорғау мақсатында сот пен қылмыстық ізге түсу органдарының әрекеттері мен шешімдеріне ҚПК-де көрсетілген тәртіппен шағым жасай алады. Шағым жасаудың жалпы тәртібі ҚПК-нің 13-тарауында (99-108-баптар) бекітілген. Ол екі түрге бөлінеді: 1) қылмыстық қудалау органдарының (тергеушінің, анықтаушының, прокурордың) іс-әрекеттері мен шешімдеріне шағым жасау; 2) соттың үкімдері мен қаулыларына шағым жасау.

Тергеушінің, және анықтаушының іс-әрекеттері мен шешімдеріне берілген шағымдар зандылықтың сақталуын қадағалайтын тиісті прокурор арқылы қаралып шешіледі, ал прокурордың іс-әрекеті мен шешіміне шағым жоғары тұрған прокурорға беріледі. Сонымен қатар, іске мүдделі адамдар прокурордың шешіміне сотқа да шағымдануға құқылы. Мұндай шағымдар сотқа дейінгі тергеудің барлық кезеңдерінде беріле алады.

Соттың үкіміне (қаулысына) шағым жасаудың өзі екі түрлі болады: 1) занды күшіне енбеген соттың үкімдері мен қаулыларына апелляциялық, кассациялық шағым беру; 2) занды күшіне енген соттың үкімдері мен қаулыларына қадағалау саты сотына шағым беру. Шағым жасаудың еріктілігін қамтамасыз ету мақсатында ҚПК 31-бабының 3-бөлігінде: «шағымды оны

берген адамға немесе шағым беруші мүддесін көздеген адамға зиян келетін етіп қолдануға жатпайды» делінген. Мысалы, сотталған адамның немесе оның қорғаушысының шағымы қаралған жағдайда апелляциялық сатындағы сот үкімді ауыр жағына (неғұрлым ауыр қылмыс туралы занды қолдануға немесе бірінші саты соты тағайындаған жазаны қатаң жазаға) өзгертуге құқылы емес.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген қылмыстық-процестік қағидаттары.
2. Қылмыстық-процестік кодексінде бекітілген қағидаттары.
3. Заңдылық қағидаты.
4. Сот әділдігін тек соттың ғана жүзеге асыруы.
5. Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғау.
6. Жеке адамның абыройы мен кадір-касиетін құрметтеу.
7. Қылмыстық істер бойынша іс жүргізу кезінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау.
8. Жеке өмірге қол сұғышпаушылық. Хат жазудың, телефон арқылы сейлесудің, почта телеграф және өзге де хабарлардың құпиясы.
9. Тұрғын үйге қол сұғылмаушылық. Меншікке қол сұғылмаушылық.
10. Кінәсіздік презумпциясы.
11. Қайта соттауға және қылмыстық ізге түсүге жол бермеу.
12. Сот әділдігін заң мен сот алдындағы теңдік негіздерінде жүзеге асыру. Судьялардың тәуелсіздігі. Сот ісін жүргізудігі тараптардың мен тең құқықтылығы негізінде жүзеге асыру.

3. ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚУДАЛАУ ЖӘНЕ АҚТАУ. ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТІ ЖҮРГІЗЕТІН ОРГАННЫҢ ЗАҢСЫЗ ӘРЕКЕТТЕРІМЕН КЕЛТІРІЛГЕН ЗИЯНДЫ ӨТЕУ

3.1. Қылмыстық қудалаудың түсінігі мен мазмұны. Қылмыстық қудалаудың нысандары.

3.2. Қылмыстық қудалауды жүзеге асырудың жалпы шарттары

3.3. Іс бойынша іс жүргізуді болғызбайтын мән-жайлар.

3.4. Қылмыстық қудалауды жүзеге асырмауға мүмкіндік беретін мән-жайлар.

3.5. Күдікті, айыпталушы, сотталушы ретінде тартылған адамды ақтау

3.6. Қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген зиянды өтеткізуге құқығы бар адамдар

3.7. Моральдық зиянды өтеткізудің тәртібі мен талап қою мерзімдері

3.8. Қылмыстық сот ісін жүргізу форматы

3.1. Қылмыстық қудалаудың түсінігі мен мазмұны. Қылмыстық қудалаудың нысандары.

Қылмыстық қудалау (айыптау) – қылмыстық заңда тыйым салынған іс-әрекетті және оны жасаған адамды, соңғысының қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы кінәлілігін анықтау мақсатында, сондай-ақ осындай адамға жаза немесе өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын қолдануды

қамтамасыз ету үшін айыптаушы тарап жүзеге асыратын процестік қызмет түрін айтамыз (ҚР ҚПК-нің 7-бабы).

Жасалған қылмыстық бұзушылықтардың сипаты мен ауырлығына қарай қылмыстық қудалау мен сотта айыптау жекеше, жекеше-жариялы және жариялы түрде жүзеге асырылады.

3.1.1. Жекеше қудалау

Қазақстан Республикасы ҚПК 32-бабына сәйкес, кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер жекеше айыптау істері болып саналады, себебі олар жәбірленушінің шағымы бойынша басталады және оның айыпталушымен,сотталушымен татуласына орай тоқтатылға жатад. Қазақстан Республикасы ҚК-нің 108, 109, 110 (бірінші бөлігінде), 114 (бірінші және екінші бөліктерінде), 123, 130, 131, 147 (бірінші және екінші бөліктерінде), 149 (бірінші бөлігінде), 150 (бірінші бөлігінде), 198 (бірінші бөлігінде), 199 (бірінші бөлігінде), 321 (бірінші бөлігінде) – баптар бойынша, сонымен қатар 152-бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер жекеше айыптау істері болып есептеледі. Аталған қылмыстық істер, тек сотпен қаралады және шешім шығарылады. Яғни жәбірленуші тұлға сотқа жеке адамға қатысты шағым берген жағдайда басталады, егер анықтау және тергеу органдарына жекеше айыптау істері бойынша шағым түскенде, ол міндетті түрде сотқа жіберіледі.

Егер әрекет дәрменсіз немесе басқаға тәуелді жағдайдағы не басқа да себептер бойынша өзіне тиесілі құқықтарды өз бетінше пайдалануға қабілетсіз адамдардың мүдделерін қозғайтын болса, прокурор жеке айыптау ісі бойынша жәбірленушінің шағымы болмаған кезде де іс жүргізуді бастауға құқылы.

3.1.2. Жекеше-жариялы айыптау істері

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 32-бабының 3-бөлігіне сәйкес, Қазақстан Республикасы ҚК-нің 115, 120 (бірінші бөлігінде), 121 (бірінші бөлігінде), 126 (бірінші бөлігінде), 138, 139, 145, 148 (бірінші бөлігінде), 153 (бірінші бөлігінде), 154, 155 (бірінші бөлігінде), 157 (бірінші бөлігінде), 158 (бірінші бөлігінде), 159, 187, 189 бірінші және екінші бөліктерінде), 190 (бірінші бөлігінде), 195 (бірінші бөлігінде), 198 (екінші бөлігінде), 199 (екінші бөлігінде), 201 (бірінші бөлігінде), 202 (бірінші бөлігінде), 204, 205 (бірінші бөлігінде), 206 (бірінші бөлігінде), 207 (бірінші бөлігінде), 208 (бірінші бөлігінде), 209 (бірінші бөлігінде), 211 (бірінші бөлігінде), 219 (бірінші бөлігінде), 223, (бірінші және екінші бөліктерінде), 248 (бірінші бөлігінде), 250, 251 (бірінші бөлігінде), 319 (бірінші және екінші бөліктерінде), 321 (екінші бөлігінде), 345 (бірінші бөлігінде), 389 (бірінші бөлігінде) - баптарында, сондай-ақ, егер бұл соттың жұмысқа қайта орналастыру туралы шешімін орындамаумен байланысты болса, 152 (бірінші бөлігінде) - бапта көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер жекеше-жариялы айыптау істері болып есептеледі. Осы істер бойынша іс жүргізу жәбірленушінің шағымы бойынша ғана басталады және Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 68-бабында көзделген жағдайларда ғана жәбірленушінің күдіктімен,

айыпталушымен, сотталушымен татуласуына орай тоқтатылуға жатады. Қылмыстық теріс қылық немесе қазаға ұшыратумен байланысты емес онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адам, егер ол жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жатады.

Қылмыстық құқық бұзушылық туралы хабар Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелгеннен және кезек күттірмейтін тергеу іс-әрекеттері жүргізілгеннен кейін, егер жәбірленушінің тарапынан шағым болмаған кезде жекеше-жариялы айыптау және қудалау істері бойынша хабар тіркелген кезден бастап үш тәуліктен кешіктірлмей тоқтатылуға жатады.

Прокурор жекеше-жариялы айыптау ісі бойынша және іс-әрекет дәрменсіз немесе тәуелді күйдегі не басқа да себептермен өзіне тиесілі құқықтарды өз бетінше пайдалануға қабілетсіз адамның мүдделерін қозғаса, жәбірленушінің шағымы болмаған кезде не қоғамның немесе мемлекеттің мүдделері қозғалатын жекеше-жариялы айыптау ісі бойынша іс жүргізуді бастайды не жалғастырады.

3.1.3. Жариялы ізге түсу

Жариялы айыптау істері бойынша қылмыстық ізге түсу жәбірленушінің шағым беруіне қарамастан жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 32-бабының екінші және үшінші бөліктерінде көрсетілген құқық бұзушылықтардан өзге барлық құқық бұзушылықтар туралы істер жариялы айыптау істері болып есептеледі. Бұл істер бойынша қылмыстық қудалау жәбірленушінің шағым бергеніне-бермегеніне қарамастан жүзеге асырылады.

Егер Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 9-тарауында көзделген әрекет мемлекеттік кәсіпорын болып табылмайтын тек қана коммерциялық немесе өзге ұйымның мүдделеріне зиян келтірсе және басқа ұйымдардың мүдделеріне, сондай-ақ азаматтардың, қоғамның немесе мемлекеттің мүдделеріне зиян келтірмесе, қылмыстық жауапқа тарту осы ұйым немесе уәкілетті орган басшысының арызы немесе олардың келісімі бойынша жүзеге асырылады (ҚР ҚПК-нің 33-бабы). Ұйымның немесе уәкілетті органның басшысы, құрылтайшысы (қатысушысы) адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту туралы арызды қылмыстық процестің кез келген сатысында кері қайтарып алуға құқылы. Арызды кері қайтарып алу іс бойынша іс жүргізу Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 35-бабында көзделген негіз бойынша тоқтатылуға әкеп соғады.

3.2. Қылмыстық қудалауды жүзеге асырудың жалпы шарттары

Қылмыстық қудалау органы қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттерін орындау мақсатында қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін тапқан әрбір жағдайда өз құзыреті шегінде қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасын белгілеу, қылмыстық құқық бұзушылық жасауға кінәлі адамдарды әшкерелеу, оларды жазалау үшін заңда көзделген барлық шараларды қолдануға, сол сияқты кінәсіз адамды ақтау үшін шаралар қолдануға және жәбірленушінің сот

төрелігіне қол жеткізуін қамтамасыз ету және қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген зиянды өтеткізу үшін шаралар қолдануға міндетті.

Қылмыстық қудалау органы қылмыстық процестегі өзінің өкілеттіктерін қандай да болсын органдар мен лауазымды адамдарға тәуелсіз және ҚПК-нің талаптарына сәйкес қатаң түрде жүзеге асырады.

Қылмыстық қудалау органының заңға сәйкес қойған талаптары барлық мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың орындауы үшін міндетті және олар белгілеген мерзімде, бірақ үш тәуліктен кешіктірілмей орындалуға тиіс. Күдіктіні ұстап алу, күзетпен ұстау туралы шешім қабылдау қажет болған жағдайда, қылмыстық қудалау органының талабы жиырма төрт сағат ішінде орындалуға тиіс. Көрсетілген талаптарды дәлелді себептерсіз орындамау заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады (ҚР ҚПК-нің 34-бабы). Мысалы, анықтаушы, алдын ала тергеу жүргізілетін істер бойынша анықтау органы бастығының тапсырмасы бойынша кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін жүргізуге уәкілетті, ол туралы жиырма төрт сағаттан кешіктірмей прокурор мен алдын ала тергеу органын хабардар етуге міндетті (ҚР ҚПК-нің 63-бабы).

3.3. Іс бойынша іс жүргізуді болғызбайтын мән-жайлар.

Қылмыстық процесті негізсіз бастауға болмайды, ал басталған жағдайларда келесідей мән-жайлар бойынша тоқтатылуға жатады:

1) қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасының болмауынан (мысалы, адамның сырқатына байланысты қайтыс болуы немесе адам денсаулығына табиғат салдарынан зияндардың келуі және т.б.);

2) іс-әрекетте қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауынан (қылмыстық құқық бұзушылықта объектінің немесе субъектінің болмауы);

3) егер рақымшылық жасау актісі жасалған іс-әрекет үшін жаза қолдануды жойса, соның салдарынан (Қазақстан Республикасы рақымшылық актілері жөніндегі заңның қабылдануы);

4) қылмыстық жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімінің өтуіне орай (Мысалы, қылмыстық теріс қылық жасалғаннан кейін бір жыл; онша ауыр емес қылмыс жасалғаннан кейін екі жыл және т.б.);

5) Қазақстан Республикасы ҚПК-тің 32-бабының екінші және үшінші бөліктерінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша жәбірленушінің шағымының болмауынан, сондай-ақ Кодекстің 32-бабының екінші бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша жекеше айыптаушы айыптаудан бас тартқан не коммерциялық немесе өзге де ұйымның немесе уәкілетті органның басшысы адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту туралы арызды кері қайтарып алған кезде (яғни, жәбірленушінің тарапынан кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша арыздар түспеген жағдайда);

6) егер жасаған іс-әрекеті үшін қылмыстық жауаптылықтың күшін жоятын заң қолданысқа енгізілген болса не Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі осы қылмыстық іс бойынша қолданылуға жататын, іс-әрекеттің қылмыстық құқық бұзушылық ретінде сарапануы оған байланысты

болатын заңды немесе өзге де нормативтік құқықтық актіні конституциялық емес деп таныған жағдайда (мысалы, жаңа қылмыстық кодекстінің қабылдануы, ондағы көрсетілген нормаларға сәйкес кейбір іс-әрекеттердің қылмыстық құқық бұзушылық болып танылмауы);

7) егер адамға қатысты соттың нақ осы айыптау бойынша заңды күшіне енген үкімі не соттың қылмыстық қудалаудың мүмкін еместігін белгілейтін, күші жойылмаған қаулысы бар болса;

8) егер адамға қатысты қылмыстық қудалау органының нақ осы күдік бойынша қылмыстық қудалауды тоқтату туралы күші жойылмаған қаулысы бар болса;

9) іс бойынша іс жүргізу өзіне медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын қолдану үшін қажет болған жағдайларды қоспағанда, егер қылмыстық заң тыйым салатын іс-әрекетті есі дұрыс емес күйде жасаған адамға қатысты болса (сот сараптамасының қорытындысы);

10) қылмыстық қудалаудан артықшылықтары немесе иммунитеті бар адамды қылмыстық жауаптылыққа тартуға уәкілетті органның немесе лауазымды адамның келісім беруден бас тартуына байланысты;

11) іс бойынша іс жүргізу қайтыс болған адамды ақтау немесе істі басқа адамдарға қатысты тергеп-тексеру, сондай-ақ заңсыз жолмен табылған мүлікті, тәркіленуге жататын, келтірілген зиянның өтелуін қамтамасыз ететін ақша қаражатын және өзге де құндылықтарды анықтау үшін қажет болған жағдайларды қоспағанда, қайтыс болған адамға қатысты;

12) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің ережелеріне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жататын адамға қатысты тоқтатылуға жатады (ҚР ҚК-нің 65-71 баптары).

Іс бойынша іс жүргізу қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасының немесе қылмыстық құқық бұзушылық құрамының жоқтығы дәлелденген кезде де, егер қосымша дәлелдемелер жинау үшін барлық мүмкіндіктер қолданылса, олардың болуы дәлелденбеген кезде Қазақстан Республикасы ҚПК-нің бірінші бөлігінің 1-2 тармақтарында көзделген негіздер бойынша іс тоқтатылады. Қылмыстық іс қылмыстық оқиғаның жоқтығы немесе қылмыс құрамы жоқтығы дәлелденген кезде де, егер қосымша дәлелдер жинау үшін барлық мүмкіндіктер сарқылса, олардың бар екендігі дәлелденбеген кезде де тоқтатылады. Сонымен қатар, іс бойынша іс жүргізу осы баптың бірінші бөлігінің 2) тармағында көзделген негіз бойынша және күдіктінің, айыпталушының немесе сотталушының зиян келтіруі құқыққа сыйымды болып табылған не күдікті, айыпталушы немесе сотталушы іс-әрекетті Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес оны қылмыстық құқық бұзушылық деп тануды және қылмыстық жауаптылықты жоққа шығаратын мән-жайлар кезінде жасаған жағдайларда тоқтатылады.

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 35-бабының бірінші бөлігінің 3), 4) және 11) тармақтарында көрсетілген негіздер бойынша, егер қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам ретінде тікелей көрсетілген тұлғалар: (қорғалуға құқығы бар куә), күдікті, айыпталушы, сондай-ақ сотталушы немесе оның заңды өкілдері істердің қысқартылуына келіспеген жағдайларда істерді қысқартуға жол берілмейді. Бұл жағдайда іс бойынша іс жүргізу

жалғастырылады және оған негіздер болған кезде адамды жазадан не қылмыстық жауаптылықтан босата отырып, айыптау үкімін шығару арқылы аяқталады. Қылмыстық істі осы баптың бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 11) тармақтарында көрсетілген негіздер бойынша қысқарту туралы шешім қабылдау үшін жәбірленушінің келісімі талап етілмейді.

Қылмыстық істі тоқтату сонымен бір мезгілде қылмыстық қудалауды тоқтатуға әкеп соғады.

Іс-әрекет жасалған кезде заңға сәйкес қылмыстық жауаптылық жүктеу мүмкін болатын жасқа толмаған адамға қатысты қылмыстық істі тоқтату туралы шешім осы баптың бірінші бөлігінің 2) тармағында көрсетілген негіз бойынша қабылдануға жатады. Іс-әрекет жасалған кезде заңға сәйкес қылмыстық жауаптылық басталатын жасқа толса да, психикалық дамуы жағынан психикасының бұзылуына байланысты емес артта қалуы салдарынан өз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамдық қауіптілігін толық түйсіне алмаған және оларды игере алмаған, кәмелетке толмаған адамға қатысты қылмыстық істі тоқтату туралы шешім де осы негіз бойынша қабылдануға жатады. Қазақстан Республикасы ҚК-нің 15-бабына сәйкес қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытта он алты жасқа толған есі дұрыс жеке тұлға қылмыстық жауаптылыққа жатады. Ал кейбір аса ауыр және ауыр қылмыстар бойынша жауаптылық он төрт жастан басталады.

Қылмыстық қудалау органы қылмыстық қудалауды болғызбайтын мән-жайларды анықтағанда сотқа дейінгі іс жүргізудің кез келген сатысында қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы шығарады.

Прокурор істі басты сот талқылауында қарау басталғанға дейін оны соттан кері қайтарып алуға және осы бапта көзделген негіздер бойынша тоқтатуға да құқылы. Прокурор істі соттан кері қайтарып алғаннан кейін оны тоқтату үшін ол бойынша жаңадан сотқа дейінгі іс жүргізу өткізуге және оны сотқа қайтадан жіберуге жол берілмейді.

Мемлекеттік айыптаушы сотта қылмыстық қудалауды болғызбайтын мән-жайларды анықтағанда айыптаудан бас тарту туралы мәлімдеуге міндетті. Мемлекеттік айыптаушының айыптаудан бас тарту туралы мәлімдемесі, егер жекеше айыптаушы айыптауды қолдауын жалғастырса, қылмыстық істі қарауды жалғастыруға кедергі келтірмейді.

Сот қылмыстық қудалауды болғызбайтын мән-жайларды анықтағанда қылмыстық істі қысқарту туралы мәселені шешуге міндетті. Қылмыстық қудалау органдары және соттар қылмыстық іс тоқтатылған кезде, адамның әрекеттерінде әкімшілік немесе тәртіптік (сыбайлас жемқорлық) құқық бұзушылық белгілері болған кезде материалдарды әкімшілік немесе тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы мәселені шешу үшін он тәулік ішінде уәкілетті органдарға (лауазымды адамдарға) жіберуге міндетті.

3.4. Қылмыстық қудалауды жүзеге асырмауға мүмкіндік беретін мән-жайлар.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 65-бабының бірінші бөлігінде, 66, 67-баптарында, 68-бабының екінші, үшінші бөліктерінде, 69-

бабының бірінші бөлігінде, 83-бабының бірінші, үшінші бөліктерінде, сондай-ақ 441, 442, 444 – 448, 453-баптарының ескертпелерінде көзделген жағдайларда, қылмыстық қудалау органы, сот тиісті мән-жайлар болған кезде өз құзыреті шегінде адамды қылмыстық жауаптылықтан босата отырып, қылмыстық қудалауды тоқтатуға құқылы. Мұндай жағдайларда сот қылмыстық жауаптылықтан босата отырып, айыптау үкімін шығаруға да құқылы (*ҚР ҚПК-нің 36-бабы*). Яғни, қылмыстық теріс қылық жасаған не алғаш рет қылмыс жасаған адам, кінәлі адамның жеке басы, айыбын мойындап келуі, қылмыстық құқық бұзушылықты ашуға, тергеп-тексеруге ықпал еткені, қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірген зиянды қалпына келтірсе (ҚР ҚК-нің 65-бабы), қоғамға қауіпті қол сұғушылықтан туындаған үрейлену, қорқу немесе сасқалақтау салдарынан қажетті қорғаныс шегінен шыққан адамға қатысты (ҚР ҚК-нің 66-бабы), процестік келісімнің барлық талаптарын орындаған адамдар (ҚР ҚК-нің 67-бабы), қазаға ұшыратумен немесе адамның денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес ауыр қылмысты алғаш рет жасаған кәмелетке толмағандар, жүкті әйелдер, жас балалары бар әйелдер, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектер, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдер, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектер, егер олар жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірілген зиянды қалпына келтірсе және т.б. қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін. Қылмыстық жауаптылықтан босату кезінде кәмелетке толмаған адамға тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шаралары қолданылады.

Қылмыстық құқық бұзушылықпен қоғамның және мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне зиян келтірілген жағдайларда, егер адам шынайы өкінсе және қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне келтірілген зиянды қалпына келтірсе (ҚР ҚК-нің 68-бабы), қылмыстық теріс қылықты не қазаға ұшыратумен немесе адамның денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес, жасалғаны үшін осы Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында немесе бабының бөлігінде негізгі жазаның өзге де түрлерімен бірге айыппұл көзделген онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмысты алғаш рет жасаған адамды сот кепілгерлік белгілей отырып, қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін (ҚР ҚК-нің 69-бабы). Қылмыстық теріс қылық немесе онша ауыр емес қылмыс жасаған не ауырлығы орташа қылмысты алғаш рет жасаған кәмелетке толмаған адамды, егер оны қылмыстық жауаптылыққа тартпай-ақ түзеуге болады деп белгіленсе, сот қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін. Бұл ретте оған тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шаралары қолданылуы мүмкін. Қылмыстық теріс қылық немесе онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасағаны үшін бірінші рет сотталған кәмелетке толмаған адамды, егер оны түзеуге тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын қолдану арқылы қол жеткізуге болады деп танылса, сот жазадан босатуы мүмкін (ҚР ҚК-нің 83-бабы). Сонымен қатар, «Бөлімді немесе қызмет орнын өз бетімен тастап кету», «Қашқындық», «жауынгерлік кезекшілікті атқару қағидаларын бұзу», «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету жөніндегі қағидаларын бұзу», «қарауыл (вахта) қызметін атқарудың

жарғылық қағидаларын бұзу», «Ішкі қызмет атқарудың немесе гарнизонда патруль болудың жарғылық қағидаларын бұзу», «Бақылаушы қызметін атқару қағидаларын бұзу», «Қызметке салғырт қарау» сынды қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша әскери қызметші, егер бұл іс-әрекет ауыр және өзге де мән-жайлардың тоғысу салдары болып табылса, көзделген іс-әрекетті алғаш рет жасаған әскери қызметшіні, жеңілдететін мән-жайлар болған кезде, қылмыстық жауаптылықтан босатуға болады.

Мемлекеттік айыптаушы сотта қылмыстық қудалауды жүзеге асырмауға мүмкіндік беретін мән-жайларды анықтағанда айыпталушыны қылмыстық қудалаудан бас тартатынын мәлімдеуге құқылы. Мемлекеттік айыптаушы мәлімдеген қылмыстық қудалаудан бас тарту жекеше айыптаушының қылмыстық іс-материалдарын пайдалана отырып, айыпталушыны қылмыстық қудалауды жалғастыруына кедергі келтірмейді. Қылмыстық өндірісті тоқтатқанға дейін күдіктіге, айыпталушыға істі тоқтатуға негіз, оның құқықтық салдары және істі осы негіз бойынша тоқтатуға қарсылық білдіру құқығы түсіндірілуге тиіс. Қылмыстық істі тоқтату туралы жәбірленуші және (немесе) оның өкіліне хабарланады, олар шешіммен келіспеген жағдайларда прокурорға немесе сотқа шағым жасауға құқылы.

Егер сот кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін соттың депозитіне Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 69-бабында көзделген кепіл енгізілген жағдайда, сот кепілгерлік белгілеп, адамды жазасын өтеуден босата отырып, айыптау үкімін шығаруға құқылы.

Қылмыстық теріс қылықты не қазаға ұшыратумен немесе адамның денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес, жасалғаны үшін осы Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында немесе бабының бөлігінде негізгі жазаның өзге де түрлерімен бірге айыппұл көзделген онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмысты алғаш рет жасаған адамды сот кепілгерлік белгілей отырып, қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін. Кепілгерлік белгілеу кепілгер болатын жеке тұлғаның – жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген айыппұлдың екі еселенген мөлшеріне тең мөлшерінде, ал заңды тұлғаның – он еселенген ең жоғары мөлшерінде кепіл енгізуінен тұрады. Кепілгерлік мерзімі: 1) қылмыстық теріс қылық жасалған кезде – алты айдан бір жылға дейін; 2) онша ауыр емес қылмыс жасалған кезде – бір жылдан екі жылға дейін; 3) ауырлығы орташа қылмыс жасалған кезде – екі жылдан бес жылға дейін белгіленеді. Егер қылмыстық жауаптылықтан босатылған адам кепілгерлік кезеңі ішінде жаңа қылмыстық құқық бұзушылық жасамаған болса, кепілгерлік мерзімі өткеннен кейін кепіл кепілгерге қайтарылады. Егер кепілгерлік кезеңі ішінде адам жаңа қылмыстық құқық бұзушылық жасаса, сот қылмыстық жауаптылықтан босату туралы шешімнің күшін жояды және үкімдердің жиынтығымен жаза тағайындау қағидалары бойынша оған жаза тағайындайды. Бұл ретте кепіл мемлекеттің кірісіне алынады (ҚР ҚК-нің 69-бабы).

Сот іс бойынша басқа қорытынды шешім қабылдаған жағдайда, кепіл нысанасы кепіл енгізген адамға дереу қайтарылады. Кепіл нысанасы қайтарылған кезде, оның сақталуын қамтамасыз етуге жұмсалған сома кепіл

берушіден өндіріп алынбайды. Кепіл нысанасын қабылдау, бағалау, сақтау, қайтару, өткізу, оған өндіріп алуды қолдану және оны мемлекет кірісіне айналдыру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Егер айыпталушы немесе жәбірленуші бұған қарсы болса, кепілгерлік белгілей отырып, адамды жазасын өтеуден босатуға жол берілмейді.

Жоғарыда көрсетілген негіздерге сәйкес қылмыстық істі тоқтатуға күдікті, айыпталушы немесе жәбірленуші қарсылық білдірсе, олардың келісімінсіз тоқтатуға жатпайды. Мұндай жағдайда іс бойынша іс жүргізу заңда көрсетілген тәртіппен жалғастырылады (ҚР ҚПК-нің 36 бабы).

3.5. Күдікті, айыпталушы, сотталушы ретінде тартылған адамды ақтау

Сот, қылмыстық қудалау органы: қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасының болмауынан; іс-әрекетте қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауынан; қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша жәбірленушінің шағымының болмауынан; жекеше айыптаушы айыптаудан бас тартқан не коммерциялық немесе өзге де ұйымның немесе уәкілетті органның басшысы адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту туралы арызды кері қайтарып алған кезде; егер жасаған іс-әрекеті үшін қылмыстық жауаптылықтың күшін жоятын заң қолданысқа енгізілген болса не Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі осы қылмыстық іс бойынша қолданылуға жататын, іс-әрекеттің қылмыстық құқық бұзушылық ретінде сараланууы оған байланысты болатын заңды немесе өзге де нормативтік құқықтық актіні конституциялық емес деп таныған жағдайда; егер адамға қатысты соттың нақ осы айыптау бойынша заңды күшіне енген үкімі не соттың қылмыстық қудалаудың мүмкін еместігін белгілейтін, күші жойылмаған қаулысы бар болса; егер адамға қатысты қылмыстық қудалау органының нақ осы күдік бойынша қылмыстық қудалауды тоқтату туралы күші жойылмаған қаулысы бар болса істі қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы шығарады. Осы арқылы күдікті, айыпталушы, сотталушыны қылмыстық жауаптылықтан босатады. Аталған тұлғаларды ақталушы немесе ақталған деп атаймыз. Қылмыстық істі тоқтату туралы шешім қылмыстық процестің сотқа дейінгі тергеп-тексеру және сот сатыларында жүзеге асырылады. Ақталған адамдар кінәсіз болғандықтан олардың моральдық, материалдық құқықтары қалпына келтірілуі тиіс, олардың Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген құқықтары мен бостандықтарын шектеуге болмайды. Сот, қылмыстық қудалау органы ақталған адамға оған қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз әрекеттерінің салдарынан келтірілген зиянды өтеу бойынша заңда көзделген барлық шараларды қолдануға тиіс.

3.6. Қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген зиянды өтеткізуге құқығы бар адамдар

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 38-бабына сай, адамға заңсыз ұстап алудың, күзетпен ұстаудың, үйқамақтың, лауазымынан уақытша шеттетудің, арнаулы медициналық ұйымға орналастырудың, соттаудың, медициналық

сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолданудың салдарынан келтірілген зиян қылмыстық процесті жүргізетін органның кінәсі бар-жоғына қарамастан, толық көлемде республикалық бюджеттен өтеледі.

Қылмыстық процесті жүргізетін органның тиісті заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген зиянды өтеткізуге: ақталған адамдардың; қылмыстық қудалауды болғызбайтын мән-жайлар анықталған кезден бастап сотқа дейінгі тергеп-тексеру тоқтатылмаса, өздеріне қатысты қылмыстық іс ҚР ҚПК 35-бабы бірінші бөлігінің 5) тармағында көзделген негіздер бойынша тоқтатылуға жататын адамдардың; өздеріне қатысты қылмыстық іс тоқтатылуға тиіс, бірақ қылмыстық қудалауды болғызбайтын мән-жайлар анықталған кезден бастап тоқтатылмаған және мұндай адамдардың қылмыстық істі тоқтатуға келіскеніне қарамастан, қылмыстық қудалау заңсыз жалғастырылған адамдардың; жасаған іс-әрекетінің сарапануы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің оны жасағаны үшін күдік келтіру немесе айыптау кезінде осы Кодексте ұстап алуға немесе күзетпен ұстауға жол берілмейтін неғұрлым жеңіл қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауаптылықты көздейтін бабына өзгертілген не осы бап бойынша неғұрлым жеңіл жаңа жаза тағайындалған немесе үкімнен айыптау бөлігі алып тасталған және осыған байланысты жазасы төмендетілген жағдайларда, сол сияқты соттың медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын немесе мәжбүрлеп тәрбиелік ықпал ету шараларын қолдану туралы заңсыз шешімінің күші жойылған жағдайда қамаққа алуға, бас бостандығынан айыруға сотталған, ұстап алынған немесе күзетпен ұсталған адамның құқығы бар. Қамаққа алудың немесе бас бостандығынан айырудың нақты өтелген мерзімі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің кінәлі адам жасаған іс-әрекет жаңадан сараланған бабында көзделген қамаққа алу немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның ең жоғары мөлшерінен асатын бөлігінде заңсыз өтелген болып есептеледі; қылмыстық іс бойынша іс жүргізу барысында заңды негізсіз тиісті мерзімінен артық күзетпен ұсталған, сол сияқты кез келген өзге де процестік мәжбүрлеу шараларына заңсыз ұшыраған адамның; өзіне қатысты кейіннен сот тәртібімен заңсыз деп танылған жасырын тергеу әрекеттері жүргізілген адамның құқығы бар.

Азамат қайтыс болған жағдайда, зиянды өтеткізу құқығы белгіленген тәртіппен – оның мұрагерлеріне, ал төленуі тоқтатыла тұрған зейнетақылар мен жәрдемақыларды алу бөлігінде – отбасының асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша жәрдемақымен қамтамасыз етілетін адамдар тобына жататын мүшелеріне ауысады. Егер сотқа дейінгі тергеп-тексеру және сот талқылауы барысында адамның ерікті түрде өзіне өзі жала жабу жолымен ақиқатты анықтауға кедергі келтіргендігі және сол арқылы осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген салдарлардың басталуына ықпал еткендігі дәлелденсе, оған зиян өтелмеуге тиіс. Адамға қатысты қолданылған процестік мәжбүрлеу шараларының немесе шығарылған айыптау үкімінің күші рақымшылық жасау немесе кешірім жасау актілерінің шығуына, ескіру мерзімдерінің өтуіне, қылмыстық жауаптылықты жоятын немесе жазаны жеңілдететін заңның қабылдануына байланысты жойылған немесе олар өзгертілген жағдайларға қолданылмайды. Өзге мән-жайлар зиянды өтеткізуге негіз болып табылмайды.

3.7. Моральдық зиянды өтеткізудің тәртібі мен талап қою мерзімдері

Қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген зиянды өтеткізуге құқығы бар адамдардың мүліктік зиянды толық көлемде өтеткізуге, моральдық зиянның салдарын жойғызуға және еңбек, зейнетақы, тұрғынжай және өзге де құқықтарын қалпына келтіртуге құқығы бар. Соттың үкімі бойынша құрметті, әскери, арнаулы немесе өзге де атақтан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныптан, сондай-ақ мемлекеттік наградалардан айырылған адамдардың атағы, сыныптық шені, дипломатиялық дәрежесі, біліктілік сыныбы қалпына келтіріліп, мемлекеттік наградалары қайтарып беріледі.

Қылмыстық процесті жүргізетін орган адамды толық немесе ішінара ақтау туралы шешім қабылдай отырып, оның зиянды өтету құқығын тануға тиіс. Ақтау үкімінің немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тоқтату туралы, өзге де заңсыз шешімдердің күшін жою немесе оларды өзгерту туралы қаулының көшірмесі мүдделі тұлғаға табыс етіледі не пошта арқылы жіберіледі. Сонымен бір мезгілде оған зиянды өтеу туралы талаптар қою тәртібі мен мерзімдері түсіндірілген хабарлама жіберіледі. Залалды өтетуге құқығы бар қайтыс болған адамның мұрагерлерінің, туыстарының немесе асырауындағылардың тұрғылықты жері туралы мәліметтер болмаған кезде, оларға хабарлама қылмыстық процесті жүргізетін органға олар өтініш жасаған күннен бастап бес тәуліктен кешіктірілмей жіберіледі.

Қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз әрекеттерімен келтірілген зиянды өтеткізу туралы талаптар көзделген тәртіппен құқықтарды қалпына келтіру тәртібі түсіндірілетін хабарлама алынған күннен бастап алты ай ішінде қойылуы мүмкін. Осы мерзім дәлелді себеппен өткізіп алынған жағдайда, оны мүдделі тұлғалардың арызы бойынша сот қалпына келтіруі мүмкін.

Қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген зиянды өтеткізуге құқығы бар адамдарға келтірілген мүліктік зиян:

1) олар айырылған жалақыны, зейнетақыны, жәрдемақыларды, өзге де қаражаттар мен табыстарды;

2) соттың үкімі немесе өзге де шешімі негізінде заңсыз тәркіленген немесе мемлекеттің кірісіне айналдырылған мүлікті;

3) соттың заңсыз үкімін орындау үшін өндіріп алынған айыппұлдарды; заңсыз әрекеттерге байланысты адам төлеген сот шығындары мен өзге де сомаларды;

4) заң көмегін көрсету үшін адам төлеген сомаларды;

5) қылмыстық қудалау салдарынан шегілген өзге де шығыстарды өтеуді қамтиды (ҚПК-тің 39-бабы).

Адамдарды күзетпен ұстауға, қамаққа алуды немесе бас бостандығынан айыруды өтеу орындарында ұстауға жұмсалған сомалар, бұл адамдарды қылмыстық қудалауға байланысты сот шығындары, сол сияқты олардың күзетпен ұсталуы, қамаққа алуды немесе бас бостандығынан айыруды өтеуі уақытында қандай да бір жұмыстарды орындағаны үшін алған жалақысы

қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз әрекеттерінің салдарынан келтірілген зиянды өтеу төлеміне жататын сомадан шегеріле алмайды.

Зиянды өтеткізуге құқығы бар адамдар ҚР ҚПК-тің 39-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген құжаттардың көшірмелерін зиянды өтеу тәртібі туралы хабарламамен бірге алған кезде қылмыстық істі тоқтату туралы үкім шығарған, қаулы шығарған сотқа, не адамның тұрғылықты жері бойынша сотқа не сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тоқтату туралы қаулы шығарған органның орналасқан жері бойынша сотқа мүліктік зиянды өтеттіру туралы не өзге де заңсыз шешімдердің күшін жою немесе оларды өзгерту туралы талаппен жүгінуге құқылы. Егер жоғары тұрған сот қылмыстық істі тоқтатса немесе үкімді өзгертсе, зиянды өтеу туралы талап үкім шығарған сотқа жіберіледі. Кәмелетке толмаған адамның атынан зиянды өтеу туралы талапты оның заңды өкілі мәлімдеуге құқылы. Судья арыз түскен күннен бастап бір айдан кешіктірмей қажет болған жағдайларда қаржы органдарынан және әлеуметтік қорғау органдарынан есеп-қисап сұрата отырып, зиянның мөлшерін айқындайды, содан кейін инфляцияны ескере отырып, осы зиянды өтеу үшін төлем жүргізу туралы қаулы шығарады. Егер сот істі апелляциялық немесе кассациялық тәртіппен қарау кезінде тоқтатса, істі бірінші сатыда қараған соттың судьясы көрсетілген әрекеттерді сот талқылауын өткізбестен жеке-дара жүргізеді. Соттың мүліктік зиянды өтеу үшін төлем жүргізу туралы заңды күшіне енген қаулысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орындалады.

Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыратын органдардың заңсыз әрекеттерімен заңды тұлғаларға келтірілген зиянды өтеу туралы талап осы бапта көзделген тәртіппен қаралады және мемлекет зиянды белгіленген көлемде өтейді.

Сонымен қатар, қылмыстық процесті жүргізетін, адамды ақтау туралы шешім қабылдаған орган келтірілген зиян үшін одан ресми түрде кешірім сұрауға міндетті. Келтірілген моральдық зиян үшін ақшалай мәнде өтемақы туралы талаптар азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қойылады. Егер адам заңсыз қылмыстық қудалауға ұшырап, ал қылмыстық қудалау, ұстап алу, күзетпен ұстау, лауазымынан уақытша шеттету, медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыру, соттау және оған қатысты қолданылып, кейіннен заңсыз деп танылған басқа да әрекеттер туралы мәліметтер баспасөзде жарияланса, радио, теледидар немесе өзге де бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратылса, онда осы адамның талап етуі бойынша, ал ол қайтыс болған жағдайда, оның туыстарының немесе оның құқықтарын қалпына келтіру туралы шешім қабылдаған, қылмыстық процесті жүргізетін органның талап етуі бойынша тиісті бұқаралық ақпарат құралдары бір айдың ішінде бұл туралы қажетті хабар жасауға міндетті. Қылмыстық процесті жүргізетін орган зиянды өтеткізуге құқығы бар адамдардың талап етуі бойынша он төрт күндік мерзім ішінде олардың жұмыс істейтін, оқитын, тұрғылықты жері бойынша заңсыз шешімдердің күші жойылғаны туралы жазбаша хабарлама жіберуге міндетті.

Егер зиянды өтеу туралы талапты осы тарауда көзделген тәртіппен беруге арналған алты айлық мерзім өткізіп алынса, адам азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен сотқа жүгінуге құқылы.

3.8. Қылмыстық сот ісін жүргізу форматы

Қазақстан Республикасы 21.12.2017 № 118-VI Заңымен Қазақстан Республикасында қылмыстық сот ісі қағаздағы және (немесе) электрондық форматтарда жүргізіледі. Қылмыстық процесті жүргізуші адам қылмыстық сот ісін өз қалауы бойынша электрондық форматта жүргізе алады, ол туралы уәжді қаулы шығарылады.

Қылмыстық сот ісін одан әрі электрондық форматта жүргізу мүмкін болмаған жағдайда, қылмыстық процесті жүргізуші адам қағаздағы форматқа көшеді, ол туралы уәжді қаулы шығарылады.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Қылмыстық қудалауды болдырмайтын жағдайлар.
2. Қылмыстық қудалауды жүзеге асырмауға мүмкіндік беретін мән-жайлар.
3. Жәбірленушімен бітісуі және келтірілген залалды өтеу арқылы қылмыстық істі тоқтату.
4. Қылмыстық қудалау органдары және олардың өкілеттіктері.
5. Сотқа дейінгі тергеп-тексерден бас тарту және қылмыстық істі тоқтату туралы қаулыны шығару бойынша қылмыстық қудалау органдары мен соттың міндеттері.

4. ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС БОЙЫНША ӨНДІРІСТІ ЖҮРГІЗУ

4.1. Қылмыстық істерді біріктіру және істі бөлектеп алудың негіздері мен тәртібі

4.2. Іс бойынша сот ісін жүргізуді тоқтата тұру және сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін ұзу

4.3. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді аяқтау

4.4. Қылмыстық іс бойынша құпиялықты сақтау

4.1. Қылмыстық істерді біріктіру және істі бөлектеп алудың негіздері мен тәртібі

Қылмыстық істер бойынша іске қатысшылардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау, істерді объективті, жан-жақты және толық жүргізілу үшін істер біріктірілуге және бөлектеге жатқызылады. Олардың тәртібі ҚР ҚПК-ні 42-43 баптарымен реттеледі.

Бір немесе бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықты сыбайласып жасаған бірнеше адамға қатысты қылмыстық істер, бірнеше қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамға қатысты істер, сондай-ақ осы қылмыстарды күні бұрын уәде бермей жасырғандығы немесе олар туралы айтпағандығы үшін күдік келтірілетін, айыпталатын адамға қатысты істер бір іс жүргізуге біріктірілуі мүмкін. Күдікті анықталмаған, бірақ бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықты бір адам немесе адамдар тобы жасады деп пайымдауға жеткілікті негіздер болған жағдайларда да қылмыстық істерді біріктіруге жол беріледі.

Ал: 1) әртүрлі адамдарға қатысты бірдей күдіктенулер, айыптаулар; 2) жекеше айыптау ісі қаралып жатқан жағдайлардан басқа, бір-біріне қатысты

қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп айып тағылған адамдарға қатысты күдіктенулер, айыптаулар; 3) біреуі бойынша қылмыстық қудалау – жекеше тәртіппен, ал екіншісі бойынша – жариялы тәртіппен жүзеге асырылатын істер; 4) бірге қаралуы істі объективті қарауға кедергі келтіруі мүмкін барлық басқа да күдіктенулер, айыптаулар бір іс жүргізуге біріктірілмеуге тиіс.

Қылмыстық істерді біріктіру қылмыстық процесті жүргізетін органның қаулысы негізінде жүргізіледі. Қылмыстық қудалау органы шығарған қаулының көшірмесі жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорға және қорғаушы тарапқа жіберіледі. Бірнеше іс біріктірілген іс бойынша іс жүргізу мерзімі уақыты бойынша бірінші қылмыстық іс жүргізу басталған күннен бастап есептеледі.

Егер біріктірілген істердің біреуі бойынша бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау не үйқамақ қолданылса, тергеу мерзімі көрсетілген бұлтартпау шаралары қолданылған істі сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған күннен бастап есептеледі. Қылмыстық процеске қатысушылардың құқығы адамдарға өздеріне қатысты біріктірілген істер бойынша ғана тиесілі болады.

Сот, қылмыстық қудалау органы қылмыстық істен: 1) мемлекеттік құпияларды қорғауға байланысты жабық сот талқылауы үшін негіздер өздеріне қатысты болатын, бірақ басқа күдіктілерге, айыпталушыларға қатысты емес жекелеген күдіктілерге немесе айыпталушыларға; 2) ересектермен бірге қылмыстық жауаптылыққа тартылған кәмелетке толмаған күдіктіге немесе айыпталушыға; 3) қылмыстық жауаптылыққа тартылуға жататын жекелеген анықталмаған адамдарға қатысты, сондай-ақ ҚПК 45-бабында көзделген басқа да жағдайларда; 4) прокурор ынтымақтастық туралы процестік келісім жасасқан күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға қатысты басқа қылмыстық істі жеке іс жүргізуге бөлектеп алуға құқылы.

Сонымен қатар, сотқа дейінгі тергеп-тексеру немесе күзетпен ұстау мерзімдері аяқталып келе жатқан көп эпизодты қылмыстық істі тергеп-тексеру жағдайында тергеуші, анықтаушы, анықтау органы күдіктену бөлігінде тергеп-тексеру жан-жақты, толық және объективті жүргізілді деп тани отырып, істің бір бөлігін, егер бұл істің қалған бөлігін тергеп-тексеруге және қарауға кедергі келтірмесе, сотқа жіберу үшін жеке іс жүргізуге бөлектеп алуға құқылы. Егер қылмыстық іс бойынша тергелетін іске байланысты емес қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттер туралы мәліметтер алынса, олар туралы барлық материалдар сотқа дейінгі жаңа тергеп-тексеру бастау үшін дереу бөлектеп алынуға тиіс.

Қылмыстық істерді бөлектеп алуға, егер бұл мән-жайларды зерттеу мен істі шешудің жан-жақтылығына, толықтығына және объективтілігіне әсер етпесе, жол беріледі.

Істі бөлектеп алу қылмыстық процесті жүргізетін органның қаулысы негізінде жүзеге асырылады. Қылмыстық қудалау органы шығарған қаулының көшірмесі жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорға жіберіледі. Қаулыға төлнұсқалар немесе көшірмелер түрінде бөлектеп алынатын материалдардың тізбесі қоса берілуге тиіс. Бөлектеп алынған іс бойынша іс жүргізудің мерзімі қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыз, хабар жаңа қылмыстық құқық

бұзушылық бойынша, Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізіліміне тіркелген күннен бастап есептеледі. Қалған жағдайларда мерзім негізгі қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған кезден бастап есептеледі.

4.2. Іс бойынша сот ісін жүргізуді тоқтата тұру және сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін үзу

Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу: 1) айыпталушы соттан жасырынған не оның жүрген жері басқа себептермен анықталмаған; 2) сотталушының психикасының уақытша бұзылуы немесе өзге де ауыр науқасы заңда көзделген тәртіппен куәландырылған; 3) сотталушы Қазақстан Республикасынан тыс жерде болған; қылмыстық іс бойынша одан әрі іс жүргізуге уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күштің әрекеті; 5) ҚПК 59-тарауында көзделген тәртіппен құқықтық көмек алуға байланысты процестік әрекеттер орындалып жатқан; 6) сотта прокурор сотталушының дәлелдемелердің заңсыз әрекеттерді қолдана отырып немесе қатыгез қарым-қатынас жасала отырып алынғаны туралы арызын қараған және оның шешіміне шағым жасалған жағдайларда, егер бұл ретте басты сот талқылауын жалғастыру мүмкін болмаса, сот қаулысымен тоқтатыла тұрады. Сот осы қылмыстық істе қолданылуға жататын, Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына қысым көрсететін заңды немесе өзге де нормативтік құқықтық актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсынумен Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне өтініш жасаған жағдайда, сот іс бойынша іс жүргізуді толықтай немесе тиісті бөлігінде тоқтата тұруға міндетті. Егер Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі осы қылмыстық іс бойынша қолданылуға жататын заңды немесе өзге де нормативтік құқықтық актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсынуды басқа соттың бастамасымен іс жүргізуге қабылдаса, сот іс бойынша іс жүргізуді тараптардың өтінішхаты бойынша толықтай немесе тиісті бөлігінде тоқтата тұруға міндетті. Сотта қылмыстық іс бойынша іс жүргізу, егер жекеше айыптау ісі бойынша жекеше айыптаушы өзінің ауыр науқас екендігіне, Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде іссапарда болуына немесе азаматтық борышын орындауына байланысты сотта қылмыстық қудалауды жүзеге асыра алмаған жағдайда да, сот қаулысымен толықтай немесе тиісті бөлігінде тоқтатыла тұрады. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу оны тоқтата тұруға негіз болған мән-жайлар жойылғанға дейін тоқтатыла тұрады, бұл ретте істі сотта қарау мерзімі үзіледі. Олар жойылған соң, іс жүргізу соттың қаулысымен қайта басталады.

Процеске қатысушыларға іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру немесе қайта бастау туралы хабарланады. Тоқтатыла тұрған іс, егер іс бойынша ескіру мерзімінің өтуін үзу туралы мәліметтер болмаса, қылмыстық заңда белгіленген ескіру мерзімінің аяқталуы бойынша тоқтатылуға жатады.

Аталған шешімдер сот сатыларында жүзеге асырылады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдері: 1) қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам анықталмаған; 2) күдікті, айыпталушы Қазақстан

Республикасынан тысқары жерде болған; 3) күдікті, айыпталушы қылмыстық қудалау органдарынан жасырынған не олардың болатын жері басқа да себептер бойынша анықталмаған; 4) күдіктінің, айыпталушының жүйкесінің уақытша бұзылуы немесе өзге де ауыр науқасы заңда көзделген тәртіппен куәландырылған; 5) ҚПК 59-тарауында көзделген тәртіппен құқықтық көмек алуға байланысты процестік әрекеттер орындалған; 6) хабарсыз кеткен адам табылмаған; 7) күдіктінің, айыпталушының қылмыстық қудалаудан иммунитеттен айыру не оларды шет мемлекетке ұстап беру (экстрадициялау) туралы мәселені шешуге байланысты іске нақты қатысу мүмкіндігі болмаған жағдайларда үзіледі.

Ал, сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін үзу іс бойынша «Жедел-іздестіру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қажетті іздестіру іс-шараларын және жасырын тергеу әрекеттерін жүргізуге және олардың нәтижелерін қылмыстық іс материалдарына қосып тігуге кедергі келтірмейді. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдері үзілген кезде процеске қатысушыларды бұл туралы жазбаша хабардар етеді. Тергеп-тексеру мерзімдерін үзу туралы қаулының көшірмесі жиырма төрт сағат ішінде прокурорға жіберіледі. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің үзілген мерзімдері оларды үзуге негіз болған мән-жайлар жойылған кезден бастап, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қаулысымен қайта басталады, бұл туралы прокурор жазбаша хабардар етіледі.

ҚР ҚПК-тің 45-бабының ескертпесіне сай: Қылмыстық іс бойынша одан әрі іс жүргізуге кедергі келтіретін еңсерілмейтін күштің әрекеті деп табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды түсінген жөн.

4.3. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді аяқтау

Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу: 1) қылмыстық іс бойынша іс жүргізудің толық тоқтатылғаны туралы қаулы күшіне енген; 2) егер іс бойынша үкімді немесе басқа да қорытынды шешімді орындау бойынша арнаулы шаралар қабылдау талап етілмесе, ол күшіне енген; 3) егер іс бойынша үкімді немесе басқа да қорытынды шешімді орындау бойынша арнаулы шаралар қабылдау талап етілсе, оның орындауға келтірілгені туралы растау алынған кезден бастап аяқталады.

4.4. Қылмыстық іс бойынша құпиялықты сақтау

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 47-бабына сай, қылмыстық сот ісін жүргізу барысында мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын, алынатын мәліметтерді қорғау жөніндегі шаралар қолданылады. Қылмыстық процесті жүргізетін орган мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді хабарлауды немесе беруді ұсынған тұлғалар көрсетілген талапты орындаудан мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны сақтау қажеттігіне сілтеме жасай отырып бас тарта алмайды. Қылмыстық процесті жүргізетін орган тұлғадан көрсетілген хабарларды немесе мәліметтерді алғанға дейін

тиісті процестік әрекеттің хаттамасында жазба жасауға және тұлғадан көрсетілген мәліметтерді қылмыстық іс бойынша іс жүргізу үшін ғана алу қажеттілігі туралы және алынған мәліметтерге қатысты құпиялықты заңда көзделген тәртіппен сақтау туралы қол қойдыра отырып, онымен таныстыруға міндетті.

Қылмыстық процеске қатысушыларды мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерге жіберу тәртібі заңнамада айқындалады. Оның тәртібі «Мемлекеттік құпиялар туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 15 наурыздағы N 349-I Заңымен реттеледі. Егер алқабилер қатысатын сот қарайтын қылмыстық істің материалдарында мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтер болған жағдайда, соттың қызметін материалдық-техникалық және өзге де жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган төрағалық етушінің жазбаша өкімі бойынша алқабилерді мемлекеттік құпияларға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жіберуді ресімдейді.

Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қамтитын дәлелдемелер соттың жабық отырысында зерттеледі. Ол Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 29- бабынағы «жариялық» қағидатына сай. Заңмен қорғалатын өзге де құпияларды құрайтын, сондай-ақ жеке өмірдің интимдік жақтарын ашатын мәліметтерді қамтитын дәлелдемелер көрсетілген мәліметтердің жариялану қаупі төнген адамдардың өтінішхаты бойынша соттың жабық отырысында зерттелуі мүмкін.

Жеке өмірге қолсұғылмаушылықты бұзудың, жеке немесе отбасылық құпияны жариялаудың салдарынан адамға келтірілген зиян заңда көзделген тәртіппен өтелуге жатады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректерінің құпиялығын сақтау тәртібі ҚР ҚПК-нің 201-бабында айқындалады. Яғни, сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректері жария етілмеуге тиіс. Олар, егер бұл тергеп-тексеру мүдделеріне қайшы келмесе және басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуға байланысты болмаса, прокурордың рұқсатымен қандай көлемде жария ету мүмкін деп танылса, сол көлемде жария етілуі мүмкін. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қорғаушыға, куәларға, жәбірленушіге, азаматтық талапкерге, азаматтық жауапкерге немесе олардың өкілдеріне, сарапшыға, маманға, аудармашыға, куәгерлерге және тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде қатысқан басқа да адамдарға өзінің рұқсатынсыз істегі мәліметтерді жария етуге жол берілмейтіні туралы ескертеді, бұл туралы көрсетілген адамдардан жауаптылық туралы ескертіле отырып қолхат алынады. Істегі қылмыстық процеске қатысушыларға табыс етілуге жататын, мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтер бар процестік құжаттардың көшірмелері олармен танысқаннан кейін іспен бірге сақталады және сот отырысы кезінде қылмыстық процеске қатысушыларға табыс етіледі.

Сот үкімде немесе қаулыда мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын іс материалдарына сілтеме жасай отырып, олардың мазмұнын ашпайды.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Қылмыстық істерді біріктіру және істі бөлектеп алудың негіздері мен тәртібі
2. Іс бойынша сот ісін жүргізуді тоқтата тұру және сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін ұзу
3. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді аяқтау
4. Қылмыстық іс бойынша құпиялықты сақтау
5. Қылмыстық істер бойынша өндірісті аяқтау

5. ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСКЕ ҚАТЫСАТЫН МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР МЕН АДАМДАР

5.1. Қылмыстық процеске қатысушылардың ұғымы, олардың жіктелуі.

5.2. Қылмыстық процеске қатысатын мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар

5.3. Өз құқықтары мен мүдделерін немесе өздері өкілдік ететін құқықтар мен мүдделерді қорғап процеске қатысушылар (ҚР ҚПК 64-77 баптары)

5.4. Қылмыстық процеске қатысушы өзге де тұлғалар (ҚР ҚПК 51-63 баптары)

5.1. Қылмыстық процеске қатысушылардың ұғымы, олардың жіктелуі.

Қылмыстық процеске қатысушылар деп – қылмыстық іс жүргізу барысында қылмыстық істі жүргізуді жүзеге асыратын, сонымен қатар өз құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін қылмыстық іске тартылған және іске қатысты қандай да мәліметтер беретін адамдарды айтамыз. Қылмыстық іске тартылған әрбір тұлға заңға сәйкес өздерінің құқықтары мен міндеттерін қорғайды және өзінің міндеттерін орындайды. Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 7-бабының 1-бөлігінің 25 тармағына сәйкес, қылмыстық процеске қатысушылар – қылмыстық құдалауды және сотта айыптауды қолдауды жүзеге асыратын органдар мен адамдар, сондай-ақ қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде өз құқықтары мен мүдделерін немесе өздері өкілдік ететін құқықтар мен мүдделерді қорғайтын тұлғалар: прокурор (мемлекеттік айыптаушы), тергеуші, анықтау органы, анықтаушы, күдікті, айыпталушы, олардың заңды өкілдері, қорғаушы, азаматтық жауапкер, жәбірленуші, жекеше айыптаушы, азаматтық талапкер, олардың заңды өкілдері және өкілдері болып табылады.

Қылмыстық процестің қатысушыларын Қазақстан Республикасы ҚПК-не сәйкес үш топқа жіктейміз:

1. Қылмыстық процеске қатысатын мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар (*ҚР ҚПК 51-63 баптары*);
2. Өз құқықтары мен мүдделерін немесе өздері өкілдік ететін құқықтар мен мүдделерді қорғап процеске қатысушылар (*ҚР ҚПК 64-77 баптары*);
3. Қылмыстық процеске қатысушы өзге де тұлғалар (*ҚР ҚПК 51-63 баптары*)

5.2. Қылмыстық процеске қатысатын мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 7 бабының 26) тармағына сәйкес, қылмыстық процесті жүргізетін орган – сот, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде прокурор, тергеуші, анықтау органы, анықтаушылар табылады. Олар қылмыстық іс бойынша шешім шығаратын тұлғалар (сот) және қылмыстық қудалау функциясын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар болып екіге бөлінеді. Бірінші топқа: сот (ҚР ҚПК-нің 51-бабы); судья (ҚР ҚПК-нің 54-бабы); іс бойынша төрағалық етуші (ҚР ҚПК-нің 57-бабы), тергеу судьясы (ҚР ҚПК-нің 55-бабы), ал екінші топқа: прокурор (ҚР ҚПК-нің 58-бабы), тергеу бөлімінің бастығы (ҚР ҚПК-нің 59-бабы), тергеуші (ҚР ҚПК-нің 60-бабы), анықтау органы (ҚР ҚПК-нің 61-бабы), анықтау органының бастығы (ҚР ҚПК-нің 62-бабы), анықтаушы (ҚР ҚПК-нің 63-бабы) жатқызылады.

5.2.1. Сот, судья және олардың процесуалдық өкілеттіктері

Сот, сот билігі органы бола отырып, қылмыстық істер бойынша әділ сотты жүзеге асырады. Оған, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты; облыстық және оларға теңестірілген соттар; аудандық (қалалық) және оларға теңестірілген соттар; мамандандырылған соттар, әскери соттар жатқызылады.

Сот қылмыстық іс жүргізуде сотқа жеке айыптау істері бойынша қылмыстар туралы шағымдар және қылмыс туралы арызды қабылдаудан бас тартылуына, азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын іс жүргізу әрекеттерін жүргізуден, қылмыстық істі тоқтата тұрудан немесе қысқартудан бас тартылған кезде, тергеуші, анықтаушы, анықтау органдары, прокурордың тарапына түскен шағымдарды қарауда пайда болады.

Сот барлық уақытта бір ғана құқықтық мәртебеге ие болмайды. Оның мәртебесі қылмыстық іс жүргізудің стадияларында қаралған қылмыстық істің түрлеріне және дәрежесіне қарай анықталынады.

Ал, судья болса өз құзыреті шегінде істі жеке-дара қарайтын, соттың отырысын дайындау не оның үкімінің немесе басқа шешімінің атқарылуын қамтамасыз ету жөнінде өкім жасау қызметін жүзеге асыратын соттың бір мүшесі болып табылады.

Судъялар алқасының құрамында қылмыстық істі қараған кезде соттың төрағасы, сот алқасының төрағасы не оған заңмен көзделген тәртіппен уәкілеттік берілген судъялардың біреуі төрағалық етеді. Істі жеке дара қараған судъя да іс бойынша төрағалық етуші болып саналынады.

Соттың құқықтық мәртебесі

Сот талқылауының тәртібі қылмыстық іс жүргізудің стадиялары сияқты заңмен толықтай талданған. Сот және іс бойынша төрағалық етушілердің құқықтары мен міндеттері әрбір кезеңдерге қарай бөлінуі мүмкін.

Сот талқылауын тағайындау барысындағы соттың жалпы құқықтары

Қазақстан Республикасы ҚПК-не сәйкес, сот талқылауының бастапқы сатысында келесідей іс-әрекеттерді жүзеге асырады:

1) басты сот талқылауын тағайындау;

2) істі алдын ала тыңдауды жүргізу арқылы шешімдердің бірін қабылдайды;

3) қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру;

4) қылмыстық істі соттылығына қарай жіберу;

5) қылмыстық істі тоқтату.

Басты сот талқылауының дайындық бөліміндегі сот өкілеттігі

Басты сот талқылауының дайындық сатысында төрағалық етуші сот отырысын ашады және қандай қылмыстық істің қаралатынын, сондай-ақ істің ашық немесе жабық сот отырысында талқыланатыны туралы хабарлайды. Сот отырысының хатшысы сот отырысына қатысуға тиісті адамдардың келгені туралы баяндайды және келмегендердің келмеу себептерін хабарлайды.

Сондықтан да заң арқылы сотқа келесідей міндеттер жүктелінген:

1) сот талқылауына қатыстырылған барлық қатысушыларға құқықтары мен міндеттерін түсіндіру;

2) іс бойынша әрбір түскен өтініштерді қарау;

3) өтініштерді қанағаттандыру және өтініштерді қанағаттандырудан бас тарту туралы дәлелді қаулы шығару;

4) соттардың бастамасы бойынша сот талқылауына қатыстырылған мамандар мен сарапшылардан куә ретінде жауап алу туралы өтініштерді қанағаттандыру;

5) сот талқылауына қатысырылған тараптардың пікірлерін тыңдау;

6) сот талқылауын жалғастыру немесе оны кейінге қалдыру туралы қаулы шығару.

Сот талқылауының сот тергеуі, сот жарыссөзі және сотталушының соңғы сөзі сатыларындағы соттың мәртебесі.

Сот тергеуі айыпталушының сотталушыға таққан айыбының мәнісін баяндаудан, ал жеке айыптау істері бойынша – арыз берген адамның немесе оның өкілінің, ал олар болмағанда – сот отырысы хатшысының шағымды баяндауынан басталады. Айыптау ауырлығы төмендей түріне өзгертілген жағдайда немесе айыптаудың бір бөлігінен бас тылған кезде айыптаушы сотқа айыптаудың жаңа негізделген тұжырымын жазбаша түрде баяндауға міндетті.

5.2.2. Тергеу судьясы

Қазақстан Республикасының ҚПК-нің қабылдануына байланысты сотта «*Тергеу судьясы*» пайда болды. Тергеу судьясы сотқа дейінгі іс жүргізу барысында:

1) күзетпен ұстауды санкциялау;

2) үйқамақты санкциялау;

3) лауазымынан уақытша шеттетуді санкциялау;

4) жақындауға тыйым салуды санкциялау;

5) экстрадициялық қамақты санкциялау;

6) күзетпен ұстау, үйқамақ, экстрадициялық қамақ мерзімдерін ұзарту;

7) кепілді қолдану;

8) мүлікке тыйым салуды санкциялау;

9) күзетпен ұсталмайтын адамды сот-психиатриялық және (немесе) сот-медициналық сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыру;

10) бұрын өзіне қатысты күзетпен ұстау қолданылған адамның психикалық ауру фактісі анықталған кезде, оны ауруларды қатаң оқшаулау жағдайында ұстауға лайықталған, психиатриялық көмек көрсететін арнаулы медициналық ұйымға ауыстыру;

11) мәйітті эксгумациялау;

12) күдіктіге, айыпталушыға халықаралық іздеу жариялау мәселелерін қарайды.

Сонымен қатар, қажетті жағдайларда тергеу судьясы:

1) анықтаушының, анықтау органының, тергеушінің және прокурордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне жасалған шағымдарды қарайды;

2) тез бұзылатын немесе қылмыстық істі мәні бойынша шешкенге дейін ұзақ сақталуы елеулі материалдық шығындарды қажет ететін заттай дәлелдемелерді өткізу туралы мәселені қарайды;

3) сотқа дейінгі іс жүргізу барысында жәбірленуші мен куәның айғақтарын сақтауға қояды;

4) адвокаттар мен прокурорларды қоспағанда, сотқа дейінгі іс жүргізуде процестік міндеттерді орындамайтын немесе тиісінше орындамайтын тұлғаларға ақшалай өндіріп алуды қолданады;

5) прокурордың ұсынуымен қылмыстық іс бойынша процестік шығындарды өндіріп алу туралы мәселені қарайды;

6) сұрау салуды орындаудан бас тартылған не ол бойынша үш тәулік ішінде шешім қабылданбаған жағдайда, қорғаушы ретінде қатысатын адвокаттың уәжді өтінішхаты бойынша, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қоспағанда, қылмыстық іс үшін маңызы бар кез келген мәліметтерді, құжаттарды, нәрселерді талап етіп алдыру және қылмыстық іске қосып тігу туралы мәселені қарайды;

7) қорғаушы ретінде қатысатын адвокаттың уәжді өтінішхаты бойынша, егер қылмыстық қудалау органы осындай өтінішхатты қанағаттандырудан негізсіз бас тартса не ол бойынша үш тәулік ішінде шешім қабылданбаса, сараптама тағайындау туралы мәселені қарайды;

8) қылмыстық процесті жүргізетін органға айғақ беруі үшін келуін қамтамасыз ету қиындық тудыратын, бұрын өздері жауап алған куәні, қорғаушы ретінде қатысатын адвокаттың өтінішхаты бойынша, мәжбүрлеп әкелу туралы мәселені қарайды;

Тергеу судьясы өз құзыретіне жатқызылған мәселелерді сот отырысын өткізбей, жеке-дара қарайды.

Егер заңды және негізделген шешім шығару үшін маңызы бар мән-жайларды зерттеу қажет болса, тергеу судьясы тиісті тұлғалардың және прокурордың қатысуымен сот отырысын өткізу туралы қаулы етеді.

Тергеу судьясы:

1) сотқа дейінгі іс жүргізуді жүзеге асыратын органнан қаралып жатқан мәселе бойынша қосымша ақпаратты талап етуге;

2) тиісті сотқа дейінгі іс жүргізудің барлық материалдарымен танысуға және оларды зерттеуге;

3) процеске қатысушыларды сот отырысына шақыруға және олардан қылмыстық іс бойынша қажетті ақпаратты алуға құқылы.

Тергеу судьясы істі мәні бойынша шешу кезінде сотта қараудың нысанасы болуы мүмкін мәселелерді алдын ала шешуге, тергеп-тексеру бағыты және тергеу әрекеттерін жүргізу туралы нұсқаулар беруге, сотқа дейінгі іс жүргізуді жүзеге асыратын адамдардың және қадағалаушы прокурордың, сондай-ақ істі мәні бойынша қарайтын соттың орнына әрекет жасауға және шешім қабылдауға тиіс емес.

5.2.3. Прокурор және оның процесуалдық мәртебесі, әр түрлі стадиялардағы міндеті

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 58-бабына сәйкес, прокурор - өз құзыреті шегінде жедел іздестіру қызметінің, анықтаудың, тергеудің және сот шешімдерінің заңдылығын қадағалауды, сондай-ақ қылмыстық процестің барлық сатыларында қылмыстық ізге түсуді өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын лауазымды тұлға. Оған Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, Бас әскери прокурор, облыстардың прокурорлары және соларға теңестірілген прокурорлар, аудандық, қалалық прокурорлар, әскеи прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорлар, олардың орынбасаралары мен көмекшілері, прокуратуралардың қадағалау саласы жөніндегі прокурорлары, аға прокурорлары және прокуратура басқармалары мен бөлімдерінің прокурорлары. Соттың қылмыстық істі қарауына қатысущы прокурор айыптауды қолдау жолымен мемлекеттің мүддесін білдіреді және мемлекеттік айыптаушы болып табылады.

Прокурордың құқықтық мәртебесі үш бөлімге бөлінген. Жалпы мәртебе, сотқа дейінгі және сот стадияларындағы құқықтар мен міндеттер.

Қылмыстық іс жүргізу стадияларына қарамастан прокурордың жалпы *құқықтарына* келесілер жатқызылады:

1) қылмыстық ізге түсуді жүзеге асыру;
2) дәлелдемелерді жинау;
3) шеттету туралы арыз;
4) басқа да өкілеттіктер.

Прокурордың жалпы *міндеттері*:

1) қылмыстық істер бойынша өндірісті жүргізу барысында кеткен кемшіліктердің орнын толтыру;

2) дәлелдемелерді қаралған дәлелдемелердің жиынтығы негізделген өздерінің ішкі сенімі бойынша бағалайды, бұл орайда заң мен ар-ожданды басшылыққа алады;

3) заңға негізделген тиісті қаулылар шығару;

4) басқа жалпыға бірдей міндеттер.

Ал, сотқа дейінгі өндірісті жүргізу барысында прокурорға келесідей *құқықтар* берілген:

1) қылмыс туралы арыз, шағымдардың қабылдануын, тіркелуінінің заңдылығы тексеру;

2) Қазақстан Республикасы ҚПК-нде көрсетілген тәртіпте сотқа дейінгі тергеуді бастайды және іс бойынша тергеу жүргізу үшін анықтаушыға, тергеушіге және анықтау органдарына тапсырады;

3) жекелеген тергеу іс-әрекеттеріне қатысады;

4) заңдарда көзделген жағдайларда тергеу жүргізетін лауазымды адамдардың іс-әрекеттеріне санкция береді;

5) қылмыстық ізге түсуден иммунитеті бар адамды қылмыстық жауаптылыққа келісім алу үшін ұйғарым шығарады;

6) алдын ала тергеу органдарынан келіп түскен қылмыстық істі сотқа жібере отырып, істі мәнісі бойынша қарау үшін айыпталушыны сотқа тапсырады;

7) жасалған немесе дайындалып жатқан қылмыстар туралы арыздар мен хабарламаларды қабылдау, тіркеу, шешу кезінде заңның сақталуын тексереді;

8) анықтаушы мен тергеушінің, сондай-ақ анықтау органы мен тергеу бөлімі бастықтарының заңсыз қаулыларының күшін жояды.

Сонымен қатар, сотқа дейінгі іс жүргізу барысында прокурорға келесідей *міндеттер* жүктелген:

1) өзінің қаулысымен заңсыз ұсталынғандарды қамаудан босата алады;

2) жылына бір реттен кем емес аралықта заттай дәлелдемелерді тіркеудің, сақтаудың және оған қатысты толтырылған құжаттардың дұрыстығын тексере алады;

3) қылмыс орын алған жағдайларда оны жасаған тұлғаларды анықтауға және заңға сәкес тиісті жауапкершілікке тарту бағытында барлық шараларды қолдана алады;

4) Істерді бойынша қорғаушылардың қатысуын қамтамасыз ету.

Ал, сонымен қатар прокурор басты сот талқылауын тағайындау барысынан бастап келесідей *құқықтарға* ие болады:

1) сот қаулыларының көшірмесін алады:

а) қылмыстық істерді соттылығы бойынша беру;

б) алдын ала тыңдауды тағайындау;

в) сот отырысын тағайындау туралы.

2) қылмыстық істің материалдарымен танысу;

3) сотта айыптаудан бас тарта алады;

4) сотта айыпты жеңілдететін жағына қарай өзгерте алады;

5) өтініштер береді;

6) сот талқылауы барысында жеке және жеке жариялы айптауды жүзеге асыра алады;

7) дәлелдемелерді зерттеу барысына қатысу;

Прокурор басқа да құқықтарға ие болады.Сот арқылы қылмыстық істерді қарау барысында прокурор міндетті:

1) қылмыстық істер бойынша сот талқылауыларына міндетті түрде қатысуы;

2) сот отырысы барысында төреғалық етушіге бағыну;

3) егер сот талқылауы барысында прокурор кейбір мән-жайларды анықтаған жағдайларда айыптан бас тарту тиіс;

4) заңда көрсетілген өзге де міндеттерді атқара алады.

Прокурордың жазбаша нұсқаулары анықтау органы, анықтаушы, тергеуші үшін міндетті болып табылады. Тергеуші және басқа іс жүргізу органдарының жоғарғы тұрған прокурорға шағымдануы, төменгі тұрған прокурордың нұсқауының орындалуын тоқтатпайды.

Сонымен қатар, *прокуратураның жетекшісі*: процессуальдық келіс жасау туралы шешім қабылдай алады; процессуальдық прокурордың істі қайта тергеуге жіберу туралы шешімдерін бекітеді, тергеудің мерзімдерін созадаы және т.б.

Сонымен қатар, қылмыстық процесте *процессуальдық прокурор* мәртебесі пайда болды. Процессуальдық прокурор қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі тергеудің басталуынан бастап іс бойынша шешім шығарылғанға дейінгі аралықта қадағалай өкілеттіктерін жүзеге асыра, сонымен қатар сотта мемлекеттік айыптаушы ретінде өкілдік ете алады. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының нормативтік құқықтық актілерінде көрсетілген негіздерде, сотта айыптауды қолдай алады. Прокуратура жетекшісінің шешімімен іс бойынша өзге процессуальдық прокурор алмастыра алады.

5.2.4. Тергеу бөлімінің бастығы және оның өкілеттіктері мен іс бойынша өндірісті жүргізу барысында өзара байланысты жасау

Тергеу бөлімінің бастығы – алдын ала тергеуді жүзеге асыратын органның тергеу бөлімшесінің бастығы мен өз құзыреті шегінде іс-әрекет жасайтын оның орынбасарлары. Оған ішкі істер органдары комитетінің, басқармаларының, бөлімдерінің, бөлімшелерінің, топтарының бастықтары және ұлттық қауіпсіздік органдары және қаржы полициясының бастықтары жатады.

Тергеу бөлімі бастығының құзыры:

1) тергеу жүргізуді немесе сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеруді тергеушіге тапсыруға;

2) тергеушінің өз іс жүргізуіндегі істер бойынша тергеу әрекеттерін орындауының уақтылығына, тергеушінің тергеп-тексеру және күзетпен ұстау мерзімдерін сақтауына, прокурор нұсқауларының, басқа да тергеушілер тапсырмаларының орындалуына бақылау жасауды жүзеге асыруға;

3) тергеп-тексеру жүргізуді бірнеше тергеушіге тапсыруға;

4) тергеушіні іс бойынша іс жүргізуден шеттетуге;

5) қылмыстық істерді зерделеуге және олар бойынша нұсқаулар беруге;

6) өз құзыреті шегінде өзіне бағынысты, алдын ала тергеуді жүзеге асыратын органның бір тергеу бөлімшесінен қылмыстық істі алуға және алдын ала тергеуді жүзеге асыратын, өзіне бағынысты осы не өзге органның басқа тергеу бөлімшесіне беруге;

7) қылмыстық істерді айыптау актісімен бірге прокурорға жіберуге;

8) тергеушінің негізсіз процестік шешімінің күшін жою туралы өтінішхатпен прокурорға өтініш жасауға;

9) өз құзыреті шегінде анықтау органдарына орындау үшін міндетті тапсырмалар мен нұсқаулар беруге уәкілетті.

Тергеу бөлімінің бастығы өз қаулысымен істі өзінің іс жүргізуіне қабылдауға және бұл ретте тергеушінің өкілеттіктерін пайдалана отырып, тергеп-тексеруді жеке өзі жүргізуге құқылы.

Тергеу бөлімі бастығының қылмыстық іс бойынша нұсқауы тергеушінің дербестігін, оның Қазақстан Республикасы ҚПК-мен бекітілген құқықтарын шектей алмайды. Нұсқау жазбаша нысанда беріледі және атқарылуы міндетті, бірақ ол жөнінде прокурорға шағымдануы, қылмыстың сипаттамасы мен айыптаудың көлемі, айыпталушыны сотқа беру үшін істі прокурорға жолдау туралы немесе қылмыстық істі қысқарту туралы нұсқауларды қоспағанда, олардың атқарылуын кідіртпейді.

5.2.5. Тергеуші, оның процесуалдық мәртебесі және анықтау органдарымен өзара байланысы

Тергеуші (аға тергеуші, айрықша істер бойынша тергеуші, айрықша істер бойынша аға тергеуші) - өз құзыреті қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді өз құзыреті шегінде жүзеге асыруға уәкілетті лауазымды адам.

Оған ішкі істер органдарының тергеушісі, ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеушісі және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің тергеушісі және экономикалық тергеу қызметінің тергеушісі, сондай-ақ кей жағдайларда – прокурор (ҚР ҚПК-нің 60-бабы) жатқызылады.

Тергеушінің процестік мәртебесіне тергеу бөлімінің бастығы да иелік етеді. Өйткені алдын -ала тергеуді ол дербес және тергеушілер тобымен де атқара алады.

Тергеуші өз қаулысымен істі өзінің іс жүргізуіне қабылдап, ол бойынша алдын ала тергеуді жүзеге асыруға және заңда көзделген барлық тергеу іс-әрекеттерін орындауға құқылы.

Сонымен қатар, тергеуші*:*

1) қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеуді бастауға;

2) қылмыстық істі өзінің өндірісіне алуға және ол бойынша алдын ала тергеу жүргізу үшін анықтаушыға, тергеушіге беруге және қылмыстық істерді тергелу ретіне қарай беруге;

3) алдын ала тергеу жүргізуге және іс жүргізу заңына сәйкес барлық тергеу іс-әрекетттерін жүргізуге;

4) тергеліп отырған қылмыстық істер бойынша анықтау органдарына, кейбір тергеу іс-әрекеттерін және жедел-іздестіру шараларын жүргізу үшін жазбаша тапсырма беруге;

5) Алдын ала тергеу жүргізу міндетті болып табылатын қылмыстық істер бойынша кез-келген уақытта алдын ала тергеу жүргізуге кірісуге;

6) Тергеуші анықтау органдарының кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін орындауын күтпей-ақ, кез келген сәтте өз қаулысымен істі өзінің іс жүргізуіне қабылдауға және оны тергеп-тексеруге кірісуге;

7) Заңда көрсетілген басқа да іс-әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы.

Тергеуші, сонымен қатар *міндетті*:

1) Тергеуші істің жағдайын жан-жақты, толық және объективті зерттеуге барлық шараларды қолдануға, оның қылмыс жасағандығын көрсететін

жеткілікті дәлелдер жиналған адамдарға қатысты айыптау актісін жасау, Қазақстан Республикасы ҚПК-не сәйкес бұлтартпау шараларын қолдануға, қылмыстық қудалауды жүзеге асыруға;

2) қылмыс туралы және жасалайын деп отырған қылмыс бойынша арыз шағымдарды қабылдауға және өзінің құзыры шегінде ол бойынша шешімдер қабылдауға;

3) қылмыстық құқық бұзушылық жасауға итермелеген себептер мен шарттарды анықтау;

4) қылмыстық істі қысқарту туралы немесе іс бойынша басқа да шешімдер қабылдау туралы қаулылар шығару.

Қылмыстық істер бойынша тергеп-тексеру жүргізген кезде тергеуші қылмыстық жолмен табылған қаражатқа сатып алынған, басқа тұлғалардың меншігіне берілген мүлікті анықтау үшін де шаралар қолдануға міндетті.

Тергеуші заңда прокурордың, соттың санкциясын немесе соттың шешімін алу көзделген жағдайларды қоспағанда, сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу кезінде барлық шешімді дербес қабылдайды және олардың заңды және уақтылы орындалуы үшін толық жауапты болады. Тергеушінің қызметіне заңсыз араласу қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқтырады. Қылмыстық іс бойынша тергеуші өз өкілеттіктері шегінде шығарған қаулы, сондай-ақ қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысындағы тапсырмалар мен нұсқаулар барлық ұйымдардың, лауазымды адамдардың және азаматтардың орындауы үшін міндетті. Тергеуші тергеудегі іс бойынша прокурордың нұсқауларымен келіспеген жағдайда, олар жөнінде жоғары тұрған прокурорға шағым жасай алады. Тергеушінің өзі тергеп-тексеретін істер бойынша анықтау органдарының тергеп-тексеріліп жатқан іске қатысты жедел есепке алу істерімен және жасырын тергеу іс-әрекеттерінің материалдарымен танысуға, белгіленген тәртіппен осы іске қосып тігу үшін талап етіп алдыруға, анықтау органдарына орындау үшін міндетті, іздестіру, тергеу және жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу туралы тапсырмалар мен нұсқаулар беруге және олардан тергеу әрекеттерін жүргізуге жәрдемдесуді талап етуге құқығы бар.

5.2.6. Анықтау органы (ұғымы, құқықтары мен міндеттері)

Анықтау органдары – бұл заңмен қылмыстық іс жүргізу барысында белгілі бір өкілеттіктерді жүзеге асыруға және қылмыстың алдын алу бағытында кейбір тергеу іс-әрекеттерін жүзеге асыруға құқық берілген өкілетті орган немесе лауазымды тұлға болып есептелінеді.

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 61-бабына сәйкес, анықтау органдары Қазақстан Республикасындағы әртүрлі ведомстволық мемлекеттік қызмет түрлерінде кездеседі. Оларға: 1) ішкі істер органдары; 2) ұлттық қауіпсіздік органдары; 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет; 4) экономикалық тергеу қызметі; 5) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында шақыру немесе келісімшарт бойынша әскери қызметін өткеріп жүрген әскери қызметшілер, әскери жиындардан өту кезінде запаста тұрған азаматтар, әскери бөлімдердің, құрамалардың, мекемелердің азаматтық персонал адамдары өз

қызметтік міндеттерін орындауына байланысты немесе осы бөлімдер, құрамалар және мекемелер орналасқан жерде жасаған барлық қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша – әскери полиция органдары; арнаулы мемлекеттік органдардың әскери қызметшілері мен қызметкерлері жасаған барлық қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша – Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскери полиция органдары; 6) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы заңнаманы бұзу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының континенттік қайраңында жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша – шекаралық қызмет органдары; 7) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында шақыру немесе келісімшарт бойынша әскери қызметін өткеріп жүрген, өздеріне бағынысты әскери қызметшілер, сондай-ақ әскери жиындардан өту кезінде запаста тұрған азаматтар жасаған барлық қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша, әскери бөлімдердің, құрамалардың, мекемелердің азаматтық персонал адамдары өз қызметтік міндеттерін орындауына байланысты немесе осы бөлімдер, құрамалар және мекемелер орналасқан жерде жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша – әскери полиция органы болмаған жағдайда, әскери бөлімдердің, құрамалардың командирлері, әскери мекемелер мен гарнизондардың бастықтары; 8) өздерінің қызметкерлері болу елдерінде жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша – Қазақстан Республикасы дипломатиялық өкілдіктерінің, консулдық мекемелерінің және өкілетті өкілдіктерінің басшылары; 9) күзетілетін іс-шаралар өткізілетін аймақта жасалған және тізбесі заңда белгіленген күзетілетін адамдарға тікелей қарсы бағытталған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметін жатқызуға болады.

Ал, көлік қатынасы болмаған кезеңде – анықтау органының барлық қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу және кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін орындау жөніндегі құқықтары мен міндеттері алысқа жүзу сапарындағы теңіз кемелерінің капитандарына, геологиялық-барлау партияларының, осы баптың екінші бөлігінде тізбеленген анықтау органдарынан алыстағы басқа мемлекеттік ұйымдар мен олардың бөлімшелерінің басшыларына да жүктеледі.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың сипатына қарай анықтау органдары:

- заңда белгіленген құзыретіне сәйкес қылмыстық құқық бұзушылық белгілері мен оларды жасаған адамдарды табу, қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу мақсатында қажетті қылмыстық-процестік және іздестіру іс-шараларын қолданады.

- алдын ала тергеудің жүзеге асырылуы қажет қылмыс белгілері болған жағдайда, анықтау органы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастауға және қылмыс іздерін анықтау және бекіту бойынша кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін: қарап-тексеруді, тінтуді, алуды, куәландыруды, күдіктілерді ұстап алу мен олардан жауап алуды, жәбірленушілер мен куәлардан жауап алуды және басқа да тергеу әрекеттерін жүргізуге құқылы. Анықтау органы анықталған

қылмыстық құқық бұзушылық және сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталғаны туралы прокурорды дереу хабардар етеді. Кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін орындағаннан кейін, бірақ сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған күннен бастап бес тәуліктен кешіктірмей, анықтау органы тергеулігі туралы мәселелер болмаған ретте бұл туралы жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорды жазбаша хабардар ете отырып, істі дәл осы органның тергеушісіне беруге міндетті. Қалған жағдайларда қылмыстық іс тергеулігін айқындау үшін прокурорға беріледі. Істі тергеушіге бергеннен кейін анықтау органы ол бойынша тергеу әрекеттерін, жасырын тергеу әрекеттерін, сондай-ақ іздестіру шараларын тек тергеушінің тапсырмасы бойынша ғана жүргізе алады. Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамды табу мүмкін болмаған істі тергеушіге берген жағдайда, анықтау органы тергеушіні нәтижелері туралы хабардар ете отырып, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамды анықтау үшін іздестіру шараларын қолдануға міндетті.

- алдын ала тергеу жүргізу міндетті емес істер бойынша ҚР ҚПК 191-бабына сәйкес анықтау нысанында істер бойынша сотқа дейінгі тергеуді жүзеге асыра алады;

- сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеруді (ҚР ҚПК-нің 190 бабы), қылмыстық теріс қылық бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді хаттамалық нысанда жүзеге асырады.

5.2.7. Анықтау органының бастығы

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 191-бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында анықтау органы бастығының өкілеттіктеріне өз құзыреті шегінде алдын ала тергеу жүргізу міндетті емес істер және қылмыстық теріс-қылықтар бойынша сотқа дейінгі тергеу жүргізуді жүргізеді және ұйымдастырады. Анықтау органы бастығы болып Бас анықтау органы басқармасының (департаментінің), анықтау органы басқармасының, бөлімінің бастығы және олардың орынбасарлары ие болады (ҚР ҚПК-нің 59-бабы). Анықтау органының бастығы қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін және оларды жасаған адамдарды анықтау, қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу мақсатында қажетті жедел-іздестіру, қылмыстық-процестік, оның ішінде жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу туралы мәселелерді шешеді. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органына жедел-іздестіру іс-шараларының, жасырын тергеу әрекеттерінің нәтижелерін заңда көзделген реттерде тергеу органдарына ұсынады.

3. Анықтау органының бастығы алдын ала тергеу органдарының тергеулігіне жататын қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша:

1) кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін жүргізуді қамтамасыз етеді;

2) прокурордың, тергеу бөлімі бастығының, тергеушінің тапсырмаларын, оның ішінде жекелеген тергеу ісін және өзге де әрекеттер жүргізу және жәбірленушілерді, куәларды, қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысатын басқа да адамдарды қорғау шараларын қолдану туралы тапсырмаларын орындауды ұйымдастырады;

3) соттың тапсырмаларын орындауды ұйымдастырады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексерілуін анықтау органдары жүзеге асыратын қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша анықтау органының бастығы анықтаушылардың әрекеттерінің уақтылығын және заңдылығын бақылайды және:

1) олардың іс жүргізуіндегі істерді тексеруге;

2) жекелеген тергеу және өзге де процестік әрекеттерді жүргізу, күдіктінің іс-әрекетін саралау, істерді, материалдарды бір анықтаушыдан екіншісіне беру туралы нұсқау беруге;

3) анықтауды бірнеше анықтаушыға тапсыруға;

4) сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастауға және бұл ретте істі өзінің іс жүргізуіне қабылдап не жекелеген процестік әрекеттерді орындай отырып, анықтауды жеке өзі жүргізуге құқылы.

5. Анықтау органының бастығы мүлікке тыйым салу туралы өтінішхатты қозғау, халықаралық іздестіру жариялау, күзетпен ұсталмайтын күдіктіні, айыпталушыны стационарлық сот-медициналық немесе сот-психиатриялық сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға жіберу, күдіктіге, айыпталушыға қатысты күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын таңдау, күзетпен ұстау мерзімін ұзарту; күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын өзгерту немесе оның күшін жою; тінту жүргізу; күдіктіні, айыпталушыны лауазымынан шеттету; жақындауға тыйым салу; күдіктіні, айыпталушыны этаппен апару, күдіктіге, айыпталушыға іздестіру жариялау туралы қаулыларды келіседі; айыптау актісін, қылмыстық теріс қылық туралы хаттаманы келіседі; қылмыстық құқық бұзушылық жасауға күдік келтірілген адамдарды ұстап алу туралы хаттаманы бекітеді; қылмыстық істі келісілген айыптау актісімен немесе қылмыстық теріс қылық туралы хаттамамен бірге прокурорға жібереді; қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін мән-жайларды жою жөнінде шаралар қолдануды қамтамасыз етеді.

5.2.8.Анықтаушы

Анықтаушы – іс бойынша өз құзыретінің шегінде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыруға уәкілетті лауазымды адам.

Анықтаушы істі анықтау органының бастығы бекіткен өз қаулысымен өзінің іс жүргізуіне қабылдап алуға және ҚР ҚПК айқындалған нысандарда сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыруға, заңда оларды анықтау органы бастығының бекітуі не келісуі не прокурордың, соттың, тергеу судьясының санкциялары немесе соттың шешімі көзделген жағдайларды қоспағанда, тергеу әрекеттері мен басқа да процестік әрекеттерді жүргізу туралы шешімді дербес қабылдауға құқылы. Алдын ала тергеу жүргізу міндетті емес істер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде анықтаушы осы Кодекстің 190, 191-баптарында көзделген ерекшеліктерді қоспағанда, алдын ала тергеу жүргізу үшін осы Кодексте көзделген қағидаларды басшылыққа алады. Анықтаушы, алдын ала тергеу жүргізілетін істер бойынша анықтау органы бастығының тапсырмасы бойынша кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін жүргізуге

уәкілетті, ол туралы жиырма төрт сағаттан кешіктірмей прокурор мен алдын ала тергеу органын хабардар етуге міндетті.

Анықтаушы соттың, прокурордың, алдын ала тергеу органының және анықтау органының жекелеген тергеу әрекеттерін жүргізу туралы, қылмыстық процеске қатысатын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын қолдану туралы тапсырмаларын орындауға міндетті. Үкімнің азаматтық талап қою, басқа да мүліктік өндіріп алулар немесе мүлікті ықтимал тәркілеу бөлігінде орындалуын қамтамасыз ету мақсатында анықтаушы күдіктінің немесе олардың әрекеттері үшін заң бойынша материалдық жауаптылықта болатын тұлғалардың мүлкін анықтауға шаралар қолдануға міндетті.

Анықтау органы бастығының нұсқаулары анықтаушы үшін міндетті. Анықтау органы бастығының қылмыстық істер жөніндегі нұсқауларына прокурорға шағым жасалуы мүмкін. Нұсқауларға шағым жасалуы, күдіктінің іс-әрекетін саралау және күдік көлемі, істі айыптау актісімен бірге прокурорға жіберу немесе қылмыстық істі тоқтату туралы нұсқауларды қоспағанда, олардың орындалуын тоқтата тұрмайды.

5.3. Өз құқықтары мен мүдделерін немесе өздері өкілдік ететін құқықтар мен мүдделерді қорғап процеске қатысушылар (ҚР ҚПК 64-77 баптары)

Өз құқықтары мен мүдделерін немесе өздері өкілдік ететін құқықтар мен мүдделерді қорғап процеске қатысушылар - өз құқықтары мен мүдделерін қорғап іске қатысушылар және өздері өкілдік ететін құқықтар мен мүдделерді қорғап процеске қатысушылар деп екіге бөлінеді. *Бірінші топқа*: күдікті (ҚР ҚПК-нің 64-бабы); айыпталушы (ҚР ҚПК-нің 65-бабы); жәбірленуші (ҚР ҚПК-нің 71-бабы); жеке айыптаушы (ҚР ҚПК-нің 72-бабы); азаматтық талапкер (ҚР ҚПК-нің 73-бабы); азаматтық жауапкер (ҚР ҚПК-нің 74-бабы) жатқызылады. Ал екіншісіне: қорғаушы (ҚР ҚПК-нің 66-бабы); кәмелетке толмаған күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталғанның заңды өкілдері (ҚР ҚПК-нің 75-бабы); жәбірленушінің, азаматтық талапкердің және жеке айыптаушының өкілдері (ҚР ҚПК-нің 76-бабы); азаматтық жауапкердің өкілі (ҚР ҚПК-нің 77-бабы) кіреді). Яғни аталған қатысушылардың бір тобы өздерін қорғау үшін, ал екіншілері біреу үшін іске қатысады.

5.3.1. Күдіктінің ұғымы және іс жүргізу мәртебесі

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 64-бабына сәйкес**,** *күдікті* болып, 1) өзіне қатысты күдікті ретінде тану туралы қаулы шығарылған; 2) ҚР ҚПК-нің 131-бабының тәртібімен ұстап алынған; 3) өзіне қатысты күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы шығарылған; 4) қылмыстық теріс қылық жасады деген күдіктің болуына байланысты жауап алынған адам табылады.

Яғни, тергеуші мен анықтаушы: азаматтардың арыздары; кінәсін мойындап келу; мемлекеттік органның лауазымды адамның немесе ұйымда басқару функцияларын атқарып отырған адамның хабарламасы; бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабар; лауазымды адамдардың және іс жүргізуге құқық берілген органдардың қылмыс туралы мәліметтерді тікелей анықтау

сияқты себептердің бірі болса, оларды анықтау мақсатында тергеу іс-әрекеттері жүргізіле отырып, қылмыстық құқық бұзушылықтың белгілерін көрсететін жеткілікті негіздер болған кезде қылмыстық іс туралы баянат жазылып Біркелкі реестірге ендіріледі. Осы сәттен бастап сотқа дейінгі тергеу басталады. Қылмыстық қудалау органы ұстап алу кезінде, күдіктінің қатысуымен кез келген тергеу әрекеттерін жүргізуді бастамас бұрын дереу күдіктіге оның Кодексте көзделген құқықтарын түсіндіруге міндетті, ол туралы ұстап алу хаттамасында, күдіктіден жауап алу хаттамасында және адамды күдікті деп тану және күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулыларда белгі жасалады. Күдікті ұстап алынған жағдайда ұстап алу туралы хаттама жасалған кезден бастап жиырма төрт сағаттан кешіктірілмей, оның өзі таңдаған немесе тағайындалған қорғаушымен алғашқы жауап алуға дейін оңаша және құпия кездесу құқығы қамтамасыз етіле отырып, одан жауап алынуға тиіс. Ұстап алынған күдікті өзінің тұрғылықты жеріне немесе жұмыс орнына өзінің ұсталғандығы және ұсталып отырған жері туралы телефон арқылы немесе өзге де тәсілмен дереу хабарлауға құқылы. Ұстап алу туралы хабар сотқа дейінгі тергеп-тексеруге кедергі келтіруі мүмкін деп пайымдауға негіздер болған кезде, ұстап алуды жүзеге асырған қылмыстық қудалау органының лауазымды адамы ұстап алынған адамның кәмелетке толған отбасы мүшелерін, жақын туыстарын өзі хабардар ете алады. Мұндай хабарлау кейінге қалдырылмай жасалуға тиіс. Осындай хабарлау фактісі туралы ұстап алу хаттамасында белгі жасалады, онда ұстап алынғаны туралы хабарлаудың уақыты мен тәсілі көрсетіледі.

Ал, қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп адамды ұстау – оның қылмысқа қатыстылығын анықтау және оған қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану туралы мәселені шешу мақсатында қолданылатын іс жүргізулік мәжбүрлеу шарасы. Қылмыстық ізге түсуді жүзеге асырушы орган: ол адам қылмыс жасау кезінде немесе тікелей оны жасағаннан кейін ұсталғанда; көрген адамдар, оның ішінде жәбірленушілер қылмыс жасаушы ретінде ол адамдарды тура көрсетсе не ол адам жәбірленуші немесе басқа адам арқылы ұсталынса; ол адамда немесе киімінде, өзінде немесе тұратын үйінде қылмыстың анық ізі табылған кезде; жедел іздестіру қызметінің заңға сәйкес алынған материалдарында ол адамға қатысты ол жасаған немесе дайындап жатқан ауыр немесе аса ауыр қылмыс туралы деректер болған кезде бас бостандығынан айыру түрінде жаза қолданылуы мүмкін болған қылмыс жасағандығына күдік келтірілген адамды ұстауға құқылы.

Күдікті қылмыстық қудалау органына келуден жалтарған жағдайда, одан күдіктің мәні бойынша ол күштеп әкелінгеннен кейін дереу, ал қалған жағдайларда – қорғаушымен оңаша кездесу құқығын сақтай отырып, сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталардан кешіктірілмей жауап алынуға тиіс. Күдіктіден оған қарсы қолда бар күдікке қатысты, сол сияқты іс бойынша маңызы бар, оған белгілі өзге де мән-жайлар және дәлелдемелер жөнінде жауап алынуға тиіс. Егер күдікті бірінші жауап алу басталғанға дейін өзінің айғақтар беруден бас тарту құқығын пайдаланбаса, оған өзінің айғақтары қылмыстық процесте, оның ішінде кейіннен ол осы айғақтардан бас тартқан кезде де дәлелдемелер ретінде пайдаланылуы мүмкін екендігі туралы ескертілуге тиіс.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы күдікті негізсіз деп тапса, осы Кодексте белгіленген тәртіппен оған қатысты қолданылған процестік мәжбүрлеу шараларының күшін жоюға дереу шаралар қолдануға міндетті. Адамның күдікті жағдайында болуы ол айыпталушы мәртебесін алған немесе оған қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру тоқтатылған кезден бастап тоқтатылады.

Бұлтартпау шарасы болса, күдікті немесе айыпталушы анықтаудан, алдын ала тергеуден немесе соттан жасырынады, не істі сотта объективті зерттеуге және талдауға бөгет жасайды, немесе қылмыстық әрекетпен шұғылдануды жалғастырады деп ойлауға жеткілікті негіздер болған кезде, сондай-ақ үкімнің орындалуын қамтамасыз ету үшін қылмыстық процесті жүргізуші орган қолданатын шара.

Күдіктінің Қазақстан Республикасы ҚПК-не сәйкес: ұстап алуды жүзеге асырған адамнан өзіне тиесілі құқықтар туралы түсіндірме алуға; өзіне не үшін күдік келтірілгенін білуге; өз бетінше немесе өзінің туыстары немесе сенім білдірген адамдары арқылы қорғаушы шақыруға құқылы. Егер қорғаушыны күдікті, оның туыстары немесе сенім білдірген тұлғалары шақырмаса, қылмыстық қудалау органы ҚР ҚПК-нің 67-бабының үшінші бөлігінде көзделген тәртіппен қорғаушының қатысуын қамтамасыз етуге міндетті. Іс бойынша азаматтық талап қойылуына байланысты өзін азаматтық жауапкер деп таныған жағдайда оның құқықтарын пайдалануға; таңдаған немесе тағайындалған қорғаушысымен, оның ішінде жауап алу басталғанға дейін оңаша және құпия кездесуге; күдікті қорғаушыдан бас тартқан жағдайларды қоспағанда, қорғаушысы қатысып отырған кезде ғана айғақ беруге; күдікті, азаматтық жауапкер деп тану туралы, іс-әрекетін саралау туралы қаулылардың, ұстап алу хаттамасының, бұлтартпау шарасын таңдау және оның мерзімін ұзарту туралы өтінішхаттың және қаулының, қылмыстық істі тоқтату туралы қаулының көшірмелерін алуға; айғақ беруден бас тартуға; сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамнан кепіл түріндегі бұлтартпау шарасын және күзетпен ұстауға байланысты емес басқа шараларды қолдану тәртібі мен шарттары туралы түсіндірме алуға; дәлелдемелерді ұсынуға; өтініш хатты, оның ішінде қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішхатты және қарсылық білдірулерді мәлімдеуге; ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақ беруге; аудармашының тегін көмегін пайдалануға; өз өтінішхаты бойынша немесе қорғаушысының не заңды өкілінің өтінішхаты бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттеріне қылмыстық қудалау органының рұқсатымен қатысуға; заңда көзделген жағдайларда, оның ішінде медиация тәртібімен жәбірленушімен татуласуға; тергеп-тексерудің кез келген сатысында жазалаудың түрі мен шарасы туралы өз ұсыныстарын баяндай отырып, прокурорға процестік келісім жасасу туралы өтінішхат мәлімдеуге не оны жасасуға келісім білдіруге және процестік келісімді жасасуға; өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға және хаттамаларға ескертулер беруге; тергеушінің, анықтаушының, прокурордың және соттың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағым келтіруге; өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін өзге де тәсілдермен қорғауға; сараптама тағайындалған және жүргізілген кезде, сондай-ақ өзіне сарапшының

қорытындысы ұсынылған кезде заңда көзделген әрекеттерді жүзеге асыруға; тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін белгіленген тәртіппен іс материалдарымен танысуға және одан, мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, кез келген мәліметтерді көшіріп алуға, сондай-ақ ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып, олардың көшірмелерін түсіруге; қылмыстық қудалауды қысқартуға қарсылық білдіруге; жасырын тергеу іс-әрекеттеріне қатысты мәселелерді қоспағанда, өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын процестік шешімдердің қабылданғаны туралы өзін қылмыстық процесті жүргізетін органның кейінге қалдырмай хабардар етуіне, сондай-ақ олардың көшірмелерін алуға; өзіне қарсы айғақ берген куәден қосымша жауап алу туралы, өзі көрсеткен адамдарды куә ретінде шақыру және олардан жауап алу, олармен беттестіру туралы өтінішхат беруге құқылы.

Күдіктінің қорғаушысының немесе заңды өкілінің болуы күдіктінің қандай да бір құқығын жоюға немесе шектеуге негіз бола алмайды.

5.3.2. Айыпталушының ұғымы және қылмыстық процестегі мәртебесі

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 65-бабына сәйкес, айыпталушы болып прокурор айыптау актісін бекіткен; прокурор қылмыстық теріс қылық туралы хаттаманы бекіткен және қылмыстық істі қылмыстық заңның тиісті бабы (баптары) бойынша сотқа жіберу туралы шешім қабылдаған; сотқа дейінгі тергеп-тексеру ҚР ҚПК-нің 617-бабының төртінші бөлігінде көзделген тәртіппен процестік келісім жасасу арқылы аяқталған адам танылады. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталған сәттен бастап қылмыстық ізге түсу органдары арқылы іс бойынша (алдын ала тергеу және анықтау нысаны бойынша) айыптау актісін жасап, істі прокурорға береді. Прокурор актімен келіскен жағдайда оны бекітеді және осы мезетте айыпталушының мәртебесі пайда болады. Қылмыстық теріс қылықтар бойынша іс жүргізу органдары арқылы қылмыстық теріс қылық туралы хаттама жасалады. Ал, жекеше айыптау істері бойынша *айыпталушы* жәбірленушінің сотқа оны қылмыстық жауаптылыққа тарту туралы берген шағымы арқылы пайда болады, себебі жекеше айыптау істері бойынша сотқа дейінгі тергеу стадиясы болмайды. Тергеу органдарына жекеше айыптау нысанында қаралатын істер түскен жағдайларда арыз шағымдар тергеуші, анықтаушы, прокурор арқылы сотқа жіберіледі. Тұлғаға қатысты сотта іс басталғанда ол айыпталушыға айналады. Ал, жекеше айыптау істері бойынша өзіне қатысты шағымды сот өзінің іс жүргізуіне қабылдаған айыпталушы сотталушы деп аталады.

Айыпталушыға күдіктімен бірдей құқықтар беріледі. Сонымен қатар, айыпталушының: өзінің не үшін айыпталып отырғанын білуге; прокурор бекіткен айыптау актісінің, қылмыстық теріс қылық туралы хаттаманың көшірмесін алуға; өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін құралдармен және тәсілдермен қорғауға және қорғануға дайындалу үшін жеткілікті уақыт пен мүмкіндікке ие болуға; іс бойынша азаматтық талап қойылуына байланысты өзін азаматтық жауапкер деп таныған жағдайда оның құқықтарын пайдалануға; тергеп-тексерудің кез келген сатысында процестік

келісім жасасу туралы өтінішхат мәлімдеуге немесе оған келісім білдіруге және процестік келісім жасасуға, процестік келісімнің көшірмесін алуға; қылмыстық істі алқабилер қатысатын соттың қарауы туралы өтінішхат мәлімдеуге құқығы бар. Аталған құқықтардан бөлек, айыпталушының әрбір тергеу іс-әрекеттер жүргізу барысында да қосымша құқықтарға да ие бола алады. Мысалы, Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 274-бабына сәйкес, сараптама тағайындалған уақытта сарапшыдан бас тартуға немесе сараптама жүргізуден сот сараптамасы органын шеттету туралы өтініш жасауға және т.б. құқықтары бар.

Айыпталушыда қорғаушысының немесе заңды өкілінің болуы айыпталушының қандай да бір құқығын жоюға немесе шектеуге негіз бола алмайды. Айыпталушы осы құқықтардың жиынтығын пайдалана отырып, заңсыз, негізсіз айыптаудан қорғануды жүзеге асыра алады. Сонымен қатар, сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу барысында және сот талқылауы кезінде өзінің мүддесін сақтауға әрекет жасай алады. Айыпталушының Қазақстан Республикасы ҚПК-мен бекітілген бұл құқықтарын біз процессуальдық құқықтар деп атаймыз.

5.3.3. Қорғаушының ұғымы және оның қылмыстық процестегі мәртебесі

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 66-бабының 1-бөлігіне сәйкес, қорғаушы – қорғалуға құқығы бар куәның, күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталған адамның, ақталған адамның құқықтары мен мүдделерін заңда белгіленген тәртіппен қорғауды жүзеге асыратын және оларға қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде заң көмегін көрсететін адам.

Адвокат қорғаушы ретінде қатысады. Адвокат қылмыстық процеске қорғаушы ретінде қатысқан кезде қорғалуға құқығы бар куәнің, күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталған адамның, ақталған адамның жазбаша арызы бойынша оларды адвокатпен қатар қорғауды: жұбайы (зайыбы) немесе жақын туысы, қорғаншысы, қамқоршысы не қорғалатын адамды қорғаншылыққа немесе асырауына алған ұйымның өкілі жүзеге асыра алады. Жақын туыстарға – ата-аналар, балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілер мен апалы-сіңлілер, ата, әже, немерелерді жатқызуға болады (ҚР ҚПК-нің 7-бабы).

Шетелдік адвокаттардың іске қорғаушылар ретінде қатысуына, егер бұл Қазақстан Республикасының тиісті мемлекетпен жасасқан халықаралық шартында өзара түсіністік негізде көзделсе, заңнамада белгіленген тәртіппен жол беріледі. Мысалы, ТМД елдерінің адвокаттарын іске қорғаушы ретінде жіберуге болады. Қорғаушы қылмыстық процеске, адамның қорғалуға құқығы бар куә, күдікті, айыпталушы мәртебесін алған кезінен бастап қылмыстық процестің кез келген кезінде іске қатысуға құқылы. Егер қорғалуға құқығы бар куәлардың, күдіктілердің, айыпталушылардың, сотталушылардың біреуінің мүддесі екіншісінің мүддесіне қайшы келетін болса, бір сол адам олардың екеуіне бірдей қорғаушы бола алмайды. Адвокаттың өзі мойнына алған қорғалуға құқығы бар куәны, күдіктіні немесе айыпталушыны, сотталушыны, сотталған адамды, ақталған адамды қорғаудан бас тартуға құқығы жоқ.

Адвокат қорғаушы ретінде заң кеңесінің ордерін және адвокаттық қызмет куәлігін көрсеткеннен кейін іске жіберіледі. Ал, күдікті мен айыпталушының жақын туыстары олардың құқықтарын қорғау үшін іске тартылса, іс жүргізу органдары және сот ол туралы тиісті қаулы шығарады.

Қорғаушының іске міндетті қатысуы

Қорғаушының қылмыстық іске қатысуы:

1) бұл туралы күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам өтінішхат берсе;

2) күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам кәмелеттік жасқа толмаса;

3) күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам дене немесе психикалық кемістігі салдарынан өзінің қорғалу құқығын өз бетінше жүзеге асыра алмаса;

4) күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам сот ісі жүргізілетін тілді білмесе;

5) адамға жазалау шарасы ретінде он жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру, өмір бойына бас бостандығынан айыру не өлім жазасы тағайындалуы мүмкін болатын қылмыс жасады деп күдік келтірілсе, айып тағылса;

6) күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға, сотталған адамға бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау қолданылса немесе олар стационарлық сот-психиатриялық сараптамаға мәжбүрлеп жіберілсе;

7) күдіктілердің, айыпталушылардың, сотталушылардың, сотталғандардың, ақталғандардың мүдделері арасында қайшылықтар болып, олардың біреуінің қорғаушысы болса;

8) қылмыстық процеске жәбірленушінің (жекеше айыптаушының) немесе азаматтық талапкердің өкілі қатысса;

9) іс сотта қаралған кезде оған мемлекеттік айыптауды қолдайтын прокурор (мемлекеттік айыптаушы) қатысса;

10) күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде болса және қылмыстық қудалау органдарына немесе сотқа келуден жалтарса;

11) процестік келісім және оны жасасу туралы өтінішхат мәлімделсе, міндетті болып табылады.

Қорғаушы іске: бұл туралы күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам өтінішхат берсе; күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам кәмелеттік жасқа толмаса; күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам дене немесе психикалық кемістігі салдарынан өзінің қорғалу құқығын өз бетінше жүзеге асыра алмаса; күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам сот ісі жүргізілетін тілді білмесе; адамға жазалау шарасы ретінде он жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру, өмір бойына бас бостандығынан айыру не өлім жазасы тағайындалуы мүмкін болатын қылмыс жасады деп күдік келтірілсе, айып тағылса; күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға, сотталған адамға бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау қолданылса немесе олар стационарлық сот-

психиатриялық сараптамаға мәжбүрлеп жіберілсе; күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде болса және қылмыстық қудалау органдарына немесе сотқа келуден жалтарса – адамды күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам деп танығаннан кезден; күдіктілердің, айыпталушылардың, сотталушылардың, сотталғандардың, ақталғандардың мүдделері арасында қайшылықтар болып, олардың біреуінің қорғаушысы болса – күдіктілердің, айыпталушылардың, сотталушылардың, сотталғандардың, ақталғандардың мүдделері арасында қайшылық анықталған кезден бастап; қылмыстық процеске жәбірленушінің (жекеше айыптаушының) немесе азаматтық талапкердің өкілі; іс сотта қаралған кезде оған мемлекеттік айыптауды қолдайтын прокурор (мемлекеттік айыптаушы) қатысса – іске жәбірленушінің өкілі, прокурор қатысқан кезден; процестік келісім және оны жасасу туралы өтінішхат мәлімделсе – күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам процестік келісім жасасу туралы өтінішхат мәлімдеген кезден бастап жіберіледі.

Егер қорғаушыны күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталған адамның, ақталған адамның өзі, олардың заңды өкілдері, сондай-ақ олардың тапсыруы бойынша басқа да тұлғалар шақырмаса, қылмыстық процесті жүргізетін орган процестің тиісті сатысында қорғаушының қатысуын қамтамасыз етуге міндетті, бұл туралы ол адвокаттардың кәсіби ұйымы үшін міндетті қаулы шығарады.

5.3.4. Қорғаушыны шақыру, тағайындау, алмастыру, оның еңбегіне ақы төлеу

Қорғаушы ретінде адвокатты қорғалуға құқығы бар куә, күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам, олардың заңды өкілдері, сондай-ақ қорғалуға құқығы бар куәның, күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталған адамның, ақталған адамның тапсыруы бойынша немесе келісуімен басқа да тұлғалар шақырады. Күдікті, қорғалуға құқығы бар куә, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам қорғалу үшін бірнеше адвокатты қорғаушы ретінде шақыруға құқылы. Қорғалуға құқығы бар куәнің, күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталған адамның, ақталған адамның өтінуі бойынша қорғаушының қатысуын қылмыстық процесті жүргізетін орган қамтамасыз етеді.

Таңдалған немесе тағайындалған қорғаушы ұзақ мерзім (кемінде бес тәулік) бойы қатыса алмайтын жағдайларда, қылмыстық процесті жүргізетін орган қорғалуға құқығы бар куәға, күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға, сотталған адамға, ақталған адамға басқа қорғаушыны шақыруды ұсынуға немесе адвокаттардың кәсіби ұйымы немесе оның құрылымдық бөлімшелері арқылы қорғаушыны тағайындау шараларын қолдануға құқылы. Қылмыстық процесті жүргізетін органның қорғаушы ретінде белгілі бір адамды шақыруға ұсыныс жасауға құқығы жоқ. Ұстап алу немесе күзетпен қамауға алу жағдайында, егер күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам таңдаған қорғаушы жиырма төрт сағаттың ішінде келе алмайтын болса,

қылмыстық процесті жүргізетін орган күдіктіге, сотталушыға, сотталған адамға, ақталған адамға басқа қорғаушыны шақыруды ұсынады, ал одан бас тартылған жағдайда, адвокаттардың кәсіби ұйымы немесе оның құрылымдық бөлімшелері арқылы қорғаушыны тағайындау шараларын қолданады.

Адвокаттың еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына және «Қазақстан Республикасы адвокатурасы және адвокаттық қызмет туралы» заңына сәйкес жүргізіледі. Қылмыстық процесті жүргізетін орган осыған негіздер болған кезде күдіктіні, айыпталушыны, сотталушыны, сотталған адамды, ақталған адамды заң көмегіне ақы төлеуден толық немесе ішінара босатуға міндетті. Бұл жағдайда еңбекке ақы төлеу мемлекет есебінен жүргізіледі. қылмыстық іс бойынша қандайда да бір шешім шығарылған соң, іс жүргізу органдары адвокаттың қатысқандығын және қанша мерзім қатысқандығын растайтын тиісті қаулы шығарады. Қаулының көшірмесін тиісті органның қаржы бөліміне жібереді және ол сол жерден тиісті қаражатты ала алады. Адвокат қорғаушы ретінде адвокат куәлігін және өзінің нақты адамды қорғауға өкілеттігін куәландыратын ордерді көрсеткен кезде іске кіріседі. Ал қорғаушы ретінде тартылған өзге тұлғалар өзінің қорғаушы ретінде қылмыстық процеске қатысу құқығын растайтын құжаттарды (неке туралы куәлікті, күдіктімен, айыпталушымен, сотталушымен, сотталған адаммен, ақталған адаммен туыстық қатынастарын растайтын құжатты, қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдардың шешімдерін) ұсынады.

Қорғаушыдан бас тарту

Күдікті, айыпталушы, сотталушы іс бойынша іс жүргізудің кез келген сәтінде қорғаушыдан бас тартуға құқылы. Осындай бас тарту қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге тартылған қорғаушының қатысуымен күдіктінің, айыпталушының, сотталушының бастамасы бойынша ғана жол беріледі. Қорғаушыдан заң көмегіне ақы төлеу үшін қаражаттың жоқтығы себептерінен бас тарту қабылданбайды. Бас тарту жазбаша нысанда рәсімделеді немесе тиісті тергеу немесе сот әрекетінің хаттамасында көрсетіледі. Қорғаушыны таңдау жөнінде іске қатысушылар өтініш жазады.

Күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам кәмелеттік жасқа толмаса; күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам дене немесе психикалық кемістігі салдарынан өзінің қорғалу құқығын өз бетінше жүзеге асыра алмаса; күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам сот ісі жүргізілетін тілді білмесе; адамға жазалау шарасы ретінде өлім жазасы немесе өмір бойына бас бостандығынан айыру тағайындалуы мүмкін қылмыстарды жасады деп күдік келтірілген кезде; күдіктіні стационарлық сот-психиатриялық сараптамаға мәжбүрлеп жіберу кезінде қылмыстық процесті жүргізетін орган күдіктінің, айыпталушының қорғаушыдан бас тартуын қабылдай алмайды.

Қорғаушыдан бас тарту адамды бұдан әрі қорғаушыны қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатысуға жіберу туралы өтінішхат беру құқығынан айырмайды. Қорғаушының процеске кірісуі осы уақытқа дейін тергеп-тексеру

немесе сот талқылауы барысында жасалған әрекеттерді қайталауға әкеп соқпайды.

Қорғаушының өкілеттіктері

Қорғаушы күдікті, айыптауды теріске шығаратын немесе күдіктінің, айыпталушының жауаптылығын жеңілдететін мән-жайларды анықтау мақсатында қорғаудың барлық заңды құралдары мен тәсілдерін пайдалануға және оларға қажетті білікті заң көмегін көрсетуге міндетті. Қорғаушының құқықтары келесідей түрлерге бөлінеді: басқа да қылмыстық іс жүргізудің қатысушылардың құқықтарымен бірдей құқықтар; тергеу іс-әрекеттерін жүргізу барысында берілетін құқықтар; қорғаушының оның қорғалуындағы адамның құқықтарымен бірдей құқықтары; қорғаушының арнайы құқықтары.

Қорғаушы: 1) күдіктімен, айыпталушымен саны мен ұзақтығы шектелмейтін оңаша және құпия кездесуге; 2) ҚПК көзделген тәртіппен, қылмыстық іс материалдарына міндетті түрде қоса тігілуге жататын, заң көмегін көрсету үшін қажетті нәрселерді, құжаттарды, мәліметтерді, сондай-ақ өзге де деректерді жинауға және ұсынуға; 3) күдіктіден, айыпталушыдан жауап алуға, сондай-ақ олардың қатысуымен немесе олардың өтінішхаты не қорғаушының өз өтінішхаты бойынша жүргізілетін өзге де тергеу әрекеттеріне және процестік әрекеттерге қатысуға; 4) қарсылық білдірулерді мәлімдеуге; 5) күдіктіге, айыпталушыға ұсынылған не ұсынылуға тиіс болатын ұстап алу хаттамасымен, бұлтартпау шарасын қолданудың және күзетпен ұстаудың, үйқамақтың мерзімін ұзарту туралы қаулымен, іс бойынша мерзімдерді үзу туралы хабарламамен, күдіктінің немесе қорғаушының өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен, ал сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін – істің барлық материалдарымен танысуға, одан мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді және айыптау куәларының тізімін қоспағанда, кез келген мәліметті кез келген көлемде көшіріп алуға, ғылыми-техникалық құралдардың көмегімен көшірмесін түсіруге, күдіктіге күдікті деп тану туралы, күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы жария етілген кезде қатысуға; 6) өтінішхаттарды, оның ішінде қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішхатты мәлімдеуге; 7) кез келген сатыдағы сотта істі алдын ала тыңдауға, сот талқылауына қатысуға, сот жарыссөздерінде сөйлеуге, істі жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта бастау кезінде, соттың бұлтартпау шарасын санкциялау туралы өтінішхаттарды қарауы кезінде, күзетпен ұстау, үйқамақ мерзімін ұзарту туралы өтінішхаттарды қарау кезінде, тергеу судьясы қорғаушы тараптың шағымдары мен өтінішхаттарын қараған кезде, айғақтар сақтауға қою кезінде сот отырысына қатысуға; 8) сот отырысының хаттамасымен танысуға, бұл ретте хаттаманың соңына өз қолын қоюға құқылы, ал сот отырысы хаттамасының бір бөлігімен танысқан кезде осы бөліктің соңына қол қоюға және оған ескерту енгізуге; 9) өзіне және өзінің қорғауындағы адамға табыс етілуге жататын процестік құжаттардың көшірмелерін алуға; 10) қылмыстық процесті жүргізетін адамның және қылмыстық процеске қатысатын өзге де адамдардың заңсыз әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) қарсылық білдіруге, бұл қарсылықтарды процестік құжаттарға енгізуді талап етуге; 11) анықтаушының, тергеушінің, прокурордың және

соттың әрекеттері (әрекетсіздігі) мен шешімдеріне шағым келтіруге және оларды қарауға қатысуға; 12) заңға қайшы келмейтін кез келген басқа да қорғау құралдары мен тәсілдерін пайдалануға; 13) қорғауындағы адамның қатысуымен процестік әрекеттің өткізілетін уақыты мен орны туралы, сондай-ақ қорғаушы тараптың шағымдарын, бұлтартпау шарасын қолдану, күзетпен ұстау мерзімін ұзарту, айғақтарды сақтауға қою туралы өтінішхаттарды қарауға байланысты барлық сот отырыстары туралы қылмыстық процесті жүргізетін орган арқылы күні бұрын хабардар етілуге құқылы.

Іске қорғаушы ретінде қатысатын адвокат аталған құқықтармен қатар, сондай-ақ: 1) тергеу судьясы алдында куәның және жәбірленушінің айғақтарын сақтауға қою туралы өтінішхат беруге; 2) сұрау салуды орындаудан бас тартылған не ол бойынша үш тәулік ішінде шешім қабылданбаған жағдайда тергеу судьясы алдында, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қоспағанда, күдіктіге, айыпталушыға, қорғалуға құқығы бар куәға білікті заң көмегін көрсету және олардың мүдделерін қорғау үшін қажет кез келген мәліметтерді, құжаттарды, нәрселерді талап етіп алдыру туралы өтінішхат беруге; 3) егер қылмыстық қудалау органы осындай өтінішхатты қанағаттандырудан негізсіз бас тартса не ол бойынша үш тәулік ішінде шешім қабылданбаса, тергеу судьясы алдында сараптама тағайындау туралы өтінішхат беруге; 4) істің мән-жайлары туралы бірдеңе білетін адамдардан сұрақ алуға, оның ішінде ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып, сұрақ алуға және осылайша алынған нақты деректерді іс материалдарына қосып тігу туралы өтінішхат беруге; 5) сарапшының, маманның іс бойынша қорытындыларын шарттық негізде алуға және осындай қорытындыларды іс материалдарына қосып тігу туралы өтінішхат беруге; 6) тергеу судьясы алдында өзі бұрын сұрақ алған айғақ беру үшін келуін қамтамасыз ету қиындық туғызатын куәны қылмыстық процесті жүргізетін органға мәжбүрлеп әкелу туралы өтінішхат беруге құқылы.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жауап алуды аяқтағаннан кейін тергеу әрекеттерін жүргізуге қатысатын қорғаушы жауап алынып жатқан адамдарға сұрақтар қоюға құқылы. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қорғаушының сұрақтарын қабылдамауына болады, бірақ берілген сұрақтардың бәрін хаттамаға енгізуге міндетті. Қорғаушы тергеу әрекетінің хаттамасына оның жазбаларының дұрыстығы мен толықтығына байланысты жазбаша ескертулер жасауға құқылы.

Қорғаушы: өзінің қорғауындағы адамның мүдделеріне қарсы қандай да бір әрекеттер жасауға және оған тиесілі құқықтарды жүзеге асыруына кедергі келтіруге; қорғауындағы адамның ұстанымына қарамастан, оның қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысы барын және оны жасауда кінәлі екенін мойындауға, қорғауындағы адамның жәбірленушімен татуласқаны туралы мәлімдеуге; азаматтық талап қоюды мойындауға; қорғауындағы адам берген шағымдар мен өтінішхаттарды кері қайтарып алуға; заң көмегін көрсетуге өтініш білдіру және оны жүзеге асыруға байланысты өзіне белгілі болған мәліметтерді жариялауға құқылы жоқ (ҚР ҚПК-нің 70-бабы).

Қорғаушының ҚПК көзделген басқа да құқықтары мен міндеттері болады. Мысалы, өзінің қорғауындағы адамның мүдделеріне қарсы қандай да болмасын әрекет жасауға және оған тиесілі құқықтарды жүзеге асыруына кедергі жасауға; қорғауындағы адамның айқындамасына қарамастан оның қылмысқа қатысын және оны жасағанына кінәлілігін мойындауға, қорғауындағы адамның жәбірленушімен татуласқандығы туралы мәлімдеуге; азаматтық талапты мойындауға; қорғауындағы адам берген шағымдар мен өтініштерді кері қайтарып алуға; заңгерлік көмек көрсетуге өтініш білдіруге және оны жүзеге асыруына байланысты өзіне белгілі болған мәліметтерді жариялауға құқығы жоқ.

5.3.5. Жәбірленушінің ұғымы және оның іс жүргізу мәртебесі

Жәбірленуші болып қылмыстық құқық бұзушылық өзіне тікелей моральдық, тәндік немесе мүліктік зиян келтірді деп пайымдауға негізі бар тұлға табылады. Ал, қылмыстық құқық бұзушылықпен өзіне мүліктік зиян келтірілген заңды тұлға жәбірленуші болып танылуы мүмкін. Бұл жағдайда жәбірленушінің құқықтары мен міндеттерін заңды тұлғаның өкілі жүзеге асырады. Адамдар немесе ұйымдар - анықтаушы, тергеуші, тергеу тобының жетекшісі, тергеу бөлімінің бастығы, прокурор ол туралы жәбірленуші деп тану туралы қаулы, ал сот – жәбірленуші деп тану туралы ұйғарым шығарады. Жәбірленуші деп тану туралы қаулыны арыз-шағымдар түскен сәттен, ақпараттарды тіркеу кітабына (АТК) енгеннен бастап, сотқа дейінгі тергеу және өзге стадияларда шығаруға болады. Егер адамды жәбірленуші деп таныған кейін оның бұл жағдайда болуы үшін негіздер жоқ екені белгіленсе, қылмыстық процесті жүргізуші орган өзінің қаулысымен ол адамның іске жәбірленуші ретінде қатысуын тоқтатады.

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 71-бабына сәйкес, тұлғаны қай стадияда жәбірленуші ретінде тану қажет екендігі көрсетілмегендіктен, оны қылмыстық іс жүргізудің кез-келген стадиясында жәбірленуші ретінде тануға береді. Ал, қылмыстық құқық бұзушылық салдарынан адам қайтыс болған істер бойынша жәбірленушінің осы бапта көзделген құқықтарын қайтыс болған адамның жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) жүзеге асырады. Егер жәбірленушінің құқықтарын беруге қылмыстық құқық бұзушылық арқылы моральдық зиян келтірілген бірнеше адам үміткер болып отырса, олардың бәрі не олардың арасындағы келісім бойынша олардың біреуі жәбірленуші болып танылады. Ол туралы іс жүргізу органдары тиісті қаулы шығарады.

Жәбірленуші келесідей құқықтарға ие болады: 1) келтірілген күдік пен тағылған айыптау туралы білуге; 2) ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақ беруге; 3) дәлелдемелерді ұсынуға; 4) өтінішхаттар мен қарсылық білдірулерді мәлімдеуге; 5) аудармашының тегін көмегін пайдалануға; 6) өкілінің болуына; 7) қылмыстық қудалау органы одан дәлелдеу құралы ретінде алып қойған немесе өзі ұсынған мүлікті, сондай-ақ қылмыстық заңмен тыйым салынған іс-әрекетті жасаған адамнан алып қойылған, өзіне тиесілі мүлікті алуға, өзіне тиесілі құжаттардың төлнұсқаларын алуға; 8) заңда көзделген жағдайларда күдіктімен, айыпталушымен, сотталушымен татуласуға, оның ішінде медиация

тәртібімен татуласуға; 9) өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға және оларға ескертулер беруге; 10) өз өтінішхаты не өз өкілінің өтінішхаты бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттеріне тергеушінің немесе анықтаушының рұқсатымен қатысуға; 11) сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін істің барлық материалдарымен танысуға, одан, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қоспағанда, кез келген мәліметті және кез келген көлемде көшіріп алуға; 12) өзіне және өзінің отбасы мүшелеріне қауіпсіздік шараларын ұсыну, жеке өмірінің мән-жайларын жария етпеу туралы, күдіктіге қатысты жақындауға тыйым салуды қолдану туралы өтінішхаттар мәлімдеуге; 13) өзін жәбірленуші деп тану немесе танудан бас тарту, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тоқтату туралы қаулылардың, айыптау актісінің көшірмелерін, сондай-ақ бірінші, апелляциялық, кассациялық сатылардағы және қадағалау сатысындағы соттың үкімі мен қаулысының көшірмелерін алуға; 14) бірінші, апелляциялық, кассациялық сатылардағы және қадағалау сатысындағы сотта істі соттың талқылауына қатысуға; 15) сот жарыссөздерінде сөйлеуге; 16) айыптауды, оның ішінде мемлекеттік айыптаушы айыптаудан бас тартқан жағдайда да қолдауға; 17) сот отырысының хаттамасымен танысуға, бұл ретте хаттаманың соңына өз қолын қоюға, ал сот отырысы хаттамасының бір бөлігімен танысқан кезде осы бөліктің соңына қол қоюға; ал сот отырысында аудио-, бейнетіркеу қолданылған жағдайда – хаттаманың соңына қол қоюға, хаттамаға ескертулер беруге құқылы; 18) қылмыстық процесті жүргізетін органның әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым келтіруге; 19) соттың үкімі мен қаулысына шағым жасауға; 20) іс бойынша келтірілген шағымдар мен наразылықтар туралы білуге және оларға қарсылық беруге және оларды қарауға қатысуға; 21) өз құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін өзге де тәсілдермен қорғауға; 22) тараптардың процестік келісім жасасу ниеті, оның шарттары мен салдары туралы білуге, қылмыспен келтірілген залалды өтеу бойынша өз шарттарын ұсынуға не оны жасасуға қарсылық білдіруге құқығы бар.

Егер, кәмелетке толмағандар болып табылатын немесе сот ісін жүргізу тілін білмейтін не өзінің дене немесе психикалық жағдайы бойынша өз құқықтары мен заңды мүдделерін өз бетінше қорғау мүмкіндігінен айырылған жәбірленушілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін процеске міндетті түрде қатысуға олардың заңды өкілдері мен өкілдері тартылады. Мұндай жағдайларда жәбірленушінің өкілі ретінде жәбірленуші не оның заңды өкілі таңдаған адвокат жіберіледі. Егер адвокатты жәбірленушінің өзі немесе оның заңды өкілі шақырмаса, қылмыстық процесті жүргізетін орган адвокаттардың кәсіби ұйымы немесе оның құрылымдық бөлімшесі үшін міндетті қаулы шығару арқылы адвокаттың қатысуын қамтамасыз етеді. Қылмыстық процесті жүргізетін орган қорғаушы ретінде нақты адвокатты шақыруды ұсынуға құқылы емес. Жәбірленушіде немесе оның заңды өкілінде қаражат болмаған жағдайда, адвокаттың еңбегіне ақы төлеу мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі (ҚР ҚПК-тің 76-бабы).

Жәбірленушінің, ал ол қайтыс болған жағдайда – оның құқықтық мирасқорларының аса ауыр қылмыспен келтірілген мүліктік зиян үшін, егер

осындай қылмысы үшін сотталған адамның осы қылмыспен келтірілген залалды өтеу үшін жеткілікті мүлкі болмаса, бюджет қаражаты есебінен ақшалай өтемақы алуға құқығы бар. Мұндай жағдайда бюджет қаражаты есебінен ақшалай өтемақы төлеу туралы мәселені үкім шығарған сот жәбірленушінің не оның құқықтық мирасқорының арызы бойынша шешеді. Көрсетілген жағдайларда, егер залал бір жүз елу айлық есептік көрсеткіштен аспаса, жәбірленушінің залалды толық көлемде өтеткізуге құқығы бар.

Жәбірленуші: қылмыстық процесті жүргізетін органның шақыруы бойынша келуге, іс бойынша барлық белгілі мән-жайларды шынайы хабарлауға және қойылған сұрақтарға жауап беруге; өзіне іс бойынша белгілі мән-жайлар туралы мәліметтерді жария етпеуге; тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде және сот отырысы уақытында белгіленген тәртіпті сақтауға міндетті. Жәбірленуші дәлелсіз себептермен шақыру бойынша келмеген кезде мәжбүрлеп алып келуге ұшырауы мүмкін (ҚР ҚПК-нің 157-бабы)немесе оған ақшалай өндіріп алу қолданылуы мүмкін.

Жәбірленуші айғақтар беруден бас тартқаны және көрінеу жалған айғақтар бергені үшін Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің 419, 421-баптарына сәйкес, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болады.

5.3.6. Жекеше айыптаушының ұғымы және қылмыстық процестегі мәртебесі

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 72-бабына сәйкес, жекеше айыптау ісі бойынша сотқа шағым берген және сотта айыптауды қолдайтын тұлға, сондай-ақ жариялы және жекеше-жариялы айыптау істері бойынша мемлекеттік айыптаушы айыптаудан бас тартқан жағдайда, сотта айыптауды жеке өзі қолдайтын жәбірленуші жекеше айыптаушы болып табылады. Жекеше айыптаушының мәртебесі қылмыстық іс сотқа түскен соң пайда болады. Мысалы, жариялы және жекеше-жариялы айыптау істері бойынша прокурор, егер айыптау сот талқылауында қолдау таппады деген түйінге келсе, айыптаудан (толық немесе ішінара) бас тартуға міндетті. Сот тергеуі немесе сот жарыссөзі кезінде мемлекеттік айыптаушының айыптаудан бас тартуына жол беріледі. Прокурор айыптаудан толық бас тартқан жағдайда, егер айыптаудан жәбірленуші де бас тартса, сот өз қаулысымен істі тоқтатады. Егер жәбірленуші айыптауды талап етсе, сот талқылауды жалғастырып, істі жалпы тәртіппен шешеді. Бұл жағдайда прокурор процеске одан әрі қатысудан босатылады, ал айыптауды жәбірленушінің өзі немесе өкілі арқылы қолдайды (ҚР ҚПК-нің 337-бабы). Жәбірленуші кәмелетке толмаған немесе әрекетке қабілетсіз болған жағдайда, оның өтініші бойынша, өтінуді мәлімдеген немесе шағым берген заңды өкілі *жекеше айыптаушы* болып саналады.

Жекеше айыптаушы жәбірленушінің барлық құқықтарын пайдаланады және барлық міндеттерін көтереді. Сонымен қатар, сондай-ақ сот тергеуі кезінде жекеше айыптаушы және оның өкілі шағымды баяндай алады (ҚР ҚПК-нің 411-бабы). Жекеше айыптаушы өзіне тиесілі құқықтарын пайдаланады және өзіне жүктелген міндеттерді жеке өзі немесе өкілі арқылы атқарады.

5.3.7. Азаматтық талапкердің ұғымы және қылмыстық іс жүргізудегі мәртебесі

Қылмыстық құқық бұзушылықпен немесе есі дұрыс емес адамның іс-әрекетімен келтірілген мүліктік немесе моральдық зиянды өтеу туралы азаматтық талап қойған жеке немесе заңды тұлға азаматтық талапкер болып танылады (ҚР ҚПК-нің 73-бабы). Сот, прокурор, тергеуші және анықтаушы тұлғаны азаматтық талапкер деп тану туралы тиісті қаулы шығара алады. Кәмелетке толмағандардың, сондай-ақ заңда белгіленген тәртіппен әрекет қабілеті жоқ деп танылған адамдардың мүдделерін қорғауға азаматтық талапты олардың заңды өкілдері қоюы мүмкін. Сонымен қатар, прокурор осы жағдайларда өз бастамашылығы бойынша жеке немесе заңды тұлғаны азаматтық талапкер деп тануға құқылы.

Азаматтық талапкердің өзі қойған талапты қолдау мақсатында: 1) күдіктің, айыптаудың мәнін білуге; 2) дәлелдемелерді ұсынуға; 3) қойылған талап бойынша түсініктеме беруге; 4) қылмыстық іске қосып тігу үшін материалдарды ұсынуға; 5) өтініш хаттар мен қарсылық білдірулерді мәлімдеуге, ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақтар мен түсініктемелер беруге; 6) аудармашының тегін көмегін пайдалануға, өкілінің болуына; 7) өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға; 8) өзінің өтінішхаты бойынша немесе өкілінің өтінішхаты бойынша жүргізілген тергеу әрекеттеріне прокурордың, тергеушінің немесе анықтаушының рұқсатымен қатысуға; 9) тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін істің азаматтық талап қоюға қатысты материалдарымен танысуға және одан, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қоспағанда, кез келген мәліметті және кез келген көлемде жазып алуға; 10) өзінің мүддесін қозғайтын қабылданған шешімдер туралы білуге және мәлімделген азаматтық талап қоюға қатысты процестік шешімдердің көшірмелерін алуға; 11) азаматтық талап қоюдың кез келген сот сатысында қаралуына қатысуға; 12) сот жарыссөздерінде сөйлеуге; 13) сот отырысының хаттамасымен танысуға және оған ескертулер беруге; 14) қылмыстық процесті жүргізетін органның әрекеттері (әрекетсіздігі) мен шешімдеріне шағым келтіруге; 15) соттың үкімі мен қаулыларына азаматтық талап қоюға қатысты бөлігінде шағым жасауға; 16) іс бойынша азаматтық талап қою бөлігінде келтірілген шағымдар мен наразылықтар туралы білуге және оларға қарсылық беруге; 17) мәлімделген шағымдар мен наразылықтарды соттың қарауына қатысуға; 18) қауіпсіздік шараларын қолдану туралы мәлімдеуге құқығы бар. Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 173-бабына сәйкес, қылмыстық қудалау органының қаулысымен жәбірленушілер болып танылған тұлғалардың жәбірленушілерге зиянды өтеу қоры туралы заңнамалық актіде көзделген тәртіппен жәбірленушілерге зиянды өтеу қорының қаражаты есебінен алуға құқығы бар. Азаматтық талапкер: қылмыстық процесті жүргізетін органның шақыруы бойынша келуге, іс бойынша барлық белгілі мән-жайларды шынайы хабарлауға және қойылған сұрақтарға жауап беруге; өзіне іс бойынша белгілі мән-жайлар туралы мәліметтерді жария етпеуге; тергеу әрекеттерін

жүргізу кезінде және сот отырысы уақытында белгіленген тәртіпті сақтауға міндетті.

5.3.8. Азаматтық жауапкердің ұғымы және қылмыстық процестегі мәртебесі

Қылмыстық істе өзіне талап қойылған жеке немесе заңды тұлға азаматтық жауапкер болып танылады. Азаматтық жауапкер болып айыпталушы, сотталушы болып табылуы мүмкін. Тұлғаны азаматтық жауапкер ретінде тану соттың шешімі арқылы жүзеге асырылады. Қылмыстық құқық бұзушылықты есі кіресілі-шығасылы адам жасаған жағдайда, ол азаматтық жауапкер болып табылмайды.

Азаматтық жауапкердің өзіне қойылған талапқа байланысты өз мүдделерін қорғау мақсатында: 1) күдіктің, айыптаудың және азаматтық талап қоюдың мәнін білуге; 2) талап қоюға қарсылық білдіруге, қарсы талап қоюды беруге; 3) қойылған талаптың мәні бойынша түсініктемелер мен айғақтар беруге; 4) өкілінің болуына; 5) қылмыстық іске қосып тігу үшін материалдарды ұсынуға; 6) өтінішхаттар мен қарсылық білдірулерді мәлімдеуге; 7) тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін азаматтық талап қоюға қатысты материалдармен танысуға және одан, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қоспағанда, кез келген мәліметті және кез келген көлемде жазып алуға; 8) өзінің мүдделерін қозғайтын қабылданған шешімдер туралы білуге және мәлімделген азаматтық талап қоюға қатысты процестік шешімдердің көшірмелерін алуға; 9) азаматтық талап қоюдың кез келген сот сатысында қаралуына қатысуға; 10) сот жарыссөздерінде сөйлеуге, қылмыстық процесті жүргізетін органның әрекеттері (әрекетсіздігі) мен шешімдеріне шағым келтіруге; 11) сот отырысының хаттамасымен танысуға және оған ескертулер беруге; 12) соттың үкімі мен қаулысына азаматтық талап қоюға қатысты бөлігінде шағым жасауға; 13) іс бойынша азаматтық талап қоюға қатысты бөлігінде келтірілген наразылықтар мен шағымдар туралы білуге және оларға қарсылықтар беруге; 14) мәлімделген шағымдар мен наразылықтарды соттың қарауына қатысуға; 15) қауіпсіздік шараларын қолдану туралы мәлімдеуге құқығы бар. Азаматтық жауапкер: қылмыстық процесті жүргізетін органның шақыруы бойынша келуге, іс бойынша барлық белгілі мән-жайларды шынайы хабарлауға және қойылған сұрақтарға жауап беруге; өзіне іс бойынша белгілі мән-жайлар туралы мәліметтерді жария етпеуге; тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде және сот отырысы уақытында белгіленген тәртіпті сақтауға міндетті.

5.3.9. Кәмелетке толмаған күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталған адамның заңды өкілдері

Кәмелетке толмаған немесе есі дұрыс еместігін жоққа шығармайтын психикасының бұзылуынан зардап шегетін адам жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша іске қатысуға олардың заңды өкілдері тартылады. Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 7- бабына сәйкес, заңды өкілдерге олардың ата-аналары (ата-анасы), асырап алушылары, қорғаншылары, қамқоршылары, сондай-ақ күдіктіні, айыпталушыны немесе жәбірленушіні қорғап немесе

асырап отырған ұйымдар мен адамдардың өкілдері жатқызылады. ***С***отқа дейінгі іс жүргізу немесе сот талқылауы күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталған адамның қатысуынсыз жүзеге асырылса, онда олардың қылмыстық іске олардың заңды өкілдері міндетті түрде қатыстырылады.

5.3.10. Жәбірленушінің, азаматтық талапкердің және жекеше айыптаушының өкілдері және олардың процессуальдық мәртебесі

Қылмыстық процесте жәбірленушінің, азаматтық талапкердің және жекеше айыптаушының өкілдері деп олардың заңды мүдделерін білдіруге заң күшімен құқықты және қылмыстық процесті жүргізетін органның қаулысымен процеске қатысуға жіберілген адвокаттар мен өзге де тұлғаларды айтамыз. Кәмелетке толмағандар болып табылатын немесе сот ісін жүргізу тілін білмейтін не өзінің дене немесе психикалық жағдайы бойынша өз құқықтары мен заңды мүдделерін өз бетінше қорғау мүмкіндігінен айырылған жәбірленушілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін процеске міндетті түрде қатысуға олардың заңды өкілдері мен өкілдері тартылады. Мұндай жағдайларда жәбірленушінің өкілі ретінде іске өзі таңдаған адвокат жіберіледі. Егер адвокатты жәбірленушінің өзі немесе оның заңды өкілі шақырмаса, қылмыстық процесті жүргізетін орган адвокаттардың кәсіби ұйымынан адвокатты шақыру арқылы тұлғаны тиісті өкілмен қамтамасыз ете алады. Олар өкілдерді қатыстыру туралы тиісті қаулы шығарады. Қылмыстық процесті жүргізетін орган қорғаушы ретінде нақты адвокатты шақырта алмайды. Жәбірленушіде немесе оның заңды өкілінде қаражат болмаған жағдайда, адвокаттың еңбегіне ақы төлеу белгіленген тәртіпте мемлекет қаражаты есебінен жүргізіледі.

Жәбірленушінің, азаматтық талапкердің, жекеше айыптаушының өкілі өзі өкілі болып отырған процеске қатысушының мүдделеріне қайшы қандай да бір әрекеттер жасауға құқылы емес.

5.3.11. Азаматтық жауапкердің өкілдері

Қазақстан Республикасы ҚПК-77-бабына сәйкес, қылмыстық процесте азаматтық жауапкердің заңды мүдделерін білдіруге заң күшімен құқықты және қылмыстық процесті жүргізетін органның қаулысымен процеске қатысуға жіберілген адвокаттар және өзге де тұлғалар азаматтық жауапкердің өкілдері болып танылады. Азаматтық жауапкердің өкілдері Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 47-бабына сәйкес өздері өкілі болып отырған жеке немесе заңды тұлғалар сияқты процестік құқықтарға ие болады. Ол өзі өкілі болып отырған процеске қатысушының мүдделеріне қайшы қандай да бір әрекеттер жасауға құқылы емес. Ал, азаматтық жауапкердің процеске жеке өзінің қатысуы оны осы іс бойынша өкілге ие болу құқығынан айырмайды.

5.4. Қылмыстық процеске қатысушы өзге де тұлғалар (ҚР ҚПК 51-63 баптары)

Қылмыстық процеске қатысушы өзге де адамдар қатарына куә (ҚР ҚПК-нің 78-бабы), сарапшы (ҚР ҚПК-нің 79-бабы), маман (ҚР ҚПК-нің 80-бабы),

аудармашы (ҚР ҚПК-нің 81-бабы), куәгер (ҚР ҚПК-нің 82-бабы), сот отырысының хатшысы (ҚР ҚПК-нің 83-бабы) және сот приставы (ҚР ҚПК-нің 84-бабы), медиатор (ҚР ҚПК-нің 85-бабы) жатады. Қылмыстық процеске қатысушылардың үшінші тобын шартты түрде үш шағын топқа бөлуге болады.

Бірінші шағын топ— дәлелдер беру жөніндегі міндеттерді орындайтын процеске қатысушылар. Оларға: куәлер мен сарапшылар жатқызылады.

Екінші шағын топ – процессуальдық әрекеттерді жүзеге асыру үшін тартылатын процеске қатысушылар. Оған: куәгерлер, аудармашылар, мамандар, сот отырысының хатшысы, кепілдік берушілер, тануды жүзеге асыратын статистер немесе тұрғын үй пайдалану ұйымының өкілдері және т.б. жатады.

Үшінші шағын топ — сот шешімдерін орындауға және осыған байланысты үкімді орыңдау сатысында пайда болатын іс жүргізу мәселелерін шешуге қатысатын мекемелер мен ұйымдар. Аталған топ құрамына: үкімдер мен қаулылардың нақты орындалуын жүзеге асыратын әкімшілік өкілдері, сотталушыны ауруына, мүгедектігіне байланысты босату немесе оны ауруханаға орналастыру туралы қорытынды берген дәрігерлік комиссиялар өкілдері және т.б.кіреді.

5.4.1. Куәнің ұғымы, құқықтары мен міндеттері

Куә - іс үшін маңызы бар қандай да айғақтар беруші тұлға. Ол болған оқиғаны көруі, естуі мүмкін. Қылмыстық іс жүргізуде куә тұлғадан іске қатысты жауап алынған сәттен пайда болады. Ал: 1) қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатысуына байланысты, сондай-ақ сот шешімін шығару кезінде туындаған мәселелерді кеңесу бөлмесінде талқылау барысында өздеріне белгілі болған істің мән-жайлары туралы – судья, алқаби; 2) аралық судьяның немесе төрешінің міндеттерін атқаруға байланысты өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы – аралық судья немесе төреші; 3) өзінің міндеттерін орындауына байланысты өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы – күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталған адамның қорғаушысы, сол сияқты олардың заңды өкілдері, жәбірленушінің, азаматтық талапкердің және азаматтық жауапкердің өкілі, сондай-ақ куәнің адвокаты; 4) тәубаға келу үстінде өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы – діни қызметші; 5) өзінің жасының толмауына не психикалық немесе дене кемістіктеріне байланысты іс үшін маңызы бар мән-жайларды дұрыс қабылдауға және олар туралы айғақ беруге қабілетсіз адам; 6) заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, медиацияны жүргізуге байланысты өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы – медиатор; 7) ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіретін жағдайларды қоспағанда, өз қызметін жүзеге асыруға байланысты өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы – ұлттық алдын алу тетігінің қатысушысынан куә ретінде жауап алуға болмайды (ҚР ҚПК-нің 78-бабы).

Куәнің: 1) қылмыстық жазаланатын іс-әрекет немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін оның өзін, жұбайын (зайыбын) немесе жақын туыстарын қудалауға әкеп соғатын айғақтар беруден бас тартуға; 2) өзінің ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақтар беруге; 3) аудармашының тегін көмегін

пайдалануға; 4) өзінен жауап алуға қатысатын аудармашыға қарсылық білдіруді мәлімдеуге; 5) жауап алу хаттамасына айғақтарды өз қолымен жазуға; 6) анықтаушының, тергеушінің, прокурордың және соттың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым келтіруге, өзінің құқықтары мен заңды мүдделеріне қатысты, оның ішінде қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтініш хаттар мәлімдеуге және куәнің өз адвокатының қатысуымен айғақ беруге құқығы бар. Адвокаттың сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам белгілеген уақытта келмеуі куәдан жауап алуды жүргізуге кедергі келтірмейді.

Куәнің қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде шеккен шығыстарын оған өтеу қамтамасыз етіледі. Мысалы, куә ретінде жауап алу үшін тұлғаны өзге мемлекеттен немесе облыстардан жауап алуға шақыруға болады. Ал, аталған тұлғалардың жолдарына кеткен материалдық шығындар мемлекет тарапынан өтеледі.

Куә: анықтаушының, тергеушінің, прокурордың және соттың шақыруы бойынша келуге; іс бойынша болғанның бәрін шынайы түрде хабарлауға және қойылған сұрақтарға жауап беруге; егер өзіне бұл туралы анықтаушы, тергеуші немесе прокурор ескерткен болса, іс бойынша өзіне белгілі мән-жайлар туралы мәліметтерді жария етпеуге; тергеу іс әрекеттерін жүргізген кезде және сот отырысы уақытында белгіленген тәртіпті сақтауға міндетті.

Куә дәлелсіз себептермен шақыру бойынша келмеген кезде мәжбүрлеп алып келуге ұшырауы мүмкін (ҚР ҚПК-нің 157-бабы) немесе оған ақшалай өндіріп алу қолданылуы мүмкін.

Куә айғақтар беруден бас тартқаны және көрінеу жалған айғақтар бергені үшін Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің 419, 421-баптарына сәйкес, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болады.

5.4.2. Қорғалуға құқығы бар куә, құқықтары мен міндеттері

Егер адам қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызда және хабарда оны жасаған адам ретінде көрсетілсе не қылмыстық процеске қатысатын куә оған қарсы айғақ берсе, бірақ мұндай адамға процестік ұстап алу қолданылмаса не оны күдікті деп тану туралы қаулы шығарылмаса, онда ол қорғалуға құқығы бар куә мәртебесін алады.

Қорғалуға құқығы бар куәнің: 1) қылмыстық жазаланатын іс-әрекет немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін оның өзін, жұбайын (зайыбын) немесе жақын туыстарын қудалауға әкеп соқтыратын айғақтар беруден бас тартуға; 2) өз бетінше немесе үшінші тұлғалар арқылы адвокат шақыртуға; 3) жауап алу басталғанға дейін өзі таңдаған, қорғаушы ретінде қатысатын адвокаттың қатысуымен айғақтар беруге; 4) ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақтар беруге; 5) аудармашының тегін көмегін пайдалануға; 6) өзінен жауап алуға қатысатын аудармашыға қарсылық білдіруді мәлімдеуге; 7) жауап алу хаттамасына өз айғақтарын өз қолымен жазуға; 8) жедел-іздестіру және жасырын тергеу әрекеттерінің материалдарын қоспағанда, осы баптың бесінші бөлігінде көрсетілген құжаттармен танысуға; 9) өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға және оларға ескертулер беруге, дәлелдемелерді ұсынуға; 10) өзінің құқықтары мен заңды мүдделеріне қатысты,

оның ішінде сараптама жүргізу және қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішхаттар мәлімдеуге; 11) қарсылық білдірулерді мәлімдеуге; 12) өзіне қарсы куә болғандармен беттесуге; 13) анықтаушының, тергеушінің, прокурордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым келтіруге құқығы бар. Қорғалуға құқығы бар куә: соттың, прокурордың, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның шақыруы бойынша келуге; тергеу әрекеттерін жүргізген кезде және сот отырысы уақытында белгіленген тәртіпті сақтауға міндетті. Куә, оның ішінде қорғалуға құқығы бар куә, Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 223 және 271-баптарында көрсетілген тәртіппен сараптама жүргізуге немесе куәландырылуға тартылуы мүмкін.

Айғақтар беруден жалтарғаны немесе қылмыстық процесті жүргізетін органның шақыруы бойынша дәлелді себептерсіз келмегені үшін қорғалуға құқығы бар куәға Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 160-бабында белгіленген тәртіппен ақшалай өндіріп алу қолданылуы мүмкін.

5.4.3. Сарапшының ұғымы, оның іс жүргізу мәртебесі

Сарапшы – іске мүдделі емес, арнаулы ғылыми білімі бар іс бойынша сот сараптамасын жүргізуші тұлға. Сарапшының арнайы ғылыми, техникалық, өнерге қатысты танымы бар. Қазақстан Республикасы ҚПК-тің 273-бабына сәйкес, сот сараптамасын жүргізу: 1) сот сараптамасы органдарының қызметкерлеріне; 2) лицензия негізінде сот-сараптама қызметін жүзеге асыратын адамдарға; 3) заңда көзделген тәртіппен және шарттарда біржолғы тәртіппен өзге адамдарға тапсырылуы мүмкін. Қылмыстық процесті жүргізетін органның, тергеу судьясының сараптама жүргізу тапсырылған адамды шақыру туралы талабы көрсетілген адам жұмыс істейтін ұйымның басшысы үшін міндетті.

Сарапшының: сараптаманың нысанасына жататын материалдармен (іс материалдарымен) танысуға; қорытынды беру үшін өзіне қажетті қосымша материалдарды беру туралы, сондай-ақ қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішхаттар мәлімдеуге; қылмыстық процесті жүргізетін органның рұқсатымен процестік әрекеттерді жүргізуге және сот отырысына қатысуға және оларға қатысатын тұлғаларға сараптама нысанасына қатысты сұрақтар қоюға; өзі қатысқан процестік әрекеттің хаттамасымен, сондай-ақ тиісті бөлігінде сот отырысының хаттамасымен танысуға және өзінің әрекеттері мен айғақтарының толық және дұрыс тіркелуіне қатысты, хаттамаларға енгізілуге жататын ескертулер жасауға; сараптаманы тағайындаған органның келісімі бойынша, сот-сараптамалық зерттеу барысында анықталған, іс үшін маңызы бар, сот сараптамасын тағайындау туралы қаулыда қамтылған мәселелердің шегінен шығатын мән-жайлар бойынша өз құзыреті шегінде қорытынды беруге; ана тілінде немесе өзі білетін тілде қорытынды ұсынуға және айғақтар беруге; аудармашының тегін көмегін пайдалануға; аудармашыға қарсылық білдіруді мәлімдеуге; қылмыстық процесті жүргізетін органның және іс бойынша іс жүргізуге қатысатын өзге де тұлғалардың сараптама жүргізу кезінде өзінің құқықтарына қысым көрсететін шешімдері мен әрекеттеріне шағым жасауға; сараптама жүргізу кезінде шегілген шығыстарға өтем және

егер сот сараптамасын жүргізу өзінің лауазымдық міндеттерінің шеңберіне кірмейтін болса, орындалған жұмысы үшін сыйақы алуға құқығы бар.

Сарапшы: 1) қылмыстық процесті жүргізетін органды хабардар етпестен, процеске қатысушылармен сараптама жүргізуге байланысты мәселелер бойынша келіссөздер жүргізуге; 2) зерттеу үшін материалдарды өз бетінше жинауға; 3) егер сараптама тағайындаған органның бұған арнайы рұқсаты болмаса, объектілерді толық немесе ішінара жоюға не олардың сыртқы түрін немесе негізгі қасиеттерін өзгертуге әкеліп соғуы мүмкін зерттеулер жүргізуге құқылы емес.

Сарапшы: 1) қылмыстық процесті жүргізетін органның шақыруы бойынша келуге; 2) өзіне ұсынылған объектілерге жан-жақты, толық және объективті зерттеу жүргізуге, қойылған мәселелер бойынша негізделген және объективті жазбаша қорытынды беруге; 3) осы Кодекстің 284-бабында көзделген жағдайларда қорытынды беруден бас тартуға және қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы уәжді жазбаша хабар жасауға және оны қылмыстық процесті жүргізетін органға жіберуге; 4) жүргізілген зерттеуге және берілген қорытындыға байланысты мәселелер бойынша айғақтар беруге; 5) зерттеуге ұсынылған объектілердің сақталуын қамтамасыз етуге; 6) істің мән-жайы туралы мәліметтерді және сараптама жүргізуге байланысты өзіне белгілі болған өзге де мәліметтерді жария етпеуге; 7) сараптаманы тағайындаған органға шығыстар сметасын және сараптама жүргізуге байланысты шегілген шығыстар туралы есепті ұсынуға міндетті.

Сарапшы көрінеу жалған қорытынды бергені үшін Қазақстан Республикасы ҚК-нің 420-бабы бойынша қылмыстық жауаптылықта болады. Сот сараптамасы органдарының қызметкері болып табылатын сарапшы өз қызметінің сипатына қарай өзінің құқықтарымен және міндеттерімен танысқан және көрінеу жалған қорытынды бергені үшін қылмыстық жауаптылық туралы ескертілген деп есептеледі.

5.4.4. Маманның ұғымы, оның іс жүргізу мәртебесі

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 80-бабына сәйкес, қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге маман ретінде қатысу үшін қылмыстық процестің қатысушыларына өзінің арнайы құзыретіне кіретін мәселелерді түсіндіру, сондай-ақ ғылыми-техникалық құралдарды қолдану жолымен дәлелдемелерді жинауда, зерттеуде және бағалауда жәрдем көрсету үшін қажетті арнаулы білімі бар, іске мүдделі емес адам тартылуы мүмкін. Кәмелетке толмаған адамның қатысуымен болатын тергеу және өзге де процестік әрекеттерге қатысатын педагог та, психолог та, сол сияқты оны сарапшы етіп тағайындаған жағдайларды қоспағанда, тергеу және өзге де процестік әрекеттерге қатысатын дәрігер де мамандар болып табылады. Қазақстан Республикасының құқық қорғау (Қазақстан Республикасының құқық қорғау қызметі туралы заңы) немесе арнаулы мемлекеттік органы уәкілетті бөлімшесінің қызметкері (Қазақстан Республикасының арнайы органдары туралы заңы) зерттеу жүргізу және қорытынды беру үшін маман ретінде тартылуы мүмкін. Маманның: зерттеу нысанасына жататын материалдармен танысуға; қорытынды беру үшін

өзіне қажетті қосымша материалдар беру туралы өтінішхаттар мәлімдеуге; өзінің шақырылу мақсатын білуге; егер тиісті арнаулы білімі мен дағдысы болмаса, іс бойынша іс жүргізуге қатысудан бас тартуға; тергеу немесе сот әрекетіне қатысушыларға қылмыстық процесті жүргізетін органның рұқсатымен сұрақтар қоюға; олардың назарын дәлелдемелерді жинауға, зерттеу мен бағалауға және ғылыми-техникалық құралдарды қолдануға жәрдем көрсету, істің материалдарын зерттеу, сараптама тағайындауға материалдар дайындау кезіндегі өзінің әрекеттеріне байланысты мән-жайларға аударуға; қылмыстық процесті жүргізетін органның, соттың тағайындауы бойынша іс материалдарына, салыстырма зерттеулерді қоспағанда, оның барысы мен нәтижелерін Қазақстан Республикасы ҚПК 199-бабында көзделген тәртіппен қылмыстық іске қосып тігілетін хаттамада не ресми құжатта көрсете отырып, объектілердің толық немесе ішінара жойылуына не олардың сыртқы түрінің немесе негізгі қасиеттерінің өзгеруіне әкеп соқпайтын зерттеулер жүргізуге құқығы бар. Қазақстан Республикасының құқық қорғау немесе арнаулы мемлекеттік органы уәкілетті бөлімшесінің маманы қылмыстық процесті жүргізетін органның рұқсатымен сот-сараптамалық зерттеулердің барысы мен нәтижелерін осы Кодекстің 117-бабының талаптарына сәйкес ресімделген маманның қорытындысында көрсете отырып, осы объектілер бойынша оны жүргізуді жоққа шығармайтын көлемде осы объектілердің ішінара жойылуына әкелетін салыстырмалы зерттеулер жүргізуге; өзі қатысқан тергеу әрекетінің хаттамасымен, сондай-ақ тиісті бөлігінде сот отырысының хаттамасымен танысуға және өзінің қатысуымен жүргізілген әрекеттердің барысы мен нәтижелерінің тіркелуінің толықтығы мен дұрыстығына қатысты, хаттамаға енгізілуге жататын мәлімдемелер мен ескертулер жасауға; қылмыстық процесті жүргізетін органның әрекеттеріне шағым келтіруге; аудармашының тегін көмегін пайдалануға; аудармашыға қарсылық білдіруді мәлімдеуге; қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішхат мәлімдеуге; егер іс бойынша іс жүргізуге қатысуы оның лауазымдық міндеттерінің шеңберіне кірмейтін болса, өзінің тергеу немесе сот әрекеттеріне қатысуына байланысты шеккен шығыстарына өтем және орындаған жұмысы үшін сыйақы алуға құқығы бар.

Маманның, қылмыстық процесті жүргізетін органға хабардар етпестен, процеске қатысушылармен зерттеу жүргізуге байланысты мәселелер бойынша келіссөздер жүргізуге; зерттеу материалдарын өз бетінше жинауға құқығы жоқ.

Маман: 1) қылмыстық процесті жүргізетін органның шақыруы бойынша келуге; 2) дәлелдемелерді жинауға, зерттеу мен бағалауға жәрдем көрсету үшін арнаулы білімін, дағдысын және ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып, тергеу әрекеттерін жүргізу мен сот талқылауына қатысуға; 3) өзі орындаған әрекеттерге қатысты түсінік беруге, ал осы баптың екінші бөлігінде көзделген жағдайда зерттеу жүргізуге және қорытынды беруге; 4) істің мән-жайлары туралы мәліметтерді және іске қатысуына байланысты өзіне белгілі болған өзге де мәліметтерді жария етпеуге; 5) тергеу әрекеттері жүргізілген кезде және сот отырысы уақытында тәртіп сақтауға; 6) зерттеуге ұсынылған объектілердің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

Өзінің міндеттерін орындаудан дәлелді себептерсіз бас тартқаны немесе жалтарғаны үшін маманға Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 160-бабында белгіленген тәртіппен ақшалай өндіріп алу қолданылуы мүмкін. Ал, көрінеу жалған қорытынды берген жағдайда маман Қазақстан Республикасы ҚК-нің 420-бабы бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

5.4.5. Аудармашының ұғымы, іс жүргізу мәртебесі

Аударма жасау үшін білу қажет тілді меңгерген және күдікті, айыпталушы, сотталушы, олардың қорғаушылары не жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер немесе олардың өкілдері, сондай-ақ куәлар және өзге де процеске қатысушылар іс бойынша іс жүргізілетін тілді білмеген жағдайларда, сол сияқты жазбаша құжаттарды аудару үшін тергеу және сот әрекеттеріне қатысуға тартылған, іске мүдделі емес адам аудармашы ретінде шақырылады (ҚР ҚПК-нің 81-бабы). Қылмыстық процесті жүргізетін орган адамды аудармашы етіп тағайындау туралы қаулы шығарады. Аудармашының: аударманы жүзеге асыру кезінде қатысатын адамдарға аударманы нақтылау үшін сұрақтар қоюға; жүргізуіне өзі қатысқан тергеу әрекеттерінің немесе өзге де процестік әрекеттердің хаттамасымен, сондай-ақ тиісті бөлігінде сот отырысының хаттамасымен танысуға және аударманың толықтығы мен дұрыстығына қатысты, хаттамаға енгізілуге жататын ескертулер жасауға; егер оның аудару үшін қажетті білімі болмаса, іс бойынша іс жүргізуге қатысудан бас тартуға; қылмыстық процесті жүргізетін органның әрекеттеріне шағым келтіруге; егер іс бойынша іс жүргізуге қатысу оның лауазымдық міндеттерінің шеңберіне кірмейтін болса, өзінің тергеу әрекеттеріне және өзге де процестік әрекеттерге қатысуына байланысты шеккен шығыстарына өтем және орындаған жұмысы үшін сыйақы алуға; қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішхат мәлімдеуге құқығы бар.

Аудармашы: қылмыстық процесті жүргізетін органның шақыруы бойынша келуге; өзіне тапсырылған аударманы дәл және толық орындауға; өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамасында, сондай-ақ процеске қатысушыларға олардың ана тіліндегі немесе олар білетін тілдегі аудармасымен бірге табыс етілетін процестік құжаттарда аударманың дұрыстығын өзінің қолымен куәландыруға; аудармашы ретінде тартылуына байланысты өзіне белгілі болған істің мән-жайлары туралы мәліметтерді немесе өзге де деректерді жария етпеуге; тергеу әрекеттері жүргізілген кезде және сот отырысы уақытында тәртіп сақтауға міндетті. Дәлелді себептерсіз келуден немесе өзінің міндеттерін орындаудан бас тартқаны немесе жалтарғаны үшін аудармашыға Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 160-бабында көзделген тәртіппен ақшалай өндіріп алу қолданылуы мүмкін. Көрінеу дұрыс аудармаған жағдайда аудармашы қылмыстық жауаптылықта болады. Аудармашының көмегі мылқау немесе саңырау адамдардың ым-белгілерін түсінетін және іс бойынша іс жүргізуге қатысу үшін шақырылған адамға қолданылады.

5.4.6. Куәгер ұғымы, оның іс жүргізу мәртебесі

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 82-бабына сәйкес, қылмыстық қудалау органы тергеу әрекетін жүргізу фактісін, оның барысы мен нәтижелерін куәландыру үшін тартқан адам куәгер болып табылады. Өздерінің қатысуымен болып жатқан әрекеттерді толық және дұрыс қабылдауға қабілетті және өздеріне қарсылық білдірілуге жатпайтын, іске мүдделі емес және қылмыстық қудалау органдарынан тәуелсіз кәмелеттік жасқа толған азаматтар ғана куәгер бола алады. Адамдарға іске куәгер ретінде қатысуға ешбір шек қойылмаған. Тергеу әрекеттерін жүргізуге кемінде екі куәгер қатысады. Куәгердің: 1) тергеу әрекеттерін жүргізуге қатысуға; 2) тергеу әрекеті жөнінде хаттамаға енгізілуге жататын мәлімдемелер мен ескертулер жасауға; 3) өзі қатысқан тергеу әрекетінің хаттамасымен танысуға; 4) қылмыстық қудалау органының әрекеттеріне шағым келтіруге; 5) қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде өзі шеккен шығыстарға өтем алуға; 6) қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішхатты мәлімдеуге құқығы бар. Куәгер: қылмыстық қудалау органының шақыруы бойынша келуге; тергеу әрекетін жүргізуге қатысуға; тергеу әрекетінің хаттамасында осы әрекеттің жүргізілу фактісін, оның барысы мен нәтижелерін өзінің қолымен куәландыруға; анықтаушының, тергеушінің, прокурордың рұқсатынсыз сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарын жария етпеуге; тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде тәртіп сақтауға міндетті. Дәлелді себептерсіз келуден немесе өзінің міндеттерін орындаудан бас тартқаны немесе жалтарғаны үшін куәгерге Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 160-бабында көзделген тәртіппен ақшалай өндіріп алу қолданылуы мүмкін. Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 255-бабы «Жеке басын тінту» 2-тармағын қоспағанда, ҚПК-нің 220-бабы бойынша «Қарап-тексеруді жүргізу», 252-бабы «Тінту» сияқты тергеу іс-әрекеттерін жүргізу барысында куәгерлердің қатысуы міндетті болып табылады.

5.4.7. Сот отырысының хатшысы және оның процестік мәртебесі

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 83-бабына сәйкес, сот отырысының хаттамасын жүргізетін, сондай-ақ сот отырысының аудио- бейне тіркелуін қамтамасыз ететін, қылмыстық іске мүдделі емес мемлекеттік қызметші сот отырысының хатшысы болып табылады. Сот отырысының хатшысы: 1) өзі хаттамалауды қамтамасыз етуі қажетті барлық уақытта сот отырысының залында болуға және сот отырысынан төрағалық етушінің рұқсатынсыз кетпеуге; 2) хаттамада соттың әрекеттері мен шешімдерін, соттың отырысына қатысушы барлық тұлғалардың өтініш хаттарын, қарсылықтарын, айғақтарын, түсініктемелерін, сондай-ақ сот отырысының хаттамасында көрсетілуге жататын басқа да мән-жайларды толық және дұрыс жазуға; 3) сот отырысының хаттамасын Қазақстан Республикасы белгіленген мерзімде дайындауға; 4) төрағалық етушінің заңды өкімдеріне бағынуға; 5) жабық сот отырысына қатысуына байланысты өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы мәліметтерді жария етпеуге міндетті. Сот отырысының хатшысы сот отырысы хаттамасының толықтығы мен дұрыстығы үшін жеке жауаптылықта болады. Сот отырысының хаттамасына анық емес не шындыққа сай келмейтін мәліметтерді енгізген жағдайда, хатшы заңда көзделген жауаптылықта болады.

5.4.8. Сот приставы, оның қылмыстық процестегі орны

Өзіне соттар қызметінің белгіленген тәртібін қамтамасыз ету жөніндегі заңмен жүктелген міндеттерді орындайтын лауазымды адам сот приставы болып табылады (ҚР ҚПК-нің 84-бабы***).*** Сот приставы сот талқылауы кезінде залдағы тәртіпті сақтап тұрады, төрағалық етушінің өкімдерін орындайды және соттарда судьяларды, куәларды және процеске басқа да қатысушыларды қорғауды жүзеге асырады, оларды бөгде адамдардың ықпалынан қорғайды, соттың процестік әрекеттер жүргізуіне жәрдемдеседі, сотқа келуден жалтарған адамдарды күштеп әкелуді жүзеге асырады, өзіне заңмен жүктелген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

5.4.9. Медиатор

Тараптар заң талаптарына сәйкес медиацияны жүргізу үшін тартатын тәуелсіз жеке тұлға медиатор болып табылады (ҚР ҚПК-нің 85-бабы***).*** Қазақстан Республикасы «Медиация туралы» заңының 2-бабына сәйкес, медиатор – кәсіби және кәсіби емес негізде медияция жүргізу үшін тараптар арқылы тартылған тәуелсіз тұлға.

Медиатор: медиация тараптарына қылмыстық процесті жүргізетін орган беретін ақпаратпен танысуға; медиация тараптары болып табылатын қылмыстық процеске қатысушылар туралы деректермен танысуға; қылмыстық-процестік заңға сәйкес кездесулердің саны мен ұзақтығын шектемей, медиация тараптары болып табылатын қылмыстық процеске қатысушылармен оңаша және құпия кездесуге; тараптарға медиация тәртібімен татуласуға қол жеткізу туралы келісім жасасуға жәрдемдесуге құқылы.

Медиатор: медиация жүргізген кезінде медиация тараптарының келісуімен ғана әрекет жасауға; медиация басталғанға дейін медиация тараптарына оның мақсаттарын, сондай-ақ олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге; медиация рәсімін өткізуге байланысты өзіне белгілі болған мәліметтерді жария етпеуге міндетті.

Медиатор тараптардың келісуімен медиация рәсімін қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыз бен хабар тіркелген кезден бастап және қылмыстық процестің үкім заңды күшіне енгенге дейінгі кейінгі сатыларында жүзеге асыруға құқылы.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

6. Куә және куәгер институты
7. Азаматтық талапкер, оның процестік құқықтары мен міндеттері.
8. Азаматтық жауапкер, оның процестік құқықтары мен міндеттері.
9. Азаматтық жауапкер ретінде танылатын тұлғалар.
10. Қорғаушы, оның өкілеттіктері және қылмыстық процеске қатысу міндеттері.
11. Қорғаушы ретінде қылмыстық сот ісін жүргізуге қатыса алатын тұлғалар.
12. Қорғаушыны шақыру, тағайындау, ауыстыру, оның еңбегіне ақы төлеу.
13. Қорғаушыдан бас тарту.
14. Қорғаушының қылмыстық іске міндетті түрдеқатысужағдайлары.
15. Кәмелетке толмаған күдіктінің, айыпталушының заңды өкілдері.

16. Жәбірленушінің, азаматтық талапкер мен жеке айыптаушының өкілдері. Азаматтық жауапкердің өкілдері.

17. Қылмыстық процестегі өзге де тұлғалар: түсінігі, түрлері, маңызы.

6. ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТЕГІ МҮЛІКТІК МӘСЕЛЕЛЕР

6.1. Қылмыстық процестегі азаматтық талап қоюдың ұғымы және маңызы

6.2. Азаматтық талап институтының субъектілері

6.3. Азаматтық жауапкер және оның орны

6.4. Айыпталушының өзінен басқа жеке немесе заңды тұлғаны азаматтық жауапкер ретінде тануды жалпыға ортақ құқықтық негіздері

6.5. Қылмыстық процесс кезінде азаматтық талапты қоюдың тәртібі және оны шешу

6.6. Азаматтық талап қоюды қамтамасыз ету және соттың үкімін және қаулысын азаматтық талап қою бөлігінде орындау

6.7. Қылмыстық іс бойынша процесс барысындағы еңбекке ақы төлеу және шығындарды өтеу

6.8. Процестік шығындар

6.1. Қылмыстық процестегі азаматтық талап қоюдың ұғымы және маңызы

Жеке және заңды тұлғалардың қылмыстық процесс кезінде өз құқықтарын жүзеге асыру амалдарының бірі азаматтық талап қою болып табылады. Бұл мәселеге ҚПК-нің 20-тарауы (166-173 баптар) арналған. Соның ішінде 166-бапқа сәйкес, қылмыстық процесте жеке және заңды тұлғалардың тікелей қылмыстық құқық бұзушылықпен немесе есі дұрыс емес адамның қоғамға қауіпті іс-әрекетімен келтірілген мүліктік және моральдық зиянды өтеу туралы, сондай-ақ жәбірленушіні жерлеуге, емдеуге кеткен шығыстарды, оған сақтандыру өтемі, жәрдемақы немесе зейнетақы ретінде төленген сомаларды, сондай-ақ өкілдік етуге жұмсалған шығыстарға қоса, анықтау, алдын ала тергеу ісін жүргізуге және сотқа қатысуға байланысты шеккен шығыстарды өтеу туралы азаматтық талап қоюлары қаралады. Аталған бап бойынша: қылмыстық жауапқа тартылатын адамның әрекетімен байланысты ғана емес, сонымен қатар есі дұрыс емес адамның әрекетімен келтірілген мүліктік және моральдық зиянды, сондай-ақ бұл әрекеттің салдарынан болған шығыстарды өтеу туралы да азаматтық талап қойылуы мүмкін. Азаматтық талап есі дұрыс емес адамның әрекеті үшін жауапты болатын тұлғаға қойылады. Басқа кездерде азаматтық талап айыпталушыға немесе оның қылмыстық әрекеті үшін материалдық жауап беретін жеке немесе заңды тұлғаға қойылуы тиіс (ҚПК-нің 166-бабы). Ал, азаматтық істер бойынша қойылатын талаптардың мынадай түрлері болады: 1) өндіру туралы талап; 2) құқықтық қатынастарды тану (анықтау) туралы талап; 3) құқықтық қатынастарды өзгерту немесе жою (тоқтату)туралы талап.

Қылмыстық істер бойынша қойылатын азаматтық талаптар негізінен өндіру талабына жатады. Яғни, бұл талаптардың мәні тікелей қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген мүліктік зиянды, сондай-ақ құқық бұзушылықтардың салдарынан болған шығыстарды (жерлеуге, зардап шеккен адамды емдеуге кеткен шығыстарды, сақтандыру өтемі, жәрдемақы немесе зейнетақы ретінде төленген, сотқа дейінгі тергеу жүргізуге және сотқа қатысуымен байланысты, соның ішінде өкілдікке төленген шығыстарды) өтеттіру болып табылады. Зардап шеккен тұлға қылмыспен келтірілген моральдық зиян үшін де өндіру талабын (ақшалай өтемақы төлеу туралы) қоюға құқылы.

Қылмыстық құқық бұзушылықтар зардабынан болған мүліктік және моральдық зиянды өтеу туралы талап азаматтық іс жүргізу тәртібімен де қарауға болады. Бірақ, мұндай талапты қылмыстық іспен бірге қараудың азаматтық талапты шешетін сот үшін және іске мүдделі адамдар мен басқа процеске қатысушылар үшін де тиімді.

Біріншіден, азаматтық талаптың қылмыстық іспен бірге қаралуы істің мән-жайларын толық және жан-жақты ашуға, соттың үкімінің және азаматтық талап туралы шешімінің дәлелді болуына ықпалын тигізеді. Яғни, қылмыстық іс бойынша дәлелдеу пәніне қылмыспен келтірілген зиянның сипаты мен мөлшерін анықтау жататын болғандықтан, басты сотталқылауы кезінде ондай мән-жайлар айыптау және қорғау (қорғану) тараптарының қатысуымен жан-жақты зерттеліп, сол арқылы азаматтық талаптың негізділігі, оның қанағаттандыруға жататын-жатпайтындығы жөнінде сот анық тұжырымға келе алады. Сонымен қатар, қылмыспен келтірілген зиянның мөлшерін толық зерттеп анықтаудың қылмыстың дұрыс сараланууы үшін (қылмыстың түріне қарай), қылмыстық занды дұрыс қолдану үшін де маңызы болады.

Екіншіден, азаматтық талапты қылмыстық іспен бірге қарау — азаматтық талапкер үшін дәлелдеу міндеті тұрғысынан алғанда тиімді болып табылады. Яғни, егер азаматтық іс жүргізуде азаматтық талапкер өзінің талаптарын және сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге тиіс болса, қылмыстық процесте азаматтық талаптың негіздерін дәлелдеу қылмыстық іс жүргізу заңы бойынша жүзеге асырылады және сондықтан азаматтық талапкерге дәлелдеу міндеті жүктелмейді. Ол Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 24-бабымен реттеледі, себебі қылмыстық іс жүргізу органы (сот, прокурор, тергеуші, анықтаушы) істі дұрыс шешуге қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу үшін занда көзделген барлық шараларды қолдануға міндетті.

Үшіншіден, азаматтық талапты қылмыстық іспен бірге қарау сот ісін жүргізудің қайталанбауын (азаматтық іс жүргізу тәртібімен) және қылмыстан зардап шеккен тұлғаның мүліктік құқықтарын кешіктірусіз қалпына келтіруді көздейді. Мұндай жағдайда айыпталушыны (сотталған немесе ақталған адамды), жәбірленушіні және басқа да процеске қатысушыларды қайталап сотқа шақыру және бір қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша екі рет сот ісін жүргізу қажет болмайды.

Төртіншіден, қылмыстық процесте азаматтық талап қойған тұлға мемлекеттік баж төлеуден босатылады (ҚР ҚПК 167-бабының 3-бөлігі).

6.2. Азаматтық талап институтының субъектілері

Қылмыстық іс бойынша азаматтық талап институтының субъектілеріне: талапкер және жауапкер жатқызылады. Олардың қылмыстық процеске бірдей қатысулары азаматтық талапқа қатысты істің мән-жайларының неғұрлым толық, объективті және жан-жақты қаралап, қойылған талаптың дұрыс шешілуінің маңызды кепілдігі толып табылады. Қылмыстық іс бойынша азаматтық талапкер ретінде жеке немесе заңды тұлға танылуы мүмкін. Ол үшін мынадай шарттардың болуы қажет: 1) оған тікелей қылмыспен мүліктік, сондай-ақ моральдық зиянның келтірілуі немесе қылмыстың зардабынан келтірілген шығыстардың болуы; 2) бұл тұлғаның қылмыстық істі жүргізуші органға жазбаша нысанда берілген талабының болуы. Осы шарттар болған жағдайда қылмыстық істі жүргізуші орган тұлғаны азаматтық талапкер ретінде тану туралы қаулы шығарады. Қаулы шыққан кезден бастап азаматтық талапкер ҚПК-нің 73-бабында көрсетілген құқықтарын қолдану арқылы процеске қатысып, заңды мүдделерін қорғауға толық мүмкіндік алады.

Азаматтық талапты қылмыстық іс бойынша жәбірленуші қояды. Егер жәбірленуші азаматтық талап қойған болса, онда ол әрі азаматтық талапкер ретінде танылады. Яғни, мұндай жағдайда тұлға жәбірленушінің де және азаматтық талапкердің де құқықтарына бірдей ие болады. Егер жәбірленуші кәмелетке толмаған немесе оның әрекет қабілеті жоқ деп танылған болса, азаматтық талапты жәбірленушінің заңды өкілі қоюға құқылы.

Процессуальдық тұлғалар ретінде іске қатысатын жәбірленуші мен азаматтық талапкердің құқықтарының ұқсастықтары бар болғанымен (дәлелдемелер тапсыру, түсініктер беру, өкіл алу, және т.б.), олардың құқықтарының көлемі бірдей емес. Жәбірленушінің құқықтары азаматтық талапкердің құқықтарынан кеңірек болып табылады. Мысалы, жәбірленуші сотқа дейінгі тергеу аяқталғаннан кейін істің барлық материалдарымен танысуға, сотта айыптауды қолдауға, соттың үкіміне толық көлемде шағымдануға құқылы; ал азаматтық талапкер тергеу жүргізу аяқталғаннан кейін азаматтық талапқа қатысты істің материалдарымен танысуға, азаматтық талапқа қатысты үкімнің бөлігіне шағымдануға құқылы, ол өз талабын қолдауға құқылы болғанымен, сотта айыптаушы ретінде бола алмайды.

Қылмыстық іс бойынша азаматтық талапты прокурор қоюы мүмкін. Қазақстан Республикасы ҚПК 58-бабының 2-бөлігінде көрсетілгендей, прокурор келесідей жағдайларда айыпталушыға немесе оның іс-әрекеттері үшін мүліктік тұрғыдан жауапты тұлғаға азаматтық талап қоюға құқылы:

1) өзінің дәрменсіз күйіне, күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға тәуелді болуына немесе өзге де себептер бойынша талап қою және оны қорғау құқығын өз бетінше пайдалануға қабілетсіз жәбірленушінің;

2) мемлекеттің мүдделерін қорғап талап қоюға құқылы.

Прокурор өз атынан қылмыстық іс бойынша азаматтық талап қойған жағдайда, оны азаматтық талапкер ретінде тану туралы қаулы шығару қажет болмайды. Азаматтық талап қою — прокурордың заңмен көзделген өкілеттіктерінің біріне жататын болғандықтан, мұндай талапты соттың

қылмыстық іспен бірге қарап шешуі міндеті болып табылады. Сонымен қатар, қылмыстық істі сотта қарау кезінде прокурор процеске қатысушы жеке немесе заңды тұлға қойған азаматтық талапты қолдауға құқылы. Прокурор өз өкілеттігін қолдану арқылы азаматтық талапкердің құқықтарының жүзеге асырылуына пайдалы ықпалын тигізеді.

6.3. Азаматтық жауапкер және оның орны

Азаматтар мен заңды тұлғаларға заңсыз іс-әрекеттермен (әрекетсіздікпен) келтірілген мүліктік және мүліктік емесе зиянды оны келтірген тұлға өтеуі тиіс (ҚР АК 917-бабы). Қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасау қылмыстық жауапқа тартудың негізі болса, мүліктік және мүліктік емес зияннын, келтірілуі азаматтық жауаптылықтың негізі болып табылады. Сондықтан, қылмыспен келтірілген зиянды өтеу туралы азаматтық талап айыпталушының өзіне қойылады. Кейбір реттерде қылмыстың зардабынан болған зиянды өтеу міндеті зиян келтіруші болып табылмайтын тұлғаға жүктелуі мүмкін. Ондай жағдайда айыпталушының әрекеті үшін мүліктік тұрғыдан жауапты тұлға азаматтық жауапкер ретінде танылуға жатады.

Азаматтық талап айыпталушыға қойылған жағдайда оны азаматтық жауапкер ретінде тану туралы арнайы қаулы шығару қажет болмайды. Өйткені, айыпталушының құқықтары оған қойылған азаматтық талапқа байланысты өз мүдделерін қорғауға және қылмыстық іс жүргізуге толық көлемде қатысуға мүмкіндік береді. Басқа реттерде қылмыстық істі жүргізуші орган тиісті тұлғаны азаматтық жауапкер ретінде тану туралы қаулы шығарады. Осы кезден бастап азаматтық жауапкер ҚПК-нің 74-бабында көрсетілген құқықтарға ие болып, сонын негізінде ол дербес процессуалдық тұлға ретінде іс жүргізуге қатыса алады.

6.4. Айыпталушының өзінен басқа жеке немесе заңды тұлғаны азаматтық жауапкер ретінде танудың жалпыға ортақ құқықтық негіздері

Айыпталушының өзінен басқа жеке немесе заңды тұлғаны азаматтық жауапкер ретінде танудың құқықтық негіздері Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі баптарының нормаларынан туындайды. Яғни: заңды тұлға немесе азамат өзінің қызметкері еңбек (қызметтік, лауазымдық) міндеттерін атқару кезінде келтірілген зиянды өтейді (ҚР ҚПК-нің 921-бабы); жергілікті өзін-өзі басқару органдары өз органдары мен лауазымды адамдары келтірген зиян үшін жауапты болып табылады. Мемлекеттік органдар лауазымды адамдарының әкімшілік басқару саласындағы заңсыз іс-әрекеттерінен (әрекетсіздіктерінен) келтірілген зиян осы органдардың иелігіндегі қаржы есебінен өтеледі; заңсыз соттау, заңсыз қылмыстық жауапқа тарту, бұлтартпау шарасы ретінде заңсыз қамаққа алу, үйде қамауда ұстау, ешқайда кетпеу туралы қолхат алуды заңсыз қолдану, қамау немесе еңбекпен түзеу түріндегі әкімшілік жазаны заңсыз қолдану, психиатриялық емдеу мекемесіне немесе басқа емдеу мекемесіне орналастыру салдарынан азаматқа келтірілген зиянды алдын ала тергеу, анықтау, прокуратура және сот органдары лауазымды адамдарының кәнісіне қарамастан заң актілерінде белгіленген тәртіппен толық

көлемде мемлекет өтейді (ҚР ҚПК-нің 923-бабы); он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар өздері келтірген зиян үшін дербес жауап береді. Олардың зиянды өтеу үшін жеткілікті мүлкі немесе өзге кіріс көздері болмаған жағдайда зиянды толық немесе оның жетпей тұрған бөлігін, егер зияннның өздерінің кінәсінен болмағанын дәлелдемесе, ата-аналары (асырап алушылары) немесе қамқоршылары әтеуге тиіс. Ал, он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмаған адам тиісті тәрбиелеу, емдеу мекемесінде немесе заңға орай оның қамқоршысы болып табылатын басқа мекемеде болса, зиянды толық немесе оның жетпей тұрған бөлігін, егер зиян өз кінәсінен болмағанын дәлелдемесе, сол мекеме өтеуге міндетті (ҚР ҚПК-нің 926-бабы); қызметі айналасындағылар үшін жоғарғы қауіптілікпен байланысты заңды тұлғалар мен азаматтар (келік ұйымдары, өнеркәсіп орындары, құрылыстар, көлік құралдарының иелері және т.б.), егер зиян дүлей күштердің немесе жәбірленушінің қастандығының салдарынан пайда болғанын дәлелдемесе, жоғарғы қауіптілік көздері келтірген зиянды өтеуге міндетті.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодекстің көрсетілген баптарының ережелерін қолдана отырып және істің мән-жайларының негізінде қылмыстық істі жүргізуші орган тиісті жеке немесе занды тұлғаны азаматтық жауапкер ретінде тану туралы қаулы шығарады. Мұндай шешімді қабылдау қылмыстық іс бойынша азаматтық талап қойылған жағдайда ғана қажет болады. Сонымен қатар, азаматтық кодекстің 933-бабына сәйкес, жеке және заңды тұлғалардың зиян келтірген тұлғаға кері (регрестік) талап қою құқығы берілген: басқа адамның еңбек (қызметтік, лауазымдық) міндеттерін атқару кезінде келтірген зиянды етеушінің төленген төлем мөлшерінде, егер заң актілерінде өзгеше мөлшер белгіленбесе, ол адамға кері (регрестік) талап қоюға құқығы бар; анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура және сот органдарының лауазымды адамдары келтірген зиянды өтеген мемлекеттің, егер бұл адамдардың кінәсі соттың занды күшіне енген үкімімен анықталған болса, оларға кері талап қоюға құқығы бар. Мұндай регрестік талап азаматтық іс жүргізу тәртібімен қойылуға жатады.

6.5. Қылмыстық процесс кезінде азаматтық талапты қоюдың тәртібі және оны шешу

Қылмыстық іс бойынша азаматтық талапты қоюдың тәртібі ҚПК-нің 167-бабында белгіленген. Азаматтық талапты қылмыстық құқық бұзушылықпен немесе есі дұрыс емес адамның қылмыстық жазаланатын іс-әрекетімен тікелей мүліктік немесе моральдық зиян келтірілген тұлға не оның өкілі сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған кезден бастап сот тергеуі аяқталғанға дейін қоюы мүмкін. Яғни, қылмыстық іс бойынша азаматтық талап сотқа дейінгі тергеу барысында және істі сотта қарау кезінде де қойылуы мүмкін. Бірақ, азаматтық талаптың негізділігін анықтау үшін қылмыстық іс бойынша жиналған дәлелдемелерді және істің материалдарын зерттеу қажет болғандықтан, мұндай талап сот тергеуі басталғанға дейін қойылуы тиіс. Занда көрсетілгендей, айыпталушы ретінде жауапқа тартылатын адамның анықталмауы талап қоюға бөгет болмайды (ҚПК 167-бабының 4-бөлігі). Сондықтан қылмыстық құқық

бұзушылықтың болғандығы анықталып, оны жасаған адам анықталмаған болса да, жәбірленушінің азаматтық талабы қабылдануға жатады. Өйткені, тергеу жүргізудің барысында қылмыс жасаған адамды тауып, оны жауапкершілікке тарту қылмыстық қудалау органының міндеті болып табылады. Тергеу жүргізу барысында қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген зиянның сипаты мен мөлшерінің толық көлемде анықталуына қарай, бұрын қойылған азаматтық талаптың негізін және мөлшерін нақтылау қажеттілігі туындайтын болса, мүдделі тұлға қосымша талап қоюға құқылы.

Осы бапта көрсетілгендей, қылмыстық іс жүргізу кезінде азаматтық талап қоймаған, сондай-ақ талабын сот қарамай қалдырған тұлға оны азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қоюға құқылы. Сол сияқты, қылмыстық ізге түсуден иммунитетінің болуына байланысты айыпталушы ретінде жауапқа тартылмаған адамға да мүліктік талап азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қойылуы мүмкін.

Егер қылмыстық істі жүргізуші орган талап қойған жеке немесе заңды тұлғаны азаматтық талапкер ретінде тануға негіз жоқ деп шешетін болса, онда тұлғаны азаматтық талапкер ретінде танудан бас тарту туралы қаулы шығарылады. Мүдделі тұлға ол қаулыға шағымдануға құқылы. Сонымен қатар, сотқа дейінгі өндіріс кезінде тұлғаны азаматтық талапкер ретінде танудан бас тарту бұл тұлғаны сотта істі қарау кезінде талабын қайталап қою құқығынан айырмайды (ҚПК-нің, 167-бабы).

Азаматтық талап қойылған жағдайда, қылмыстық істі жүргізуші орган ол талапты қамтамасыз ету үшін шаралар қолдануға міндетті. Негізінен ондай шараларды сотқа дейінгі тергеу барысында жүзеге асырған тиімді болып табылады. Қажетті шаралар сол кезеңде қолданылмаған болса, онда сот үкім заңды күшіне енгенге дейін тиісті шараларды қолдануға құқылы (ҚІЖК-нің 170-бабы).

Жеке немесе заңды тұлғаны азаматтық талапкер ретінде тану туралы қаулы шығарғаннан кейін қылмыстық ізге түсу органы жүзеге асыратын талапты қамтамасыз ету шаралары тергеу әрекеттерімен және жедел-іздестіру қызметімен байланысты болып табылады. Мысалы, меншікке қарсы бағытталған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша тергеуші жәбірленушіден, куәлардан, күдіктіден жауап алу кезінде қандай мүліктің ұрланғандығы, ұрланған мүліктің қай жерде жасырылғандығы жөнінде деректерді анықтап, содан кейін қылмыстық істің мән-жайларына байланысты қарау, тінту, алу сияқты тергеу іс-әрекеттерін жүргізеді. Егер ұрланған мүлік белгілі бір жерде жасырылған деп санауға жеткілікті деректер бар болса, онда іс жүргізу органы ол мүлікті тауып алу мақсатында ҚПК-нің 252-бабына сәйкес тінту жүргізуге құқылы. Азаматтық талапты қамтамасыз ету мақсатында тергеуші анықтау органдарына қылмыстық құқық бұзушылықтық жолмен пайда етілген мүліктің және өзге де құндылықтардың қай жерде, кімнің қолында екендігін анықтау үшін қажетті жасырын тергеу іс-әрекеттерін жүргізу жөнінде тапсырмалар беру болып табылады. Тергеушінің тапсырмаларын анықтау органдары орындай отырып, жүргізілген шаралардың нәтижелері туралы тергеушіге хабарлауға міндетті.

Азаматтық талапты қамтамасыз ету мақсатында қолданылатын шаралардың түрі мүлікке тыйым салу болып табылады (ҚПК-нің 161-бабы). Тыйым салынуы мүмкін болатын мүліктің қатарына тұрғын үй, үй-жай, автокөлік, бағалы металдардан (алтын, күміс және т.б.), сондай-ақ асыл тастардан дайындалған заттар, бұйымдар, ақша, бағалы қағаздар, өзге де құндылықтар жатады. Бірінші қажеттілік заттары болып табылатын мүлікке тыйым салынбайды (ондай заттардың тізімі қылмыстық-атқару кодексінің қосымшасында келтірілген).

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 169-бабында көрсетілгендей, азаматтық талапкер қылмыстық процестің кез келген сатысында талап арызды қайтарып алу туралы мәлімдеуге құқылы. Талап арызды қайтарып алу туралы мәлімдеме жазбаша түрде беріледі және қылмыстық іске қоса тігіледі. Егер талап арызды қайтарып алу туралы мәлімдеме сот отырысында мәлімделсе, онда ол сот отырысының хаттамасына енгізіледі. Талап арызды қайтарып алу тиісті тұлғалардың азаматтық талапкер және азаматтық жауапкер жағдайында болуын тоқтатуға әкеп соғады, бұл туралы қылмыстық процесті жүргізетін орган қаулы шығарады. Жауапкер талап арызды мәні бойынша қарауды талап еткен жағдайда, сот оны қайтарып алуды қабылдамайды.

Азаматтық талапкердің қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу сатысында талап қоюдан бас тарту туралы арызы жазбаша түрде беріледі және қылмыстық іс материалдарына қоса тігіледі. Егер азаматтық талапкердің талап қоюдан бас тартуы сот отырысында білдірілсе, онда ол сот отырысының хаттамасына енгізіледі. Сот талап қоюдан бас тартуды сот талқылауының кез келген сәтінде, бірақ сот үкімді қаулы ету үшін кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін қабылдайды.

Сот талап қоюдан бас тартуды қабылдағанға дейін азаматтық талапкерге талап қоюдан бас тартуды қабылдау ол бойынша іс жүргізуді тоқтатуға әкеп соғатынын және нақ осы тараптар арасындағы нақ осы нысана туралы дау бойынша және нақ осы негіздер бойынша, оның ішінде азаматтық сот ісін жүргізу тәртібінде, сотқа қайталап жүгінуді болғызбайтынын түсіндіруге міндетті.

Егер азаматтық талапкердің талап қоюдан бас тартуы заңға қайшы болса немесе кімнің болса да құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін бұзатын болса, сот бұл әрекетті қабылдамайды.

Қылмыстық іс бойынша қойылған азаматтық талап соттың шешуіне жатады. Егер қылмыстық іс сотқа дейінгі өндіріс кезінде қысқартылған болса, онда жеке немесе заңды тұлға мүліктік талабын азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қоюға құқылы. Азаматтық талап қылмыстық іспен бірге басты сот талқылауында қаралып, оған айыптау және қорғану (қорғау) тараптары, соның ішінде азаматтық талапкер және азаматтық жауапкер қатысады. Қылмыстық істің мән-жайларын тараптардың қатысуымен жан-жақты қарап талқылаудың нәтижесінде сот азаматтық талап жөнінде тиісті шешімге келіп, ол шешімін үкімде жазып тұжырымдайды (қылмыстық істі сотта қарау оны қысқартумен аяқталған болса, сот ол туралы қаулы шығарады). Есі дұрыс емес адамдардың істері бойынша қойылған азаматтық талап жөнінде соттың шешімі

медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын қолдану немесе қолданбау және істі қысқарту туралы қаулыда көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 170-бабына сәйкес, азаматтық талап бойынша сот қабылдайтын шешімінің келесідей түрлері болады: 1) азаматтық талап қоюды толық немесе ішінара қанағаттандыру туралы; 2) азаматтық талап қоюды қанағаттандырудан бас тарту туралы; 3) азаматтық талапкердің азаматтық талап қоюды қанағаттандыру құқығын тану және оның мөлшері туралы мәселені азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен соттың қарауына беру туралы; 4) азаматтық талап қоюдан бас тартуды қабылдау және ол бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы; 5) азаматтық талап қою бойынша татуласу келісімін немесе дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді бекіту және ол бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы; 6) азаматтық талап қоюды қараусыз қалдыру туралы шешімдердің бірін шығарады.

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 35-бабының 3,4-тармақтарына сәйкес, іс бойынша іс жүргізуді болғызбайтын мән-жайлар болған кезде істі қысқарту туралы қаулы шығара отырып сот азаматтық талап қоюды толық қанағаттандырады. Яғни, іс бойынша іс жүргізу қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасының немесе қылмыстық құқық бұзушылық құрамының жоқтығы дәлелденген кезде де, егер қосымша дәлелдемелер жинау үшін барлық мүмкіндіктер қолданылса немесе күдіктінің, айыпталушының немесе сотталушының зиян келтіруі құқыққа сыйымды болып табылған не күдікті, айыпталушы немесе сотталушы іс-әрекетті Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес оны қылмыстық құқық бұзушылық деп тануды және қылмыстық жауаптылықты жоққа шығаратын мән-жайлар кезінде іс қысқартыла отырып азаматтық талап шешіледі. Сот айыптау үкімін қаулы еткен немесе есі дұрыс емес адамға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы қаулы шығарған кезде азаматтық талап қоюды толық немесе ішінара қанағаттандырады не оны қанағаттандырудан бас тартады. Азаматтық талап қою толық немесе ішінара қанағаттандырылған жағдайларда сот үкімде оны азаматтық талап қою бөлігінде ерікті түрде орындау үшін мерзімді белгілейді және көрсетеді. Соттың үкімі ерікті түрде орындау үшін берілген мерзім ішінде азаматтық талап қою бөлігінде орындалмаған жағдайда, сот үкімді азаматтық іс жүргізу заңнамасында белгіленген тәртіппен азаматтық талап қою бөлігінде мәжбүрлеп орындату үшін жібереді. Мәжбүрлеп орындату Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Сот қылмыстық істі талқылауды кейінге қалдырмай азаматтық талап қою бойынша егжей-тегжейлі есеп-қисап жүргізу мүмкін болмаған кезде азаматтық талапкердің талап қоюды қанағаттандыру құқығын тани алады және оның мөлшері туралы мәселені азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен соттың қарауына бере алады. Сот ақтау үкімін қаулы еткен, сол сияқты есі дұрыс емес адамға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану жөніндегі істі тоқтату туралы қаулы шығарған кезде, егер қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасы немесе Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде тыйым

салынған іс-әрекет анықталмаса не сотталушының немесе өзіне қатысты медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы мәселе шешілген адамның қылмыстық құқық бұзушылық немесе Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде тыйым салынған іс-әрекетті жасауға қатысқаны дәлелденбесе не кінәсі анықталмаса, азаматтық талап қоюды қанағаттандырудан бас тартады. Сонымен қатар, сот татуласу келісімін бекіткен, медиация тәртібімен татуласуға қол жеткізілген не азаматтық талап қоюдан бас тартуды қабылдаған жағдайларда, сот азаматтық талап қою бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы шешім қабылдайды.

Сот талап қоюды: 1) сотталушы қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты ақталған; 2) жасаған іс-әрекетінің сипатына және өзінің жай-күйіне қарай қоғам үшін қауіп төндірмейтін және мәжбүрлеп емдеуге мұқтаж емес есі дұрыс емес адамға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдануға негіздер болмауына байланысты іс тоқтатылған; 3) іс ҚР ҚПК-нің 35-бабы бірінші бөлігінің 5), 7), 8) тармақтарында көрсетілген негіздер бойынша қысқартылған; 4) азаматтық талапкердің бұл туралы өтінішхаты болған жағдайларда, қараусыз қалдырады.

Азаматтық талап қоюды заңда көзделмеген өзге негіздер бойынша қараусыз қалдыруға жол берілмейді.

Айыптау үкімі шығарылғанда немесе медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы қаулы шығарылғанда, сот азаматтық талапты толық немесе ішінара қанағаттандырады не оны қанағаттандырудан бас тартады. Азаматтық талап толық немесе ішінара қанағаттандырылған жағдайда сот үкімде үкімнің азаматтық талап бөлігінде ерікті түрде орындау үшін арналған мерзімін көрсетеді. Мәжбүрлеп орындау атқарушы іс жүргізу туралы заңдарда белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Азаматтық талап бойынша жан-жақты есепті қылмыстық істі тергеуді кейінге қалдырмай жүргізу мүмкін болмаған кезде сот азаматтық талапкердің талабын қанағаттандыру құқығын танып, оның мөлшері туралы мәселені азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен соттың қарауына бере алады.

Белгілі бір ақтау үкімі шығарылған кезде, сонымен қатар медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану жөніндегі істі тоқтату туралы қаулы шығарылғанда сот:

1) егер қылмыс оқиғасы немесе Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексімен тыйым салынған әрекет анықталмаса не сотталушы адамның немесе медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы мәселесі шешілген адамның қылмыс жасауға немесе Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексімен тыйым салынған әрекетке қатысқаны дәлелденбесе, азаматтық талапты қанағаттандырудан бас тартады;

2) сотталушы қылмыс құрамының болмауына байланысты ақталған жағдайда не өзі жасаған әрекеттің сипатына және өзінің жай-күйіне қарай қоғам үшін қауіп төндірмейтін және мәжбүрлеп емдеуге мұқтаж емес адамға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдануға негіздердің болмауына байланысты іс тоқтатылғанда талапты қарамайды.

ҚПК-нің 37-бабының бірінші бөлігінің 3-5, 7, 8-тармақтарында және 38-бабында көрсетілген негіздер бойынша іс тоқтатылған кезде сот азаматтық талапты қарамайды.

Егер осы баптың төртінші бөлігінің 2-тармағында және бесінші бөлігінде көзделген негіздер бойынша қылмыстық іс сотқа дейінгі іс жүргізу сатысында тоқтатылса, азамат немесе заңды тұлға не олардың өкілдері азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен талап қоюға құқылы.

Қылмыс арқылы моральдық немесе мүліктік зиян келтірілгені туралы деректер болған кезде қылмыстық ізге түсу органы азаматтық талапты қамтамасыз ету шараларын қолдануға міндетті. Егер мұндай шаралар қабылданбаған болса, сот үкім заңды күшіне енгенге дейін оны қамтамасыз ету шараларын қолдануға құқылы.

Сот азаматтық талапты қанағаттандырған кезде үкім, сондай-ақ медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын қолдану туралы қаулы азаматтық талап бөлігінде атқарушылық іс жүргізу туралы заңдарда көзделген тәртіппен орындалады.

6.6. Азаматтық талап қоюды қамтамасыз ету және соттың үкімін және қаулысын азаматтық талап қою бөлігінде орындау

Азаматтық талапкер азаматтық талап қойған кезде қылмыстық қудалау органы оны қамтамасыз ету шараларын қолдануға міндетті. Егер мұндай шаралар қолданылмаған болса, сот басты сот талқылауына дайындалу кезінде осы Кодекстің 325-бабына сәйкес қылмыстық қудалау органын оларды қолдануға міндеттейді. Азаматтық талап сот талқылауы сатысында қойылған кезде сот азаматтық талап қоюды қамтамасыз ету туралы қаулы шығарады (ҚР ҚПК-нің 171-бабы). Сот азаматтық талап қоюды толық көлемде немесе ішінара қанағаттандыру туралы шешім қабылдаған кезде соттың үкімін, қаулысын азаматтық талап қою бөлігінде ерікті түрде орындау үшін мерзім белгілеуге құқылы, бұл ретте азаматтық іс жүргізу заңнамасында көзделген орындауды кейінге қалдыру және мерзімін ұзарту қағидалары қолданылуы мүмкін. Сот актісін азаматтық талап қою бөлігінде мәжбүрлеп орындату Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңнамасында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

Қылмыстық қудалау органының қаулысымен жәбірленушілер болып танылған тұлғалардың жәбірленушілерге зиянды өтеу қоры туралы заңнамалық актіде көзделген жағдайларда, тәртіппен, мөлшерлерде және мерзімдерде осы қордан мемлекеттік ақшалай өтемақыны кейінге қалдырмай толық не ішінара алуға құқығы бар. Мемлекеттік өтемақыны кейінге қалдырмай алуға құқығы бар жәбірленушілердің санаты жәбірленушілерге зиянды өтеу қоры туралы заңнамалық актіде айқындалады.

Жәбірленушілерге зиянды өтеу қоры туралы заңнамалық актіде айқындалған төлем мөлшерінде жәбірленушілерге зиянды өтеу қоры төлеген ақшаның орнын толтыру міндетін сот үкіммен:

1) кінәлі адамға; 2) кінәлі деп танылған кәмелетке толмаған адамның заңды өкілдеріне; 3) жеке тұлғаның қылмыстық жазаланатын іс-әрекетімен

келтірілген зиян үшін заңға сәйкес материалдық жауаптылықта болатын заңды тұлғаға жүктейді. Егер адам бір мезгілде бірнеше қылмыстық жазаланатын іс-әрекеттерді жасауда кінәлі болып танылса, төлем олардың неғұрлым ауыры негізге алына отырып есептеледі. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді ҚР ҚПК-нің 35-бабы, 36-бабының бірінші бөлігінде көзделген негіздер бойынша қысқарту туралы қаулы күдікті мен айыпталушыдан жәбірленушілерге зиянды өтеу қоры туралы заңнамалық актіде белгіленген мөлшердегі төлемді осы қорға азаматтық тәртіппен өндіріп алу үшін негіз болып табылады (ҚР ҚПК-нің173-бабы).

6.7. Қылмыстық іс бойынша процесс барысындағы еңбекке ақы төлеу және шығындарды өтеу

Қорғаушының және жәбірленушінің өкілінің заң көмегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі. Қылмыстық процесті жүргізетін орган, бұған негіз болған жағдайда сезіктіні, айыпталушыны, жәбірленушіні заң көмегіне ақы төлеуден толық немесе ішінара босатуға құқылы. Бұл ретте адвокаттың еңбегіне ақы төлеу бюджет қаражатының есебінен жүргізіледі. ҚПК-нде көзделген жағдайларда, адвокат сотқа дейінгі іс жүргізуге не сотқа клиентпен шарт жасаспай, тағайындау бойынша қорғаушы ретінде не жәбірленушінің өкілі, жекеше айыптаушы ретінде қатысқанда адвокаттардың еңбегіне ақы төлеу жөніндегі шығыстар бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Сонымен қатар, қылмыстық процесті жүргізетін орган бұған негіздер болған кезде күдіктіні, айыпталушыны, сотталушыны заң көмегіне ақы төлеуден толық немесе ішінара босатуға құқылы, бұл туралы уәжді қаулы шығарады.

Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде тиісті жұмысты орындайтын аудармашы, маман, сарапшы: 1) егер жұмысты қызметтік тапсырма тәртібімен орындаса – жұмыс орны бойынша жалақы; 2) егер орындалған жұмыс олардың лауазымдық міндеттерінің аясына кірмесе және оны жұмыстан тыс уақытта орындаса – Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшерлемелер шегінде бюджет қаражаты есебінен сыйақы; 3) егер жұмысты тараппен уағдаластық бойынша орындаса – осы тараппен жасалған шартта айқындалған мөлшерде сыйақы алады. Сыйақы аудармашы, маман, сарапшы шотты бергеннен кейін шығарылған қылмыстық процесті жүргізетін органның қаулысы негізінде төленеді.

6.7.1. Қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысатын тұлғалардың шеккен шығыстарын өтеу

Қылмыстық сот ісін жүргізу тәртібімен жәбірленушінің, азаматтық талапкердің, олардың заңды өкілдерінің, қылмыстық процесті жүргізетін органның тағайындауы бойынша жәбірленушінің қорғаушысы немесе өкілі (жекеше айыптаушы) ретінде заң көмегін көрсететін адвокаттардың, ҚР ҚПК-нің 67-бабының үшінші бөлігінде және 76-бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайларда куәгердің, аудармашының, маманның, сарапшының, куәнің, сотқа шақырылған, бірақ алқабилер алқасының құрамына іріктеп алынбаған алқабиге кандидаттың мынадай шығыстары: 1) қылмыстық процесті жүргізетін

органның шақыртуы бойынша келуге байланысты шығыстары: теміржол, су, автомобиль (таксиді қоспағанда) көлігімен және сол жерде бар басқа да көлік түрлерімен жол жүру құны, ал қылмыстық процесті жүргізетін органның келісімімен – әуе көлігімен жол жүру құны; қызметтік іссапарларға ақы төлеу үшін қабылданған нормалар бойынша ұйым, жұмыс беруші осы шығыстарды өтемейтін жағдайда тұрғын үй-жайды жалдау құны; 2) қылмыстық процесті жүргізетін органның талабы бойынша бұл адамдардың тұрақты тұрғылықты жерінен тысқары жерде тұруы қажет болған кезде және тәуліктік ақыны ұйым, жұмыс беруші өтемейтін жағдайда – тәуліктік ақы; 3) орташа жалақысын ұйым, жұмыс беруші сақтайтыннан басқа жағдайларда, қылмыстық процесті жүргізетін органның талабы бойынша қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысуға кеткен барлық уақыт үшін орташа жалақы; 4) тұлғаның қылмыстық процесті жүргізетін органның талабы бойынша тергеу ісіне немесе басқа да процестік әрекетке қатысуы салдарынан сапасын жоғалтқан немесе жоғалған мүлікті қалпына келтіруге немесе сатып алуға арналған шығыстар бюджет қаражаты есебінен өтелуге жатады (ҚР ҚПК-нің 176-бабы). Мемлекеттік органдар мен ұйымдар жәбірленушінің, оның заңды өкілінің, куәгердің, аудармашының, маманның, сарапшының, куәның, сотқа шақырылған, бірақ алқабилер алқасының құрамына іріктеп алынбаған алқабиге кандидаттың қылмыстық процесті жүргізетін органның талабы бойынша қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысуға кеткен барлық уақыты ішіндегі орташа жалақысын сақтауға міндетті. Маман мен сарапшыға оларға тиесілі химиялық реактивтер мен тапсырылған жұмысты орындау кезінде жұмсалған басқа да шығыс материалдарының құны да, сондай-ақ жұмысты орындау үшін олардың жабдықты, коммуналдық және басқа да қызметтерді пайдаланғаны үшін төлеген ақысы өтеледі. Жәбірленушінің, азаматтық талапкердің, олардың заңды өкілдерінің қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде шеккен шығыстары олардың арызы бойынша қылмыстық процесті жүргізетін орган қаулысының негізінде, заңнамада белгіленген мөлшерде өтелуге жатады. Көрсетілген шығыстарды төлеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды. Көрсетілген шығыстар қылмыстық процесті жүргізетін орган заңнамаға сәйкес өз бастамасымен өтеуі мүмкін.

6.8. Процестік шығындар

Процестік шығындар: 1) куәларға, жәбірленушілерге және олардың өкілдеріне, сарапшыларға, мамандарға, аудармашыларға, куәгерлерге осы Кодекстің 174, 175-баптарында көзделген тәртіппен төленетін сомалардан; 2) тұрақты жалақысы жоқ куәларға, жәбірленушілерге және олардың өкілдеріне, куәгерлерге оларды әдеттегі айналысатын кәсібінен қол үздіргені үшін төленетін сомалардан; 3) жұмыс істейтін және тұрақты жалақысы бар куәларға, жәбірленушілерге және олардың заңды өкілдеріне, куәгерлерге олардың қылмыстық процесті жүргізетін органға шақыртылуына байланысты кеткен барлық уақыты ішінде толық ала алмаған жалақысын өтеу үшін төленетін сомалардан; 4) сарапшыларға, аудармашыларға, мамандарға олардың сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында немесе сотта өз міндеттерін қызметтік

тапсырма тәртібімен орындағаннан басқа жағдайларда орындағаны үшін төленетін сыйақыдан; 5) күдікті, айыпталушы немесе сотталушы заң көмегі көрсетілгені үшін ақы төлеуден босатылған не адвокат анықтауға, алдын ала тергеуге немесе сотқа тағайындау бойынша қатысқан жағдайда, қорғаушының заң көмегін көрсеткені үшін төленетін сомалардан; 6) жәбірленушінің өкілі (жекеше айыптаушы) заң көмегі көрсетілгені үшін ақы төлеуден босатылған жағдайда, ол төлейтін сомалардан; 7) заттай дәлелдемелерді сақтауға және жіберуге жұмсалған сомалардан; 8) сот сараптамасы органдарында сараптама жүргізуге жұмсалған сомалардан; 9) тергеуден немесе соттан жасырынған күдіктіні, айыпталушыны, сотталушыны іздестіруге байланысты жұмсалған, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіпке сәйкес есептелген сомалардан; 10) күдікті, айыпталушы, сотталушы тергеушіге немесе сотқа дәлелді себепсіз келмеген жағдайда, оларды күштеп әкелуге байланысты, сондай-ақ сотталушының сотқа дәлелді себепсіз келмеуіне не оның мас күйде келуіне байланысты сот талқылауын кейінге қалдыруға байланысты жұмсалған сомалардан; 11) қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде шеккен өзге де шығыстардан құралады.

6.8.1. Процестік шығындарды өндіріп алу

Процестік шығындарды өндіріп алу туралы мәселені сот қылмыстық іс бойынша түпкілікті шешім шығарған кезде қарайды. Егер іс бойынша іс жүргізу қылмыстық процестің сотқа дейінгі кезеңінде аяқталса, тергеу судьясы процестік шығындарды өндіріп алу туралы мәселені прокурордың ұсынуы бойынша қарайды. Сот процестік шығындарды күдіктіге, айыпталушыға, сотталған адамға жүктеуі мүмкін немесе олар мемлекет есебіне қабылданады (ҚР ҚПК-нің 178-бабы). Сот аудармашыға төленген сомаларды қоспағанда, процестік шығындарды сотталған адамнан өндіріп алуға құқылы. Процестік шығындар жазадан босатылған сотталған адамға да жүктелуі мүмкін. Іске аудармашының қатысуына байланысты процестік шығындар мемлекет есебіне қабылданады. Егер аудармашы өз функцияларын қызметтік тапсырма тәртібінде орындаса, оның еңбегіне ақы төлеуді мемлекет аудармашы жұмыс істейтін ұйымға өтейді.

Күдіктінің, айыпталушының, сотталушының қорғаушысы немесе жәбірленушінің өкілі (жекеше айыптаушы) ретінде заң көмегін тегін көрсеткен адвокаттың іске қатысуына байланысты процестік шығындар, осы Кодекстің 67-бабының үшінші бөлігінде және 76-бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайларда, бюджет қаражатының есебіне жатқызылады. Сотталушы ақталған немесе іс осы Кодекстің 35-бабы бірінші бөлігінің 1), 2) тармақтарына сәйкес тоқтатылған жағдайда, процестік шығындар мемлекет есебіне қабылданады. Егер сотталушы ішінара ғана ақталса, сот оны ол кінәлі деп танылған айыптауға байланысты процестік шығындарды төлеуге міндеттейді.

Процестік шығындар өндіріп алынуға тиіс адам мүліктік жағынан дәрменсіз болған жағдайда, олар мемлекет есебіне қабылданады. Егер процестік шығындарды төлеу сотталған адамның асырауындағы адамдардың материалдық жағдайына айтарлықтай әсер ететін болса, сот сотталған адамды

процестік шығындарды төлеуден толық немесе ішінара босатуға құқылы. Іс бойынша бірнеше сотталушыны кінәлі деп тани отырып, сот процестік шығындар олардың әрқайсысынан қандай мөлшерде өндірілуге тиіс екенін белгілейді. Бұл ретте сот сотталған адамның кінәсінің сипатын, оның қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауаптылық дәрежесін және мүліктік жағдайын ескереді.

Сот кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтары туралы істер бойынша процестік шығындарды төлеуді кәмелетке толмаған адамның ата-анасына немесе оларды алмастыратын тұлғаларға жүктей алады. Сотталушы жекеше айыптау ісі бойынша ақталған кезде сот процестік шығындарды шағымы бойынша іс жүргізу басталған тұлғадан толық немесе ішінара өндіріп алуға құқылы. Іс тараптардың татуласуына байланысты тоқтатылған кезде процестік шығындар сотталушыдан өндіріп алынады.

Күдікті, айыпталушы қайтыс болған жағдайда, олардың мұрагерлері процестік шығындарға байланысты міндеттемелер бойынша жауаптылықта болмайды. Процестік шығындарды өндіріп алу құқығы соттың тиісті шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш жыл өткен соң ескіруіне орай тоқтатылады.

Процестік шығындар туралы деректер болған жағдайда, осы баптың алтыншы бөлігінде көрсетілген жағдайды қоспағанда, қылмыстық қудалау органы процестік шығындарды өндіріп алуды қамтамасыз ету шараларын қолдануға міндетті.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Процестік шығандар ұғымы
2. Процестік шығындарды талап етуші тұлғалар
3. Процестік шығынды өтеу тәртібі
4. Шығынды өтеу мерзімі
5. Материалдық шығын мерзімі

7. ҚЫЛМЫСТЫҚ-ПРОЦЕСТІК МЕРЗІМДЕР

7.1. Процестік мерзімдердің ұғымы мен негіздері
7.2. Процестік мерзімдердің түрлері
7.3. Процестік мерзімдерді есептеу тәртібі
7.4. Мерзімді сақтау және ұзарту
7.5. Мерзімді өткізіп алудың салдары және оны қалпына келтіру тәртібі

7.1. Процестік мерзімдердің ұғымы мен негіздері

Процестік мерзімдер ҚР ҚПК-нің 48-50 баптарымен реттеледі Қазақстан Республикасы ҚПК-не сәйкес, қылмыстық сот ісін жүргізу мерзімдері - ақиқатты анықтау, іске қатысушы адамдардың құқықтарын қорғау мақсаттарында қандай да болсын іс жүргізу әрекеттерін жүзеге асыру, сот процестерінің тәрбиелеу, алдын алу мүмкіндіктерін арттыру үшін заңда

белгіленген уақыт болып табылады. Іс жүргізу мерзімдері... кепілдіктер жүйесінің бір бөлігін құрайды. Мерзімдерді есептеудің тәртібі және өткізіп алынған мерзімді қалпына келтіру туралы жалпы ережелер бар заң нормалары іс жүргізу мерзімдерінің нақ осы ерекшелігімен байланысты. Қолданылып жүрген қылмыстық іс жүргізу заңында іс жүргізу мерзімдері туралы жалпы норма жоқ, бірақ Қазақстан Республикасының ҚПК-де мерзімдерді есептеу туралы (ҚР ҚПК-нің 48-бабы), мерзімді сақтау және ұзарту (ҚР ҚПК-нің 49-бабы), мерзімді өткізіп алудың салдары және оны қалпына келтіру тәртібі (ҚР ҚПК-нің 50-бабы), күзетпен ұстау мерзімдері және оларды ұзарту тәртібі (ҚР ҚПК-нің 151-бабы), сотқа дейінгі тергеудің мерзімі (ҚР ҚПК-нің 192-бабы), үкімге шағымдану мерзімдері туралы (ҚР ҚПК-нің 418-бабы) және т.б. дербес нормалар бар. ҚПК-де жүзге жуық нормада қылмыстық процесте уақытты регламенттеудің жекелеген элементтері бар. Қылмыстық процестегі мерзімдерді сақтау арқылы заңдылықты сақтай аламыз. Мысалы, сотталушы аппелияциялық шағымды берілген он тәуліктік мерзімді бұза отырып жасаған жағдайда оның заңдық күші болмайды және бірінші сатыдағы сот шығарған үкімнің күшін жою және оны өзгерту үшін тіпті нақты негіздер бар болған жағдайдың өзінде, іс жүргізушілік-құқықтық нәтижелер бермейді.

Сонымен қатар, процестік мерзімдерін сақтау арқылы іс-әрекеттердің өз кезеңінде орындалуын қамтамасыз етуге болады. Мысалы, ҚПК-тің 185-бабында қылмыстық қудалау органдарының жасалған немесе әзірленіп жатқан кез келген қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды немесе хабарды қабылдауға және солар бойынша шешімдер қабылдауға міндетті. Заң осы арқылы қылмыс туралы әрбір хабарды және арызды тиісті органның (өкілетті адамның) қарауын қамтамасыз ету мақсатын көздейді. Одан соң 186-бапта арыздар мен хабарлар қаралуға және шешімдер кабылдануға тиісті шекті мерзім белгіленген. Бұл жердегі мақсат - қылмыстылар туралы арыздар мен хабарлардың дер кезінде қаралуын қамтамасыз ету.

Сондықтан, процестік мерзімдерінің маңызы болып: а) процеске қатысушылардың заңды құқықтары мен мүдделерінің сақталуын; ә) сот ісінің тез жүргізілуін қамтамасыз етеді; б) пәрменді прокурорлық қадағалауды жүзеге асыру шарттарын қамтамасыз ететін іс жүргізушілік ерекше кепілдіктер береді; в) қылмыстық процесте жүйелеу функциясын орындауға бағытталған құқықтық құрал больш табылады; сот ісінің жүргізілуіне қаматамасыз ететін ұйымдық құрал болып табылады.

7.2. Процестік мерзімдердің түрлері

Процестік мерзімдерді қызметтің реттелуіне қарай: а) мерзім-кез; ә) мерзім-кезең болып екі түрге бөлінеді.

Мерзім-кез әрдайым іс жүргізу мерзімдері белгіленбеген әлдебір іс жүргізу әрекетімен үнемі байланысты. Мерзімдердің бұл түрін іс жүргізілетін уақытты көрсететін ерекше терминология бойынша белгілеуге болады. Мысалы, Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 66-бабына сәйкес, «қорғаушы адамның қорғалуға құқығы бар куә, күдікті, айыпталушы мәртебесін алған кезінен бастап, сондай-ақ қылмыстық процестің кез келген келесі кезінде қылмыстық

процеске қатысуға құқылы»; «*кез келген сәт*» (мысалы, ҚПК-тің 367-бабы бойынша «сот сотталушыға нақтылау сұрақтарын жауап алудың кез келген сәтінде қоюы мүмкін»); «*дереу*» (мысалы, ҚПК-тің 148-бабының бойынша «судьяның санкциясы немесе санкция беруден бас тарту туралы белгісі бар қаулы тергеушіге, анықтаушыға, айыпталушыға (сезіктіге) жолданады және жедел атқаруға жатады»; «кідіріссіз» термині өзінің мәні жағынан «*дереу*» терминіне жақын (мысалы, ҚПК-тің 148-бабы бойынша «бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алуды таңдау туралы қаулы материалдары прокуратураға түскен кезден бастап алты сағаттың ішінде прокурордың кідіріссіз қарауына жатады»; «*қисынды уақытта*» (мысалы, ҚПК-тің 192-бабы бойынша «Сотқа дейінгі тергеп-тексеру қылмыстық істің күрделілігі, тергеу әрекеттерінің көлемі және істің мән-жайларын зерттеудің жеткіліктілігі ескеріле отырып, қисынды мерзімде, бірақ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде белгіленген қылмыстық қудалаудың ескіру мерзімінен аспайтын мерзімде аяқталуға тиіс»).

Мерзім-кезеңдерді мынадай терминдермен білдіруге болады: әлдебір іс әрекет жасалған «*күні*» (мысалы, ҚПК-тің 526-бабының бойынша «сезікті анықталған сәттен бастап, тез арада тағылады»); «*кейінге қалдыруға болмайтын жағдайлар*»**,** (мысалы, ҚПК-тің 196-бабының 1-бөлігі бойынша «алдын ала тергеудің жүзеге асырылуы қажет қылмыс белгілері болған жағдайда, анықтау органы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастауға және қылмыс іздерін анықтау және бекіту бойынша кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін: қарап-тексеруді, тінтуді, алуды, куәландыруды, күдіктілерді ұстап алу мен олардан жауап алуды, жәбірленушілер мен куәлардан жауап алуды және басқа да тергеу әрекеттерін жүргізуге құқылы»).

Мерзім-кезеңдер өз тарапынан: а) белгісіз мерзімдерге; ә) ұзақтығы белгілі мерзімдерге бөлінеді.

*Белгісіз мерзімдер***,** әдетге, сот ісін жүргізудің қандай да болсын іс-әрекет жасалуы қажетті әлдебір кезеңін көрсетеді. Мерзімдердің ең ерте және ең кеш шектері өзара байланысты іс-қимылдар аралығындағы кезеңнің қаншалықты уақытқа созылатынымен айқындалады. Мәселен, ҚПК-тің 118-бабына сәйкес заттай дәлелдемелер «үкім немесе істі тоқтату туралы қаулы заңды күшіне енгенге дейін» істе қалады, бұл жағдайда ең ерте мерзім заттай дәлелдемелер іс материалдарына қосылған мерзіммен тұспа-тұс келетіні, ал ең жоғары мерзім үкім заңды күшіне енген уақытпен немесе істі тоқтату уақытымен айқындалатыны мегзелген.

Ұзақтығы белгілі мерзімдерге (немесе белгілі мерзімдер) мерзім-кезеңдер шегінде іс-қимылдар жасалуы қажетті кезеңнің қаншалықты уақытқа созылатынының дәл атап көрсетілуі тән: сағат, тәулік, апта, ай, жыл.

Мерзім белгілеу әдісімен байланысты негіз бойынша іс жүргізу мерзімдері мынадай түрлерге бөлінеді: а) заңмен белгіленген; ә) сот ісін жүргізуші өкілетті адам белгілеген.

Заңмен белгіленген мерзімдер заң нұсқамаларын орындаушы нақты өкілетті адамның құқықтық жағдайына карамастан барлық қылмыстық істер бойынша міндетті. Мәселен, ҚПК-тін 179-бабына сәйкес, қылмыстық құқық

бұзушылық туралы арыздың, хабардың Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелуі не бірінші кезек күттірмейтін тергеу әрекеті сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы болып табылады. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталғаны туралы бір тәулік ішінде прокурор хабардар етіледі.

Өкілетті адам белгілеген мерзімдер уақыт жағынан, заңмен белгіленген мерзімдер секілді, шектеусіз емес. Бұл жағдайда іс-әрекеттерді орындау мерзімі туралы шешімді кабылдауға өкілетті адам құқылы. Мысалы, ҚПК-нің 151-бабында судьялардың қамауға алуды ұзартудың түрлі құқықтары көзделген: «үш айға дейін», «алты айға дейін». Мұның өзі тиісті судьяның, жоғары мерзімнен аса алмайтының бірақ ең жоғары мерзім шегінде одан аспайтын кез келген мерзім белгілей алатынын білдіреді.

7.3. Процестік мерзімдерді есептеу тәртібі

Мерзімдерді есептеу тәртібі Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 46-бабына сәйкес, сағаттармен, тәуліктермен, айлармен, жылдармен есептеледі. Сағаттар, ұстап алу, күзетпен ұстау, үйқамақ және медициналық мекемеде немесе ерекше режиммен ұстайтын білім беру ұйымында болу кезінде және жауап алу және өзге де тергеу іс-әрекеттерін жүргізу барысында қолданылады. Сағат жергілікті уақытпен есептелінеді. Мысалы, Қазақстан Республикасының батыс өңірлерінде, Астана уақытымен салыстырғанда бур сағат кейін есептелінеді. Тәулік 24-сағаттан тұрады. Сондықтан тәулікті есептеу барысында әрбір сағаттар есептелініп отыруы шарт. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы қылмыстық процестік кодексте «күндізгі» және «түнгі» уақыт деген терминдер кездеседі. Ал, «түнгі мерзім» - жиырма төрт сағаттан алты сағатқа дейін есептелінеді. Мерзімді есептеу кезінде оған жұмыстан тыс уақыт та кіреді. Тәуліктермен есептелетін мерзім оның соңғы тәуліктерінің жиырма төрт сағатында бітеді. Айлармен есептелетін мерзім оның соңғы айының тиісті айы мен күнінде бітеді. Егер мерзімнің аяқталуы тиісті күні жоқ айға тура келетін болса, онда мерзім осы айдың соңғы күнінде бітеді. Жылдармен есептелетін мерзім оның соңғы жылының тиісті айы мен күнінде бітеді. Егер мерзімнің аяқталуы тиісті күні жоқ айға тура келетін болса, онда мерзім осы айдың соңғы күнінде бітеді. Ұстап алу, күзетпен, ұстау, үйқамақ және медициналық мекемеде немесе ерекше режиммен ұстайтын білім беру ұйымында болу кезіндегі мерзімдерді есептеу жағдайларын қоспағанда, мерзімнің соңғы күні жұмыс істемейтін күнге тура келсе, онда одан кейінгі жұмыс күні мерзімнің аяқталу күні болып есептеледі.

Адамды қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдік бойынша ұстап алған кезде мерзім осы шара нақты қолданылған кезден (минутына дейін дәлдікпен сағаттан) бастап есептеледі. Күзетпен ұстау, үйқамақ, сондай-ақ медициналық мекемеде немесе ерекше режиммен ұстайтын білім беру ұйымында болу мерзімдерін есептеу кезінде мерзімнің бірінші тәулігі мерзімге қосылады.

Мысалы, ҚПК-тің сәйкес «жауап алудың бір күн ішіндегі жалпы ұзақтығы сегіз сағаттан аспауға тиіс». Жауап алу жалпы ереже бойынша күндізгі уақытта жүргізілетінін ескергенде, күн ұғымына, сірә, жергілікті уақыт бойынша сағат

алтыдан жиырма екіге дейінгі уақыт кіруге тиіс болар. Сонымен бірге, кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда, жауап алуды түнгі уақытта да жүргізуге болады.

7.4. Мерзімді сақтау және ұзарту

Егер шағым, өтінішхат немесе өзге де құжат мерзім аяқталғанға дейін поштаға тапсырылса, оны қабылдауға уәкілетті тұлғаға берілсе немесе мәлімделсе, ал күзетпен ұсталатын не медициналық ұйымға орналастырылған адамдар үшін, егер шағым немесе өзге де құжат күзетпен ұстау орнының немесе медициналық ұйымның әкімшілігіне мерзім аяқталғанға дейін тапсырылса, мерзім өткізіп алынған болып есептелмейді. Шағымды немесе өзге де құжатты поштаға тапсыру уақыты – пошта мөртабаны бойынша, ал оларды қабылдауға уәкілетті тұлғаға немесе күзетпен ұстау орнының немесе медициналық ұйымның әкімшілігіне тапсыру уақыты осы ұйымдар кеңсесінің немесе лауазымды адамдарының қойған белгісі бойынша айқындалады (ҚР ҚПК-нің 49-бабы).

Лауазымды адамдардың белгіленген мерзімді сақтауы процестік құжаттардағы тиісті нұсқаумен расталады. Қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысатын адамдарға табыс етілуге жататын құжаттардың алынғандығы олардың іске қоса тігілген қолхатымен расталады. Процестік мерзімдерді ұзарту мерзімдері Қазақстан Республикасы ҚПК-нде белгіленген жағдайларда және тәртіппен ғана ұзартылуы мүмкін.

7.5. Мерзімді өткізіп алудың салдары және оны қалпына келтіру тәртібі

Мерзімді өткізіп алудың салдары және оны қалпына келтіру тәртібі Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 50-бабымен реттеледі. Ал, қылмыстық процеске қатысушылардың мерзім аяқталғаннан кейін жасаған процестік әрекеттері жарамсыз болып есептеледі. Мысалы, қылмыстық іс тоқтатылған соң немесе іс жүргізу туралы шешім қабылданған соң жүргізілген, процесуальдық іс-әрекеттер заңсыз болып табылады.

Дәлелді себеппен өткізіліп алынған мерзім мүдделі тұлғаның өтінішхаты бойынша, іс жүргізуінде іс жатқан анықтаушының, тергеушінің, прокурордың немесе судьяның қаулысымен қалпына келтірілуі мүмкін. Дәлелді себептерге кейінге қалдыру мүмкін емес оқиғалар жатқызылады. Мысалы: ауыр сырқат, табиғат апаты, жұмысбастылық және т.б.. Егер шағым немесе өзге құжат мерзім өткенге дейін почтамен, жеделхатпен, ал қамаудағы адамдар үшін — бас бостандығынан айыру орындарының әкімшілігі арқылы жіберілген болса, мерзім өткізіп алынды деп саналмайтыны туралы заң ережесінің зор маңызы бар. Құжаттар жіберілген мерзімді почта штемпелі бойынша анықтауға болады. Кейбір іс жүргізу әрекеттері бойынша бастапқыда көзделген мерзімдер ұзартылуы мүмкін. Мысалы, адамға қамауға алу шарасының қолданылуын аудандық, қалалық судьялар, оларға теңестірілген әскери және өзге судьялар арқылы үш айға дейін ұзарта алады. Мерзімді алты айға дейін ұзартуға облыс прокуроры, оған теңестірілген прокурорлар мен олардың орынбасарларының

қолдауымен судья арқылы жүзеге асырылады (ҚПК-тің 150-бабы). Мерзімнің ұзартылуы қаулымен ресімделеді. Бұл ретте мерзім, егер қылмыстық процесті жүргізетін органның тиісті шешімінде өзгеше көзделмесе, басқа тұлғалар емес, оны өткізіп алған тұлға үшін қалпына келтіріледі. Белгіленген мерзімді өткізіп алып шағым жасалған шешімді орындау мүдделі тұлғаның өтінішхаты бойынша өткізіп алынған мерзімді қалпына келтіру туралы мәселе шешілгенге дейін тоқтатыла тұруы мүмкін. Мерзімді қалпына келтіруден бас тартуға заңда көзделген тәртіппен шағым жасалуы, наразылық білдірілуі мүмкін.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Айыптау және актау үкімдерін тағайындағанда, қылмыстық істі қысқартқан жағдайда азаматтық талапты шешу.
2. Азаматтық талап белігінде соттың үкімі мен қаулысын орындау.
3. Қылмыстық іс бойынша өндіріс барысында кеткен шығындарды өтеу мен еңбекке ақы төлеу.
4. Қорғаушының заң көмегіне ақы төлеу, аудармашыға, маманға, сарапшыға ақы төлеу.
5. Жәбірленушіге, азаматтық талапкерге, азаматтық жауапкерге және олардың заңды екілдеріне, жеке айыптаушының қорғаушысына және өкіліне, куәгерге, аудармашыға, маманға, сарапшыға, куәға шығындарды өтеу.

8. ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСКЕ ҚАТЫСАТЫН АДАМДАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

8.1. Қылмыстық процеске қатысатын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ұғымы мен маңызы, субъектілері

8.2. Қылмыстық процеске қатысатын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларының түрлері

8.3. Қылмыстық процеске қатысатын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын қолдану тәртібі

8.1. Қылмыстық процеске қатысатын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ұғымы мен маңызы, субъектілері

Қазақстан Республикасы 2000 жылғы 5 шілдедегі «Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы» Заңына сәйкес, қауіпсіздік шаралары дегеніміз қылмыстық процеске қатысушылардың өмірін, денсаулығын және отбасын қорғауға бағытталған мемлекеттік шаралардың түрін айтамыз. Себебі, қылмыстық іс жүргізу органдардың қызмет тәжірибесі көрсеткендей, олардың кәсіптік қызметіне байланысты өкілетті лауазымды адамдардың, сондай-ақ басқа процеске қатысушылардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне қарсы қылмыстық қиянат жасау, оларды қорқыту, оларға күш қолдану және әр түрлі қысымшылық жасау оқиғалары кездеседі, аталған әрекеттер қылмыстық іс жүргізу органдарының өз міндеттерін орындауларына, сот төрелігін заңды түрде жүзеге асыруға кедергі келтіреді.

Аталған шараларды мемлекетте қолдану мәселесі 1994 жылғы Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформаның Мемлекеттік бағдарламасында көрсетілді. Ол алғашқы рет қабылданған Қазақстан Республикасының ҚПК-не бекітілді (ҚР ҚПК-нің 98-101-баптары). Ол туралы Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы 2000 жылы қабылданған конституциялық заңның 26-бабында: «Судьялар, олардың отбасы мүшелері мен мүлкі мемлекеттің қорғауында болады, оның тиісті органдары судьядан немесе оның отбасы мүшелерінен тиісті өтініш түскен жағдайда олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, оларға тиесілі мүлікті сақтауға дер кезінде және барлық шараларды қолдануға міндетті» деп көрсетілген.

Қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы мемлекеттік қорғауға келесідей адамдар жатады:

1)қылмыстық іс жүргізу органдарының лауазымды адамдары (судья, прокурор, тергеуші, анықтаушы, сондай-ақ жедел-іздестіру қызметін атқаратын лауазымды адамдар);

2)өз мүдделерін қорғайтын және басқа процеске қатысушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғайтын адамдар (сезікті, айыпталушы, қорғаушы, жәбірленуші, жеке айыптаушы, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер және олардың өкілдері);

3)өзге іске қатысушылар (куә, куәгер, сарапшы, маман, аудармашы, сот отырысынын хатшысы, сот приставы);

4)іске қатысушылардың отбасы мүшелері және жақын туыстары.

8.2. Қылмыстық процеске қатысатын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларының түрлері

Қазақстан Республикасы ҚПК 97-бабына және Қазақстан Республикасы «Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы» заңының 7-20-баптарында сәйкес аталған адамдарға қатысты олардың өміріне қауіп төнуден немесе өзге де күш қолданудан қауіпсіздендіру үшін келесідей топтарға бөлуге болады:

1)қылмыстық іс жүргізудің басталу кезінен қолдануға болатын қауіпсіздік шаралары;

2) сотта істі қарау кезінде қолданылатын қауіпсіздік шаралары.

Қылмыстық процесті жүргізетін орган куәлардың, күдіктілердің және қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысатын басқа да адамдардың, олардың отбасы мүшелерінің және жақын туыстарының қауіпсіздігі шараларын қамтамасыз ету мақсатында: 1) күш қолданудың немесе қылмыстық заңда тыйым салынған басқа да іс-әрекеттердің қатерін төндіріп отырған адамға оны қылмыстық жауаптылыққа тарту ықтималдығы туралы ресми ескертпе жасайды; 2) қорғалатын адам туралы мәліметтерге қолжетімділікті шектейді; 3) оның жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы тапсырма береді; 4) қылмыстық процеске қатысушыларға қатысты күш қолдану (қолдануды ұйымдастыру) немесе өзге де қылмыстық іс-әрекеттер жасау (жасауды ұйымдастыру) ықтималдығын болғызбайтын бұлтартпау шараларын күдіктіге, айыпталушыға

қатысты таңдайды; 5) жақындауға тыйым салу түріндегі процестік мәжбүрлеу шарасын қолданады.

1. Қылмыстық іс жүргізу органы күш қолдану немесе құқыққа қайшы басқа әрекеттер қаупін, туғызған адамға мұндай әрекеттерді тиюы жөнінде ресми түрде ескерту жасайды және ондай әрекеттерін тыймаған жағдайда ол үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылатындығын ескертеді. Ескерту ол адамға қолы қойғызылып хабарланады. Ал, егер қауіп туғызған адамның әрекетінде қылмыстық кодексінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылық туралы қорқыту белгілері бар болса, онда бұл адам қылмыстық жауаптылыққа тартылуы тиіс.

2. Қорғалатын адам туралы мәліметтерді білуге шек қою. Ол үшін іс жүргізу хаттамаларында (мәселен, жауап алу хаттамасында) бұл адамның кім екендігі жөнінде деректерді көрсетпей, оның орнына бүркеншік ат (псевдоним) қолдану қажет болады және ол адам жөнінде толық мәліметтер қылмыстық істің негізгі материалдарынан бөлек сақталуы тиіс. Қорғалатын адамға байланысты оқшаландырылған материалдармен (мәліметтермен) танысу бұл істі жүргізуші органға ғана рұқсат етіледі. Басқа процеске қатысушылар ол мәліметтермен оларды жарияламау туралы қолхат бере отырып, қылмыстық іс жүргізу органының рұқсатымен ғана таныса алады. Қорғалатын адамның қатысуы қажет болатын іс-әрекеттер оны тануды болдырмайтың жағдайда жүргізіледі.

3. Оның жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы тапсырма береді. Яғни, қажет болған жағдайда қорғаалатын адамға қару немесе басқа арнайы жеке қорғану құралы беріледі. Мұндай шара қолданылатын болса, қару қолдану туралы заңның талаптары ескеріледі және оған қорғалатын адамның келісімі болуы шарт. Қорғалатын адам қаруды күтіп ұстау, оны алып жүру және қолдану ережелерін қатаң сақтауға міндеттеледі.

4. Іске қатысушы адамға қарсы күш қолдану немесе басқалай қылмыстық әрекеттер жасауды болғызбау мақсатында ондай қауіп туғызған күдіктіге немесе айыпталушыға бұл жағдайда тиімді болатын бұлтартпау шарасын қолдану (мәселен, қамаққа алу).

5. Іске қатысушы адамның жеке басын, баспанасын және мүлкін қорғау. Бұл шара - қылмыстық іс жүргізу органының қаулысы бойынша ішкі істер органының қатысуымен жүзеге асырылады. Яғни, мұндай жағдайда ішкі істер органының арнайы бөлінген қызметкерлері жеке адамның, оның үй-жайының және мүлкінің қорғалуын қамтамасыз етуге міндетеледі. Осыған байланысты қорғалатын адамның үй-жайында сигнализация құралдарын қою, оның телефон және көлік құралдарының нөмірлерін өзгерту қажет болуы мүмкін.

6. Процеске қатысушы адамды қауіпсіз жерге уақытша тұруға орналастыру. Бұл шараның мәні қорғалатын адамның келісімі бойынша белгілі бір мерзімге онын басқа жерде тұруына қажетті жағдай жасау болып табылады (мысалы: жасырын түрде мейманханада немесе демалыс үйінде уақытша тұруға орналастыру).

7. Қорғалатын адам жөнінде мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз ету. Бұл шараның мәні қорғалатын адамның жеке басына және отбасына

байланысты мәліметтерді кімнің болса да жалпыға бірдей қызмет көрсету мекемелерінен сұратып білуіне кедергі қою болып табылады (қылмыстық іске маңызы бар занды жолмен анықталуға тиісті мәліметтерді қоспағанда). Ол үшін қылмыстық іс жүргізу органының дәлелді қаулысы бойынша анықтама және құжаттар беретін мекемелердің, жол полициясының қорғалатын адам жөнінде (оның кім екендігі, отбасы жағдайы, тұратын жері, жұмыс немесе оқу орыны және т.б.) мәліметтер берулеріне тыйым салынады.

8. Қорғалатын адамның құжаттарын ауыстыру. Бұл адамның арызы немесе келісімі бойынша оның өз басына қажетті құжаттар, оған өзгертілген деректер жазылып, жаңадан беріледі. Өзгертілген деректер қорғалатын адамның өзінің келісімі бойынша тандалып, жаңа құжаттарға жазылады.

9. Қорғалатын адамды басқа жерге тұрақты немесе уақытша тұруға көшіру, жұмыс немесе оқу орнын ауыстыру. Ол үшін қорғалатын адамның өзінің арызы немесе келісімі болуы тиіс. Бұл шара жергілікті атқару органдарының көмегімен жүзеге асырылады. Яғни, қоныс аударатын адамды жаңа баспанамен және тұрмыстық мүлікпен қамтамасыз ету, жаңа жұмыс немесе оқу орнына орналастыру қажет болады.

10. Қорғалатын адамның бет-әлпетін өзгерту. Мұндай амал өте ерекше, баска қауіпсіздік шаралары тиімді болмайтын жағдайларда ғана қолданылуы мүмкін және оған қорғалатын адамның келісімі болуы шарт.

Қауіпсіздік шараларының екінші тобы сот барысында жүзеге асырылады. Сот қорғалатын адамның, айыптаушы тараптың өтінішхаты бойынша, сондай-ақ адамның, оның отбасы мүшелері мен жақын туыстарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында өз бастамасы бойынша: 1) қорғалатын адамның жеке басы туралы деректерді жарияламастан, бүркеншік атты пайдалана отырып; 2) қалған қатысушылардың қорғалатын адамды дауысы, акценті және сыртқы белгілері: жынысы, ұлты, жасы, бойы, дене бітімі, мүсіні, жүрісі бойынша тануы мүмкін болмайтын жағдайларда; 3) оны сот талқылауына басқа қатысушылардың көзіне көрсетпей, оның ішінде бейне байланыс арқылы да, жауап алуды жүзеге асыра алады. Сонымен қатар, судья қорғалатын адамның негізгі іс жүргізуден бөлектелген сауалнамалық деректерін және жеке басын куәландыратын құжаттарын жария етпестен, сот отырысының өзге қатысушыларына, оның ішінде сот отырысының хатшысына ұсынбастан және сот отырысының хаттамасында және (немесе) сот актілерінде көрсетпестен, олармен танысу арқылы жауап алынатын адамның жеке басына жеке өзі көз жеткізеді.Төрағалық етуші: бейне -, дыбыс жазуды жүргізуге және жауап алуды түсіріп алудың өзге тәсілдерін жүргізуге тыйым салуға; сот отырысы залынан адвокатты қоспағанда, сотталушыны, қорғаушы тараптың өкілдерін шығарып жіберуге құқылы. Төрағалық етуші процеске қатысушылардың қандай да біреуі болмағанда немесе олардың көзбен көріп отыруынан тыс жауап алған қорғалатын адамның айғағын осы қорғалатын адам туралы мәліметтерді көрсетпестен, сотта барлық қатысушылар қатысып отырған кезде хабарлайды. Қажет болған жағдайларда, сот процеске қатысушылардың және заңда көзделген өзге де адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде басқа да шараларды қолданады. Сот талқылауына қатысушылардың қауіпсіздігін

қамтамасыз ету туралы сот қаулысын орындау қылмыстық қудалау органдарына, жазаны орындайтын мекемеге немесе органға, сондай-ақ сот приставына жүктеледі.

8.3. Қылмыстық процеске қатысатын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын қолдану тәртібі

Қауіпсіздік шарасын қолдану туралы шешім қабылдау үшін алдымен себеп пен негіздің болулары қажет. Себеп ретінде процеске қатысушы адамның өзіне немесе жақындарына қарсы туған қауіп жөнінде арызы болады. Ондай арыз ауызша немесе жазбаша берілуі мүмкін. Қауіпсіздік шарасын қолданудың негізі ретінде іске қатысушы адамның немесе оның отбасы мүшесінің, не басқа жақын адамының өміріне немесе мүлкіне тиетін қауіптің бар екендігін көрсететін нақты деректер болып табылады. Себеп пен негіз бар болған жағдайда қылмыстық іс жүргізу органы қажетті қауіпсіздік шарасын қолдану туралы қаулы шығарып, бұл жөнінде қорғалатын адамға хабарлауы тиіс. Заңда көрсетілгендей, қылмыстық іс жүргізу органы процеске қатысушы адамның арызын жиырма төрт сағаттан кешіктірмей қарап, тиісті шешім шығаруға міндетті. Мүдделі адамның арызы қанағаттандырылмаған болса, ол адам прокурорға немесе сотқа шағымдануға құқылы. Сонымен қатар, қауіпсіздік шарасын қолдануға негіз бар болған жағдайда қылмыстық қудалау органы өз бастамашылығымен ондай шараны қолдану туралы қаулы шығаруға құқылы (ҚР ҚПК-нің 96-бабы). Мұндай жағдайда қауіпсіздік шарасын қолдануға себеп оның қажеттілігін қылмыстық іс жүргізу органының тікелей өзінің анықтауы болып табылады.

Қылмыстық процесті жүргізетін орган шығарған ескертпе адамға қолын қойғыза отырып хабарланады. Қорғалатын адам туралы мәліметке қолжетімділікті шектеу қылмыстық процестің басынан бастап адамның арызы бойынша орын алуы мүмкін және қылмыстық істің материалдарынан адамның сауалнамалық деректері туралы мәліметтерді алып, оларды негізгі іс жүргізуден бөлек сақтаудан, бұл адамның бүркеншік ат пайдалануынан тұрады. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам осы шараны қолдану туралы қаулы шығарады, онда қорғалатын адамның жеке басы туралы деректерді құпия сақтау туралы қабылданған шешімнің себептері жазылады, қорғалатын адамның қатысуымен жүргізілетін тергеу әрекеттері хаттамаларында пайдаланылатын бүркеншік аты және қол қою үлгісі көрсетіледі. Қорғалатын адамның қатысуымен процестік әрекеттер қажет болған жағдайда, оны тануды болғызбайтын жағдайларда жүргізіледі. Қаулы және негізгі іс жүргізуден бөлектелген материалдар мөрленген конвертке салынып, ол одан әрі қылмыстық істі тергеген органда сақталады және оның мазмұнымен сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамнан басқа прокурор және сот таныса алады.

Куәгерлердің, күдіктілердің, айыпталушылардың, жәбірленушілердің және қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысатын басқа да адамдардың, олардың отбасы мүшелері мен жақын туыстарының жеке қауіпсіздігі шараларын қамтамасыз ету тәртібі заңда айқындалады. Сонымен қатар, қауіпсіздік шараларының

қолдануына қарамастан, қылмыстық қудалау органы бұған негіздер болған кезде жәбірленушіге, куәға, күдіктіге, қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысатын басқа да адамға қатысты қылмыстық заңда тыйым салынған іс-әрекеттің жасалу қатерінің анықталуына байланысты сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастауға міндетті. Қауіпсіздік шараларының күші оларды қолдануға қажеттілік жойылғанда қылмыстық процесті жүргізетін органның уәжді қаулысымен жойылады. Қорғалатын адамға оның қауіпсіздігі шараларының күші жойылғандығы немесе ол туралы деректердің қылмыстық процеске қатысатын адамдарға ашылғандығы туралы дереу хабарлануға тиіс. Қылмыстық процесті жүргізетін органның қауіпсіздік шараларының күшін жою туралы шешіміне қорғалатын адамның сотқа немесе прокурорға шағым беруі шағым жасалған шешімнің орындалуын тоқтата тұрады.

Қауіпсіздік шарасын қолдану туралы қаулы шығарылғаннан соң кейінгі мәселе ол шараны жүзеге асырудың жолымен байланысты болып келеді. Ондай шараларды жүзеге асырудың екі жолы бар: 1) қаулы шығарған қылмыстық іс жүргізу органының өзінің жүзеге асыруы; 2) басқа мекемелердің, ұйымдардың және лауазымды адамдардың қатысуымен жүзеге асыру. Мәселен, қауіп туғызған адамға ресми ескерту жасау кажет болған жағдайда, тергеуші бұл шараны тікелей өзі жүзеге асырады. Сол сиякты, сотта істі қарау кезінде куәдан жауап алғанда оның жеке басы жөнінде деректерді жарияламау кажет болса, мұндай шараны судьяның өзі жүзеге асыра алады. Бірақ, қауіпсіздік шаралары түрлерінің көпшілігін жүзеге асыру басқа мекемелерді және лауазымды адамдарды қатыстыруды қажет етеді (мысалы: процеске қатысушы адамның баспанасын және мүлкін қорғау немесе оны басқа жерде тұруға көшіру, жұмыс орнын ауыстыру). «Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы» заңның 24-бабында: қауіпсіздік шарасын қолдану туралы өкілетті органның шешімін орындау атқару органдарының, мекемелердің және ұйымдардың лауазымды адамдары үшін міндетті деп көрсетілген.

Қауіпсіздік шараларын қолданудың тиімді болуы қорғалатын адамның өз мінез-құлқына да байланысты. Сондықтан бұл адамның өзіне тиісті міндеттер жүктеледі. Мысалы, «Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы» заңның 26-бабында көрсетілгендей, қорғалатын адамға мынадай міндеттер жүктеледі: қауіпсіздікті қамтамасыз ететін органның нұсқаулары мен занды талаптарын орындау; өзіне қарсы қауіп төндіру немесе басқалай құқыққа қайшы келетін әрекеттер жасалған болса, ол жөнінде қауіпсіздікті қамтамасыз ететін органға дереу хабарлау; қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында өзіне берілген мүлікті ұқыпты түрде сақтау; өзіне қатысты қолданылған қауіпсіздік шаралары жөнінде мәліметтерді жарияламау; қажет болған жағдайда қару және жеке қорғану құралдарын қолдануға үйрену үшін тиісті оқудан өту.

Қорғалатын адамның құқықтары да сақталуға тиіс. Оған мынадай құқықтар берілген: өзіне қатысты қандай қауіпсіздік шаралары қолданылатындығын білу; өзіне қатысты қауіпсіздік шараларының нақты түрін қолдану немесе қолданбау жөнінде өтінішін айту; қауіпсіздік шараларын

жүзеге асыратын лауазымды адамдардың заңсыз әрекеттері мен шешімдерін жоғары тұрған органға, прокурорға немесе сотқа шағымдау.

Қауіпсіздік шарасын қолданудың қажеттілігі жойылған кезде оны тоқтату туралы қылмыстық іс жүргізу органы қаулы шығарып, ол жөнінде мүдделі адамға хабарлайды.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Сот талқылауына катысатын тұлғалардың кауіпсіздігін камтамасыз ету.
2. Судьялар, прокурорлар, тергеушілер, анықтаушылар, қорғаушылар, мамандар, сарапшылар, сот приставтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
3. Қылмыстық процеске қытысушы жәбірленушілердің, куәлердің, айыпталушылардың және басқа да тұлғалардың кауіпсіздігін камтамасыз ету шараларын ұйымдастыру.
4. Қауіпсіздік шаралары.
5. Сот талқылауына қатысушы тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

9. ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТЕГІ ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕР ЖӘНЕ ДӘЛЕЛДЕУ

9.1. Қылмыстық процестегі дәлелдемелер ұғымы және маңызы

9.2. Қылмыстық іс бойынша дәлелдеуге жататын мән-жайлар. Дәлелсіз анықталатын мән-жайлар.

9.3. Дәлелдемелерсіз анықталатын мән-жайлар

9.4. Дәлелдемелердің қайнар көздері

9.5. Дәлелдеудің ұғымы мен жіктелуі, субъектілері

9.6. Дәлелдеу процесіндегі ғылыми-техникалық құралдарды қолдану

9.7. Преюдиция.

9.1. Қылмыстық процестегі дәлелдемелер ұғымы және маңызы

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 111-бабына сәйкес, дәлелдемелер дегеніміз заңды түрде алынған, олардың негізінде анықтау органы, анықтаушы, тергеуші, прокурор, сот айқындалған тәртіппен Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көзделген іс-әрекеттің бар екенін немесе жоқ екенін, күдіктінің, айыпталушының немесе сотталушының бұл әрекетті жасағанын немесе жасамағанын, оның кінәлілігін не кінәсіздігін, сондай-ақ істі дұрыс шешу үшін маңызы бар өзге де мән-жайларды анықтайтын нақты деректерді айтамыз. Деректер – бұл дәлелдемелердің ұғымы – тергеліп отырған оқиғалар туралы ақпарат. Ал, күдіктінің, айыпталушының, жәбірленушінің, куәнің айғақтары; сарапшының қорытындысы; заттай айғақтар; іс жүргізу әрекеттерінің хаттамалары және өзге де құжаттар – бұл дәлелдемелердің нысаны болып табылады. Оларды іс жүргізу деректерінің қайнар көздері немесе дәлелдемелердің қайнар көздері деп атауға болады. Заңмен белгіленген мәліметтердің қайнар көзі нақты болады және талқылауға жатпайды.

Дәлелдеменің мәні сол, алынған мәліметтер ақиқаттың деңгейін қамтамасыз етуден тұрады. Тек осының көмегімен ғана қылмыс жасаған

тұлғаның кінәлілігін сот тәртібімен дәлелдеуге болады. Мысалы, жауап алу хаттамасында іске қатысты мәліметтер болмаса, ол дәлелдеме болып табылмайды.

9.1.1. Дәлелдемелердің іске қатыстылығы.

Дәлелдемелердің іске қатыстылығы деп қылмыстық істің материалдарындағы деректердің тікелей осы іске маңызы бар мән-жайларды көрсететіндігін айтамыз. Мысалы, егер куәнің жауабында айтылған деректер бұл істің мән-жайларын анық көрсететін болса, мұндай жауап іске қатысты болғандықтан дәлелдеме ретінде қолдануға жатады.

Дәлелдемелердің іске қатыстылығын анықтаудың қажеттілігі қылмыстық істің материалдарынан алынатын фактілі деректердің барлығының бірдей маңызы болмайтындығына байланысты болып табылады. Яғни, олардың ішінде бұл іске маңызы жоқ деректер де болады. Сондықтан, жинақталған фактілі деректердің дәлелдеме ретінде маңызын білу үшін алдымен олардың іске қатыстылығы бар-жоғын тексеріп, содан кейін ол дәлелдемелерді іріктеп қолдану керек.

9.1.2. Дәлелдемелердің қолдануға болатындығы.

Дәлелдемелер іске қатысты деп танылғанымен, оларды бұл іс бойынша қолдануға кедергі туғызатын жағдайлар болуы мүмкін. Іске қатысты деп танылған дәлелдемелерді қолданудың басты шарты олардың заңды жолмен алынулары болып табылады. Бұл шарт бұрын айтылған дәлелдемелер ұғымында қамтылып көрсетілген. Яғни, Қазақстан Республикасы ҚПК 111-бабының 1-бөлігіне сәйкес, заңды түрде алынған фактілі деректер ғана қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер ретінде қолданылады. Ал «заңды түрде алынған деректер» деген ұғымның өзі қылмыстық іс жүргізу кезінде заңдылық принципін қатаң сақтау қажеттігін білдіреді. Қылмыстық іс бойынша дәлелдемелердің қолдануға болатындығын анықтағанда мынадай құқықтық талаптардың сақталулары тексеріледі. Біріншіден, дәлелдемелер заңда көрсетілген (ҚР ҚПК 111-бабының 2-бөлігі) қайнар көздерден алынулары қажет. Екіншіден, дәлелдемелерді жинау мақсатында жүргізілген тергеу (сот) әрекеттері заңмен белгіленген тәртіп бойынша орындалып рәсімделулері тиіс. Мысалы: куәден, жәбірленушіден, куәдан, айыпталушыдан ҚПК 211-220 баптарының ережелері бойынша жауап алынып, олардың жауаптары хаттамаға түсіру арқылы рәсімделеді. Егер қаралып отырған дәлелдемелер аталған талаптарға сәйкес келетін болса, онда бұл дәлелдемелер қылмыстық істің мән-жайларын анықтауға негіз бола алады, яғни ол дәлелдемелерді қолдануға жол беріледі.

Ал, Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 112-бабында қаралған мән-жайлар бойынша алынған деректер Кодекстің талаптары бұзыла отырып алынса, алынған нақты деректердің анықтығына сотқа дейінгі тергеп-тексеру немесе істі сотта қарау кезінде процеске қатысушыларды заңмен кепілдік берілген құқықтарынан айыру немесе құқықтарына қысым көрсету арқылы немесе қылмыстық процестің өзге де ережелерін бұзу арқылы ықпал етсе немесе ықпал

етуі мүмкін болса, онда дәлелдемелердің қатарына жатқызылмайды. Мысалы: 1) азаптауды, зорлық-зомбылықты, қорқытуды, алдауды, сол сияқты өзге де заңсыз әрекеттер мен қатыгез қарым-қатынасты қолдану арқылы; 2) қылмыстық процеске қатысатын адамға өз құқықтары мен міндеттері жөнінде түсіндірмеу, толық немесе дұрыс түсіндірмеу салдарынан туындаған оның жаңылысуын пайдалану арқылы; 3) осы қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыруға құқығы жоқ адамның процестік әрекетті жүргізуіне байланысты; 4) қарсылық білдірілуге жататын адамның процестік әрекетке қатысуына байланысты; 5) процестік әрекетті жүргізу тәртібін елеулі түрде бұзу арқылы; 6) белгісіз көзден не сот отырысында анықтала алмайтын көзден; 7) дәлелдеу барысында қазіргі заманғы ғылыми білімге қайшы келетін әдістерді қолдану арқылы алынса, дәлелдемелер ретінде пайдалануға жол берілмейді деп танылуға тиіс және ондай деректер процессуальдық шешім шығаруға негіз бола алмайды (мысалы, айыптау үкімін шығаруға).

Қылмыстық процесте нақты деректердің дәлелдемелер ретінде пайдаланылуына жол бермеуді, сондай-ақ оларды шектеп пайдалану мүмкіндігін анықтау органы, анықтаушы, тергеуші, прокурор немесе сот өз бастамасы бойынша немесе тараптың өтінішхаты бойынша белгілейді. Анықтау органы, анықтаушы, тергеуші, прокурор немесе судья дәлелдемелерге жол бермеу туралы мәселені шеше отырып, әрбір жағдайда жол берілген бұзушылықтың нақты қалай көрініс тапқанын анықтауға және уәжді шешім қабылдауға міндетті. Егер күдіктінің, жәбірленушінің және куәнің айғақтары, сарапшының, маманның қорытындысы, заттай дәлелдемелер, тергеу және сот әрекеттерінің хаттамалары және өзге де құжаттар қылмыстық іс материалдарының тізімдемесіне енгізілмесе, оларды айыптау негізіне жатқызуға болмайды. Күдіктінің одан куә ретінде алдын ала жауап алу барысында берген айғақтары дәлелдемелер ретінде танылмайды және оларды оның жұбайына (зайыбына) және жақын туыстарына қарсы қолдануға, сондай-ақ күдіктіні айыптау негізіне жатқызылмайды.

Көрсетілген бұзушылықтар арқылы алынған нақты деректер тиісті бұзушылықтар және қылмыстық істі тергеп-тексеру барысында оларға жол берген тұлғалардың кінәлілігі фактісінің дәлелдемелері ретінде пайдаланылуы мүмкін. Яғни, құқық бұзушылыққа жол берген қылмыстық қудалау органдары жауапкершілікке тартылады.

9.1.3. Дәлелдемелерді жіктеу және оның тәжірибелік маңыздылығы

Қылмыстық процестегі дәлелдемелер сипаты мен қалыптасуына қарай бірнеше топтарға бөлінеді.

Қылмыстың оқиғасына қатыстылығы бойынша дәлелдемелер тікелей және жанама болып бөлінеді.

Тікелей дәлелдемелер деп қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасын, оның қалай болғандығын және кім жасағандығын көрсететін деректерді айтамыз. Мысалы, жәбірленушінің өзіне қарсы жасалған қылмыстың қалай болғандығы және оны кім жасағаны жөнінде жауабы тікелей дәлелдеме болып табылады. Сол сияқты, күдіктінің өз айыбын мойындап, қылмысты қалай жасағандығы

жөнінде жауабы немесе қылмыстық құқық бұзушылықтың қалай болғандығын өз көзімен көрген куәнің жауабы – бұлар тікелей дәлелдемелерге жатады.

Жанама дәлелдемелер деп қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасын және қылмысты кім жасағандығын тікелей көрсетпейтін, бірақ іске маңызы бар басқа мән-жайлар жөнінде деректерді айтамыз. Мысалы, куәнің күдіктіні қылмыс оқиғасы болған жерде көргендігі туралы жауабы жанама дәлелдемеге жатқызылады. Немесе тінту жүргізу кезінде ұрланған заттардың күдіктінің үйінен табылуы мүлікті ұрлау жөніндегі қылмыстық іс бойынша жанамалы дәлелдеме болып табылады. Өйткені, бұл дәлелдемелер қылмыстың қалай жасалғандығын және оны кім жасағандығын тікелей көрсетіп тұрған жоқ. Бірақ, мұндай дәлелдемелердің жиынтығын қолдана отырып, қылмыстық іске маңызы бар мән-жайларды анықтау мүмкін болады.

9.1.4. Айыптау және ақтау дәлелдемелері

Айыптау пәніне қатысты дәлелдемелер айыптау және ақтау дәлелдемелері болып бөлінеді.

Айыптау дәлелдемелер дегеніміз қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасын, кім жасағандығын, сондай-ақ күдіктінің кінәлілігін, оның жауаптылығын ауырлататын мән-жайларды көрсететін деректер болып табылады.

Ақтау дәлелдемелеріне қылмыстың болмағандығын, қылмыстық жауапқа тартылған адамның айыпты емес екендігін, сондай-ақ оның жауаптылығын жеңілдететін мән-жайларды көрсететін деректер жатады. Ақтау дәлелдемелерінің ерекше түрі «алиби» деп аталады. Яғни, қылмыстық құқық бұзушылық жасалған кезде күдіктінің басқа жерде болуы – оны ақтауға негіз бола алады. Бірақ, күдіктінің алибиі болуы оны барлық жағдайларда да ақтауға соқтырмайды. Өйткені, алибі бар күдікті бұл қылмысқа ұйымдастырушы немесе айдап салушы немесе көмектесуші ретінде қатысуы мүмкін.

Дәлелдемелерді айыптайтын және ақтайтын деп бөлудің істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу үшін маңызы бар. Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 24-бабының 5-бөлігіне сәйкес, қылмыстық істі жүргізу кезінде айыпталушыны әшкерелейтін де, ақтайтын да, сондай-ақ оның жауаптылығы мен жазасын жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар анықталуға тиіс. Осыған сәйкес, қылмыстық іс жүргізу органы күдіктінің және айыпталушының өзінің кінәсіздігі немесе кінәсінің аздығы, сондай-ақ өзін ақтайтын не жауаптылығын жеңілдететін дәлелдемелердің бар екендігі туралы барлық мәлімдемелерін тексеруге міндетті болып табылады.

9.1.5. Алғашқы және туынды дәлелдемелер

Дәлелдемелердің қалыптасуы ретіне қарай, олар алғашқы және туынды болып бөлінеді.

Алғашқы дәлелдемелер деп іске маңызы бар мән-жайларды тікелей өздері қабылдаған қайнар көздерден алынған деректерді айтамыз. Мысалы, куәнің немесе жәбірленушінің өз көздерімен көрген немесе тікелей өздері естіген істің мән-жайлары туралы нақты жауаптары алғашқы дәлелдемелер болып табылады. Алғашқы дәлелдеме болып, тек тікелей дәлелдеме табылады.

Туынды дәлелдемелер деп тікелей өздері қабылдаудың негізінде емес, бірақ алғашқы қайнар көздер арқылы пайда болған деректерді айтамыз. Мысалы, куәнің басқа адамнан естіп білген істің мән-жайлары туралы жауабы немесе құжаттың көшірмесі, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасы болған жерде табылған іздердің көшірмелері туынды дәлелдемелерге жатады. Тікелей және жанама дәлелдемелер бастапқы және туынды болуы мүмкін.

Дәлелдемелерді алғашқы және туынды деп бөлудің оларды қолдану үшін маңызы бар. Өйткені, туынды дәлелдемелер алғашқы дәлелдемелермен салыстырғанда оларға дәлме-дәл болмай, өзгерістерге ұшырауы мүмкін (объективті және субъективті себептерге байланысты). Мысалы, басқа адамнан естіп білген істің мән-жайлары туралы куә жауабының, ол мән-жайларды өзі көрген адамның жауабынан айырмашылықтары болады. Сондықтан, қылмыстық іс жүргізу органы процессуальдық шешім шығарғанда негізінен алғашқы дәлелдемелерге сүйенуге тиіс. Осыған байланысты, туынды дәлелдемелер бар болған жағдайда бұл дәлелдемелерді қолдана отырып, алғашқы дәлелдемелердің өзін табуға шаралар қолдану талап етіледі.

Қорыта айтқанда, қылмыстық іс бойынша туынды дәлелдемелерді қолданудың келесідей жолдары бар:

1) туынды дәлелдемелер алғашқы дәлелдемелерді табу мақсатында қолдануға жатады;

2) туынды дәлелдемелер қажет болған жағдайда алғашқы дәлелдемелерді тексеру үшін қолданылады (мысалы, іске маңызы бар мән-жайларды өз көзімен көрген куә жауабын өзгертіп айтқан болса, бұл куә мен одан естіген куәнің арасында беттестіру жүргізу арқылы);

3) алғашқы дәлелдеме жойылып кеткен жағдайда, туынды дәлелдеме оның орнына қолданылады (мысалы, ауыр дене жарақаттарын алған жәбірленуші қайтыс болған жағдайда, оның айтқанын естіген адамның куә ретінде берген жауабын қолдану). Мұндай жағдайда туынды дәлелдемені мұқият тексеріп, оның шындыққа жататындығына басқа дәлелдемелер арқылы көз жеткізу қажет болады.

9.1.6. Жеке және заттық дәлелдемелер

Дәлелдемелік ақпаратты адамның санасының қабылдауына байланысты алынған дәлелдемелер жеке және заттық болып бөлінеді.

Заттық дәлелдеме болып адам санасынан тыс қатыптасқан деректерді айтамыз. Мысалы, оған заттай дәлелдемелер және өзге де құжаттар (бейне жазба, аудио жазба құжаттары) жатқызылады. Сонымен қатар, оған тергеу іс-әрекеттерінің хаттамаларына қосымша ретінде тіркелген кескіндер, фотосуреттер және аудиожазбалар жатқызылады. Ал, қалған дәлелдемелер жеке болып табылады. Кейбір дәлелдемелер екі бөлімнен тұрады. Бір бөлігі – жеке, басқасы – заттық. Себебі тергеу жүргізу барысында аталған дәлелдемелер өзге түрге ауысады.

9.2. ***Қылмыстық іс бойынша дәлелдеуге жататын мән-жайлар. Дәлелсіз анықталатын мән-жайлар.***

Қылмыстық іс бойынша дәлелдеу пәні деп әрбір қылмыстық істі дұрыс шешу үшін маңызы бар және анықталуға тиісті мән-жайлардың жиынтығын айтамыз. Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 113-бабында әрбір қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша іс жүргізу кезінде дәлелденуге тиісті мән-жайлар көрсетілген. Аталған, мән-жайларды білудің маңызы сол, қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді және сотта іс қарауды қай бағытта жүргізу қажеттілігін көрсетеді. Мән-жайларды анықтау арқылы ғана қылмыстық қудалау органы белгілі бір ақиқатқа жетеді. Ал, осы мән-жайлар қылмыстық іс бойынша дәлелдеу пәнін құрайды. Сондықтан, тергеуші, анықтаушы, прокурор және сотта істі қарау кезінде тараптар мән-жайларды анықтауға күш салады.

Қылмыстық іс бойынша дәлелденуге жататын мән-жайларға келесілер жатқызылады:

1) оқиға және қылмыстық заңда көзделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілері (оның жасалған уақыты, орны, тәсілі және басқа да мән-жайлары);

2) қылмыстық заңмен тыйым салынған іс-әрекетті кімнің жасағаны;

3) адамның қылмыстық заңмен тыйым салынған іс-әрекетті жасаудағы кінәлілігі, оның кінәсінің нысаны, жасалған іс-әрекеттің себептері, заңдық және іс жүзіндегі қателіктері;

4) күдіктінің, айыпталушының жауаптылық дәрежесі мен сипатына әсер ететін мән-жайлар;

5) күдіктінің, айыпталушының жеке басын сипаттайтын мән-жайлар;

6) жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың салдарлары;

7) қылмыстық құқық бұзушылықтан келтірілген зиянның сипаты мен мөлшері;

8) әрекеттің қылмыстық құқыққа қайшылығын жоққа шығаратын мән-жайлар;

9) қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатуға әкеп соғатын мән-жайлар дәлелденуге жатады.

9.2.1. Оқиға және қылмыстық заңда көзделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілері (оның жасалған уақыты, орны, тәсілі және басқа да мән-жайлары).

Бұл мән-жайлар алдымен қылмыстың объектісі мен объективтік жақтарын анықтау қажеттігін көрсетеді. Сол мән-жайлардың негізінде қоғамға қауіпті әрекетттің (әрекетсіздіктің) болғандығына көз жеткізу және оны қылмыстық заңның бабы бойынша саралау мүмкін болады. Яғни, қылмыстың жасалған уақытын, жерін, тәсілін және басқа да жағдайларын анықтаудың бұл әрекетті (әрекетсіздікті) нақты түрде талдап қарастыру үшін маңызы бар. Мысалы, мүлікті ұрлау жеке адам тұрғын үйге жасырын кіріп немесе адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша жасалған болуы мүмкін. Осыған сәйкес, жасалған ұрлықтың қылмыстық заң бойынша сараласуы және оны жасаған адамдардың жауаптылық дәрежелері де бірдей болмайды.

9.2.2. Адамның қылмыстық заңмен тыйым салынған іс-әрекетті жасаудағы кінәлілігі, оның кінәсінің нысаны, жасалған іс-әрекеттің себептері, заңдық және іс жүзіндегі қателіктері.

Яғни, бұл топқа жататын мән-жайлар қылмыстың субъектісі мен субъективтік жақтарын қамтиды. Бұл мән-жайлар бұрын айтылған қылмыстың объективтік жақтарымен байланысты болғандықтан, олардың бірінің анықталуы істің басқа мән-жайларын ашуды жеңілдетеді. Мысалы, пара алу оқиғасы анықталған жағдайда (қылмыстың оқиғасы), пара алушының кім екендігі де осы кезде белгілі болады.

Қылмыстың субъектісіні анықтау барысында оған бірнеше адамдардың қатысқандығы ашылған болса, олардың әрқайсысының қылмыс жасаудағы рөлін және қандай түрде қатысқандығын (ұйымдастырушы, орындаушы, айдап салушы немесе көмектесуші) анықтау қажет. Ал, қылмыстың кейбір түрлері бойынша арнайы субъектінің белгілері бар болғанда ғана ол адам қылмыстық жауапқа тартылады (мысалы, қызмет жағдайын пайдаланып жасалатын қылмыстар). Ондай қылмыстар қызмет атқару міндеттерін және қызмет жағдайын пайдалану арқылы жасалған болғандықтан, оған сәйкес келетін қызмет жағдайы жоқ адамдар бұл қылмыстардың субъектісі бола алмайды.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жақтарын ашу үшін де өзара байланысты болып келетін әр түрлі мән-жайларды анықтау және дәлелдеу қажет болады: күдіктінің кінәлілігін, кінәсінің нысанын (тікелей немес жанамалық кінәлілік, абайсызда жасалған қылмыс), қылмыстың қандай ниетпен және мақсатпен жасалғандығын. Бұл мән-жайлар қылмысты субъективтік жағынан сипаттап, олар қылмыс жасаған адамның жауаптылығына әсерін тигізеді. Соның ішінде, қылмыстық заңда көрсетілген жағдайларда ниет пен мақсат қылмыстық жауаптылықты жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жайлар ретінде қаралады (мысалы, қажетті қорғану шегінен шығу жағдайында қылмыс жасау жауаптылықты жеңілдететін болса, басқа қылмысты жасыру немесе оны жасауды оны жасауды оңайлату мақсатында қылмыс жасау жауаптылықты ауырлататын мән-жайларға жатады).

9.2.3. Күдіктінің, айыпталушының жауаптылық дәрежесі мен сипатына әсер ететін мән-жайлар.

Бұл топқа жататын мән-жайлар Қылмыстық кодексте көзделген жауаптылықты жеңілдететін және оны ауырлататын жағдайларға сәйкес қарастырылады. Мысалы, ҚК-нің 53-бабына сәйкес жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар ретінде танылады: жағдайлардың кездейсоқ тоғысуы салдарынан алғаш рет кішігірім ауырлықтығы қылмыс жасау; айыпталушының кәмелетке толмауы; айыпталушының жас балалары болуы; қылмыстық жауапқа тартылған әйел адамның жүктілігі; қылмыс жасағаннан кейін зардап шегушіге тікелей медициналық және өзге де көмек көрсету; қылмыстың салдарынан келтірілген мүліктік залал мен моральдық зиянның орнын өз еркімен толтыру; қылмыспен келтірілген зиянды жоюға бағытталған өзге де пайдалы іс-әрекеттер жасау және т.б. Ал, ҚК-нің 54-бабына сәйкес, жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайларға жатады: қылмыстарды әлденеше рет жасау;

қылмыспен ауыр зардаптар келтіру; алдын ала сөз байласқан адамдар тобының, ұйымдасқан топтың немесе қылмыстық қауымдастықтың (қылмыстық ұйымның) құрамында қылмыс жасау; қылмыс жасағанда айрықша белсенді роль атқару және т.б.

Айыпталушының жауаптылығына Қылмыстық кодекстің 53 және 54-баптарында аталып көрсетілмеген басқа да жағдайлар әсер етеді. Мысалы, Қылмыстық кодекстің 53-бабы 2-бөлігінде айтыл,ғандай, жаза қолдану кезінде осы бапта көзделмеген жағдайлар да жауаптылықты жеңілдететін мән-жайлар ретінде ескерілуі мүмкін. Ал, Қылмыстық кодекстің 26-бабы 3-4 бөліктерінде былай деп көрсетілген: қылмысты ұйымдастырушы мен қылмысқа айдап салушы, егер бұл адамдар мемлекеттік органдарға хабарлау немесе өзге де шаралар арқылы орындаушының қылмысты ақырына дейін жеткізуіне жол бермесе, қылмыстық жауапқа тартылмауға тиіс; егер қылмысты ұйымдастырушының немесе қылмысқы айдап салушының жоғарыда аталған іс-әрекеті қылмыстың орындалуын болдырмауға әкелмеген болса, олардың қолданған шаралары жаза тағайындау кезінде жауаптылықты жеңілдететін мән-жайлар ретінде қаралуы мүмкін.

9.2.4. Күдіктінің, айыпталушының жеке басын сипаттайтын мән-жайлар.

Бұл мән-жайлардың айыпталушының қоғамға қауіптілігі дәрежесін анықтау, оған әділ жаза немесе заңмен көзделген өзге ықпал ету шарасын қолдану және осыған байланысты қылмыстық істі соттың дұрыс шешуі үшін үлкен маңызы бар. Сондықтан, заң бойынша тергеу жүргізу барысында және басты сот талқылауында айыпталушының жағымды-жағымсыз жақтарын қамтитын деректердің барлығын анықтау талап етіледі (жасы, денсаулығы, отбасы жағдайы, кәсібі, тұрмыстағы мінез-құлқы, мемлекеттік наградалары, бұрын сотталған ба және т.б.). Егер айыпталушының дене мүшелерінің немесе психикалық кемістіктері жөнінде мәліметтер бар болса, қылмыстық іс жүргізу органы ол деректерді ертерек анықтап, сол кезден бастап іске міндетті түрде қорғаушыны қатыстыру қамтамасыз етілуге тиіс. Айыпталушының есі дұрыстығын жоққа шығармайтын психикалық ауыруы бар немесе бұрын ол маскүнем не нашақор деп танылған болса, оған соттың шешімі бойынша қылмыстық жазамен қатар медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын қолдану мүмкін (емханалық мәжбүрлеп қадағалау және психиатрда емдеу).

Айыпталушының жеке басын сипаттағы оның қылмыс жасағаннан кейінгі мінез-құлқын және өзі жасаған қылмыстық әрекетке қалай қарайтындығын білудің де маңызы бар. Сондықтан айыпталушының шын жүректен өкініш білдіруі, айыбын мойындап келуі, қылмысты ашуға, қылмысқа басқа қатысушыларды әшкерелеуге белсенді жәрдемдесуге болған жағдайларда, ондай деректер айыптау қорытындысында, сондай-ақ соттың үкімінде бағаланып көрсетілуге жатады. Ал, айыпталушының бұрын қылмыстық жауапқа тартылып сотталғандығына байланысты оның әрекеті қылмыстың қауіпті немесе аса қауіпті қайталануы деп танылатын болса, оған негіз болатын

нақты деректерді айыптау қорытындысында және үкімде көрсету міндетті болып табылады.

Қорыта айтқанда, айыпталушының жеке басын сипаттауға жататын аталған және басқа да жағдайларды анықтау істің мән-жайларын толық, жан-жақты және объективті зерттеу принципінен туындайтындығын ескеру қажет.

9.2.5. Қылмыстық құқық бұзушылықтан келтірілген зиянның сипаты мен мөлшері.

Қылмыстың зардаптары онымен келтірілген зиянның түрімен және мөлшерімен анықталды. Сондықтан зиянның үш түрге (моральдық, дене және мүліктік) бөлінетіндігіне сәйкес оның қандай түрі немесе түрлері келтірілгендігін, зиянның мөлшерін және қылмыстық әрекетпен (әрекетсіздікпен) зиянның арасындағы себепті байланыстың бар екендігін анықтап дәлелдеу қажет етіледі. Мысыал, меншікке қарсы қылмыстар бойынша қылмыспен келтірілген мүліктік зиянның мөлшерін толық анықтау қылмысты дұрыс саралаудың маңызды шарты болып табылады. Сондықтан ондай қылмыстар бойынша зиянның мөлшерін анықтамай тұрып, қылмыстың құрамын да анықтау мүмкін емес. Жеке адамға қарсы қылмыстар бойынша жәбірленушіге келтірілген дене жарақаттары ауырлығының дәрежесі және оның денсаулығына зақым келтіруден туындаған шығындар (емделуге, оны бағып-күтеуге және т.б.) анықталуға жатады. Егер жәбірленушінің дәлелеі бойынша оған қылмыспен моральдық зиян келтірілген болса, ондай зиянның болуына байланысты мән-жайларды да анықтау дәлелдеу пәнімен қамтылады. Ондай жағдайда, мысалы, жәбірленушінің ар-намысына тиетін, абыройын төмендететін мән-жайлардың болғандығын немесе жәбірленушіні, оның жақын туысқандарын уайымға салуға соқтырған мән-жайлардың болғандығын анықтау талап етіледі.

9.2.6.Әрекеттің қылмыстық құқыққа қайшылығын жоққа шығаратын мән-жайлар.

Аталған мән-жайларға Қазақстан Республикасының ҚК-нің 32-37 баптарында көзделген нормалар жатқызылады:

- қажетті қорғану жағдайында басқа адамға зиян келтіру, егер бұл орайда қажетті қорғану шегінен асып кетушілікке жол берілмеген болса, қылмыстық құқық бұзушылықтар болып табылмайды (32-бап);
- қылмыстық жазаланатын іс-әрекет жасаған адамды мемлекеттік органдарға жеткізу және оның жаңа қолсұғушылық жасау мүмкіндігін тыю үшін ұстап алу кезінде оған зиян келтіру, егер мұндай адамды өзге амалдармен ұстау мүмкін болмаса және бұл ретте осы үшін қажетті шаралар шегінен шығуға жол берілмеген болса, қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды (33-бап);
- аса қажеттілік жағдайында зиян келтіру, яғни адамның немесе өзге де адамдардың өміріне, денсаулығына, құқықтары мен заңды мүдделеріне, қоғамның немесе мемлекеттің мүдделеріне тікелей қатер төндіретін қауіпті жою үшін зиян келтіру, егер бұл қауіпті өзге амалдармен жою мүмкін болмаса

және бұл ретте аса қажеттілік шегінен шығуға жол берілмесе, қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды (34-бап);

- уәкілетті мемлекеттік орган қызметкерлерінің не осы органның тапсырмасы бойынша өзге адамның жедел-іздестіру шараларын орындау кезінде заңмен қорғалатын мүдделерге зиян келтірген әрекеті, егер бұл әрекет қылмыстарды болғызбау немесе ашу, тергеу мақсатымен, сондай-ақ қылмыс жасауға кінәлі адамдарды әшкерелеу өзге тәсілмен жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда жасалған болса, қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды (35- бап);

- қоғамға пайдалы мақсатқа қол жеткізу үшін негізді тәуекел ету кезінде кодекспен қорғалатын мүдделерге зиян келтіру қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды (36-бап);

- егер күштеп немесе психикалық мәжбүрлеудің салдарынан адам өзінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) ие бола алмаса, мұндай мәжбүрлеудің нәтижесінде кодекспен қорғалатын мүдделерге зиян келтіру қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды (37-бап);

- өзі үшін міндетті бұйрықты немесе өкімді орындау үшін әрекет жасаған адамның кодекспен қорғалатын мүдделерге зиян келтіруі қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды (38-бап).

9.2.7. Қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатуға әкеп соғатын мән-жайлар.

Қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатуға әкеп соғатын мән-жайлар Қазақстан Республикасы ҚК-нің 65-69-баптарымен реттеледі. Аталған мән-жайлар болған кезде тұлғалар қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жатады.

- қылмыстық теріс қылық жасаған не алғаш рет қылмыс жасаған адам, кінәлі адамның жеке басы, айыбын мойындап келуі, қылмыстық құқық бұзушылықты ашуға, тергеп-тексеруге ықпал еткені, қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірген зиянды қалпына келтіруі ескеріле отырып, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін (65-бап);

- қоғамға қауіпті қолсұғушылықтан туындаған үрейлену, қорқу немесе сасқалақтау салдарынан қажетті қорғаныс шегінен шыққан адам істің мән-жайлары ескеріле отырып, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін (66-бап);.

- процестік келісімнің барлық талаптарын орындаған адам қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін (67-бап);

- қылмыстық теріс қылық немесе қазаға ұшыратумен байланысты емес онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адам, егер ол жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жатады (68-бап);

- қылмыстық теріс қылықты не қазаға ұшыратумен немесе адамның денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес, жасалғаны үшін осы Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында немесе бабының бөлігінде негізгі жазаның өзге де түрлерімен бірге айыппұл көзделген онша ауыр емес немесе

ауырлығы орташа қылмысты алғаш рет жасаған адамды сот кепілгерлік белгілей отырып, қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін (69-бап);

- қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам, егер іс сотта қаралған уақытта жағдайдың өзгеруі салдарынан ол жасаған іс-әрекет қоғамға қауіпті болудан қалды деп танылса, соттың қылмыстық жауаптылықтан босатуына жатады (70-бап);.

- егер қылмыстық құқық бұзушылық жасалған күннен бастап мынадай мерзімдер: 1) қылмыстық теріс қылық жасалғаннан кейін бір жыл; 2) онша ауыр емес қылмыс жасалғаннан кейін екі жыл; 3) ауырлығы орташа қылмыс жасалғаннан кейін бес жыл; 4) ауыр қылмыс жасалғаннан кейін он бес жыл; 5) аса ауыр қылмыс жасалғаннан кейін жиырма жыл өтсе, адам қылмыстық жауаптылықтан босатылады (71-бап).

9.2.8. Кәмелетке толмаған адам жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы іс бойынша дәлелдеуге жататын қосымша мән-жайлар

Кәмелетке толмаған адам жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы іс бойынша дәлелдеуге жататын қосымша мән-жайлар Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 531-бабында, ал есі дұрыс емес адамдардың қоғамға қауіпті іс-әрекеттері туралы істер бойынша ҚР ҚПК-нің 510-бабында көрсетілген.

Кәмелетке толмағандардың істері бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру және сот талқылауын жүргізу кезінде, ҚПК-тің 113-бабында көзделген, дәлелденуге жататын мән-жайлардан басқа: 1) кәмелетке толмаған адамның жасы (туған күні, айы, жылы); 2) кәмелетке толмаған адамның өмір сүру және тәрбиелену жағдайлары; 3) зияткерлік, ерік-жігерінің және психикалық даму дәрежесі, мінезі мен темпераментінің ерекшеліктері, қажеттіліктері мен мүдделері; 4) кәмелетке толмаған адамға ересек адамдар мен басқа да кәмелетке толмағандардың ықпалы анықталуға жатады.

Қылмыстық теріс қылық немесе онша ауыр емес қылмыс жасаған не ауырлығы орташа қылмысты алғаш рет жасаған кәмелетке толмаған адамды, егер оны қылмыстық жауаптылыққа тартпай-ақ түзеуге болады деп белгіленсе, сот қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін. Бұл ретте оған тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шаралары қолданылуы мүмкін. Қылмыстық теріс қылық немесе онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасағаны үшін бірінші рет сотталған кәмелетке толмаған адамды, егер оны түзеуге тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын қолдану арқылы қол жеткізуге болады деп танылса, сот жазадан босатуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы ҚК-нің 93-бабында көрсетілген медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану жөнінде іс жүргізу қылмыстық заңда тыйым салынған іс-әрекетті есі дұрыс емес күйде жасаған немесе қылмыстық заңда тыйым салынған іс-әрекетті жасаған соң жаза тағайындау немесе оны орындау мүмкін болмайтын дәрежеде психикасы бұзылып ауырған адамдарға қатысты істер бойынша жүзеге асырылады. Оларға қатысты істер бойынша алдын ала тергеу жүргізу міндетті. Алдын ала тергеу жүргізу кезінде: 1)

жасалған іс-әрекеттің уақыты, орны, тәсілі мен басқа да мән-жайлары; 2) осы адамның қылмыстық заңда тыйым салынған іс-әрекетті жасағаны; 3) іс-әрекетпен келтірілген залалдың сипаты мен мөлшері; 4) қылмыстық заңда тыйым салынған іс-әрекетті жасаған адамның оны жасағанға дейінгі, сондай-ақ одан кейінгі мінез-құлқы; 5) осы адамда бұдан бұрын психикасының бұзылуы болған-болмағаны, қылмыстық заңда тыйым салынған іс-әрекетті жасау кезінде немесе істі қарау кезінде психикалық ауыру дәрежесі мен сипаты анықталуға тиіс.

Қылмыстық іс бойынша басқа да мән-жайлармен қатар Қазақстан Республикасы ҚК-нің 48-бабына сәйкес тәркіленуге жататын мүліктің заңсыз, оның ішінде қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынғанын немесе осы мүліктен түскен табыс болып табылатынын не құқық бұзушылық қаруы ретінде не экстремистік немесе террористік әрекетті не қылмыстық топты қаржыландыру немесе өзгедей қамтамасыз ету үшін пайдаланылғанын немесе пайдалануға арналғанын растайтын мән-жайлар дәлелденуге жатады.

Қылмыстық іс бойынша қылмыстық құқық бұзушылық жасауға ықпал еткен мән-жайлар да анықталуға жатады. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде қылмыстық құқық бұзушылық жасауға ықпал еткен мән-жайларды анықтай отырып, тиісті мемлекеттік органдарға, ұйымдарға немесе онда басқарушылық функцияларды орындайтын адамдарға осы мән-жайларды немесе басқа да заң бұзушылықтарды жою жөніндегі шаралар қолдану туралы ұсыну енгізуге құқылы (ҚР ҚПК-нің 200 бабы).

9.3. Дәлелдемелерсіз анықталатын мән-жайлар

Мына мән-жайлар, егер тиісті құқықтық рәсімдер шеңберінде:

1) жалпыға белгілі фактілер;

2) қазіргі заманғы ғылымда, техникада, өнерде, кәсіпте жалпыға бірдей қабылданған зерттеу әдістерінің дұрыстығы;

3) заңды күшіне енген сот актісімен белгіленген мән-жайлар;

4) адамның заңды білуі;

5) адамның өз қызметтік және кәсіби міндеттерін білуі;

6) арнаулы даярлығы немесе білімі бар екендігін растайтын құжатты ұсынбаған және арнаулы даярлық немесе білім алған оқу орнын немесе басқа да мекемені көрсетпеген адамда арнаулы даярлықтың немесе білімнің болмауы керісінше дәлелденбесе, дәлелдемелерсіз анықталған мән-жайлар болып саналады.

9.4. Дәлелдемелердің қайнар көздері

9.4.1. Куәнің айғағы

Куәнің жауабы деп сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу кезінде немесе сот отырысында қылмыстық істің өзіне белгілі мән-жайлары туралы бұл адам хабарлаған және хаттамаға түсірілген мәліметтерді айтамыз. Қазақстан Республикасы ҚПК 115-бабының 5-бөлігіне сәйкес, куәдан іске қатысты мән-жайлар туралы, оның ішінде айыпталушының, жәбірленушінің жеке басы

туралы, өзінің олармен және басқа да куәлармен өзара қатысы туралы жауап алынуы мүмкін. Куә жауабының пәнін негізінен қылмыстық іс бойынша дәлелденуге тиісті мән-жайлар құрайды. Сонымен қатар, куәдан өзінің күдіктімен, айыпталушымен, жәбірленушімен және басқа да куәлармен қарым-қатынасы туралы жауап алудың олардың жауаптарын бағалап қолдану үшін маңызы бар.

Куәдан жауап алу барысында тергеуші немесе анықтаушы, прокурор, судья кімдерден куә ретінде жауап алуға жатпайтындығын ескеруге тиіс (судьядан - қылмыстық істі жүргізуге қатысуына байланысты өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы, қорғаушыдан - өз қызметін атқаруына байланысты осы қылмыстық іс бойынша өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы және т.б.). Сонымен қатар, жауап алудың басында куәға өзінің немесе жұбайының (зайыбының) немесе жақын туысының қылмысқа қатыстылығы туралы жауап беруден бас тартуға құқылы екендігі ескертіледі. Бұдан басқа жағдайларда куә жауап беруге міндетті және жауап беруден бас тартқаны немесе көрінеу жалған жауап бергені үшін ҚК-тің 420-бабы бойынша жауаптылыққа тартуға жатады. Куәнің жауабы дәлелдемелердің жиі қолданылатын түрі болып табылады. Яғни, әрбір қылмыстық іс бойынша тергеу (анықтау) жүргізу кезінде және басты сот талқылауында куәлардан жауап алу және олардың жауабын дәлелдеме ретінде қолдану қажет болады. Куә жауабының негізін тікелей оның өзі көрген не естіген жағдайлар немесе басқа адамнан естіген немесе құжаттардан білген мәліметтер мен фактілер құрайды. Егер куә істің мән-жайлары жөнінде басқа адамнан хабардар болса, онда ол адам туралы мәліметтерді хабарлауы тиіс. Өйткені, мұндай жағдайда куәнің жауабы туынды дәлелдемеге жататын болғандықтан, оған сүйене отырып алғашқы дәлелдеменің өзін табу қажет. Егер куә өзінің хабардарлығының көзін көрсете алмаса, ол хабарлаған мәлімет дәлелдеме бола алмайды. Куә жауабын тексеріп бағалағанда қылмыстық іс жүргізу органы куәнің жеке басын сипаттайтын деректерді және оның іске мүдделі болуы мүмкіндігін ескеруі керек. Мысалы, куәнің айыпталушымен немесе жәбірленушімен туысқандық не достық қарым-қатынастарда болуы, немесе жұмыс орны жағынан куә оларға бағынышты болуы мүмкін. Осындай жағдайларға байланысты куә жауабының шындық болмауы қылмыстық іс жүргізу тәжірибесінде кездеспейді емес. Сонымен қатар, іске мүдделі адамдардың куәға әр түрлі қысымшылық жасауы арқылы оны жалған жауап беруге көндіретін жағдайлардың да болатындығы жоққа шығарылмайды.

Куә жауабын бағалау барысында оның жауабының құрылу барысын да ескеру қажет. Себебі, болған оқиғаны, фактілерді, мән-жайларды куәнің өзі көріп, естіп қабылдауы; өзі көріп, естіп қабылдаған жағдайларды куәнің есінде сақтауы; ол жағдайлар мен фактілер туралы мәліметтерді куәнің жауап бергенде айтып жеткізуі дәлелдеменің қалыптасуына ықпалын тигізеді. Әр түрлі объективтік және субъективтік себептер куә жауабының қалыптасуына және сапасына әсерін тигізеді. Мысалы: куәнің жеке басының қасиеттері (оның байқағыштығы немесе немқұрайдылығы, көзінің өткірлігі немесе кемістігі және т.б.), оқиғаның қандай табиғи жағдайда болғандығы (уақыт мезгілі: күндізгі немесе кешкі не түнгі уақытта; ауа райының құбылыстары: ашық күні, жаңбыр

немесе қар жауу болған кезде), болған оқиға мен оны көрген адамның бір-бірінен ара қашықтығы жауап алудың маңыздылығына әсерін тигізеді. Сонымен бірге, куә ретінде жауап беретін адамдардың есте сақтау қабілеттері де бірдей болмайды. Болған жағдайларды куәнің есінде сақтауы оқиға болған кезден, жауап алуға дейін қанша уақыт өткеніне де байланысты болып келеді. Бұл уақыттың ұзақтығы ұлғайған сайын куә білетін фактілер мен істің мән-жайларының оның есінде сақталуы біртіндеп көмескілене береді. Сонымен қатар, куә ретінде жауап беретін адам өзі білетін іске маңызы бар фактілер мен мән-жайларды әр түрлі себептерге байланысты сөзбен толық және дәл жеткізе алмауы да мүмкін. Сондықтан мұндай куәлардан жауап алу кезінде тергеуші немесе сотта тараптар қосымша сұрақтар қою арқылы куә білетін мән-жайларды дәлірек анықтау қажет болады.

9.4.2. Жәбірленушінің айғағы

Жәбірленушіден қылмыстық іс бойынша дәлелденуге жататын мән-жайлар туралы, сондай-ақ өзінің күдіктімен, өзге де жәбірленушілермен, куәлармен қарым-қатынасы туралы жауап алынуға жатады (ҚР ҚПК-нің 119-бабының 4-бөлігі). Жәбірленушіден сотқа дейінгі тергеп-тексеру және сотта істі қарау көзінде жауап алынады. Ол жауап беруге міндетті және жауап беруден бас тартқаны немесе көрінеу жалған жауап бергені үшін ҚК-тің 422-бабы бойынша жауаптылыққа тартылады. Сонымен бірге, іске мүдделі тұлға ретінде жәбірленушінің жауап беруге құқығы бар. Жәбірленуші жауап беруге тілек білдірген жағдайда қылмыстық іс жүргізу органы одан жауап алудан бас тарта алмайды.

Ол іске маңызы бар мән-жайлар туралы жауап бере отырып, күдіктінің қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы кінәлілігін дәлелдейді, сондай-ақ өзінің айыпталушыға қойған талаптарын дәлелдеуді де көздейді. Сондықтан жәбірленушінің жауабының (бұрын айтылған күдіктінің және айыпталушының жауаптары сияқты) қылмыстық іс бойынша дәлелдемелердің түрі болуымен қатар, өз мүдделерін қорғау құралы ретінде маңызы бар.

Жәбірленуші жауабының дәлелдеме ретінде маңызы куә жауабының маңыздығына сәйкес. Оның жауабының негізін тікелей өзімен байланысты, өзі көрген немесе өзі естіп білген істің мән-жайлары жөнінде деректер құрайды. Сондықтан жәбірленушінің жауабын дәлелдемелердің басқа түрімен ауыстыру мүмкін емес. Әсіресе, жәбірленушінің жеке басына қарсы жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша оның жауабын қолданудың маңызы үлкен. Мысалы, куәлар болмаған жағдайда жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша (мәселен, зорлау) тек жәбірленушінің жауабының негізінде ғана күдікті адам жөнінде алғашқы деректер анықталып, қажетті тергеу іс-әрекеттері жүзеге асырылады.

9.4.3. Күдіктінің айғағы

Қазақстан Республикасы ҚПК 115-бабының 2-бөлігіне сәйкес, күдікті өзіне қарсы күдік жөнінде, сол сияқты өзіне белгілі, іс бойынша маңызы бар өзге де мән-жайлар мен дәлелдемелер туралы айғақтар беруге құқылы. Күдікті жауап

беруге міндетті емес, оның жауап беруден бас тартуға құқығы бар. Бірақ, тергеуші немесе анықтаушы күдіктіден жауап алғанда оның жауабының өзі үшін де маңызы болатындығын түсіндіруі тиіс. Күдіктінің берген жауабы дәлелдемелердің түрі ретінде; күдіктінің өз мүдделерін қорғауы үшін қажет. Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 3 бөлігіне сәйкес, күдікті ұстап алынған жағдайда ұстап алу туралы хаттама жасалған кезден бастап жиырма төрт сағаттан кешіктірілмей, оның өзі таңдаған немесе тағайындалған қорғаушымен алғашқы жауап алуға дейін оңаша және құпия кездесу құқығы қамтамасыз етіле отырып, одан жауап алынуға тиіс. Күдіктіден жауап алудың мақсаты оның қылмыстық құқық бұзушылыққа қатыстылығын тексеру және оған байланысты дәлелдемелер жинау болып табылады. Күдікті өзінің қылмыстық құқық бұзушылық жасағандығын мойындауы немесе мойындамауы мүмкін. Өзінің кінәсіздігін дәлелдеу мақсатында өзінің қылмыс жасамағандығын растайтын куәлерді көрсетуі мүмкін. Қылмыстық қудалау органдары күдіктінің жауабын қылмыстық іс бойынша жиналған басқа дәлелдемелермен салыстыра отырып оны жауапкершілікке тарту туралы мәселелерді шешеді.

9.4.4. Сарапшының қорытындысы мен айғақтары

Сарапшының қорытындысы - Қазақстан Республикасы ҚПК-нің талаптарына сәйкес ресімделген, сот-сараптамалық зерттеудің барысы мен нәтижелері көрсетілетін құжаттың түрі. Сарапшының ауызша түсіндірмелері ол бұрын берген қорытындыны түсіндіру бөлігінде ғана дәлелдемелер болып табылады.

Сарапшының қорытындысы қылмыстық процесті жүргізетін орган үшін міндетті болып табылмайды, алайда оның қорытындымен келіспеуі уәжді болуға тиіс. Сарапшының айғақтары – қорытындыны алғаннан кейін оның берген қорытындысын түсіндіру немесе нақтылау мақсатында жүргізілген жауап алуда ол хабарлаған мәліметтер.

9.4.5. Маманның қорытындысы мен айғақтары

Маманның қорытындысы – ҚР ҚПК-нің 117-баптарының талаптарына сәйкес рәсімделген және маманның алдына қылмыстық процесті жүргізетін адам немесе тараптар қойған мәселелер бойынша зерттеулердің мазмұны мен түйіндерін көрсететін, жазбаша түрде ұсынылған ресми құжат түрі. Зерттеуді тағайындау, қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы хабар дайындау тәртібі, зерттеуді тағайындау және жүргізу кезіндегі күдіктінің, айыпталушының, жәбірленушінің және оның өкілінің, куәнің, қорғаушының құқықтары мен міндеттері, өздеріне қатысты зерттеу жүргізілетін тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің кепілдіктері, процеске қатысушылардың зерттеу жүргізу кезінде қатысу құқығы, зерттеу объектілеріне қойылатын құқықтық талаптар, күдіктіге, жәбірленушіге маманның қорытындысын ұсынудың тәртібі мен құқықтық салдарлары, зерттеу үшін үлгілер алудың негіздері мен тәртібі маманның зерттеу жүргізу ерекшеліктері бекітілген тәртіппен жүзеге асырылады. Қажетті зерттеулерді жүргізгеннен кейін маман өз атынан жазбаша қорытынды жасайды және оны өзінің қойған қолымен

куәландырады. Ал, Қазақстан Республикасының құқық қорғау немесе арнаулы мемлекеттік органының уәкілетті бөлімшесінің қызметкері жасаған маманның жазбаша қорытындысы, көрсетілген бөлімшенің мөрімен расталады. Маманның қорытындысында: оның ресімделген күні, зерттеу жүргізілген мерзімдер мен орын; тергеу әрекеті хаттамасының деректемелері, оған маманның қорытындысы, зерттеуді жүргізген маман туралы мәліметтер (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), білімі, мамандығы, мамандығы бойынша жұмыс өтілі, ғылыми дәрежесі және ғылыми атағы, атқаратын лауазымы) қоса беріледі; маманның өзіне көрінеу жалған қорытынды бергені үшін қылмыстық жауаптылық туралы ескертілгені туралы оның қойған қолымен куәландырылған белгі; маманның алдына қойылған мәселелер; зерттеу объектілері, олардың жай-күйі, қапталуы, мөрмен бекемделуі; қолданылған әдістер көрсетіле отырып, зерттеулердің мазмұны мен нәтижелері; жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін бағалау, маманның алдына қойылған мәселелер бойынша түйіндерінің негіздемесі мен тұжырымдалуы көрсетілуге тиіс. Маманның қорытындысын көрнекілейтін материалдар (фотокестелер, схемалар, графиктер, кестелер және басқа да материалдар) қорытындыға қоса беріледі және оның құрамдас бөлігі болып табылады. Қорытындыға зерттеуден кейін қалған объектілер, оның ішінде үлгілер де қоса берілуге тиіс.

Маманның ауызша түсіндірмелері оның бұрын берген қорытындысын түсіндіру бөлігінде ғана дәлелдемелер болып табылады. Маманның айғақтары – қорытындыны алғаннан кейін, оның берген қорытындысын түсіндіру немесе нақтылау мақсатында жүргізілген жауап алуда ол хабарлаған мәліметтер. Маманның қорытындысы қылмыстық процесті жүргізетін орган үшін міндетті болып табылмайды, алайда оның қорытындымен келіспеуі негізді болуға тиіс.

9.4.6. Заттай дәлелдемелер

Егер қылмыстық құқық бұзушылық құралы болды деп пайымдауға негіз болса немесе оларда қылмыстық құқық бұзушылықтың іздері сақталып қалса немесе олар қоғамға қауіпті қолсұғушылық объектілері болса – нәрселер, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықты табу, істің нақты мән-жайларын анықтап алу, кінәлі адамды анықтау не оның кінәлі екенін теріске шығару немесе жауаптылықты жеңілдету құралы болуы мүмкін ақша мен өзге де құндылықтар, нәрселер мен құжаттар заттай дәлелдемелер болып танылады. Заттай дәлелдемелерге: қылмыстық құқық бұзушылықты жасаудың құралы (мысалы: адамның өміріне қастандық жасау үшін қолданылған қару, суық құрал немесе улы дәрі); қылмыстық әрекеттің объектісі болған (мысалы: ұрланған немесе зиянкестікпен қиратылған заттар); үстінде қылмыстың іздері сақталған заттар (қолдың, аяқтың, көліктің әр түрінің іздері, атыс құралының немесе бұзып ашу үшін қолданылған құралдардың және т.б.); ақша және өзге де бағалы нәрселер жатқызылады. Заттай дәлелдемелердің бұл тобына қылмыстық жолмен пайда болған ұлттық және шетелдік валюта, құнды қағаздар, алтын, күміс, платина немесе құнды тастардан жасалған бұйымдар, әшекейлер және өзге заттар да жатады. Сонымен қатар, дәлелдемелерге қылмысты ашу, оның мән-жайларын дәлелдеу үшін қолданылатын және бағалы болуы қажет

етілмейтін дара заттар жатады. Мысалы, қылмыс жасалған жерде табылған айыпталушының заты оның сол жерде болғандығын көрсетеді. Егер құжаттар қылмыстық әрекеттің объектісі болған немесе қылмыс жасауға дайындалу, қылмыс жасау, қылмысты жасыру мақсатында қолданылған болса, ондай құжаттар заттай дәлелдемелер ретінде қаралады (мәселен, құқықтар беретін немесе міндеттерден босататын ресми құжатты қолдан жасау).

Бірақ, кейбір жағдайларда алынған заттар - дәлелдемелердің бір түріне ғана емес, бірнеше түрлеріне жатады. Мысалы, күдіктінің қылмыстық құқық бұзушылық жасау үшін қолданған қаруы әрі қылмыстың объектісі, әрі қылмыс жасаудың құралы болып табылады. Сол сияқты, қолдан жасалған ресми құжат қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісі, құралы, қылмыстың ізі сақталған заты болады. Заттай дәлелдемелерді жіктеудің тәжірибелік маңызы бар. Мысалы, жеке меншіктегі автокөлік қылмыстық құқық бұзушылық жасаудың құралы болған жағдайда, ол айыптау үкімі шығарылған жағдайда тәркіленуге жатады. Сонымен қатар, заттай дәлелдемелерді қолдану сараптаманың қорытындысына қарай жүзеге асырылады. Мысалы, қылмыстық құқық бұзушылық жасалынған жерде қолдың саусақтарының іздері табылған жағдайда сараптама жүргізу арқылы аталған іздердің күдіктінің қолынікі екені анықталады. Күдіктіні ұстау кезінде табылған қару (пистолет) сараптамаға жіберіліп, өлген адамның денесінен алынған оқтың осы қарудан атылғандығы дәлелденеді. Қылмыстық іс жүргізу органы заттай дәлелдемелерді олардың іске катыстылығы, қолдануға болатындығы, шындыққа жататындығы және маңыздылығы тұрғысынан бағалап қолданады.

Ал, заттай дәлелдемелерді қолданудың басты шарты оларды рәсімдеу болып табылады. Яғни, заттай дәлелдемелер Қазақстан Республикасы ҚПК-де көрсетілген ережелерге сәйкес алынуы және бекітілуі тиіс.

Біріншіден, тергеу іс-әрекеттерін жүргізу барысында алынған заттай дәлелдемелер хаттамада жазылып көрсетілуі қажет (ҚР ҚПК 221-бабы). Тергеу іс-әрекетінің хаттамасында аталған заттың қай жерде табылғандығы, қандай зат екені жазылады. Сот отырысында тапсырылған заттай дәлелдемелер болса, олар сот отырысының хаттамасында көрсетіледі. Егер заттай дәлелдемелерді іске мүдделі адамдар немесе басқа тұлғалар (ұйымдар, азаматтар) тергеу әрекетін жүргізу кезінен тыс жағдайда тапсырған болса немесе тергеу әрекетін жүргізу кезінде табылған заттай дәлелдемелерді құнттап қарауға ол жерде мүмкіндік болмаса (мысалы, түнгі уақыт болғандықтан), онда заттай дәлелдемелер жеке түрде қаралып, оларды қарау туралы хаттама жазылады. Заттай дәлелдемелерді қарау куәгерлердің қатысуымен жүргізіледі. Қарау хаттамасында бұл заттың қай жерде, қандай жағдайда табылғандығын, бұл заттың атауын, жалпы және ерекше белгілерін көрсетіп жазу қажет (сыртқы нысанын, түсін, қандай материалдан жасалғандығын, мөлшерін және т.б.). Хаттама жазумен қатар, заттай дәлелдемелер мүмкіндігіне қарай фотосуретке түсіріліп, ол фотосурет хаттамаға тіркелуге тиіс.

Екіншіден, қылмыстық іс жүргізу органы заттай дәлелдемені іске тіркеу туралы қаулы шығарады (ҚІЖК 121-бабыньщ 2-бөлігі). Мұндай қаулы болмай, заттай дәлелдемелерді қолдануға жол берілмейді.

Қылмыстық іс бойынша алынған заттай дәлелдемелер қылмыстық процесті жүргізетін органның қаулысымен іске тіркеледі және үкім немесе істі қысқарту туралы қаулы заңды күшіне енгенге дейін сонда болады. Қылмыстық іс бойынша заттай дәлелдемелерді тіркеудің тәртібі Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 221-бабымен реттеледі. Егер заттай дәлелдемені оның тым үлкендігіне немесе басқа себептерге байланысты іспен бірге сақтау мүмкін болмаса, онда ол қылмыстық іс жүргізу органы көрсеткен жерде сақтауға тапсырылады және бұл жағдайда фотосурет немесе бейнежазба құралымен оның бейнесі түсіріп алынады. Сонымен қатар, мүмкін болған жағдайда іске заттай дәлелдемелердің үлгілері алынып тіркеледі. Заттай дәлелдемелер қылмыстық істің материалдарынан бөлек сақтауға тапсырылған болса, істе олардың қай жерде екендігін көрсететін құжат болуы тиіс. Мәселен, ұлттық немесе шет елдік валюта және өте бағалы заттар (алтын, күміс, бриллиант және т.б.) банкіге тапсырылуға жатады. Мұндай жағдайда ол заттарды банкінің қабылдағаны туралы тиісті құжат (анықтама) қылмыстық істің материалдарына тіркеледі. Тез бұзылатын заттай дәлелдемелер (олар ҚПК-не сәйкес рәсімделгеннен соң) иесіне қайтарылады немесе, егер оларды иесіне қайтарып беру мүмкін болмаса, тиісті ұйымдарға мақсатына сай пайдалануға беріледі не сатуға өткізіледі және одан түскен ақша қылмыстық іс жүргізу органының депозитіне салынады. Сақталуы айтарлықтай материалдық шығын жұмсауды қажет ететін заттай дәлелдемелер, егер оларды иесіне қайтарып беру мүмкін болмаса, занда белгіленген тәртіппен сатылады және одан түскен ақша қылмыстық іс жүргізу органының депозитіне салынады. Мұндай жағдайларда, мүмкіндігіне қарай, заттай дәлелдемелердің үлгілерін алып іске тіркеу кажет. Заңды негіздер бар болған реттерде пайдаланылған немесе сатылған заттай дәлелдемелер сол секілді және сондай сападағы заттармен иесіне қайтарылып беріледі немесе оған олардың құны төленеді. Заттай дәлелдемелер иесіне қайтарылып берілген немесе пайдалануға берілген не сатуға өткізілген болса, ол жөнінде хаттама жазылады.

Ал, қылмыстық іс бойынша оны қысқарту немесе үкім шығару туралы шешімдер қабылданғанда заттай дәлелдемелер туралы мәселелер шешілуге тиіс. Бұл ретте: 1) қылмыстық құқық бұзушылық құралы сот тәртібімен тәркіленуге жатады немесе тиісті мекемелерге белгілі бір тұлғаларға беріледі немесе жойылады; 2) ұстауға тыйым салынған немесе ұстауға шектеу қойылған заттар тиісті мекемелерге берілуге жатады немесе жойылады; 3) құндылығы жоқ және пайдалануға келмейтін заттар жойылуға жатады, ал мүдделі тұлғалардың немесе мекемелердің өтінішхаты болған жағдайда, оларға берілуі мүмкін; 4) қылмыстық жолмен жиналған ақша және өзге де құндылықтар, сондай-ақ заңсыз кәсіпкерліктің және контрабанданың нәрселері соттың шешімі бойынша мемлекеттің кірісіне айналдырылуға жатады; қалған заттар заңды иелеріне беріледі, ал иелері анықталмаған кезде мемлекеттің меншігіне өтеді. Соттың, прокуратура, алдын ала тергеу, анықтау және сот сараптамасы органдарының қылмыстық істер бойынша заттай дәлелдемелерді, құжаттарды алу, есепке алу, сақтау, беру және жою тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Ал, бұл заттардың тиесілігі туралы дау туындаған жағдайда, дау азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен шешілуге жатады.

9.4.7. Процестік әрекеттердің хаттамалары

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 119-бабына сәйкес, қылмыстық процесті жүргізетін адам тікелей қабылдаған мән-жайларды куәландыратын, Қазақстан Республикасы қылмыстық іс жүргізудің қағидаларына сәйкес жасалған тергеу әрекеттерінің хаттамаларында қамтылған, сондай-ақ тергеу әрекеті барысында маман жүргізген қарап-тексеру, куәландыру, алу, тінту, ұстап алу, мүлікке тыйым салу, тануға ұсыну, үлгілерді алу, мәйітті эксгумациялау, айғақтарды сол жерде тексеру, құжаттарды ұсыну, тергеу эксперименті, жасырын тергеу әрекеттерінің нәтижелерін зерттеу, заттай дәлелдемелерді зерттеу кезінде анықталған, сондай-ақ сот отырысының сот әрекеттері мен олардың нәтижелері көрсетілетін хаттамасында қамтылған нақты деректер қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер болып табылады. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы ауызша арызды қабылдау кезінде жасалған хаттамаларда, ұсынылған нәрселер мен құжаттарда, айыбын мойындап келуінде, тұлғаларға тиесілі олардың құқықтары мен оларға жүктелген міндеттерді түсіндіруде қамтылған нақты деректер дәлелдемелер ретінде пайдаланылуға болады.

Процестік әркеттердің хаттамаларын: 1)тергеу әрекеттерінің хаттамалары; 2) сот отырысының хаттамасы; 3) басқа процессуальдық әрекеттердің хаттамалары деп үш түрге бөлеміз.

Тергеу әрекеттерінің хаттамаларының дәлелдемелер ретінде маңызы тергеу іс-әрекетінің ерекшеліктеріне байланысты болып келеді. Мысалы, оқиға болған жерді қарау хаттамасында ол жерде табылған қылмыстың іздері, заттай дәлелдемелер және сол жердің фактілік жағдайы көрсетіліп жазылады. Тінту жүргізудің хаттамасында, мысалы, ұрланған немесе қылмыс жасаудың құралы ретінде пайдаланылған заттардың табылғандығы көрсетіледі.

Сот отырысының хаттамасында сот тергеуі кезінде зерттелген дәлелдемелер көрсетіліп жазылады. Сотталушыдан жауап алу, жәбірленушіден жауап алу, куәлерден жауап алу, сондай-ақ сотқа дейінгі өндіріс кезінде жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларын жариялап, олармен танысу арқылы қылмыстық іс бойынша жиналған дәлелдемелер зерттеледі және соның негізінде сот үкім шығарады. Сот отырысының хаттамасында соттың дәлелдемелерді зерттеуге байланысты барлық іс-әрекеттері жазылып көрсетіледі. Сондықтан осы хаттаманың негізінде сот шығарған үкімнің сот тергеуінде қаралып зерттелген істің материалдары мен дәлелдемелерге сәйкестігін анықтау мүмкін болады. Осыған орай, бірінші саты соты шығарған үкімдер мен қаулылардың дәлелділігін апелляциялық және қадағалау сатыларында тексергенде сот отырысы хаттамасының үлкен маңызы бар.

Басқа процессуальдық әрекеттердің хаттамалары: қылмыс туралы ауызша арызды, тапсырылған заттар мен құжаттарды қабылдау, кінәсін мойындап келуі, іске қатысушыларға құқықтары мен міндеттерін түсіндіру барысында толтырылады. Аталған хаттамалардың тергеу әрекеттері мен сот отырысы хаттамасынан айырмашылығы сол дәлелдеу қызметі үшін қосымша роль

атқарады. Мысалы, жәбірленушінің қылмыстық іс жүргізу органына ауызша арыз бергендігі бұл арызды қабылдау туралы жазылған хаттаманын негізінде расталады. Сол сияқты, қылмыс жасаған адамның кінәсін мойындап ерікті келуі оның өзі жазған мәлімдеменің немесе оның ауызша мәлімдемесін қабылдау туралы тергеуші жазған хаттаманың негізінде анықталады.

9.4.8. Құжаттар

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 120-бабына сәйкес, егер жеке, заңды тұлғалар және лауазымды адамдар құжаттарда баяндаған немесе куәландырған мәліметтердің қылмыстық іс үшін маңызы бар болса, құжаттар дәлелдемелер деп танылады. Құжаттар:1) жалпы құжаттар; 2) компьютерлік мәліметтерді қамтитын материалдар, фото және киносуреттер, дыбыс және бейне жазбалар; 3) тергеу жүргізу басталғанға дейінгі тексерудің материалдары (түсініктемелер, тексеру актілері, анықтамалар) болып бөлінеді. Бірінші топқа жататын құжаттар қолдан немесе теріліп (техникалық тәсілмен) жазылады және ресми немесе бейресми болып бөлінеді. Тиісті талаптарға сәйкес жазылып, қол қойылған және мөр басылған құжаттар ресми құжаттар болып табылады. Ал, бейресми құжаттарға жеке азаматтар жасаған құжаттар (колжазба, күнделік, конспекті, хат, қолхат және т.б.) жатқызылады. Екінші топқа жататын құжаттар техникалық құралдарды қолдану арқылы жасалады. Үшінші топқа сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастауға себеп болатын қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар мен хабарларды тексеруге байланысты жиналған материалдар жатады. Құжаттар жазбаша да, өзге нысанда да тіркелген мәліметтерді қамтуы мүмкін. Құжаттарға, сонымен бірге, іс бойынша ұсынылған түсініктемелер, түгендеулердің, ревизиялардың актілері, анықтамалар, салықтық тексерулер актілері, салық қызметі органдарының қорытындылары, сондай-ақ компьютерлік ақпаратты қамтитын материалдар, фото және кинотүсірілімдер, дыбыс және бейнежазбалар да жатады.

«Жедел-іздестіру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптары сақтала отырып алынған, құқыққа қайшы әрекеттер туралы нақты деректер тіркелген материалдар құжаттар болып табылады және олар қылмыстық процесте дәлелдемелер ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Құжаттарды іске тіркеу қылмыстық іс жүргізу органының қаулысы арқылы жүзеге асырылады. Ал, тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде табылған құжаттардың іске алынғандығы осы тергеу әрекетінің хаттамасында көрсетіледі. Құжаттардың заттай дәлелдемелерге тән белгілері бар болған жағдайда, оларды заттай дәлелдемелер ретінде іске тіркеу қажет.

Құжаттар іске қосып тігіледі және оны сақтаудың бүкіл мерзімі ішінде сонда сақталады. Алып қойылған және іске қосып тігілген құжаттар ағымдағы есепке алу, есептілік үшін және өзге де құқыққа сыйымды мақсаттарда талап етілген жағдайда, олар заңды иесіне қайтарылуы немесе егер іс үшін залалсыз болатын болса, уақытша пайдалануға берілуі не олардың көшірмелері беріп жіберілуі мүмкін.

9.5. Дәлелдеудің ұғымы мен жіктелуі, субъектілері

Қылмыстық істерді сотқа дейін тергеп-тексеру және сотта қарап шешу дәлелдеу қызметі арқылы жүзеге асырылады. Іс жүргізу органдары (тергеуші, анықтаушы, прокурор, сот) қылмыстық құқық бұзушылықтың қалай жасалғандығын, оның барлық мән-жайларын дәлелдемелердің негізінде ғана анықтай алады. Дәлелдемелердің негізінде прокурор қылмысты айыпталушы жасағандығын соттың алдында ашып көрсетеді, ал қорғаушы айыпталушыға тағылған айыптауды жоққа шығарады немесе оның жауаптылығын жеңілдету жөнінде өз талаптарын қоя алады. Сот айыптау және қорғау тараптары келтірген дәлелдемелердің негізінде сотталушының кінәлілігі немесе кінәсіздігі жөнінде анық тұжырымға келіп, айыптау немесе ақтау үкімін шығарады. Сондықтан қылмыстық істер бойынша дәлелдеу мәселелерін зерттеу қажет.

Қазақстан Республикасы ҚПК-не сәйкес дәлелдеудің субъектілеріне (ҚПК 51-63-баптар) іс бойынша өндірісті жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар жатқызылады. Қылмыстық іс жүргізу барысында дәлелдеу: дәлелдемелерді жинау (122-бап); дәлелдемелерді бекіту (123-бап); дәлелдемелерді зерттеу (124-бап); дәледемелерді бағалаудан (125 - бап) тұрады. Аталған іс әрекеттердің нәтиежесінде: а) өтіп кеткен қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасының орны бар екені туралы мәліметтер; б) қоғамға қауіпті іс-әрекеттің осы әрекетті жасаған кінәлі адамның бар немесе жоқ болуы, істі дұрыс шешу үшін маңызы бар басқа да мән-жайлар; в) куәнің, жәбірленушінің, күдікті мен айыпталушының жауаптары, сарапшының қорытындысы, заттай дәледдемелер, тергеу және сот әрекетінің хаттамалары және басқа да құжаттар жинақталынады және бағаланады.

9.5.1. Дәлелдемелерді жинау

Дәлелдемелерді жинақтау: тексеру жауап алу, беттестіру тануға апару, алу, тінту, тексеру, эксперимент, сараптама жүргізу арқылы және заңда көзделген өзге тергеу мен сот іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылады. Дәлелдемелерді жинау оларды табуды, бекітуді және алып қоюды қамтиды (ҚР ҚПК-нің 122-бабы). Мысалы: оқиға болған жерді қарау кезінде қылмыстың іздері және басқа да заттай дәлелдемелер табылады немесе куәдан, жәбірленушіден, сезіктіден, айыпталушыдан жауап алу арқылы қылмыстық істін мән-жайларын көрсететін фактілі деректер анықталады.

Қылмыстық процесті жүргізетін орган процеске қатысушылардың өтінішхаттары немесе өз бастамасы бойынша өзінің іс жүргізуіндегі қылмыстық іс бойынша жауап алу немесе сарапшы немесе маман ретінде қорытынды беру үшін белгіленген тәртіппен кез келген адамды шақыруға; көзделген процестік әрекеттерді жүргізуге; коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді берудің және жария етудің Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртібін сақтай отырып, жеке, заңды тұлғалардан және лауазымды адамдардан, сондай-ақ жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдардан іс үшін маңызы бар құжаттар мен нәрселерді беруді талап етуге; уәкілетті органдар мен лауазымды адамдардан ревизия және тексеру жүргізуді талап етуге құқылы. Қылмыстық қудалау органы жеке кәсіпкерлік субъектілеріне ревизиялар мен тексерулер

жүргізудің талап етілетіні туралы бір тәулік ішінде прокурорды хабардар етеді. Сот өз бастамасымен дәлелдемелер жинауға құқылы емес.

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің белгіленген тәртіппен сотқа дейінгі тергеп-тексеруге немесе сот талқылауына қатысуға жіберілген қорғаушы, жәбірленушінің өкілі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етпеу туралы тәртіпті сақтай отырып, жәбірленушіні қорғауды, оның мүдделерін білдіруді жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтерді: заңды тұлғалардан анықтамаларды, мінездемелерді, өзге де құжаттарды талап ету арқылы алуға құқылы. Мемлекеттік органдардан, қоғамдық бірлестіктерден, сондай-ақ өзге де заңды тұлғалардан анықтамаларды, мінездемелерді және өзге де құжаттарды қорғаушы, жәбірленушінің өкілі талап етіп алдыруы мүмкін. Көрсетілген заңды тұлғалар қорғаушыға, жәбірленушінің өкіліне олардың сұратқан құжаттарын немесе олардың расталған көшірмелерін он тәулік ішінде беруге міндетті;

Күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы мәселені қарау кезінде талап етіп алдырылатын анықтамалар, мінездемелер және өзге де құжаттар қорғаушыға екі тәулік ішінде ұсынылады.

Қылмыстық қудалау органдары Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 272-бабына сәйкес шарттық негізде сот сараптамасын жүргізуге бастамашылық жасайды; сараптама мекемесіне шарттық негізде тиісті сараптама жүргізу туралы сұрау салу жолдайды; шарттық негізде маман тарту; қылмыстық іске қатысты ақпаратты білуі ықтимал адамдардың келісуімен, олардан сұрақ алу арқылы, оның ішінде ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып алуға құқылы.

Дәлелдемелер ретінде қылмыстық іске қосып тігу үшін ауызша да, жазбаша да нысандағы мәліметтерді, сондай-ақ нәрселер мен құжаттарды күдікті, айыпталушы, қорғаушы, жекеше айыптаушы, жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер және олардың өкілдері, сондай-ақ кез келген азаматтар мен ұйымдар беруге құқылы. Егер көрсетілген талаптар орындалмаған жағдайда тұлғалар заңда белгіленген жауаптылыққа тартылады.

Қылмыстық іс бойынша табылған құжаттар мен заттар Қазақстан Республикасы ҚПК-нің125-бабының қағидалары бойынша бағаланғаннан кейін қылмыстық іске қосып тігіледі, ол туралы хаттама жасалады. Қылмыстық процеске қатысушылардан және өзге де тұлғалардан заттар мен құжаттарды қабылдау өтінішхат негізінде жүзеге асырылады.

9.5.2. Дәлелдемелерді бекіту

Іс жүзіндегі деректер олар іс жүргізу іс-әрекеттерінің хаттамаларында көрсетілгеннен кейін ғана дәлелдеме ретінде пайдаланыла алады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында хаттамаларды жүргізу жауаптылығы тиісінше анықтаушы мен тергеушіге, ал сотта - сот отырысының төрағалық етушісі мен хатшысына жүктеледі.

Тергеу және сот іс-әрекеттеріне қатысушыларға, сондай-ақ тараптарға сот талқылауында бұл іс-әрекеттердің барысы мен нәтижелері көрсетілген

хаттамалармен танысу, хаттамаларға толықтырулар мен түзетулер енгізу, осы іс-әрекеттерді жүргізудің тәртібі мен шарттары жөнінде ескертулер мен қарсылықтар айту, хаттамадағы жазбаларға өз редакциясын ұсыну, анықтаушының, тергеушінің немесе соттың назарын іс үшін маңызы болуы мүмкін мән-жайларға аудару құқығы қамтамасыз етілуі тиіс. Хаттамаға тергеу және сот іс-әрекеттеріне қатысушыларға олардың құқықтары түсіндірілгені туралы белгі қойылады.

Ауызша айтылған толықтырулар, түзетулер, ескертулер, қарсылық білдірулер, өтініштер және шағымдар хаттамаға енгізіледі, ал жазбаша нысанда жазылғандары хаттамаға қоса беріледі. Сызылып тасталған немесе көшіріліп алынған сөздер немесе басқа түзетулер туралы хаттаманың соңына қол қою алдында ескерту жасалады.

Тергеу іс-әрекетінің хаттамасымен танысқан адамдар хаттаманың әр бетіндегі мәтіннің соңғы жолының астына және оның соңына өзінің қолын қояды. Сот отырысы хаттамасының бөлігімен танысу кезінде әр беттің аяғына және осы бөліктің соңына қол қойылады.

Анықтаушы, тергеуші немесе сот ескертулермен немесе қарсылық білдірулермен келіспеген жағдайда ол туралы қаулы шығарады. Заңдарда көзделген жағдайларда процеске қатысушылардың біреуі немесе басқа да адамдар тергеу іс-әрекетінің хаттамасына қол қоюдан бас тартқан кезде анықтаушы немесе тергеуші өзінің қолымен куәландыратын хаттамаға ол туралы белгі соғады.

Сот отырысының хаттамасында жазылған соттың іс-әрекеті туралы жазбаларға заңда көзделген жағдайларда қол қоюдан бас тартылса, ол хаттамада сот отырысына төрағалық етуші мен хатшы өз қолдарымен куәландыратын белгі соғылады.

Хаттамаға қол қоюдан бас тартқан адам бас тартуының себебін түсіндіруге құқылы және бұл түсіндіру хаттамаға енгізілуі тиіс.

Егер іс жүргізу іс-әрекетіне қатысушы өзінің дене кемшілігінің салдарынан хаттаманы өзі оқи алмаса немесе оған қол қоя алмаса, онда оның келісімімен оның қорғаушысы, өкілі немесе ол адам сенетін басқа азамат хаттаманы дауыстап оқиды және оған қол қояды, ол туралы хаттамада белгі қойылады. Дәлелдемелерді бекіту үшін хаттамалар жасаумен қатар дыбыс жазу, бейнежазба, киноға түсіріп алу, фотоға түсіру, құймалар, таңбалар, жоспарлар, кестелер дайындау және ақпаратты бейнелеудің басқа да әдістері қолданылуы мүмкін. Тергеу іс-әрекетіне немесе соттың талқылауына қатысушының дәлелдемелерді бекітудің көрсетілген әдістерін қолданғандығы туралы тиісінше тергеу іс әрекеті хаттамасына немесе сот отырысының хаттамасына пайдаланылған ғылыми-техникалық құралдардың техникалық сипаттамасы келтіріле отырып белгі соғылады. Фонограммалар, бейнежазбалар, кинофильмдер, фотосуреттер, құймалар, таңбалар, жоспарлар, кестелер тергеу немесе сот іс-әрекетінің барысы мен нәтижелерін басқа да бейнелеулер хаттамаға қоса беріледі. Әрбір қосымшада оған қатысты тергеу немесе сот іс-әрекетінің атауы, орны, күні көрсетілген түсіндірме жазба болуға тиіс. Бұл жазбаны іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу барысында анықтаушы немесе

тергеуші және қажет болған жағдайларда, куәгерлер, ал сотта - сот отырысының төрағалық етушісі мен хатшысы өз қолдарымен куәландырады.

Дәлелдемелерді бекіту Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 123-бабымен реттеледі. Дәлелдемелерді бекітудің басты амалы хаттама жазу болып табылады. Яғни, тергеу немесе сот іс-әрекеттерін жүргізу арқылы жиналған дәлелдемелер сол кезде жазылатын хаттамада көрсетіліп рәсімделеді. Мысалы, куәдан жауап алғанда тергеуші хаттама жазып, оны жауап берген адам және тергеушінің өзі қол қойып растайды. Соттың іс-әрекеттері сот отырысының хаттамасында жазылып көрсетіледі. Қылмыстық іс жүргізу органдары қорғаушы немесе өзге іске қатысушылар мен азаматтар, ұйымдар тапсырған құжаттар мен заттарды дәлелдеме ретінде пайдалану үшін оларды іске тіркеу туралы қаулы шығарады.

9.5.3. Дәлелдемелерді зерттеу

Іс бойынша жиналған дәлелдемелер жан-жақты және объективті түрде зерттелуге жатады. Зерттеу алынған дәлелдемені талдауды, оны басқа дәлелдемелермен салыстыруды, оларды тексеру үшін қосымша дәлелдемелер жинауды, дәлелдемелер алу көздерін тексеруді қамтиды.

9.5.4. Дәлелдемелерді бағалау

Әрбір дәлелдеме – оның қатыстылығы, жол берілетіндігі, анықтығы, ал барлық жиналған дәлелдемелер өз жиынтығында қылмыстық істі шешу үшін жеткіліктілігі тұрғысынан бағалануға тиіс. Судья, прокурор, тергеуші, анықтаушы дәлелдемелерді заң мен ар-ожданды басшылыққа ала отырып, дәлелдемелерді жиынтығымен жан-жақты, толық және объективті қарауға негізделген өздерінің ішкі сенімі бойынша бағалайды.

Егер дәлелдеме осы іс үшін маңызы бар мән-жайлардың бар екендігі туралы түйіндерді растайтын, теріске шығаратын немесе күмән туғызатын нақты деректерді білдіретін болса, ол іске қатысты дәлелдеме деп танылады. Сонымен қатар алынған деректер белгіленген тәртіппен алынған кезде ғана дәлелдеме деп танылады. Егер тексеру нәтижесінде дәлелдеменің шындыққа сәйкес келетіндігі анықталса, ол анық дәлелдеме деп танылады.

Дәлелденуге жататын мән-жайлардың барлығы және әрқайсысы туралы ақиқатты даусыз белгілейтін, іске қатысты жол берілетін және анық дәлелдемелер жиналса, дәлелдемелердің жиынтығы қылмыстық істі шешу үшін жеткілікті деп танылады.

9.6. Дәлелдеу процесіндегі ғылыми-техникалық құралдарды қолдану

Қылмыстық процесті жүргізетін орган, сондай-ақ сарапшы және маман қылмыстық іс бойынша дәлелдеу процесінде ғылыми-техникалық құралдарды процестік міндеттерін өздері орындауы кезінде пайдалана алады. Қылмыстық процесті жүргізетін орган ғылыми-техникалық құралдарды пайдаланған кезде жәрдем көрсету үшін маманды тартуы мүмкін. Егер ғылыми-техникалық құралдар: 1) заңда тікелей көзделсе немесе оның нормалары мен қағидаттарына қайшы келмесе; 2) ғылыми тұрғыдан дәрменді болса; 3) қылмыстық іс бойынша

іс жүргізудің тиімділігін қамтамасыз ететін болса; 4) қауіпсіз болса, олар қолдануға жарамды деп танылады.

Қылмыстық процесті жүргізетін органның ғылыми-техникалық құралдарды пайдалануы ғылыми-техникалық құралдардың деректері, оларды қолданудың шарттары мен тәртібі, бұл құралдар қолданылған объектілер және оларды пайдаланудың нәтижелері көрсетіле отырып, тиісті процестік әрекеттердің хаттамаларында және сот отырысының хаттамасында көрсетіледі.

9.7. Преюдиция.

Соттың қылмыстық іс бойынша заңды күшіне енген үкімі, сондай-ақ қылмыстық істі мәні бойынша шешетін басқа да шешімі анықталған мән-жайларға да, олардың соттың үкімі мен шешімі шығарылған адамға қатысты құқықтық бағалануына қатысты да барлық мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар үшін міндетті. Бұл ереже соттың үкімі мен басқа да шешімдерін жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша кассациялық тәртіппен және қадағалау тәртібімен тексеруге, олардың күшін жоюға және оларды өзгертуге кедергі болмайды. Соттың азаматтық іс бойынша заңды күшіне енген шешімі сотқа дейінгі тергеп-тексеру немесе қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде қылмыстық процесті жүргізетін орган үшін оқиғаның немесе әрекеттің орын алғаны не алмағаны туралы мәселе жөнінде ғана міндетті және ол сотталушының кінәлілігі немесе кінәсіздігі туралы түйіндерді алдын ала шешпеуге тиіс. Соттың заңды күшіне енген, өзінде талап қоюды қанағаттандыру құқығы танылатын үкімі сот үшін оның азаматтық істі қарауы кезінде осы бөлігінде міндетті. Нақ сол күдік бойынша қылмыстық қудалаудың тоқтатылғаны туралы қаулыдан басқа, қылмыстық қудалау органы қаулысының сот үшін міндетті күші болмайды.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Дәлелдеу процесінде ғылыми-техникалық құралдарды қолдану.
2. Дәлелдеудегі жедел іздестіру қызметерінің рөлі мен маңызы.
3. Қылмыстық іс бойынша дәлелдеудегі аналогиялар мен преюдициялар. Дәлелдемелердің іс жүргізушілік кайнар көздерінің түрлері.
4. Куәнің жауаптарының түсінігі, пәні мен маңызы.
5. Куәлік жауаптарының субъектілері.
6. Куә ретінде жауап алуга жатпайтын тұлғалар.
7. Куәлік иммунитет.
8. Куәнің жауаптарының растығына әсер ететін факторлар.
9. Куәнің жауаптарын бағалау мен тексеру.
10. Дәлелдеу процесінің ұғымы мен элементтері. Дәлелдеу субъектілері. Дәлелдемелерді жинау, зерттеу және бекіту.
11. Дәлелдеу процесінде ғылыми-техникалық құралдарды қолдану. Дәлелдеудегі жедел іздестіру қызметерінің рөлі мен маңызы. Қылмыстық іс бойынша дәлелдеудегі аналогиялар мен преюдициялар. Дәлелдемелердің іс жүргізушілік қайнар көздерінің түрлері.
12. Куәнің жауаптары. Куәнің жауаптарының түсінігі, пәні мен маңызы. Куәлік жауаптарының субъектілері. Куә ретінде жауап алуга жатпайтын тұлғалар. Куәлік иммунитет. Куәнің жауаптарының растығына әсер ететін факторлар. Куәнің жауаптарын бағалау мен тексеру. Куәнің жауаптарының толықтығмен растығының іс жүргізушілік кепілдіктері.

13. Жәбірленушінің жауабы: түсінігі, пәні мен маңызы. Жәбірленушінің жауаптарын тексеру мен бағалау. Жәбірленушінің жауабының толықтығы мен растығының іс жүргізушілік кепілдіктері.

14. Айыпталушының жауабы: түсінігі, пәні, түрлері мен маңызы. Жауап беру кезіндегі айыпталушының құқығы. Айыпталушының жауабын тексеру. Айыпталушының жауабын тексеру. Айыпталушының Айыпталушы өзінің кінәсін мойындаған жағдайда дәлелдемелік маңызы. Өзін өзіне қатысты жалған жауап беру. Басқа біреуге катысты жалған жауап беру.

15. Сарапшының қорытындысы: түсінігі, объектілері мен маңызы. Сараптаманы тағайындаудың негізі мен тәртіптері. Сарапшының қорытындысының тергеу әрекеттеріне қатысуы үшін шақырылған маманның ұсынысы мен түсіндірмесінен айырмашылығы. Сарапшы қорытындысының түрлері. Сараптамалық зерттеудің шегі. Сарапшы қорытындысының мазмұны мен құрылысы. Сарапшы қорытындысын бағалау.

16. Заттай дәлелдемелер: түсінігі, іс жүргізушілік негізі, түрлері мен маңызы.Заттай дәлелдемелерді жинау тәсілдері. Заттайдәлелдемелерді тексеру мен бағалау. Заттай дәлелдемелерді сақтау. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде заттай дәлелдемелер туралы мәселені шешу. Заттай дәлелдемелердің растығының іс жүргізушілік кепілдіктері.

17. Іс жүргізу әрекеттерінің хаттамалары: түсінігі, құрылысы, маңызы. Тергеу және сот әрекеттерінің хаттамаларын бағалау.

18. Құжаттар: түсінігі, түрлері, маңызы. Дәлелдемелердің дербес қайнар көзі ретінде құжаттардың құжат-заттай дәлелдемелерден айырмашылығы. Құжаттарды жинау, тексеру мен багалау тәсілдері.

19. Тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде қолданылатын фонограммалардың, фотосуреттердің, киноленталардың, диапозиттердің, видеожазбалардың, үлгілердің, жоспарлардың, схемалардың және басқада көріністердің дәлелдемелік маңызы.

10. ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТІҢ МӘЖБҮРЛЕУ ШАРАЛАРЫ

10.1. Қылмыстық процестің мәжбүрлеу шараларының ұғымы мен маңызы.

10.2. Күдіктіні ұстап алудың ұғымы және негіздері.

10.3. Бұлтартпау шараларының ұғымы мен оларды қолданудың негіздері

10.4. Өзге де процестік мәжбүрлеу шаралары

10.1. Қылмыстық процестің мәжбүрлеу шараларының ұғымы мен маңызы.

Қылмыстарды тергеу барысында іс жүргізудің міндеттерін орындау үшін ізге түсу органдары қылмыстық іс бойынша маңызы бар дәлелдемелерді анықтауға бағытталған процесуалдық қызметті жүзеге асырады. Ал, қылмыстарды тез және толық ашу, оларды жасаған адамдарды әшкерлеу және қылмыстық жауапқа тарту, әділ сот талқылауы - қылмыстық заңды дұрыс қолдану болып табылады. Аталып өткен міндеттері орындауда табыстарға жету үшін заң қылмыстық іс жүргізуге мәжбүрлеу шараларын қолдануды бекітті.

Қылмыстық іс жүргізудің *мәжбүрлеу шаралары* – қылмыстық іс жүргізу заңымен бекітілген, қылмыстық істерді тергеу мен шешуді қамтамасыз етуге және қылмыстық сот ісінің тапсырмаларын шешу үшін бағытталаған, қылмыстық сот ісінің қатысушыларына қатысты мемлекеттік тұлғалар мен органдар арқылы қолданылған мәжбүрлеудің тәсілдері. Мәжбүрлеу шараларының ерекшелігі сол, ол қылмыстық іс жүргізудегі көптеген іске қатысушыларға

қатысты қолдануында. Олардың ішіндегі ең негізгісі болып сезікті мен айыпталушы табылады. Қылмыстық іс жүргізудің мәжбүрлеу шараларын адамдарға қатысты қолдану барысында олардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына шектеулер жасалады. Осы арқылы, қылмыскердің қылмысты ары жалғастыруының жолын кесуді және олардың тергеу мен соттан бой тасалауын қамтамасыз ете аламыз.

Мәжбүрлеу шараларын жүзеге асыру адамдардың жеке басының бостандығын және өзге де құқықтарын шектеуге соқтыратындықтан, шараларды қолдану барысында заңдылық принципін қатаң сақтау қажет. Сондықтан, мәжбүрлеу шараларын қолдану үшін заңмен көзделген негізідердің болуы қажет және ондай шара қылмыстық іс жүргізу органдарының дәлелді қаулы шығаруы немесе хатттама жазуы арқылы рәсімделіп қолданылады. Мәжбүрлеу шарасын қолдануға жеке тұлғаның өзінің немесе оның мүддесін қорғайтын адамның келісімі қажет етілмейді.

Мәжбүрлеу шаралары сипатына және дәрежесіне қарай бірнеше түрлерге бөлінеді. Олардың кейбірі тек күдіктіге ғана қолданылатын болса, екіншілері – айыпталушыға, ал кейбірі өзге де қатысушыларға қолданылады. Қазақстан Республикасы ҚПК-не сәйкес, мәжбүрлеу шаралары: күдіктіні ұстап алу (128 бап) және жеткізу (129-бап); бұлтартпау шаралары (137 бап); өзге де процестік мәжбүрлеу шаралары (155 бап).

10.2. Күдіктіні ұстап алудың ұғымы және негіздері.

Қылмыс жасады деп күдік келтірілген адамды ұстау – оның қылмысқа қатыстылығын анықтау және оған қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану туралы мәселені шешу мақсатында қолданылатын іс жүргізулік мәжбүрлеу шарасы. Ұстап алу, қылмыстық іс жүргізудегі мәжбүрлеу шараларын жүйесінде маңызды орын алады және ол тек күдіктіге ғана қолданылады. Ұстап алу тосын қолданылатын, қысқа мерзімді күзетке алу белгілерімен ерекшеленеді, оның ерекше негіздемесі, мақсаты, шара қолдану әрекеттері болады. Ұстау әрқашан тосын іс жүргізулік әрекеті деп танылады, сондықтан соттың санкциясынсыз қылмыстық ізге түсудің бастапқы кезеңдерінде ғана жүзеге асады.

Қылмыстық ізге түсуді жүзеге асырушы органдар ұстап алуды Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 128-бабында көрсетілген негіздер мен себептер болғанда ғана жүзеге асыра алады. Күдіктіні ұстап алу:

Біріншіден, адам қылмыс жасау кезінде немесе тікелей қылмысты жасағаннан кейін;

Екіншіден, жәбірленушілер мен куәлар қылмыс жасаған адамды тура көрсетсе;

Үшіншіден, осы адамда немесе киімінде өзінде немесе тұратын үйінде қылмыстың анық ізі табылған кезде;

Төртіншіден, жедел-іздестіру қызметінің және (немесе) жасырын тергеу іс-әрекеттерінің заңға сәйкес алынған материалдарында адамға қатысты ол жасаған немесе жасауға дайындап жатқан қылмыс туралы анық деректер

болғанда (қылмыстық кодексте сәйкес бас бостандығынан айыру түрінде жаза тағайындау көзделгенде) қолданылады.

Қылмыстық іс жүргізу органдары қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасаған кез-келген адамды олардың қылмыс жасауы кезінде немесе қылмыс жасағаннан кейін ұстап алуды жүзеге асыра алады. Егер ұсталынған адам оған қарсылық көрсеткен кезде, ол Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 34-бабында көзделген шекте дене күші мен басқа да құралдарды қолдана алады. Егер ұсталған адамда қару немесе өзге де қауіпті заттар немесе қылмыстық іс бойынша мәні бар заттар бар деп ұйғаруға негіз болса, оны ұстаған азамат ұсталушының киімін тексеруге және құқық қорғау органдарына немесе өзге де мемлекеттік өкімет органдарына беру үшін ондағы заттарды алуға құқылы. Сонымен қатар, жәбірленушінің, сондай-ақ кез келген өзге де азаматтың жаңа қол сұғушылық жасау мүмкіндігінің жолын кесу мақсатымен қылмыс жасаған адамды ұстауға құқығы бар. Құқық қорғау органдары жұмыс барысында, тұрғын үйлерді және басқа да мекен-жайларды тексеру барысында қылмыс белгілерін анықтаса, онда олар ұстауды жүзеге асыра алады. Ұсталынған тұлғаны тергеушіге немесе анықтаушыға жеткізеді.

Ал, адамға қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдік келтіруге негіз беретін өзге де деректер болған кезде, егер ол адам жасырынуға әрекет жасаса не оның тұрақты тұрғылықты жері болмаса немесе күдіктінің жеке басы анықталмаса не сотқа күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы өтінішхат жіберілсе ғана ұстап алынуы мүмкін. Яғни, а) егер бұл адам жасырынуға талпынса (ұстау кезінде қарсылық білдіру, қашуға бейімделу, жолға кетуге дайындалу); б) Қазақстан Республикасы аумағында тұрақты тұрғылықты жері болмаса; в) күдіктінің жеке тұлғасы туралы ұсталған адамды куәландыратын құжаттарының (паспорт) болмауы ұстап алуға негіз болады.

Сонымен қатар, ұстап алу барысында жасалынған қылмыстық құқық бұзушылықтардың дәрежесі де ескерілу қажет. Себебі, ұстап алу көп жағдайда тұлғаға күзетпен ұстау бұлтартпау шарасын қолдану үшін қолданылады. Ал, Бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау тек судьяның санкциясымен және заңмен кемінде бес жыл мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген қылмысты жасады деген күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға қатысты ғана қолданылады (ҚР ҚПК-нің 147-бабы). Күзетпен ұстау ретіндегі бұлтартпау шараларын қолдану мүмкін болмаған жағдайда ұстаудың да қажеттілігі болмай қалады.

Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының Төрағасы және оның мүшелері, Қазақстан Республикасы судьялары, Қазақстан Республикасы Бас Прокуроры және дипломатиялық қызметі бар тұлғалар қылмыс жасаған жерінде ұстап алынбаған жағдайларда Қазақстан Республикасы Президентінің немесе Қазақстан Республикасы Парламентінің келісімінсіз қамауға алынуға тиісті емес (ҚР ҚПК-нің 546, 556-баптар).

10.2.1. Күдіктіні ұстап алудың процестік тәртібі.

Күдіктіні ұстап-алу: жеткізуден, процестік емес және процестік болып бөлінеді. Жеткізу – адамның қылмыстық құқық бұзушылыққа қатыстылығын анықтау мақсатында үш сағаттан аспайтын мерзімге қолданылатын процестік мәжбүрлеу шарасы (ҚР ҚПК-нің 129-бабы). Жеткізу мерзімі аяқталған соң, бұдан әрі процестік ұстап алу жағдайларын қоспағанда, адамға жеткізілгендігі туралы дереу анықтама беріледі. Адамның қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысы бары расталған жағдайда, қылмыстық қудалау органы процестік ұстап алуды жүзеге асыруға құқылы, бұл ретте жеткізу мерзімі процестік ұстап алудың жалпы мерзіміне қосылады. Жеткізуді қылмыстық ізге түсу органдары жүзеге асырады. Ал, процестік емес ұстап алуды өзге азаматтар қолдана алады.

Жәбірленушінің, сондай-ақ кез келген өзге азаматтың қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамды оның өзге де қолсұғушылықтар жасау мүмкіндігінің жолын кесу мақсатында ұстап алуға және оны қылмыстық қудалау органына немесе өзге де мемлекеттік билік органына беру не жеткізу үшін оның жүріп-тұру еркіндігін шектеуге құқығы бар. Егер ұсталған адамда қару немесе қылмыстық іс үшін маңызы бар өзге де қауіпті заттар бар деп пайымдауға негіз болса, оны ұстап алған азамат ұстап алынған адамның киімін қарап-тексеруге және онда бар нәрселерді құқық қорғау органдарына немесе өзге де мемлекеттік билік органына беру үшін алып қоюға құқылы.

Ал, процестік ұстап алу қылмыстық іс жүргізу органдары арнайы ұстау хаттамасы толтырылған соң жүзеге асырылады. Анықтау органының лауазымды адамы, анықтаушы, тергеуші күдіктіні нақты ұстаған сәттен бастап үш сағат ішінде ұстап алу хаттамасын жасауы тиіс. Тұлғаларды қылмыс жасады деген күдікпен ұстап алу кейінге қалдыруға болмайтын қажетті тергеу әрекеттері өткізілгеннен кейін жүргізіледі. Ұстап алу хаттамасында: 1) күдіктінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде); 2) күдіктіні кімнің ұстап алғаны, ұстап алу негіздері, себептері, орны, нақты ұстап алу және жеткізу уақыты (сағаты мен минуты көрсетіле отырып); 3) күдіктінің құқықтарын түсіндіру туралы мәліметтер; 4) жеке тінту нәтижелері; 5) ұстап алынған адамның денсаулық жағдайы туралы мәліметтер; 6) хаттаманың жасалған уақыты мен орны көрсетіледі. Хаттамаға оны жасаған лауазымды адам, күдікті және қорғаушы (ол қатысқан кезде) қол қояды.

Адамды қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдік бойынша ұстап алу кезінде қылмыстық қудалау органының лауазымды адамы оның қандай қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдік бойынша ұстап алынғанын ауызша хабарлайды, оған қорғаушы шақыру құқығын, үнсіздік сақтау құқығын және оның айтқандары сотта оған қарсы қолданылуы мүмкін екендігін түсіндіреді (ҚР ҚПК-нің 131-бабы). Егер ұстап алынған адам қазақ және (немесе) орыс тілдерін білмесе, оның құқықтарын түсіндіру одан күдікті ретінде жауап алу басталғанға дейін аудармашының және қорғаушының қатысуымен жүзеге асырылады, ол туралы жауап алу хаттамасында белгі жасалады.

Күдікті тиісті өтінішхатты мәлімдеген кезде ол өз денсаулығының жалпы жағдайын және дене жарақаттарының бар-жоғын анықтау үшін дәрігердің

куәландыруына жатады. Медициналық куәландыру өткізілген жағдайда, хаттамаға оның қорытындысы қоса беріледі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жүргізілген ұстап алу туралы прокурорға ұстап алу хаттамасы жасалған кезден бастап он екі сағаттың ішінде жазбаша хабарлауға міндетті.

Жердің шалғайлығы немесе тиісті қатынас жолдарының жоқтығы салдарынан, сондай-ақ төтенше жағдай немесе төтенше ахуал жағдайларында адамды тергеу судьясына уақтылы жеткізуді қамтамасыз ету мүмкін болмаған кезде жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ұстап алуға жол берілетін жағдайларды қоспағанда, адам қылмыс жасады деген күдік бойынша – қырық сегіз сағаттан аспайтын мерзімге, ал кәмелетке толмаған адам жиырма төрт сағаттан аспайтын мерзімге ұстап алынуы мүмкін.

Ұстап алуды жүзеге асыратын адам ұстап алынған адамда қару не қару ретінде пайдаланылуы мүмкін немесе қолдануға тыйым салынған нәрселер және дәлелдеуде пайдаланылуы мүмкін өзге де нәрселер бар не ол өзінің қылмыстық құқық бұзушылық жасағандығын әшкерелейтін дәлелдемелерден құтылуға әрекет жасайды деп пайымдауға негіз болған жағдайларда немесе өзге де қажетті жағдайларда ұстап алынған адамның жеке басына дереу тінту жүргізуге құқылы.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам ұстап алынған күдіктінің отбасының кәмелетке толған мүшелерінің қайсыбіріне, ал олар болмаған кезде – басқа туыстарына немесе жақын адамдарына оның ұстап алынғаны және ұсталып отырған жері туралы кейінге қалдырмай хабарлауға немесе күдіктінің өзіне мұндай хабарлау мүмкіндігін беруге міндетті. Хабар, жазбаша немесе байланыс құралдары арқылы жүзеге асырылуы керек.

Шетелдіктің ұстап алынғаны туралы сол мемлекеттің елшілігі, консулдығы немесе өзге де өкілдігі дереу хабардар етілуге, ал ол мүмкін болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі мен Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірлескен бұйрығымен белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі арқылы да жиырма төрт сағат ішінде хабардар етілуге тиіс (ҚР ҚПК-нің 135-бабы).

10.2.2. Қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдік бойынша ұстап алынған адамды босату негіздері

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 133-бабына сәйкес, қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдік бойынша ұстап алынған адам, егер: 1) қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдік расталмаса; 2) ұстап алынған адамға күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын не қамаққа алу не Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу түріндегі жазаны қолдануға негіздер болмаса; 3) ұстап алу Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 131-бабының талаптарын елеулі түрде бұза отырып жүргізілген болса; 4) ұстап алу үшін заңды негіздер болмаса, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асырып жатқан адамның немесе прокурордың қаулысы бойынша босатылуға жатады.

Егер нақты ұстап алынған кезден бастап – қырық сегіз сағат ішінде, ал кәмелетке толмағандарға қатысты жиырма төрт сағат ішінде ұстап алынған адамды ұстау орнының бастығына күдіктіні күзетпен ұстауды санкциялау туралы сот қаулысы келіп түспесе, ұстап алынған адамды ұстау орнының бастығы оны өзінің қаулысымен дереу босатады және ол туралы іс жүргізуінде іс жатқан адамға және прокурорға хабарлайды. Аталған талаптар орындалмаған кезде ұстап алынған адамды ұстау орны әкімшілігінің басшысы заңда белгіленген жауаптылықта болады. Ұстап алынған адам босатылған кезде оған оны кімнің ұстап алғаны, ұстап алудың, жеткізудің негіздері, орны мен уақыты, босатудың негіздері мен уақыты көрсетілген анықтама беріледі. Заңсыз ұстап алу барысында не одан кейін ұстап алынған адамның қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттері нәтижесінде алынған деректер дәлелдемелер ретінде жол берілмейтін деректер деп танылады.

10.2.3. Қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдік бойынша ұстап алынғандарды күзетпен ұстау тәртібі

Қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдік бойынша ұстап алынғандар уақытша ұстау изоляторларында ұсталады. Қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдік бойынша ұстап алынған әскери қызметшілер мен жазасын бас бостандығынан айыру түрінде өтеп жүрген адамдар да тиісінше гауптвахталарда және қылмыстық-атқару жүйесінің бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны орындайтын мекемелерінде ұсталуы мүмкін (ҚПК 134-бабы). Ал, қылмыстық теріс қылықтар бойынша қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдік бойынша ұстап алынғандар анықтау органының бастығы айқындайтын арнайы бейімделген үй-жайларда ұсталады. Төтенше жағдай режимі жағдайларында қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдік бойынша ұстап алынғандар жергілікті жердің комендаты айқындаған, осы мақсаттарға бейімделген үй-жайларда ұсталуы мүмкін. Қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдік бойынша ұстап алынған адамдарды күзетпен ұстаудың тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

10.3. Бұлтартпау шараларының ұғымы мен оларды қолданудың негіздері

Бұлтартпау шаралары дегеніміз күдікті, айыпталушы қылмыстық қудалау органдарынан немесе соттан жасырынып жүр не істі объективті тергеп-тексеруге немесе сотта талқылауға кедергі келтіреді не қылмыстық әрекетпен айналысуды жалғастырады деп пайымдауға жеткілікті негіздер болған кезде, сондай-ақ қылмыстық процесті жүргізетін орган үкімнің орындалуын қамтамасыз ету үшін қолданылатын мәжбүрлеу шараларының түрі. Олар, өзге мәжбүрлеу шаралары сияқты, қылмыстық іс жүргізу міндеттерін орындауды қамтамасыз ету мақсатында және заңмен белгіленген тәртіп бойынша қолданылады (КПК-нің 136-154 баптары). Бұлтартпау шаралары ереже бойынша күдіктіге, айыпталушыға, сондай-ақ сотталушыға қолданылады. Осыған сәйкес, сотқа дейінгі іс жүргізу кезінде бұлтартпау шарасын қолдануды

қылмыстық ізге түсу органы шешетін болса, ал соттағы өндіріс кезінде бұл мәселені сот (судья) шешеді. Қазақстан Республикасы ҚПК-не сәйкес бұлтартпау шараларын қылмыстық іс бойынша қолдану міндетті болып табылмайды, бірақ сот тәжірибесі көрсетіп отырғандай республика аумағында барлық қылмыстық істер бойынша бұлтартпау шаралары қолданылып отыр. Оларды қолдану қылмыстық құқық бұзушылықтардың санаттары ескеріле отырып жүзеге асырылады. Яғни, онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыстар бойынша бұлтартпау шараларының жеңіл түрі қолданылады. Мысалы, ешқайда кетпеу және тиісті мінез-құлқы туралы қолхат алу және т.б. Сонымен қатар, күдіктінің мінез-құлқы және отбасы мәселесі де ескерілуі шарт. Ал, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 99 (екінші бөлігінің 15) тармағында), 170 (төртінші бөлігінде), 175, 177, 178, 184, 255 (төртінші бөлігінде), 263 (бесінші бөлігінде), 286 (төртінші бөлігінде), 297 (төртінші бөлігінде), 298 (төртінші бөлігінде), 299 (төртінші бөлігінде)-баптарында көзделген қылмыстарды жасады деп күдік келтірілетін, айыпталатын адамдарға жасалған қылмыстың бір ғана ауырлығы уәжімен бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау қолданылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 137-бабына сәйкес бұлтартпау шараларына: 1) ешқайда кетпеу және тиісті мінез-құлқы туралы қолхат; 2) жеке кепілгерлік; 3) әскери қызметшіні әскери бөлім қолбасшылығының байқауда ұстауына беру; 4) кәмелетке толмаған адамды қарауда ұстауға беру; 5) кепіл; 6) үйқамақ; 7) күзетпен ұстау жатқызылады.

Ал, *қосымша шектеулер* әскери қызметшіні әскери бөлім қолбасшылығының байқауда ұстауына беруді және күзетпен ұстауды қоспағанда, қажет болған кезде бұлтартпау шарасы қолданылған адамға қатысты электрондық бақылау құралдары қолданылуы мүмкін. Бұлтартпау шарасын қолдану туралы қаулыда электрондық бақылау құралдарын қолдану және күдіктіге, айыпталушыға олардың мақсатын түсіндіру туралы белгі жасалады. Электрондық бақылау құралдарын қолдануға оларды айналасындағылардың байқауынан жасыру шаралары қолданылған жағдайда жол беріледі, ол күдіктінің, айыпталушының баратын жерлері және олардың жүріп-тұратын жолдары, сондай-ақ жасы, денсаулығының жай-күйі, отбасы жағдайы мен өмір салты ескеріліп жүзеге асырылуға тиіс. Ал, электрондық бақылау құралдарын қолдану тәртібін, шарттары мен негіздерін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Бұлтартпау шараларын сипатына қарай және кімдерге қолданылатындығын ескере отырып жалпы және арнайы деп бөлуге болады.

Бірінші топқа: ешқайда кетпеу және тиісті мінез-құлқы туралы қолхат; жеке кепілгерлік; кепіл; үйқамақ; күзетпен ұстау жатқызылады. Бұл топқа жататын шараларды қолдану үшін айрықша талаптар қойылмайтын болғандықтан, оларды бұлтартпау шараларының жалпы түрлері деп атаймыз.

Екінші топқа: әскери қызметшіні әскери бөлім қолбасшылығының байқауда ұстауына беру; кәмелетке толмаған адамды қарауда ұстауға беру. Бұл шаралардың ерекшелігі олар арнайы субъектілер болып табылады. Бірақ аталған тұлғаларға қажет болған жағдайда бұлтартпау шараларының жалпы

түрін қолдануға болады. Мысалы, әскери қызметші ауыр қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда тергеуші оған күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын қолданады.

10.3.1. Бұлтартпау шараларын қолдану тәртібі

Күдіктіге, айыпталушыға бір мезгілде екі және одан да көп бұлтартпау шараларын қолдануға болмайды. Бұлтартпау шаралары сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған сәттен бастап, қылмыстық істе күдіктінің мәртебесі пайда болған сәттен бастап жүзеге асырылады. Қылмыстық процесті жүргізетін орган бұлтартпау шарасын қолдану туралы қаулы шығарады, онда адамға күдік келтіріліп, ол айыпталып отырған қылмыстық құқық бұзушылықты көрсету және осы бұлтартпау шарасын қолданудың негіздері қамтылады. Қаулының көшірмесі өзіне қатысты қаулы шығарылған адамға табыс етіледі және сонымен бір мезгілде оған бұлтартпау шарасын қолдану туралы шешімге шағым жасау тәртібі түсіндіріледі.

Күзетпен ұстауға байланысты емес бұлтартпау шарасын қолданған кезде күдіктінің, айыпталушының, сотталушының тиісті мінез-құлқын қамтамасыз ету үшін оларға:

1) сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға, прокурорға не сотқа олар белгілеген уақытта келу;

2) қылмыстық процесті жүргізетін органның рұқсатынсыз тұрақты немесе уақытша тұрғылықты жерінен кетпеу;

3) қылмыстық процесті жүргізетін адамды, прокурорды тұрғылықты жерінің, жұмыс орнының өзгергені туралы хабардар ету;

4) белгілі бір адамдармен араласпау және белгілі бір жерлерге бармау;

5) есірткіге немесе алкогольге тәуелділіктен емделу курсынан өту;

6) электрондық бақылау құралдарын тағып жүру міндеттерінің бірі немесе бірнешеуі жүктелуі мүмкін.

Күдікті, айыпталушы бұлтартпау шараларын бұзатын іс-әрекеттерді жасаған жағдайда оларға неғұрлым қатаң бұлтартпау шарасы қолданылады, ол туралы күдіктіге, айыпталушыға тиісті қаулының көшірмесін табыс ету кезінде жариялануға тиіс. Сонымен қатар, олар сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға және сотқа келу туралы міндеттемені (ҚР ҚПК-нің 156-бабы) және жақындауға тыйым салу (ҚР ҚПК-нің 165-бабы) сияқты мәжбүрлеу шараларын бұзған жағдайларда күдіктіге, айыпталушыға бұлтартпау шарасы таңдалады.

Бұлтартпау шарасының қажеттігі болмай қалған кезде оның күші жойылады немесе Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 136 және 138-баптарында көзделген негіздер мен мән-жайлар өзгерген кезде қатаңдығы неғұрлым жеңіл немесе неғұрлым ауыр шараға өзгертіледі. Бұлтартпау шарасының күшін жою немесе оны өзгерту қылмыстық процесті жүргізетін органның уәжді қаулысы бойынша жүргізіледі.

Прокурор санкциялаған, қолданған, қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу барысында оның нұсқауы бойынша таңдалған бұлтартпау

шарасының күші прокурордың келісімімен ғана жойылуы немесе ол өзгертілуі мүмкін.

Қылмыстық қудалау органының бұлтартпау шарасын өзгерту немесе оның күшін жою туралы қаулысына шағым жасау, наразылық білдіруге болады. Оның тәртібі ҚР ҚПК-нің 100 – 106-баптарында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

Тергеу судьясы санкциялаған күдіктіні, айыпталушыны күзетпен ұстау, үйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасының күшін жою немесе оны өзгерту, прокурордың келісуімен қылмыстық қудалау органының уәжді қаулысы негізінде жүргізіледі.

10.3.2. Ешқайда кетпеу және тиісті мінез-құлық туралы қолхат

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 141-бабына сәйкес, ешқайда кетпеу және тиісті мінез-құлық туралы қолхат қылмыстық процесті жүргізетін органның күдіктіден, айыпталушыдан анықтаушының, тергеушінің немесе соттың рұқсатынсыз тұрақты немесе уақытша тұрғылықты жерінен (елді мекеннен) кетпеуі, істі тергеп-тексеруге және сотта талқылауға кедергі келтірмеуі, қылмыстық процесті жүргізетін органның шақыруы бойынша белгіленген мерзімде келуі жөнінде жазбаша міндеттеме алуынан тұрады. Егер күдікті немесе айыпталушы тұратын жердің аумағында қоныс аударатын болса, бұл жөнінде бұлтартпау шарасын қолданған қылмыстық, іс жүргізу органын хабардар етуге міндетті болып табылады. Аталған шараны қолдану екі процессуальдық құжат жазу арқылы рәсімделеді: бұлтартпау шарасын қолдану туралы қаулы шығару және қолхат алу.

10.3.3. Жеке кепілгерлік

Бұлтартпау шарасы ретінде жеке адамдардың кепілдігін қолданудың тәртібі Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 142-бабымен белгіленген. Жеке кепілгерлік күдіктінің, айыпталушының тиісті мінез-құлқын және олардың қылмыстық процесті жүргізетін органның шақыруы бойынша келуін сенімге лайық адамдардың өз жауапкершілігіне алатыны туралы жазбаша міндеттеме қабылдауынан тұрады.

Бұлтартпау шараларының бұл түрін қолданудың мынадай шарттары бар:

- кепілгерлердің саны екеуден кем болмауы тиіс;
- берушілердің бұл жөнінде өздерінің жазбаша өтініштері болуы қажет;
- бұл шараны қолдануға күдіктінің, айыпталушының келісімі болуы тиіс;
- кепілдік беруші қылмыстық іс жүргізудің барысында кепілдігінен бас тартуға құқылы.

Жеке адамдардың кепілдігін қолдану туралы қылмыстық іс жүргізу органы қаулы шығарады. Сонымен қатар, кепіл берушілердің әрқайсысы жеке кепілдігі туралы қолхат береді. Бұл қолхатта кепілдік берушіге қылмыстық іс бойынша айыптаудың мәні түсіндірілгендігі және айыпталушының (күдіктінің) өзін дұрыс ұстамаған әрекеті үшін жауапты болатындығы көрсетіледі. Егер айыпталушы жеке кепілдікке сәйкес келмейтін әрекеттер жасаған болса, әрбір кепілдік берген адамға елу айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде

ақшалай айып салынуы мүмкін. Кепілгер қылмыстық іс бойынша іс жүргізудің кез келген сәтінде кепілгерліктен бас тартуға құқылы. Бұл жағдайда, бас тартылған кезден бастап қырық сегіз сағат ішінде күдіктіге, айыпталушыға қатысты өзге бұлтартпау шарасы таңдалуға тиіс.

10.3.4. Әскери қызметшіні әскери бөлім қолбасшылығының байқауда ұстауы

Әскери бөлім қолбасшылығының әскери қызметшілер немесе оқу жиынына шақырылған әскери міндеттілер болып табылатын күдіктілерді, айыпталушыларды байқауда ұстауы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жарғыларында көзделген және осы адамның тиісті мінез-құлқын және оның қылмыстық процесті жүргізетін органның шақыруы бойынша келуін қамтамасыз ете алатын шараларды қолданудан тұрады. Әскери бөлімнің қолбасшылығына осы бұлтартпау шарасы таңдалған күдіктің мәні туралы хабарланады. Әскери бөлімнің басшылығы осы бұлтартпау шарасын таңдаған органға байқауда ұстаудың орнатылғаны туралы жазбаша хабарлайды.

Қылмыстық іс жүргізу органы бұлтартпау шарасын қолдану туралы қаулы шығарып, оны орындауды әскери бәлімнің командованиесіне тапсырады. Онымен бірге бұлтартпау шарасы қолданылған істің мәні хабарланады және әскери командованиенің міндеттері түсіндіріледі. Ал, әскери бөлімнің командованиесі бұлтартпау шарасын қолданған органға күдіктінің немесе айыпталушының бақылауға алынғандығы туралы жазбаша хабарлайды. Егер бақылауға алынған күдікті немесе айыпталушы бұлтартпау шарасын бұзатын әрекеттер жасаған болса, әскери бәлімнің командованиесі ол туралы қылмыстық іс жүргізу органына жедел хабарлауы тиіс.

Бұл шараны қолдануға байланысты өздеріне жүктелген міндетті орындамаған кінәлі адамдар занда көзделген тәртіптік жауаптылыққа тартылады

10.3.5. Кәмелетке толмаған адамды қарауда ұстауға беру

Кәмелетке толмаған адамды ата-анасының, қорғаншыларының, қамқоршыларының немесе басқа да сенімге лайық адамдардың, сондай-ақ ол тұрып жатқан, бала құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды заңға сәйкес жүзеге асыратын ұйым әкімшілігінің қарауда ұстауына беру көрсетілген адамдардың қайсыбірінің өзіне кәмелетке толмағанның тиісті мінез-құлқын және оның қылмыстық процесті жүргізетін органның шақыруы бойынша келуін қамтамасыз ету, оның ішінде оның үйден тыс жерде болуын шектеу және қылмыстық процесті жүргізетін органның рұқсатынсыз басқа жерге баруына жол бермеу жөнінде жазбаша міндеттеме қабылдауынан тұрады (ҚР ҚПК-нің 144-бабы).

Кәмелетке толмаған адамды ата-анасының және басқа да тұлғалардың қарауда ұстауына беру олардың жазбаша өтінішхаты бойынша ғана мүмкін болады. Қарауда ұстауға қабылдау туралы қолхат алынған кезде ата-аналар, қорғаншылар, қамқоршылар, бала құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды

заңға сәйкес жүзеге асыратын ұйым әкімшілігінің өкілдері кәмелетке толмаған адам жасады деп күдік келтірілген қылмыстық құқық бұзушылықтың сипаты туралы және олардың қарауда ұстау бойынша өздеріне қабылдаған міндеттерін бұзған жағдайдағы жауаптылығы туралы хабардар етіледі.

Қарауына кәмелетке толмаған адам берілген тұлғалар өздері қабылдаған міндеттемелерді орындамаған жағдайда, оларға Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 160-бабында көзделген тәртіппен елу айлық есептік көрсеткішке дейін ақшалай өндіріп алу қолданылуы мүмкін.

10.3.6. Кепіл

Кепіл сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның, прокурордың немесе соттың шақыруы бойынша күдіктінің, айыпталушының келуі жөніндегі міндеттерін орындауын қамтамасыз ету үшін күдіктінің, айыпталушының өзінің не басқа тұлғаның сот депозитіне ақша енгізуінен тұрады. Кепіл ретінде басқа да құндылықтар, тыйым салынатын жылжитын және жылжымайтын мүлік қабылдануы мүмкін. Кепілдің құндылығын және ауыртпалықтың жоқ екендігін дәлелдеу кепілгерге жүктеледі. Аса ауыр қылмыстар жасады деп күдік келтірілген адамдарға қатысты кепіл қолданылмайды (ҚР ҚПК-нің 145-бабы). Кепіл прокурордың санкциясымен не соттың, тергеу судьясының қаулысы бойынша ғана қолданылады. Кепілдің мөлшері күдіктің ауырлығы, күдіктінің, айыпталушының жеке басы, қылмыстық іс-әрекеттің сипаты, кепіл берушінің мүліктік жағдайы ескеріле отырып айқындалады және: онша ауыр емес қылмыс жасады деп күдік келтірілген кезде – айлық есептік көрсеткіштің елу еселенген мөлшерінен; ауырлығы орташа қылмысты абайсызда жасады деп күдік келтірілген кезде – айлық есептік көрсеткіштің бір жүз елу еселенген мөлшерінен; ауырлығы орташа қылмысты қасақана жасады деп күдік келтірген кезде – айлық есептік көрсеткіштің екі жүз елу еселенген мөлшерінен; ауыр қылмыс жасады деп күдік келтірілген кезде – айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен кем бола алмайды.

Айрықша жағдайларда, кепіл мөлшері мыналарға: 1) асырауында кәмелетке толмаған балалары, қарт ата-анасы, мүгедек туыстары бар, сондай-ақ қорғаншы және қамқоршы болып табылатын адамдарға; 2) тұрақты табыс көзі жоқ адамдарға; 3) халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарына жататын, сондай-ақ бюджет есебінен әртүрлі әлеуметтік көмек түрлерін алатын адамдарға; 4) кәмелетке толмағандар мен зейнеткерлік жастағы адамдарға қатысты төменгі мөлшерден аз мөлшерде қолданылуы мүмкін не осы сомаға баламалы өзге мүлік қабылдануы мүмкін.

Күзетпен ұсталмайтын күдікті, айыпталушы, сотталушы не басқа тұлға кепіл түріндегі бұлтартпау шарасы таңдалған, қолданылған күннен бастап бес тәуліктен кешіктірмей тиісті шотқа қаражат салуға және растайтын құжатты сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға, прокурорға, сотқа ұсынуға міндетті. Кепіл ретінде басқа да құндылықтар, жылжитын немесе жылжымайтын мүлік берілген кезде кепіл беруші сол мерзімде оларды құқық

белгілейтін құжаттарымен бірге қылмыстық процесті жүргізетін органға беруге міндетті.

Егер ұстап алынған күдіктіге кепіл түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылған жағдайда, кепіл іс жүзінде енгізілгенге дейін тергеу судьясы күдіктіге және айыпталушыға күзетпен ұстау немесе үйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын қолданады (ҚР ҚПК-нің 148-бабы). Ал, бұрын таңдалған күзетпен ұстау немесе үйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасы кепілмен ауыстырылған жағдайда, күдікті, айыпталушы кепіл іс жүзінде енгізілгеннен кейін ғана күзетілуден босатылады. Егер бұл кезге қарай заңмен көзделген күзетпен ұстау мерзімдері біткен болса, онда олар кепіл енгізілгенге дейін ұзартылады.

Кепіл түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылған кезде күдіктіге, айыпталушыға – олардың міндеттері және оларды орындамаудың салдары, ал айыпталушы, күдікті болып табылмайтын кепіл берушіге – адамның қандай қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдік келтірілетіні, айыпталатыны, жасалған іс-әрекет үшін заңда көзделген жаза, күдіктінің, айыпталушының тиісті мінез-құлқын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттер және олардың шақыру бойынша келуі, сондай-ақ осы міндеттерді орындамаудың салдары түсіндіріледі. Кепілдің қабылданғаны туралы хаттама жасалады, онда – күдіктіге, айыпталушыға шақыру бойынша келу туралы міндеттердің түсіндірілгені, ал кепіл берушіге күдікті, айыпталушы шақыру бойынша келуден жалтарған жағдайда кепіл мемлекеттің кірісіне айналдырылатыны туралы ескертілгені атап көрсетіледі. Хаттамаға осы бұлтартпау шарасын таңдаған лауазымды адам, күдікті, айыпталушы, сондай-ақ кепіл беруші басқа тұлға болса, ол қол қояды. Хаттама және соттың депозитіне кепілдің салынғаны туралы құжат іс материалдарына қосып тігіледі, ал кепіл берушіге хаттаманың көшірмесі табыс етіледі.

Тергеу судьясының күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылған адамға қатысты кепіл енгізілген жағдайда, күзетпен ұстау орнының бастығы күдіктіге, айыпталушыға кепіл жөніндегі міндеттерді және оларды орындамаудың салдарын түсіндіруді жүзеге асырады. Егер күдікті, айыпталушы өздеріне жүктелген міндеттерді бұзбаса, бірақ күдіктіге, айыпталушыға қатысты неғұрлым қатаң бұлтартпау шарасы қолданылса, қылмыстық іс бойынша үкім немесе іс жүргізуді қысқарту туралы қаулы шығарылса, кепіл берушіге кепіл нысанасы дереу қайтарылады. Егер күдікті, айыпталушы кепіл беруші болып табылса, сот азаматтық талап қоюдың, процестік шығындардың және өзге де мүліктік өндіріп алу қажеттігінің болуы кезінде кепіл тағдыры туралы мәселені қарай отырып, прокурордың өтінішхаты бойынша кепіл нысанасына не оның бір бөлігіне өндіріп алуды қолдану туралы шешім қабылдауға құқылы. Күдікті, айыпталушы болып табылмайтын кепіл беруші енгізген кепіл нысанасына өндіріп алуды қолдану оның келісімімен ғана жүргізілуі мүмкін.

Күдікті, айыпталушы үшін кепіл енгізген тұлға күдіктінің, айыпталушының қылмыстық процесті жүргізетін органға келуі жөніндегі міндеттерді орындауын бұдан әрі қамтамасыз етуге жағдайы келмейтіні туралы

жазбаша өтініш жасаған жағдайда, егер күдікті, айыпталушы көрсетілген міндеттерді бұзбаған болса, кепіл нысанасы дереу қайтарылуға жатады. Қылмыстық істі түпкілікті шешетін үкім немесе қаулы шығарылған кезде, тиісінше, сот немесе қылмыстық қудалау органы сонымен бір мезгілде кепіл нысанасының тағдырын шешеді.

Күдікті, айыпталушы кепілмен қамтамасыз етілген міндеттерді дәлелді себептерсіз орындамаған жағдайда, прокурор тергеу судьясына кепілді мемлекет кірісіне айналдыру туралы өтінішхат жібереді. Ондай жағдайларда, сот тиісті шешім қабылдайды, оған кепіл беруші жоғары тұрған сотқа шағым жасауы мүмкін. Ал, кепіл нысанасы қайтарылған кезде кепіл берушіден кепілдің сақталуын қамтамасыз етуге жұмсалған сома өндіріп алынады. Кепілді қабылдау, сақтау, өткізу және мемлекет кірісіне айналдыру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

10.3.7. Үйқамақ

Үйқамақ күзетпен ұстамай судьяның санкциясымен және заңмен кемінде бес жыл мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген қылмысты жасады деген күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға қатысты қолданылады. Аталған жағдайларда, судья белгілеген шектеулерді қолданыла отырып, тұлғаларды қоғамнан оқшаулайды. Яғни, үйде қамап ұстау адамның бас бостандығын шектеудің түрі ретінде қолданылады. Аталған бұлтартпау шарасын қолдану барысында тұлғаның жеке басы, денсаулығы және отбасы жағдайы ескерілуі шарт (ҚР ҚПК-нің 146-бабы).

Осыған байланысты, күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға қатысты үйқамақ қолданылған кезде бір немесе бірнеше шектеу: 1) тұрғынжайдан барлық уақытта немесе белгілі бір уақытта шығуға; 2) телефонмен сөйлесуге, хат-хабар жөнелтуге және байланыс құралдарын пайдалануға; 3) белгілі бір адамдармен араласуға және кімді болса да үйінде қабылдауға тыйым салу; 4) электрондық бақылау құралдарын қолдану және осы құралдарды өзімен бірге алып жүру міндетін жүктеу; 5) бақылау мақсатындағы телефон қоңырауларына немесе өзге де бақылау сигналдарына жауап беру, анықтау органына немесе күдіктінің, айыпталушының немесе сотталушының мінез-құлқын қадағалауды жүзеге асыратын басқа да органға телефон шалу немесе оларға белгілі бір уақытта жеке өзінің келу міндеттерін жүктеу; 6) күдіктіге, айыпталушыға немесе олардың тұрғынжайына байқау орнату, сондай-ақ олардың тұрғынжайына немесе оларға тұрғынжай ретінде бөліп берілген үй-жайға күзет қою; 7) күдіктінің, айыпталушының мінез-құлқын және қоғамнан оқшауланууын қамтамасыз ететін басқа да шаралар қолданылуы мүмкін.

Қажет болған кезде күдіктінің, айыпталушының мінез-құлқын қадағалау орнатылады. Қамақтағы адамның тұрғынжайдан шығуына белгіленген шектеулерді сақтауын қадағалауды жүзеге асырған кезде қылмыстық процесті жүргізетін орган тәуліктің кез келген уақытында оның тұрғылықты жерінде болуын тексеруге құқылы. Тексеру күндізгі уақытта екі реттен артық және түнгі уақытта бір реттен артық жүргізілмейді. Лауазымды адамның қамақтағы адамның тұрғынжайында болуына осы адамның және онымен бірге тұратын

адамдардың келісімімен жол беріледі және ол отыз минуттан аспауға тиіс. Соттың үйқамақ туралы қаулысында күдіктіге, айыпталушыға қолданылатын нақты шектеулер белгіленеді, сондай-ақ қадағалауды жүзеге асыратын орган немесе лауазымды адам көрсетіледі. Үйқамақтың мерзімі қажет болған жағдайларда ұзартылады. Үйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын орындау тәртібі сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыруға уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың бірлескен бұйрығымен айқындалады.

10.3.8. Күзетпен ұстау

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 147-бабына сәйкес, бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау тек судьяның санкциясымен және заңмен кемінде бес жыл мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген қылмысты жасады деген күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға қатысты ғана қолданылады. Айрықша жағдайларда бұл бұлтартпау шарасы, егер:

1) оның Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұрғылықты жері болмаса;

2) оның жеке басы анықталмаса;

3) ол бұрын таңдалған бұлтартпау шарасын немесе процестік мәжбүрлеу шарасын бұзса;

4) ол қылмыстық қудалау органдарынан немесе соттан жасырынуға әрекет жасаса немесе жасырынса;

5) оған ұйымдасқан топтың немесе қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның) құрамында қылмыс жасады деген күдік келтірілсе;

6) оның бұрын жасалған ауыр немесе аса ауыр қылмысы үшін сотталғандығы болса;

7) оның қылмыстық әрекетті жалғастырып жүргендігі туралы деректер бар болса, заңда бес жылдан аз мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген қылмысты жасады деп күдік келтірілетін, айыпталатын, сотталатын адамға қатысты қолданылуы мүмкін.

Бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстауды таңдау қажет болған кезде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам сот алдында осы шараны қолдануға санкция беру туралы өтінішхатты қозғау туралы қаулы шығарады. Қаулыға өтінішхаттың негізділігін растайтын, қылмыстық істің расталған көшірмелері қоса беріледі. Осы бұлтартпау шарасын таңдау туралы қаулы, сот алдында оны қолдануды санкциялау туралы өтінішхат және оған қоса берілген барлық материалдармен бірге ұстап алу мерзімі біткенге дейін он сегіз сағаттан кешіктірілмей прокурорға ұсынылуға тиіс. Прокурор өзіне берілген алты сағат ішінде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның өтінішхатын қолдау, күдіктіні күзетпен ұстауды санкциялау туралы мәселені шешу кезінде күзетпен ұстау үшін негіздерді қамтитын барлық материалдармен танысуға міндетті және күдіктіден, айыпталушыдан жауап алуға құқылы. Прокурор ұсынылған барлық материалдарды зерделеп:) өтінішхатты қолдау және бұлтартпау шарасын санкциялау туралы мәселені шешу үшін материалдарды сотқа жіберу туралы; 2) өтінішхатты қолдаудан бас тарту және күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын қолдануға негіздің болмауына байланысты

күдіктіні күзетпен ұстаудан босату туралы; 3) өтінішхатты қолдаудан бас тарту және қылмысты жасады деген күдіктің расталмауына байланысты күдіктіні босату туралы шешімдердің бірін қабылдайды.

Күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы өтінішхатты қолдаған жағдайда, прокурор қылмыстық қудалау органының қаулысына келісім білдіреді. Бас тартқан жағдайда прокурор уәжді қаулы шығарады. Прокурор тергеу судьясына өзге бұлтартпау шарасын санкциялау туралы өтінішхат жіберуге құқылы.

Күдіктіні күзетпен ұстауды санкциялау туралы өтінішхатты қолдаудан бас тарту және күзетпен ұстаудан босату туралы қаулы мүдделі тұлғаларға жіберіледі. Көрсетілген қаулыға сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам не өзінің құқықтары мен мүдделерін немесе өзі өкілдік ететін құқықтар мен мүдделерді қорғайтын процеске қатысушылар жоғары тұрған прокурорға шағым жасай алады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның күзетпен ұстауды санкциялау туралы прокурормен келісілген қаулысы, сондай-ақ оның негізділігін растайтын материалдар ұстап алу мерзімі аяқталардан он екі сағат бұрын тергеу судьясына ұсынылуға тиіс, ол туралы мүдделі тұлғалар хабардар етіледі.

10.3.9. Тергеу судьясының күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы өтінішхаттарды қарауы

Күзетпен ұстауды санкциялау құқығы – аудандық және оған теңестірілген соттың тергеу судьясына, прокурордың наразылығы көзделген жағдайларда – облыстық және оған теңестірілген соттың судьяларына тиесілі (ҚР ҚПК-нің 148-бабы).

Тергеу судьясы материалдар сотқа келіп түскен кезден бастап сегіз сағаттан кешіктірілмейтін мерзімде, күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы өтінішхатты Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 56-бабында айқындалған тәртіпті сақтай отырып, прокурордың, күдіктінің, айыпталушының, оның қорғаушысының қатысуымен қарайды. Сот отырысына заңды өкіл мен өкіл де қатысуға құқылы. Сот отырысының орны мен уақыты туралы сот уақтылы хабарлаған жағдайда, көрсетілген процеске қатысушылардың келмеуі сот отырысын өткізуге кедергі болмайды.

Сот отырысы барысында хаттама жүргізіледі. Күзетпен ұстауды санкциялауға байланысты мәселелерді шешкен кезде тергеу судьясы істің көрсетілген бұлтартпау шарасын таңдау кезінде ескерілетін мән-жайларға қатысты материалдарын зерттеумен шектеледі. Қажет болған жағдайда судья қылмыстық істі талап етіп алдыруға құқылы. Тергеу судьясының күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы өтінішхатты күдіктінің, айыпталушының қатысуынсыз қарауына күдіктіге, айыпталушыға іздестіру жарияланған немесе олар Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерде болған және сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісінше хабарланған кезде қылмыстық процесті жүргізетін органға келуден жалтарған жағдайларда ғана жол беріледі. Ұстап алынған жағдайда күдікті, айыпталушы таңдалған

бұлтартпау шарасын қолданудың негізділігін қарау үшін тергеу судьясына жеткізіледі.

Тергеу судьясы отырыстың басында қандай өтінішхаттың қаралуға жататынын хабарлайды, сот отырысына келген адамдарға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді. Содан кейін прокурор күдіктіні күзетпен ұстауды бұлтартпау шарасы ретінде таңдаудың қажеттігін негіздейді, содан соң күдікті, айыпталушы және сот отырысына келген басқа да тұлғалар тыңдалады. Прокурордың осы өтінішхатын қарау барысында күдікті, айыпталушы және олардың мүддесінде қорғаушы үйқамақ немесе кепіл түріндегі бұлтартпау шараларын қолдану туралы өтінішхат мәлімдеуге құқылы.

Тергеу судьясы үйқамақты, кепілді қолдануды санкциялаудан бас тарту туралы қаулы шығарған жағдайда, прокурор наразылық білдіруге құқылы. Тергеу судьясы күдіктіні, айыпталушыны күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы өтінішхатты қарау нәтижесі бойынша күзетпен ұстауды санкциялау туралы не санкциялаудан бас тарту туралы қаулы шығарады. Тергеу судьясы екі ай мерзімге күзетпен ұстауды санкциялау үшін жеткілікті негіздер барын байқамаса, он тәулікке дейінгі мерзімге күзетпен ұстауды не үйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын немесе кепілді қолдануды санкциялауға құқылы.

Тергеу судьясы, аса ауыр қылмыстар туралы істерді қоспағанда, күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы қаулы шығарған кезде күдіктінің, айыпталушының Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 140-бабының үшінші бөлігінде көзделген міндеттерді орындауын қамтамасыз ету үшін жеткілікті болатын кепіл мөлшерін айқындауға міндетті. Тергеу судьясының, соттың қаулысында кепіл енгізілген жағдайда күдіктіге, айыпталушыға міндеттердің қайсысы жүктелетіні, оларды орындамаудың салдары, кепіл мөлшерін таңдаудың негізділігі, сондай-ақ оны қолдану мүмкіндігі көрсетіледі.

Күдікті, айыпталушы не басқа тұлға кепілді кез келген уақытта тергеу судьясының, соттың күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы қаулысында белгіленген мөлшерде енгізуге құқылы.

Тергеу судьясы, сот күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы қаулыны шығарған кезде:

1) адамға жәбірленушінің өліміне әкеп соққан қылмыс жасады деп күдік келтірілген, айып тағылған;

2) адамға қылмыстық топтың құрамында қылмыс, сондай-ақ өзге де террористік және (немесе) экстремистік қылмыстар жасады деп күдік келтірілген, айып тағылған;

3) күдікті, айыпталушы сот ісін жүргізуге кедергі жасайды немесе тергеуден және соттан жасырынады деп пайымдауға жеткілікті негіздер бар болған;

4) күдікті, айыпталушы бұрын таңдалған кепіл түріндегі бұлтартпау шарасын бұзған жағдайларда, кепіл белгілемейді.

Өзіне қатысты тергеу судьясының қаулысы шығарылған адамға сол қаулы дереу табыс етіледі, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға, прокурорға, жәбірленушіге және күдікті, айыпталушы отырған

күзетпен ұстау орны мекемесінің бастығына жіберіледі және дереу орындалуға жатады. Күдіктіні, айыпталушыны күзетпен ұстауды санкциялау немесе одан бас тарту туралы қаулыға шағым жасалуы, наразылық білдірілуі мүмкін.

Аудандық немесе оған теңестірілген соттың күзетпен ұстауды санкциялаудан бас тарту туралы қаулысының күші жойылған жағдайда, облыстық немесе оған теңестірілген соттың күдіктіні, айыпталушыны күзетпен ұстауды санкциялау туралы мәселесі ҚР ҚПК-нің 107-бабында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Тергеу судьясы, сот күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялаудан бас тарту туралы қаулы шығарғаннан кейін күзетпен ұстау қажеттігін негіздейтін жаңа мән-жайлар туындаған кезде ғана сотқа нақ сол қылмыстық іс бойынша нақ сол адамға қатысты көрсетілген бұлтартпау шарасын санкциялау туралы өтінішхатпен қайтадан жүгінуге болады. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам ҚР ҚПК-нің 135-бабында белгіленген тәртіппен, күдіктіге бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау қолданылғаны туралы оның туыстарын хабардар етуге міндетті.

10.3.10. Бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау қолданылған күдіктілерді ұстау

Бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау қолданылған күдіктілер тергеу изоляторларында ұсталады. Оларды ұстаудың тәртібі мен жағдайлары «Қазақстан Республикасы сезіктілер мен айыпталушыларда қамауда ұстау туралы» заңына сәйкес айқындалады.

Өздеріне қатысты бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау қолданылған күдіктіні, айыпталушыны, сотталушыны тергеу изоляторына жеткізу жердің шалғайлығына немесе тиісті қатынас жолдарының болмауы немесе тергеу әрекеттерін жүргізу немесе істі сотта қарау қажеттігі салдарынан мүмкін болмаған жағдайларда, мұндай адамдар сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның прокурор не тергеу судьясы не сот бекіткен қаулысымен отыз тәулікке дейін – уақытша ұстау изоляторларында, ал әскери қызметшілер гауптвахтада ұсталуы мүмкін.

Мұндай адамдарды күзетпен ұстаудың тәртібі мен жағдайлары заңнамада айқындалады. Өздеріне қатысты бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау қолданылған күдіктіні, айыпталушыны және сотталушыны тергеу әрекеттерін жүргізу үшін бір тергеу изоляторынан екінші бір тергеу изоляторына ауыстыру (этаппен апару) прокурордың қаулысы бойынша не сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның прокурор бекіткен қаулысы бойынша жүзеге асырылады.

Күзетпен ұстаудың орны туралы, сондай-ақ орнының ауысуы, өзгеруі туралы қылмыстық процесті жүргізуші орган тез арада: айыпталушының туыстарына, әскери бөлім командованиесіне, сол мемлекеттің елшілігіне, өкілдігіне, айыпталушының қорғаушысына хабарлайды. Хабарлау мерзімі 12 сағаттан аспауы керек.

Егер күзетте ұсталынған адамның асырауында адамы болса және мүлкі қараусыз қалса, онда тергеуші, анықтаушы немесе прокурор қарауына алу,

қамқорлық ету шараларын қабылдауға міндетті және ол туралы айыпталушыға хабарлауға міндетті.

Күзетті ұстау орнына: Қазақстан Республикасының ішкі істер министрлігінің тергеу изоляторы; ІІО, ҰҚК-нің және шекара қызметінің уақытша ұстау изоляторы; бас бостандығына айыру түріндегі жазаны өтеу мекемелері жатқызылады. Күзетте ұстау шараларының шарты айыпталушының өмірі мен денсаулығына қауіп төндірмейтін болуы тиіс және адамзатқа тән емес қатаңдық пен кемсіту сияқты қатынастар болмауы тиіс.

10.3.11. Күзетпен ұстау мерзімдері және оларды ұзарту тәртібі

Күдіктілер мен айыпталушыларды күзетпен ұстау мерзімдері мен ұзарту тәртібі Қазақстан Республикасы КПК-нің 151-бабымен реттеледі. Ерекше жағдайлардан басқа, сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде күзетпен ұстау мерзімін екі айдан асыруға болмайды. Судья санкциялаған күзетпен ұстаудың қысқа мерзімін екі айға дейін ұзарту қажет болған кезде прокурор ол аяқталардан бір тәулік бұрын тергеу судьясына қосымша жиналған материалдары бар тиісті өтінішхатты енгізеді. Тергеп-тексеруді екі айға дейінгі мерзімде аяқтау мүмкін болмаған жағдайда және бұлтартпау шарасын өзгерту немесе оның күшін жою үшін негіздер болмаған кезде бұл мерзімді сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның аудандық (қалалық) және оған теңестірілген прокурормен келісілген уәжді өтінішхаты бойынша тергеу судьясы – үш айға дейін, ал тергеп-тексеруді үш ай мерзімде аяқтау мүмкін болмаған жағдайда және күдіктіні, айыпталушыны одан әрі күзетпен ұстау қажет болған кезде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның облыс прокурорымен және оған теңестірілген прокурорлармен және олардың орынбасарларымен келісілген уәжді өтінішхаты бойынша тергеу судьясы тоғыз айға дейін ұзартуы мүмкін.

Күзетпен ұстау мерзімін тоғыз айдан астам, бірақ он екі айдан аспайтын мерзімге дейін ұзартуды аудандық және оған теңестірілген соттың тергеу судьясы аса ауыр қылмыс жасады деп күдік келтірілген адамдарға қатысты істің ерекше күрделілігіне орай, қылмыстық істі өзінің іс жүргізуіне қабылдаған тергеу бөлімі бастығының не прокурордың не тергеу, жедел-тергеу тобы басшысының облыс прокурорымен және оған теңестірілген прокурорлармен келісілген уәжді өтінішхаты бойынша жүзеге асыруы мүмкін. Аудандық және оған теңестірілген соттың тергеу судьясының күзетпен ұстау мерзімін он екі айдан астам, бірақ он сегіз айдан аспайтын мерзімге ұзартуына айрықша жағдайларда, аса ауыр қылмыстар, қылмыстық топтың құрамындағы қылмыстар, сондай-ақ өзге де террористік және (немесе) экстремистік қылмыстар жасады деп күдік келтірілген адамдарға қатысты, қылмыстық қудалау органының орталық аппаратының тергеу бөлімшесі басшысының не қылмыстық істі өзінің іс жүргізуіне қабылдаған прокурордың, тергеу, жедел-тергеу тобы басшысының облыс прокуроры және оған теңестірілген прокурор бекіткен және Қазақстан Республикасының Бас Прокурорымен, оның орынбасарларымен келісілген уәжді өтінішхаты бойынша жол беріледі.

Күзетпен ұстау мерзімін одан әрі ұзартуға жол берілмейді, күзетпен ұсталып отырған күдікті, айыпталушы дереу босатылуға жатады. Күзетпен ұстау мерзімін үш айға дейін ұзарту туралы өтінішхат келісу үшін аудандық (қалалық) прокурорға және оған теңестірілген өзге де прокурорларға күзетпен ұстау мерзімі аяқталардан он тәулік бұрын ұсынылады және прокурор өтінішхатты ол келіп түскен кезден бастап үш тәуліктен аспайтын мерзімде қарайды. Күзетпен ұстау мерзімін үш айдан астам мерзімге ұзарту туралы өтінішхат келісу үшін прокурорға күзетпен ұстау мерзімі аяқталардан он бес тәулік бұрын ұсынылуға тиіс және прокурор өтінішхатты ол келіп түскен кезден бастап бес тәуліктен аспайтын мерзімде қарайды.

Күзетпен ұстау мерзімін он екі айдан астам мерзімге ұзарту туралы өтінішхат келісу үшін прокурорға күзетпен ұстау мерзімі аяқталардан жиырма тәулік бұрын ұсынылуға тиіс және ол келіп түскен кезден бастап бес тәуліктен аспайтын мерзімде қаралады. Күзетпен ұстау мерзімін ұзарту туралы өтінішхатты қарап, прокурор сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қаулысына келісім береді және оны күзетпен ұстау мерзімін ұзартудың негізділігін растайтын қылмыстық істің материалдарымен бірге тиісті сотқа дереу жібереді не оны келісуден уәжді түрде бас тартады. Прокурор күзетпен ұстау мерзімін ұзарту туралы өтінішхатты қолдамаған жағдайда, күдікті, айыпталушы күзетпен ұстау мерзімі аяқталғаннан кейін дереу босатылуға жатады.

Күзетпен ұстау мерзімін үш айға дейін ұзарту туралы өтінішхат сотқа – күзетпен ұстау мерзімі аяқталардан жеті тәулік бұрын, күзетпен ұстау мерзімін үш айдан астам мерзімге ұзарту туралы өтінішхат – он тәулік бұрын, күзетпен ұстау мерзімін он екі айдан астам мерзімге ұзарту туралы өтінішхат – он бес тәулік бұрын ұсынылады. Қылмыстық іс материалдарымен танысу кезеңінде күдіктінің күзетпен ұстауда болу мерзімін санкциялау туралы өтінішхат күзетпен ұстау мерзімі аяқталардан бес тәулік бұрын келісу үшін прокурорға ұсынылуға тиіс және оны прокурор келіп түскен кезден бастап бір тәуліктен асырмай қарайды.

Прокурор қылмыстық іс материалдарымен танысу кезеңінде күдіктінің күзетпен ұстауда болуы мерзімін санкциялау туралы өтінішхатты қарап, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қаулысымен келіседі және оны күзетпен ұстау мерзімін санкциялау қажеттігін растайтын қылмыстық іс материалдарымен бірге дереу сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталған жер бойынша аудандық және оған теңестірілген соттың тергеу судьясына жібереді. Прокурор күдіктінің күзетпен ұстауда болуы мерзімін санкциялау туралы өтінішхатты қолдамаған жағдайда, ол күзетілуден дереу босатылуға жатады. Қылмыстық іс материалдарымен танысу кезеңінде күдіктінің күзетпен ұстауда болу мерзімін санкциялау туралы өтінішхат тергеу судьясына күзетпен ұстау мерзімі аяқталардан үш тәулік бұрын ұсынылады.

10.3.12. Тергеу судьясының күзетпен ұстау мерзімін ұзарту туралы өтінішхатты қарауы және мерзімдерді есептеуі

Күзетпен ұстау мерзімін ұзарту туралы өтінішхат тергеу судьясының жекедара қарауына жатады. Сот отырысына міндетті түрде прокурор қатысады. Отырысқа сондай-ақ күдіктінің қорғаушысы, заңды өкілі, жәбірленуші, оның заңды өкілі және өкілі қатыса алады, өтінішхаттарды қарау уақыты туралы уақтылы хабарланған кезде олардың келмеуі өтінішхаттарды сотта қарауға кедергі болмайды (ҚР ҚПК-нің 152-бабы).

Сот күзетпен ұстау мерзімін ұзарту туралы мәселені қарауға өзіне қатысты өтінішхат берілген адамды қатыстыру қажет деп тануға және тергеп-тексеруді жүзеге асыратын органға оны сот отырысына жеткізуді жүктеуге құқылы.

Күзетпен ұсталу мерзімін ұзартуға прокурор өтінішхат беріп отырған адам сот отырысына қатысуға құқылы, бұл жағдайда, сот тергеп-тексеруді жүзеге асыратын органға оны сот отырысына жеткізуді жүктеуге құқылы. Судья отырыстың басында қандай өтінішхаттың қаралуға жататынын жариялайды, келген адамдарға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді, содан кейін енгізілген өтінішхат бойынша тараптардың күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын сол қалпында қалдыру қажеттігі тұрғысындағы дәлелдерін тыңдап:

1) күдіктіні, айыпталушыны күзетпен ұстау мерзімін ұзарту туралы өтінішхатты қанағаттандыру;

2) күдіктіні, айыпталушыны күзетпен ұстау мерзімін ұзарту туралы өтінішхатты қанағаттандырудан бас тарту және бұлтартпау шарасының күшін жою немесе оны неғұрлым жеңілдеуіне өзгерту және оны қамаудан босату туралы қаулылардың бірін шығарады.

Күзетпен ұстау мерзімін ұзарту туралы өтінішхат келіп түскен күнінен бастап үш тәуліктен аспайтын мерзімде қаралуға жатады. Күзетпен ұстау орны әкімшілігінің басшысы күдіктіні, айыпталушыны күзетпен ұстау мерзімі аяқталардан жиырма төрт сағат бұрын іс жүргізуінде қылмыстық іс жатқан органға немесе адамға, сондай-ақ прокурорға ол туралы хабарлауға міндетті. Егер күзетпен ұстаудың заңда белгіленген мерзімі аяқталғанға дейін күдіктіні, айыптаушыны босату туралы не оларды күзетпен ұстау мерзімін ұзарту туралы тиісті шешім келіп түспесе, күзетпен ұстау орны әкімшілігінің басшысы оларды өзінің қаулысымен босатып, оның көшірмесін жиырма төрт сағат ішінде іс жүргізуінде қылмыстық іс жатқан органға немесе адамға және прокурорға жолдайды.

Күзетпен ұстау орны әкімшілігінің басшысы осы баптың төртінші бөлігінің талаптарын орындамаған кезде заңда белгіленген жауаптылықта болады. Күзетпен ұстау мерзімі күдіктінің күзетпен қамалған кезінен бастап оған тергеу әрекеттерін жүргізу аяқталғаны туралы хабарлағанға және қылмыстық іс материалдарымен танысу құқығы түсіндірілгенге дейін есептеледі. Адамды күдікті ретінде ұстап алу уақыты, соттың шешімі бойынша психиатриялық немесе өзге де медициналық ұйымда мәжбүрлі түрде болу уақыты күзетпен ұстау мерзіміне есептеледі.

Күдіктінің және оның қорғаушысының қылмыстық іс материалдарымен танысу кезеңінде күдіктіні күзетпен ұстауды тергеу судьясы ҚР ҚПК-нің 148, 151-баптарында көзделген тәртіппен санкциялайды және оның мерзімін ұзартады. Күдіктінің және қорғаушының қылмыстық іс материалдарымен

танысу кезеңінде күдіктінің күзетпен ұстауда болуы мерзімге кірмейді, бірақ оны сот жаза тағайындау кезінде ескереді. Күдіктінің және қорғаушының қылмыстық іс материалдарымен танысу кезеңінде күдіктінің күзетпен ұстауда болу мерзімін санкциялау туралы өтінішхат осы бапта көзделген тәртіппен және мерзімдерде қаралуға жатады.

Күдіктінің қылмыстық іс материалдарымен танысу кезеңінде күзетпен ұстауда болу мерзімін тергеу судьясы қылмыстық істің көлемін, іске қатысатын адамдардың санын және іспен танысу уақытына әсер ететін өзге де мән-жайларды ескере отырып айқындайды. Прокурор қылмыстық істі қосымша тергеп-тексеру жүргізу үшін қайтарған жағдайда, ол бойынша күдіктіні күзетпен ұстаудың шекті мерзімі аяқталмаған болса, ал бұлтартпау шарасын өзгертуге негіздер болмаса, прокурордың уәжді өтінішхаты бойынша аудандық және оған теңестірілген соттың тергеу судьясы күзетпен ұстау мерзімін бір ай шегінде ұзарта алады.

Сот қылмыстық істі осы Кодексте көзделген негіздер бойынша прокурорға қайтарған кезде, егер күдіктіні күзетпен ұстаудың шекті мерзімі аяқталмаған болса, ал бұлтартпау шарасын өзгертуге негіздер болмаса, нақ сол сот күзетпен ұстау мерзімін істі прокурор алған кезден бастап бір ай шегінде ұзартады. Күдікті, айыпталушы сол бір іс бойынша, сондай-ақ онымен біріктірілген немесе одан бөліп алынған қылмыстық іс бойынша қайтадан күзетпен қамалған жағдайда, күзетпен ұстау мерзімі күзетпен өткізілген уақыт ескеріле отырып есептеледі. Шет мемлекет іздестіріліп жатқан адамды Қазақстан Республикасына ұстап берген (экстрадициялаған) жағдайда, күзетпен ұстау мерзімі ол Қазақстан Республикасының аумағына келген күннен бастап есептеледі, ал адамды шет мемлекеттің аумағында экстрадициялық қамақ тәртібімен күзетпен ұстау уақыты жаза тағайындалған кезде жалпы күзетпен ұстау мерзіміне есептеледі. Күдіктіні, айыпталушыны күзетпен ұстаудың осы бапта белгіленген мерзімін есептеу мен ұзарту тәртібі үкімнің күшін кассациялық немесе қадағалау сатысында іс жүргізудің нәтижесінде немесе бас бостандығынан айыру түрінде жазасын өтеп жатқан адамға қатысты жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша жою кезінде де қолданылады.

10.3.13. Қамқоршылыққа және мүлкінің қаралуына құқығы

Ата-анасының немесе асыраушысының күзетпен ұсталуының, сол сияқты қылмыстық процесті жүргізетін органның басқа да әрекеттерінің нәтижесінде қараусыз, күтусіз және күнкөріс қаражатынсыз қалған кәмелетке толмағандардың, сондай-ақ еңбекке қабілетсіз адамдардың өздеріне қамқоршылық жасалуына құқығы бар, оны көрсетілген орган бюджет қаражаты есебінен қамтамасыз етуге міндетті. Қылмыстық процесті жүргізетін органның еңбекке қабілетсіз адамдарды қарау, күту және мемлекеттік әлеуметтік көмек органдарына немесе медициналық ұйымға уақытша орналастыру жөніндегі тапсырмасы қорғаншы және қамқоршы орган, сондай-ақ аталған ұйымдардың басшылары үшін міндетті. Қылмыстық процесті жүргізетін орган кәмелетке толмаған және еңбекке қабілетсіз адамдарға қамқоршылық жасауды осы адамдардың келісімімен олардың туыстарына сеніп тапсыруға құқылы (ҚР

ҚПК-нің 154-бабы). Күзетпен ұсталуының, сол сияқты қылмыстық процесті жүргізетін органның басқа да әрекеттерінің нәтижесінде мүлкі қараусыз қалған адамның өз мүлкінің және өзіне тиесілі жануарлардың қарауда болуына құқығы бар, оны көрсетілген лауазымды адам осы адамға оның өтінуі бойынша және оның есебінен қамтамасыз етуге міндетті. Қылмыстық процесті жүргізетін органның адамның мүлкі мен оған тиесілі жануарларға қарауды ұйымдастыру жөніндегі тапсырмасы тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдар үшін міндетті. Қылмыстық процесті жүргізетін орган бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау қолданылған адамға немесе басқа да мүдделі адамға осы бапқа сәйкес қолданылған шаралар туралы дереу хабарлайды.

10.4. Өзге де процестік мәжбүрлеу шаралары

Қылмыстық процесті жүргізетін орган қылмыстық істер бойынша тергеп-тексерудің, сот талқылауының тәртібін, үкімнің тиісті түрде орындалуын қамтамасыз ету мақсатында күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға бұлтартпау шараларының орнына немесе солармен қатар өзге де процестік мәжбүрлеу шараларын: келу туралы міндеттемені, күштеп әкелуді, лауазымынан уақытша шеттетуді, мүлкіне тыйым салуды, жақындауға тыйым салуды қолдануға құқылы. Бұл шаралардың түрлері және оларды қолдану тәртібі Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 155-161 баптарымен реттеледі. Өзге де мәжбүрлеу шаралары күдікті мен айыпталушыға; жәбірленуші мен куәларға қатысты қолданылады.

Қылмыстық істі жүргізуші орган күдікті мен айыпталушыға: 1) келу туралы міндеттеме; 2)еріксіз алып келуді; 3)қызметінен уақытша шеттетуді; 4)мүлікке тыйым салуды; жәбірленушіге, куәға және өзге де іске қатысушыларға: 1)келу туралы міндеттемені; 2)еріксіз алып келуді; 3)ақшалай шара (ақша өндіріп алу) қолдана алады.

10.4.1. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға және сотқа келу туралы міндеттеме

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 156-бабына сәйкес, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға және сотқа келу туралы міндеттеме, бұлтартпау шарасын қолдануға қажеттік болмаған, бұлтартпау шарасы қолданылмаған күдікті, айыпталушы тергеу әрекеттеріне немесе сот талқылауына қатысудан жалтаруы мүмкін деп пайымдауға жеткілікті негіздер болған кезде не олар шақыру бойынша дәлелді себептерсіз іс жүзінде келмеген кезде адамдарға қатысты қолданылады. Қылмыстық процеске қатысушы тұлғалардан шақыру бойынша қылмыстық қудалау органына немесе сотқа уақтылы келу, ал тұрғылықты жерін өзгерткен жағдайда ол туралы дереу хабарлау жөнінде жазбаша міндеттеме алынады. Келу туралы міндеттеме алып қойылған кезде күдіктіге, айыпталушыға егер аталған талапты орындамаған жағдайда оларға қатаң түрдегі бұлтартпау шаралары қолданылатындығы ескертіледі.

Қылмыстық қудалау органына не сотқа келу туралы жазбаша міндеттеме жәбірленушіден де және куәдан да алынуы мүмкін. Жәбірленуші немесе куә

келу міндеттемесін бұзатын болса, оларға қылмыстық істі жүргізуші органның қаулысы бойынша еріксіз алып келу шарасын қолдану мүмкін және ол туралы бұл адамдар ескертіледі. Сонымен қатар, оларға ақшалай өндіріп алу қолданылады.

10.4.2. Күштеп әкелу

Күдікті, айыпталушы, сотталушы, сондай-ақ куә, жәбірленуші шақыру бойынша дәлелді себептерсіз келмеген жағдайда, олар сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның, соттың уәжді қаулысы бойынша күштеп әкелінуі (мәжбүрлеп жеткізілуі) мүмкін (ҚР ҚПК-нің 157-бабы).

Қылмыстық істі жүргізу органының шақыруы туралы хабарланған адамның келмеуінің дәлелді себептері мыналар болуы мүмкін: бұл адамның келуіне кедергі болған ауыр сырқаты, оның жақын туыстарының қайтыс болуы, кездейсоқ апат, бұл адамның белгіленген уақытта келуіне мүмкіндік бермеген өзге де себептер. Күдікті, айыпталушы, сондай-ақ куә және жәбірленуші шақыру бойынша белгіленген мерзімде келуге кедергі келтірген дәлелді себептер туралы өздерін шақырған қылмыстық істі жүргізуші органға хабарлауға міндетті болып табылады.

Он төрт жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар, ал он сегіз жасқа толмаған адамдар – олардың заңды өкіліне хабарланбастан, жүкті әйелдер, сондай-ақ дәрігердің куәландыруына жататын денсаулық жағдайы бойынша өзінің жатқан орнынан кете алмайтын немесе кетпеуге тиіс науқастар күштеп әкелінуге жатпайды.

Күштеп алып келу туралы қаулы оның орындалуы алдында күдіктіге, айыпталушыға, тиісті жағдайда жәбірленушіге және куәға жарияланып, оны бұл адамдар қаулыға қол қойып куәландырады. Аталған қаулыны сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде тергеуші және анықтаушы, сот барысында судья жүзеге асырады. Соттың күштеп әкелу туралы қаулысын – сот приставы немесе ішкі істер органы; прокурордың, анықтаушының, тергеушінің қаулысын анықтау, алдын ала тергеу жүргізетін орган немесе ішкі істер органы орындайды. Бірақ, күштеп әкелуді түнгі уақытта жүргізуге болмайды. Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 7-бабына сәйкес, түнгі уақыт болып жергілікті уақытпен жиырма екі мен алтының аралығы есептелінеді.

10.4.3. Лауазымынан уақытша шеттету.

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 158-бабына сәйкес, сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде – тергеу судьясы немесе сот ісін жүргізу кезінде сот, күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын таңдау үшін негіздер болмаған кезде күдікті, айыпталушы, сотталушы осы лауазымда қала отырып, істі тергеп-тексеруге және сотта талқылауға, қылмыспен келтірілген залалды өтеуге кедергі келтіреді немесе осы лауазымда болуымен байланысты қылмыстық іс-әрекетпен айналысуды жалғастырады деп пайымдауға жеткілікті негіздер болған кезде, күдіктінің әрекетін саралау туралы қаулы шығарылғаннан кейін күдіктіні, айыпталушыны, сотталушыны лауазымынан шеттетуге құқылы.

Лауазымды адамға жатпайтын айыпталушыға қызметінен шеттету шарасы қолданылмайды.

Көрсетілген мән-жайлар болған кезде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам сот алдында лауазымынан уақытша шеттету туралы өтінішхатты қозғау туралы қаулы шығарады және оны прокурорға жібереді. Қаулыға қылмыстық істің лауазымынан шеттету қажеттігін растайтын материалдарының расталған көшірмелері қоса беріледі. Прокурор ұсынылған материалдарды қарап, өтінішхатты қолдайды не оны қолдаудан бас тарту туралы уәжді қаулы шығарады. Прокурор өтінішхатты қолдаған кезде өтінішхат пен іс материалдарының көшірмесін сотқа жібереді. Тергеу судьясы лауазымнан уақытша шеттетуді санкциялау туралы өтінішхатты ол сотқа келіп түскен кезден бастап үш тәулік ішінде тараптардың қатысуынсыз жеке-дара қарайды. Тергеу судьясы өтінішхат пен ұсынылған іс материалдарын қарап, лауазымнан уақытша шеттетуді санкциялау не санкциялаудан бас тарту туралы қаулы шығарады. Лауазымнан уақытша шеттетуді санкциялау туралы қаулыға не одан бас тартуға жәбірленуші шағым жасауға, ал прокурор наразылық білдіруге құқылы. Егер тергеушінің шешімімен прокурор келіспеген жағдайда, онда тергеу органдары ол туралы жоғарғы тұрған прокуратураға шағым жасайды.

Күдіктіні, айыпталушыны, сотталушыны лауазымынан уақытша шеттету туралы қаулы оның жұмыс орны бойынша ұйым басшысына жіберіледі, ол қаулыны алғаннан кейін үш тәулік ішінде оны орындауға және лауазымынан шеттету туралы өтінішхат мәлімдеген адамға ол туралы хабарлауға міндетті.

Лауазымынан шеттетілген күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, егер олар өздеріне байланысты емес мән-жайлар бойынша басқа лауазымда істей алмаса немесе басқа жұмысқа кіре алмаса, ең төмен бір жалақы мөлшерінен кем емес ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақыға құқығы бар.

Лауазымынан уақытша шеттету шарасының күшін жою прокурордың келісімімен қылмыстық қудалау органының уәжді қаулысымен жүзеге асырылады не қылмыстық істі сотта қарау барысында осы шараның қажеттігі болмай қалған кезде сот оның күшін жояды.

10.4.4. Ақшалай өндіріп алу

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 159-бабына сай, іс жүргізуге байланысты заңмен көзделген міндеттерін орындамағаны немесе сот отырысында тәртіп балғаны үшін жәбірленушіге, куәға, маманға, аудармашыға және өзге де адамдарға ақшалай шара қолданылуы мүмкін. Мысалы, егер жәбірленуші немесе куә қылмыстық істі жүргізуші органның шақыруы бойынша дәлелсіз себептермен келмеген болса, маман немесе аудармашы өз міндеттерін дұрыс орындамаған, жеке кепілдік берген адамдар немесе кәмелетке толмағанды қарауына алған адамдар өз міндеттерін орындамаған болса, олар соттың шешімі бойынша ақша өндіру шарасын қолдануға жатады. Егер ол адамдар сотқа дейінгі іс жүргізу кезінде міндеттерін орындамаған болса, тергеуші немесе анықтаушы, прокурор бұл туралы хаттама жазып, оны тиісті аудандық сотқа жолдайды. Осы хаттаманың негізінде аудандық соттың

судьясы өз міндеттерін орындамаған адамнан (жәбірленушіден, куәдан, маманнан және т.б.) ақша өндіру туралы қаулы шығарады. Істі сот отырысында қараудың нәтижесінде судья ақшалай шара қолдануға негіз жоқ деп тауып, ақша өндіруден бас тарту туралы да қаулы шығаруы мүмкін. Сот отырысының тәртібін бұзғаны үшін ақшалай шара қолдану мәселесі осы сот отырысы кезінде шешілуге тиіс. Осыған сәйкес, сот отырысы залында қатысып отырған адамдар тәртіп бұзған жағдайда, сот оларға ақша өндіру шарасын қолдана алады. Ондай шараны қолдануғанегіз бар болса, судья тәртіп бұзған адамнан ақша өндіру туралы қаулы шығарады.

Тиісті бұзушылыққа сотқа дейінгі іс жүргізу барысында жол берілген болса, онда сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам немесе прокурор бұзушылық туралы хаттама жасап, оны тергеу судьясына жібереді, ол оны сотқа келіп түскен кезден бастап бір тәулік ішінде қарайды. Сот отырысына өзіне ақшалай өндіріп алу қолданылуы мүмкін тұлға шақыртылады. Бұзушылық жасаған адамның дәлелді себептерсіз келмей қалуы хаттаманы қарауға кедергі болмайды. Сот ақшалай өндіріп алу қолданылған кезде қаулының орындалуын үш айға дейінгі мерзімге кейінге қалдыруға немесе ұзартуға құқылы.

10.4.5. Мүлікке тыйым салу

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам үкімді азаматтық талап қою, басқа да мүліктік өндіріп алу немесе мүлікті ықтимал тәркілеу бөлігінде орындауды қамтамасыз ету мақсатында мүлікке тыйым салу шараларын қолдануға міндетті (ҚР ҚПК-нің 161-бабы). Мүлікке тыйым салудың мәнісі — меншік иесіне немесе мүлікті иеленушіге бұл мүлікке билік етуге, сондай-ақ бұл мүлікті пайдалануға тыйым салу немесе мүлікті иесінен (иеленушіден) алу және оны сақтауға беру болып табылады. Тізбесі заңмен айқындалған бірінші қажеттілік заттарына жататын мүлікке тыйым салынбайды.

Егер азаматтық талап қоюды қамтамасыз ету негіздері сот тергеуі кезеңінде туындаса, сот үкім заңды күшіне енгенге дейін оны қамтамасыз ету шараларын қолдануға құқылы. Кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам прокурордың келісімімен он күннен аспайтын мерзімге мүлікке билік етуге уақытша шектеу белгілеуге құқылы. Мүлікке тыйым салу оның меншік иесіне немесе иеленушісіне арналған, осы мүлікке билік етуге, ал қажет болған жағдайларда оны пайдалануға тыйым салудан не мүлікті алып қоюдан және оны сақтауға беруден тұрады.

Мүлікке тыйым салу туралы қаулы шығарылады. Бұл қаулыда кімнің мүлкіне, қандай мүлікке тыйым салынатындығы және азаматтық талапты қамтамасыз ету мақсаты көзделген жағдайда мүліктің құны көрсетілуі тиіс. Мүлікке тыйым салу кезінде оның құнын анықтайтын маман катыстырылуы мүмкін. Меншік иесі немесе мүлікті иеленуші қандай затқа бірінші кезекте тыйым салу қажеттігі жөнінде ұсыныс жасауға құқылы.

Мүлікке тыйым салу туралы қаулының орындалуы хаттама жазу арқылы рәсімделеді. Бұл хаттамада тыйым салынған мүлік аталып және тыйым салуды жүзеге асырудың амалы көрсетіледі. Ол амалдар: 1) тыйым салынған мүлікті иесінен (иеленушіден) алу; 2) ол мүлікті иесінің (иеленушінің) не басқа адамнын (ұйымның) сақтауына беру. Мүлікті сақтауға алған адам ол үшін жауапты екендігі жөнінде ескертіледі және ол туралы қолхат алынады (ҚР ҚПК 221-бабы). Хаттаманың көшірмесі мүлкіне тыйым салынған адамға беріледі.

Егер тыйым салынған мүлікті оның иесі немесе иеленушісі ерікті түрде бермейтін болса, ол мүлік мәжбүрлеу арқылы алынады. Мүлікті иесі (иеленушісі) жасырып қойған деп қарауға негіз бар болса, онда қылмыстық істі жүргізуші орган ол мүлікті іздеп табу мақсатында тінту жүргізуге құқылы. Тыйым салуға болатын мүліктің қатарына бағалы заттар, ақша және өзге де құндылықтар жатады. Егер ондай мүліктің жоқ екені анықталса, ол туралы тыйым салу хаттамасында көрсетіледі.

Үкімді күдіктінің, айыпталушының немесе олардың әрекеттері үшін заң бойынша материалдық жауаптылықта болатын, Қазақстан Республикасының қаржы ұйымдарының қызметін реттейтін заңдарында көзделген жағдайларда міндеттемелері қайта құрылымдануға жататын, қаржы ұйымдарының кредиторлары болып табылатын тұлғалардың мүлкіне тыйым салу туралы азаматтық талап қою бөлігінде орындауды қамтамасыз ету шараларын қолдануға жол берілмейді. Азаматтық талапкер немесе прокурор қойған азаматтық талапты қамтамасыз ету үшін тыйым салынған мүліктің құны талап қоюдың бағасынан аса алмайды.

Бірнеше күдіктінің, айыпталушының немесе олардың әрекеттері үшін жауап беретін тұлғалардың әрқайсысынан тыйым салынуға жататын мүліктің үлесін айқындау кезінде күдіктіге, айыпталушыға таңылған қылмыстық құқық бұзушылықты жасауға қатысу дәрежесі ескеріледі, алайда, егер басқаларда мүлік болмаса, азаматтық талап қоюды қамтамасыз ету үшін тиісті тұлғалардың бірінің мүлкіне де толық мөлшерде тыйым салынуы мүмкін. Бірінші қажеттілік заттары болып табылатын мүлікке, сондай-ақ тізбесі заңнамада айқындалатын өзге де нәрселерге тыйым салуға болмайды. Егер басқа тұлғалардағы мүлік күдіктінің, айыпталушының қылмыстық әрекеттері нәтижесінде алынған не қылмыстық құқық бұзушылық жасау құралы ретінде немесе экстремизмді, терроризмді, ұйымдасқан топты, заңсыз әскери құралымды, қылмыстық қоғамдастықты қаржыландыру үшін пайдаланылған не пайдаланылуға арналған деп пайымдауға жеткілікті негіздер болса, ол мүлікке тыйым салынуы мүмкін.

Басқа тұлғалар күдіктінің, айыпталушының, сотталушының әрекеттерімен келтірілген зиян үшін заңға сәйкес материалдық жауаптылықта болған жағдайларда, олардың да мүлкіне тыйым салынуы мүмкін. Тыйым салынуға жататын мүлік жасырылуы немесе жоғалтылуы мүмкін деп пайымдауға негіз болған жағдайларда, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам соттың санкциясын алғанға дейін прокурорды және сотты жиырма төрт сағаттың ішінде хабардар ете отырып, мүлікпен мәмілелер және өзге де операциялар жасасуды тоқтата тұру туралы қаулы шығаруға құқылы не осы мүлік алып қойылуы мүмкін.

Мүлікке тыйым салу қажет болған кезде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам сот алдында күдіктінің немесе олардың әрекеттері үшін заң бойынша материалдық жауаптылықта болатын тұлғалардың мүлкіне тыйым салу туралы өтінішхатты қозғау туралы қаулы шығарады.

Қаулыға өтінішхаттың негізділігін растайтын, қылмыстық істің куәландырылған көшірмелері қоса беріледі.

Қаулыда қылмыстық құқық бұзушылықтың қысқаша фабуласы, сарапануы, күдікті, айыпталушы немесе қылмыстық құқық бұзушылықпен немесе есі дұрыс емес адамның Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінде тыйым салынған іс-әрекетімен келтірілген зиян үшін жауапты тұлға туралы деректер, қойылған талап болған кезде тыйым салу ұсынылатын мүліктің құны, оның тұрған жері және мүлікке тыйым салу қажеттігі туралы түйіндер қамтылады. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның мүлікке тыйым салу туралы өтінішхатты қозғау туралы қаулысы және оның материалдары тыйым салынуға жататын мүлік анықталған кезден бастап қырық сегіз сағаттан кешіктірілмей прокурорға ұсынылуға тиіс. Прокурор мүлікке тыйым салу туралы өтінішхатты қолдау туралы мәселені шешкен кезде мүлікке тыйым салу негіздерін қамтитын барлық материалдармен танысуға міндетті. Өтінішхат келіп түскеннен кейін алты сағат ішінде прокурор мүлікке тыйым салу туралы өтінішхатты қолдау және қаулы мен тиісті материалдарды сотқа жіберу туралы шешім қабылдайды немесе өтінішхатты қолдаудан бас тартады. Мүлікке тыйым салу туралы өтінішхатты қолдаған жағдайда прокурор сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қаулысымен келіседі, ал бас тартқан жағдайда уәжді қаулы шығарады.

Прокурордың мүлікке тыйым салу туралы өтінішхатты қолдаудан бас тарту туралы қаулысына сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жоғары тұрған прокурорға не өзінің құқықтары мен мүдделерін немесе өздері өкілдік ететін құқықтар мен мүдделерді қорғайтын процеске қатысушылар шағым жасауы мүмкін.

10.4.6. Мүлікке тыйым салуды санкциялау тәртібі

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 163-бабына сәйкес, мүлікке тыйым салуды санкциялау құқығы – аудандық және оған теңестірілген соттың тергеу судьясына, оларға қатысты шағымдар мен наразылықтар түсіп іс қайтпа қаралған жағдайларда облыстық және оған теңестірілген соттың судьяларына тиесілі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның мүлікке тыйым салу туралы өтінішхатты қозғау туралы прокурор қолдаған қаулысы материалдар сотқа келіп түскен кезден бастап жиырма төрт сағат ішінде сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілген жері бойынша не күдіктінің, айыпталушының мүліктері анықталған жері бойынша прокурордың қатысуымен сот отырысында аудандық және оған теңестірілген соттың тергеу судьясының жеке-дара қарауына жатады. Сот отырысына, сондай-ақ күдіктінің, айыпталушының қорғаушысы және мүлік құнын айқындайтын маман қатысуға құқылы. Сот процеске қатысушыларға сот отырысының орны мен уақыты

туралы уақтылы хабарлаған жағдайда, олардың сотқа келмеуі сот отырысын өткізуге кедергі болмайды. Сот отырысы барысында хаттама жүргізіледі.

Тергеу судьясы отырыстың басында қандай өтінішхаттың қаралуға жататынын хабарлайды, сот отырысына келген тұлғаларға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді. Содан кейін прокурор мүлікке тыйым салуды санкциялау қажеттігін негіздейді, содан кейін сот отырысына келген басқа да тұлғалар тыңдалады. Тергеу судьясы мүлікке тыйым салуды санкциялау туралы өтінішхатты қарап, мүлікке тыйым салуды санкциялау туралы не санкциялаудан бас тарту туралы қаулы шығарады.

Мүліктің ықтимал тәркіленуін қамтамасыз ету үшін мүлікке тыйым салу туралы мәселені шешу кезінде тергеу судьясы мүліктің күдіктіге, айыпталушыға тиесілі екенін немесе оның қылмыстық құқық бұзушылық жасау кезінде пайдаланылғанын не қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынғанын куәландыратын нақты мән-жайларды көрсетуге тиіс.

Мүліктің қылмыстық жолмен алынғаны туралы анық деректер бар болған, бірақ бұл мүлікті анықтау мүмкін болмаған кезде тергеу судьясы оған құны бойынша баламалы басқа мүлікке тыйым салуға құқылы. Мүлікке тыйым салу туралы қаулыда тыйым салынуға жататын мүлік, сотқа дейінгі іс жүргізу барысында оның қаншалықты анықталғаны, сондай-ақ азаматтық талап қоюды қамтамасыз етуде тыйым салу жеткілікті болатын мүліктің құны, іс бойынша түпкілікті шешім қабылданғанға дейін мүлікті сақтау орны туралы мәлімет көрсетілуге тиіс. Қажет болған кезде мүлікке тыйым салу туралы қаулы орындалуы үшін тиісті уәкілетті органға жіберілуі мүмкін.

Тергеу судьясының мүлікке тыйым салу туралы қаулысы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға, күдіктіге немесе қылмыстық құқық бұзушылықпен немесе есі дұрыс емес адамның Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде тыйым салынған іс-әрекетімен келтірілген зиян үшін жауаптылықта болатын тұлғаға, сондай-ақ прокурорға, азаматтық талапкерге, жәбірленушіге жіберіледі.

Судьяның мүлікке тыйым салу туралы қаулысын сот орындаушысы орындайды. Сот орындаушысы судьяның мүлікке тыйым салу туралы қаулысын орындау үшін мүліктің бар-жоғын тексереді, оның тізімдемесін жасайды, билігінде осы мүлік жатқан тұлғаларға мүлікті талан-таражға салуға немесе онымен өзге де әрекеттер жасауға жол берілмейтіні туралы жазбаша түрде ескертеді не тыйым салынуы мүмкін мүліктің жоқ екені туралы акт жасайды.

Мүлікке тыйым салған кезде мүліктің құнын айқындайтын маман қатысуы мүмкін. Мүліктің меншік иесі немесе иеленушісі қандай нәрселерге бірінші кезекте тыйым салу қажеттігін ұсынуға құқылы. Тыйым салынған мүлік алып қойылуы не тергеу судьясының қалауы бойынша жергілікті әкімшіліктің, тұрғынжай-пайдалану ұйымының өкіліне, осы мүліктің иеленушісіне немесе өзге де тұлғаға сақтауға берілуі мүмкін, оларға мүліктің сақталуына жауапты екендігі ескертілуге тиіс, бұл туралы қолхат алынады.

Банктердегі және кредиттік мекемелердегі шоттар мен салымдардағы ақшаға және өзге де құндылықтарға тыйым салу кезінде осы шот бойынша

шығыс операциялары тыйым салынған қаражат шегінде тоқтатылады. Мүлікке тыйым салуға қажеттілік жойылған кезде бұл шараның күші жойылады. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезеңінде тергеу судьясы санкциялаған мүлікке тыйым салудың күшін жою қылмыстық қудалау органының уәжді қаулысы негізінде прокурордың келісімімен жүргізіледі.

Тергеу судьясының күдіктінің, айыпталушының, оның әрекеттері үшін заң бойынша материалдық жауаптылықта болатын тұлғаның мүлкіне тыйым салуды санкциялау туралы немесе одан бас тарту туралы қаулысына ҚР ҚПК-нің 107-бабында көзделген тәртіппен шағым жасалуы, сондай-ақ прокурор наразылық білдіруі мүмкін. Аудандық немесе оған теңестірілген соттың тергеу судьясының мүлікке тыйым салуды санкциялаудан бас тарту туралы қаулысының күші жойылған жағдайда, облыстық немесе оған теңестірілген соттың мүлікке тыйым салуды санкциялау туралы мәселені қарау заңға сәйкес жүзеге асырылады.

10.4.7. Жақындауға тыйым салу

Жақындауға тыйым салу жәбірленушіні және іске қатысатын өзге адамдарды қорғау мақсатында күдіктінің, айыпталушының, сотталушының оларды іздестіруін, олардың ізіне түсуін, оларға баруын, олармен телефон арқылы сөйлесуін және өзге де тәсілдермен қарым-қатынас жасауын шектеуден тұрады (ҚР ҚПК-нің 165-бабы). Жақындауға тыйым салуды тергеу судьясы санкциялайды не оны сот қолданады.

Күш қолданумен немесе оны қолданамын деп қорқытумен байланысты, отбасыға және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтың нақты қатері болған не оны күдікті, айыпталушы жасаған кезде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жәбірленушінің немесе қорғалуға жататын өзге адамның жазбаша арызы бойынша сот алдында жақындауға тыйым салуды санкциялау туралы өтінішхат қозғау туралы қаулы шығарады және оны прокурорға жібереді. Қаулыға қылмыстық істің жақындауға тыйым салу қажеттігін растайтын материалдарының расталған көшірмелері қоса беріледі.

Прокурор ұсынылған материалдарды қарап, өтінішхатты қолдайды не оны қолдаудан бас тарту туралы уәжді қаулы шығарады. Прокурор өтінішхатты қолдаған кезде өтінішхатты және іс материалдарының көшірмесін сотқа жібереді.

Жақындауға тыйым салуды санкциялау туралы өтінішхатты тергеу судьясы өтінішхат сотқа келіп түскен кезден бастап үш тәулік ішінде прокурордың, күдіктінің, айыпталушының, оның қорғаушысының, жәбірленушінің немесе қорғалуға жататын өзге адамның қатысуымен қарайды.

Сот отырысының орны мен уақыты туралы сот уақтылы хабардар еткен жағдайда, процеске көрсетілген қатысушылардың келмей қалуы сот отырысын өткізуге кедергі болмайды.

Тергеу судьясы өтінішхат пен ұсынылған іс материалдарын қарап, жақындауға тыйым салуды санкциялау не санкциялаудан бас тарту туралы қаулы шығарады. Жақындауға тыйым салуды санкциялау туралы не одан бас

тарту туралы қаулыға ҚР ҚПК-нің 107-бабында көзделген тәртіппен шағым жасалуы, наразылық білдірілуі мүмкін. Жақындауға тыйым салу туралы қаулыда осы процестік мәжбүрлеу шарасын қолданудың негіздері және жақындауға тыйым салу түрлері, сондай-ақ оның сақталуын бақылау жүктелетін орган көрсетілуге тиіс. Жақындауға тыйым салу туралы қаулының көшірмесі прокурорға, күдіктіге, айыпталушыға, қорғаушыға, қорғалатын адамға және бақылауды жүзеге асыратын органға тапсырылады. Жақындауға тыйым салу бұзылған кезде күдіктіге, айыпталушыға тәртіппен ақшалай өндіріп алу қолданылуы, сондай-ақ бұлтартпау шарасы қолданылуы мүмкін.

Жақындауға тыйым салудың күшін жою бұл шараға қажеттілік болмай қалған кезде прокурордың келісімімен қылмыстық қудалау органының уәжді қаулысымен жүзеге асырылады не оны қылмыстық істі сотта қарау барысында сот жүзеге асырады.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Қылмыстық процесте мәжбүрлеуге үшыраған тұлғаның құқықтық жағдайы.

2. Іс жүргізушілік мәжбүрлеу құралдарын қолданудың жалпы шарттары, жүйесі және механизмі.

3. Қылмыстық процестік мәжбүрлеу шараларының түрлері, олардың қолдану максаттары.

4. Қылмыстық процестің кейбір субъектілеріне қатысты мәжбүрлеу шраларын қолданудың ерекшеліктері.

5. Қылмыс жасаған тұлғаны күдікті ретінде ұстаудың негізі, жағдайы мен мерзімдері.

6. Ұсталған адамды жеке тінту.

7. Қылмыстық іс жүргізу мәжбүрлеуге ұшыраған тұлғаның құқықтық - жағдайы. Іс жүргізішілік мәжбүрлеу құралдарын қолданудың жалпы шарттары, жүйесі және механизмі. Қылмыстық іс жүргізушілік мәжбүрлеу шараларының түрлері, олардың қолдану мақсаттары.

8. Қылмыстық процестің кейбір субъектілеріне қатысты қылмыстық іс жүргізушілік мәжбүрлеуді қолданудын ерекшеліктері.

9. Бұлтартпау шаралары: түсінігі, негіздері, маңызы. Күдіктіге қатысты бұлтартпау шараларын қолдану тәртіптері.

10. Бұлтартпау шараларының түрлері. Ешқайда кетпеу және өзін дұрыс ұстау туралы қолхат алдыру. Жеке кепілдік және оны қолданудың жағдайлары. Кепіл берушінің құқықтары мен міндеттері. Өкіл берушінің өзінің міндеттерін орындамаудың салдары. Әскери бөлім командованиесінің әскери қызметшілерін бакылау: мәні, жағдайлары және оны қолданудың іс жүргізушілік тәртібі.

11. Кәмелетке толмағанды қарауға беру: түсінігі, жағдайы мен оны қолданудың іс жүргізушілік жағдайы. Кепіл: мәні, жағдайы мен оны қолданудың іс жүргізу тәртібі.

12. Үйде қамап ұстау: түсінігі, жағдайы мен оны қолданудын іс жүргізушілік іс жағдайы.

13. Күзетпен ұстау: түсінігі, жағдайы және оны қолданудың іс жүргізушілік жағдайы. Қамауға алудың мерізімі және алдын ала тергеу мен сот талқылау сатысында оны ұзартудың тәртібі. Бұлтартпау шараларын өзгерту мен жою негіздері.

14. Басқада іс жүргізушілік мәжбурлеу шаралары, олардың түрлері. Оларды қолданудың негізі, мақсаттары мен қолдану тәртібі. Анықтаушыға, тергеушіге, сотқа келу міндеттемесі. Қызметтен уақытша босату. Ақша өндіріп алу. Мүлікке тыйым салу.

11. ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС БОЙЫНША СОТҚА ДЕЙІНГІ ІС ЖҮРГІЗУДІҢ БАСТАЛУЫ

11.1. Қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу ұғымы. Сотқа дейінгі тергеудің басталуының мәні

11.2. Сотқа дейінгі тергеуді бастаудың себептері мен негіздері

11.3. Сотқа дейінгі тергеудің басталуы және оның тіркелу тәртібі

11.4. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталуы барысында қабылданатын шешімдер

11.1. Қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу ұғымы. Сотқа дейінгі тергеудің басталуының мәні

Қазақстан Республикасы қылмыстық процестік құқығы іс бойынша шешім қабылданға дейін бірнеше стадиялардан (сатылардан) тұрады. Оларға: 1) Қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу; 2) Басты сот талқылауын тағайындау; 3) Бірінші инстанциядағы сот өндірісі; 4) Сот үкімдерін және қаулыларын апелляциялық тәртіпте қайта қарау; 5) Сот үкімдерін және қаулыларын кассациялық тәртіпте қайта қарау; 6) Сот шешімдерін орындау; 7) Қадағалау өндірісі; 8) Жаңадан ашылған мән-жайларға қарай істі қайта жаңғырту жатқызылады.

Ал, қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу стадиясы негізгі кезеңдердің бірі болып есептелінеді. Себебі аталған кезеңде қылмыстық іс бойынша алғашқы материалдар бойынша нақты мәліметтер жинақталынады. Ары қарай істің жүрі тағдыры анықталынады. Сонымен қатар, осы кезеңнің дұрыс және әділ, жан-жақты жүргізілуі іске қатысушылардың конституциялық құқықтарының толық қамтамасыз етілуіне, қорғалуына, олардың ұзақ уақыт қамауда ұсталмауына, оларға материалдық, моральдық тұрғыдан зиян келмеуіне, материалдық шығындардың өтелуін дер кезінде жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің міндеттері болып келесілер табылады:

- қылмыстық құқық бұзушылықтардың жолын кесу, оларды бейтараптықпен, тез және толық ашу;
- тергеп-тексеру, оларды жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауаптылыққа тарту;
- қылмыстық заңды дұрыс қолдану, адамдарды, қоғамды және мемлекетті қылмыстық құқық бұзушылықтардан қорғау;
- кінәсіз адам заңсыз айыпталған немесе сотталған жағдайда, оны дереу және толық ақтауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуға, қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуға, құқықты құрметтеу көзқарасын қалыптастыруға ықпал етуге тиіс.

11.2. Сотқа дейінгі тергеуді бастаудың себептері мен негіздері

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 180-бабына сәйкес, сотқа дейінгі тергеудің басталуына себеп болып қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін көрсететін жеткілікті мәліметтер табылады. Ал, себептер болған жағдайда, өндірісті тоқтатуға болмайды. Себептерге келесілер жатқызылады:

1) қылмыстық құқық бұзушылық туралы тұлғалардың берген арыздары немесе мемлекеттік органдар мен ұйымдарды басқару функциясын атқарушы тұлғалардың хабарламалары немесе тұлғаның із-түссіз жоғалуы;

2) кінәсін мойындап келу;

3) бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабар;

4) қылмыстық ізге түсу органдары лауазымды тұлғаларының дайындалып жатқан, жасалған немесе жасалып болған қылмыстық құқық бұзушылық туралы берген баянаты табылады.

Біріншіден, сотқа дейінгі тексерудің басталуына негізгі себеп болып қылмыстық құқық бұзушылық туралы тұлғалардың берген арыздары табылады. Арыздар жазбаша және ауызша болуы мүмкін. Тұлғаларға Қазақстан Республикасының және шетел азаматтары, азаматтығы жоқ адамдар жатады. Жазбаша арызды тікелей зардап шегуші тұлға, немесе оның заңды өкілдері (кәмелетке толмағанның ата-анасы, жақын туыстары) жазады. Аталған құжатта арыз иесінің жеке басын растайтын мәліметтер көрсетіледі, сонымен қатар ол тікелей қол қоюы тиіс. Ал, қылмыстық құқық бұзушылық туралы ауызша арыз оны қабылдаудың жеке хаттамасына енгізіледі, онда арыз иесі, оның тұрғылықты жері немесе жұмыс орны, сондай-ақ оның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер көрсетілуі тиіс. Хаттамаға арыз иесі және арызды қабылдаған лауазымды адам қол қояды. Хаттама іс жүргізу органдары арқылы жазуға мүмкіншілігі жоқ адамдарға қатысты жиі қолданылады.

Сотқа дейінгі тексеру кезінде немесе сот талқылауы барысында жасалған, қылмыстық құқық бұзушылық туралы жасалынған ауызша арыздар тергеу іс-әрекетінің немесе сот отырысының хаттамасына енгізіледі.

Арыз иесі көрінеу жалған сөз жеткізгені үшін Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің нормаларына сәйкес, қылмыстық жауаптылық туралы ескертіледі, ол туралы арызда не хаттамада белгі жасалып, ол арыз иесінің қолымен куәландырылады.

Ал, қылмыстық құқық бұзушылық туралы мемлекеттік органдар мен ұйымдарды басқару функциясын атқарушы тұлғалардың хабарламалары жазбаша, іс бойынша қажетті құжаттар тіркеле отырып жүзеге асырылады. Мемлекеттік органдар мен ұйымдарды басқару функциясын атқарушы тұлғаларға кәсіпорын, мемлекеттік қызмет басшыларын жатқызуға болады. Олардың құжаттарына қызметте пайдаланылатын барлық іс-қағаздарын жатқызуға болады.

Қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін көрсететін жеткілікті деректер болмаған кезде қылмыстық құқық бұзушылық фактілерін анықтау үшін уәкілетті органдардың ревизиялар мен тексерулер жүргізуін талап ететін арыздар мен хабарлар Сотқа дейінгі тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелместен, үш тәулік ішінде уәкілетті мемлекеттік органдарға қарау үшін жіберіледі.

Қылмыстық құқық бұзушылық туралы түскен домалақ арыздар (арыз иесінің жеке басының белгілі болмауы) сотқа дейінгі тексеруді бастауға себеп бола алмайды.

Кінәсін мойындап келу деп – адам күдікті ретінде танылмаған не ол осы қылмыстық құқық бұзушылықты жасады деген күдікпен ұсталынбаған кезде, адамның қылмыстық қудалау органына өзі жасаған немесе дайындап жатқан қылмыстық құқық бұзушылық туралы ерікті түрде, жеке өзі жазбаша немесе ауызша хабарлауын айтамыз. Арыз беру тәртібі жалпы тәртіпте жүзеге асырылады. Бірақ, тұлғаның өз кінәсін мойындап келген кездегі арызда қылмыстық құқық бұзушылықтың сыбайлас қатысушылары көрсетілсе, арыз иесі көрінеу жалған сөз жеткізгені үшін қылмыстық жауаптылық туралы ескертіледі.

Қылмыстық құқық бұзушылық туралы бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабарларға: газетте немесе журналда жарияланған, радио, теледидар немесе телекоммуникациялық желілер арқылы берілген құқық бұзушылық туралы ақпараттар жатқызылады. Ал, қылмыстық ізге түсуді жүзеге асырушы органдар түскен хабарлардың растығын анықтау үшін қылмыстық құқық бұзушылық туралы хабарды жариялаған немесе таратқан бұқаралық ақпарат құралынан іске қатысты мәліметтерді сұрата алады. Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері сұратушы органдардың талабы бойынша, жасалған хабарды растайтын қолда бар құжаттар мен өзге де материалдарды беруге, ол мәліметтерді берген адамды атауға міндетті болып табылады. Заңда көрсетілген жағдайларда, ол адамның жеке басына қатысты тиісті мәліметтер құпия түрде сақталуы мүмкін.

Қылмыстық ізге түсу органдары лауазымды тұлғаларының дайындалып жатқан, жасалған немесе жасалып болған қылмыстық құқық бұзушылық туралы берген *баянаты* табылады келесідей жағдайларда: 1) өзінің лауазымдық міндеттерін атқару кезінде анықтау органының қызметкері, тергеуші, прокурор қылмыстық құқық бұзушылықтың куәсі болғанда не қылмыстық құқық бұзушылықтың ізін немесе салдарын ол жасалған бойда анықтағанда; 2) қылмыстық қудалау органының лауазымды адамы, прокурор өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде қылмыстық құқық бұзушылық туралы мәліметтерді алғанда сотқа дейінгі тергеудің басталуына негізгі себеп болып табылады. Көрсетілген адамдар қылмыстық құқық бұзушылық туралы мәліметтердің анықталғанын растайтын қолдарындағы құжаттарды және өзге де материалдарды қоса бере отырып, қылмыстық құқық бұзушылықтың анықталғаны туралы баянат толтырады. Қылмыстық құқық бұзушылықтың анықталғаны туралы баянат тиісті мәліметтерді қамтитын соттың жекеше қаулысы келіп түскен жағдайда толтырылуы мүмкін.

11.3. Сотқа дейінгі тергеудің басталуы және оның тіркелу тәртібі

Сотқа дейінгі тергеудің басталуы - қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздардың, шағымдардың тіркелуінен басталады. Тіркелу сотқа дейінгі тергеудің біркелкі реестры арқылы жүзеге асырылады. Яғни кез-келген материалдар жергілікті мемлекеттік органдарда тіркелуі тиіс (АЕК). Тіркеуді байланыс құралдары арқылы да іске асыруға болады (телефон, рация және т.б.).

Ал, қылмыстық қудалау органы дайындалып жатқан, жасалған не жасалып жатқан кез келген қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды, хабарды

қабылдауға және тіркеуге міндетті. Кез келген дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыс туралы түсіп жатқан өтініштер, хабарламалар және өзге де ақпараттар жасалған орнына, уақытына, тергеуде болуына, сонымен қатар хабарланатын мәліметтердің толықтығына және ұсынылу түріне қарамастан, кез келген қылмыстық қудалау органында қабылданады. Кезекші бөлімдері бар қылмыстық қудалау органдары өтініштерді тәулік бойы қабылдайды. Арыз иесіне қылмыстық құқық бұзушылық туралы қабылданған арыздың немесе хабардың тіркелгені туралы құжат беріледі.

Тіркеудің тәртібі Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының «Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздар мен хабарларды қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп- тексерулердің бірыңғай тізілімін жүргізу Қағидасын бекіту туралы» 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады. Арыз және шығамдарды қабылдау мен тіркеуден бас тартуға жол берілмейді және ол заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады, сондай-ақ оған Қазақстан Республикасы ҚПК көзделген тәртіппен прокурорға не сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Сот қылмыстық істі талқылау кезінде қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін анықтағанда, оны жекеше қаулымен прокурордың назарына жеткізуге міндетті не қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды, хабарды қабылдаудан, тіркеуден бас тарту фактілерін, оларды қабылдау мен тіркеудегі өзге де бұзушылықтарды анықтағанда, бұл туралы жекеше қаулымен прокурордың назарына жеткізуге міндетті.

Сотқа дейінгі тергеуді жүзеге асыруға себептер болған кезде анықтаушы, анықтау органы, тергеу бөлімі бастығы, тергеуші, прокурор өз құзыреті шегінде өзінің қаулысымен қылмыстық істі өзінің өндірісіне алады. Сонымен қатар осы кезеңде, қылмыстық іздердің жоғалып кетпеуі үшін алғашқы (кейінгі қалдыруға болмайтын) тергеу іс-әрекеттері жүзеге асырыла алады. Оны прокурор, тергеуші, анықтаушы, анықтау органдары (жедел іздестіру қызметкері, полиция учаскелік инспекторы және жол-патрульдік полиция инспекторы) атқара алады. Кейінге қалдыруға болмайтан тергеу іс-әрекеттеріне оған оқиға болған жерді қарау, сот сараптамасы және т.б. жатқызылуға болады. Сотқа дейінгі тергеудің басталғандығы жөнінде хабар бір тәулікте жергілікті прокурорға, прокуратураға жазбаша түрде жіберіледі. Аталған хабарламада, оның себептері және негіздері көрсетілуі тиіс. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру, жеке айыптау нысанында қаралатын істерді қоспағанда, барлық қылмыстық құқық бұзушылық туралы түскен барлық арыздар мен шағымдар бойынша міндетті түрде жүргізіледі.

Ал, жеке нысанда қаралатын қылмыстық құқық бұзушылықтар Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 32-бабының 2-бөлігінде көрсетілген. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 108 «Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру», 109 «Ұрып-соғу», 110 (бірінші бөлігінде) «Қинау», 114 (бірінші және екінші бөліктерінде) «Денсаулыққа абайсызда зиян келтіру», 123 «Жыныстық қатынас жасауға, еркек пен еркектің жыныстық қатынас жасауына, әйел мен әйелдің жыныстық қатынас жасауына немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттерге мәжбүр ету», 130 «Жала жабу», 131 «Қорлау», 147 (бірінші және

екінші бөліктерінде) «Жеке өмірге қолсұғылмаушылықты және Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасын бұзу», 149 (бірінші бөлігінде) «Тұрғынжайға қолсұғылмаушылықты бұзу», 150 (бірінші бөлігінде) «Сайлау құқықтарын жүзеге асыруға немесе сайлау комиссияларының жұмысына кедергі жасау», 198 (бірінші бөлігінде) «Авторлық және (немесе) сабақтас құқықтарды бұзу», 199 (бірінші бөлігінде) «Өнертабыстарға, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, селекциялық жетістіктерге немесе интегралдықмикросхемалар топологияларына құқықтарды бұзу», 321 (бірінші бөлігінде) «Дәрігерлік құпияны жария ету», 152-бабында «Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын бұзу»көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер жекеше айыптау істері болып есептеледі. Осы істер бойынша іс жүргізу жәбірленушінің шағымы бойынша ғана басталады және оның айыпталушымен, сотталушымен татуласуына орай қысқартылуға жатады.

Егер түскен арыздар мен хабарламаларың мазмұнында әкімшілік құқық бұзушылықтардың белгілері болған жағдайда, үш тәулік ішінде аталған материал ілеспе хатпен бірге тиісті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға жіберіледі. Әкімшілік құқық бұзушылықтың реті әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексімен реттелген.

Біралған осы аталған барлық жағдайларға қарамастар, кез келген арыздар мен шағымдар бойынша кейінге қалдыруға болмайтын тергеу іс-әрекеттерін жүргізу міндетті болып табылады.

11.4. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталуы барысында қабылданатын шешімдер

Қазақстан Республикасы ҚПК сәйкес, ақпараттарды ендіру кітабына (АЕК) тіркелген өтініштердің қаралуын қылмыстық қудалау органдары мен прокурор қамтамасыз етеді. Тергеушілер, анықтаушылар және прокурорлар, сонымен қатар аталған ақпаратты қарау тапсырылған өзге лауазымды адамдар қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпаратты алған кезде дереу, бірақ 24 сағаттан кешіктірмей Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізіліміне тіркейді.

АЕК-нда тіркелгеннен кейін, қылмыстық құқық бұзушылық туралы ұқсас ақпараттың АЕК-нда бұрын тіркелгені белгіленген жағдайда, ол алғашқы тіркелгенге қосу үшін лауазымды адамға немесе органға беріледі. Егер АЕК-нда бұрын тіркелген қылмыстық құқық бұзушылық туралы ұқсас ақпарат бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған жағдайда, ол СДТБТ-нде тіркелусіз сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарына қосылады.

АЕК-нда бекітілген қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпарат Қазақстан Республикасы ҚПК 180-бабының 1-бөлігінде көрсетілген себептерге сәйкес келмеген жағдайда, 24 сағаттың ішінде мынадай шешімнің біреуі қабылданады:

1) лауазымды адамның баянаты негізінде, қылмыстық қудалау органы басшысының немесе оның орынбасарының келісімімен қараусыз қалдырылады және номенклатуралық істе (нарядта) сақталады;

2) Қазақстан Республикасы ҚПК 181-бабының 5-бөлігінде көрсетілген жағдайларда, яғни, қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін көрсететін жеткілікті деректер болмаған кезде қылмыстық құқық бұзушылық фактілерін анықтау үшін уәкілетті органдардың ревизиялар мен тексерулер жүргізуін талап ететін арыздар мен хабарлар Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелместен, үш тәулік ішінде уәкілетті мемлекеттік органдарға қарау үшін жіберіледі.тиісті уәкілетті мемлекеттік органға немесе лауазымды адамға жолданады;

3) басқа негіздер болған кезде, әкімшілік немесе тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы мәселелерді қарау құзыретіне кіретін уәкілетті органға (лауазымды адамға) жолданады;

4) егер ақпаратты қарау өзге қылмыстық қудалау органының құзіретіне жататын болса, аумақтық тиесілігіне немесе ішкі ведомстволығына қарай жіберіледі;

5) АЕК-на немесе СДТБТ-не қосу туралы шешім қабылданады.

Қабылданған шешім туралы арызданушыға жазбаша жауап беріледі.

Қылмыстық қудалау органына келіп түскен, қылмыстық қудалауы жеке тәртіпте жүзеге асырылатын мәліметтерді қамтитын арыз, хабарлама қолда бар материалдармен бірге соттылығына қарай СДТБТ-нде тіркелусіз тиісті сотқа жіберуге жатады. Көрсетілген талап аталған қылмыстық құқық бұзушылықты жасаған адам белгісіз болған жағдайда қолданылмайды.

Қазақстан Республикасы ҚПК 179-бабының 6-бөлігіне сәйкес, қылмыстық қудалауы жеке тәртіпте жүзеге асырылатын мәліметтерді қамтитын арыз, хабарлама бойынша, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық белгілері туралы мәліметтерді қамтитын арыз, хабарлама бойынша шұғыл тергеу әрекеттерін жүргізу оларды соттылығына қарай немесе тиісті уәкілетті мемлекеттік органға не лауазымды тұлғаға жіберуге кедергі болмайды.

Шарананың шетінеу себебіне қатысты биологиялық өлім, жазылмайтын ауру не қартайған жасқа толу деректері бойынша оның басталу жайттары анық және криминалдық сипатта емес, осы Қағиданың 14-тармағының 1-тармақшасымен көзделген шешім қабылдануы мүмкін.

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 198-бабына сәйкес, кейінгі қалдыруға болмайтын тергеу іс-әрекеттерін жүргізу қажет болған жағдайда дереу орындалады. Себебі СДТБТ-ға тікелей бекіту мүмкіндігі болмаған жағдайда лауазымды адам байланыс құралдарын пайдалану арқылы қылмыстық қудалау органының қабылдау мен есепке алуға жауапты адамын хабарландырады. Оны тіркеу туралы баянат дайындалады.

Қылмыстық қудалау органына келу бойынша лауазымды адам себепті тіркеген уәкілетті адамнан сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тіркеу туралы баянатты алады және белгіленген тәртіпке сәйкес СДТБТ-ға қосымша мәліметтер енгізеді.

СДТБТ-ға тіркегеннен кейін СДТБТ-да осы сияқты бұрын тіркелген сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау себебін анықтау кезінде осы немесе басқа орган сотқа дейінгі өндірістің материалдарын алғашқы тіркелгенге қатыстыру

үшін лауазымды адамға немесе ҚПК 186-бабының тәртібінде сотқа дейінгі іс жүргізуді іске асыратын тергеу органына береді.

Теңіз және әуе кемелерінде, геологиялық-барлау партияларында анықтау органдарынан алшақ басқа мемлекеттік ұйымдар мен бөлімшелерде қылмыстық құқық бұзушылықтар анықталған жағдайда сотқа дейінгі тергеп-тексеру дереу басталады, ол туралы мәліметтер тиісінше мүмкіндік пайда болған кезде СДТБТ-ға енгізіледі.

СДТБТ-нде және АЕК-нда тіркеу кезінде уәкілетті адам тіркеуге негіз болған қағаз құжатқа (арызға, хабарламаға, баянатқа және т.б.) тіркеу мөртаңбасын қояды. Органның тіркеу мөртаңбаларында атауы, тіркеу күні, АЕК немесе СДТБТ тіркеу нөмірі, лауазымды адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты және қолы болады.

Қылмыстық құқық бұзушылық туралы тіркелген арыздар немесе хабарлар:

1) қылмыстық құқық бұзушылық осы ауданнан, облыстан, республикалық маңызы бар қаладан, астанадан тысқары жерде жасалғанда және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізу үшін қылмыстық құқық бұзушылық жасалған жерде тергеу әрекеттерін жүргізу қажет болғанда;

2) қылмыстық іс бойынша тергеп-тексеру жүргізу басқа қылмыстық қудалау органының айрықша тергеулігіне жататын болғанда, тергеулігі бойынша берілуге жатады (ҚР ҚПК-нің 186-бабы). Қылмыстық қудалау органының басшысы арыздарды, хабарларды қолда бар материалдармен бірге прокурор арқылы тергеулігі бойынша жібереді.

Кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін жүргізу талап етілетін қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар, хабарлар келіп түскен жағдайларға қолданылмайды. Мұндай жағдайларда жиналған материалдар арыз, хабар тіркелген кезден бастап бес тәуліктің ішінде тергеулігі бойынша беру үшін прокурорға беріледі. Арыздар, хабарлар оқиға болған орынды, жерді немесе үй-жайды қарап-тексеру кезінде анықталған не ұйымдар, лауазымды адамдар немесе азаматтар берген нәрселермен және құжаттармен бірге тергеулігі бойынша беріледі. Жәбірленушілердің (жекеше айыптаушылардың) жекеше айыптау тәртібімен қудаланатын қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздары ғана соттылығы бойынша берілуге жатады.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары

1. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаудың себептері мен негіздері
2. Ақпараттарды Сотқа дейінгі тергеп-тексеру тізілімдемесіне ендіру тәртібі және мерзімдерді
3. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарын тергелу ретіне қарай беру
4. Қылмыстық іс бойынша материалдарды Сотқа дейінгі тергеп-тексеру тізілімдемесіне ендіру тәртібі

12. СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУДІҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ

12.1. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің жалпы шарттары, міндеттері және мәні

12.2. Тергелу реті және сотқа дейінгі тергеу өндірісін жүргізудің орны

12.3. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің нысандары және мерзімі

12.4. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы және аяқталуы

12.5. Анықтау және хаттамалық нысанда жүргізілетін сотқа дейінгі тергеп-тексеру

12.6. Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру ұғымы мен тәртібі

12.7. Тергеу, жедел-тергеу тобының сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізуі және топ жетекшісінің өкілеттіктері

12.8. Анықтау органдарының алдын ала тергеу нысанында жүзеге асырылатын қылмыстық істер бойынша қызметі

12.9. Тергеу іс-әрекеттерін жүргізудің жалпы қағидалары және іс жүргізу тәртібі

12.10. Прокурордың сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысындағы өкілеттіктері

12.1. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің жалпы шарттары, міндеттері және мәні

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру қылмыстық іс жүргізудің стадиясы және қылмыстық іс жүргізудің алғашқы кезеңі болып табылады. Бұл стадияда анықтау органдары, тергеуші және прокурор қылмыстық құқық бұзушылықтарды тез және толық ашу, істің мән-жайын жан-жақты және толық анықтау, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған тұлғалардың жолын кесу және оларды қылмыстық жауапкершілікке тарту, сот талқылауына материалдарды дайындау мақсатында, дәлелдемелерді жинау үшін бағытталған процесуалдық және тергеу іс-әрекеттерін жүргізеді. Сонымен қатар, қылмыстық іс бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасауға итермелейтін себептер мен шарттарды анықтау, олардың орнын толтыруға қатысты шаралар қолдану, қылмыс құқық бұзушылықтар арқылы келтірілген материалдық зиянның орнын толтыруға бағытталған шараларды қолданады.

Кезеңнің сотқа дейінгі тергеп-тексеру аталуы себебі ол істі сотқа бергенге дейін жүзеге асырылады, бұл стадияда тұлғаның кінәсін дәлелдейтін барлық дәлелдемелер жинақталынады, осы құжаттың негізінде сот арқылы жаза тағайындалады. Сот талқылауы барысында судья жинақталған материалдарды талдай келе, әділ шешім шығаруы тиіс, ол көп жағдайда қудалау органдарының жинақтаған дәлелдемелеріне қарай шешімін табады. Сонымен қатар, қылмыстық істі қысқартуға негіз болатын мән-жайлар анықталынуы мүмкін.

Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің міндеттері – бұл қылмыстық құқық бұзушылықтарды тез және толық ашу, оны жасаған адамдарды табу және бөліктеу. Әрбір іс бойынша тергеу жан-жақтылық, толықтық, объективтілік және істің мән-жайын зерттеудің шапшаңдығы сияқты талаптарға жауап беруі қажет. Оның сапасын арттыру мақсатында заңдылықты қатаң сақтау қажет. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында кінәлі адамның айыбын айғақтайтын да ақтайтын да немесе айыпты жауапкершілігін жеңілдететін де мән-жайлардың ашылуы және зерттелуі мүмкін. Тергеу органдарына қылмыс жасауға итермелейтін себептер мен мән-жайларды ашу, одан әрі оны

болдырмаудың алдын алу шараларын қабылдау міндеті жүктелген. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру арқылы қылмыстық құқық бұзушылық арқылы келтірілген материалдық шығынды өндіруді қамтамасыз ету жөніндегі дер кезінде шаралар қабылдауға бағытталған.

Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің жалпы шарттары дегеніміз – тергеу барысын дұрыс жүзеге асыру үшін бекітілген ережелерді айтамыз. Оларға: тергелу реті (ҚР ҚПК-нің 187-бабы); сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілетін жер (ҚР ҚПК-нің 188-бабы); сотқа дейінгі тергеп-тексеру нысандары (ҚР ҚПК-нің 189-бабы); сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру (ҚР ҚПК-нің 190-бабы); анықтау нысанында және хаттамалық нысанда жүргізілетін сотқа дейінгі тергеп-тексеру (ҚР ҚПК-нің 191-бабы); сотқа дейінгі тергеп-тексерудің мерзімі (ҚР ҚПК-нің 192-бабы); прокурордың сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысындағы өкілеттіктері (ҚР ҚПК-нің 193-бабы); тергеу, жедел-тергеу тобының сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізуі (ҚР ҚПК-нің 194-бабы); топ жетекшісінің өкілеттіктері (ҚР ҚПК-нің 195-бабы); анықтау органдарының алдын ала тергеу жүзеге асырылатын істер бойынша қызметі (ҚР ҚПК-нің 196-бабы); тергеу әрекеттерін жүргізудің жалпы қағидалары (ҚР ҚПК-нің 197-бабы); сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында шығарылатын қаулылар (ҚР ҚПК-нің 198-бабы); тергеу іс-әрекетінің хаттамасы (ҚР ҚПК-нің 199-бабы); қылмыстық құқық бұзушылықтар және басқа да заң бұзушылықтар жасауға ықпал еткен мән-жайларды жою жөніндегі ұсыну (ҚР ҚПК-нің 200-бабы); сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректерін жария етуге жол бермеу (ҚР ҚПК-нің 201-бабы) жатқызылады.

12.2. Тергелу реті және сотқа дейінгі тергеу өндірісін жүргізудің орны

Тергелу реті – бұл қылмыстық құқық бұзушылықтары белгілерінің жиынтығы, осы арқылы сотқа дейінгі тергеуді жүзеге асырушы органдарының қандай қылмыстық істер бойынша іс жүргізуі анықталынады.

Тергелу реті: пәндік немесе ұқсас; альтернативтік (аралас); әрбір қылмыстық іс бойынша; аумақтық; істердің байланысы бойынша сияқты белгілеріне қарап бөлінеді.

Пәндік тергелу реті қылмыстық құқық бұзушылықтардың сарапануына қарай анықталынады. Осы арқылы қылмыстық істі қандай қылмыстық ізге түсу органының (тергеуші немесе анықтаушы, анықтау органы) қарайтындығын немесе олардың қандай органға тиесілі екендігін білуге болады.

Пәндік тергелу реті Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 187-бабында бекітілген. Аталған бапта көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықтар тергеушілермен ғана жүргізіледі. Ішкі істер органдарының, ұлттық қауіпсіздік комитеті және мемлекеттік қызмет және сыбайластық жемқорлыққа қарсы күрес Агентінің құзырында қандай істер қаралатындығы айқындалады.

Ал, Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 191-бабында анықтау нысанында және хаттамалық нысанда жүргізілетін қылмыстық құқық бұзушылықтар, сонымен қатар олар қандай мемлекеттік органдар арқылы жүргізілетіндігі белгіленіп отыр. Анықтау және хаттамалық нысанда қылмыстық құқық бұзушылықтарды сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарына: Қазақстан

Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі; әскери полиция органдары; ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскери полициясы; ішкі істер органдары және т.б. жатқызылады.

Альтернативтік тергелу реті дегеніміз кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтар санаттары мән-жайларға байланысты бірнеше сотқа дейінгі тергеу органдарының қарауына жатады. Мысалы, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 174 «Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыру», 182 «Экстремистік топ құру, оған басшылық ету немесе оның әрекетіне қатысу», 269 «Ғимараттарға, құрылыстарға, қатынас және байланыс құралдарына шабуыл жасау немесе оларды басып алу» және 276 (екінші және үшінші бөліктерінде), 283, 284, 285, 286 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 290 (екінші бөлігінде), 404 (екінші және үшінші бөліктерінде), 405, 437 (бесінші және жетінші бөліктерінде), 438 (төртінші бөлігінде), 439 (төртінші бөлігінде), 441 (бесінші бөлігінде), 442 (төртінші бөлігінде), 443 (үшінші бөлігінде), 444, 453 (үшінші бөлігінде), 454 (екінші бөлігінде), 455, 456, 457, 459 (төртінші бөлігінде) - баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы қылмыстық істерді сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаған ішкі істер немесе ұлттық қауіпсіздік органдары жүргізеді (ҚР ҚПК-нің 187-бабының 5-бөлігі).

Әрбір қылмыстық іс бойынша тергелу реті - бұл қылмыстық құқық бұзушылықты жасаған тұлғаның (қатысушы) атқарып отырған лауазымына қарай анықталынады. Мысалы, ішкі істер органының қызметкері қылмыс жасаған жағдайда, кодексте көрсетілген нормаға қарамастан іс жан-жақты және объективті түрде қаралуы үшін оның ісін ұлттық қауіпсіздік органдары тергеушісі жүргізуі мүмкін.

Аумақтық тергелу реті – жасалынған құқық бұзушылықтың жеріне және орнына қарай айқындалады. Мысалы, поездерде жасалынған жағдайларда ол белгілі бір аумақта тергелуі мүмкін.

Істердің байланысы бойынша тергелу реті – қылмыстық құқық бұзушылықты жасаған тұлға оны бірнеше аумақта жасаған жағдайда немесе істер бірнеше мемлекеттік органдардың қаралуына жатқан жағдайда оны прокурордың шешімімен бір ғана орган сотқа дейінгі тергеуді жүзеге асыра алады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу орны аумақтық тергелу реті институтымен тығыз байланысты. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу орны болып оның аяқталған жері есептелінеді. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру қылмыстық құқық бұзушылық жасалған ауданда (облыста, республикалық маңызы бар қалада, астанада) жүргізіледі. Оның жедел және толық болуы мақсатында ол қылмыстық құқық бұзушылық анықталған орын бойынша, сондай-ақ күдікті немесе куәлардың көпшілігі тұратын жерде жүргізілуі мүмкін.

Тергеу әрекеттерін басқа ауданда (облыста, республикалық маңызы бар қалада, астанада) жүргізу қажет болған жағдайда, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам оларды жеке өзі жүргізуге не бұл әрекеттерді жүргізуді сол ауданның (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың,

астананың) тергеушісіне немесе анықтау органына тапсыруға құқылы. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жасырын тергеу әрекеттерін немесе іздестіру іс-шараларын жүргізуді сотқа дейінгі тергеп-тексеру орнындағы немесе олар жүргізілетін жердегі анықтау органына тапсыра алады. Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізуді қоспағанда, тапсырма он тәуліктен аспайтын мерзімде орындалуға тиіс. Тергеушінің, прокурордың тергеу әрекеттерін жүргізу туралы тапсырмаларын орындаған кезде анықтау органының қызметкері тергеушінің өкілеттіктерін пайдаланады.

12.3. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің нысандары және мерзімі

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 189-бабына сәйкес, сотқа дейінгі тергеп-тексеру анықтау, алдын ала тергеу нысанында және хаттамалық нысанда жүзеге асырылады.

Сотқа дейінгі тергеудің негізгі нысаны болып - алдын ала тергеу (тергеу) саналынады. Аталған нысан Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 187-бабында көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша жүргізіледі. Сонымен қатар, кәмелетке толмағандар немесе дене бітімінің немесе психикасының кемістіктеріне байланысты өзінің қорғалу құқығын өздері жүзеге асыра алмайтын адамдар жасаған барлық қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша, сондай-ақ қылмыс жасады деп күдік келтірілген адам белгісіз болған анықтау істері бойынша және қылмыстық теріс қылықтар бойынша жүзеге асырылады.

Ал, Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 191-бабының екінші және он екінші бөліктерінде көрсетілген барлық қылмыстық құқық бұзушылықтар анықтау формасында жүзеге асырылады. Мысалы, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодекстің 107 бабы 1 бөлігі «Денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіру», 112 бабы «Қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде денсаулыққа ауыр зиян келтіру» және т.б.

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 191-бабының он алтыншы – жиырма төртінші бөліктерінде көзделген қылмыстық теріс қылықтар бойынша хаттамалық нысанда сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізеді.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру қылмыстық істің күрделілігі, тергеу әрекеттерінің көлемі және істің мән-жайларын зерттеудің жеткіліктілігі ескеріле отырып, қисынды мерзімде, бірақ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде белгіленген қылмыстық қудалаудың ескіру мерзімінен аспайтын мерзімде аяқталуға тиіс. Қылмыстық сот ісін жүргізудің қисынды мерзімін айқындаған кезде қылмыстық істің құқықтық және нақты күрделілігі, сотқа дейінгі іс жүргізуге қатысушылардың процестік құқықтарды іске асыруы, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның өз өкілеттіктерін сотқа дейінгі іс жүргізуді уақтылы жүзеге асыру мақсатында іске асыру тәсілі сияқты мән-жайлар ескеріледі. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімі арыз бен хабарды Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінде тіркеген кезден бастап қылмыстық іс айыптау актісімен немесе істі медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы мәселені қарау үшін сотқа беру туралы қаулымен прокурорға жіберілген күнге дейін не іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы қаулы шығарылған күнге дейін есептеледі.

Анықтау істері бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру бір айдан және алдын ала тергеу істері бойынша екі айдан аспауға тиіс. Ал, теріс қылықтар бойынша іс үш тәулік ішінде сотқа берілуі тиіс. Анықтау органының бастығы қылмыстық теріс қылықтар туралы істер бойынша, ҚР ҚПК-нің 526-бабында белгіленген мерзімдерде іс бойынша дәлелденуге жататын мән-жайлардың толық және жан-жақты анықталуын қамтамасыз ету мүмкін болмаған жағдайда, бір тәулік ішінде прокурорды хабардар ете отырып, анықтау тағайындауға құқылы.

Анықтау органының бастығы ҚР ҚПК-нің 192-бабының екінші бөлігінде белгіленген мерзімде істің мән-жайының жеткілікті және толық зерттелуін қамтамасыз ету мүмкін болмаған жағдайларда да алдын ала тергеу жүргізуді тағайындауға құқылы.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімін тергеушінің, анықтау органы бастығының уәжді өтінішхаты бойынша: істің күрделілігіне байланысты аудандық және оған теңестірілген прокурор – қисынды, бірақ үш айдан аспайтын мерзімге; істің ерекше күрделілігіне байланысты немесе қылмыстық істің материалдарын қылмыстық қудалауды жалғастыру үшін шет мемлекетке жіберу туралы мәселені шешу кезінде – облыс прокуроры мен оған теңестірілген прокурор және олардың орынбасарлары қисынды, бірақ он екі айдан аспайтын мерзімге ұзартуы мүмкін. Тексеру мерзімін одан әрі ұзартуға айрықша жағдайларда ғана жол беріледі және оны Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, оның орынбасарлары қисынды, бірақ осы баптың бірінші бөлігінде белгіленгеннен аспайтын мерзімге жүзеге асыра алады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің мерзімін ұзарту туралы қаулыны тергеу бөлімінің, анықтаудың бастығы, прокурор ауданның, облыстың прокурорына және оларға теңестірілген прокурорларға сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімі аяқталардан–бес тәуліктен кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына, оның орынбасарларына – он тәуліктен кешіктірмей ұсынуға міндетті. Прокурор істі қосымша тергеп-тексеру үшін қайтарған кезде сотқа дейінгі тергеп-тексеру прокурор белгілеген, бірақ іс қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын адамға келіп түскен кезден бастап бір айдан аспайтын мерзімде жүргізіледі. Мерзімді одан әрі ұзарту жалпы негіздерде және осы бапта көзделген тәртіппен жүргізіледі. Күдікті, жәбірленуші тергеп-тексерудің негізсіз созылуына шағым жасауға және қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын адамның оның барысында істі тергеп-тексеруді толық көлемінде аяқтауына қажетті белгілі бір мерзімді белгілеу туралы өтінішхатты прокурорға мәлімдеуге немесе көзделген тәртіппен сотқа шағым жасауға құқылы.

Көрсетілген мерзімге қылмыстық процеске қатысушылардың осы Кодекстің 296-бабында көзделген тәртіппен қылмыстық іс материалдарымен танысу уақыты, сондай-ақ күдіктінің, жәбірленушінің шағымы бойынша қылмыстық істің сотта және прокуратурада болған уақыты кірмейді.

12.4. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы және аяқталуы

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру қылмыстық құқық бұзушылық бойынша материалдар Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай Тізіліміне ендірілген

сәттен басталады. Ол туралы қылмыстық қудалау органдары өз өндірісіне алу туралы тиісті қаулы шығарады. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру қылмыстық іс қысқартылған сәттен бастап аяқталған болып есептелінеді. Алдын-ала тергеу және анықтау нысанында жүргізілетін істер айыптау актісі және теріс қылықтар бойынша хаттама жасалып прокурорға берілген сәттен бастап аяқталған болып есептелінеді.

Сонымен қатар, қылмыстық істі медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану үшін сотқа жіберу туралы қаулы шығарылған сәттен бастап сотқа дейінгі тергеп тексеру аяқталынады.

12.5. Анықтау және хаттамалық нысанда жүргізілетін сотқа дейінгі тергеп-тексеру

Анықтау сотқа дейінгі тергеп-тексерудің нысаны болып саналынады. Анықтау барысында қабылданған шешімдер алдын-ала тергеу барысында қабылданған шешімдер сияқты заңдық күшке ие болады.

Алдын ала тергеу жүргізуден бөлек анықтау органдарына қылмыстарды ашу және анықтау, қылмыс жасаған тұлғаларды анықтау бағытында жедел-іздестіру шараларын жүргізу болып табылады. Бұл қызмет анықтау болып табылмайды, ол Қазақстан Республикасы заңдарында және жедел іздестіру қызметі туралы заңына сәйкес, тек анықтау органының бір функциясы болып табылады. Бұл функцияларды жүзеге асырушы қызметіне сонымен қатар жедел іздестіру бөлімшелерімен бөлек, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ұйымдарын да жатқызуға болады.

Жедел іздестіру қызметі ол жасырын және жария түрде жүргізілетін мемлекет тарапынан адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған іс-әрекеттер (Жедел іздестіру қызметі туралы заңы).

Қазақстан Республикасы ҚПК анықтаудың екі түрлі нысанын қарастырады:

1) Алдын ала тергеу жүргізу міндетті емес істер бойынша анықтау жүргізу;

2) Алдын ала тергеу жүргізу міндетті болып табылатын істер бойынша анықтау жүргізу.

Алдын ала тергеу жүргізу міндетті емес істер бойынша анықтау жүргізу Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 191-бабымен реттелген. Аталған бапқа сәйкес, анықтау онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыстар бойынша жүргізіледі. *Аталған құқық бұзушылықтарды кәмелетке толмағандар жасаған және психикалық ауытқуы бар тұлғалар жасаған жағдайларда оны тергеу алдын-ала нысанында жүзеге асырылады.* Анықтау органдары кейінге қалдыруға болмайтын тергеу іс-әрекетттерін жүргізу отырып 5 тәуліктен аспайтын мерзімде оны алдын ала тергеу жүргізу үшін прокурорға беруі тиіс (Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 200-бабы).

Анықтауды келесідей органдар жүзеге асыра алады:

1) ішкі істер органдары, мысалы, денсаулыққа ауырлығы орташа деңгейде қасақана зиян келтірілген істер бойынша (ҚР ҚК 107-бабы), қылмыс жасаған адамды ұстап алу кезінде денсаулыққа ауыр зиян келтіру (ҚР ҚК 113-бап) және

т.б. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 1-бөлігінде көзделген басқа да қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша;

2) мемлекеттік қызмет және СЖҚКА органдары жемқорлық , қылмыстар бойынша;

3) әскери полиция органдары әскери қылмыстар туралы істер бойынша - әскери жиын өткізу кезіндегі әскери қызметкерге бағыныштылар, сондай-ақ әскери міндеттілер жасаған барлық қылмыстар бойынша - әскери жиын өткізу кезіндегі әскери қызметкерлерге бағыныштылар, сондай-ақ әскери міндеттілер жасаған барлық қылмыстар бойынша;

4) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 445-бабында (бірінші бөлігінде) көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдардың әскери қызметшілері мен қызметкерлері жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша істерді ҰҚК-нің әскери полициясы жүргізеді;

5) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 396-бабында (бірінші бөлігінде) көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша анықтауды шекара қызметінің органдары жүргізеді.

6) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 292-бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша анықтауды мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары жүргізеді.

7) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 217-бабында (бірінші бөлігінде) көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша анықтауды сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаған ішкі істер немесе қаржы полициясы органдары жүргізеді.

8) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 189 (бірінші бөлігінде), 190 (бірінші бөлігінде)-баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша анықтауды ішкі істер органдары, ал мемлекетке залал келтірілген жағдайда – қаржы полициясы органдары жүргізеді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы ҚПК-нде анықтау өндірісі баламалы түрде *бірнеше органдармен* бірге жүргізіледі. Оларға келесідей істерді жатқызуға болады:

- Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 188 (бірінші бөлігінде), 252 (бірінші бөлігінде), 290 (бірінші бөлігінде), 345 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 348 (екінші бөлігінде), 350 (бірінші бөлігінде), 398 (үшінші бөлігінде)-баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша, егер олар күзет іс-шаралары өткізілетін аймақта жасалған және тікелей тізбесі заңда белгіленген күзетілетін адамдарға қарсы бағытталған болса, анықтауды Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі жүргізе алады.

- Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 204-бабында (екінші бөлігінде) көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша анықтауды сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаған ішкі істер немесе мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары жүргізеді.

- Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 392-бабында (бірінші бөлігінде) көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша

анықтауды сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаған ішкі істер немесе шекара қызметінің органдары жүргізеді.

- Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 385-бабында (бірінші және екінші бөліктерінде) көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша анықтауды сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаған ішкі істер, қаржы полициясы органдары немесе егер олар күзет іс-шаралары өткізілетін аймақта жасалған және тікелей тізбесі заңда белгіленген күзетілетін адамдарға қарсы бағытталған болса, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі жүргізеді.

- Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 286-бабында (бірінші бөлігінде) көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша анықтауды сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаған ішкі істер, қаржы полициясы органдары немесе кеден органы жүргізеді.

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 191-бабында көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша анықтау органдары 30 тәулік ішінде іске қатысты барлық материалдарды жинап, айыптау хаттамасы арқылы істі сотқа жіберуі тиіс.

12.6. Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру ұғымы мен тәртібі

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 190-бабына сәйкес, қылмыстық теріс қылықтар бойынша жүргізілетін хаттамалық нысандағы істерді қоспағанда, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жеделдетілген тәртіппен аяқтауға болады. Онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар, сондай-ақ ауыр қылмыстар бойынша, егер жиналған дәлелдемелермен қылмыс фактісі мен оны жасаған адам, оның өз кінәсін толық мойындағаны, келтірілген залал (зиян) мөлшерімен (сомасымен) келіскені анықталса, бұл жөнінде күдіктіні хабардар ете отырып және оған бұл шешімнің құқықтық салдарын түсіндіре отырып, сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру жүргізілуі мүмкін.

Ал, Қазақстан Республикасы ҚК-нің 11-бабына сәйкес, онша ауыр емес қылмыстарға, жасалғаны үшін осы Кодексте көзделген ең ауыр жаза бас бостандығынан айыру екі жылдан аспайтын қасақана жасалған іс-әрекеттер, сондай-ақ жасалғаны үшін ең ауыр жаза бас бостандығынан айыру бес жылдан аспайтын абайсызда жасалған іс-әрекеттерді, ауырлығы орташа қылмыстарға жасалғаны үшін ең ауыр жаза бас бостандығынан айыру бес жылдан аспайтын қасақана жасалған іс-әрекеттер, сондай-ақ жасалғаны үшін бес жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген абайсызда жасалған іс-әрекеттерді жатқызамыз. Жасалғаны үшін осы Кодексте көзделген ең ауыр жаза бас бостандығынан айыру он екі жылдан аспайтын қасақана жасалған іс-әрекеттер ауыр қылмыстар деп танылады.

Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тергеу он бес тәулік ішінде аяқталуға тиіс. Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру кезінде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың мән-жайларын анықтайды және күдіктінің оны жасауға қатысқанын растайтын дәлелдемелерді жинайды.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам тек нәтижелері қылмыстық құқық бұзушылық іздерін және күдікті, айыпталушы кінәсінің өзге де дәлелдемелерін ресімдейтін тергеу әрекеттерін және өзге де процестік әрекеттерді ғана жүргізуге құқылы.

Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру:

1) олардың ішінде біреуі болса да аса ауыр болып табылған жағдайда, қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығына қатысты;

2) сот ісі жүргізілетін тілді білмейтін адамдарға қатысты;

3) қылмыстық қудалаудан артықшылықтары мен иммунитеті бар адамдарға қатысты;

4) қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысушылардың біреуі болса да өз кінәсін мойындамаған жағдайда;

5) кәмелетке толмағандар немесе дене бітімінің немесе психикасының кемістіктеріне байланысты өзінің қорғалу құқығын өздері жүзеге асыра алмайтын адамдар жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша қолданылмайды.

Прокурор сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін айыптау актісімен бірге қылмыстық істі ала отырып, ол бойынша үш тәуліктен кешіктірмей мына әрекеттердің бірін жүргізеді:

1) айыптау актісін бекітеді және қылмыстық істі сотқа жібереді;

2) істі анықтау не алдын ала тергеу жүргізу үшін жібереді;

3) жекелеген күдіктілерге қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеруді немесе қылмыстық қудалауды тоқтату туралы қаулы шығарады.

12.7. Тергеу, жедел-тергеу тобының сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізуі және топ жетекшісінің өкілеттіктері

Іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру ол күрделі немесе үлкен көлемді болған жағдайда тергеушілер және анықтау органының қызметкерлері тобына (тергеу, жедел-тергеу тобына) тапсырылуы мүмкін, бұл туралы қаулы шығарылады. Бұл туралы шешімді тергеу бөлімінің немесе анықтау органының бастығы қабылдауға құқылы. Қаулыда тергеп-тексеру жүргізу тапсырылған барлық тергеушілер, анықтау органының қызметкерлері, оның ішінде топ жетекшісі – тергеуші көрсетілуге тиіс (ҚР ҚПК-нің 194-бабы).

Күдікті, жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер және олардың өкілдері тергеушілер, анықтау органының қызметкерлері тобының тергеп-тексеретіні туралы қаулымен танысуға тиіс және оларға осы топ жетекшісіне, сондай-ақ топ құрамындағы кез келген тергеушіге, анықтау органының қызметкеріне қарсылық білдіру құқығы түсіндіріледі.

Топқа сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын бірнеше органның тергеушілері, анықтау органының қызметкерлері кіруі мүмкін. Мұндай топты құру туралы шешім прокурордың нұсқауы бойынша да, тергеу бөлімі немесе анықтау органы бастықтарының бастамасы бойынша да қабылдануы мүмкін. Мұндай шешім осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген талаптарды сақтай отырып шығарылатын бірлескен қаулымен ресімделеді. Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, оның орынбасары, облыстардың

прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар айрықша жағдайларда тергеп-тексерудің толық және объективті болмау фактілері, істің күрделілігі мен маңыздылығы анықталған кезде прокурорлар, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын бір немесе бірнеше органның тергеушілері мен жедел қызметкерлері арасынан топ құра алады, бұл ретте прокуроры осы топтың жетекшісі етіп тағайындап, бұл шешімді өз қаулысымен ресімдейді.

12.7.1.Топ жетекшісінің өкілеттіктері

Топ жетекшісі өз қаулысымен істі өзінің іс жүргізуіне қабылдайды, топтың жұмысын ұйымдастырады, басқа тергеушілер мен анықтау органдары қызметкерлерінің әрекеттеріне басшылық жасайды. Қылмыстық қудалауды, қылмыстық істі толықтай немесе оның бір бөлігін тоқтату, қылмыстық істерді біріктіру және бөлу, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімін ұзарту туралы өтінішхат қозғау туралы, сот санкциялайтын бұлтартпау шараларын қолдану және оларды ұзарту туралы шешімдерді топ жетекшісі ғана қабылдайды.

Айыптау актісін, істі медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы мәселені қарау үшін сотқа беру туралы қаулыны, іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы қаулыны топ жетекшісі жасайды және оларға қол қояды. Топ жетекшісі осы Кодексте белгіленген тәртіппен қылмыстық іс бойынша басқа тергеушілер жүргізетін тергеу әрекеттеріне қатысуға, тергеу әрекеттерін жеке өзі жүргізуге және шешімдер қабылдауға құқылы.

Жетекші болып тағайындалған прокурор тергеушінің осы Кодексте көзделген барлық өкілеттіктерін пайдаланады.

12.8. Анықтау органдарының алдын-ала тергеу нысанында жүзеге асырылатын қылмыстық істер бойынша қызметі

Алдын ала тергеудің жүзеге асырылуы қажет қылмыс белгілері болған жағдайда, анықтау органы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастауға және қылмыс іздерін анықтау және бекіту бойынша кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін: қарап-тексеруді, тінтуді, алуды, куәландыруды, күдіктілерді ұстап алу мен олардан жауап алуды, жәбірленушілер мен куәлардан жауап алуды және басқа да тергеу әрекеттерін жүргізуге құқылы. Анықтау органы анықталған қылмыстық құқық бұзушылық және сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталғаны туралы прокурорды дереу хабардар етеді (196-бап). Кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін орындағаннан кейін, бірақ сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған күннен бастап бес тәуліктен кешіктірмей, анықтау органы тергеулігі туралы мәселелер болмаған ретте бұл туралы жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорды жазбаша хабардар ете отырып, істі дәл осы органның тергеушісіне беруге міндетті. Қалған жағдайларда қылмыстық іс тергеулігін айқындау үшін прокурорға беріледі.

Істі тергеушіге бергеннен кейін анықтау органы ол бойынша тергеу әрекеттерін, жасырын тергеу әрекеттерін, сондай-ақ іздестіру шараларын тек тергеушінің тапсырмасы бойынша ғана жүргізе алады. Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамды табу мүмкін болмаған істі тергеушіге берген

жағдайда, анықтау органы тергеушіні нәтижелері туралы хабардар ете отырып, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамды анықтау үшін іздестіру шараларын қолдануға міндетті.

12.9. Тергеу іс-әрекеттерін жүргізудің жалпы қағидалары және іс жүргізу тәртібі

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам заңда көзделген тергеу әрекеттеріне қатысуға адамдарды тарта отырып, олардың жеке басына көз жеткізеді, оларға құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ тергеу әрекетін жүргізу тәртібін түсіндіреді. Мысалы, күдіктіге және жәбірленушіден жауап алу барысында оның құқықтары мен міндеттері түсіндірілуі шарт (ҚР ҚПК-нің 210-бабы). Кейінге қалдырылмайтын жағдайларды қоспағанда, тергеу әрекетін түнгі уақытта жүргізуге жол берілмейді. Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 7-бабына сәйкес, түнгі уақыт – жергілікті уақыт бойынша сағат жиырма екіден алтыға дейінгі уақыт аралығы саналынады. Кейінге қалдыруға болмайтын жағдайлар болып дәлелдемелердің сақталуына ұзақ уақытқа сақтауға мүмкіншілік болмайтын жағдайлар және қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашуға қажет болған жағдайларды жатқызуға болады.

Тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде ғылыми-техникалық құралдар қолданылуы және қылмыстық құқық бұзушылықтың іздері мен заттай дәлелдемелерді анықтаудың, тіркеу мен алудың ғылыми негізделген тәсілдері пайдаланылуы мүмкін. Ал, ғылыми техникалық құралдар дегеніміз дәлелдемелерді анықтау, көрсету алу және зерттеу үшін заңды түрде қолданылатын аспаптар, арнаулы жабдықтар, материалдар. Тергеу іс-әрекеттерін жүргізу кезінде техникалық құралдардың қолдануы қылмыстың ашылуына көп көмегін тигізеді. Сонымен қатар, олардың негізгі қызметі, біріншіден дәлелдемелерді алу және бекіту үшін, ал екіншіден тергеушінің еңбегін жеңілдетеді, жұмыс мәдениетін арттырады, тергеу әрекеттерінің жүргізілуін тездетеді. Қылмыстарды тергеу кезінде ғылыми-техникалық құралдар дәлелдемелік маңызы бар іздер мен заттарды табу, бекіту, алу, сақтау және сараптамалық зерттеу жүргізу үшін қолданылады. Оларға: фотоаппараттарды, бейнежазу, дыбыс жазу аппараттарын жатқызуға болады. Әрекеттердің барысы мен нәтижелерін тіркейтін ғылыми-техникалық құралдарды қолдану тәртібін Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры тиісті мемлекеттік органдармен келісу бойынша айқындайды.

Тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде азаптауға, зорлық-зомбылық көрсетуге, қорқытуға және өзге де заңсыз шараларды, қатыгез қарым-қатынасты қолдануға, сол сияқты оған қатысатын адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіруге жол берілмейді. Қазақстан Республикасы ҚПК 112-бабына сәйкес, азаптауды, зорлық-зомбылықты, қорқытуды, алдауды, сол сияқты өзге де заңсыз әрекеттер мен қатыгез қарым-қатынасты қолдану арқылы алынған мәліметтерді дәлелдемелер ретінде пайдалануға жол берілмейді.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам тергеу әрекеттеріне қылмыстық қудалау органының басқа да қызметкерлерін тартуға құқылы. Мысалы, жасырын тергеу іс-әрекеттерін жүргізу үшін анықтау органдарына

(ІІО криминалдық полиция, есірткіге қарсы күрес бөлімдері қызметкерлері және т.б.) жеке тапсырма береді, осыған сәйкес аталған органдар кейбір тергеу іс-әрекеттерін жүзеге асырады.

Тергеу іс-әрекеттерін жүргізу барысында куәгерлер қатыстырылады. Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 82-бабына сәйкес, куәгер болып қылмыстық қудалау органы тергеу әрекетін жүргізу фактісін, оның барысы мен нәтижелерін куәландыру үшін тартқан адамды айтамыз. Тергеу әрекеттерін жүргізуге кемінде екі куәгер қатысады. Бірақ жаңа Қылмыстық процестік кодекстің қабылдануына байланысты, куәгер институтына қатысты бірқатар өзгерістер болды. Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 220-бабының он үшінші және он төртінші бөліктерінде, 252 «Тінту», 255-баптарында «Жеке басын тінту» көзделген тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде куәгерлерді тарту міндетті болады. Ал, Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 255-бабы үшінші бөлігінің 2) тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, яғни «егер ол адам ұстап алынған немесе күзетпен қамалған кезде жүргізілген болса, арнайы қаулы шығарылмай және прокурордың санкциясынсыз жүргізілуі мүмкін. Бұл жағдайда жеке басын тінту куәгерлердің қатысуынсыз жүргізілуі мүмкін». Тұрғын үй-жайды қарап-тексеру онда тұратын адамдар кәмелетке толмағандар болса немесе олардың психикалық немесе өзге де ауыр науқастардан зардап шегетіні көрінеу белгілі болса немесе олар қарап-тексеруге қарсы болса және тұрғын үй-жай оқиға орны болса және оны қарап-тексеруді кейінге қалдыруға болмаса куәгерлердің қатысуы міндетті болып табылады.

Ал, өзге тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде куәгерлер қатыстырылмайды, бірақ олардың барысы мен нәтижелерін тіркейтін ғылыми-техникалық құралдар міндетті түрде қолданылуы тиіс. Ғылыми-техникалық тіркеу құралдары болмаған немесе оларды қолдану мүмкін болмаған жағдайда, тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде куәгерлер тартылады.

Әрине, куәгерлерді қатыстыруды іс жүргізу органдары қажет деп тапқан жағдайда кез келген уақытта қатыстыруға болады.

12.9.1. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында шығарылатын қаулылар

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру процесінде Қазақстан Республикасы ҚПК-не сәйкес қандай да бір процестік шешімді қабылдау кезінде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қаулы шығарады, онда оның жасалған орны мен уақыты, осы адамның тегі және лауазымы, қабылданатын шешімнің мәні мен негіздері, олардың негізінде қаулы шығарылған осы кодекстің баптары көрсетіледі (ҚР ҚПК 198-бап).

12.9.2. Тергеу әрекетінің хаттамасы

Тергеу әрекетінің хаттамасы тергеу әрекетін жүргізу барысында немесе ол аяқталған бойда жасалады (ҚР ҚПК-нің 199-бабы). Хаттама қолмен жазылуы, машинкамен не компьютермен басу тәсілі арқылы жасалуы мүмкін. Хаттаманың толық болуын қамтамасыз ету үшін стенографиялау, киноға түсіру, дыбыс және бейнежазба немесе өзге де ғылыми-техникалық құралдар қолданылуы мүмкін. Стенографиялық жазба, дыбыс және бейнежазба

материалдары немесе өзге де ақпарат жеткізгіштер хаттамаға қосып тігіледі және іспен бірге сақталады. Хаттамада: тергеу әрекетін жүргізу орны мен күні; оның басталу және аяқталу уақыты минутына дейінгі дәлдікпен; тергеу әрекетін жүргізген адамның лауазымы мен тегі, тергеу әрекетіне қатысқан әрбір адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі.

Хаттамада процестік әрекеттер олардың болған ретімен, оларды жүргізу кезінде анықталған іс үшін елеулі мән-жайлар, сондай-ақ тергеу әрекетін жүргізуге қатысқан адамдардың мәлімдемелері жазылады.

Егер, Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 97-бабына сәйкес, жәбірленушілердің, куәлардың, күдіктілердің және қылмыстық процеске қатысатын басқа да адамдардың қауіпсіздігі шараларын қолдану қажеттілігі туындаса, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам тергеу әрекетінің хаттамасында жәбірленушінің, оның өкілінің, сондай-ақ куәлардың (куәгерлердің) жеке басы туралы деректерді келтірмейді, қорғалатын адам өзі қатысатын тергеу әрекеттерінің хаттамаларында таңдайтын адамның бүркеншік аты мен қоятын қолын қолданады.

Тергеу әрекетін жүргізу кезінде фотосуретке түсіру, киноға түсіру, дыбыс- және бейнежазба немесе өзге де ғылыми-техникалық құралдар қолданылса не іздің баспа-таңбалары мен бедерлері әзірленсе, сызбалар, схемалар, жоспарлар жасалса, онда хаттамада сондай-ақ оны жүргізу барысында қолданылған ғылыми-техникалық құралдар, оларды пайдалану талаптары мен тәртібі, осы құралдар қолданылған объектілер және алынған нәтижелер көрсетілуге тиіс. Хаттамада бұған басқа ғылыми-техникалық құралдарды қолданудың алдында бұл туралы тергеу әрекетін жүргізуге қатысқан адамдардың хабардар етілгені аталуға тиіс.

Хаттама танысу үшін тергеу әрекетін жүргізуге қатысқан барлық адамдарға ұсынылады. Оларға хаттамаға енгізілуге жататын ескертулер жасау құқығы түсіндіріледі. Хаттамаға енгізілген барлық ескертулер, толықтырулар, түзетулер келісілуге және осы адамдардың қолдарымен куәландырылуға тиіс.

Хаттамаға оны жасаған лауазымды адам, жауап алынған адам, аудармашы, маман, куәгерлер және тергеу әрекетін жүргізуге қатысқан барлық өзге де адамдар қол қояды. Тергеу әрекетінің хаттамасына қол қоюдан бас тартылған немесе қол қою мүмкін болмаған жағдайда, бұл фактіні куәландыру Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 123-бабының жетінші және оныншы бөліктеріне сәйкес жүргізіледі. Яғни, заңда көзделген жағдайларда процеске қатысушылардың немесе басқа да адамдардың қайсыбіреуі тергеу әрекетінің хаттамасына қол қоюдан бас тартқан кезде анықтаушы, тергеуші немесе прокурор хаттамаға бұл туралы белгі жасайды, оны өзінің қолымен куәландырады. Сонымен қатар, процестік әрекетке қатысушы өзінің дене кемістігі салдарынан хаттаманы өзі оқи алмаса немесе оған қол қоя алмаса, онда оның келісімімен оның қорғаушысы, өкілі немесе оның өзі сенім білдіретін басқа жеке тұлға хаттаманы дауыстап оқиды және оған қол қояды, хаттамада бұл туралы белгі жасалады.

Хаттамаға тергеу әрекетін жүргізу кезінде орындалған фотографиялық негативтер мен суреттер, кинотаспалар, диапозитивтер, фонограммалар, бейнежазба кассеталары, өзге ақпарат жеткізгіштер, сызбалар, жоспарлар,

схемалар, іздің баспа-таңбалары мен бедерлері қоса тіркеледі. Егер тергеу әрекетін жүргізу барысында маман өз зерттеу нәтижелері бойынша ресми құжат жасаса, осы құжат хаттамаға қоса тіркеледі, бұл туралы хаттамаға тиісті жазба жасалады.

12.10. Прокурордың сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысындағы өкілеттіктері

Прокурор сотқа дейінгі тергеп-тексерудің заңдылығын сақтауда, азаматтардың Конституция және өзге де заңдармен кепілденген жеке бостандықтарын, хат алысу құпиялылығының сақталуын, еркін жүріп-тұруын және көптеген құқықтары мен заңды мүдделері бұзылмауын, олардың елеулі түрде шектелмеуін қамтамасыз етуде үлкен жұмыстар атқарады. Сонымен қатар, заң бұзушылықтарды алдын-алуға, ал заң бұзушылықтар анықталған жағдайда – оларды жоюға, азаматтардың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтірілуіне, моральдық және материалдық залалдардың өтелуіне, сондай-ақ заң бұзушылықтарға жол берген тұлғаларды жауапкершілікке тартуда өз үлестерін қосты. Қадағалау барысында прокурор тарапынан көптеген заң бұзушылықтар анықталды.

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 193-бабына сәйкес, прокурор, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің заңдылығын қадағалауды, сондай-ақ қылмыстық қудалауды жүзеге асыра отырып:

1) қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды тіркейді және оны қылмыстық қудалау органына береді не өзінің іс жүргізуіне қабылдайды және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асырады;

2) қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды және қылмыстық қудалаудың бір органынан келіп түскен, қолдағы материалдарды тергеулігі және соттылығы бойынша береді;

3) қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздарды және хабарларды қабылдау және тіркеу кезінде заңдылықтың сақталуын тексереді;

4) оқиға орнын қарап-тексеруге қатысуға құқылы, сондай-ақ осы Кодексте көзделген өз өкілеттіктері шеңберінде басқа да әрекеттерді жүзеге асырады;

5) қандай да бір тергеу әрекеттерін жүргізу туралы жазбаша нұсқаулар береді;

6) кодексте көзделген жағдайларда сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның әрекеттерін және (немесе) шешімдерін санкциялайды;

7) кодексте белгіленген жағдайларда және тәртіппен жасырын тергеу әрекеттерінің нәтижелерін сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарына іске қосып тігу туралы жазбаша нұсқаулар береді;

8) қылмыстық қудалаудан иммунитеті мен артықшылықтары бар адамдарды қол сұғылмаушылығынан айыруға және қылмыстық жауаптылыққа тартуға келісім алу үшін ұсыну енгізеді;

9) тексеру үшін қылмыстық қудалау органдарынан қылмыстық істерді, құжаттарды, материалдарды, оның ішінде жедел-іздестіру іс-шараларының және жасырын тергеу әрекеттерінің нәтижелерін алады, тергеп-тексеру

мерзімдері үзілген қылмыстық істерді одан әрі тергеп-тексеру жүргізу үшін жібереді;

10) тергеушінің, анықтаушының, анықтау органының заңсыз қаулыларының, сондай-ақ тергеу бөлімі мен анықтау органы бастықтарының, төмен тұрған прокурордың қаулылары мен нұсқауларының күшін жояды;

11) қылмыстық істі қосымша тергеп-тексеру жүргізу үшін қайтарады не сотқа дейінгі тергеп-тексеруді толық көлемде немесе нақты адамдарға қатысты тоқтатады;

12) сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын органнан істі алып қояды және оны сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басқа органына береді; айрықша жағдайларда тергеп-тексерудің объективті және жеткілікті болуын қамтамасыз ету мақсатында қылмыстық қудалау органының жазбаша өтінішхаты бойынша не өз бастамасы бойынша істі бір органнан екінші органға береді не өзінің іс жүргізуіне қабылдайды және оларды осы Кодексте белгіленген тергеулігіне қарамастан тергеп-тексереді;

13) кодексте белгіленген жағдайларда және тәртіппен сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін ұзартады, сондай-ақ ҚПК-нің 192-бабының жетінші және сегізінші бөліктерінде көзделген жағдайларда тергеп-тексеру мерзімін белгілейді;

14) кодексте тергеу судьясының құзыретіне жатқызылған мәселелер қаралған кезде сот отырыстарына қатысады;

15) күзетілудегі адамдарды ұстаудың заңнамада белгіленген тәртібі мен шарттарының сақталуын тексереді;

16) айыптау актісін, қылмыстық теріс қылық туралы хаттаманы бекітеді, айыпталушыны сотқа береді және қылмыстық істі мәні бойынша қарау үшін сотқа жібереді;

17) сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның осы Кодексте көзделген негіздер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тоқтату туралы қаулысын бекітеді;

18) сот қаулысы бойынша нәтижелерін сот прокурордың өтінішхаты бойынша іс материалдарына қоса тігетін тергеу әрекеттерін жүргізуді ұйымдастырады;

19) процестік келісімге бастамашылық етеді және оны жасасады;

20) кодексте көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Прокурорлардың сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысындағы өкілеттіктерінің аражігін ажыратуды Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры айқындайды.

Прокуратура органы басшысының айрықша өкілеттіктеріне:

1) ынтымақтастық туралы процестік келісім жасасу;

2) тергеушінің, анықтаушының, анықтау органының заңсыз қаулыларының, сондай-ақ тергеу бөлімі мен анықтау органы бастықтарының, төмен тұрған (бағынышты) прокурордың қаулылары мен нұсқауларының күшін жою;

3) сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамнан не органнан қылмыстық істі алып қою және оны сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізу үшін басқа адамға не органға беру;

4) қылмыстық қудалаудан артықшылықтары бар адамдарды қол сұғылмаушылығынан айыруға және қылмыстық жауаптылыққа тартуға келісім алу үшін ұсыну енгізу;

5) қылмыстық істерді тергеп-тексеру мерзімдерін ұзарту;

6) тергеушінің, анықтаушының, анықтау органының, тергеу бөлімі және анықтау органы бастықтарының, сондай-ақ төмен тұрған прокурордың әрекеттері мен шешімдеріне шағымдарды қарау;

7) тергеуші, анықтаушы заңдылықты бұзған кезде оларды қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізуден шеттету;

8) процесс прокурорының қылмыстық істі қосымша тергеп-тексеру жүргізу үшін қайтару туралы қаулысын бекіту жатады.

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің қабылдануына байланысты прокуратура басшысы және процесс прокуроры сынды жаңа қатысушылар пайда болды.

Прокуратура басшысы қылмыстық іс бойынша осы бапқа сәйкес қадағалауды жүзеге асыратын прокурорды (процесс прокуроры) айқындайды. Процесс прокуроры қылмыстық іс бойынша қадағалауды сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған кезден бастап жүзеге асырады және бірінші сатыдағы сотқа мемлекеттік айыптаушы ретінде қатысады. Процесс прокуроры алмастырылмайды, бірақ Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген жағдайларда, прокуратура басшысының шешімі бойынша басқа процесс прокурорымен ауыстырылуы мүмкін.

Прокурордың сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға, қылмыстық қудалау органының бастығына осы Кодексте көзделген тәртіппен берген нұсқаулары міндетті болып табылады, бірақ оларға жоғары тұрған прокурорға шағым жасалуы мүмкін. Алынған нұсқауларға жоғары тұрған прокурорға шағым жасау олардың орындалуын тоқтата тұрмайды.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің жалпы шарттары
2. Тергелу реті (ҚР ҚПК-нің 187-бабы);
3. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілетін жер
4. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру нысандары;
5. Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру;
6. Анықтау нысанында және хаттамалық нысанда жүргізілетін сотқа дейінгі тергеп-тексеру;
7. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің мерзімі
8. Прокурордың сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысындағы өкілеттіктері
9. Тергеу, жедел-тергеу тобының сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізуі
10. Топ жетекшісінің өкілеттіктері
11. Анықтау органдарының алдын ала тергеу жүзеге асырылатын істер бойынша қызметі
12. Тергеу әрекеттерін жүргізудің жалпы қағидалары
13. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында шығарылатын қаулылар

14. Тергеу іс-әрекетінің хаттамасы

15. Қылмыстық құқық бұзушылықтар және басқа да заң бұзушылықтар жасауға ықпал еткен мән-жайларды жою жөніндегі ұсыну

16. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректерін жария етуге жол бермеу)

13. ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТЕГІ ТЕРГЕУ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІ

13.1.Тергеу іс-әрекеттерінің ұғымы, маңызы және іс жүргізу негіздері

13.2 Жауап алудың ұғымы, маңызы және жауап алуға шақырудың тәртібі

13.3 Беттестірудің ұғымы мен маңызы

13.4.Қарап-тексерудің маңызы мен негіздері, процестік тәртібі

13.5. Эксгумация ұғымы мен маңызы, негіздері

13.6.Танудың маңыздылығы мен негіздері

13.7. Тінту мен алудың маңызы және негіздері

13.8. Айғақтарды оқиға орнында тексеру және нақтылау

13.9. Тергеу эксперименті және оның процестік тәртібі

13.10. Нәрселер мен құжаттарды беру

13.11. Сараптамалық зерттеу үшін үлгілер алу

13.12. Сараптама тағайындаудың ұғымы және тәртібі

13.1 Тергеу іс-әрекеттерінің ұғымы, маңызы және іс жүргізу негіздері

Қылмыстық іс жүргізу барысында жүргізілген барлық іс-әрекеттер процессуалдық іс-әрекеттер деп аталынады. Олар тергеу іс-әрекеті болып және процессуалдық іс-әрекеттер деп бөлінеді. Процесуалдық іс-әрекеттерге қылмыстық істерді біріктіру, бөлектеу және сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін жатқызамыз. Тергеу іс-әрекеттерін анықтау органы, анықтаушы, тергеуші және прокурор қылмыстық іс жүргізудің міндеттерін орындау және іске қатысты дәлелдемелерді алу мақсатында жүргізеді. Қылмыстық іс жүргізу барысында қылмыстық іс бойынша жинақталған дәлелдемелердің 90%-ы тергеу іс-әрекеттері арқылы алынады.

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 26-29 тарауларына сәйкес, тергеу іс-әрекеттеріне келесідей процесуалдық әрекеттерді жатқызуға болады**:**

- жауап алу (жәбірленушіден, куәдан, күдікті мен айыпталушыдан, ал қажет болған жағдайларда - сарапшыдан) (ҚР ҚПК-нің 208-217 баптары);
- беттестіру (ҚР ҚПК-нің 218 бабы);
- қарап-тексеру (ҚР ҚПК-нің 219-222 баптары);
- куәландыру (ҚР ҚПК-нің 223-224 баптары);
- эксгумация (ҚР ҚПК-нің 225-228 баптары);
- тану үшін ұсыну(ҚР ҚПК-нің 229-230 баптары);
- тінту мен алу (ҚР ҚПК-нің 252-256 баптары);
- айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылау (ҚР ҚПК-нің 258 бабы);
- тергеу эксперименті (ҚР ҚПК-нің 258 бабы);
- заттар мен құжаттарды ұсыну (ҚР ҚПК-нің 259-261 баптары);

- үлгілерді алу (ҚР ҚПК-нің 262-269 баптары);
- сот сараптамасы (ҚР ҚПК-нің 270-287 баптары).
- Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 196-бабына сәйкес «күдіктіні ұстап алу» мәжбүрлеу шарасын да тергеу іс-әрекеттерінің қатарына жатқызуға болады. Тергеу іс-әрекеттерінің барлығы Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 179-бабына сәйкес, Сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған сәттен бастап (арыз-шағымдар Ақпараттарды тіркеу кітабына енген сәттен немесе Сотқа дейінгі тергеп тексерудің Тізілімдемесіне енгізілген сәттен) жүзеге асырылады.

Кейінге қалдырылмайтын жағдайларды қоспағанда, тергеу әрекетін түнгі уақытта жүргізуге жол берілмейді.

Тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде азаптауға, зорлық-зомбылық көрсетуге, қорқытуға және өзге де заңсыз шараларды, қатыгез қарым-қатынасты қолдануға, сол сияқты оған қатысатын адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіруге жол берілмейді (ҚР ҚПК-нің 197-бабы).

Сонымен қатар, қылмыстық іс жүргізуде тергеу іс-әрекеттерін бөлек жасырын тергеу іс-әрекеттері де бар. Аталған жасырын тергеу іс-әрекеттері жедел-іздестіру шараларымен байланысты болып табылады. Олардың тәртібі келесі тарауда қарастырылады.

13.2 Жауап алудың ұғымы, маңызы және жауап алуға шақырудың тәртібі

Жауап алу қылмыстық іс жүргізу барысында жүргізілетін негізгі тергеу іс-әрекеттерінің бірі болып табылады. Осы арқылы іске қатысты мәліметтер алуға болады. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында жауап алу куәдан, қорғануға құқығы бар куәлардан, жәбірленушіден және күдіктіден, айыпталушыдан, қажет болған жағдайларда куә ретінде маман мен сарапшыдан алынуы мүмкін. Жауап алыну айғақ беруге мүмкіндігі бар барлық адамдардан алынады және жас ерекшелігі мен мүмкіншіліктеріне қарамайды. Ал, жасөспірімдер мен кәмелетке толмағандардан немесе өзге де науқас адамдардан жауап алу, олардың заңды өкілдері мен қорғаушыларының қатысуымен жүзеге асырылады.

ҚР ҚПК-нің 208-бабына сәйкес, жауап алуға шақыру, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам куәны, жәбірленушіні, күдіктіні жауап алуға *шақыру қағазы* арқылы жүзеге асырылады. Шақыру қағазында жауап алуға шақырылатын адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), адамды шақырып отырған адамның тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, жауап алуға келетін мекен-жай мен уақыты (күні, сағаты), адвокат шақыру құқығы, сондай-ақ дәлелді себептерсіз келмеудің салдары көрсетіледі. Шақыру қағазы жауап алуға шақырылатын адамға одан қолхат ала отырып табыс етіледі не байланыс құралдарының көмегімен беріледі (факс, стенограмма және т.б.). Жауап алуға шақырылатын адам уақытша болмаған жағдайда, шақыру қағазы оның отбасының кәмелетке толған мүшесіне немесе тұрғылықты жері бойынша тұрғын үй-пайдалану ұйымына немесе әкімшілікке не жұмыс орны бойынша әкімшілікке немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның

тапсырмасы бойынша өзге адамдар мен ұйымдарға табыс етіледі, олар шақыру қағазын жауап алуға шақырылатын адамға беруге міндетті.

Жауап алынатын адам өзге байланыс құралдарын пайдалана отырып шақырылуы мүмкін. Күзетпен ұсталып отырған күдікті жауап алуға күзетпен ұстау орнының әкімшілігі арқылы шақырылады және жеткізіледі. Қазақстан Республикасының «Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде ұстау тәртібі мен шарттары туралы» 1999 жылғы 30 наурыздағы N 353-I Заңының 7-бабына сәйкес, қылмыстың жасалуына күдікті, айыпталушы адамдарды күзетте ұстау орындарына: 1) Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару жүйесі мен ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеу изоляторлары; 2) Қазақстан Республикасының ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдарының уақытша ұстау изоляторлары жатқызылады. Сонымен қатар, өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша жазасын өтеушілер бас бостандығынан айыру түріндегі жазаларды атқаратын қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелері мен гауптвахталар күдіктілер мен айыпталушыларды қамауда ұстау орындары болып табылуы мүмкін.

Қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдік бойынша ұстауды Қазақстан Республикасының ҚПК-не сәйкес алыс сапардағы теңіз кемелерінің капитандары, шекара отрядтарының бастықтары, жергілікті жердің комендант жүзеге асырған жағдайларда күдіктілер аталған лауазымды адамдар айқындаған және күдіктілерді ұстау үшін арнайы ыңғайластырылған үй-жайларда ұсталады.

Жауап алуға шақырылатын адам белгіленген мерзімде келуге не сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамды келмеу себептері туралы алдын ала хабардар етуге міндетті. Жауап алуға шақырылатын адам дәлелді себептерсіз келмеген жағдайда Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 156-157-баптарына сәйкес өзге де процестік мәжбүрлеу шаралары қолданылуы мүмкін.

Он сегіз жасқа толмаған адам жауап алуға оның заңды өкілдері арқылы, ал олар болмаған кезде қорғаншы және қамқоршы орган арқылы не оның жұмыс немесе оқу орны бойынша әкімшілігі арқылы шақырылады. Ал, әскери қызметші жауап алуға әскери бөлім қолбасшылығы арқылы шақырылады.

Тұлғаларды жауап алуға шақыру барысында, олардың тұрғылықты мекен-жайын немесе жұмыс мерзімін ескерген дұрыс. Мысалы, куә ретінде жауап алуға шақырылған тұлға алыс аумақтарда тұруы мүмкін. Ал кешкі уақыттарда ол өзінің тұрғылықты мекен-жаына қайта алмауы мүмкін.

13.2.1 Жауап алудың орны, уақыты мен ұзақтығы

Жауап алу сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілген жерде жүргізіледі. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам, егер оны қажет деп тапса, жауап алуды жауап алынатын адам тұратын жерде жүргізуге құқылы (ҚР ҚПК-нің 209 бабы). ІІО қарасты бөлімдерде немесе іс жүргізу органдары қолайлы деп тапқан жерлерде де жауап алу жүзеге асырылуы мүмкін (саяжай, парк және т.б.).

Жауап алу кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларды қоспағанда, күндізгі уақытта жүргізіледі. Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 7-бабының 51-тармағына сәйкес, түнгі уақытқа жергілікті уақыт бойынша сағат жиырма екіден алтыға дейінгі уақыт аралығы жатқызылады. Мысалы, Қазақстан Республикасы аумағында Астана қаласымен салыстырғанда, Батыс өңірлерде 1 сағат кейін есептелінеді. Кейінге қалдыруға болмайтын жағдайлар болып дәлелдемелердің сақталуын қамтамасыз етуге мүмкіншілік болмайтын жағдайлар немесе қылмыстық құқық бұзушылықтардың ашылуын қамтамасыз етуге бағытталған шараларды жатқызуға болады. Қазақстан Республикасы қПК-нің 192-бабына сай, жауап алу кейінгі қалдыруға болмайтын тергеу іс-әрекеттерінің қатарына жатқызылады.

Жауап алу үзіліссіз төрт сағаттан артық жүргізілмеуге тиіс. Жауап алуды демалу мен ас ішуге арналған кемінде бір сағат үзілістен кейін жалғастыруға жол беріледі, бұл ретте жауап алудың бір күн ішіндегі жалпы ұзақтығы сегіз сағаттан аспауға тиіс. Медициналық көрсетілімдер болған жағдайда, жауап алудың ұзақтығы дәрігердің жазбаша қорытындысының негізінде белгіленеді. Ал, кәмелетке толмаған адамнан жауап алу тәуліктің күндізгі уақытында жүргізіледі және үзіліссіз екі сағаттан артық, жалпы алғанда күніне төрт сағаттан артық жүргізілмейді. Кәмелетке толмаған адамның қажығаны анық болған жағдайда, жауап алу осындай уақыт өткенге дейін де үзілуі мүмкін.

13.2.2 Жауап алудың іс жүргізу тәртібі мен жалпы қағидалары

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жауап алу алдында жауап алынатын адамның жеке басына көз жеткізуге тиіс. Егер жауап алынатын адамның іс бойынша іс жүргізіліп отырған тілді білетіні-білмейтініне күмән келтірсе, оның айғақтарды қай тілде бергісі келетіні анықталады. Қажет болған жағдайларда оны аудармашымен тегін қамтамасыз етеді.

Жауап алуға шақырылған адамға одан кім ретінде, қандай қылмыстық іс бойынша жауап алынатыны хабарланады, Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 64-65, 71, 78 баптарында көзделген құқықтары мен міндеттері түсіндіріледі, бұл туралы хаттамада белгі жасалады. Бір іс бойынша шақырылған адамдар басқа жауап алынатын адамдардан бөлек жауап береді. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам бір іс бойынша жауап алуға шақырылған адамдардың жауап алу басталғанға дейін бір-бірімен сөйлесе алмауы үшін шаралар қолданады.

Жауап алу жауап алынатын адамға істің өзіне белгілі болған мән-жайларын айтуды ұсынудан басталады. Егер жауап алынатын адам іске мүлде қатысы жоқ мән-жайлар туралы айтатын болса, оған бұл туралы ескертілуге тиіс. Еркін баяндау аяқталғаннан кейін жауап алынып отырған адамға айғақтарды нақтылауға және толықтыруға бағытталған сұрақтар қойылуы мүмкін. Жетелеуші сұрақтар қоюға тыйым салынады. Егер айғақтар цифрлық деректермен немесе есте сақтауға қиын өзге де мәліметтермен байланысты болса, жауап алынатын адам құжаттар мен жазбаларды пайдалануға құқылы,

олар жауап алынатын адамның өтінішхаты бойынша немесе оның келісімімен хаттамаға қоса тігілуі мүмкін.

Егер жауап алу барысында жауап алынып отырған адамға заттай дәлелдемелер мен құжаттар көрсетілсе, басқа тергеу әрекеттерінің хаттамалары жария етілсе және тергеу әрекетінің дыбыс- және (немесе) бейнежазба, киноға түсіру материалдары тыңдатылып-көрсетілсе, онда бұл туралы жауап алу хаттамасында тиісті жазба жасалады. Бұл ретте хаттамада жауап алынып отырған адамның оған көрсетілген дәлелдемелер, жария етілген хаттамалар, тыңдатылып көрсетілген тергеу әрекеттерінің дыбыс- және (немесе) бейнежазбалары, кино түсірілімдер бойынша берген айғақтары көрсетіледі.

Мылқау немесе саңырау куәдан, жәбірленушіден, күдіктіден, айыпталушыдан жауап алу сурдоаударма дағдыларын меңгерген адамның қатысуымен жүзеге асырылады. Мұндай адамның жауап алуға қатысуы хаттамада көрсетіледі. Жауап алынатын адамның психикалық немесе өзге ауыр науқасы болған кезде одан жауап алу дәрігердің рұқсатымен және оның қатысуымен жүзеге асырылады. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның шешімі бойынша, сондай-ақ күдіктінің, айыпталушының, куәнің немесе жәбірленушінің өтінуі бойынша жауап алу кезінде дыбыс- және бейнежазба қолданылуы мүмкін. Жауап алынатын адамға мұндай дыбыс және бейнежазбаның қолданылатыны туралы жауап алу басталғанға дейін хабарланады.

Дыбыс және бейнежазба жауап алудың барысын толығымен көрсетуге және жауап алынатын адамдардың айғақтарын толық қамтуға тиіс. Жауап алудың бір бөлігін дыбыс- және бейнежазбаға түсіруге, сондай-ақ сол жауап алудың барысында берілген айғақтарды жазып алу үшін арнайы қайталауға жол берілмейді. Жауап алу аяқталғаннан кейін дыбыс- және бейнежазба толығымен жауап алынып отырған адамға тыңдатылып-көрсетіледі. Айғақтардың дыбыс және бейнежазбасына жауап алынып отырған адам жасаған толықтырулар да фонограммаға және бейнеграммаға енгізіледі. Дыбыс- және бейнежазба жауап алынатын адамның олардың дұрыстығын куәландыратын мәлімдемесімен аяқталады. Жауап алу барысында дыбыс- және бейнежазба қолданылып алынған айғақтар жауап алу хаттамасына енгізіледі. Жауап алу хаттамасы, сондай-ақ: дыбыс және бейнежазбаның қолданылғаны және бұл туралы жауап алынып отырған адамға хабарланғаны туралы белгіні; ғылыми-техникалық құралдар, дыбыс және бейнежазба жағдайлары мен оны тоқтата тұру фактілері, тоқтатудың себептері мен ұзақтығы туралы мәліметтерді; жауап алынып отырған адамның дыбыс- және бейнежазбаны қолдану себебі жөніндегі мәлімдемесін; жауап алынып отырған адамға дыбыс және бейнежазбаның тыңдатылып көрсетілгені туралы белгіні; жауап алынып отырған адамның және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның хаттаманың және дыбыс- және бейнежазбаның дұрыстығын куәландырғанын қамтуға тиіс. Фонограмма мен бейнеграмма іспен бірге сақталады және олар сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін мөрмен бекітіледі.

Қажет болған жағдайларда сотқа дейінгі қылмыстық қудалау органдары іске қатысты тергеп-тексеру органан қосымша және қайталап жауап алады (ҚР

ҚПК-нің 211-бабы). Қосымша жауап алу мынадай: 1) жауап алынған адам тергелетін істің мән-жайлары бойынша бұрын берген айғақтарын олардың жеткілікті түрде анық немесе толық болмауына қарай нақтылауға немесе толықтыруға ниет білдірген; 2) бұрын жауап алынған адамға іс үшін елеулі жаңа сұрақтар туындаған жағдайларда жүзеге асырылады.

Қайталап жауап алу: 1) бастапқы жауап алуды жүргізудің процестік нормалары елеулі түрде бұзылған; 2) жауап алынған адам бұрын берген айғақтарынан бас тартқан және жаңа айғақтар беруге ниет білдірген жағдайларда жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 199-бабында көрсетілген ережелерге сәйкес жауап алу барысында хаттама толтырылады (ҚР ҚПК-нің 212-бабы)

Айғақтар бірінші жақтан және мүмкіндігінше сөзбе-сөз жазылады. Сұрақтар мен олардың жауаптары жауап алу кезіндегі реті бойынша жазылады. Хаттамада жауап алуға қатысқан адамдардың сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қабылдамаған немесе жауап алынып отырған адам жауап беруден бас тартқан сұрақтары да, оларды қабылдамаудың немесе олардан бас тартудың уәждері көрсетіле отырып, қамтылуға тиіс. Бірінші жауап алу хаттамасында жауап алынып отырған адамның жеке басы туралы деректер, оның ішінде: тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), туған уақыты мен жері, азаматтығы, ұлты, білімі; отбасылық жағдайы, жұмыс орны, қызмет түрі немесе лауазымы, тұрғылықты жері және істің мән-жайлары бойынша қажет болуы мүмкін басқа да мәліметтерді көрсетеді. Жауап алынушы тұлғаның қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында оның бүркеншек аттары да көрсетіледі.

Кейінгі жауап алулар кезінде жауап алынып отырған адамның жеке басы туралы деректерді, егер олар өзгермеген болса, оның тегін, атын, әкесінің атын (ол болған кезде) көрсетумен шектелуге болады. Күдіктіден жауап алу хаттамасында бұрын сотталғандығының бар-жоғы көрсетіледі. Жауап алынып отырған адам схемалар, сызбалар, суреттер, диаграммалар жасай алады, олар хаттамаға қоса тіркеліп, онда бұл туралы белгі жасалады. Хаттамада жауап алуға қатысқан барлық адамдар көрсетіледі. Олардың әрқайсысы хаттамаға, сондай-ақ оған жасалған барлық толықтырулар мен нақтылауларға қол қоюға тиіс.

Еркін баяндаудан кейін жауап алынып отырған адам өз айғақтарын өз қолымен жазуға құқылы. Жауап алынып отырған адам айғақтарын өз қолымен жазғаннан және оларға қол қойғаннан кейін сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам толықтырушы және нақтылаушы сұрақтар қоюы мүмкін. Жауап алу аяқталғаннан кейін хаттама оқып шығу үшін жауап алынып отырған адамға ұсынылады не оның өтінуі бойынша жарияланады. Жауап алынып отырған адамның хаттамаға толықтыру мен нақтылау енгізу талабы міндетті түрде орындалуға тиіс.

Айғақтармен танысу фактісін және олардың жазылуының дұрыстығын жауап алынып отырған адам хаттаманың соңында өз қолын қою арқылы куәландырады. Жауап алынып отырған адам сонымен қатар хаттаманың әрбір бетіне де қол қояды. Жауап алынып отырған адам хаттамаға қол қоюдан бас

тартқан жағдайда, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам бас тарту себептерін анықтайды, оларды хаттамаға енгізеді және хаттаманы өзінің қолымен куәландырады. Егер жауап алынып отырған адам дене бітімінің кемістігінен немесе өзге де себептердің салдарынан хаттамаға өзі қол қою мүмкіндігінен айырылса, оның өтінуі бойынша хаттамаға қорғаушы, жауап алынып отырған адам сенетін өкіл немесе өзге адам қол қояды, бұл туралы хаттамада белгі жасалады.

Егер жауап алуға аудармашы не сурдоаударма дағдыларын меңгерген адам қатысса, онда олар да хаттаманың әрбір бетіне және тұтас хаттамаға қол қояды. Олар жауап алынатын адамның өз қолымен жазған айғақтарының аудармасына да қол қояды.

13.2.3 Ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып, бейнебайланыс режимінде жауап алудың (қашықтықтан жауап алу) ерекшеліктері

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 213-бабына сәйкес, жәбірленушіден, куәдан жауап алу оны олар аумағында болған не тұратын ауданның не облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың сотқа дейінгі тергеп-тексеру органына шақыру арқылы ғылыми-техникалық құралдар пайдаланыла отырып, бейнебайланыс режимінде (қашықтықтан жауап алу) жүргізілуі мүмкін. Қашықтықтан жауап алу барысында процестік әрекетке қатысушылар жауап алынып жатқан адамның айғақтарын тікелей трансляциядан тікелей қабылдайды.

Қашықтықтан жауап алу:

1) адамның денсаулық жағдайы немесе басқа да дәлелді себептер бойынша қылмыстық істі тергеп-тексеру (қарау) жеріндегі қылмыстық процесті жүргізетін органға тікелей келуі мүмкін болмайтын;

2) адамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет болатын;

3) жас немесе кәмелетке толмаған куәдан, жәбірленушіден жауап алу жүргізілген;

4) сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімінің сақталуын, істің сотта қаралуын қамтамасыз ету үшін қажет болған;

5) жауап алу қиын немесе артық шығындармен байланысты болады деп пайымдауға негіз беретін себептер болған жағдайларда жүргізіледі.

Қашықтықтан жауап алуды жүргізу туралы шешімді сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам өз бастамасымен немесе тараптың немесе қылмыстық процеске басқа да қатысушылардың өтінішхаты бойынша немесе прокурордың нұсқауы бойынша Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 188-бабында көзделген тәртіппен тапсырма жібере отырып, қабылдайды.

Қашықтықтан жауап алған кезде ғылыми-техникалық құралдар мен технологияларды пайдалану бейне мен дыбыстың тиісті сапасын, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тиіс. Бейнебайланыс режимінде жүргізілген тергеу әрекетінің барысы мен нәтижелері ҚР ҚПК-нің 199-бабының талаптарына сәйкес тапсырманы орындайтын сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы жасайтын хаттамада көрсетіледі. Қашықтықтан жауап алу хаттамасында

көмегі арқылы тергеу әрекеті жүргізілетін ғылыми-техникалық бейнежазба құралдары туралы мәліметтер көрсетіледі.

Жауап алынатын адамның хаттамаға толықтырулар мен нақтылаулар енгізу туралы талаптары міндетті түрде орындалуға жатады. Хаттама оған қол қойылғаннан кейін істі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға жіберіледі. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында адамнан оның өтінішхаты бойынша оны тануды болдырмайтын сыртқы келбеті мен дауысы өзгертіле отырып, бейнебайланыс режимінде жауап алынуы мүмкін.

13.2.4 Куәдан және жәбірленушіден жауап алудың ерекшеліктері

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жауап алу алдында куәнің, жәбірленушінің күдіктіге қандай қатысы бар екенін анықтайды, оларға процестік құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді, айғақтар беруден бас тартқаны үшін қылмыстық жауаптылығы туралы ескертеді. Бұл ретте сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам куәнің, жәбірленушінің өзінің, жұбайының (зайыбының), жақын туыстарының қылмыстық құқық бұзушылық жасағанын әшкерелейтін, сондай-ақ ал діни қызметшінің тәубеге келу үстінде өзіне сырын ашқан адамдарға қарсы айғақтар беруден бас тартуға құқылы екенін түсіндіруге міндетті. Бұл құқықты пайдаланбаған куәге, жәбірленушіге олардың көрінеу жалған айғақтар бергені үшін қылмыстық жауаптылығы туралы ескертіледі (ҚР ҚПК-нің 214 бабы). Қазақстан Республикасы ҚК-нің 419-бабына сәйкес, қылмыстық теріс қылық және қылмыс жасалғаны туралы көрінеу жалған сөз жеткізу үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Куәнің немесе жәбірленушінің сотта немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында айғақтар беруден бас тартуы, екі мыңнан бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады (ҚР ҚК-нің 421-бабы). Адам өзіне, жұбайына (зайыбына) немесе өзінің жақын туыстарына қарсы айғақтар беруден бас тартқаны үшін, сондай-ақ діни қызметшілер – тәубе үстінде өздеріне ішкі сырын сеніп ашқан адамдарға қарсы, медиаторлар – медиацияға байланысты өздеріне белгілі болған адамдарға қарсы және мән-жайлар туралы, ұлттық алдын алу тетігіне қатысушылар – қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде ұсталатын адамдармен әңгімелесу барысында өздеріне белгілі болған адамдарға қарсы және мән-жайлар туралы айғақтар беруден бас тартқаны үшін қылмыстық жауаптылыққа жатқызылмайды.

Егер куә жауап алуға заң көмегін көрсету үшін шақырылған адвокатпен бірге келсе, онда адвокат жауап алу кезінде қатысады. Жауап алу аяқталғаннан кейін адвокат жауап алудың мәні бойынша ескертулер беруге және жауап алу хаттамасына енгізілуге тиіс өтінішхат мәлімдеуге құқылы. Қалған жағдайда куә

мен жәбірленушіден жауап алу Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 210-бабының қағидалары бойынша жүргізіледі.

Он төрт жасқа дейінгі куәдан немесе жәбірленушіден жауап алуға қатысу үшін, ал сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қалауы бойынша он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі куәдан немесе жәбірленушіден жауап алуға қатысу үшін педагог және (немесе) психолог шақырылады. Кәмелетке толмаған куәдан немесе жәбірленушіден жауап алу кезінде оның заңды өкілдері қатысуға құқылы. Ал, он алты жасқа дейінгі куәлар мен жәбірленушілерге олардың айғақтар беруден бас тартқаны және көрінеу жалған айғақтар бергені үшін жауаптылығы туралы ескертілмейді. Мұндай куәлар мен жәбірленушілерге процестік құқықтары мен міндеттерін түсіндіру кезінде оларға тек қана шындықты айту қажеттігі көрсетіледі. Кәмелетке толмаған куә мен жәбірленушіге оның өзінің немесе жақын туыстарының қылмыстық құқық бұзушылық жасағанын әшкерелейтін айғақтар беруден бас тарту құқығы түсіндіріледі.

Аталған адамдардан жауап алу кезінде қатысып отырғандарға жауап алынып отырған адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзушылық туралы, хаттамаға енгізілуге тиіс ескертулер жасау, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның рұқсатымен жауап алынып отырған адамға сұрақ қою құқығы түсіндіріледі. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қойылған сұрақты қабылдамауға құқылы, бірақ оны хаттамаға енгізуге және қабылдамаудың себебін көрсетуге тиіс.

13.2.5 Күдіктіден жауап алудың ерекшеліктері

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жауап алудың алдында күдіктіге оның қандай қылмыстық жазаланатын әрекетті жасады деп күдік келтіріліп отырғанын хабарлайды, сондай-ақ оған айғақтар беруден бас тарту құқығын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 64-бабында көзделген құқықтарды түсіндіреді.Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам күдіктіге оған келтірілген күдіктің мәнін түсіндіре отырып, күдіктінің қылмыстық құқық бұзушылық жасауда өзін толық немесе ішінара кінәлі деп мойындайтынын не өз кінәсін мойындамайтынын анықтайды.

Күдіктінің жауап беруден бас тартуы оның өз кінәсін мойындамауы ретінде бағаланады. Жауап алу күдіктіге келтірген күдік жөнінде және іс үшін маңызы болуы мүмкін барлық басқа мән-жайлар бойынша айғақтар беруін ұсынудан басталады.

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 67-бабына сәйкес, егер:

1) бұл туралы күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам өтінішхат берсе;

2) күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам кәмелеттік жасқа толмаса;

3) күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам дене немесе психикалық кемістігі салдарынан өзінің қорғалу құқығын өз бетінше жүзеге асыра алмаса;

4) күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам сот ісі жүргізілетін тілді білмесе;

5) адамға жазалау шарасы ретінде он жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру, өмір бойына бас бостандығынан айыру не өлім жазасы тағайындалуы мүмкін болатын қылмыс жасады деп күдік келтірілсе, айып тағылса;

6) күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға, сотталған адамға бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау қолданылса немесе олар стационарлық сот-психиатриялық сараптамаға мәжбүрлеп жіберілсе;

7) күдіктілердің, айыпталушылардың, сотталушылардың, сотталғандардың, ақталғандардың мүдделері арасында қайшылықтар болып, олардың біреуінің қорғаушысы болса;

8) қылмыстық процеске жәбірленушінің (жекеше айыптаушының) немесе азаматтық талапкердің өкілі қатысса;

9) іс сотта қаралған кезде оған мемлекеттік айыптауды қолдайтын прокурор (мемлекеттік айыптаушы) қатысса;

10) күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде болса және қылмыстық қудалау органдарына немесе сотқа келуден жалтарса;

11) процестік келісім және оны жасасу туралы өтінішхат мәлімделсе, міндетті қорғаушының қатысуы міндетті болып табылады.

13.2.6 Тергеу судьясының жәбірленушіден, куәдан жауап алу ерекшеліктері (айғақтарды сақтауға қою)

Прокурор, күдікті немесе іске қорғаушы ретінде қатысатын оның адвокаты жәбірленуші, куә болып табылатын адамнан, егер олардан сотқа дейінгі тергеп-тексеру не сот отырысы барысында неғұрлым кешірек жауап алу объективті себептерге (Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде тұрақты тұруы, шетелге шығуы, денсаулығының ауыр жағдайы, қауіпсіздік шараларын қолдану) байланысты мүмкін болмауы ықтимал деп пайымдауға негіз болған жағдайда, сондай-ақ психикасын жарақаттаушы әсер етуді болдырмау үшін кәмелетке толмаған куәлар мен жәбірленушілерден кейіннен жауап алуды болдырмау мақсатында тергеу судьясының жауап алуы туралы өтінішхат беруге құқылы (ҚР ҚПК-нің 217-бабы).

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам прокурор алдында айғақтарды сақтауға қою туралы өтінішхатты тергеу судьясына жіберу туралы мәселеге бастама жасауға құқылы. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жолданымға қылмыстық істің жәбірленушінің, куәнің айғақтарын сақтауға қою қажеттігін растайтын материалдарын қоса береді.

Прокурор ұсынылған материалдарды қарап, бір тәулік ішінде айғақтарды сақтауға қою туралы өтінішхатты тергеу судьясына жіберу туралы мәселені шешеді. Тергеу судьясы өтінішхатты ол алынған кезден бастап үш тәулік ішінде қарайды және оның нәтижелері бойынша өтінішхатты қанағаттандыру не оны қанағаттандырудан бас тарту туралы уәжді қаулы шығарады. Өтінішхат қанағаттандырылған жағдайда, тергеу судьясы алғаш мүмкіндік болған кезде

жауап алу уақытын белгілейді, бұл туралы прокурорға, күдікті мен оның іске қорғаушы ретінде қатысатын адвокатына хабарлайды. Тергеу судьясының өтінішхатты қанағаттандырудан бас тарту туралы қаулысына ҚР ҚПК-нің107-бабында көзделген тәртіппен шағым жасалады және наразылық білдіріледі. Тергеу судьясының өтінішхатты қанағаттандырудан бас тартуы айғақтарды сақтауға қою туралы өтінішхатты сотқа жіберу негіздерінің болуын көрсететін мән-жайлар туындаған жағдайда, осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген адамдардың қайтадан жүгінуіне кедергі келтірмейді.

Тергеу судьясының жәбірленуші мен куәдан жауап алуы олардың айғақтарын сақтауға қою туралы өтінішхат берген тұлғалардың, ал қажет болған жағдайларда процеске басқа қатысушылардың қатысуымен жүргізіледі. Егер күдіктінің жауап алуға қатысуы жәбірленушінің, куәнің қауіпсіздігіне қатер төндіретін болса, күдікті жауап алуға шақырылмайды. Айғақтарды сақтауға қою кезінде адамдардың сот отырысына қатысу үшін келуін қамтамасыз ету тергеу судьясына өтінішхат мәлімдеген тұлғаларға жүктеледі. Күдіктінің қорғаушысы адамдарды шақыру үшін тергеу судьясының алдына адамдардың жауап алуға келуін қамтамасыз етуге көмек көрсету туралы өтінішхат беруі мүмкін.

Прокурордың, қорғаушының, күдіктінің дәлелді себептер бойынша келмей қалуына байланысты жауап алуды жүргізу, егер осы баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацында санамаланған мән-жайлар бұған кедергі келтірмесе, кейінге қалдырылуы мүмкін.

Тергеу судьясының жауап алуы мен жауап алу хаттамасын жүргізуі Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 347, 369, 370, 371-баптарының қағидалары сақтала отырып жүргізіледі.

Жауап алынатын адамның тергеу судьясы сақтауға қойған айғақтары тіркелген сот отырысының хаттамасына судья мен сот отырысының хатшысы қол қояды. Айғақтарды сақтауға қою кезінде болған процеске қатысушылар сот отырысы хаттамасының көшірмесін алуға және оған өздерінің ескертулерін келтіруге құқылы, оларды тергеу судьясы дәл сол күні қарап, олардың қабылданғаны немесе қабылданбағаны туралы қаулы шығарады. Содан кейін сот отырысының хаттамасы, егер хаттамаға ескерту келтірілген болса, осы ескертулер және судьяның оларды қарау туралы қаулысы қылмыстық іс материалдарына қосып тігу үшін процесс прокурорына жіберіледі.

13.3 Беттестірудің ұғымы мен маңызы

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам бұрын жауап алынған екі адам арасында, егер олардың айғақтарында елеулі қайшылықтар болса, осы қайшылықтардың себептерін анықтау үшін беттестіру жүргізуге құқылы (ҚР ҚПК-нің 218-бабы). Беттестіруге қорғаушы, педагог және (немесе) психолог, дәрігер, аудармашы және жауап алынып отырған адамның заңды өкілі қатыса алады.

Беттестіруді бастау алдында беттестіріліп отырған адамдардың бірін-бірі білетін-білмейтіндігі және олардың арасында қандай қарым-қатынас бар екені анықталады. Куә мен жәбірленушіге олардың айғақтар беруден бас тартқаны,

айғақтар беруден жалтарғаны және көрінеу жалған айғақтар бергені үшін қылмыстық жауаптылығы туралы ескертіледі, сондай-ақ жауап алынатын адамдарға – олардың өзіне, жұбайына (зайыбына) және өзінің жақын туыстарына қарсы, ал діни қызметшілерге – тәубеге келу үстінде оларға сырын ашқан адамдарға қарсы куәлік етпеу құқығы түсіндіріледі. Беттестіруге шақырылған адамдарға анықтау үшін беттестіру жүргізіліп отырған істің мән-жайлары туралы айғақтар беру кезек-кезегімен ұсынылады. Содан кейін сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам сұрақтар қояды. Беттестіруге шақырылған адамдар сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның рұқсатымен бір-біріне сұрақтар қоя алады.

Беттестіру жүргізу кезінде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам іске қоса берілген заттай дәлелдемелер мен құжаттарды көрсетуге құқылы.

Беттестіруге қатысқан адамдардың алдыңғы жауап алуда берген айғақтарын жариялауға олар беттестіруде айғақтар бергеннен және олар хаттамаға енгізілгеннен кейін рұқсат етіледі. Беттестірудің барысы арнайы хаттамамен бекітіледі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам беттестіруге қатысқандарды хаттаманың мазмұнымен таныстырады. Жауап алынған адамдардың хаттамаға түзетулер мен толықтырулар енгізуді талап етуге құқығы бар. Беттестіру хаттамасына сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам және жауап алынған адамдар қол қояды. Әрбір жауап алынған адам өз айғақтарына және хаттаманың әрбір бетіне қол қояды.

13.4. Қарап-тексерудің маңызы мен негіздері, процестік тәртібі

Қылмыстық құқық бұзушылықтың іздерін және өзге де материалдық объектілерді табу және анықтау, оқиғаның жағдайын анықтау және іс үшін маңызы бар мән-жайларды айқындау мақсатында сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жергілікті жерді, үй-жайларды, нәрселерді, құжаттарды, тірі адамдарды, мәйіттерді, жануарларды қарап-тексеруді жүргізеді. Қарап-тексеруді жүзеге асыратын адамның нұсқаулары осы тергеу әрекетінің барлық қатысушылары үшін міндетті болып табылады (ҚР ҚПК-нің 219 бабы).

Тергеп-тексеру тергеу іс-әрекеттерінің ішінде ол ерекше орын алады және сотқа дейінгі тергеп-тексерудің алғашқы кезеңінде жүзеге асырылады. Осы арқылы қылмыстық іске қатысты алынған алғашқы мәліметтер ары қарай тергеудің дұрыс жүргізілуіне өз әсерін тигізеді.

Зерттеу түрлеріне қарай, тергеп-тексеру: оқиға болған жер; аумақ; тұрғын үй; басқа да үй-жай; заттар; құжаттар; адам; мәйіттер; почта-телеграф жөнелтімдеріне қатысты жүргізіледі.

Қарап-тексеру бұған қажеттілік туындаған кезде, әдетте, кейінге қалдырылмай жүргізіледі. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жасалған қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыз немесе хабар ала отырып, оқиға орнына дереу келуге және қарап-тексеру жүргізуге міндетті.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның уақтылы келуі мүмкін болмаған жағдайда, қарап-тексеруді арыз немесе хабар келіп түскен анықтау органының анықтаушысы немесе өзге қызметкері жүргізуге міндетті.

Анықтау органдарының қызметкерлері қарап-тексеруді жүргізу кезінде жәрдем көрсетуге және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның тапсырмасы бойынша оқиға орнын күзету, көзбен көргендерді анықтау және қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарды табу және ұстап алу, зардап шеккендерді көшіру, қаза болғандарды тасымалдау, жалғасып жатқан қылмыстық құқық бұзушылықтардың жолын кесу және қайталануының алдын алу және оқиғаның өзге салдарларын жою жөніндегі қажетті іс-шараларды жүргізуге міндетті.

Қарап-тексеру оның барысы мен нәтижелерін тіркейтін ғылыми-техникалық құралдар қолданыла отырып, ал осы баптың он үшінші және он төртінші бөліктерінде көзделген жағдайда куәгерлердің қатысуымен жүргізіледі. Қажет болған кезде қарап-тексеру күдіктінің, жәбірленушінің, куәнің, сондай-ақ маманның қатысуымен жүргізіледі.

Табылған іздерді және өзге де материалдық объектілерді қарап-тексеру тергеу әрекеті жүргізілетін жерде жүзеге асырылады. Егер қарап-тексеруге ұзақ уақыт талап етілсе немесе қылмыс анықталған жерде қарап-тексеру елеулі түрде қиын болса, объектілер ол жерден алынып, қапталып, мөрленіп және бүлдірілмей, қарап-тексеруге ыңғайлы басқа жерге жеткізілуге тиіс.

Қарап-тексеру кезінде табылғанның және алып қойылғанның барлығы куәгерлерге, қарап-тексерудің басқа да қатысушыларына көрсетілуге тиіс, бұл туралы хаттамада белгі жасалады.

Іске қатысы бар объектілер ғана алып қойылуға жатады. Алып қойылған объектілер қапталады, мөрленеді және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның және куәгерлер тартылған кезде олардың қол қоюы арқылы расталады.

Қарап-тексеруге қатысатын адамдар сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның назарын, өз пікірлері бойынша, істің мән-жайларын анықтауға ықпал ететіннің барлығына аударуға құқылы. Қарап-тексеру кезінде қажет болған жағдайларда қарап-тексерілетін объектілерге өлшеу жүргізіліп, олардың жоспарлары мен схемалары жасалады, сондай-ақ суретке түсіру және өзге де құралдармен түсіріп алу жүргізіледі, бұл туралы хаттамада белгі жасалып, оған көрсетілген материалдар қоса тіркеледі.

Тірі адамды қарап-тексеру оның киген киімдерін және денесінің ашық бөліктерін көзбен шолу, сырттай қарап-тексеру нысанында жүргізіледі, оның барысы мен нәтижелері тергеу әрекетінің хаттамасында көрсетіледі.

Тұрғын үй-жайды қарап-тексеру тек онда тұратын кәмелетке толған адамдардың келісуімен немесе прокурордың санкциясымен ғана жүргізіледі. Егер онда тұратын адамдар кәмелетке толмағандар болса немесе олардың психикалық немесе өзге де ауыр науқастардан зардап шегетіні көрінеу белгілі болса немесе олар қарап-тексеруге қарсы болса, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам мәжбүрлеп қарап-тексеру туралы қаулы шығарады, оған

прокурордан санкция алынуға тиіс. Санкциялаудан бас тартылған жағдайда, қарап-тексеру жүргізілмейді.

Егер тұрғын үй-жай оқиға орны болса және оны қарап-тексеруді кейінге қалдыруға болмаса, онда тұрғын үй-жайды қарап-тексеру сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қаулысы бойынша жүргізілуі мүмкін, бірақ кейіннен прокурор жүргізілген қарап-тексерудің заңдылығын тексеру үшін ол туралы бір тәулік мерзімде хабардар етіледі. Көрсетілген хабарламаны алғаннан кейін прокурор жүргізілген қарап-тексерудің заңдылығын тексереді және оның заңды немесе заңсыз екені туралы қаулы шығарады, ол қылмыстық істің материалына қоса беріледі. Жүргізілген қарап-тексерудің заңсыз екені туралы шешім қабылданса, оның нәтижелеріне іс бойынша дәлелдеме ретінде жол берілмейді.

Тұрғын үй-жайды қарап-тексеру кезінде онда тұратын кәмелетке толған адамның қатысуы қамтамасыз етілуге тиіс. Оның қатысуы мүмкін болмаған жағдайда, жергілікті атқарушы органның өкілдері шақырылады. Ұйымдардың үй-жайлары мен аумағындағы қарап-тексеру олардың әкімшілігі өкілдерінің қатысуымен жүргізіледі. Дипломатиялық өкілдіктер орналасқан үй-жайлардағы, сол сияқты дипломатиялық өкілдіктердің мүшелері мен олардың отбасылары тұратын үй-жайларды қарап-тексеру тек дипломатиялық өкілдік басшысының немесе оны алмастыратын адамның өтініші бойынша немесе оның келісуімен және қатысуымен ғана жүргізіледі. Дипломатиялық өкілдің келісімі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі арқылы сұратылады. Қарап-тексеру жүргізілген кезде прокурордың және Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі өкілінің қатысуы міндетті.

Егер бірінші қарап-тексеру кезінде объектінің бөлшектері қандай да бір себептер бойынша зерттелмеген болса, оларды қосымша қарап-тексеру жүргізіледі.

Нақ сол объектіні қайтадан қарап-тексеру:

1) бастапқы қарап-тексеру жағдайлары объектінің тиімді қабылдануы үшін қолайлы болмаған ретте;

2) егер бастапқы қарап-тексеруден кейін жаңа мәліметтер алынуы мүмкін болса;

3) егер бастапқы қарап-тексеру сапалы жүргізілмеген жағдайда, өткізілуі мүмкін.

13.4.1. Заттай дәлелдемелерді қарап-тексеру және сақтау

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 221-бабына сәйкес, оқиға орнын, жергілікті жерді немесе үй-жайды қарап-тексеру кезінде табылған, тінту, алу, тергеу эксперименті немесе басқа тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде алынған не сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның талап етуі бойынша ұйымдар және азаматтар ұсынған нәрселер қарап-тексерілуге жатады. Көрсетілген нәрселер қарап-тексерілгеннен кейін олар заттай дәлелдемелер деп танылуы мүмкін. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам нәрсені заттай дәлелдеме ретінде тану және оны іске қоса тіркеу туралы қаулы шығарады. Осы қаулыда заттай дәлелдемені іспен бірге қалдыру немесе оны

иесіне немесе өзге адамдарға немесе ұйымдарға сақтауға өткізу туралы мәселе шешілуге тиіс.

Егер нәрселерді ауқымды болуына немесе өзге де себептерге байланысты қылмыстық іспен бірге сақтау мүмкін болмаса, олар фото- немесе бейнетүсіру құралдарымен түсіріп алынуға, мүмкіндігінше мөрленуге және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам көрсеткен орында сақталуға тиіс. Іске заттай дәлелдеменің үлгісі қоса тіркелуі мүмкін. Істе заттай дәлелдеменің табылған жері туралы тиісті анықтама болуға тиіс.

Заттай дәлелдемелерді алып қою, сақтау, беру және жою, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін орган алып қойған ұлттық және шетелдік валютадағы ақшаны сақтау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды. Тез бұзылуға бейім заттай дәлелдемелер, егер оларды иесіне қайтару мүмкін болмаса, жергілікті атқарушы орган айқындайтын тиісті ұйымдарға мақсатына сай пайдалану не алынған сомаларды сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін органның депозитіне сала отырып, өткізу үшін тапсырылады. Сақталуы елеулі материалдық шығынды талап ететін заттай дәлелдемелер, егер иесіне тиісті түрде хабарланғаннан кейін алты ай өткен соң қайтарып берілуі мүмкін болмаса, ал иесі анықталмаған жағдайда – нәрселерді заттай дәлелдемелер деп танығаннан кезден бастап сол мерзімде өткізіледі. Заттай дәлелдемелер алынған соманы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін органның депозитіне сала отырып, заңнамада белгіленген тәртіппен өткізіледі. Негіздер болған кезде, пайдаланылған немесе өткізілген заттай дәлелдемелер иесіне сондай түрдегі және сападағы нәрселермен қайтарылады немесе соңғысына олардың құны соттың шешімі бойынша мемлекеттік бюджет есебінен төленеді.

Әрбір атауы (түрі) бойынша аса ірі мөлшерге жатқызудың белгіленген шегінен асатын мөлшердегі есірткі, психотроптық заттар сот сараптамасы жүргізілгеннен кейін заттай дәлелдемелер деп танылып, іске үлгі ретінде қоса берілгендерін қоспағанда, прокурордың келісімімен қылмыстық қудалау органы қаулысының негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жойылуға тиіс. Есірткі заттарды жою туралы, прокурормен келісілген қаулы және заң талаптарына сәйкес және жою кезінде бейнетіркеуді қолдана отырып жасалған, оны іс жүзінде жою туралы акт қылмыстық іске қоса тігіледі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қылмыстық іске қосып тігу үшін прокурормен келісілген тиісті қаулының негізінде маманның міндетті түрде қатысуымен және бейнежазбаны қолданып, алып қойылған есірткі, психотроптық заттардың жалпы көлемінен әрбір атауы (түрі) бойынша тиісті есірткі, психотроптық заттар үшін заңда белгіленген аса ірі мөлшерге тең шамасында үлгілер іріктеп алынуға, олар қапталып, мөрленуге тиіс, қаптамада заттың атауы және оның көлемі туралы жазба жасалып, қаптамада қамтылғанның анықтығы осы әрекетке қатысқан адамдардың қойған қолдарымен куәландырылады. Бақыланатын жеткізілім немесе өзге де жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде заңсыз айналымнан алып қойылған есірткі заттарын немесе психотроптық заттарды пайдалану қажет болған жағдайда,

оларды жою тиісті жасырын тергеу әрекеттері аяқталғанға дейін прокурордың келісімімен жүргізілмеуі мүмкін.

Анықтау органы істі сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға немесе бір анықтау органынан басқа анықтау органына не сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын бір адамнан екіншісіне берген кезде, сол сияқты іс прокурорға және сотқа жіберілген кезде заттай дәлелдемелер белгіленген тәртіпке сәйкес жөнелтіледі. Заттай дәлелдемелер қапталған және мөрленген түрде оларды даралайтын белгілері көрсетіліп, қамтылған тізімдемемен қоса беріледі.

13.4.2. Адамның мәйітін қарап-тексеру

Адамның мәйітін ол табылған жерде сыртынан қарап-тексеру оның жалпы қағидалары сақтала отырып және сот медицинасы саласындағы маман дәрігердің, ал оның қатысуы мүмкін болмаған жағдайда өзге дәрігердің міндетті түрде қатысуымен жүргізіледі. Адамның мәйітін қарап-тексеру үшін басқа мамандар да тартылуы мүмкін.

Адамның мәйітін қосымша немесе қайталап қарап тексерген жағдайда, сот медицинасы саласындағы маман дәрігердің қатысуы міндетті. Танылмаған адамның мәйітін фотосуретке түсіру, оған дактилоскопия жасау, сондай-ақ сараптамалық зерттеу жүргізу үшін үлгілер алу міндетті болып табылады.

Адамның мәйітін сырттай қарап-тексеру кейіннен сот-медициналық сараптаманың жүргізілуін алмастыра алмайды және жоққа шығармайды.

Мәйітті қарап-тексеру процесінде азаматтардың қайтыс болған адамды тану туралы мәлімдемелері кейіннен мәлімдеушіден куә ретінде жауап алынып, сол тергеу әрекетінің хаттамасына енгізіледі, бұл адам мәйітін бұдан әрі басқа адамдарға тану үшін көрсетуді жоққа шығармайды.

13.4.3. Куәландыру

Адам денесіндегі ерекше белгілерді, қылмыстық құқық бұзушылық іздерін, денсаулыққа келтірілген зиянның белгілерін табу, мас болу жағдайын немесе іс үшін маңызы бар өзге де қасиеттер мен белгілерді анықтау үшін, егер бұл үшін сараптама жүргізу талап етілмесе, күдіктіге, жәбірленушіге, куәға, арыз иесіне және арыз иесі қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам ретінде тікелей көрсеткен адамға куәландыру жүргізілуі мүмкін.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам куәландыру жүргізу туралы қаулы шығарады, ол күдікті, айыпталушы үшін, сондай-ақ арыз иесі қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам ретінде тікелей көрсеткен адам үшін міндетті болып табылады. Жәбірленушіні, куәні, арыз иесін мәжбүрлеп куәландыру прокурордың санкциясымен жүргізіледі.

Куәландыруды сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам дәрігердің немесе басқа маманның қатысуымен жүргізеді. Егер куәландыру адамның денесін жалаңаштаумен ұштастырылатын болса, онда сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жынысы басқа адамды куәландыру кезінде қатыспайды. Бұл жағдайда куәландыруды сот медицинасы саласындағы маман немесе дәрігер жүргізеді.

13.4.5. Қарап-тексеру, куәландыру хаттамасы

Қарап-тексерудің, куәландырудың барысы мен нәтижелері тергеу әрекетін жүргізетін адам жасаған хаттамада көрсетіледі. Хаттамада қарап-тексеру немесе куәландыру кезінде жүргізілген барлық әрекеттер, сол сияқты қарап-тексеру немесе куәландыру кезінде анықталғандардың барлығы олар жүргізілген ретпен және қарап-тексеру немесе куәландыру кезінде анықталған күйінде сипатталады. Хаттамада қарап-тексеру немесе куәландыру кезінде алып қойылған барлық объектілер санамаланады және сипатталады. Хаттамада: қарап-тексеру немесе куәландыру қай уақытта, қандай ауа райы кезінде және жарықтың түсуі қандай болғанда жүргізілгені; қандай ғылыми-техникалық құралдар қолданылғаны және қандай нәтижелер алынғаны; көрсетілген тергеу әрекетін жүргізуге кімдердің тартылғаны және олардың қалай қатысқаны; қандай объектілердің мөрленгені және қандай мөрмен бекітілгені; қарап-тексеруден кейін адамның мәйіті немесе іс үшін маңызы бар нәрселер қайда жіберілгені көрсетілуге тиіс.

13.5. Эксгумацияның ұғымы мен маңызы, негіздері

Эксгумация – адамның қайтыс болуының себебін анықтау немесе мәйіттің ұқсастығына көз жеткізу мақсатымен, жерленген мәйітті көмілген орнынан аршып алу. Осы арқылы, қайтыс болушының жеке басын анықтау, қосымша немесе қайталама сараптама өткізуге мүмкіншілік туады.

Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 225-бабына сәйкес эксгумация тергеу іс-әрекеті болып табылады. Ал, тергеу іс-әрекеті дегеніміз қылмыстық істер бойынша іске қатысты дәлелдемелер алу мақсатында жүргізілетін іс-әрекеттің түрі болып есептелінеді. Эксгумация:

1) адамның мәйітін қарап-тексеру, оның ішінде оны қосымша немесе қайталап қарап-тексеру;

2) тану үшін көрсету;

3) сараптама үшін үлгілер алу және сараптама жүргізу;

4) іс үшін елеулі маңызы бар өзге де мән-жайларды анықтау мақсатында жүргізіледі.

Сонымен қатар, эксгумация өзге де тергеу іс-әрекеттерімен тығыз байланысты.

Мысалы, қарап-тексеру осы эксугмация жасалынғаннан кейін жүргізіледі. Яғни, сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған сәттен бастап осы тергеу іс-әрекеттерін жүргізуге болады

13.5.1. Эксгумация жүргізудің процестік тәртібі

Эксгумация сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның сот санкциялаған уәжді қаулысы негізінде жүргізіледі. Эксгумациялау жүргізу қажет болған кезде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам сот алдында эксгумациялау жүргізу туралы өтінішхат қозғау туралы қаулы шығарады және оны прокурорға жібереді. Қаулыға қылмыстық істің

эксгумация жүргізу қажеттігін растайтын материалдарының куәландырылған көшірмелері қоса беріледі.

Прокурор ұсынылған материалдарды қарап, өтінішхатты қолдайды не оны қолдаудан бас тарту туралы уәжді қаулы шығарады. Өтінішхатты қолдаған кезде прокурор шығарылған қаулы мен материалдарды сотқа жібереді.

Прокурордың өтінішхатты қолдаудан бас тартуы осындай өтінішхатпен қайталап өтініш жасауға кедергі келтірмейді. Эксгумациялауды санкциялау туралы өтінішхатты тергеу судьясы материалдар сотқа келіп түскен кезден бастап үш тәулік ішінде тараптардың қатысуынсыз жеке-дара қарайды.

Тергеу судьясы өтінішхатты және істің ұсынылған материалдарын қарап, эксгумациялауды санкциялау туралы не санкциялаудан бас тарту туралы қаулы шығарады. Қаулы прокурорға және эксгумациялау туралы қаулы шығарған қылмыстық қудалау органына орындау үшін жіберіледі. Эксгумациялау жүргізу туралы немесе одан бас тарту туралы қаулыға ізге түсу органдары немесе прокурор Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 107-бабында көзделген тәртіппен шағым жасайды немесе оған наразылық білдіреді.

Эксгумацияның жүргізілетіні туралы қайтыс болған адамның туыстарының біреуі хабардар етіледі. Себебі, аталған тергеу іс-әрекеті қайтыс болған адамның жақын туыстарының рұқсатымен жүзеге асырылуы керек. Бірақ, сот тәжірибесі көрсеткендей мәйіттің жақын туыстары эксгумация жүргізуге қарсы болуы мүмкін. Ондай жағдайларда іс жүргізу органдарының дәлелді қаулысы арқылы жүзеге асырылады.

Эксгумациялау туралы қаулы адам жерленген жердің әкімшілігі үшін міндетті болып табылады. Эксгумациялауды, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы жергілікті санитариялық-эпидемиологиялық қызметке алдын-ала хабарлай отырып, адам жерленген жердің әкімшілігі сот медицинасы саласындағы маманның қатысуымен жүргізеді. Сонымен қатар, эксгумациялауды жүргізу кезінде эксгумациялау туралы қаулы шығарған, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам, қайтыс болған адамның туыстары, сот медицинасы саласындағы мамандар, куәгерлер қатыстырылады. Бірақ, қазіргі қабылданған қылмыстық процестік кодексіне сәйкес, куәгерлердің осы тергеу әрекетін жүргізуде қатысуы міндетті болып есептелінбейді. Оның орнына ғылыми техникалық құралдарды пайдалануға болады. Заңдылық толық сақталу үшін эксгумация барысында куәгерлерді тарту аса қажет. Өйткені, куәгерлердің тергеу іс-әрекетіне міндетті түрде қатысуы арқылы, өлген адамның туысқандарының тарапынан туындайтын көптеген келіспеушіліктердің алдын алуға болады және сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының мәртебесін негізсіз айыптаудан қорғауға болады. Ал, анықтау органдары эксгумациялау жүргізуде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға жәрдемдесуге міндетті.

Адамның мәйітін тану мен қарап-тексеру, үлгілер алу эксгумациялау орнында жүргізілуі тиіс. Сонымен қатар, эксгумациялаудан кейін адамның мәйіті өзге де зерттеулер жүргізу үшін медициналық ұйымға жеткізілуі мүмкін.

Эксгумациялаудың барысы мен нәтижелері бойынша тиісті хаттамада жасалынады. Хаттамада: 1) тергеу әрекеті жүргізілген күн, уақыт пен орын; 2)

сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) және лауазымы; 3) эксгумациялауға қатысқан сот медицинасы саласы маманының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде); 4) қайтыс болған адамның қатысқан жақын туыстарының немесе заңды өкілдерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), туған жылы, айы, күні, туған жері, тұрғылықты жері; 5) эксгумациялау жүргізу кезінде қатысқан өзге де адамдар туралы мәліметтер; 6) жүргізілген фотосуретке түсіру, дыбыс-, бейне- және кинотүсіру немесе өзге де жазып алатын ғылыми-техникалық құралдардың пайдаланылғаны туралы белгі және олар туралы мәліметтер; 7) жерленген адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), қайтыс болған күні, сондай-ақ эксгумациялау кезіндегі барлық әрекеттер мен барлық табылғандар олардың жүргізілу және табылу ретімен; 8) тергеу әрекетіне қатысатын адамдардың ескертулері; 9) эксгумациядан кейін адам мәйіті жіберілген мекеме не осы тергеу әрекетін жүргізу кезінде табылған, іс үшін маңызы бар, өзге де нәрселер көрсетіледі.

Тергеу әрекетіне барлық қатысушылар эксгумациялау туралы хаттамаға қол қояды. Егер хаттама бірнеше бетте жасалса, тергеу әрекетіне қатысушылар оның әрбір парағына қол қояды.

Егер эксгумациялау кезінде фотосуретке түсіру, бейне және кинотүсіру немесе өзге де жазып алатын ғылыми-техникалық құралдар пайдаланылған болса, онда фотосуреттер, таспалар немесе өзге де ақпарат жеткізгіштер хаттамаға қоса беріледі.

Егер мәйітті тану, қарап-тексеру, үлгілер алу басқа жерде жүргізілген болса, бұл туралы жеке хаттама жасалады.

Мәйітті эксгумациялаудан және кейінгі іс жүргізу әрекеттерінен соң жерлеуді мәйітті эксгумациялау туралы қаулы шығарған адамның немесе органның қатысуымен жерлеу орны әкімшілігі жүргізеді. Анықтау органдары тергеушіге эксгумация жүргізуге жәрдемдесуге міндетті.

13.6.Танудың маңыздылығы мен негіздері

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 229-бабына сәйкес, тану үшін көрсету сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам бұрын байқалған адаммен немесе объектімен ұқсастықты немесе айырмашылықты анықтау мақсатында адамды немесе нәрсені тану үшін куәға, жәбірленушіге, күдіктіге көрсете алады. Тану үшін мәйіт те көрсетілуі мүмкін. Танушы адамдардан тиісті адамды немесе нәрсені қандай жағдайда байқағаны туралы, қандай белгілері мен ерекшеліктеріне қарай тани алатыны туралы алдын ала жауап алынады.

13.6.1 Тану үшін көрсету тәртібі

Танылуға тиіс адам танушы адамға жынысы бір, сыртқы пішіні мен киімінде айқын айырмасы жоқ өзге адамдармен бірге көрсетіледі. Тану үшін көрсетілетін адамдардың жалпы саны кемінде үш адам болуға тиіс. Бұл қағида адам мәйітін тану үшін көрсетуге қолданылмайды. Тергеу әрекетіне өздерінің арасында танылуға тиіс адам болған өзге де адамдардың қатысуы тек олар ерікті түрде келіскен кезде және танушы адам олармен көрінеу таныс болмаған

жағдайда ғана мүмкін болады. Әдетте мәйіттің жеке өзі көрсетіледі. Апаттар туралы істер және құрбан болғандардың саны айтарлықтай болған басқа да істер бойынша мәйітті тану үшін көрсету жалпы қаза болғандармен бірге жүргізілуі мүмкін. Қажет болған жағдайларда, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның нұсқауы бойынша мәйітті танушы адамға көрсетудің алдында маман мәйітті гримдейді («жасандырады»). Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның адам мәйіті қойылған жерде сақталуын қамтамасыз ету туралы нұсқауы тану үшін көрсетуді жүргізуге қажетті уақыт кезеңінде орындалуға міндетті.

Егер танушы адам куә немесе жәбірленуші болса, оған тану үшін көрсетудің алдында айғақтар беруден бас тартқаны үшін, көрінеу жалған айғақтар бергені үшін қылмыстық жауаптылығы туралы ескертіледі, оған – өзіне, жұбайына (зайыбына) және өзінің жақын туыстарына, ал діни қызметшіге тәубеге келу үстінде өзіне сырын ашқан адамдарға қарсы куәлік етпеу құқығы түсіндіріледі. Тану үшін көрсетуді бастаудың алдында сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам танылуға тиіс адамға өзге де адамдар арасында кез келген орынды таңдап алуын ұсынады, бұл хаттамада көрсетіледі. Адамды тану үшін көрсету мүмкін болмаған кезде тану үшін көрсету сыртқы пішіні танылуға тиіс адаммен мүмкіндігінше ұқсас, бір мезгілде кемінде үш басқа адамның фотосуреттерімен бірге көрсетілетін оның фотосуреті, сондай-ақ дыбыс және бейне жазба бойынша жүргізілуі мүмкін.

Нәрсе кемінде үш біртектес нәрселер тобында көрсетіледі. Нәрсені тану үшін көрсету кезінде соған ұқсас объектілерді таңдап алу мүмкін болмаған немесе қиын болғанда тану үшін көрсету жалғыз көрсетілген дана бойынша жүргізіледі. Танушы адамға өзі ол туралы айғақтар берген адамды немесе нәрсені көрсету ұсынылады. Жетелеуші сұрақтар қоюға жол берілмейді. Егер танушы адам өзіне көрсетілген адамдардың біреуін немесе нәрселердің бірін көрсетсе, оған бұл адамды немесе нәрсені қандай белгілері немесе ерекшеліктері бойынша танығанын түсіндіру ұсынылады.

Тану үшін көрсету оның барысы мен нәтижелерін тіркейтін ғылыми-техникалық құралдар қолданыла отырып жүргізіледі. Танушы адамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ дауыс, сөйлеу, жүріс ерекшеліктері бойынша тану кезінде адамды тану үшін көрсету танылуға тиіс адамның танушы адамды көзбен шолып байқауын болдырмайтын жағдайларда жүргізілуі мүмкін. Танушы адамға тану үшін көрсетілген адамдарды жеткілікті түрде көзбен шолып байқау мүмкіндігі қамтамасыз етілуге тиіс. Адамды сол бір белгілері бойынша сол бір танушы адамның қайталап тануы жүргізілмейді.

Тану үшін көрсету туралы хаттама жасалады. Хаттамада танудың шарттары, барысы, нәтижелері көрсетіледі және танушы адамның түсініктемелері мүмкіндігінше сөзбе-сөз жазылады. Егер адамды тану үшін көрсету танылуға тиіс адамның танушы адамды көзбен шолып байқауын болдырмайтын жағдайда жүргізілсе, бұл да хаттамада көрсетіледі.

13.7 Тінту мен алудың маңызы және негіздері

Тінту Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 252-бабына сәйкес, тінту

жүргізуге, аталған заттардың немесе құжаттардың белгілі бір үй-жайда немесе өзге орында, не нақты адамда болуы мүмкін деп болжауға жеткілікті деректердің болуы негіз болып табылады. Сонымен қатар тінту іздестіріліп жатқан адамдарды немесе мәйіттерді табу үшін жүргізіледі. Тінту жүргізу үшін тергеуші тиісті қаулы шығарады, оны жүргізуге Қазақстан Республикасы Конституцияның 25-бабына, Қазақстан Республикасы ҚПК-не сәйкес прокурордың санкциясы қажет. Тінту куәгерлердің қатысуымен, ал қажет болған жағдайларда маманның, аудармашының қатысуымен жүргізіледі. Тінту басталардан бұрын оған қатысушыларға тиісті қаулы таныстырылады. Тінтуге кіріскенде тергеуші іс үшін маңызды болуы мүмкін, алынуға жататын құжаттарды ерікті түрде беруді ұсынады. Егер олар ерікті түрде берілсе және алынуға жататын заттар мен құжаттардың жасырылғандығына күмәндануға негіздер болмаса, тергеуші одан әрі іздеу жүргізбеуге құқылы. Егер жабық үй-жайлар мен қоймалардың иесі оларды ерікті түрде ашудан бас тартса, тінту жүргізілген кезде олар ашылуы мүмкін. Бұл ретте есік құлыптарын және басқа да заттар қажетсіз бүлдіруге жол берілмеуі тиіс. Айрықша жағдайларда, іздестіріліп жатқан және алып қоюға жататын объект оны табуды ұзаққа созудан жоғалуы, бүлінуі немесе қылмыстық мақсатта пайдалануы мүмкін болғанда не іздестіріліп жатқан адам жасырынуы мүмкін болғанда тінту прокурордың санкциясынсыз, бірақ жүргізілген тінту туралы кейін 24 сағат ішінде оған хабарлау арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Түскен хабарға байланысты прокурор тінтудің заңдылығын тексереді. Егер тінту жүргізу барысында заң бұзушылықтар орын алса, онда олар дәлелдемелер ретінде жіберілмейді. Себебі, негізсіз жүргізілген тінту әрекеттері, тіпті адал адамның ар-ожданын түсіреді және оның өміріне қауіп төнуі мүмкін.

Тергеуші тінту жүргізу барысында сол үй-жайда тұрып жатқан адамның немесе басқа да адамдардың жеке өмірінің тінту кезінде анықталған мән-жайлардың жария етілмеуіне шаралар қолдануға міндетті. Сонымен қатар ол тінту жүргізіліп жатқан үй-жайды немесе ондағы адамдарға және осы үй-жайға немесе орынға келген адамдарға тінту аяқталғанға дейін ол жерден кетуге, сондай-ақ бір-бірімен немесе өзге адамдармен сөйлесуге тыйым салуға құқылы. Тінту барысында тергеуші арқылы іске қатысы бар деген заттарды ғана ала-алады және алынған заттар басқа қатысушыларға көрсетіле отырып буылып-түйіледі және тінту жүргізіліп жатқан жерде бекітіледі, басқа адамдардың қол қоюы арқылы куәландырылады. Тінту жүргізілу барысында фотосуретке, киноға түсіру және бейнежазбалар қолданылады. Тінту жүргізілгендігі туралы тиісті хаттама толтырылады. Онда тергеу барысы және алынған заттар көрсетіледі, іске қатысушылардың қолдары қойылады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 252-бабы және 254 баптарының негізінде тінтілетін адамның денесіндегі немесе денесінің ішіндегі, оның киіміндегі нәрселер мен құжаттарды және оның жанындағы нәрселерді табу және алып қою мақсатында жеке басына тінту жүргізуге құқылы. Жеке басын тінтуді тінтілетін адаммен жынысы бір адам ғана және сондай жыныстағы куәгерлер мен мамандардың қатысуымен жүргізеді.

Жеке басын тінту, мына жағдайлардың біреуі болған кезде:

1) егер тінту жүргізіліп жатқан үй-жайдағы немесе өзге орындағы адам іс үшін маңызы болуы мүмкін құжаттарды немесе нәрселерді өзінде жасырып отыр деп пайымдауға жеткілікті негіздер болса;

2) егер ол адам ұстап алынған немесе күзетпен қамалған кезде жүргізілген болса, арнайы қаулы шығарылмай және прокурордың санкциясынсыз жүргізілуі мүмкін. Бұл жағдайда жеке басын тінту куәгерлердің қатысуынсыз жүргізілуі мүмкін.

Тінтілетін адамның денесінің ішіндегі нәрселерді табу қажет болған кезде жеке басын тінтуге тиісті бейіннің мамандары қатысады.

13.7.1 Тінту немесе алу хаттамасы

Тінтуді немесе алуды жүргізетін адам ол туралы тиісті хаттама жасайды.

Хаттамада нәрселердің немесе құжаттардың қай жерде және қандай жағдайларда табылғаны, олардың ерікті түрде берілгені немесе мәжбүрлі түрде алып қойылғаны көрсетілуге тиіс. Барлық алып қойылған нәрселер хаттамада саны, мөлшері, салмағы, даралайтын белгілері және мүмкіндігінше құны дәл көрсетіле отырып, тізбеленуге тиіс. Егер тінту немесе алу жүргізілген кезде алып қойылуға жататын нәрселерді немесе құжаттарды жою немесе жасыру әрекеттері жасалған болса, бұл хаттамада қолданылған шаралар көрсетіле отырып, жазылуға тиіс.

Тінту немесе алу хаттамасының көшірмесі олар жүргізілген адамға не оның отбасының кәмелетке толған мүшесіне, ал олар болмаған жағдайда тұрғын үй пайдалану ұйымының немесе жергілікті атқарушы органның өкіліне қолхат алына отырып табыс етіледі. Егер тінту немесе алу ұйымда жүргізілсе, онда хаттаманың көшірмесі оның өкілдеріне қолхат алына отырып табыс етіледі.

13.8. Айғақтарды оқиға орнында тексеру және нақтылау

Келесі тергеу іс-әрекеттерінің бірі – күдіктінің тергелетін оқиғамен байланысты жерде берген айғақтарын тексеру мен нақтылау. Заңға сәйкес бұл тергеу іс-әрекеті, айғақтардың растығын оларды болған оқиғаның жағдайымен салыстыру арқылы анықтау; тексерілетін іс әрекет болған бағытты және орынды анықтау; жаңа нақтылы деректерді анықтау мақсатында жүргізіледі. Оқиға болған жерде айғақтарды тексеру мен нақтылау бұрын жауап алынған адам зерттеліп отырған оқиғаның жай-жапсары мен мән-жайларын оқиға болған жерде жаңғыртуы; іс үшін маңызы бар заттарды, құжаттарды, іздерді тауып, көрсетуі; белгілі бір іс-қимылды бейнелеп көрсетуі; зерттеліп отырған оқиғада қандай заттардың қандай рөл атқарғанын көрсетуі; оқиға болған орынның өзгеруіне назар аудартуы; өзінің бұрынғы айғақтарын нақтылауы және айқындауы болып табылады. Бірақ тәжірибе барысында, бұл тергеу іс-әрекеті күдіктіге кінәсін мойындатудың құралы ретінде пайдаланылады. Яғни, куәгерлердің қатысуымен айыпкердің берген жауабын сотта бұлтартпау үшін бекіту болып табылады. Сондықтан прокурор қадағалауды жүзеге асыру барысында, тергеу іс-әрекетінің дұрыстығын толық тексеруі аса қажет. Бұл

тергеу іс-әрекетін жүргізу барысында алдын ала тергеу органдары қызметкерлерінің тарапынан жетекші сұрақтар қоюына жол берілмеуі қажет. Айғақтарды тексеру мен нақтылау жауап алынып отырған адамға оның айғақтары тексерілетін бағыт пен орынды ерікті түрде көрсетуді ұсынудан басталады. Айғақтар айтылғаннан кейін және іс-қимылдарды бейнелеп көрсеткеннен кейін айғақтарды тексеріліп отырған адамға сұрақтар қойылуы мүмкін. Оқиға болған жерде айғақтарды тексеру мен айқындау куәгерлердің қатысуымен қажет болған жағдайда мамандардың қатысуымен жүргізіледі. Іске қатысушыларға құқықтары мен міндеттері түсіндірілуі қажет. Олар жүргізіліп отырған тергеу іс-әрекетіне байланысты өздерінен қосымша жауап алуды талап етуге құқылы. Оқиға болған жерде айғақтарды тексеру мен нақтылау барысында табылған, іс бойынша дәлел ретінде маңызы болуы мүмкін заттар мен құжаттар алынып, буып-түйіледі және мөрмен бекітіледі. Тергеу іс-әрекетін жүргізу барысында, қажет болған жағдайларда өлшеу, суретке түсіру, дыбыс және бейнежазба жасау, киноға түсіру жүргізіледі, жоспарлар жасалынады. Оқиға болған жерде айғақтарды тексеру мен нақтылау жүргізілгені туралы хаттама толтырылады, онда айғақтарды тексеру мен айқындаудың жағдайы, барысы мен нәтижелері көрсетіледі және тергеу іс-әрекеті жүргізілу барысында алынған дәлелдемелер тіркеледі. Заңда көрсетілген осы ережелер толық сақталғанда ғана, сезікті мен айыпталушының конституциялық құқықтарын толық кепілдендіруге мүмкіндік туады.

13.9. Тергеу эксперименті және оның процестік тәртібі

Тергеу эксперименті іс үшін маңызы бар мәліметтерді зерттелетін оқиғаның белгілі бір іс-қимылдарын, жағдайын, мән-жайларын жаңғырту және тәжірибе жүргізу арқылы тексеру мен нақтылау мақсатында жүргізіледі. Эксперимент жүргізу кезінде, атап айтқанда, қандай да бір фактілерді қабылдау, белгілі бір іс-қимылдардың жасалу мүмкіндігі, қандай да бір оқиғаның басталуы тексерілуі, сондай-ақ болған оқиғаның реті және іздердің пайда болу тетігі анықталуы мүмкін.

Тергеу эксперименті оның барысы мен нәтижелерін тіркеудің ғылыми-техникалық құралдары міндетті түрде қолданыла отырып жүргізіледі. Қажет болған кезде тергеу экспериментіне өздерінің келісімі бойынша күдікті, жәбірленуші, куә, маман, сарапшы және тәжірибелік іс-қимылдарды жүргізетін адамдар тартылуы мүмкін. Экспериментке қатысушыларға оның мақсаты мен жүргізілу тәртібі түсіндіріледі.

Тергеу экспериментін, егер бұл ретте оған қатысатын адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндірілмесе, олардың абыройы мен қадір-қасиеті кемсітілмесе, оларға материалдық залал келтірілмесе, жүргізуге жол беріледі. Тергеу эксперименті жаңғыртылатын оқиғалар немесе іс-қимылдар болған жағдайларға барынша ұқсас жағдайларда жүргізіледі.

Тергеу экспериментінің жүргізілгені туралы хаттама жасалады. Хаттамада тергеу экспериментінің шарттары, барысы мен нәтижелері егжей-тегжейлі баяндалады және мыналар: эксперименттің қандай мақсатпен, қашан, қайда және қандай жағдайларда жүргізілгені; оқиғаның жағдайы мен мән-жайларын

жаңғыртудың нақты неден көрінгені; қандай іс-қимылдар, қандай ретпен жүргізілгені, оны кімнің және қанша рет жасағаны; қандай нәтижелер алынғаны көрсетіледі.

13.10 Нәрселер мен құжаттарды беру

Қазақстан Республикасы 4 шілде 2014 жылғы қылмыстық процестік кодексінің қабылдануына байланысты дәлелдемелерді бекіту мен нақтылау мақсатында жаңа нәрселер мен құжаттарды беру жөнінде жаңа тергеу іс-әрекеті бекітіліп отыр.

Яғни, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға нәрселер мен құжаттарды оларға иелік ететін адамдардың бастамасы бойынша беруге болады. Тараптар, сондай-ақ өзге де адамдар, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың басшылары мен басқа да лауазымды адамдары сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға өздерінің пікірі бойынша іс үшін маңызы болуы мүмкін нәрселерді және құжаттарды беруге құқылы. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам берілген нәрсені, құжатты қарап-тексеруді жүргізуге және егер нәрсенің немесе құжаттың іс үшін маңызы бар немесе одан әрі маңызы болуы мүмкін деп пайымдауға негіздер болса, оны қабылдауға міндетті. Осы іс үшін маңызы болмаса да, бірақ айналымнан алып қойылған нәрселер де, құжаттар да қабылдап алынуға тиіс. Іс үшін маңызы жоқ және айналымнан алынбаған нәрсе, құжат берілген жағдайда, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам нәрсені, құжатты қарап тексергеннен кейін тиесілігі бойынша дереу қайтарады.

Сонымен қатар, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам тінтуді немесе алуды жүргізбей-ақ, кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның басшысынан, сол сияқты азаматтардан тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде уақытша пайдалану үшін қажетті нәрселер мен құжаттарды беруді талап етуге құқылы. Мұндай нәрселер мен құжаттарға:

1) эксперимент жүргізу кезінде зерттелетін оқиғаның жағдайы мен шарттарын жаңғыртуға арналған сол тектестер немесе макеттер;

2) тану үшін ұсынылған нәрсемен немесе құжатпен біртектес нәрсе немесе құжат;

3) егер сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамда не оның тапсырмасы бойынша әрекет етуші маманда, сарапшыда немесе сарапшылық мекемеде олар жоқ болса, тергеу әрекеттерін не сараптамалық зерттеу жүргізу кезінде қолдануға арналған құрылғылар, құралдар, аспаптар, материалдар жатады.

Қажеттілігі өткеннен кейін бұл нәрселер, құжаттар тиесілілігі бойынша қайтарылуға жатады.

Мемлекеттік органдардың, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың басшылары және лауазымды адамдары сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның прокурормен келісілген талабы бойынша өз құзыреті шегінде жоспардан тыс тексеру, құжаттамалық ревизия немесе өзге де қызметтік тексеру жүргізуге және ревизия немесе тексеру актісін барлық қосымшаларымен бірге белгіленген мерзімде ұсынуға міндетті. Қылмыстық

қудалау органы жеке кәсіпкерлік субъектілеріне ревизиялар және тексерулер жүргізу талабы туралы бір тәулік ішінде прокурорды хабардар етеді. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам ревизия немесе тексеру актісінде не басқа құжатта белгіленген қағидалардан ауытқушылықтарды, олқылықтарды, қайшылықтарды және басқа да кемшіліктерді таба отырып, құжаттағы атап өтілген қателердің жойылуын талап етуге құқылы.

13.10.1. Нәрселер мен құжаттарды беру хаттамасы

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам заттай дәлелдемелер ретінде маңызы болуы мүмкін нәрселер мен құжаттардың берілгені туралы тиісті хаттама жасайды.

Хаттамада, сондай-ақ: 1) нәрсені немесе құжатты берген тұлға туралы мәліметтер; 2) осы тұлғаның нәрсені немесе құжатты іске қосып тігу туралы өтінішхаты; 3) нәрсені немесе құжатты қарап-тексерудің, ал егер ол пошта арқылы берілген болса, онда қаптаманы да қарап-тексерудің барысы мен нәтижелері; 4) осы нәрселердің белгілері, қасиеттері, техникалық сипаттамалары, егер олардың іс үшін мәні болса, талап етіп алдырылған нәрселер пайдаланылған іс жүргізу кезінде тергеу әрекетінің хаттамасында көрсетіледі; 5) нәрсенің немесе құжаттың сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға іс жүзінде берілгені не нәрсенің немесе құжаттың оны берген тұлғаға қайтарылғаны көрсетілуге тиіс.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам заттай дәлелдеме ретінде маңызы болуы мүмкін нәрсені немесе құжатты берген тұлғаға хаттаманың қол қойылып куәландырылған көшірмесін береді. Егер қабылданған нәрсе немесе құжат пошта арқылы келіп түскен болса, жөнелтушіге хаттаманың көшірмесі немесе оның үзінді көшірмесі жіберіледі, ал пошталық квитанция хаттамаға қоса беріледі. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам пошта арқылы келіп түскен нәрсені немесе құжатты іске қатысты емес деп есептеген және оны пошта арқылы жөнелтушіге қайтарған жағдайда да, квитанция хаттамаға қоса тігіледі. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам берілген нәрсені немесе құжатты заттай дәлелдеме ретінде іске қосып тігу туралы өтінішхатты қанағаттандырудан бас тарту туралы қаулы шығарады. Жазбаша дәлелдемелер ретінде берілген, ревизиялардың және басқа да қызметтік тексерулердің актілері арнайы ресімделмей-ақ іске қосып тігіледі. Тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде уақытша пайдалану үшін талап етіп алдырылған нәрселерді алу мен қайтару хаттамада көрсетіледі және нәрсені берген тұлғаның қолымен куәландырылады.

13.11. Сараптамалық зерттеу үшін үлгілер алу

Сараптаманы тағайындау үшін, *үлгілер алуды* жүзеге асыру қажет. Ол, іске қажетті дәлелдемелік мәні болған жағдайда, адамнан, мәйіттен, жануардан, бұйымнан, заттардан қажетті үлгілер алу үшін жүзеге асырылатын тергеу іс-әрекеті. Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 262-бабына сәйкес, сараптамалық зерттеу үшін үлгілер күдіктіден, айыпталушыдан, жәбірленушіден, сондай-ақ медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану жөнінде іс жүргізіліп

отырған адамнан алынуы мүмкін. Үлгілер алу туралы дәлелді қаулы шығарылады, онда: үлгілерді алатын адам; үлгілер алынатын адам (ұйым); нақты үлгілер қандай мөлшерде алынуға тиіс екені; үлгілерді алу үшін адамның қашан және кімге келуі керек екені; үлгілер алынғаннан кейін қашан және кімге ұсынылуға керектігі көрсетілуі тиіс. Тергеуші адамды өзіне шақыртып немесе ол тұрған жерге келіп, оны үлгілер алу туралы қаулымен қолхат ала отырып таныстырады, оған және аталған тергеу іс-әрекетіне қатысушы өзге адамдарға құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді. Үлгілер алу үшін іске қатысушылардың келісімі керек. Жәбірленуші мен куәдан сараптамалық зерттеу үшін үлгілер алу, мұндай әрекетті жасауды күдікті, айыпталушы өзін қылмыс жасады деп әшкерелейтін айғақтарды тексеру үшін табанды түрде талап еткеннен, сондай-ақ жыныстық аурулар мен өзге де жұқпалы ауруларды анықтау үшін, мұндай анықтау іс үшін маңызды болғанда үлгілер алу қажет болғаннан басқа жағдайларда, жәбірленуші мен куәнің келісімімен ғана жүргізілуі мүмкін. Егер жәбірленуші, куә сараптамалық зерттеу үшін үлгілерді алуға келісім бермесе, онда тергеу іс-әрекеті прокурордың санкциясымен немесе соттың шешімі бойынша мәжбүрлі түрде жүзеге асырлады. Ал, мәжбүрлі түрде сезікті мен айыпталушыдан сараптамалық зерттеу үшін үлгілер алу тергеушінің шешімі арқылы жүзеге асырыла береді.

Сараптамалық зерттеу үшін үлгілер алудың әдістері мен ғылыми-техникалық құралдары адамның өмірі мен денсаулығына қауіпсіз болуға тиіс. Жанға қатты батыра жасалатын күрделі медициналық рәсімдерді немесе әдістерді қолдануға бұған үлгілер алынуға тиісті адам, ал егер ол адам кәмелетке толмаған болса немесе психикалық ауру болса, онда заңды өкілдері жазбаша келісім берген жағдайда ғана жол беріледі.

Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 259-бабына сүйенсек, сараптамалық зерттеу үшін үлгілер алу туралы мәселені тек тергеуші ғана шешуі тиіс**.** Үлгіні тергеуші жеке өзі, ал қажет болғанда дәрігердің, өзге маманның қатысуымен алады. Өзге жағдайларда, үлгілерді тергеушінің тапсырмасы бойынша дәрігер мен маман алуы мүмкін. Үлгіні дәрігер немесе маман алатын болса, онда тергеуші ол туралы қаулы шығара отырып, аталған қаулыны дәрігерге немесе маманға жібереді. Үлгілерді тергеушінің тапсырмасы бойынша дәрігер немесе басқа маман алған соң, ол бұл туралы ресми құжат жасайды, оған аталған іс-әрекетке қатысқан барлық адамдар қол қояды және ол қылмыстық іске қосып тігу үшін тергеушіге беріледі. Бұл іске қатысушылар заңға сәйкес тергеушінің тапсырмасынсыз өздігінен сараптамалық зерттеу үшін үлгілерді алуға өкілеттігі жоқ.

13.12. Сараптама тағайындаудың ұғымы және тәртібі

Келесі тергеу іс-әрекеті сараптаманы тағайындау болып табылады. Сараптаманы тағайындау мен жүргізілу тәртібі Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 270-287 баптарымен реттеледі. Сараптама сарапшы арнайы ғылыми білімдер негізінде жүргізілетін іс материалдарын зерттеу нәтижесінде іс үшін маңызы бар мән-жайлар алынуы мүмкін жағдайда тағайындалады. Сараптама тағайындау арқылы, өлімнің себептерін, денсаулыққа келтірілген зиянның си-

паты мен ауырлық дәрежесін туғызғанда сезіктінің, айыпталушының жасын; ақыл-есінің дұрыстығы немесе қылмыстық іс жүргізуде өз құқықтары мен заңды мүдделерін өз бетінше қорғау қабілеті жөнінде күмән туғанда сезіктінің, айыпталушының психикалық немесе тәнінің жай-күйін; іс үшін маңызы бар жағдайларды дұрыс қабылдау және олар бойынша айғақтар беру қабілетіне күмән туған жағдайда тергеуші күдіктінің және басқа қатысушылардың тәнінің жай-күйін; істің өзге де мән-жайларын анықталады.

Сараптама тағайындау қажет деп таныған тергеуші, прокурор (Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 193-бабы), сот (Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 354-бабы) бұл туралы қаулы шығарады. Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 274-бабының талаптарына сәйкес, тергеуші сараптама тағайындау туралы қаулымен күдіктіні, айыпталушыны сараптама жүргізілгенге дейін немесе сараптаманың қорытындысымен таныстыруға міндетті. Күдікті, айыпталушы тиісті қаулымен таныса келе, өзіне тиесілі құқықтарына түсіндірме ала алады; сарапшыдан бас тартуға немесе сраптама жүргізуден сот сараптамасы органын шеттету туралы; сарапшылар ретінде өздері атаған адамдарды немесе белгілі бір сот сараптамасы органдарының қызметкерлерін тағайындау туралы, сондай-ақ сараптаманы сарапшылар комиссиясының жүргізілуі туралы өтініш жасайды және т.б. Оларға өздеріне тиесілі құқықтарының түсіндірілгені туралы тиісті хаттама жасалуы тиіс.

Тірі адамдарға сот сараптамасын жүргізу кезінде:

1) олардан мәліметтер алу мақсаттарында оларды заңмен кепілдік берілген құқықтарынан айыруға немесе құқықтарына қысым көрсетуге (оның ішінде алдау, азаптау, қатыгез қарым қатынас, зорлық-зомбылық, қорқыту және өзге де заңсыз шаралар қолдану арқылы);

2) көрсетілген адамдарды медициналық технологияларды, фармакологиялық және дәрілік заттарды клиникалық зерттеулердің субъектілері ретінде пайдалануға;

3) хирургиялық араласуды көздейтін зерттеу әдістерін қолдануға тыйым салынады.

Сот сараптамасын тағайындаған орган өзіне қатысты сот сараптамасы жүргізілетін адамға сот-сараптама зерттеуінің баламалы әдістерін қоса алғанда, пайдаланылатын әдістері туралы, ықтимал ауырсыну сезімдері мен жанама әсерлер туралы қолжетімді нысанда хабарлауға тиіс. Көрсетілген ақпарат өзіне қатысты сот сараптамасы жүргізіліп жатқан адамның заңды өкілінің өтінішхаты бойынша оған да беріледі. Өзіне қатысты сот сараптамасы жүргізіліп жатқан адамға медициналық көмек заңда көзделген негіздер бойынша және тәртіппен ғана көрсетілуі мүмкін. Медициналық ұйымға орналастырылған адамға шағымдар және өтінішхаттар беру мүмкіндігі беріледі. Заңда көзделген тәртіппен берілген шағымдарды және өтінішхаттарды медициналық ұйымның әкімшілігі жиырма төрт сағат ішінде адресатқа жібереді және олар цензураға жатпайды. Өзі келісім берген адамға қатысты жүргізілетін сот сараптамасы көрсетілген адамның бастамасы бойынша оның кез келген сатысында тоқтатылуы мүмкін.

Заттай дәлелдемелер, құжаттар, адамның денесі мен психикасының жай-күйі, мәйіттер, жануарлар, үлгілер, сондай-ақ қылмыстық іс материалдарындағы сараптама нысанасына жататын мәліметтер сараптама объектілері болып табылады. Сараптамалық зерттеу объектілерінің анықтығы мен жол берілетіндігіне сараптаманы тағайындаған адам, орган кепілдік береді.

Сараптамалық зерттеу объектілері, егер олардың көлемі мен қасиеттері мүмкіндік берсе, сарапшыға қапталған және мөрленген түрде беріледі. Қалған жағдайларда сараптаманы тағайындаған адам сарапшыны зерттеу объектілері тұрған жерге жеткізуді, оларға кедергісіз қол жеткізуді және зерттеу жүргізу үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге тиіс. Сараптама жүргізу кезінде оның объектілері сараптаманы тағайындаған органның рұқсатымен зерттеулер жүргізу және қорытынды беру үшін қаншалықты қажет болса, сол шамада ғана бүлдірілуі немесе пайдаланылуы мүмкін. Көрсетілген рұқсат сот сараптамасын тағайындау туралы қаулыда немесе сот сарапшысының өтінішхатын қанағаттандыру туралы не оны қанағаттандырудан ішінара бас тарту туралы уәжді қаулыда қамтылуға тиіс.

13.12.1. Сараптаманы жүргізу

Сараптаманы жүргізуді, сот сараптамасы органдарының қызметкерлері; лицензия негізінде сот сараптама қызметін жүзеге асыратын адамдар; заң талаптарына сәйкес басқа да адамдар жүзеге асыра алады. Сараптама сот сараптамасы органына тапсырылған кезде тергеуші сараптама тағайындау туралы қаулыны және қажетті материалдарды оның басшысына жібереді. Сараптаманы сот сараптамасы органының қаулыда көрсетілген қызметкері жүргізеді. Егер қаулыда нақты бір сарапшы көрсетілмесе, сарапшыны сот сараптамасы органының басшысы тағайындайды, бұл туралы сараптама тағайындаған адамға хабарлайды. Тергеуші сараптаманы тапсыруды белгілеп отырған адамның жеке басын, оның құзыреттілігін анықтауға, оның күдіктімен, айыпталушымен ара-қатынасын анықтауға міндетті. Ол сарапшы мен айыпталушының ара-қатынасын анықтау арқылы, қажет болған жағдайларда оны сараптама жүргізуден шеттете алады. Егер қаулыда нақты сарапшы көрсетілмесе, сарапшыны таңдауды сот сараптамасы органының басшысы жүзеге асырады, бұл туралы сараптаманы тағайындаған адамға үш күн мерзімде хабарлайды.

Егер сот-медициналық немесе сот-психиатриялық сараптама тағайындалған немесе жүргізілген кезде стационарлық байқау қажеттігі туындаса, сезікті, айыпталушы сараптама жүргізу үшін медициналық мекемеге орналыстырылуы мүмкін. Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 14-бабына сәйкес, күзетпен ұсталмаған адамды сот-психиатриялық сараптама жүргізу үшін медициналық мекемеге мәжбүрлеп орналастыруға соттың шешімімен, ал күзетпен ұсталмаған адамды сот-медициналық сараптама жүргізу үшін медициналық мекемеге орналастыруға соттың шешімі немесе прокурордың санкциясы бойынша жол беріледі.

13.12.2 Қорғаушы, жәбірленушінің өкілі болып табылатын адвокаттың сот сараптамасын жүргізу туралы сұрау салуы

Қорғаушы, жәбірленушінің өкілі болып табылатын адвокаттың сұрау салуы негізінде сот сараптамасын жүргізу қылмыстық процесті жүргізетін органнан зерттеу объектілерін талап ету қажет болмаған жағдайда жүргізіледі. Сұрау салуда: адвокаттың тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), оның адвокаттық қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензияның нөмірі, сараптаманы тағайындау уақыты, орны; сараптама түрі; сараптама тағайындау үшін негіздер; сараптамаға жіберілетін объектілер және олардың шығу тегі туралы ақпарат, сондай-ақ зерттеу барысында көрсетілген объектілерді ықтимал толық немесе ішінара жоюға, олардың сыртқы түрін немесе негізгі қасиеттерін өзгертуге рұқсат; ол сот сараптамасын жүргізуді тапсыруға ниет білдірген сот сараптамасы органының, ұйымының атауы және (немесе) адамның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) көрсетіледі. Қорғаушы, жәбірленушінің өкілі болып табылатын адвокаттың сот сараптамасын жүргізу туралы сұрау салуын жіберу туралы қылмыстық процесті жүргізетін адам бір мезгілде хабардар етіледі, ол сарапшыға қарсылық білдіруге осы Кодекстің 93-бабында көзделген негіздердің бар-жоғын тексереді, сондай-ақ қажет болған кезде сарапшыға қосымша сұрақтар жібереді.

Қорғаушы, жәбірленушінің өкілі болып табылатын адвокат сарапшыға сот сараптамасын жүргізу туралы сұрау салуды және сараптама объектілерін табыс етеді, оған құқықтары мен міндеттерді түсіндіреді және қолхат ала отырып, көрінеу жалған қорытынды бергені үшін қылмыстық жауаптылық туралы ескертеді. Көрсетілген қолхат қорғаушы, жәбірленушінің өкілі болып табылатын адвокаттың хаты негізінде қылмыстық іс материалдарына қоса тігіледі. Сарапшының арыздары, өтінішхаттары және оларды қабылдамау уәждері де осылайша қоса тіркеледі.

Қорғаушы, жәбірленушінің өкілі болып табылатын адвокаттың сұрау салуы негізінде берілген сарапшы қорытындысы екі данада жасалады, оның біреуі – қылмыстық процесті жүргізетін адамға, екіншісі сот сараптамасын жүргізу туралы сұрау салудың бастамашысына жіберіледі. Қорғаушы, жәбірленушінің өкілі болып табылатын адвокаттың сұрау салуы бойынша сот сараптамасын жүргізу кезінде оны жүргізуге байланысты шығыстарды өтеу, сондай-ақ сарапшының еңбегіне ақы төлеу жалы тәртіп бойынша жүргізіледі. Шығыстарды өтеу өзінің мүдделерінде сот сараптамасы жүргізілген адамға жүктеледі.

13.12.3. Сот сараптамасы органынан тыс жерде сараптама жүргізу

Егер сараптама жүргізуді сот сараптамасы органының қызметкері болып табылмайтын адамға тапсыру көзделсе, қылмыстық процесті жүргізетін орган оны тағайындау туралы қаулы шығарылғанға дейін өзі сараптама жасауды тапсыруға ниеттенген адамның жеке басына көз жеткізуге және сарапшыға қарсылық білдіру үшін ҚР ҚПК-нің 93-бабында көзделген негіздердің бар-жоғын тексеруге тиіс. Онда сарапшыны істен шеттету негіздері көзделген.

Қылмыстық процесті жүргізетін орган, тергеу судьясы сараптама тағайындау туралы қаулы шығарады, оны сарапшыға тапсырады, оған ҚР ҚПК-

тің 79-бабында көзделген құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді және оның көрінеу жалған қорытынды бергені үшін қылмыстық жауаптылығы туралы ескертеді. Бұл әрекеттердің орындалғаны туралы қылмыстық процесті жүргізетін орган, тергеу судьясы сараптама тағайындау туралы қаулыда сарапшының қолымен куәландырылатын белгі жасайды. Сарапшы жасаған мәлімдеме мен оның өтінішхаттары да осылайша тіркеледі. Сараптаманы тағайындаған адам сарапшының өтінішхатын қабылдамау туралы уәжді қаулы шығарады.

13.12.4 Процеске қатысушылардың сот сараптамасын жүргізу кезінде қатысуы

Қылмыстық процесті жүргізетін орган сараптама жүргізу кезінде қатысуға, сарапшының жүргізіп жатқан әрекеттеріне қатысты түсіндірмесін алуға құқылы. Сараптама жүргізу кезінде қылмыстық процесті жүргізетін органның қатысу фактісі сарапшының қорытындысында көрсетіледі. Өздерінің құқықтары мен мүдделерін немесе өздері өкілдік ететін құқықтар мен мүдделерді қорғайтын процеске қатысушылар сараптама жүргізу кезінде қылмыстық процесті жүргізетін органның рұқсатымен қатыса алады. Бұл жағдайда қылмыстық процесті жүргізетін органның қатысуы міндетті. Қылмыстық сот ісін жүргізетін орган тиісті өтінішхатты қанағаттандырған кезде оны мәлімдеген адамға сараптаманың жүргізілетін орны мен уақыты хабарланады. Хабарланған адамның келмеуі сараптаманы жүргізуге кедергі келтірмейді. Сот сараптамасын жүргізу кезінде қатысып отырған процеске қатысушылар зерттеулер барысына араласуға құқылы емес, бірақ олар сот сараптамасының нысанасына қатысты түсініктемелер бере алады. Егер сот сараптамасын жүргізу кезінде қатысып отырған процеске қатысушы сот сарапшысының қызметіне кедергі келтірсе, соңғысы зерттеуді тоқтата тұруға және қылмыстық процесті жүргізетін органның не сараптама тағайындаған адамның алдында көрсетілген процеске қатысушыға сот сараптамасын жүргізу кезінде қатысуға берілген рұқсаттың күшін жою туралы өтінішхат беруге құқылы. Сот сарапшысы қорытынды жасаған кезде, сондай-ақ, егер сот сараптамасын сот сарапшылары комиссиясы жүргізсе, сот сарапшыларының кеңесу және түйіндерді тұжырымдау сатысында процеске қатысушылардың қатысуына жол берілмейді. Сот психиатриялық және сот психологиялық-психиатриялық сараптаманың жүргізілуі құпиялық жағдайында жүзеге асырылады. Адамға қатысты оны жалаңаштаумен ұштасатын сот-сараптамалық зерттеулер жүргізу кезінде тек сол жыныстағы адамдар ғана қатыса алады. Осы шектеу көрсетілген зерттеулерді жүргізуге қатысатын дәрігерлерге және басқа да медицина қызметкерлеріне қолданылмайды.

13.12.5 Сот сараптамасының түрлері

Сот сараптамасы жеке-дара және комиссиялық болып бөлінеді. Сараптаманы сарапшы жеке-дара не сарапшылар комиссиясы жүзеге асырады. Комиссиялық сараптама күрделі сараптамалық зерттеулер жүргізу қажет болған жағдайларда тағайындалады және оны бір мамандықтағы кемінде екі сарапшы

жүргізеді. Есінің дұрыстығы туралы мәселе бойынша сот-психиатриялық сараптама жүргізу үшін кемінде үш сарапшы тағайындалады. Комиссиялық сот сараптамасын жүргізу кезінде сот сарапшыларының әрқайсысы сот-сараптамалық зерттеуді тәуелсіз және дербес түрде толық көлемінде жүргізеді.

Қылмыстық процесті жүргізетін органның, тергеу судьясының комиссиялық сараптама жүргізу туралы қаулысы сот сараптамасы органының басшысы үшін міндетті. Сот сараптамасы органының басшысы ұсынылған материалдар бойынша комиссиялық сараптама жүргізу туралы өз бетінше шешім қабылдауға және оны жүргізуді ұйымдастыруға құқылы.

Кешенді сараптама іс үшін маңызы бар мән-жайларды анықтау үшін әртүрлі білім салалары негізінде зерттеу қажет болғанда тағайындалады және оны түрлі мамандықтағы сарапшылар өз құзыреті шегінде жүргізеді. Кешенді сараптаманы бір сарапшы өзінің түрлі сарапшылық мамандықтар бойынша зерттеу жүргізуге құқығы болған жағдайда жүргізе алады.

Сонымен қатар, сараптамалар қосымша және қайта болып бөлінеді. Қорытындының анықтығы немесе толықтығы жеткіліксіз болған, сондай-ақ алдыңғы зерттеуге байланысты қосымша мәселелерді шешу қажеттігі туындаған кезде қосымша сараптама тағайындалады. Қосымша сараптама жүргізу нақ сол не өзге сарапшыға тапсырылуы мүмкін. Сарапшының алдыңғы қорытындысы жеткілікті түрде негізді болмағанда не оның түйіндері күмән туғызған не сараптаманы тағайындау мен жүргізу туралы процестік нормалар елеулі түрде бұзылған жағдайларда, дәл сол объектілерді зерттеу және дәл сол мәселелерді шешу үшін қайталама сараптама тағайындалады.

Ол жөнінде қаулы шығарылады. Қайталама сараптама тағайындау туралы қаулыда алдыңғы сараптаманың нәтижелерімен келіспеу себептері келтірілуге тиіс. Қайталама сараптама жүргізу сарапшылар комиссиясына тапсырылады. Алдыңғы сараптаманы жүргізген сарапшылар қайталама сараптама жүргізген кезде қатысып, комиссияға түсініктемелер бере алады, бірақ олар сараптамалық зерттеуге және қорытынды жасауға қатыспайды. Қосымша және қайталама сараптамалар жүргізу тапсырылған кезде сарапшыға (сарапшыларға) алдыңғы сараптамалардың қорытындылары берілуге тиіс.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1.Тергеу іс-әрекеттерінің ұғымы, маңызы және іс жүргізу негіздері
2 Жауап алудың ұғымы, маңызы және жауап алуға шақырудың тәртібі
3 Беттестірудің ұғымы мен маңызы
4.Қарап-тексерудің маңызы мен негіздері, процестік тәртібі
5. Эксгумация ұғымы мен маңызы, негіздері
6.Танудың маңыздылығы мен негіздері
7. Тінту мен алудың маңызы және негіздері
8. Айғақтарды оқиға орнында тексеру және нақтылау
9. Тергеу эксперименті және оның процестік тәртібі
10. Нәрселер мен құжаттарды беру
11. Сараптамалық зерттеу үшін үлгілер алу
12. Сараптама тағайындаудың ұғымы және тәртібі

14. ЖАСЫРЫН ТЕРГЕУ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІ

14.1. Жасырын тергеу іс-әрекеттерінің ұғымы мен маңызы

14.2. Жасырын тергеу әрекеттерінің хаттамаларына қоса тіркелмеген материалдармен танысу

14.3. Қылмыстық процесте ақпаратты қорғау жөніндегі іс-шаралар

14.4. Адамды немесе орынды жасырын аудио- және (немесе) бейнебақылау

14.5. Электр (телекоммуникациялық) байланыс желілері арқылы берілетін ақпаратты жасырын бақылау, ұстап қалу және түсіріп алу

14.6. Абоненттер және (немесе) абоненттік құрылғылар арасындағы қосылулар туралы ақпаратты жасырын алу

14.7. Компьютерлерден, серверлерден және ақпаратты жинауға, өңдеуге, жинақтауға және сақтауға арналған басқа да құрылғылардан ақпаратты жасырын түсіріп алу

14.8. Пошта жөнелтілімдері мен өзге де жөнелтілімдерді жасырын бақылау

14.9. Орынға жасырын кіру және (немесе) оны қарап-зерттеу

14.10. Адамды немесе орынды жасырын байқауға алу

14.11. Жасырын бақыланатын жеткізілім

14.12. Жасырын бақыланатын сатып алу

14.1. Жасырын тергеу іс-әрекеттерінің ұғымы мен маңызы

Жасырын тергеу іс-әрекеттері дегеніміз қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер алу мақсатында жасырын түрде жүзеге асырылатын процесуалдық іс-әрекеттерді айтамыз. Аталған тергеу іс-әрекеттері алғашқы рет Қазақстан Республикасының ҚПК-нің қабылдануымен пайда болды. Ол «Қазақстан Республикасы Жедел-іздестіру қызметі туралы» заңына сәйкес жүзеге асырылатын жедел-іздестіру шараларымен тығыз байланысты болып табылады. Жедел-іздестіру шаралары сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталғанға дейін жүргізілсе, ал аталған саты басталған кезден бастап жасырын тергеу іс-әрекеттері ретінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 231-бабына сәйкес жасырын тергеу іс-әрекеттеріне келесілер жатқызылады:

1) адамды немесе орынды жасырын аудио- және (немесе) бейнебақылау;

2) электр (телекоммуникация) байланыс желілері арқылы берілетін ақпаратты жасырын бақылау, ұстап қалу және түсіріп алу;

3) абоненттер және (немесе) абоненттік құрылғылар арасындағы қосылулар туралы ақпаратты жасырын алу;

4) компьютерлерден, серверлерден және ақпаратты жинауға, өңдеуге, жинақтауға және сақтауға арналған басқа да құрылғылардан ақпаратты жасырын түсіріп алу;

5) пошта жөнелтілімдерін және өзге де жөнелтілімдерді жасырын бақылау;

6) орынға жасырын кіру және (немесе) оны тексеру;

7) адамды немесе орынды жасырын байқауға алу;

8) жасырын бақыланатын жеткізілім;

9) жасырын бақыланатын сатып алу;

10) жасырын ендіру және (немесе) қылмыстық әрекетті имитациялау жүзеге асырылады.

Егер қылмыстық іс бойынша дәлелденуге жататын мән-жайларды, қылмыстық процеске тартылған тұлғалардың мүдделерін қозғайтын фактілер туралы мәлі меттерді оларға хабарламай алу қажет болғанда жасырын тергеу әрекеттері жүргізіледі (ҚР ҚПК-нің 232-бабы). Пошта жөнелтілімдерін және өзге де жөнелтілімдерді жасырын бақылауды қоспағанда, жасырын тергеу әрекеттерін сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының тапсырмасы бойынша *құқық қорғау органының немесе арнаулы мемлекеттік органның уәкілетті бөлімшесі жедел-іздестіру қызметінің* нысандары мен әдістерін пайдалана отырып жүргізеді. Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдары туралы заңына сәйкес: ІІО, прокуратура, мемлекеттік қызмет және сыюайластық жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі құқық қорғау орагдарына жатқызылады, ал Қазақстан Республикасы арнаулы органдар туралы заңына сәйкес: ҰҚК, сырттай барлау және Мемлекеттік күзет қызметі арнаулы органға жатқызылады.

Жасырын тергеу әрекеттері: 1) қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызда, хабарда оны дайындап жатқан, жасап жатқан немесе жасаған адам ретінде көрсетілген не өзіне қатысты оның тергеліп жатқан құқық бұзушылыққа қатысы бар не дайындалып жатқан, жасалып жатқан немесе жасалған қылмыстық құқық бұзушылық туралы мәліметтерге ие деп пайымдауға өзге де негіздер бар адамға; 2) күдіктіге; 3) жәбірленушінің жазбаша келісімі бойынша оған; 4) егер үшінші тұлғаның іс үшін маңызы бар ақпаратты алатыны немесе беретіні туралы мәліметтер болса, үшінші тұлғаға; 5) егер онда болып жатқан немесе болуы болжанатын мән-жайлардың іс үшін маңызы болатын болса, жерге қатысты жүргізіледі.

Кәсіби көмекті жүзеге асыратын адвокаттар ауыр немесе аса ауыр қылмыс дайындап жатыр немесе жасады деп пайымдауға негіз болған жағдайларды қоспағанда, оларға қатысты жасырын тергеу әрекеттерін жүргізуге тыйым салынады.

Көзделмеген мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыруға, сондай-ақ оларды жүргізу барысында алынған ақпаратты пайдалануға жол берілмейді.

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 231-бабына сәйкес: 1) адамды немесе орынды жасырын аудио және (немесе) бейнебақылау; 2) электр (телекоммуникация) байланыс желілері арқылы берілетін ақпаратты жасырын бақылау, ұстап қалу және түсіріп алу; 3) абоненттер және (немесе) абоненттік құрылғылар арасындағы қосылулар туралы ақпаратты жасырын алу; 4) компьютерлерден, серверлерден және ақпаратты жинауға, өңдеуге, жинақтауға және сақтауға арналған басқа да құрылғылардан ақпаратты жасырын түсіріп алу; 5) пошта жөнелтілімдерін және өзге де жөнелтілімдерді жасырын бақылау; 6) орынға жасырын кіру және (немесе) оны тексеру сияқты жасырын тергеу

әрекеттері прокурордың санкциясымен жүргізіледі, ал өзге түрлеріне прокурордың санкциясы қажет емес. Оларды жүргізу тәртібі ҚПК-нің 234-бабымен реттеледі.

Жасырын тергеу әрекеттері: 1) жасағаны үшін санкциясы бір жылдан бастап және одан да жоғары мерзімге бас бостандығынан айыру жазасын көздейтін қылмыстар туралы істер бойынша; 2) қылмыстық топ дайындайтын және жасайтын қылмыстар бойынша жүргізіледі. Ал, қылмыстар сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесіне қарай онша ауыр емес қылмыстар, ауырлығы орташа қылмыстар, ауыр қылмыстар және аса ауыр қылмыстар деп бөлінеді. Жасалғаны үшін Қазақстан республикасы ҚК-нде көзделген ең ауыр жаза бас бостандығынан айыру екі жылдан аспайтын қасақана жасалған іс-әрекеттер, сондай-ақ жасалғаны үшін ең ауыр жаза бас бостандығынан айыру бес жылдан аспайтын абайсызда жасалған іс-әрекеттер онша ауыр емес қылмыстар деп танылады. Жасалғаны үшін ең ауыр жаза бас бостандығынан айыру бес жылдан аспайтын қасақана жасалған іс-әрекеттер, сондай-ақ жасалғаны үшін бес жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген абайсызда жасалған іс-әрекеттер ауырлығы орташа қылмыстар деп танылады. Ең ауыр жаза бас бостандығынан айыру он екі жылдан аспайтын қасақана жасалған іс-әрекеттер ауыр қылмыстар деп танылады. Он екі жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру, өмір бойына бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы түріндегі жаза көзделген қасақана жасалған іс-әрекеттер аса ауыр қылмыстар деп танылады (ҚР ҚК-нің 11-бабы).

Егер қылмыстық құқық бұзушылықты жасауға екі немесе одан да көп орындаушы алдын ала сөз байласпай бірлесіп қатысса, ол адамдар тобы жасаған қылмыстық құқық бұзушылық деп танылады. Қылмыстық құқық бұзушылыққа оны бірлесіп жасау туралы күні бұрын уағдаласқан адамдар қатысса, ол алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған қылмыстық құқық бұзушылық деп танылады. Қылмысты ұйымдасқан топ, қылмыстық ұйым, қылмыстық қоғамдастық, трансұлттық ұйымдасқан топ, трансұлттық қылмыстық ұйым, трансұлттық қылмыстық қоғамдастық, террористік топ, экстремистік топ, банда немесе заңсыз әскерилендірілген құралым жасаса, ол қылмыстық топ жасаған қылмыс деп танылады (ҚР ҚК-нің 31-бабы).

Ал, өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтарды анықтау, олардың жолын кесу және оларды ашу үшін: адамды немесе орынды жасырын байқауға алу; жасырын бақыланатын жеткізілім; жасырын бақыланатын сатып алу; жасырын ендіру және (немесе) қылмыстық әрекетті имитациялау сынды жасырын тергеу әрекеттері жүргізіледі.

Жекелеген адамдардың өміріне, денсаулығына, меншігіне қатер төнген жағдайда, олардың арызы бойынша немесе жазбаша келісуімен, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының қаулысы негізінде, қаулы шығарылған кезден бастап жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорды міндетті түрде хабардар ете отырып, 1) адамды немесе орынды жасырын аудио және (немесе) бейнебақылау; 2) электр (телекоммуникация) байланыс желілері арқылы берілетін ақпаратты жасырын бақылау, ұстап қалу және түсіріп алу сияқты жасырын тергеу әрекеттерін жүргізуге рұқсат етіледі.

14.1.1. Жасырын тергеу іс-әрекеттерін жүргізудің тәртібі

Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Бас Прокурорымен келісім бойынша құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдар айқындайды.

Жасырын тергеу әрекетін жүргізу тапсырылған органның уәкілетті лауазымды адамы тиісті қаулы шығарады. Қаулыда: 1) оның жасалған орны мен уақыты; 2) қаулы шығарған адамның лауазымы, тегі мен аты-жөні, жеке қойған қолы; 3) қаулыны санкциялайтын уәкілетті прокурордың тегі мен аты-жөні, лауазымы; 4) аясында жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу болжанып отырған қылмыстық істің нөмірі; 5) қаулы шығаруға негіз болған ҚПК-нің баптары; 6) қылмыстық іс фабуласының қысқаша сипаттамасы; 7) жасырын тергеу әрекетін жүргізу қажеттігінің негіздемесі; 8) өзіне қатысты жасырын тергеу әрекетін жүргізу жоспарланып отырған адам, орын немесе зат туралы мәліметтер; 9) жасырын тергеу әрекетін жүргізу мерзімі; 10) жасырын тергеу әрекетін жүргізу тапсырылатын орган туралы мәліметтер қамтылуға тиіс.

Өзіне қатысты жасырын тергеу іс-әрекеті жүргізілетін объектінің шифрын ашуды болғызбау мақсатында қаулыда нақты деректердің орнына бүркеншік атты, шартты атауды көрсетуге жол беріледі. Құпиялық талаптары сақтала отырып, деректерді өзгерту туралы прокурормен келісілетін тиісті қаулы шығарылады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының қаулысы бойынша жасырын тергеу әрекеттерін жүргізуге санкцияны Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры және оның орынбасарлары, облыстардың прокурорлары және оған теңестірілген прокурорлар береді. Санкция ҚР ҚПК-нде белгіленген тәртіппен тіркелген, қылмыстар туралы хабарлар мен арыздар бойынша ғана беріледі. Жасырын тергеу әрекетін жүргізу туралы қаулы ол шығарылғаннан кейін көрсетілген тергеу әрекетін жүргізудің негізділігін растайтын материалдармен бірге жиырма төрт сағаттың ішінде уәкілетті прокурорға ұсынылады.

Қаулы прокуратураға келіп түскен кезден бастап жиырма төрт сағат ішінде прокурор оның заңдылығы мен негізділігін тексеріп, оны санкциялау немесе санкциялаудан бас тарту туралы шешім қабылдауға міндетті.

Қосымша материалдарды талап етіп алдыру қажет болған жағдайларда қаулыны белгіленген мерзімнен аса, бірақ жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімде қарауға жол беріледі.

Шығарылған қаулы негізсіз болған жағдайда, прокурор оны санкциялаудан бас тартады. Бас тарту мұндай шешім қабылдаудың себептері көрсетіле отырып, қаулыны санкцияламай қайтару туралы ілеспе хат жазумен ресімделеді. Жасырын тергеу әрекетін жүргізу нәтижелері туралы ол аяқталған күннен бастап екі тәуліктен кешіктірілмей оны жүргізуге санкция берген прокурор хабардар етіледі.

Кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда, прокурорды жиырма төрт сағат ішінде хабардар ете отырып және кейіннен 234-бабында көзделген тәртіппен санкция ала отырып жасырын тергеу әрекеттерін жүргізуге жол беріледі. Прокурор ұсынылған материалдарды зерделей отырып, жүргізілген

жасырын тергеу әрекетінің кейінге қалдыруға болмайтынымен келіскен жағдайда, жасырын тергеу әрекетін жүргізу туралы қаулыны санкциялайды, ал келіспеген жағдайда оны тоқтату және алынған нәтижелерді дәлелдемелер ретінде пайдалануға жол берілмейтіні туралы қаулы шығарады.

Санкциялануға жататын жасырын тергеу әрекеті отыз тәуліктен аспайтын мерзімде жүргізіледі. Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізуді жалғастыру қажет болған кезде оларды жүргізуге бастамашы болған орган мерзім біткенге дейін үш тәулік бұрын оны белгілі бір мерзімге ұзарту қажеттігі туралы уәжді қаулы шығарады және санкциялау туралы мәселені шешу үшін прокурорға жібереді. Қаулы прокурордың санкциясы алынғаннан кейін жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыратын уәкілетті органға орындау үшін жіберіледі. Прокурор бұл ретте қаулыда көрсетілгеннен аз мерзім белгілей отырып, жасырын тергеу әрекеттерін жүргізуді ұзартуды санкциялауы мүмкін. Прокурор жасырын тергеу әрекеттерін жүргізуді жалғастыруға қажеттілік болмаған кезде оны санкциялаудан бас тартады және жасырын тергеу әрекеті тоқтатылады.

Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізудің жалпы жүргізу мерзімін облыс прокуроры немесе оған теңестірілген прокурор алты айға дейін ұзартуы мүмкін. Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу мерзімдерін одан әрі ұзартуды Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры немесе оның орынбасарлары жүзеге асырады. Жасырын тергеу әрекеті тәуліктің кез келген уақытында және оның бүкіл жүргізілу мерзімі ішінде үздіксіз жүзеге асырылуы мүмкін.

14.1.2. Жасырын тергеу әрекеттерінің нәтижелерін ұсыну және дәлелдеме ретінде пайдалану тәртібі

Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу аяқталғаннан кейін оны жүргізу барысында алынған, іс үшін маңызы бар барлық материалдар құпиялық сақтала отырып, ілеспе хатпен сотқа дейінгі тергеп-тексеру органына беріледі. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы кез келген уақытта құқық қорғау органының немесе арнаулы мемлекеттік органның уәкілетті бөлімшесінен олар жүргізіп жатқан іс-шараның нәтижелерін зерттеу, бағалау және тергеп-тексеру материалдарына қосып тігу үшін талап етіп алдыруға құқылы.

Жасырын тергеу іс-әрекетін жүргізу нәтижесінде алынған ақпаратты дәлелдемелер ретінде пайдалану үшін олар зерттелуі қажет. Олардың нәтижелерін зерттеуді сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 47 және 124-баптарының талаптарын сақтай отырып, қажет болған кезде маманды және анықтау органының тиісті қызметкерін тарта отырып жүргізеді. Яғни, қылмыстық сот ісін жүргізу барысында заңнамаларда көзделген, мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын, алынатын мәліметтерді қорғау жөніндегі шаралар қолдануы тиіс. Сонымен қатар, іс бойынша жиналған дәлелдемелер жан-жақты және объективті түрде зерттелуге жатады. Зерттеу алынған дәлелдемені талдауды, оны басқа дәлелдемелермен салыстыруды, оларды тексеру үшін қосымша дәлелдемелер жинауды, дәлелдемелер алу көздерін тексеруді қамтиды.

Зерттеу нәтижелері туралы хаттама жасалады, онда жүргізілген жасырын тергеу әрекетінің нәтижелері көрсетіледі. Қылмыстық процесті жүргізетін

орган тұлғадан көрсетілген хабарларды немесе мәліметтерді алғанға дейін тиісті процестік әрекеттің хаттамасында жазба жасауға және тұлғадан көрсетілген мәліметтерді қылмыстық іс бойынша іс жүргізу үшін ғана алу қажеттілігі туралы және алынған мәліметтерге қатысты құпиялықты заңда көзделген тәртіппен сақтау туралы қол қойдыра отырып, онымен таныстыруға міндетті. Тергеуге қатысы бар нақты деректер хаттамаға қосып тігіледі.

Жасырын тергеу әрекеттерінің нәтижелерінің бағалануы Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 25 және 125-баптарымен жүзеге асырылады. Судья, прокурор, тергеуші, анықтаушы дәлелдемелерді қаралған дәлелдемелердің жиынтығына негізделген өзінің ішкі сенімі бойынша бағалайды, бұл ретте ол заң мен ар-ожданды басшылыққа алады. Әрбір дәлелдеме – оның қатыстылығы, жол берілетіндігі, анықтығы, ал барлық жиналған дәлелдемелер өз жиынтығында қылмыстық істі шешу үшін жеткіліктілігі тұрғысынан бағалануға тиіс. Егер алынған мәліметтер осы іс үшін маңызы бар мән-жайлардың бар екендігі туралы түйіндерді растайтын, теріске шығаратын немесе күмән туғызатын нақты деректерді білдіретін болса, ол іске қатысты дәлелдеме деп танылады. Жасырын тергеу әрекеттерінің нәтижелерін зерттеу хаттамалары, дыбыс жазбалары мен бейнелердің жазбалары, фотосуреттер, ғылыми-техникалық құралдардың көмегімен тіркелген басқа да нәтижелер, алып қойылған нәрселер мен құжаттар немесе олардың көшірмелері дәлелдеуде тергеу әрекеттерінің нәтижесінде алынған дәлелдемелермен бірдей пайдаланылады. Егер дәлелдеуде қандай да бір адамның құпия тіркелген сөздері немесе әрекеттері пайдаланылса, ол адамнан бұл туралы міндетті түрде жауап алынуға тиіс. Адамды оған айтпастан алынған нақты деректермен таныстыруы кезінде, бұл адамға жүргізілген жасырын әрекет туралы олар осы адамға қаншалықты тікелей қатысы болса, сол шамада хабарланады және мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны жария етуді болғызбайды.

14.2. Жасырын тергеу әрекеттерінің хаттамаларына қоса тіркелмеген материалдармен танысу

Тергеуші, анықтаушы қылмыстық процесте дәлелдемелік маңызы жоқ деп таныған жасырын тергеу әрекеттерінің нәтижелері тергеп-тексеру материалдарына қоса тігілмейді және құқық қорғау органының немесе арнаулы мемлекеттік органның уәкілетті бөлімшесінде бөгде адамдардың олармен танысу мүмкіндігін болдырмайтын жағдайларда іс бойынша түпкілікті шешім шығарылғанға дейін сақталады, содан кейін олар тиісінше акт жасала отырып жойылады. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы қылмыстық процесте дәлелдемелік маңызы жоқ деп таныған жасырын тергеу әрекеттерінің нәтижелері жойылатын күнге дейін екі ай бұрын тиісті прокурор хабардар етіледі.

Өзіне қатысты жасырын тергеу әрекеттері жүргізілген адам тергеп-тексеруге қоса тігілмеген мәліметтермен мемлекеттік құпиялардың және заңмен қорғалатын өзге де құпияның жария болуын болдырмайтын шекте танысу туралы өтінішхат беруге құқылы. Өтінішхатты - тергеуші, анықтаушы,

прокурор, ал істі сот қараған кезеңде өтінішхаттар түскен кезде – сот қарайды. Тергеуші, анықтаушы, прокурор, сот өтінішхатты материалдардың қылмыстық процестегі ықтимал маңызын және жол берілген адам құқықтарын шектеулерді ескере отырып бағалайды.

Тергеуші, анықтаушы, прокурор, сот, егер бұл қылмыстық процеске тартылған қандай да бір адамның өміріне, денсаулығына немесе заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі қауіп төндіруі мүмкін болса немесе егер ол үшінші тұлғаның жеке өмірінің құпиясын қозғайтын болса, іске қоса берілмеген материалдармен танысу туралы өтінішхатты қанағаттандырудан бас тартуға құқылы. Іске қоса берілмеген материалдармен танысқаннан кейін адам оларды қылмыстық істің материалдарына қоса беру туралы өтінішхат бере алады. Тергеушінің, анықтаушының, прокурордың өтінішхатты қанағаттандырудан бас тартуына және судьяның бас тартуына істі сотта қарау аяқталған сот актісіне шағыммен бірге шағым жасауға болады.

Сот талқылауы кезінде мәлімделген, жасырын тергеу әрекетінің іске қоса берілмеген материалдарымен танысу туралы өтінішхат бойынша шешімді осы істі қарайтын соттың дәл сол құрамы қабылдайды.

14.3. Қылмыстық процесте ақпаратты қорғау жөніндегі іс-шаралар

Жасырын тергеу әрекетін жүргізу фактісі туралы мәліметтер және оны жүргізу нәтижесінде алынған ақпарат жасырын тергеу әрекеті аяқталғанға дейін құпия болып табылады, оларды жария еткені үшін лауазымды адамдар немесе оны жүргізуге тартылған адамдар заңда белгіленген жауаптылықта болады. Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу әдістері, оларды жүргізетін адамдар, оның ішінде қызметін құпия немесе конспирациялық нысанда жүзеге асыратын адамдар туралы мәліметтер, мемлекеттік құпияны құрайды және жария етілуге жатпайды.

Егер жасырын тергеу әрекеті негізінде алынған мәліметтер адамның жеке өмірінің құпиясын қозғайтын немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияға қатысты болса, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы олардың таратылуын шектеу үшін заңда көзделген барлық құралдарды пайдаланады.

14.4. Адамды немесе орынды жасырын аудио немесе бейнебақылау

Адамды жасырын аудио- және (немесе) бейнебақылау – қажет болған кезде жасырын кіру және (немесе) зерттеу арқылы бейне-, аудиотехниканы не өзге де арнайы ғылыми-техникалық құралдарды пайдаланумен бір мезгілде олардың мазмұнын материалдық жеткізгіште тіркеп жүргізілетін, адамның сөйлеген сөзін және өзге де ақпаратты, сондай-ақ оның іс-әрекеттерін жасырын бақылау. Орынды жасырын аудио- және (немесе) бейнебақылау – қажет болған кезде орынға жасырын кіру және (немесе) орынды зерттеу арқылы бейне-, аудиотехниканы не өзге де арнайы ғылыми-техникалық құралдарды пайдаланумен бір мезгілде олардың мазмұнын материалдық жеткізгіште тіркеп жүргізілетін, нақты белгілі бір жерде болып жатқан сөйлесулерді және басқа да дыбыстарды және (немесе) оқиғаларды жасырын бақылау. Тергеуші, анықтаушы адамға немесе орынға жасырын аудио және (немесе) бейнебақылау

жүргізу қажет деп тауып, анықтау органына тиісті тапсырма береді. Техникалық құралды табыс ету хаттамасы құрал табыс етілген адамның, анықтау органы қызметкерінің және (немесе) тергеушінің, анықтаушының қолдарымен куәландырылады. Адамды немесе орынды жасырын аудио-, бейнебақылау аяқталғаннан кейін уәкілетті орган тергеушіге, анықтаушыға іс үшін маңызы бар аудио-, бейнежазбаларды ілеспе хатпен бірге мөрленген түрде береді, онда жазбаның негізі, басталу және аяқталу уақыты, ұзақтығы көрсетілуге тиіс.

14.5. Электр (телекоммуникациялық) байланыс желілері арқылы берілетін ақпаратты жасырын бақылау, ұстап қалу және түсіріп алу

Электр (телекоммуникациялық) байланыс желілерін жасырын бақылау – телефон арқылы немесе дыбыстық ақпаратты жеткізуге мүмкіндік беретін басқа құрылғылар арқылы берілетін дыбыстық ақпаратты ғылыми-техникалық құралдарды және (немесе) компьютерлік бағдарламаларды қолдана отырып, қажет болған кезде жасырын кіру және (немесе) тексеру арқылы жүргізілетін жасырын тыңдау және (немесе) жазып алу.

Электр байланыс желілері арқылы берілетін ақпаратты ұстап қалу және түсіріп алу – сымды, радио, оптикалық және басқа да электр-магниттік жүйелер арқылы берілетін белгілерді, сигналдарды, дыбыстық ақпаратты, жазбаша мәтінді, суреттерді, бейнекөріністерді, дыбыстарды және басқа да ақпаратты ұстап қалу және түсіріп алу. Тергеуші, анықтаушы электр (телекоммуникациялық) байланыс желілері арқылы берілетін ақпаратты жасырын бақылауды, ұстап қалуды және түсіріп алуды қажет деп тауып, анықтау органына тиісті тапсырма береді. Жасырын тергеу әрекетінің нәтижелері тиісті материалдық жеткізгіште тіркеледі, ол қапталып, мөрленеді және жасырын тергеу әрекетін жүргізген уәкілетті органның лауазымды адамының қойған қолымен куәландырылады. Материалдық жеткізгіш тергеушіге, анықтаушыға беріледі.

14.6. Абоненттер және (немесе) абоненттік құрылғылар арасындағы қосылулар туралы ақпаратты жасырын алу

Абоненттер және (немесе) абоненттік құрылғылар арасындағы қосылулар туралы ақпаратты жасырын алу – абоненттер және (немесе) абоненттік құрылғылар (пайдалану жабдықтары) арасындағы қосылулардың күні, уақыты, ұзақтығы туралы мәліметтерді алу. Прокурордың санкциясын алғаннан кейін сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы қаулыны орындау үшін құқық қорғау органының немесе арнаулы мемлекеттік органның уәкілетті бөлімшесіне жібереді, оның қызметкері талап етілетін, кез келген материалдық ақпарат жеткізгіште тіркелген ақпаратты беруге міндетті.

Көрсетілген ақпарат оның берілген кезеңі және абоненттердің және (немесе) абоненттік құрылғылардың нөмірлері көрсетілетін ілеспе хатпен бірге мөрленген түрде беріледі.

14.7. Компьютерлерден, серверлерден және ақпаратты жинауға, өңдеуге, жинақтауға және сақтауға арналған басқа да құрылғылардан ақпаратты жасырын түсіріп алу

Компьютерлерден, серверлерден және ақпаратты жинауға, өңдеуге, жинақтауға және сақтауға арналған басқа да құрылғылардан ақпаратты жасырын түсіріп алу – компьютерлерден, серверлерден және ақпаратты жинауға, өңдеуге, жинақтауға және сақтауға арналған басқа да құрылғылардан ақпаратты арнайы ғылыми-техникалық құралдармен және (немесе) компьютерлік бағдарламалармен, қажет болған кезде жасырын кіру және қарап-зерттеу арқылы жүргізілетін жасырын түсіріп алу. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы компьютерлерден, серверлерден және ақпаратты жинауға, өңдеуге, жинақтауға және сақтауға арналған басқа да құрылғылардан ақпаратты жасырын түсіріп алу қажет деп тауып, анықтау органына тиісті тапсырма береді.

Компьютерлерден, серверлерден және ақпаратты жинауға, өңдеуге, жинақтауға және сақтауға арналған басқа да құрылғылардан ақпаратты жасырын түсіріп алу нәтижелері тиісті материалдық жеткізгіште тіркеледі, ол қапталып, мөрленеді және жасырын тергеу әрекетін жүргізген уәкілетті органның лауазымды адамының қойған қолымен куәландырылады. Материалдық жеткізгіш тергеушіге, анықтаушыға беріледі.

14.8. Пошта жөнелтілімдері мен өзге де жөнелтілімдерді жасырын бақылау

Хаттарда, жеделхаттарда, радиограммаларда, бандерольдарда, сауқаттарда және басқа да пошта жөнелтілімдерінде іс үшін маңызы бар мәліметтер, құжаттар және нәрселер қамтылған деп пайымдауға жеткілікті негіздер болған кезде оларға қатысты жасырын бақылау жүзеге асырылуы мүмкін.

Тергеуші, анықтаушы пошта жөнелтілімдері мен өзге де жөнелтілімдерді жасырын бақылауды қажет деп тауып уәжді қаулы шығарады. Қаулыда: пошта-телеграф жөнелтілімдерін кідірту жөнінде міндет жүктелетін байланыс мекемесінің атауы, пошта-телеграф жөнелтілімдері жасырын бақылануға жататын адамдардың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), олардың мекенжайы, жасырын бақылау қолданылатын пошта-телеграф жөнелтілімдерінің түрі, осы бақылау қолданылатын мерзім көрсетілуге тиіс.

Көрсетілген қаулы прокурорға ұсынылады және ол санкция берген жағдайда, тергеуші, анықтаушы оны орындау үшін пошта мекемелеріне немесе жөнелтілімдер жеткізу бойынша қызметтер көрсететін тұлғаларға жібереді. Пошта мекемелері немесе жөнелтілімдерді жеткізу бойынша қызметтер көрсететін тұлғалар тергеушіні, анықтаушыны өздерінің иелігінде бақылануға жататын пошта жөнелтілімі мен өзге де жөнелтілімнің бар екендігі туралы дереу хабардар етеді.

Тергеуші, анықтаушы хабарламаны алған кезден бастап жиырма төрт сағат ішінде, қажет болған кезде пошта мекемесінің уәкілетті қызметкерінің немесе жөнелтілімдерді жеткізу бойынша қызметтер көрсететін тұлғаның қатысуымен жөнелтілімді қарап-тексереді және (немесе) оның құрамымен танысады, осы

жөнелтілімнің құрамын тіркеп немесе онсыз, оны одан әрі жеткізу туралы шешім қабылдайды. Пошта жөнелтілімі мен өзге де жөнелтілімді қарап-тексерудің және (немесе) олармен танысудың әрбір жағдайында тергеуші, анықтаушы хаттама жасайды, онда іс-шараны жүргізуге қатысқан тұлғалардың деректері, қарап-тексеруге және (немесе) таныстырылуға жатқызылған пошта жөнелтілімі мен өзге де жөнелтілімнің атауы және түрі, жөнелтілімнің құрамын тіркеп немесе онсыз, оны одан әрі жеткізу туралы мәліметтер көрсетіледі. Тергеуші, анықтаушы қажет болған жағдайларда пошта-телеграф жөнелтілімдерін қарап-тексеруге және алуға қатысу үшін тиісті маманды, сондай-ақ аудармашыны шақыруға құқылы.Пошта және өзге де жөнелтілімдерді жасырын бақылау шарасына қажеттілік жойылған кезде, бірақ кез келген жағдайда да тергеп-тексеру аяқталғанға дейін тергеуші, анықтаушы прокурордың санкциясымен оның күшін жояды, бұл туралы пошта мекемесі немесе жөнелтілімдерді жеткізу бойынша қызметтер көрсететін тұлға үш тәулік ішінде хабардар етіледі.

14.9. Орынға жасырын кіру және (немесе) оны қарап-зерттеу

Орынға жасырын кіруді және (немесе) оны қарап-зерттеуді уәкілетті орган тұрғын, қызметтік, өндірістік үй-жайларды, ғимаратты, құрылысты, қойманы, көлік құралын немесе жергілікті жер учаскесіне кіру, қажет болған кезде оларды қарап-зерттеу, сондай-ақ тергеу әрекеттерін дайындау және жүргізу арқылы жүзеге асырады. Осы іс-шара аяқталғаннан кейін уәкілетті орган тергеушіге (анықтаушыға) барлық алынған материалдарды мөрленген түрде толық көлемде ілеспе хатпен бірге ұсынады.

14.10. Адамды немесе орынды жасырын байқауға алу

Келесідей адамдарды: 1) қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызда, хабарда оны дайындап жатқан, жасап жатқан немесе жасаған адам ретінде көрсетілген не өзіне қатысты оның тергеліп жатқан құқық бұзушылыққа қатысы бар не дайындалып жатқан, жасалып жатқан немесе жасалған қылмыстық құқық бұзушылық туралы мәліметтерге ие деп пайымдауға өзге де негіздер бар адамға; 2) күдіктіге; 3) жәбірленушінің жазбаша келісімі бойынша оған; 4) егер үшінші тұлғаның іс үшін маңызы бар ақпаратты алатыны немесе беретіні туралы мәліметтер болса, үшінші тұлғаға; 5) егер онда болып жатқан немесе болуы болжанатын мән-жайлардың іс үшін маңызы болатын болса немесе орынды жасырын байқауға алу, қажет болған кезде, сөйленетін сөзге және өзге де дыбыстық ақпаратқа аудио және аудиожазбаны жүзеге асырмай, бейне-, фотобайқау техникалық құралдары пайдалана отырып жүзеге асырылады. Адамды немесе орынды жасырын байқауға алуды жүзеге асыратын уәкілетті органның лауазымды адамы байқауға алынатын адаммен немесе орынмен байланыс жасаған өзге де адамдарды байланыс жасалған кезден бастап қырық сегіз сағат бойы жасырын байқауға алуды жүзеге асыруға құқылы. Адамды немесе орынды жасырын байқауға алу нәтижесінде күн сайынғы есеп жасалады, оған алынған нәрселер мен құжаттар қоса беріледі. Аталған іс-шара аяқталғаннан кейін уәкілетті орган тергеушіге, анықтаушыға

барлық алынған материалдарды мөрленген түрде толық көлемде ілеспе хатпен бірге ұсынады.

14.11. Жасырын бақыланатын жеткізілім

Жасырын бақыланатын жеткізілім еркін өткізуге тыйым салынған немесе айналымы заңмен шектелген, сондай-ақ қылмыстық қолсұғушылық объектілері немесе құралдары болып табылатын нәрселердің, заттектер мен өнімдердің жеткізілуіне, сатып алынуына, сатылуына, жылжытылуына бақылау орнату мақсатында жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының аумағында бақыланатын жеткізілімді уәкілетті орган дербес не басқа да мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасасу арқылы жүзеге асырады. Бірнеше мемлекеттің аумағында бақыланатын жеткізілімді уәкілетті орган шет мемлекеттердің уәкілетті құқық қорғау органдарымен бірлесіп жүзеге асырады. Осы іс-шара аяқталғаннан кейін уәкілетті орган тергеушіге, анықтаушыға барлық алынған материалдарды мөрленген түрде толық көлемде ілеспе хатпен бірге ұсынады.

14.12. Жасырын бақыланатын сатып алу

Жасырын бақыланатын сатып алу жасалатын немесе жасалған қылмыстық құқық бұзушылық туралы нақты деректерді жалған мәміле ахуалын жасау жолымен алу мақсатында жүргізіледі. Бұл ретте өзіне қатысты оның қылмыстық құқық бұзушылыққа қатыстылығы бар деп пайымдауға жеткілікті негіздер бар адамнан еркін өткізуге тыйым салынған немесе айналымы заңмен шектелген, сондай-ақ қылмыстық қолсұғушылық объектілері немесе құралдары болып табылатын нәрселер немесе заттектер ақылы түрде сатып алынады.

Уәкілетті органның қызметкеріне немесе жасырын тергеу әрекетіне қатысуға ерікті түрде ниет білдірген адамға оның барысы мен нәтижелерін тіркеудің ғылыми-техникалық және өзге де құралдарын, сондай-ақ еркін өткізуге тыйым салынған не айналымы заңмен шектелген немесе қылмыстық қолсұғушылық объектілері және (немесе) құралдары болып табылатын нәрселерді немесе заттарды ақылы түрде сатып алу үшін ақша қаражатын беру туралы жеке хаттамалар жасалады. Уәкілетті органның қызметкерінен немесе жасырын тергеу әрекетіне қатысуға ерікті түрде ниет білдірген адамнан сатып алынған нәрселерді және заттарды алу, сондай-ақ оларды қарап-тексеру нәтижелері туралы хаттама жасалады.

14.13. Жасырын ендіру және (немесе) қылмыстық әрекетті имитациялау

Ендіру және (немесе) қылмыстық әрекетті имитациялау дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған қылмыстар туралы нақты деректер алу мақсатында қылмыстық ортаға енгізілген және (немесе) қылмыстық әрекетті имитациялаған адамның жазбаша келісуі бойынша жүзеге асырылады. Енгізілген және (немесе) қылмыстық әрекетті имитациялаған адамға Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің ережелеріне сәйкес қажетті қорғану, қол сұғушылық жасаған адамды ұстап алу, аса қажеттілік, негізді тәуекел ету

жағдайларын қоспағанда, адамдардың өміріне, денсаулығына, меншігіне қауіп төндірумен ұштасқан әрекет (әрекетсіздік) жасауға тыйым салынады.

Тергеушінің, анықтаушының келісімі бойынша уәкілетті орган қылмыстық ортаға енгізілу және (немесе) қылмыстық әрекетті имитациялау барысы туралы үнемі хабарлайды. Осы іс-шара аяқталғаннан кейін уәкілетті орган тергеушіге, анықтаушыға барлық материалдарды мөрленген түрде ілеспе хатпен бірге ұсынады.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. Жасырын тергеу іс-әрекеттерінің ұғымы мен маңызы
2. Жасырын тергеу әрекеттерінің хаттамаларына қоса тіркелмеген материалдармен танысу
3. Қылмыстық процесте ақпаратты қорғау жөніндегі іс-шаралар
4. Адамды немесе орынды жасырын аудио- және (немесе) бейнебақылау
5. Электр (телекоммуникациялық) байланыс желілері арқылы берілетін ақпаратты жасырын бақылау, ұстап қалу және түсіріп алу
6. Абоненттер және (немесе) абоненттік құрылғылар арасындағы қосылулар туралы ақпаратты жасырын алу
7. Компьютерлерден, серверлерден және ақпаратты жинауға, өңдеуге, жинақтауға және сақтауға арналған басқа да құрылғылардан ақпаратты жасырын түсіріп алу
8. Пошта жөнелтілімдері мен өзге де жөнелтілімдерді жасырын бақылау
9. Орынға жасырын кіру және (немесе) оны қарап-зерттеу
10. Адамды немесе орынды жасырын байқауға алу
11. Жасырын бақыланатын жеткізілім
12. Жасырын бақыланатын сатып алу

15. АДАМДЫ КҮДІКТІ ДЕП ТАНУ ЖӘНЕ КҮДІКТІНІҢ ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ САРАЛАНУЫН АЙҚЫНДАУ

15.1. Адамды күдікті деп тану және оның жариялану тәртібі.

15.2. Күдіктінің іс-әрекетінің сараланууын айқындау

15.3. Күдіктінің келу міндеттілігі

15.4. Күдіктіге оның іс-әрекетін саралау туралы қаулыны жария ету тәртібі

15.5. Күдіктінің іс-әрекетін саралауды өзгерту және толықтыру

15.1. Адамды күдікті деп тану және оның жариялану тәртібі.

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 64-бабына сәйкес, күдікті дегеніміз: 1) өзіне қатысты күдікті ретінде тану туралы қаулы шығарылған; 2) ҚПК 131-бабының тәртібімен ұстап алынған; 3) өзіне қатысты күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы шығарылған; 4) қылмыстық теріс қылық жасады деген күдіктің болуына байланысты жауап алынған адам.

Адамның қылмыс жасағанын көрсететін, оның ішінде ҚПК-нің 128-бабы екінші бөлігінің 1) – 4) тармақтарында көзделген деректер болған кезде, егер бұл ретте оған процестік ұстап алуды қолданудың қажеттігі болмаса, сондай-ақ ұстап алынған адамға ҚПК-тің 139-бабын қолданған кезде оған қатысты сотқа

дейінгі тергеп-тексеру органы оны күдікті деп тану туралы қаулы шығарады (ҚР ҚПК-нің 202-бабы).

Яғни, қылмыстық қудалау органының лауазымды тұлғасы, қылмыс жасау кезінде немесе тікелей оны жасағаннан кейін; жедел-іздестіру қызметінің және (немесе) жасырын тергеу әрекеттерінің заңға сәйкес алынған материалдарында адамға қатысты ол жасаған немесе жасауға дайындап жатқан қылмыс туралы анық деректер болғанда, бас бостандығынан айыру түрінде жаза тағайындалуы мүмкін қылмыс жасады деп күдік келтірілетін адамды ұстап алуға құқылы. Бірақ аталған ұстау процестік ұстап алу болып табылмауы тиіс. Ал, қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдік бойынша *процестік ұстап алынғандар* уақытша ұстау изоляторларында, әскери қызметшілер мен жазасын бас бостандығынан айыру түрінде өтеп жүрген адамдар да тиісінше гауптвахталарда және қылмыстық-атқару жүйесінің бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны орындайтын мекемелерінде ұсталынады.

Адамды күдікті деп тану туралы қаулыда:

1) оның жасалған уақыты мен орны; қаулыны кімнің жасағаны; күдікті деп танылатын адамның тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде), оның туған күні, айы, жылы және туған жері;

2) адамға қандай қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдік келтірілетіні көрсетілуге тиіс.

Кәсіптік және қызметтік міндеттерін орындауға байланысты қылмыстар жасаған кезде адвокатты, прокурорды, тергеушіні, анықтаушыны, тергеу бөлімінің бастығын, анықтау органының бастығын күдікті деп тану туралы қаулыны прокуратура басшысы бекітеді. Адамды күдікті деп тану туралы қаулы сол адамға жарияланады. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам өзіне қатысты күдікті деп тану туралы қаулы шығарылған адамға күдіктінің құқықтарын түсіндіруге, бұл туралы қаулыда белгі жасауға және оған сол қаулының көшірмесін табыс етуге міндетті. Адамды күдікті деп тану туралы қаулының көшірмесі ол шығарылғаннан кейін жиырма төрт сағат ішінде прокурорға жіберіледі.

15.2. Күдіктінің іс-әрекетінің сараланууын айқындау

Күдіктінің іс-әрекетінің саралау ол туралы қаулы шығарудан және жария етуден тұрады. Адамның қылмыс жасағаны туралы күдікті растайтын оған қатысты жеткілікті дәлелдемелер болған кезде прокурор, Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы уәжді қаулы шығарады. Іс-әрекетті саралау туралы қаулы қисынды мерзімде шығарылуға тиіс (ҚР ҚПК-нің 203-бабы). Адвокат, прокурор, тергеуші, анықтаушы, тергеу бөлімінің бастығы, анықтау органының бастығы кәсіптік және қызметтік міндеттерін орындауға байланысты қылмыстар жасаған кезде, олардың іс-әрекетін саралау туралы қаулыны прокуратура басшысы бекітеді. Прокурор, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам күдіктіге оған күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы жарияланатын күн туралы хабарлайды және сонымен бір мезгілде оған қорғаушы шақыру не оның қатысуын қамтамасыз ету туралы өтіну құқығын түсіндіреді.

Қорғаушының қатысуы міндетті болатын істер бойынша прокурор, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам, егер қорғаушыны күдіктінің өзі, оның заңды өкілі не оның тапсырмасы немесе оның келісімі бойынша басқа адамдар шақырмаған болса, оның келуін қамтамасыз ету бойынша шаралар қолданады. Күдіктінің іс-әрекетінің сараланuын айқындаған кезде іс материалдарына, егер ол бұрын жасалмаған болса, жеке басты куәландыратын құжаттың прокурор, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам куәландырған көшірмесі қоса беріледі. Күдіктінің, айыпталушының жеке басын куәландыратын құжаты болмаған не жоғалған, оны жоғалтқан жағдайда, оны құжаттауды уәкілетті орган сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік органдармен келісу бойынша белгіленген тәртіппен жүргізеді.

Күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулыда:

1) оның жасалған уақыты мен орны; хаттаманы кімнің жасағаны; күдіктінің тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде), туған күні, айы, жылы және туған жері;

2) қылмыстың жасалған уақыты, орны, сондай-ақ осы Кодекстің 113-бабына сәйкес дәлелденуге жататын өзге де мән-жайларды көрсете отырып, осы адам жасады деп күдік келтірілген қылмыстың сипаттамасы;

3) адамға оны жасады деп күдік келтіріліп отырған қылмыс үшін жауаптылықты көздейтін қылмыстық заң (бап, бөлік, тармақ) көрсетілуге тиіс.

Бірнеше қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдік келтірілген кезде күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулыда қылмыстық заң баптарының (бөліктерінің, тармақтарының) әрқайсысы бойынша адамның нақты қандай әрекеттер (әрекетсіздік) жасады деп күдік келтірілетіні көрсетілуге тиіс. Күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулының көшірмесі ол шығарылғаннан кейін жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорға жіберіледі.

15.3. Күдіктінің келу міндеттілігі

Өзіне қатысты күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасы таңдалмаған күдікті жазбаша хабарлама-шақыру қағазы арқылы жауап алуға шақырылады. Хабарлама телефонограмма немесе жеделхат және өзге де байланыс құралдары арқылы да берілуі мүмкін (ҚР ҚПК-нің 205-бабы). Шақыру қағазында кімнің, қайда және кімге шақырылатыны, келетін күні мен сағаты, сондай-ақ келмей қалуының салдары көрсетілуге тиіс. Шақыру қағазы күдіктіге одан қолхат ала отырып табыс етіледі, ал ол уақытша болмаған жағдайда, күдіктіге беру үшін отбасының кәмелетке толған мүшесіне табыс етіледі немесе тұрғын үй-пайдалану ұйымына немесе тұрғылықты жері бойынша әкімшілікке не жұмыс орны бойынша әкімшілікке беріледі, олар жауап алуға шақырылып отырған күдіктіге шақыру қағазын беруге міндетті. Күдікті басқа байланыс құралдарын пайдалану арқылы да шақырылуы мүмкін. Күдікті Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде болған және сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарына келуден жалтарған жағдайларда, хабарлама республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ жалпыға қолжетімді телекоммуникациялық желілерде, ал оның тұрып жатқан жері белгілі болған жағдайда, күдіктінің тұрып жатқан жері бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Өзіне қатысты күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасы таңдалмаған күдікті сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның шақыруы бойынша белгіленген мерзімде келуге міндетті.

Күдікті белгіленген мерзімде келмеу себептері және дәлелді себептері бар екендігі туралы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамды хабардар етуге міндетті. Дәлелді себептерсіз келмеген жағдайларда, күдікті күштеп әкелінуі мүмкін. Қамаудағы күдікті күзетпен ұстау орнының әкімшілігі арқылы шақырылады және жеткізіледі.

15.4. Күдіктіге оның іс-әрекетін саралау туралы қаулыны жария ету тәртібі

Күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы, егер қорғаушының қатысуы заң бойынша міндетті болса немесе бұл туралы күдікті өтінішхат берсе, қорғаушының қатысуымен және қаулы шығарылған кезден бастап жиырма төрт сағаттан кешіктірілмей жария етіледі. Күдікті немесе оның қорғаушысы келмей қалған жағдайда, қаулы жиырма төрт сағат өткеннен кейін де жариялануы мүмкін (ҚР ҚПК-нің 206-бабы). Күштеп әкелінген күдіктіге қаулы ол күштеп әкелінген күні жарияланады. Бұл ретте сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулыны жариялау кезінде қорғаушының қатысуы заң бойынша міндетті болған жағдайларда қорғаушының қатысуын қамтамасыз ету шараларын қолдануға тиіс.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам күдіктінің жеке басына және қорғаушының қорғауды жүргізу туралы тапсырмасына көз жеткізгеннен кейін күдіктіге және оның қорғаушысына күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулыны жариялайды. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам күдіктіге күдік келтірудің мәнін түсіндіруге міндетті. Осы баптың үшінші және төртінші бөліктерінде көрсетілген әрекеттерді орындау күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулыны жариялау күні мен сағаты көрсетіле отырып, осы қаулыға күдіктінің, қорғаушының және тергеушінің қойылған қолдарымен куәландырылады.

Күдікті қол қоюдан бас тартқан жағдайда, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам және егер ол күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулыны жариялау кезінде қатысқан болса қорғаушы күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулыда күдіктіге қаулы мәтінінің жария етілгенін куәландырады. Күдіктіге күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулының көшірмесі табыс етіледі.

Күдікті Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде болған және қылмыстық қудалау органдарына келуден жалтарған жағдайда – сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам, ал қорғаушы келген жағдайда – қорғаушы да, күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулыда оның Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде болуына және сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарына келуден жалтаруына байланысты күдікті деп жариялау мүмкін еместігін куәландырады.

Егер күдіктінің тұрып жатқан жері белгілі болса, қаулының көшірмесі оған байланыс құралдарын пайдалану, оның ішінде пошта арқылы да жіберіледі.

Қажет болған жағдайда сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам прокурордың келісімімен республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында, күдіктінің тұрып жатқан жері бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ жалпыға қолжетімді телекоммуникациялық желілерде күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы хабарламаны жариялауды ұйымдастыруға құқылы.

15.5. Күдіктінің іс-әрекетін саралауды өзгерту және толықтыру

Тергеу кезінде күдіктіге оның іс-әрекетін саралау үнемі дәлелдемелердің толық жиналуымен жасалған қылмыстың барлық белгілердің анықталуымен аяқталмайды. Сондықтан іс әрекет жасалынған соң тергеуші қайтадан тағы бір рет тексереді. Одан соң тергеу кезінде табылған дәлелдемелерді өзгертеді және толықтырады немесе жаңа дәлелдемелер іздейді. Бұл тергеушінің күдіктіге оның іс-әрекетін саралау туралы қаулының толық және объективті болып табылатындығына сенімді болуы үшін қажет.

Істі тергеу барысында қылмыстың бағалануы дұрыс емес болып табылса, немесе іс бойынша жаңа мән-жайлар анықталса, күдіктінің іс-әрекетін саралауды өзгерту және толықтыру қажеттілігі туындауы мүмкін.

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 207-бабына сәйкес, егер сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізу кезінде күдіктінің іс-әрекетін саралауды өзгерту және толықтыру үшін негіздер туындаса, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы жаңа қаулы жасауға және оны күдіктіге жариялауға міндетті. Күдіктінің іс-әрекетінің түпкілікті сараланууы соңғы қаулының шығарылған күні бойынша айқындалады.

Егер сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында жария етілген күдік қандай да бір бөлігінде расталмаса, тергеуші өзінің қаулысымен осы бөлікте қылмыстық қудалауды тоқтатады, бұл туралы қабылданған шешімнің көшірмесін табыс ете отырып, күдіктіні және процестің басқа да қатысушыларын хабардар етеді.

Жаңа қаулыға мына жағдайларда қосымша енгізеді: қылмыстың заңды бағалануына өзертуге әкелетін не ондайға жібермейтін қылмыстың жаңа эпизодтары анықталса; қылмыстың бағалануын өзгертуге себепші болатын, айыптаудан бір немесе эпизодты алып тастауға әкелетін мән-жайлар анықталса; қылмыстың бағалауын өзгертуге әсер етпейтін айыптаудан жекелеген эпизодтары шығарып тастауға себепші болатын мән-жайлар табылса.

Қосымша айып келесідей негіздерге сүйене отырып жүзеге асырылады: қылмысты саралауына әсер ететін немесе әсер етпейтін жаңа мән-жайлар анықталса; жасалған қылмыс бойынша айыптың көлемін өзгертпей, заңның басқа баптарымен жанадан саралау; айыпқа бұрын енгізілмеген басқа қылмыстар анықталса.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. Адамды күдікті деп тану және оның жариялану тәртібі.
2. Күдіктінің іс-әрекетінің сараланууын айқындау
3. Күдіктінің келу міндеттілігі
4. Күдіктіге оның іс-әрекетін саралау туралы қаулыны жария ету тәртібі

5. Күдіктінің іс-әрекетін саралауды өзгерту және толықтыру

16. СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУДІ ТОҚТАТУ ЖӘНЕ ҚАЙТА БАСТАУ, КҮДІКТІГЕ, АЙЫПТАЛУШЫҒА ІЗДЕСТІРУ ЖАРИЯЛАУ, ЖОҒАЛҒАН ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕРДІ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ

16.1. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді қысқарту мен қылмыстық ізге түсуді тоқтатудың ұғымы, негіздері мен маңызы

16.2. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді қысқарту мен қылмыстық ізге түсуді тоқтатудың тәртібі

16.3. Қысқартылған қылмыстық істі қайта бастау

16.4. Күдікті мен айыпталушыға іздестіру жариялау Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді қысқарту мен қылмыстық ізге түсуді тоқтатудың тәртібі

16.5 Жоғалған қылмыстық істерді қалпына келтіру

16.1. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді қысқарту мен қылмыстық ізге түсуді тоқтатудың ұғымы, негіздері мен маңызы

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 35-бабына сәйкес, қылмыстық істер:

1) қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасының болмауынан;

2) іс-әрекетте қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауынан;

3) егер рақымшылық жасау актісі жасалған іс-әрекет үшін жаза қолдануды жойса, соның салдарынан;

4) қылмыстық жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімінің өтуіне орай;

5) Қазақстан Республикасы ҚПК-нің осы Кодекстің 32-бабына сәйкес қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша жәбірленушінің шағымының болмауынан;

6) егер жасаған іс-әрекеті үшін қылмыстық жауаптылықтың күшін жоятын заң қолданысқа енгізілген болса не Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі осы қылмыстық іс бойынша қолданылуға жататын, іс-әрекеттің қылмыстық құқық бұзушылық ретінде саралануы оған байланысты болатын заңды немесе өзге де нормативтік құқықтық актіні конституциялық емес деп таныған жағдайда;

7) егер адамға қатысты соттың нақ осы айыптау бойынша заңды күшіне енген үкімі не соттың қылмыстық қудалаудың мүмкін еместігін белгілейтін, күші жойылмаған қаулысы бар болса;

8) егер адамға қатысты қылмыстық қудалау органының нақ осы күдік бойынша қылмыстық қудалауды тоқтату туралы күші жойылмаған қаулысы бар болса;

9) іс бойынша іс жүргізу өзіне медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын қолдану үшін қажет болған жағдайларды қоспағанда, егер қылмыстық заң тыйым салатын іс-әрекетті есі дұрыс емес күйде жасаған адамға қатысты болса;

10) қылмыстық қудалаудан артықшылықтары немесе иммунитеті бар адамды қылмыстық жауаптылыққа тартуға уәкілетті органның немесе лауазымды адамның келісім беруден бас тартуына байланысты;

11) іс бойынша іс жүргізу қайтыс болған адамды ақтау немесе істі басқа адамдарға қатысты тергеп-тексеру, сондай-ақ заңсыз жолмен табылған мүлікті, тәркіленуге жататын, келтірілген зияннның өтелуін қамтамасыз ететін ақша қаражатын және өзге де құндылықтарды анықтау үшін қажет болған жағдайларды қоспағанда, қайтыс болған адамға қатысты;

12) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің ережелеріне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жататын адамға қатысты тоқтатылуға жатады.

Іс бойынша іс жүргізу қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасының немесе қылмыстық құқық бұзушылық құрамының жоқтығы дәлелденген кезде де, егер қосымша дәлелдемелер жинау үшін барлық мүмкіндіктер қолданылса, олардың болуы дәлелденбеген кезде де осы баптың бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақтарында көзделген негіздер бойынша қысқартылады.

Іс бойынша іс жүргізу осы баптың бірінші бөлігінің 2) тармағында көзделген негіз бойынша және күдіктінің, айыпталушының немесе сотталушының зиян келтіруі құқыққа сыйымды болып табылған не күдікті, айыпталушы немесе сотталушы іс-әрекетті Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес оны қылмыстық құқық бұзушылық деп тануды және қылмыстық жауаптылықты жоққа шығаратын мән-жайлар кезінде жасаған жағдайларда тоқтатылады.

Егер арыз иесі қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам ретінде тікелей көрсететін адам (қорғалуға құқығы бар куә), күдікті, айыпталушы, сондай-ақ сотталушы немесе оның заңды өкілдері бұған қарсылық білдірсе, қылмыстық істі осы баптың бірінші бөлігінің 3), 4) және 11) тармақтарында көрсетілген негіздер бойынша тоқтатуға жол берілмейді. Бұл жағдайда іс бойынша іс жүргізу жалғастырылады және оған негіздер болған кезде адамды жазадан не қылмыстық жауаптылықтан босата отырып, айыптау үкімін шығару арқылы аяқталады.

Қылмыстық істі осы баптың бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 11) тармақтарында көрсетілген негіздер бойынша тоқтату туралы шешім қабылдау үшін жәбірленушінің келісімі талап етілмейді.

Қылмыстық істі тоқтату сонымен бір мезгілде қылмыстық қудалауды тоқтатуға әкеп соғады.

Іс-әрекет жасалған кезде заңға сәйкес қылмыстық жауаптылық жүктеу мүмкін болатын жасқа толмаған адамға қатысты қылмыстық істі тоқтату туралы шешім осы баптың бірінші бөлігінің 2) тармағында көрсетілген негіз бойынша қабылдануға жатады. Іс-әрекет жасалған кезде заңға сәйкес қылмыстық жауаптылық басталатын жасқа толса да, психикалық дамуы жағынан психикасының бұзылуына байланысты емес артта қалуы салдарынан өз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамдық қауіптілігін толық түйсіне алмаған және оларды игере алмаған, кәмелетке

толмаған адамға қатысты қылмыстық істі тоқтату туралы шешім де осы негіз бойынша қабылдануға жатады.

Қылмыстық қудалау органы қылмыстық қудалауды болғызбайтын мән-жайларды анықтағанда сотқа дейінгі іс жүргізудің кез келген сатысында қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы шығарады.

Прокурор істі басты сот талқылауында қарау басталғанға дейін оны соттан кері қайтарып алуға және осы бапта көзделген негіздер бойынша тоқтатуға да құқылы. Прокурор істі соттан кері қайтарып алғаннан кейін оны тоқтату үшін ол бойынша жаңадан сотқа дейінгі іс жүргізу өткізуге және оны сотқа қайтадан жіберуге жол берілмейді.

Мемлекеттік айыптаушы сотта қылмыстық қудалауды болғызбайтын мән-жайларды анықтағанда айыптаудан бас тарту туралы мәлімдеуге міндетті. Мемлекеттік айыптаушының айыптаудан бас тарту туралы мәлімдемесі, егер жекеше айыптаушы айыптауды қолдауын жалғастырса, қылмыстық істі қарауды жалғастыруға кедергі келтірмейді.

Сот қылмыстық қудалауды болғызбайтын мән-жайларды анықтағанда қылмыстық істі тоқтату туралы мәселені шешуге міндетті.

Қылмыстық қудалау органдары және соттар қылмыстық іс тоқтатылған кезде, адамның әрекеттерінде әкімшілік немесе тәртіптік (сыбайлас жемқорлық) құқық бұзушылық белгілері болған кезде материалдарды әкімшілік немесе тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы мәселені шешу үшін он тәулік ішінде уәкілетті органдарға (лауазымды адамдарға) жіберуге міндетті.

16.1.1. Қылмыстық қудалауды жүзеге асырмауға мүмкіндік беретін мән-жайлар

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 65-бабының бірінші бөлігінде, 66, 67-баптарында, 68-бабының екінші, үшінші бөліктерінде, 69-бабының бірінші бөлігінде, 83-бабының бірінші, үшінші бөліктерінде, сондай-ақ 441, 442, 444 – 448, 453-баптарының ескертпелерінде көзделген жағдайларда, қылмыстық қудалау органы, сот тиісті мән-жайлар болған кезде өз құзыреті шегінде адамды қылмыстық жауаптылықтан босата отырып, қылмыстық қудалауды тоқтатуға құқылы. Мұндай жағдайларда сот қылмыстық жауаптылықтан босата отырып, айыптау үкімін шығаруға да құқылы. Мемлекеттік айыптаушы сотта қылмыстық қудалауды жүзеге асырмауға мүмкіндік беретін мән-жайларды анықтағанда айыпталушыны қылмыстық қудалаудан бас тартатынын мәлімдеуге құқылы. Мемлекеттік айыптаушы мәлімдеген қылмыстық қудалаудан бас тарту жекеше айыптаушының қылмыстық іс материалдарын пайдалана отырып, айыпталушыны қылмыстық қудалауды жалғастыруына кедергі келтірмейді.

Қылмыстық іс тоқтатылғанға дейін күдіктіге, айыпталушыға істі тоқтатуға негіз, оның құқықтық салдары және істі осы негіз бойынша тоқтатуға қарсылық білдіру құқығы түсіндірілуге тиіс. Қылмыстық істі тоқтату туралы жәбірленуші және (немесе) оның өкілі хабардар етіледі, олар қаулыға осы Кодексте көзделген тәртіппен прокурорға не сотқа шағым жасауға құқылы. Қылмыстық істі осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген негіздер бойынша

тоқтатуға, егер күдікті, айыпталушы немесе жәбірленуші бұған қарсылық білдірсе, жол берілмейді. Мұндай жағдайда іс бойынша іс жүргізу әдеттегі тәртіппен жалғастырылады.

16.2. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді қысқарту мен қылмыстық ізге түсуді тоқтатудың тәртібі

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді қысқарту мен қылмыстық ізге түсуді тоқтату іс жүргізу органдарының тиісті қаулысы арқылы жүзеге асырылады.

Ал, қаулының кіріспе бөлігінде оны жасау уақыты мен орны, тоқтату туралы шешім қабылдаған адамның тегі және лауазымы көрсетіледі. Қаулының сипаттау-уәждеу бөлігінде қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдік келтірілген адам туралы, күдіктің мәні, қылмыстық заңға сәйкес саралануы және қолданылған бұлтартпау шарасы көрсетіле отырып, қылмыстық істі тоқтатуға негіз болған мән-жайлар жазылады. Қаулының қарар бөлігінде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тоқтатуға негіз болған осы Кодекстің бабына (бөлігіне, тармағына) сілтеме жасала отырып, істі тоқтату туралы шешім, сондай-ақ бұлтартпау, мүлікке тыйым салу, лауазымынан уақытша шеттету, сөйлесулерді тыңдау мен жазу шарасының, процеске қатысушылардың құқықтарын шектейтін басқа да процестік мәжбүрлеу, тергеу және процестік әрекеттер шараларының күшін жою туралы нұсқау, заттай дәлелдемелердің тағдыры туралы, сондай-ақ адамға қатысты қауіпсіздік шараларының күшін жою немесе оны одан әрі жүзеге асыру туралы шешім баяндалады (ҚР ҚПК-нің 288-бабы).

Іс бойынша бірнеше күдікті, айыпталушы тартылып отырса, ал тоқтатудың негізі барлық күдіктілерге, айыпталушыларға қатысты болмаса, қылмыстық қудалау тек жеке күдіктілерге, айыпталушыларға қатысты тоқтатылады.

Жекелеген күдіктілерге, айыпталушыларға қатысты қылмыстық қудалауды тоқтату тиісті қылмыстық құқық бұзушылық бойынша анықталмаған өзге де адамдарға қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жалғастыру үшін кедергі болып табылмайды. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру осы Кодекстің 35-бабы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақтарында және үшінші бөлігінде көзделген негіздер бойынша тоқтатылған кезде өзіне қатысты осы шешім қабылданған адамның кінәлі еместігіне күмән келтіретін тұжырымдауларды қаулыға қосуға жол берілмейді.

Қылмыстық істерді қысқарту туралы күдікті, айыпталушы, оның қорғаушысы, заңды өкілі, жәбірленуші және оның өкілі, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер және олардың өкілі, сондай-ақ өздерінің арыздары бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған адам немесе ұйым жазбаша хабардар етіледі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам сотқа дейінгі тергеп-тексеруді ҚР ҚПК-нің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9) –12) тармақтарында және 36-бабында көзделген негіздер бойынша тоқтату туралы шешім қабылдаған жағдайда, қылмыстық іс қаулыны бекіту үшін прокурорға жіберіледі. Осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғаларды іс бойынша

қабылданған шешім туралы хабардар ету прокурор сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тоқтату туралы қаулыны бекіткеннен кейін жүргізіледі.

Осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғаларға істің материалдарымен танысу құқығы және тоқтату туралы қаулыға шағым жасау тәртібі түсіндіріледі. Осы тұлғалардан келіп түскен өтіну бойынша оларға сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тоқтату туралы қаулының көшірмесі беріледі.

Іс материалдарымен танысу Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 296-бабының талаптары сақтала отырып жүргізіледі.

Құқықтарды қалпына келтіруге және зиянды өтеуге әкеп соқпайтын негіздер бойынша тоқтатылған қылмыстық істі зерделеу нәтижелері бойынша прокурор мынадай:

1) қылмыстық істі тоқтату туралы қаулыны бекіту туралы;

2) қылмыстық істі тоқтату туралы қаулының күшін жою және оны қосымша тергеп-тексеру жүргізуге жолдау туралы;

3) қылмыстық істі осы Кодекстің 35, 36-баптарында көзделген өзге де негіздер бойынша тоқтату туралы шешімдердің бірін қабылдайды.

16.3. Қысқартылған қылмыстық істі қайта бастау

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді немесе қылмыстық қудалауды ол тоқтатылғаннан кейін қайта бастау прокурор не сот оны тоқтату туралы қаулының күшін жойғаннан кейін жүзеге асырылады. Іс бойынша іс жүргізудің қайта басталғаны туралы күдікті, айыпталушы, олардың қорғаушылары, жәбірленуші және оның өкілі, азаматтық жауапкер немесе оның өкілдері, сондай-ақ өздерінің арызы бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған адам немесе ұйым жазбаша хабардар етіледі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді қайта бастау, егер адамды қылмыстық жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімі аяқталмаса ғана орын алуы мүмкін. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру осы баптың ережелеріне сәйкес қайта басталған жағдайда, прокурор күзетпен ұстауды немесе үйқамақты қоспағанда, уәжді қаулысымен бұлтартпау шарасын таңдауға құқылы. Егер прокурор күзетпен ұстау немесе үйқамақ түрінде бұлтартпау шарасын таңдау қажет деп тапса, ол тиісінше ҚР ҚПК-нің 146 және 147-баптарын басшылыққа алады.

16.4. Күдікті мен айыпталушыға іздестіру жариялау Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді қысқарту мен қылмыстық ізге түсуді тоқтатудың тәртібі

Күдіктіні, айыпталушыны іздестіру оның тұрған жерін анықтау, ұстап алу және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын органның қарауына беру шараларын қолдануды көздейді.

Күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы шығарылғаннан кейін оған қатысты, сондай-ақ айыпталушыға қатысты іздестіру жариялануы мүмкін.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам күдіктіге, айыпталушыға іздестіру жариялау туралы қаулы шығарады, онда олардың жеке басы туралы белгілі болған барлық мәліметтер, іздестіруді жүргізу негіздері көрсетіледі және іздестіру жүргізуді анықтау органдарына тапсырады.

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің136-бабында көрсетілген негіздер болған кезде іздестіру жарияланған күдіктіге, айыпталушыға қатысты ол табылған жағдайда бұлтартпау шарасы таңдалуы мүмкін. Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 147-бабында көзделген жағдайларда тергеу судьясының санкциясы бойынша күзетпен ұстау түрінде бұлтартпау шарасы қолданылуы мүмкін.

Іздестіріліп жатқан адамға қатысты бұлтарпау шарасын таңдау туралы қаулы, сондай-ақ тиісті жағдайларда оны санкциялау туралы соттың қаулысы іздестіруді жүзеге асыратын органға жіберіледі. Күдікті, айыпталушы анықталған жағдайда, ұстап алынуы мүмкін.

Халықаралық іздестіру жариялау үшін негіздер болған кезде қылмыстық қудалау органы күдіктіге, айыпталушыға халықаралық іздестіру жариялау туралы жеке қаулы шығарады. Халықаралық іздестіру жариялау туралы қаулыны санкциялау қажет.

16.5 Жоғалған қылмыстық істерді қалпына келтіру

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 293-бабына сәйкес, жоғалған қылмыстық істі не оның материалдарын қалпына келтіру – прокурордың, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қаулысы бойынша, ал қылмыстық іс немесе материалдар сот ісін жүргізу барысында жоғалған жағдайда прокурорға орындау үшін жіберілетін сот шешімі бойынша жүргізіледі. Қылмыстық істі қалпына келтіру осы Кодексте белгіленген тәртіппен дәлелдемелер деп танылуы мүмкін қылмыстық іс материалдарының сақталған көшірмелері, оның ішінде электрондық немесе қағаз жеткізгіштердегі мәліметтер бойынша не қылмыстық процесті жүргізетін органның процестік әрекеттер жүргізу арқылы, сондай-ақ ақпараттық-есепке алу құжаттарының, өзге қажетті материалдардың негізінде жүргізіледі. Қылмыстық істі қалпына келтіру кезінде анықтау, алдын ала тергеу және күзетпен ұстау мерзімдері Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 151, 192-баптарында белгіленген тәртіппен есептеледі. Егер жоғалған қылмыстық іс бойынша күзетпен ұстаудың шекті мерзімі өтіп кетсе, күдікті дереу босатылуға жатады.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді қысқарту мен қылмыстық ізге түсуді тоқтатудың ұғымы, негіздері мен маңызы
2. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді қысқарту мен қылмыстық ізге түсуді тоқтатудың тәртібі
3. Қысқартылған қылмыстық істі қайта бастау
4. Күдікті мен айыпталушыға іздестіру жариялау Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді қысқарту мен қылмыстық ізге түсуді тоқтатудың тәртібі
5 Жоғалған қылмыстық істерді қалпына келтіру

17. СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУДІҢ АЯҚТАЛУЫ ЖӘНЕ ІСТІ ПРОКУРОРҒА ЖІБЕРУ

7.1 Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің аяқталуы және оның маңызы

7.2 Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді аяқтаудың іс жүргізу тәртібі және іске қатысушыларды қылмыстық істің материалдарымен таныстыру

7.3 Айыптау актісін жасау және істі прокурорға беру

17.1 Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің аяқталуы және оның маңызы

Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің аяқталуы дегеніміз - сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының қылмыстық іс бойынша қабылдаған шешімін айтамыз. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қылмыстық іс бойынша Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 113-бабының талаптарына сәйкес дәлелденуге жататын барлық мән-жайлардың анықтай отырып, істі аяқталды деп есептейді.

Қылмыстық іс бойынша: 1) оқиға және қылмыстық заңда көзделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілері (оның жасалған уақыты, орны, тәсілі және басқа да мән-жайлары); 2) қылмыстық заңмен тыйым салынған іс-әрекетті кімнің жасағаны; 3) адамның қылмыстық заңмен тыйым салынған іс-әрекетті жасаудағы кінәлілігі, оның кінәсінің нысаны, жасалған іс-әрекеттің себептері, заңдық және іс жүзіндегі қателіктері; 4) күдіктінің, айыпталушының жауаптылық дәрежесі мен сипатына әсер ететін мән-жайлар; 5) күдіктінің, айыпталушының жеке басын сипаттайтын мән-жайлар; 6) жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың салдарлары; 7) қылмыстық құқық бұзушылықтан келтірілген зиянның сипаты мен мөлшері; 8) әрекеттің қылмыстық құқыққа қайшылығын жоққа шығаратын мән-жайлар; 9) қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатуға әкеп соғатын мән-жайлар дәлелденуге жатады. Осы аталған мән-жайларды анықтау мақсатында барлық тергеу іс-әрекеттері жүргізілуі тиіс, сонымен қатар істі прокурорға беру үшін барлық дәлелдемелер жеткілікті түрде жинақталуы тиіс.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді аяқтаудың маңыздылығы сол, істі прокурорға беру үшін келесідей іс-әрекеттер жүзеге асырылуы тиіс:

1) қылмыстық процестік заңнамаларға сәйкес қылмыстық іс сотта қаралу үшін барлық дайындық кезеңінен өтуі тиіс;

2) күдікті, оның қорғаушысы, заңды өкілі, сондай-ақ жәбірленуші, оның өкілі, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер, олардың өкілдері қылмыстық істің материалдарымен таныстыралыд;

3) іске қатысушылардан іске қатысты өтініштер түскен жағдайларда оларды қанағттандыру мақсатында кемшіліктер жойылады және іске қатысты қосымша материалдар жинақталады;

4) алдын-ала тергеу және анықтау нысанында жүргізілетін қылмыстық істер бойынша айыптау актісі толтырылады, ал қылмыстық теріс қылық бойынша айыптау хаттамасы толтырылып қылмыстық іспен сотқа беріледі.

17.2 Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді аяқтаудың іс жүргізу тәртібі және іске қатысушыларды қылмыстық істің материалдарымен таныстыру

Іс бойынша барлық процесуалдық іс-әрекеттер жүргізілген соң оның нәтижесі қылмыстық іске қатысушыларға хабарланады. Яғни, күдіктіні, егер оның қорғаушысы, заңды өкілі іске қатысып отырған болса, оларды, сондай-ақ жәбірленушіні, оның өкілін, азаматтық талапкерді, азаматтық жауапкерді, олардың өкілдерін іс бойынша тергеу әрекеттерін жүргізудің аяқталғаны туралы жазбаша түрде хабардар етеді. Оларға қылмыстық іс материалдарымен танысу, қосымша тергеу әрекеттерін жүргізу не басқа процестік шешімдер қабылдау туралы өтінішхаттарды мәлімдеу құқығы түсіндіріледі. Хабарламада, сондай-ақ, танысу орны және олар қылмыстық іс материалдарымен таныса алатын мерзім қамтылады.

Егер қылмыстық іс бойынша тергеу әрекеттерін жүргізуді аяқтау кезінде не күдіктінің және оның қорғаушысының іс материалдарымен танысу кезеңінде күзетпен ұстау мерзімдері бітсе, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қылмыстық іс материалдарымен танысу кезеңінде күдіктіні күзетпен ұстау мерзімін санкциялау туралы өтінішхатты соттың алдында қозғау туралы қаулы шығарады. Күдіктіні күзетпен ұстауда болу мерзімін санкциялау Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 152-бабында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам ҚПК-нің 307-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша кәмелетке толмаған күдіктінің немесе кәмелетке толмаған жәбірленушінің мүдделерін білдіретін тарапқа кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттың соттылығына жататын істі аудандық және оған теңестірілген сотта қарату құқығын түсіндіруге міндетті.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам процеске қатысушының қылмыстық іс материалдарымен танысқаны туралы хаттама жасайды. Күдіктінің немесе оның қорғаушысының өтінуі бойынша қылмыстық іс материалдармен танысу бір уақытта жүргізілуі мүмкін, ол туралы біртұтас хаттама жасалады. Күдікті қылмыстық іс материалдарымен танысудан бас тартқан жағдайда, ол туралы хаттамада белгі жасалады. Егер күдіктінің қорғаушысы, заңды өкілі, жәбірленуші, жәбірленушінің, азаматтық талапкердің, азаматтық жауапкердің өкілдері белгіленген уақытта танысуға дәлелді себептер бойынша келе алмаса, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам танысуды бес тәуліктен аспайтын мерзімге кейінге қалдырады.

Осы мерзім ішінде күдіктінің қорғаушысы немесе жәбірленушінің өкілі келмеген жағдайда, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам басқа қорғаушының немесе өкілдің келуі үшін шара қолданады.

Жәбірленушінің немесе оның өкілінің ауызша немесе жазбаша өтінішхаты болған жағдайда, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам осы адамдарды іс материалдарымен немесе олардың танысқысы келген бір бөлігімен таныстырады. Азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер немесе олардың өкілдері, егер олар өтінішхатты мәлімдеген болса, іс материалдарының азаматтық талап қоюға қатысты бөлігімен танысады.

Таныстыру Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 296-бабында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам күдіктіге және оның қорғаушысына айыптаулар тізімін қоспағанда, тігіліп, нөмірленіп, іс парақтарының тізімдемесіне енгізіліп, байланып және тергеу органының мөрімен куәландырылып қойылуға тиіс қылмыстық істің барлық материалдарын ұсынады. Күдіктінің немесе оның қорғаушысының өтінуі бойынша танысу үшін заттай дәлелдемелер де ұсынылады және егер тергеу әрекеттерінің хаттамаларына қоса берілген болса, фонограммалар, бейнежазбалар, кинофильмдер, слайдтар, өзге де ақпарат жеткізгіштер тыңдатып-көрсетіледі. Күдіктінің немесе оның қорғаушысының өтінуі бойынша олар істің материалдарымен бірге немесе бөлек таныса алады. Күдікті және қорғаушы іс материалдарымен танысу процесінде, егер ол бірнеше томнан тұратын болса, олардың кез келгеніне қайта оралуға, сондай-ақ кез келген мәліметті және кез келген көлемде көшіріп алуға, мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтитын мәліметтерді қоспағанда, құжаттардың көшірмелерін түсіріп алуға, оның ішінде ғылыми-техникалық құралдардың көмегімен түсіріп алуға құқылы. Істің мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтері бар құжаттарынан үзінділер мен көшірмелер іспен бірге сақталады және күдіктіге не оның қорғаушысына сот отырысы уақытында беріледі.

Күдікті мен қорғаушыға істің барлық материалдарымен танысу үшін қажетті уақыт шектелмейді. Егер күдікті мен қорғаушы істің материалдарымен танысу уақытын көрінеу созбаласа, онда сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам белгілі бір мерзімді белгілей отырып, прокурор бекіткен іс материалдарымен танысу графигін жасауға құқылы. Күдікті мен қорғаушы іс материалдарымен танысып болғаннан кейін сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам олардың нақты не туралы өтінішхат мәлімдегісі келетінін және қандай мәлімдеме жасағысы келетінін анықтауға міндетті. Бұл ретте күдікті мен оның қорғаушысынан жауап алынған куәлардың, сондай-ақ іске қатысатын сарапшылардың, мамандардың және куәгерлердің нақты қайсысын сот отырысында жауап алу және қорғану ұстанымын растау үшін шақыртқысы келетінін анықтау қажет.

Қазақстан Республикасы ҚПК-294-бабында көрсетілген адамдардың қылмыстық іс материалдарымен танысуы аяқталғаннан кейін сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қандай да бір өтінішхаттардың немесе өзге де мәлімдемелердің бар-жоғын анықтайды. Күдіктінің, оның қорғаушысының, заңды өкілінің, жәбірленушінің, азаматтық талапкердің, азаматтық жауапкердің және олардың өкілдерінің іс материалдармен танысқаннан кейін ауызша мәлімдеген өтінішхаттары танысу туралы хаттамаға енгізіледі. Процеске қатысушы өтінішхатты жазбаша түрде баяндау ниеті туралы мәлімдеген жағдайларда, оны дайындауға қажетті, үш тәуліктен аспайтын уақыт ұсынылады, таныстыру туралы хаттамада бұл туралы белгі жасалады. Жазбаша өтінішхат іске қоса беріледі. Өтінішхат Қазақстан Республикасы ҚПК-99-бабында белгіленген тәртіппен қарастырылады және шешіледі, оның негізінде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам іс бойынша маңызы бар мән-жайларды анықтау туралы өтінішхатты

қанағаттандырудан бас тартуға құқылы емес. Мұндай жағдайларда, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қосымша тергеу әрекеттерін жүргізу қажеттігін мойындай отырып, тергеу әрекеттерін жүргізуді қайта бастау және өтінішхатты қанағаттандыру туралы қаулы шығарады, бұл ретте процеске басқа қатысушылардың қылмыстық іс материалдарымен танысуының жалғасуы өтінішхатты шешуге және ол қанағаттандырылған жағдайда, бұл тергеу әрекеттерін жүргізуге кедергі болмайды.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қосымша тергеу әрекеттері жүргізілгеннен кейін тергеу әрекеттерінің аяқталғаны туралы қайтадан жариялайды және қылмыстық іс материалдарымен бұрын танысқан процеске қатысушыларға қосымша тергеу әрекеттерінің материалдарымен не олардың өтінуі бойынша қылмыстық істің материалдарымен осы тарауда белгіленген тиісті қатысушылар құқықтарының шегінде танысу құқығы мүмкіндігін түсіндіреді. Мәлімделген өтінішхаттарды қанағаттандырудан толық немесе ішінара бас тартылған жағдайда, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам тиісті қаулы шығарады, оның көшірмесін өтінішхатты мәлімдеген адамның жеке өзіне бір тәулік ішінде табыс етеді немесе оған байланыстың қолжетімді құралдары арқылы жібереді. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қылмыстық іс бойынша өтінішхатты қанағаттандырудан бас тартуына өтінішхатты қанағаттандырудан бас тарту туралы қаулының көшірмесі алынған кезден бастап үш тәулік ішінде прокурорға шағым жасауға болады.

Прокурор шағымды шешкенге дейін қылмыстық іс сотқа жіберілмеуге тиіс. Прокурордың өтінішхатты қанағаттандырудан бас тартуға берілген шағымды қабылдамауы осы өтінішхатты сотта мәлімдеуге кедергі болмайды.

17.3 Айыптау актісін жасау және істі прокурорға беру

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 298-бабына сәйкес, қылмыстық істі материалдары іске қатысушыларға таныстырылған соң сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу органдары арқылы айыптау актісі жасалынады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам процеске қатысушылар қылмыстық іс материалдарымен танысқаннан және олардың өтінішхаттарын шешкеннен кейін айыптау актісін жасайды. Егер адамға бірнеше қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдік келтірілген болса, олардың әрқайсысын сипаттау уақыт бойынша басқалардан ерте жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтан бастап, хронологиялық тәртіппен жүзеге асырылады.

Айыптау актісі кіріспе, сипаттау-уәждеу және қарар бөліктерінен тұрады. Кіріспе бөлікте: 1) айыптау актісі жасалған уақыт және орын; 2) айыптау актісін жасаған адамның лауазымы, тегі және аты-жөні; 3) күдіктінің тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде), туған күні, айы, жылы және туған жері көрсетіледі.

Сипаттау-уәждеу бөлігінде: 1) қылмыстық құқық бұзушылықтың оқиғасы, жасалған уақыты, орны, оның тәсілі, себебі, салдары, сарапауы және өзге де мән-жайлар; 2) жәбірленуші, оған келтірілген зиянның сипаты мен мөлшері

туралы мәліметтер; 3) қылмыстық құқық бұзушылық жасау жолымен алынған мүлік туралы мәліметтер; 4) күдіктінің жауаптылығын ауырлататын және жеңілдететін мән-жайлар; 5) күдікті туралы мәліметтер (азаматтығы, отбасылық жағдайы, айналысатын кәсібі, білімі, тұрғылықты жері, сотталғандығының бар-жоғы), оны сипаттаушы өзге де деректер, оған қатысты таңдалған бұлтартпау шарасы; 6) адамды айыптау үшін негіз болып табылатын мән-жайларды растайтын дәлелдемелердің тізбесі; 7) алкоголдік, нашақорлық немесе өзге де тәуелділіктен емдеуді қолданудың алғышарттары болып табылатын мән-жайлар туралы мәліметтер баяндалады.

Айыптау актісінің қарар бөлігінде күдіктінің тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде), оған жасады деп айып тағылып отырған іс-әрекет сараланатын қылмыстық заңның нақты бабы, бабының бөлігі және тармағы және айыптау актісін бекіту туралы мәселені шешу үшін қылмыстық істі прокурорға жіберу және қылмыстық істі мәні бойынша қарау үшін сотқа жіберу туралы көрсетіледі.

Айыптау актісіне оны жасаған адам қол қояды. Адам қылмыстық заңның әртүрлі баптарында, бөліктерінде немесе тармақтарында көзделген бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықты жасады деп айыпталған кезде айыптау актісінде осы қылмыстық құқық бұзушылықтардың әрқайсысы жеке-жеке сараланып көрсетілуге тиіс. Бір қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп бірнеше адам айыпталған кезде айыптау актісінде қылмыстық құқық бұзушылықтың сараланууы күдіктінің әрқайсысына қатысты көрсетіледі. Айыптау актісіне сот отырысына шақырылуға жататын адамдардың тізімі қоса беріледі. Тізімде адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), оның процестік жағдайы, тұрғылықты жері көрсетіледі, оның айғақтары берілген қылмыстық іс парағының және томының нөміріне сілтеме жасалады. Тізім екі бөліктен: күдікті және қорғаушы атаған адамдардың тізімінен (қорғау тізімінен) және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жасаған тізімнен (айыптау тізімінен) тұруға тиіс. Тізім мөрленген конвертке салынып, қылмыстық іске қоса тігіледі.

Айыптау актісіне анықтама қоса беріледі, онда сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімі, бұлтартпау шарасы, күдіктіні күзетпен ұстау мерзімі, қолда бар заттай дәлелдемелер және оларды сақтау орны, азаматтық талап қоюды қамтамасыз ету және сот үкімін орындау үшін қолданылған шаралар, айыпталушыдан өндіріп алынуға жататын процестік шығындар мен сомалар, мәлімделген талап қою көрсетіледі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам айыптау актісін жасағаннан кейін оны қылмыстық іспен бірге прокурорға жібереді (ҚР ҚПК-нің 300-бабы). Күдікті күзетілуде болған жағдайда, қылмыстық істің материалдарына оның жеке басын куәландыратын құжат қоса беріледі. Қалған жағдайларда, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам куәландырған көшірме қоса тігіледі.

Шетелдік не азаматтығы жоқ адам болып табылатын күдіктіде оның жеке басын куәландыратын құжат болмаған жағдайда, материалдарға айрықша жағдайларда өзге құжат қоса берілуі мүмкін. Оған: 1) Қазақстан Республикасы

азаматының паспорты; 2) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі; 3) шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхат; 4) азаматтығы жоқ адамның куәлігі; 5) Қазақстан Республикасының дипломатиялық паспорты; 6) Қазақстан Республикасының қызметтік паспорты; 7) босқын куәлігі; 8) теңізшінің жеке куәлігі; 9) шетелдік паспорт; 10) жүргізушінің куәлігі; 11) қайтып оралуға арналған куәлік; 12) жеке куәлік алуға жасы толмаған адамның туу туралы куәлігі; 13) туу туралы актілік жазба; 14) әскери билет жеке басты куәландыратын құжаттар болып танылады.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің аяқталуы және оның маңызы
2. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді аяқтаудың іс жүргізу тәртібі және іске қатысушыларды қылмыстық істің материалдарымен таныстыру
3. Айыптау актісін жасау және істі прокурорға беру

18. АЙЫПТАУ АКТІСІМЕН БІРГЕ КЕЛІП ТҮСКЕН ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС БОЙЫНША ПРОКУРОРДЫҢ ШЕШІМІ

18.1. Айыптау актісімен бірге келіп түскен қылмыстық істі зерделеу кезінде прокурор шешетін мәселелер

18.2. Айыптау актісімен бірге келіп түскен қылмыстық іс бойынша прокурордың шешімі

18.3 Айыпталушыны сотқа беру және қылмыстық істі сотқа жіберу

18.1. Айыптау актісімен бірге келіп түскен қылмыстық істі зерделеу кезінде прокурор шешетін мәселелер

Сотқа жіберу үшін түскен қылмыстық іс бойынша прокурордың әрекеті мен шешімі – бұл сотқа дейінгі тергеп-тексерудің соңғы кезеңі болып табылады. Осы кезеңде прокурор қылмыстық іс бойынша жинақталған дәлелдемелердің маңыздылығы мен заңдылықтың сақталуына баға береді.

Прокурор айыптау актісімен бірге келіп түскен қылмыстық істі зерделей отырып:

1) іс-әрекеттің орын алғанын-алмағанын және іс-әрекет қылмыстық құқық бұзушылық құрамын қамтитынын-қамтымайтынын;

2) істе оны қысқартуға әкеп соғатын мән-жайлардың бар-жоғын;

3) күдіктінің іс-әрекеті дұрыс сараланғанын-сараланбағанын;

4) адамға тағылып отырған іс-әрекеттің істе бар дәлелдемелермен расталғанын-расталмағанын;

5) адамның анықталған қылмыстық жазаланатын іс-әрекеттердің барлығы бойынша күдікті деп танылғанын-танылмағанын;

6) іс бойынша өздеріне қатысты қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы дәлелдемелер алынған барлық адамдарды қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін шаралардың қабылданғанын-қабылданбағанын;

7) бұлтартпау шарасының дұрыс таңдалғанын-таңдалмағанын және істе оны өзгертуге не оның күшін жоюға негіздердің бар-жоғын;

8) азаматтық талап қоюды және мүлікті ықтимал тәркілеуді қамтамасыз ету шараларының қабылданғанын-қабылданбағанын;

9) сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізуде қылмыстық-процестік заңды елеулі бұзушылықтарға жол берілгенін-берілмегенін;

10) қылмыстық қудалау органының процестік шығындар сомаларын және соттың оларды өндіріп алуын қамтамасыз ету үшін өзге де сомаларды анықтау шараларын қабылдағанын-қабылдамағанын;

11) процестік келісім жасасу үшін негіздердің бар-жоғын тексереді.

18.2. Айыптау актісімен бірге келіп түскен қылмыстық іс бойынша прокурордың шешімі

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 302-бабына сәйкес, прокурор айыптау актісімен түскен қылмыстық іс материалдарын зерделеу нәтижелері бойынша прокурор мынадай әрекеттердің бірін жүргізеді:

1) айыптау актісін бекітеді;

2) жаңа айыптау актісін жасайды;

3) сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға қылмыстық істі қосымша тергеу жүргізу үшін жібереді;

4) Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 35 және 36-баптарында көзделген негіздер бойынша қылмыстық істі толық көлемде немесе оның бір бөлігін қысқартады;

5) өз қалауы немесе қорғаушы тараптың өтінішхаты бойынша процестік келісім жасасу туралы мәселені шешеді;

6) қорғаушы куәлардың тізімін қоспағанда, сотқа шақырылуға жататын адамдардың тізімін толықтырады немесе қысқартады.

Прокурор аталған әрекеттерді: 1) сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеруде аяқталған қылмыстық істер бойынша – үш тәулік; 2) жалпы тәртіппен тергелген қылмыстық істер бойынша – он тәулік ішінде жүзеге асырады.

Прокурор жоғарыда аталған мәселелерді шешкен кезде күдіктіге қатысты бұрын таңдалған бұлтартпау шарасының күшін уәжді қаулымен жоюға немесе оны өзгертуге не, егер оған қатысты бұлтартпау шарасы қолданылмаған болса таңдауға құқылы. Күзетпен ұстау немесе үйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасының күшін жою, оны өзгерту не таңдау қажеттілігі туындаған жағдайда оны өзгертудің тәртібі Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 146, 147 және 153-баптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Прокурор айыптау актісін бекіткен соң немесе оны өзінің шешімімен қайта жасағаннан кейін айыптау актісінің айыпталушыға табыс етілуін қамтамасыз етеді, оның алынғаны туралы қолхат іске қоса тігіледі. Айыпталушы Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде болған және прокуратура органдарына келуден жалтарған жағдайларда, прокурор айыптау актісін айыпталушыға қолжетімді байланыс құралдары арқылы жібереді. Қажет болған жағдайда, прокурор қылмыстық істі сотқа жіберу туралы хабарды бұқаралық ақпарат

құралдарында, сондай-ақ жалпыға бірдей қолжетімді телекоммуникациялық желілерде жариялауды ұйымдастырады.

Айыптау актісінің көшірмесі айыпталушының қорғаушысына, жәбірленушіге және оның заңды өкіліне табыс етіледі не көрсетілген адамдарға қолжетімді байланыс құралдары арқылы жіберіледі. Егер айыпталушы не жәбірленуші сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүзеге асырылған сот ісін жүргізудің таңдалған тілін білмесе, айыптау актісі олар білетін тілде табыс етіледі.

18.3 Айыпталушыны сотқа беру және қылмыстық істі сотқа жіберу

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 304-бабында көзделген әрекеттер жасалған соң прокурор өзінің қаулысымен айыпталушыны сотқа береді және қылмыстық істі соттылығы бойынша сотқа жібереді. Соттылық дегеніміз қылмыстық істердің қай сатыда қаралатындығын бекітетін институт болып табылады.

Егер айыпталушы күзетілуде болса, прокурор күзетпен ұстау орны әкімшілігінің басшысын қылмыстық істің сотқа жіберілгені және айыпталушының сотқа берілгендігі туралы хабардар етеді. Процеске қатысушылардан істі сотқа жібергеннен кейін келіп түскен өтінішхаттар мен шағымдар тікелей сотқа жолданады. Сонымен қатар, өзге де іске қатысушыларға ол туралы хабарланады.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. Айыптау актісімен бірге келіп түскен қылмыстық істі зерделеу кезінде прокурор шешетін мәселелер
2. Айыптау актісімен бірге келіп түскен қылмыстық іс бойынша прокурордың шешімі
3 Айыпталушыны сотқа беру және қылмыстық істі сотқа жіберу

ҚОЛДАНЫЛҒАН ҚАЙНАР КӨЗДЕР:

Нормативтік құқықтық актілер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. (толықтырулар мен өзгертулер енгізілгені 21.05.2010 ж.) – Алматы, Жеті жарғы, 2014. – 78 б.;

2. Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат Тұжырымдамасы. – Алматы, 2009. – 23 б.;

3. Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік кодексі. – А. «ЮРИСТ», 2019. - 207 б;

4. Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексі. – А. «Жеті жарғы», 2019. – 401 б..

5. Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі. – А. «Юрист», 2019. – 628 б.:

6. Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы «Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі» туралы конституциялық заңы;

7. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы «Прокуратура» туралы Заңы;

8. Қазақстан Республикасы 1997 жылғы 5 желтоқсандағы «Адвокаттық қызмет туралы» Заңы;

9. 11. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 21 сәуірдегі «Ішкі істер органдары туралы» Заңы;

10. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі «Мемлекеттік қызмет туралы» №453 Заңы;

11. «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңы (29.12.2014 жылғы жағдайы);

12. Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 13 ақпандағы № 552-IV Заңы;

13. Қазақстан Республикасы Президентінің 6 тамыз 2014 жылғы «Қаржы полициясын тарату жөніндегі» №833 Жарлығы;

14. Қазақстан Республикасы Президентінің 29 тамыз 2014 жылғы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет және сыбайластық жемқорлыққа қарсы күрес Агенттігінің кейбір сұрақтары жөніндегі» №900 Жарлығы;

Негізгі әдебиеттер:

1. Қ.Ө. Тәшібаев, А.Қ. Тәшібаева Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы. Лекциялар жиынтығы. – Қарағанды «Болашақ-Баспа», 2009. – 545 бет

2. Ү. Нұрмашев Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы: Оқу құралы. – Алматы: Жеті жарғы, 2008. – 368 б.

3. Е.Ерешев Қылмыстық іс жүргізу. Жалпы бөлім: Оқулық. – Алматы: «Өлке» баспасы, 2006. - 216 б.

4. Т.Ж. Қаратаев Қазақстан Республикасы қылмыстық іс жүргізу құқығы. Қысқаша курс. (Сотқа дейінгі өндіріс). – Алматы, ҚР ІІМ Академиясы, 2008. – 201 б.;

5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу құқығы. (Ерекше бөлім). Сотқа дейінгі сатылар. Оқулық. Төлебекова Б.Қ., Капсаламов Қ.Ж., Шынарбаев Б.Қ., Бекишев Д.Қ.. – А. Қаз ГЗУ, 2002. -304 б.;

6. Төлебекова Б.Қ. Қазахстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы. (Жалпы бөлім). Оқулық. –А, «Жеті-жарғы», 2005. - 416 б.;

7. Оспанов С.Д. Уголовный процесс Республики Казахстан (Общая часть). Учебник. – А., Акад.эконом.и права, 2008. – 396 стр.;

8. Когамов М.Ч. Комментарий Уголовно-процессуальному кодексу Республики Казахстан. - Алматы, Жеті жарғы, 2007. – 889.;

9. Когамов М.Ч. Комментарий Уголовно-процессуальному кодексу Республики Казахстан. - Алматы, Жеті жарғы, 2014. – 1012.

***Қосымша әдебиеттер*:**

1. Шынарбаев Б.К. Жас тергеушілер мен анықтаушыларға арналған әдістемелік ұсынымдар. Оқу-тәжірибелік құралы. – А., Дәнекер, 2003. -165 б.;

2. Алауханов Е.О., Умбеталиев С.С. Уголовно-процессуальные документы: Сборник образцов на русском и қаз.яз. – А., Дәнекер, 2001-221 с.;

3. Абдиканов Н.А. Организация главного судебного разбирательства по уголовным делам в РК. Учебное пособие. - А, ТОО «Баспа», 2001-184 с.;

4. А.П. Рыжаков Краткий курс уголовного процесса (по УПК РФ 2001 г.): Учеб. Пособие. Тула: ПБЮЛ И.В. Рыжакова, 2002 – 288 с.;

5. Ахпанов А.Н. Проблемы уголовно процессуального принуждения в стадии предварительного расследования. – А.: Жеті-жарғы, 1997. -176 с.;

10. Т.Ж. Қаратаев Қылмыстық іс жүргізуге қатысушылардың алдын ала тергеу барысындағы конституциялық құқықтарының кепілдіктері. Оқу құралы. – Алматы, ҚР ІІМ Академиясы, 2009. – 185 б.;

11. Ахпанов А., Андреев В. Безопасность участников уголовного процесса . Монография. –А : Жеті жарғы , 2002. – 324 с.;

12. Байжанова Г.К. Возможность применения и производства следственного освидетельствования в стадии возбуждения уголовного дела // Актуальные проблемы правовой реформы в РК. – Караганда, 1995.;

13. Бахин В., Когамов М., Карпов Н. Допрос на предварительном следствии (уголовно-процессуальные и криминалистические вопросы). – Алматы: Өркениет, 1999, - 208 с.;

14. Басаров Э.О. Процессуальные и организационные проблемы расследования преступлений ОВД Республики Казахстан. Дисс. на соиск. к.ю.н. АВШ МВД РК. - Алматы, 1994.;

15. Беков К. Процессуальное положение подозреваемого и обвиняемого на предварительном следствии. – Алматы: КазГНУ, 2001, - 178 с.;

16. Биятов Т.К. Процессуальные проблемы совершенствования деятельности органов дознания в уголовном судопроизводстве Республики Казахстан. Дисс. на соиск. к.ю.н. АВСШ ГСК РК. - Алматы, 1996.;

17. Синев Д.В. Прекращение уголовных дел по нереабилитирующим основаниям на предварительном следствии. Дисс. на соиск. к.ю.н. - Алматы, 2003.

18. Тыныбеков С.Т. Понятие и общая характеристика уголовно-процессуального законодательства Республики Казахстан. – Алматы. 2000.;

19. Шнарбаев Б.К., Казиканов Т.Т. Механизм возбуждения и расследования уголовного дела. Учебно-практическое пособие. – Костанай. 2006. - 320 с.;

МАЗМҰНЫ:

	КІРІСПЕ.....	3
1.	ҚЫЛМЫСТЫҚ-ПРОЦЕСТІК ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ҰҒЫМЫ, МІНДЕТТЕРІ МЕН МАҢЫЗЫ	5
1.1	Қылмыстық-процестік құқығының ұғымы, міндеттері мен мазмұны және оның құқық жүйесіндегі орны	5
1.2	Қылмыстық іс бойынша өндірісті жүргізудің ерекшеліктері, оның стадиялары	6
1.3	Қылмыстық істер бойынша өндіріске қатысушы тұлғалар және олардың өзара ара-қатынасы. Қылмыстық іс жүргізу құқығының басқа құқық салаларымен өзара байланысы	8
1.4	Қылмыстық-процестік құқығының қайнар көздері. Қылмыстық-процестік заңының кеңістікте және уақыт тұрғысына қарай қолданылуы	9
1.5	Қылмыстық-процестің аналогиясы және процессуальдық кепілдіктер	13
2.	ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТІҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚАҒИДАТТАРЫ	16
2.1	Қылмыстық процестің міндеттері	16
2.2	Қылмыстық процестің қағидаттарының ұғымы мен маңызы Қылмыстық сот ісін жүргізу қағидаттарының жүйесі	16
2.3.	Қазақстан Республикасы қылмыстық процестің қағидаттарының жіктелуі.	17
3.	ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚУДАЛАУ ЖӘНЕ АҚТАУ. ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТІ ЖҮРГІЗЕТІН ОРГАННЫҢ ЗАҢСЫЗ ӘРЕКЕТТЕРІМЕН КЕЛТІРІЛГЕН ЗИЯНДЫ ӨТЕУ	34
3.1	Қылмыстық қудалаудың түсінігі мен мазмұны. Қылмыстық қудалаудың нысандары	34
3.2	Қылмыстық қудалауды жүзеге асырудың жалпы шарттары	36
3.3	Іс бойынша іс жүргізуді болғызбайтын мән-жайлар	37
3.4	Қылмыстық қудалауды жүзеге асырмауға мүмкіндік беретін мән-жайлар.	39
3.5	Күдікті, айыпталушы, сотталушы ретінде тартылған адамды ақтау	42
3.6	Қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген зиянды өтеткізуге құқығы бар адамдар	42
3.7	Моральдық зиянды өтеткізудің тәртібі мен талап қою мерзімдері	44
3.8	Қылмыстық сот ісін жүргізу форматы	46
4	ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС БОЙЫНША ӨНДІРІСТІ ЖҮРГІЗУ	46
4.1	Қылмыстық істерді біріктіру және істі бөлектеп алудың негіздері мен тәртібі	46
4.2	Іс бойынша сот ісін жүргізуді тоқтата тұру және сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін үзу	48
4.3	Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді аяқтау	49

4.4	Қылмыстық іс бойынша құпиялықты сақтау	49
5	ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСКЕ ҚАТЫСАТЫН МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР МЕН АДАМДАР	51
5.1	Қылмыстық іс жүргізуге қатысушылардың ұғымы, олардың жіктелуі	51
5.2	Қылмыстық процеске қатысатын мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар	51
5.3	Өз құқықтары мен мүдделерін немесе өздері өкілдік ететін құқықтар мен мүдделерді қорғап процеске қатысушылар Күдіктінің ұғымы және іс жүргізу мәртебесі	63
5.4	Қылмыстық процеске қатысушы өзге де тұлғалар (ҚР ҚПК 51-63 баптары)	78
6	ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТЕГІ МҮЛІКТІК МӘСЕЛЕЛЕР	87
6.1	Қылмыстық процестегі азаматтық талап қоюдың ұғымы және маңызы	87
6.2	Азаматтық талап институтының субъектілері	89
6.3	Азаматтық жауапкер және оның орны	90
6.4	Айыпталушының өзінен басқа жеке немесе заңды тұлғаны азаматтық жауапкер ретінде танудың жалпыға ортақ құқықтық негіздері	90
6.5	Қылмыстық процесс кезінде азаматтық талапты қоюдың тәртібі және оны шешу	91
6.6	Азаматтық талап қоюды қамтамасыз ету және соттың үкімін және қаулысын азаматтық талап қою бөлігінде орындау	96
6.7	Қылмыстық іс бойынша процесс барысындағы еңбекке ақы төлеу және шығындарды өтеу	97
6.8	Процестік шығындар	98
7	ҚЫЛМЫСТЫҚ-ПРОЦЕСТІК МЕРЗІМДЕР	**100**
7.1	Процестік мерзімдердің ұғымы мен негіздері	100
7.2	Процестік мерзімдердің түрлері	101
7.3	Процестік мерзімдерді есептеу тәртібі	103
7.4	Мерзімді сақтау және ұзарту	104
7.5	Мерзімді өткізіп алудың салдары және оны қалпына келтіру тәртібі	104
8.	ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСКЕ ҚАТЫСАТЫН АДАМДАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ	105
8.1	Қылмыстық процеске қатысатын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ұғымы мен маңызы, субъектілері	105
8.2	Қылмыстық процеске қатысатын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларының түрлері	106
8.3	Қылмыстық процеске қатысатын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын қолдану тәртібі	109
9.	ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТЕГІ ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕР ЖӘНЕ ДӘЛЕЛДЕУ	111
9.1	Қылмыстық процестегі дәлелдемелер ұғымы және маңызы	111
9.2	Қылмыстық іс бойынша дәлелдеуге жататын мән-жайлар.	115

	Дәлелсіз анықталатын мән-жайлар	
9.3	Дәлелдемелерсіз анықталатын мән-жайлар	122
9.4	Дәлелдемелердің қайнар көздері	122
9.5	Дәлелдеудің ұғымы мен жіктелуі, субъектілері	130
9.6	Дәлелдеу процесіндегі ғылыми-техникалық құралдарды қолдану	134
9.7	Преюдиция	135
10.	ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТІҢ МӘЖБҮРЛЕУ ШАРАЛАРЫ	136
10.1	Қылмыстық іс жүргізудің мәжбүрлеу шараларының ұғымы мен маңызы	136
10.2	Күдіктіні ұстап алудың ұғымы және негіздері	137
10.3	Бұлтартпау шараларының ұғымы мен оларды қолданудың негіздері	141
10.4	Өзге де процестік мәжбүрлеу шаралары	157
11.	ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС БОЙЫНША СОТҚА ДЕЙІНГІ ІС ЖҮРГІЗУДІҢ БАСТАЛУЫ	166
11.1	Қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу ұғымы. Сотқа дейінгі тергеудің басталуының мәні	166
11.2	Сотқа дейінгі тергеуді бастаудың себептері мен негіздері	166
11.3	Сотқа дейінгі тергеудің басталуы және оның тіркелу тәртібі	168
11.4	Сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталуы барысында қабылданатын шешімдер	170
12.	СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУДІҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ	172
12.1	Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің жалпы шарттары, міндеттері және мәні	172
12.2	Тергелу реті және сотқа дейінгі тергеу өндірісін жүргізудің орны	174
12.3.	Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің нысандары мен мерзімі	176
12.4	Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы және аяқталуы	177
12.5	Анықтау және хаттамалық нысанда жүргізілетін сотқа дейінгі тергеп-тексеру	178
12.6	Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру ұғымы мен тәртібі	180
12.7	Тергеу, жедел-тергеу тобының сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізуі және топ жетекшісінің өкілеттіктері	181
12.8	Анықтау органдарының алдын ала тергеу нысанында жүзеге асырылатын қылмыстық істер бойынша қызметі	182
12.9	Тергеу іс-әрекеттерін жүргізудің жалпы қағидалары және іс жүргізу тәртібі	183
12.10	Прокурордың сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысындағы өкілеттіктері	186
13.	ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТЕГІ ТЕРГЕУ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІ	189
13.1	Тергеу іс-әрекеттерінің ұғымы, маңызы және іс жүргізу негіздері	189
13.2	Жауап алудың ұғымы, маңызы және жауап алуға шақырудың тәртібі	190
13.3	Беттестірудің ұғымы мен маңызы	199
13.4	Қарап-тексерудің маңызы мен негіздері, процестік тәртібі	200
13.5	Эксгумация ұғымы мен маңызы, негіздері	205
13.6	Танудың маңыздылығы мен негіздері	207

13.7	Тінту мен алудың маңызы және негіздері	208
13.8	Айғақтарды оқиға орнында тексеру және нақтылау	210
13.9	Тергеу эксперименті және оның процестік тәртібі	211
13.10	Нәрселер мен құжаттарды беру	212
13.11	Сараптамалық зерттеу үшін үлгілер алу	213
13.12	Сараптама тағайындаудың ұғымы және тәртібі	214
14.	ЖАСЫРЫН ТЕРГЕУ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІ	220
14.1	Жасырын тергеу іс-әрекеттерінің ұғымы мен маңызы	220
14.2	Жасырын тергеу әрекеттерінің хаттамаларына қоса тіркелмеген материалдармен танысу	225
14.3	Қылмыстық процесте ақпаратты қорғау жөніндегі іс-шаралар	226
14.4	Адамды немесе орынды жасырын аудио және (немесе) бейнебақылау	226
14.5	Электр (телекоммуникациялық) байланыс желілері арқылы берілетін ақпаратты жасырын бақылау, ұстап қалу және түсіріп алу	227
14.6	Абоненттер және (немесе) абоненттік құрылғылар арасындағы қосылулар туралы ақпаратты жасырын алу	227
14.7	Компьютерлерден, серверлерден және ақпаратты жинауға, өңдеуге, жинақтауға және сақтауға арналған басқа да құрылғылардан ақпаратты жасырын түсіріп алу	228
14.8	Пошта жөнелтілімдері мен өзге де жөнелтілімдерді жасырын бақылау	228
14.9	Орынға жасырын кіру және (немесе) оны қарап-зерттеу	229
14.10	Адамды немесе орынды жасырын байқауға алу	229
14.11	Жасырын бақыланатын жеткізілім	230
14.12	Жасырын бақыланатын сатып алу	230
14.13	Жасырын ендіру және (немесе) қылмыстық әрекетті имитациялау	230
15	АДАМДЫ КҮДІКТІ ДЕП ТАНУ ЖӘНЕ КҮДІКТІНІҢ ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ САРАЛАНУЫН АЙҚЫНДАУ	231
15.1	Адамды күдікті деп тану және оның жариялану тәртібі	231
15.2	Күдіктінің іс-әрекетінің сараланууын айқындау	232
15.3	Күдіктінің келу міндеттілігі	233
15.4	Күдіктіге оның іс-әрекетін саралау туралы қаулыны жария ету тәртібі	234
15.5	Күдіктінің іс-әрекетін саралауды өзгерту және толықтыру	235
16	СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУДІ ҚЫСҚАРТУ ЖӘНЕ ҚАЙТА БАСТАУ, КҮДІКТІГЕ, АЙЫПТАЛУШЫҒА ІЗДЕСТІРУ ЖАРИЯЛАУ, ЖОҒАЛҒАН ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕРДІ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ	236
16.1	Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді қысқарту мен қылмыстық ізге түсуді тоқтатудың ұғымы, негіздері мен маңызы	236
16.2	Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді қысқарту мен қылмыстық ізге түсуді тоқтатудың тәртібі	239
16.3	Қысқартылған қылмыстық істі қайта бастау	240
16.4	Күдікті мен айыпталушыға іздестіру жариялау Сотқа дейінгі	240

	тергеп-тексеруді қысқарту мен қылмыстық ізге түсуді тоқтатудың тәртібі	
16.5	Жоғалған қылмыстық істерді қалпына келтіру	241
17.	СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУДІҢ АЯҚТАЛУЫ ЖӘНЕ ІСТІ ПРОКУРОРҒА ЖІБЕРУ	241
17.1	Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің аяқталуы және оның маңызы	242
17.2	Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді аяқтаудың іс жүргізу тәртібі және іске қатысушыларды қылмыстық істің материалдарымен таныстыру	242
17.3	Айыптау актісін жасау және істі прокурорға беру	245
18	АЙЫПТАУ АКТІСІМЕН БІРГЕ КЕЛІП ТҮСКЕН ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС БОЙЫНША ПРОКУРОРДЫҢ ШЕШІМІ	247
18.1	Айыптау актісімен бірге келіп түскен қылмыстық істі зерделеу кезінде прокурор шешетін мәселелер	247
18.2	Айыптау актісімен бірге келіп түскен қылмыстық іс бойынша прокурордың шешімі	248
18.3	Айыпталушыны сотқа беру және қылмыстық істі сотқа жіберу	249
	ҚОЛДАНЫЛҒАН ҚАЙНАР КӨЗДЕР	250